Результаты экспертного опроса по теме «Идентичность пенджабцев в индийском штате Пенджаб». Анкеты онлайн-опроса разосланы в ноябре 2023 года казахстанским и зарубежным экспертам посредством программы «гугл формс». Экспертами выступили представители следующих сфер: научно-академической, образовательной, практики. На русском языке ответы дали 19 респондентов из Казахстана (КазНУ имени аль-Фараби, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева), России (РГГУ, Институт востоковедения РАН), Узбекистана (ТГУВ), индийцы-пенджабцы, представители бизнес-сферы в Казахстане. На английском языке заполнили анкеты 13 респондентов из Индии (университет имени Джавахарлала Неру, Пенджабский университет в Чандигархе, университет Гуру Нанака в Амритсаре). Анкета состоит из 16 вопросов на английском языке и 15 вопросов на русском. В опросе участвовали респонденты разных возрастов от 25 лет и старше, разных вероисповеданий. В данную тематику исследования включены только 6 вопросов, касающихся кастовой принадлежности среди сикхов, этноконфессиональной принадлежности пенджабцев, соблюдении правил «пяти К», о соблюдении религиозных традиций, обрядов пенджабцев, о роле партии Широмани Акали дал и ШПГК в индийском штате Пенджаб.

1. На вопрос сохранилось ли племенное или кастовое деление среди пенджабцев сикхов на русском языке 84,2% ответили утвердительно и только 10,5% не занют ответа на данный вопрос. Ответ на данный вопрос англоязычных респондентов немногим отличается от ответа русскоязычных респондентов: 76,9% респондентов ответили положительно и 23,1% отрицательно.

2. На вопрос об этноконфессиональной идентификации пенджабцев русскоязычные респонденты ответили на 52,6% об этнической идентификации и 47,6% о религиозной принадлежности. Англоязычные респонденты на 53,8% ответили о первостепенной важности религиозной идентификации пенджабцев, 30,8% об этнической и 15,4% о важности кастовой принадлежности.

3. На вопрос о соблюдении правил пяти К сикхами мнение русскоязычных экспертов разделилось, большинство, то есть 47,4% ответили, что сикхи соблюдают «Правило пяти К» частично в то время как только 42,1% ответили, что соблюдение «Правил пяти К» является важным атрибутом в жизни сикхов. В вопросе касательно соблюдения «Правил пяти К» сикхами англоязычные эксперты ответили соответственно 69,2% респондентов выбрали пункт, что соблюдение «Правил пяти К» является важным атрибутом в жизни сикхов, в то время как 38,5% ответили, что «Правила пяти К» частично соблюдаются, а 7,7% ответили, что не соблюдаются.

4. В вопросе о том, соблюдаются ли религиозные традиции, обряды в семье в индийском штате Пенджаб 68,4% русскоязычных респондентов ответили, что пенджабцы регулярно соблюдают религиозные традиции и обряды в семье, 31,5% ответили, что соблюдают частично традиции и обряды. На вопрос о соблюдении религиозных традиций, обрядов в индийском штате Пенджаб 69,2% англоязычных экспертов ответили, что обряды и традиции соблюдаются каждый день, 30,8% экспертов ответили, что частично соблюдают обычаи и традиции.

5. В вопросе о том какую роль играет партия Акали дал в жизни пенджабцев мнение русскоязычных экспертов разделилось 47,4% респондентов ответили, что партия защищает интересы сикхов, 31,6% ответили, что партия защищает интересы пенджабцев и 10,5% респондентов ответили, что партия не играет существенной роли в жизни пенджабцев. На вопрос о роле политической партии Акали дал в жизни пенджабцев англоязычные эксперты ответили следующим образом, 46,2% респондентов – защищают интересы сикхов, 38,5% – не играют существенной роли, 15,4% – защищают интересы пенджабцев и 7,7% – затрудняются ответить.

6. В вопросе о роле Комитета по управлению гурдварами в сикхской общине 73,7% русскоязычных эксперта или большинство ответили, что решения Комитета по управлению гурдварами считается обязательным для сикхов в то время, как 21,1% респондентов ответили, что решения Комитета соблюдаются лишь частично. На вопрос о роле Комитета по управлению гурдварами в сикхской общине мнение англоязычных экспертов разделилось, 38,5% респондентов ответили, что решения Комитета по управлению гурдварами считаются обязательными, 30,8% - соблюдаются частично, 23,1% – не играют существенной роли, 7,7% – затрудняются ответить (Габдуллин К.Т.).

Заключение

Таким образом институт хальсы играет важную роль в идентификации сикхов в индийском штате Пенджаб. Институт хальсы сформировался в 1699 году в результате реформы десятого гуру Гобинд Сингха. Эволюция института хальсы прошла 4 этапа от военизированного сообщества, защищающегося интересы сикхской общины к идентификации хальсы как сикхской общины в целом. Несмотря на то, что сикхская община разделена на сикхов-кешдхари, сикхов-сахаджхари, сикхов-ниранкари, сикхов-намдхари хальса играет интегрирующую роль в сикхской общине.

Хальсой взяты на вооружение основные идеологические принципы сикхизма в том числе идея создания бескастового общества, проповедовавшего первым гуру Нанаком. Идея создания хальсы вызвана военной необходимостью. Сикхскую общину пытались уничтожить моголы. После смерти десятого гуру Гобинд Сингха при Хальсе были образованы мисали, которые сыграли важную роль в отражении вторжения в Индию афганцев. Объединение мисалей под властью Ранджит Сингха привело к образованию сикхской империи. Однако после завоевания сикхов британцами роль Хальсы снижается. Во второй половине XIX века на фоне модернизационных процессов в Индии зарождаются общества Сингх сабха. Данные общества активно пропагандируют идеи возрождения сикхизма и института хальсы. В Пенджабе распространяется язык пенджаби на основе шрифта гурмукхи. Хальса переосмысливается как сикхизм в целом. Возникает идея сикхской нации. Влияние сикхов-сахаджхари снижается в результате перехода собственности гурдвар от махантов (члены секты удаси) в пользование Комитета об управлении гурдвар (ШПГК) тем самым возрастает роль хальсы.

В настоящее время Хальса контролирует ШПГК и партию Широмани Акали дал. Данные организации сыграли важную роль в образование в 1966 году пенджабоязычного штата Пенджаб, населенного преимущественно сикхами.

Экспертный опрос, проведенный авторами статьи в ноябре 2023 года показывает на важность религиозной идентичности среди сикхов. Кастовое разделение в сикхской общине существует и в основном соблюдается сикхами-сахаджхари. Соблюдение правил «пяти К» считается важным атрибутом ритуальности среди сикхов. Партия Широмани Акали дал играет важную роль в защите политических интересов сикхской общины. Решение ШПГК являются обязательными для выполнения сикхской общиной.

Литература:

Asutosh, 2021 – *Asutosh K.* Shiromani Akali Dal (1920-2020): Ideology, Strategy, and support base // Sikh formations. Religions, Culture, Theory. 2021. Volume 17. Issue 1-2. P. 1-23.

Баранов, 2003 – *Баранов С.А.* Сепаратизм в Индии. М.: Институт востоковедения РАН, 2003. 238 с.

Бельский, Фурман, 1992 – *Бельский А.Г., Фурман Д.Е.* Сикхи и индусы: религия, политика, терроризм. М.: Наука. Главная редакция восточной литературы, 1992. 128 с.

Бочковская, 2015 – *Бочковская А.В.* «Истинные» и «Ложные» Ниранкари: Особенности взаимоотношений с сикхской общиной // Вестник Московского университета. Серия 13. Востоковедение. 2015. №1. С. 30-46.

Бочковская, 2023 – *Бочковская А.В.* «Панджабский вопрос» и сикхская диаспора: призывы к сецессии в XXI веке // Азия и Африка сегодня. 2023. №11. С. 32-40.

Вавилова, Хандурова, 2008 – *Вавилова Е.Ю., Хандурова Е.Н.* Религиозная идентичность: современные подходы // Инновационная наука. 2008. №7-8. С. 78-81.

Габдуллин К.Т., 2023 – *Габдуллин К.Т.* Экспертный опрос. Ноябрь 2023 года (Проведен в рамках выполнения научного проекта AP14871064 «Этнический, этноконфессиональный дискурс нациестроительства в Южной Азии (Афганистан, Индия, Пакистан)»).

Демичев, 2017 – *Демичев К.А.* От общины к империи: сикхские модели территориального устройства XVI-первой половины XIX века // Проблемы истории, филологии, культуры. 2017. №4. С. 255-269.

Индуизм. Джайнизм. Сикхизм, 1996 – Индуизм. Джайнизм. Сикхизм: Словарь / Отв. ред. Альбедиль М.Ф. и Дубянский А.М. М.: Республика, 1996. 576 с.

Field, 2009 – *Field D.* The Religion of the Sikhs. Montana: Kessinger Publishing, LLC, 1914. 116 p.

Deol, 2011 – *Deol H.* Religion and Nationalism in India: The Case of Punjab, 1960-1995. London: Routledge, 2011. 205 p.

Greewal, 1998 – *Greewal J.S.* The Sikhs of the Punjab (The New Cambridge History of India). Cambridge: Cambridge University Press, 1998. 308 p.

Judge, 2005 – *Judge P.S.* Religion, Identity and Nationhood. The Sikh Militant Movement. Jaipur: Rawat Publications, 2005. 286 p.

Latif, 1997 – *Latif S.M.* History of the Punjab. From the Remotest Antiquity to the Present time. Lahore: Sang-e-meel Publications, 1997. 652 p.

Kapur, 2011 – *Kapur R.A.* Sikh Separatism: The Politics of Faith. London: Allen & Unwin, 2011. 272 p.

Macaulife, 2018 – *Macaulife M.A.* The Sikh religion. Volume 1 of 6. Its Gurus, Sacred writing and Authors. London: Forgotten books, 2018. 481 p.

Макаров, Широков, Колесников, 2018 – *Макаров И.Н., Широкова О.В., Колесников В.В.* Формальные и неформальные институты функционирования государственно-частного партнерства: взгляд с позиции экономической теории // Российское предпринимательство. 2018. Том 19. Номер 1. С. 77-98.

McLeod, 1989 – *McLeod W.H.* The Sikhs: History, Religion, and Society. New York: Columbia University Press, 1989. 161 p.

Меркель, Круассан, 2002 – *Меркель В., Круассан А.* Формальные и неформальные институты в дефектных демократиях // Полис. 2002 №1. С. 6-17.

Мчедлов, 2023 – *Мчедлов М.М.* Религиозные контексты в дискурсах идентичности // Идентичность: личность, общество, политика. Новые контуры исследовательского поля / Отв. ред. И.С. Семенко. М.: Издательство «Весь Мир», 2023. 196-206.

Празаускас, 1990 – *Празаускас А.А.* Этнос, политика и государство в современной Индии. Москва: Наука. Главная редакция восточной литературы, 1990. 304 с.

Punjab population, 2025 – Punjab population // https://www.indiacensus.net/states/punjab (Дата обращения: 10.01.2025)

Punjabi Identity in a Global Context, 1999 – Punjabi Identity in a Global Context / Ed. by Singh Pritam, Thandi Shinder S. Oxford: Oxford University Press, 1999. 416 p.

Purewal, 2000 – *Purewal Sh.* Sikh Ethnonationalism and the Political Economy in Punjab. Oxford: Oxford University Press. 215 p.

Силаев, 2023 – *Силаев Г.А.* Сикхское возрождение как фактор формирования сикхской идентичности // Научный журнал. «Инновации. Наука. Образование». 2023. №46. С. 2084-2092.

Shani, 2007 – *Shani G.* Sikh Nationalism and Identity in a Global Age. London: Routledge, 2007. 224 p.

Sikh Identity. Continuity and Change, 1997 – Sikh Identity. Continuity and Change / Ed. by Pashaura Singh, N. Gerald Barrier. New Delhi: Manohar Publishers and Distributors, 1997. 397 p.

Singh, Shani, 2021 – *Singh Gh., Shani G.* Sikh Nationalism: From a Dominant Minority to an Ethno-Religious Diaspora. Cambridge: Cambridge University Press, 2021. 250 p.

Singh, 2000 – *Singh G.* Ethnic Conflict in India: A Case Study of Punjab. London: Palgrave Macmillan. 231 p.

Singh, 2005 – *Singh K.* A History of the Sikhs. Volume 2. 1839-2004. Oxford: Oxford University Press, 2005. 547 p.

Singh, 2011 – *Singh N.-G. K.* Sikhism. An Introduction. London: I.B.Tauris & Co Ltd, 2011. 288 p.

Takhar Opinderjit Kaur, 2005 – *Takhar O.K.* Sikh Identity: An Exploration for Groups Among Sikhs. London: Routledge, 2005. 232 p.

Успенская, Котин, 2007 – *Успенская Е.Н., Котин И.Ю.* Сикхизм. М.: Азбука, 2007. 384 с.

Фурсов, 2011 – *Фурсов К.А.* Львы пятиречья: сикхи – великие войны Азии. М.: Товарищество научных изданий КМК, 2011. 474 с.

Хохлова, 2009 – *Хохлова Л.В.* Исторические причины приоритета религиозных факторов над языковыми в самосознании этнических панджабцев // Вестник Московского университета. Серия 13. Востоковедение. 2009. №4. С. 93-107.

Шорохова, 2014 – *Шорохова В.А.* Религиозная идентичность в зарубежных психологических исследованиях: теоретические модели и способы изучения // Социальная психология и общество. 2014. Том 5. №4. С. 44-61.

References:

Asutosh, 2021 – Asutosh K. Shiromani Akali Dal (1920-2020): Ideology, Strategy, and support base // Sikh formations. Religions, Culture, Theory. 2021. Volume 17. Issue 1-2. P. 1-23.

Baranov, 2003 – Baranov S.A. Separatizm v Indii [Separatism in India]. M.: Institut vostokovedeniya RAN, 2003. 238 s. (in Rus.)

Belsky, Furman, 1992 – Belsky A.G., Furman D.E. Sikkhi i indusy: religiya, politika, terrorizm [Sikhs and Hindus: religion, politics, terrorism]. M.: Nauka. Glavnaya redaktsiya vostochnoy literatury, 1992. 128 s. (in Rus.)

Bochkovskaya, 2015 – Bochkovskaya A.V. «Istinnye» i «Lozhnye» Nirankari: Osobennosti vzaimootnosheny s sikkhskoy obshchinoy ["True" and "False" Nirankaris: The specifics of relations with the Sikh community] // Vestnik Moskovskogo universiteta. Seriya 13. Vostokovedeniye. 2015. №1. S. 30-46. (in Rus.)

Bochkovskaya, 2023 – Bochkovskaya A.V. «Pandzhabsky vopros» i sikkhskaya diaspora: prizyvy k setsessii v XXI veke [The Punjabi Issue and the Sikh Diaspora: Calls for Secession in the 21st Century] // Aziya i Afrika segodnya. 2023. №11. S. 32-40. (in Rus.)

Vavilova, Khandurova, 2008 – Vavilova Ye.Yu., Khandurova Ye.N. Religioznaya identichnost:

sovremennye podkhody [Religious identity: modern approaches] // Innovatsionnaya nauka. 2008. №7-8. S. 78-81. (in Rus.)

Gabdullin K.T., 2023 – Gabdullin K.T. Ekspertny opros. Noyabr 2023 goda [An expert survey. November 2023] (Proveden v ramkakh vypolneniya nauchnogo proyekta AP14871064 «Etnichesky, etnokonfessionalny diskurs natsiyestroitelstva v Yuzhnoy Azii (Afganistan, Indiya, Pakistan)»). (in Rus.)

Demichev, 2017 – Demichev K.A. Ot obshchiny k imperii: sikkhskiye modeli territorialnogo ustroystva XVI-pervoy poloviny XIX veka [From community to Empire: Sikh models of territorial structure of the XVI-the first half of the XIX century] // Problemy istorii, filologii, kultury. 2017. №4. S. 255-269. (in Rus.)

Induizm. Dzhaynizm. Sikkhizm, 1996 – Induizm. Dzhaynizm. Sikkhizm: Slovar [Hinduism. Jainism. Sikhism: A Dictionary] / Otv. red. Albedil M.F. i Dubyansky A.M. M.: Respublika, 1996. 576 s. (in Rus.)

Field, 2009 – Field D. The Religion of the Sikhs. Montana: Kessinger Publishing, LLC, 1914. 116 p.

Deol, 2011 – Deol H. Religion and Nationalism in India: The Case of Punjab, 1960-1995. London: Routledge, 2011. 205 p.

Greewal, 1998 – Greewal J.S. The Sikhs of the Punjab (The New Cambridge History of India). Cambridge: Cambridge University Press, 1998. 308 p.

Judge, 2005 – Judge P.S. Religion, Identity and Nationhood. The Sikh Militant Movement. Jaipur: Rawat Publications, 2005. 286 p.

Latif, 1997 – Latif S.M. History of the Punjab. From the Remotest Antiquity to the Present time. Lahore: Sang-e-meel Publications, 1997. 652 p.

Kapur, 2011 – Kapur R.A. Sikh Separatism: The Politics of Faith. London: Allen & Unwin, 2011. 272 p.

Macaulife, 2018 – Macaulife M.A. The Sikh religion. Volume 1 of 6. Its Gurus, Sacred writing and Authors. London: Forgotten books, 2018. 481 p.

Makarov, Shirokov, Kolesnikov, 2018 – Makarov I.N., Shirokova O.V., Kolesnikov V.V. Formalnye i neformalnye instituty funktsionirovaniya gosudarstvenno-chastnogo partnerstva: vzglyad s pozitsii ekonomicheskoy teorii [Formal and informal institutions of public-private partnership functioning: a view from the perspective of economic theory] // Rossyskoye predprinimatelstvo. 2018. Tom 19. Nomer 1. S. 77-98. (in Rus.)

McLeod, 1989 – McLeod W.H. The Sikhs: History, Religion, and Society. New York: Columbia University Press, 1989. 161 p.

Merkel, Kruassan, 2002 – Merkel V., Kruassan A. Formalnye i neformalnye instituty v defektnykh demokratiyakh [Formal and informal institutions in defective democracies] // Polis. 2002 №1. S. 6-17. (in Rus.)

Mchedlov, 2023 – Mchedlov M.M. Religioznye konteksty v diskursakh identichnosti [Religious contexts in identity discourses] // Identichnost: lichnost, obshchestvo, politika. Novye kontury issledovatelskogo polya / Otv. red. I.S. Semenko. M.: Izdatelstvo «Ves Mir», 2023. 196-206. (in Rus.)

Prazauskas, 1990 – Prazauskas A.A. Etnos, politika i gosudarstvo v sovremennoy Indii [Ethnicity, Politics and the State in modern India]. Moskva: Nauka. Glavnaya redaktsiya vostochnoy literatury, 1990. 304 s. (in Rus.)

Punjab population // https://www.indiacensus.net/states/punjab (Data obrashcheniya: 10.01.2025)

Punjabi Identity in a Global Context, 1999 – Punjabi Identity in a Global Context / Ed. by Singh Pritam, Thandi Shinder S. Oxford: Oxford University Press, 1999. 416 p.

Purewal, 2000 – Purewal Sh. Sikh Ethnonationalism and the Political Economy in Punjab. Oxford: Oxford University Press. 215 p.

Silayev, 2023 – Silayev G.A. Sikkhskoye vozrozhdeniye kak faktor formirovaniya sikkhskoy identichnosti [The Sikh Renaissance as a factor in the formation of Sikh identity] // Nauchny zhurnal. «Innovatsii. Nauka. Obrazovaniye». 2023. №46. S. 2084-2092. (in Rus.)

Shani, 2007 – Shani G. Sikh Nationalism and Identity in a Global Age. London: Routledge, 2007. 224 p.

Sikh Identity. Continuity and Change, 1997 – Sikh Identity. Continuity and Change / Ed. by Pashaura Singh, N. Gerald Barrier. New Delhi: Manohar Publishers and Distributors, 1997. 397 p.

Singh, Shani, 2021 – Singh Gh., Shani G. Sikh Nationalism: From a Dominant Minority to an Ethno-Religious Diaspora. Cambridge: Cambridge University Press, 2021. 250 p.

Singh, 2000 – Singh G. Ethnic Conflict in India: A Case Study of Punjab. London: Palgrave Macmillan. 231 p.

Singh, 2005 – Singh K. A History of the Sikhs. Volume 2. 1839-2004. Oxford: Oxford University Press, 2005. 547 p.

Singh, 2011 – Singh N.-G. K. Sikhism. An Introduction. London: I.B.Tauris & Co Ltd, 2011. 288 p.

Takhar Opinderjit Kaur, 2005 – Takhar O.K. Sikh Identity: An Exploration for Groups Among Sikhs. London: Routledge, 2005. 232 p.

Uspenskaya, Kotin, 2007 – Uspenskaya Ye.N., Kotin I.Yu. Sikkhizm [Sikhism]. M.: Azbuka, 2007. 384 s. (in Rus.)

Fursov, 2011 – Fursov K.A. Lvy pyatirechya: sikkhi – velikiye voyny Azii [Lions of the Five Rivers: The Sikhs – The Great Wars of Asia]. M.: Tovarishchestvo nauchnykh izdany KMK, 2011. 474 s. (in Rus.)

Khokhlova, 2009 – Khokhlova L.V. Istoricheskiye prichiny prioriteta religioznykh faktorov nad yazykovymi v samosoznanii etnicheskikh pandzhabtsev [Historical reasons for the priority of religious factors over linguistic ones in the self-awareness of ethnic Punjabis] // Vestnik Moskovskogo universiteta. Seriya 13. Vostokovedeniye. 2009. №4. S. 93-107. (in Rus.)

Shorokhova, 2014 – Shorokhova V.A. Religioznaya identichnost v zarubezhnykh psikhologicheskikh issledovaniyakh: teoreticheskiye modeli i sposoby izucheniya [Religious identity in foreign psychological research: theoretical models and ways of studying] // Sotsialnaya psikhologiya i obshchestvo. 2014. Tom 5. №4. S. 44-61. (in Rus.)

[1] Габдуллин К.Т. [2]Муратбекова А.М.

[1]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

[2] Қожа Ахмет Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің Еуразия ғылыми-зерттеу институты, Алматы, Қазақстан

E-mail: [1]gabdullin5682@gmail.com, [2] albina.muratbek@gmail.com

ҮНДІСТАННЫҢ ПЕНДЖАБ ШТАТЫНДАҒЫ СИКХТЕРДІ АНЫҚТАУДАҒЫ ХАЛСА ИНСТИТУТЫНЫҢ РӨЛІ: ТАРИХ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН

Аңдатпа. Мақала Үндістанның Пенджаб штатындағы сикхтерді анықтау процесінде Халса институтының рөлі мен орнын зерттеуге арналған. Жаңалық-Үндістанның Пенджаб штатындағы әлеуметтік-саяси өмірдегі сикхтердің қазіргі рөлі, сикхтер қауымдастығының этно-конфессиялық сәйкестігін қалыптастыру процесінде Халса институтының рөлін зерттеу әдістері мен тәсілдерін талдау. Зерттеудің міндеті-халса институтының сикхизмдегі негізгі институт ретінде қалыптасуы мен даму тарихын зерттеу, Халса институтының Моғол империясындағы саяси қуғын-сүргіннен, Солтүстік Үндістандағы саяси тұрақсыздықтан қалай аман қалғанын анықтау, сикхтер қауымдастығында үстем күшке айналу және Пенджабты қамтитын Ранджит Сингх империясын құру, Кашмир, Мультан, ағылшын Шығыс Үндістан компаниясы жаулап алғаннан кейін модернизациялау және Үндістанның тәуелсіздігімен үнділік ортада ерімеу және Үндістанның Пенджаб штатындағы әлеуметтік-саяси өмірде маңызды рөл атқару. Мақаланың мақсаты-Үндістанның Пенджаб штатындағы сикхтерді анықтау процесінде Халса институтының рөлін зерттеу. Мақалада Халса институтының сикхтер қауымдастығындағы маңызды орнын анықтау

үшін сараптамалық сауалнама мен терең сұхбатты талдаудың тарихи талдау әдістері мен сапалы әдістері қолданылған. Мақалада келтірілген нәтижелер материал авторларға Халса институтының аздаған әскери орденнен сикхтер қауымдастығындағы басым күшке қалай айналғаны туралы қорытынды жасауға мүмкіндік берді

Алғыс: Бұл мақала Оңтүстік Азиядағы (Ауғанстан, Үндістан, Пәкістан) ұлт құрылысының этникалық, этноконфессиялық дискурсы AP14871064 ғылыми жобасын орындау шеңберінде дайындалған.

Кілт сөздер: Пенджаб, Халс институты, сәйкестілік, ШПГК, Широмани Акали дал партия, бес К ережесі, сикхтер-кешдари, сикхтер-сахаджари

[1] Gabdullin K.T. [2]Muratbekova A.M.

[1] Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan

[2]Eurasian Research Institute of the Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Almaty, Kazakhstan

E-mail: [1]gabdullin5682@gmail.com, [2]albina.muratbek@gmail.com,

THE ROLE OF THE KHALSA INSTITUTE IN THE IDENTIFICATION OF SIKHS IN THE INDIAN STATE OF PUNJAB: HISTORY AND MODERNITY

Abstract. The article is devoted to the study of the role and place of the Khalsa Institute in the identification of Sikhs in the Indian state of Punjab. The novelty is the analysis of methods and approaches to the study of the role of the Khalsa Institute in the formation of the ethnic and religious identity of the Sikh community, the modern role of Sikhs in socio-political life in the Indian state of Punjab. The purpose of the study is to study the history of the formation and development of the Khalsa Institute as the main institution in Sikhism, to identify how the Khalsa Institute was able to survive political repression in the Mughal Empire, political instability in Northern India, to become the dominant force in the Sikh community and create the empire of Ranjit Singh, covering Punjab, Kashmir, Multan, and after the conquest by the British East India Company, to modernize and, with the independence of India, not to dissolve into the Hindu environment and play an important role in the socio-political life in the Indian state of Punjab. The purpose of the article is to study the role of the Khalsa Institute in the identification of Sikhs in the Indian state of Punjab. The article uses methods of historical analysis and qualitative methods of expert survey and in-depth interview analysis to identify the important place of the Khalsa Institute in the Sikh community. The results presented in the article allowed the authors to conclude how the Khalsa Institute was able to transform from a small military order into a dominant force in the Sikh community.

Acknowledgement: This article was prepared as part of the scientific project AP14871064 Ethnic, ethno-confessional Discourse of Nation-building in South Asia (Afghanistan, India, Pakistan).

Keywords: Punjab, Khalsa Institute, Gobind Singh, identity, SPGK, Shiromani Akali dal party, the Five K`s, Sikhs-keshdhari, Sikhs-sahajhari.

Авторлар туралы мәлімет:

Габдуллин Кенжебек Тулепбергенович, PhD, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Муратбекова Альбина Мирзахановна, PhD, Қожа Ахмет Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің Еуразия ғылыми-зерттеу институты, Алматы, Қазақстан.

Информация об авторах:

Габдуллин Кенжебек Тулепбергенович, PhD, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, PhD, Евразийский научно-исследовательский институт международного казахстанско-турецкого университета имени Ходжи Ахмета Яссави, Алматы, Казахстан.

Information about authors:

Gabdullin Kenzhebek Tulepbergenovich, PhD, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Muratbekova Albina Mirzahanovna, PhD, Eurasian Research Institute of the Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Almaty, Kazakhstan.

Келіп түсті 20 қараша 2024 жыл
Қабылданды 27 ақпан 2025 жыл

ҒТАХР 16.31.61 https://doi.org/ 10.63051/kos.2025.1.77

Есбосынов Е.З.
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
E-mail: ergaliesb@gmail.com

ТҮРІК АҚЫНЫ МЕХМЕТ АКИФ ЕРСОЙДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА ШОЛУ («САФАХАТ» ЖИНАҒЫ НЕГІЗІНДЕ)

Аңдатпа. Танымал түрік ақыны, қоғам қайраткері Мехмет Акиф Ерсойдың әдеби тұлғасы қашанда зерттеушілердің назарын аударып келген. Ақынның еңбектері поэтикалық және мазмұндық жағынан, стильдік көрінісі мен этнолингвистикалық аспектісі сияқты көптеген ғылыми бағытты қамтыған зерттеулердің объектісі болған. Сонымен қатар шығармашылығы мен азаматтық позициясын зерттеп-саралаған ізденістер де аз емес. Бұлар көптеген еңбектердің өзегін құрап, ондаған докторанттардың ғылыми тақырыптарына арқау болып монографияларын жариялаған. Мақсатымыз, осы зерттеулерге шолу жасау арқылы қазақтілді оқырмандарды ақынның шығармашылығы мен поэтикасынан хабардар ету, қолға тиген деректер негізінде тақырыптық материалдарды сұрыптау. Сол дәуір Түркия, Тәуелсіздік қозғалысы (Азаматтық соғыс) мен ішкі саяси дағдарысқа жол ашқан әлеуметтік толқуларға тап болғандықтан ақын еңбектерінің негізгі мазмұны мен әдеби стилі де сол заманға бейім болып басқа түрік ақын-жазушыларынан ерекшелендіріп тұрған. Мұны Ерсойдың басты шығармаларының бірі – жеті кітаптан тұратын «Сафахат» жинағынан көре аламыз. Жинаққа енген алғашқы өлеңдері Осман империясының соңғы уақыттарында жазылғанымен, шығармаларының негізі Тәуелсіздік қозғалысы жылдарында жарық көрген. Өлеңдерінің басты идеясы түрік халқын ынтымақ-бірлікке шақыру, майданағы түрік әскерлерінің рухын көтеру, жергілікті атқамінерлер мен бай-манаптарды аумақтық тұтастықты қорғауда алдыңғы шепте болуға үндеу. Ақынның авторлық стилін түрік зерттеушілері «халықтық тіл» «қарапайым тілмен жазылған еңбек» деп атаса, кейбір ғалымдар «реалист ақын», «натуралист» деп те атайды. Мақалада Ерсойдың «Асым» поэмасы зерттеулері негізінде түрік әдебиетінің осман тілі – қазіргі түрік тілі бағытындағы лексикалық ерекшелігіне шолу жасалады. Мұнда жекелеген сөздердің лекискографиялық еңбектердегі көрінісі мен этимологиясы талданып-сұрыпталады, шығармаларының дидактикалық тұсынан тақырыптық тұжырымдамалар беріледі. Ерсой мен қазақ ақын-жазушылары еңбектерінің салыстырмалы зерттеулерін жариялаған басылымдарға шолу жасалады.

Кілт сөздер: Мехмет Акиф Ерсой, түрік поэтикасы, осман тілі, Сафахат, Асым, ояну мотиві, дидактикалық еңбек, аударма ісі.

Кіріспе

Қазақстан мен Түркия арасындағы гуманитарлық бағыттағы байланыстар 1990 ж. негізі қаланған халықаралық ынтымақтастық келісімдерінен бастау алатыны сөзсіз. Мұны әсіресе мәдениет пен әдеби қарым-қатынастар мен білім салаларынан байқауға болады. Ал Түркия мен Қазақстанның экономикалық, саяси және мәдени даму үдерісінде аянбай еңбек етіп өшпес із қалдырған ұлы тұлғалары туралы зерттеулер әр екі елде өзекті тақырыптар қатарында екендігі анық. Мұндай іс-шаралар әр түрлі нысан мен мазмұндағы түрлі жарияланымдар мен мәдени-көпшілік іс-шаралардан да көрініп жүр. Бұл ретте Қазақстанда әлі де толықтай зерттеле қоймаған түрік ақын-жазушылары аз емес. Сондай тұлғалардың бірі Түркия Республикасының Истклал маршы – Тәуелсіздік маршы, яғни мемлекеттік әнұранының авторы Мехмет Акиф Ерсой. Ақын, Европа үлгісіндегі конституциялық республиканың жаршысы болған қоғамдық идеолог ретінде де танымал. Ол, сонымен қатар, ағартушы, теолог,

әдебиеттанушы, журналист және публицист. Мұндай жан-жақты ойшыл тұлғаның еңбектерін қазақ тіліне аудару қашанда өзекті істердің қатарында болса керек. Ерсой еңбектерін қазақ ақындарының шығармаларымен салыстыра баяндаған еңбектер де жоқ емес. Солардың бірі Ерсойдың азаматтық тұлғасы мен шығармашылығына шолу жасаған: «XX ғасырдағы түрік поэзиясының ірі өкілдерінің бірі Мехмет Акиф Эрсой 1873 жылы Ыстамбұлдың Фатих ауданының "Сарыгүзел" орамында туған. Әкесі осындағы медресе оқытушыларының бірі болған Теміз Тайыр (Tahир) есімді теолог ғалым, ал шешесі діндар кісі болған. Сондықтан Мехмет Акиф Эрсой бала кезінен мұсылманша өте жақсы тәрбие алған. Ол әкесінен араб тілін, Эсат Дәдә есімді басқа бір оқытушыдан парсы тілін үйренген. Лицейді бітірген соң Мехмет Акиф Құран Кәрімді түгел жаттап, қари атанады. Спортқа да қатты ден қояды. Күрес, атлетика, жүзу салаларында жақсы нәтижелерге жеткен. Бала кезінен-ақ поэзияға мықтап қызығады. Естіген, оқыған, көңіліне ұнаған өлеңдерді дереу жаттап алатын болған. Бірте-бірте өзі де ұлттық діни өлеңдер жаза бастайды. Алғашқы өлеңдері 1886 жылы "Ресимли мәжмуа" ("Суретті жорнал") деген жорналда жарияланды. Осылайша халыққа таныла бастайды. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде ұлттық ақпарат ұйымы (құпия қызмет мекемесі) атынан М.А. Ерсой Алманияға, содан соң Мәдине мен Мәжит қалаларына барады. Ұлт-азаттық соғыс жылдарында ол Бурдур округінен парламент депутаты болып сайланды. Түркияның еуропалық бөлігін (Румелия), Анадолы жақты және Арабстанды аралайды. Бұл сапарлары кезінде мұсылман жұртшылығымен жақсылап танысады. Оларға арнап өлеңдер жазады. Өзі өте таза, адал мұсылман болған ақын қайда жүрсе де әділетсіздікке, зорлық-зомбылыққа, заңсыздыққа қарсы шығады. Әлсіздерге, кедейлерге, қаріпқасірлерге қолынан келгенше көмегін аямайды. Оның адамгершілік қасиеттері, өлеңдастандары халықтың аузында жүреді. Ақын елінің шынайы сүйіспеншілігіне бөленеді» (Иса, 2018: 157-167). Мақала Шәкәрім мен Ерсойдың «адамгершілік» концептісіне арналып, жекелеген өлеңдері мен цитаталарын қазақшалап берген. Мақалада қазақ тілінің нормативтік лексикасы мен аударма мәтіндерінде жекелеген кемшіліктер орын алған.

Журналдың осы санында «Оян қазақ» пен «Сафахат» жинағын салыстармалы зерттеу тақырыбындағы *Oyan qazaq ve Safahat'ta ortak konular - Оян қазақ пен Сафахаттағы ортақ тақырыптар* атты мақала жарық көрген. Мұнда Міржақып Дулатұлының шығармашылығына кеңірек тоқталып екі еңбекті тақырыптық тұрғыда салыстыра зерттеген. Мақала авторына қарағанда Ерсой мен Міржақып шығармалары мына бағытта ортақтасып, өзара үйлесім тапқан: 1. Материалдық құндылықтардан айрылып қалу қапі; 2. Халықты «оянуға», күрескер халық болуға шақыру; 3. Европа үлгісі білім-ғылымға шақыру; 4. Алыс жұрттар иемденіп жүрген техникалық-технологиялық дамудан тыс қалмауға шақыру; 5. Халыққа үндеу барысында діни лексиканы қолдану; 6. Жастарға иек арту, жас ұрпаққа сеніммен, үмітпен қарау; 7. Мемлекеттік басқару тетігінде отырған чиновниктерге реніш-өкпе білдіру; 8. Дін адамдарының, молда-имамдардың қарабайырлығы мен сауатсыздығын әшкерелеу; 9. «Ояну» мотивін қайталау, яғни қоғамдық өмірдегі келеңсіз жағдайлардың көптігіне налу, реніш білдіру; 10. Халықты «пайдасы жоқ» білім-ғылымнан аулақ болуға ынталандыру, яғни өздерін оқымыстымыз деп білетін зиялы қауымға ренішін білдіру, білім-ғылымды прогрессивті мақсатта пайдалануға үндеу; 11. «Тәуекел-шүкір» ұғымын теріс пайдалану әрекеттеріне наразылық білдіру, яғни бойкүйездік пен масылдыққа, міскіндік пен қуыскеуде мақтаншақтыққа қарсы шығу; 12. «Мұсылман» ұғымының «ішін босату» әрекетіне қарсы шығу, яғни шынайы наным-сенімді қорғау, дінге шынайылық таныту, дін этикетін қорғауға үндеу; 13. Мектеп-медреселердің бұрынғы және өзіне лайық мәртебесінен айрылғандығына реніш білдіру, бұлардың білім-ғылымнан алыстап, қарапайым және сауатсыз тақуалыққа бой алдырғандығын әшкерелеу; 14. Халқын, ел-жұртын «ояндыру» үшін «өзіне өзі» міндеттеме алу; 15. Жалқаулық пен масылдыққа қарсы екендігін қайталау; 16. Халық арасындағы береке-бірліктің азаюына күдікпен, ренішпен қарау. Елді бірлікке шақыру (Balcı, 2018: 77-92).

Материалдар мен зерттеу әдістері

Мақала барысында пайдаланған негізгі материалымыз – Мехмет Акиф Ерсойдың «Сафахат» жинағы және осы еңбек төңірегінде жүргізілген зерттеулер. Сонымен қатар аталмыш материалдар аясында түрік поэтикалық нормаларын текстологиялық жағынан, яғни иллюстративтік мысалдар жүйесінде арапграфикалы осман тілі мәтіні – латынграфикалы транскрипциясы - қазіргі түрік тіліндегі көрінісі және осының қазақ тіліндегі аудармасы жиынтығында көрсеттік. Ішінара этнолингвистикалық, мұны Ерсой шығармаларының жекелеген қазақ ақындарының еңбектерімен салыстыра-салғастыра зерттелуі барысына қатысты деректерге шолу жасау арқылы бердік, және осы ретте салыстырмалы талдау әдісін қолдандық, мұны түрік ғалымдарының Ерсой поэтикасы мен шығармашылығын зерттеген еңбектер тізбегін пайдалану арқылы іске асырдық. Негізінен, Мехмет Акиф Ерсой шығармашылығы мен «Сафахат» жинағы қазақ оқырмандарына ішінара таныс. Алайда бұларды толыққанды академиялық жарияланымдардан гөрі жекелеген мақала мен тезистер санатындағы мәлімет деп тиянақтасақ қателеспейміз.

Талқылау

Түркия Республикасы құрылуының алғашқы кезеңдері Бірінші Дүниежүзілік соғыс, Антанта мен Патшалық Ресей жанжалы, Кіші Антантаның құрылуы, Ресейдегі Большевиктік-коммунисттік саяси диктатураның қалыптасуы, көрші Грекияның Франция мен Англияның көмегіне арқа сүйеп жасаған саяси және әскери арандатушылық әрекеттері, одан әрі *Тәуелсіздік соғысына* алып келген саяси дағдарыс кезеңіне тұспа-тұс келді. Сөйтіп ұлт тәуелсіздігі үшін күрес әлеуметтік-экономикалық бағытында ғана болмай, халық арасындағы саяси-идеологиялық жұмысты қатар алып жүру қажеттілігін тудырды. Осындай шешуші сәттерде елі мен жерін қорғауда халыққа үндеу айтатын ақын-жазушылар алдыңғы шепке шықты. Ерсой өлеңдері осындай талапқа сай болып халық сүйіп оқыған кітаптарына айналды. Ақын шығармашылығы 1911 – 1933 жылдар арасында өнімді болып, өлең, шығармаларының топтамасы қайтыс болғаннан кейін 1943 ж. шыққан «Сафахат» жинағының өзегін құрады. Ал Кастамону қаласында жарияланып тұрған *Ачыксөз* газеті ақынның қоғамдық санасға елеулі түрде ықпал еткен үгіт-насихат жұмыстарының жаршысы ретінде танылды. Газет Ерсойдың өлеңдерін тұрақты түрде жариялап, Анатолияның Қаратеңіз аумағындағы көп оқылатын танымал газеттердің бірі болуына ықпал етті. Осы тұрғыда Мехмет Серхат Иылмаздың ізденістерінен пайдаланып, түрік ғалымдарының материалдарды мазмұндық және хронологиялық жағынан сұрыптау әдісін де көрсетпекші болдық:

Kır Ağasının Rüyası - Қыр ағасының түсі өлеңі 5 қараша, 1920 ж. жарық көрді: «Мехмет Акифтің Кастамонуда шығатын «Ачыксөз» газетінде жариялаған *Қыр ағасының түсі* өлеңі «түс көру» мотивімен байланыстырылса да, негізінен сол кезең Түркияның саяси хал-ахуалына арналған ой-тоғаулары болып табылады. Түрік әдебиетінде осыған ұқсас «түс көруді» нысанға алған образдық бейнелеулер көптеп кездеседі. Метафизикалық стильде орындалған еңбегі *İstiklal Harbi - Тәуелсіздік Соғысы* жағдайында жазылғандықтан, сол кезеңнің ауыртпашылығын көрсете білген және сол уақыт Анадолы елінің шынайы көрінісін, күрделі жағдайын бейнелеген. Осы пікірімізді ақын шығармашылығын зерттеуші Февзие Абдуллах Танселдің еңбегімен толықтыра аламыз: “Көсе имам бұл соғыстың (Бірінші Дүниежүзілік Соғысы) нәтижесін сезгендей болып *Қыр ағасының түсі* деген ертегі айтуға бел буады. Акиф бұл хикаясын Осман сұлтандығының ескі министрлерінің бірі Емруллах Ефендиден тыңдап-білген анекдотты кеңейте отырып жазып шыққан деседі. Ондағы бейнеленген дәуір Абдулхамид сұлтанның заманы болатын. Ал Акиф осы сюжеттерді көркемдік жағынан өңдеп «Асым» поэтикалық диалогының бір кейіпкері арқылы «сөйлетіп» ұрымтал образ сомдай білген».

Köse İmamın Dertlerinden - Көсе Имамның уайымы «Ачыксөзде» шыққан екінші өлеңі және «Асым» поэтикалық диалогының құрамдас бөлігі. Өлең газеттің бірінші бетінде жарияланды. Газет оқырмандарын *Қыр ағасының түсі* өлеңімен қызықтырып қойған Акиф, мұнда Осман сұлтандығы дәуіріндегі кемшіліктерді атап өтіп, жаңа дәуір жаршысы болып табылатын *Милли мүжаделе - Ұлттық Қозғалыс* әрекетінің іс-қимылдары туралы баяндайды. Білге Қағанның тасқа қашап жазып кеткен өсиетін еске салғандай болып, «Аспанда көк құлағанша, астыда жер шөгіп кетпейінше Ей, түрік халқы, сенің еліңді, жұртыңды, салт-дәстүріңді кім бұзып, жоя алады екен?» деп ақындық көркем образ жасайды. Бұл өлеңінде қойылған сауалдарға жауап беру арқылы тыңдаушыға ақыл-кеңес айтып дидактикалық сарынмен жалғастырады. Ұлттық тәуелсіздікке жету үшін аянбай еңбектенуге, ширақ және сауатты болуға шақырып өзін ұлттық дәрежедегі ағартушы ретінде танытқан. Осы өлең арқылы Осман сұлтандығының тоқырауға ұшыраған жағдайын сипаттап, тәуелсіздік үшін күрестің болмай қоймайтындығына, күреске шығудың әрбір азамат үшін қасиетті борыш екендігіне назар аударған.

Ey Müslüman – Ей, мұылман. Ачыксөз газетінің 11 қараша, 1920 ж. 94-ші санында жарық көрген. Өлеңінде елде қалыптасқан жағдайға орай мұсылман қауымды отан қорғауға, елі мен жұртын жау қолында қалдырмауға шақырады. Жұртшылықты елдің жаугершілік дәуіріне кіргендігін, аса қауіпті басқыншылармен бетпе-бет келгіндігінен хабардар етеді. Агрессорларға қарсы тұрудың құралы ретінде мұсылман қауымның қазіргіден де сергек болулары, пысық әрекет жасау керектігін айтады. Акифке қарағанда мұсылмандар елде және айналада не болып, не қойып жатқанынан толықтай хабардар емес, бұған қоса ислам қағидаларының өзі де бұрмалана бастаған. Ақын осы өлеңінде мұылмандарды *оятуға* жан аямай еңбек еткен, аса жауапты және күрделі уақытта мұсылман қауымның өз арасындағы бірлік-берекесі мен ынтымағына мән беру керектігін ескертіп осы постулаттарды жұртшылыққа жеткізу үшін аянбай еңбек еткен.

Umar mıydın? - Күдеріңді үзбе. Мехмет Серхат Йылмаз төмендегі цитатаны 2011 ж. шыққан Н.Р.Гүрелдің еңбегінен алғандығын көрсетіп былай жалғастырады: «Ресейдің солтүстігінде өмір сүріп жатқан мұсылман оқымыстыларының бірі Атауллах Бахаеддин 3 қазан, 1918 ж. *Себилүррешад* журналының 372-ші санында бір мақаласын жариялайды. Мұндағы жазба Мехмет Акифтің назарын аударып, қатты толғандырады. Содан болса керек *Ачыксөзде* тұрақты шығып келе жатқан өлеңдер жинағының 4-ші топтамасын сол мақаламен мазмұндас сарынға бұрып *Күдеріңді үзбе* атты өлеңін жарыққа шығарады. Өлең түркі бауырларына арналып бауырастық сәлем мен үндеу стилінде болса да, негізінен, Анадолыдағы түрік халқын бірлік пен күреске шақырған манифесі ретінде танылады. Ақын Ерсой былай дейді: "Пұшайман халімізге қарап жылап отыру бізге жараспайды – аздық етеді, Еңбектену керек!.. Басқа жолы жоқ па? Жоқ! Аянбай еңбектен! Маңдай терің кеппесін, - аспандағы келеді! Халқымыз айтқандай «Кірпіштің қиюын тапқан халық Алланың ырзығына бөленеді» емес пе?, деп ғибратты, өсиет сөздерімен бастайды. Мұнда Аллаға жалбарыну, құдайға тәу ету сияқты теонимдік элементтерді көбірек қолданған: Епті де қарулы қолың бар ма? Ұстасын да шығарсын *шығысты* зұлмат пен дәрменсіздіктен. Апарсын анау, арайлы таңды мақсатқа!».

Yeis Küfürdür - Үмітсіздік - балағатпен тең. Ақынның бұл өлеңі 30 қазан, 1919 ж. *Sebîlrreşâd – Себилүррешад* журналының 446-шы санында және Сафахаттың 7-ші кітабы «Gölgeler – Көлеңке» - де «Ye's - Жоқ!» атымен жарық көрді. Ақын бұл өлеңінде түрік халқын реніш пен үмітсіздікке жол бермеуге шақырады.

Mevlid-i Nebi Gecesi - Мәулід түні. 22 қазан, 1920 ж. *Ачыксөздің* 97-ші санының бірінші бетінде жарияланды. Мазмұны Аллаға тәу ету. Өлең бұдан бұрынырақ, 20 ақпан, 2013 ж. *Себилүррешад* журналында «Peygamber Aleyhissalâtu Vesselâm Efendimizin Doğduğu Gece - Пайғамбар Алейхиссалату Весселам Ефендимиздің Туған Түні» деген атпен шыққан-ды.

Сондай-ақ «Сафахат» жинағының *Hakkın Sesleri - Хақтың дауысы* атты үшінші кітабында “Pek Hazin Bir Mevlid Gecesi - Аса әсерлі Мәуліт түні” деген атаумен жарияланған.

Ey Cemaat, Uyanın! - Әй, жамиғат, оян! Ачыксөз газетінде жарияланған 7-ші өлеңі. «Сафахат» жинағының «Сүлеймание мінбері» кітабында орын алған. Мұнда Анадолы мұсылмандарын ұйымшыл болуға «бірге оянуға» шақырады. Өлеңі Иахиа Кемалдың «Жеңісті қолдан берме, Исламның соңғы әскері» өлеңіндегідей образдық сомдауларға бай болуымен қатар, құдайға жалбарыну, тәу ету мотивтері басым түседі: «Кідірме… Елдің халі аянышты. / Кел! Алла үшін кел, қара дауылда! / Пердені түр де көр: Тәңірдің көргенін сен де көресің: қан! /Сендер мұсыманның соңғы үміті». Акиф осы өлеңінің бас жағына «Міне Палестина, міне Тунис, міне Алжир… бәрі кетті! Қол салды енді Иранға!» деу арқылы мұсылмен елдері арасындағы өзара кикілжіңнің қауіпті де апатты жағдайда екендігіне ишара жасайды: «Халық өзі бөлінбесе, оны дұшпаны бөле алмайды / Жүрек бір ырғақпен соқса, ол ырғақты сырттан ешкім бұза алмас» - М.С.Иыллмаз мұның Н.Р. Гүрелдің цитатасы екендігіне сілтеме жасаған.

İstiklal Marşı - Тәуелсіздік Маршы, Түрік мемлекеттік әнұраны. Тәуелсіздік Маршының Ачыксөзде жариялануы бүкіл Батыс Қаратеңіз өңіріне ықпал еткен саяси оқиға деп айтсақ болады. Анкарада *Хакимиет-и Миллие* болса Кастамонуда *Ачыксөз* жарияланып тұрды. Газеттің редакциялық алқасына елге танымал атақты адамдар орын алды. Мехмет Акиф те сол адамдардың бел ортасында жүрді. Ақын осы газетте 7 өлеңін жариялады. Ал сегізінші өлеңі осы *Тәуелсіздік Маршы* болды. Ақын шығармашылығы ел тәуелсіздігі үшін күресте ерекше орын алды. Кастамонуда уағыз - өсиеттерін айтты, алыс-жақын ауыл-аймақтарда болды. Ачыксөз газеті арқылы қара халықпен нақты тақырыптық, белсенді де шынайы кері байланыс орнатты. Осы газеттің маңайына жергілікті зиялы қауымды жинап, рухани бірлік, шығармашылық рух атмосферасын құрды. Газеттегі өлеңдерінің 7-і де бірінші бетте – редакциялық колонкада жарияланып тұрды. Ал Тәуелсіздік Маршының Ачыксөзде шығуы - осындай ірі жұмыстың табиғи жалғасы болды (Yılmaz: 2022, 706).

М.А.Ерсойдың *Мемлекеттік әнұраны* өз алдына жеке тақырып болатындай ауқымды екендігі белгілі. Түркия Республикасының жариялануы мен мемлекеттік рәміздері туралы деректерді классикалық үлгідегі энциклопедиялардан көре аламыз (Қойгелдиев, 2000: 586-590). Ал әнұран тақырыбындағы толығырақ мәліметті Түркияда қазақ тілінде жарық көрген мақаладан оқуға болады (Есбосынов, Коспаганбетова, 2024: 283-294). Ал «Сафахат» жинағы қазақ оқырмандарына ішінара таныс болғанымен бұлар академиялық еңбектен гөрі жекелеген мақала мен тезистер ретінде көрінеді. Мысалы, 2007 ж. Түркияда ұйымдастырылған İCANAS-38 Конгресінде оқылған бір баяндама М.Әуезовтың «Абай жолы» романы мен М.А.Ерсойдың «Сафахат» жинағының мазмұны мен құрылымын өзара салыстыру тақырыбында болған. Мұнда екі еңбектің тақырыптық желісіндегі адамгершілік пен моральдық құндылық концептілері қолға алынған (Düysebayeva, 2009: 33-44). Мехмет Акиф шығармашылығы мен саяси-қоғамдық қызметі туралы қазақтілді шағын жарияланымдар Түркия ғалымдарының авторлығында да берілген (Аян, 2013: 48).

Ерсой өлеңдерінің лексикалық қорының біршама, көпшілік жағдайда шешуші бөлігі *осман-түрік тілі* лексикасына негізделгенін ескерсек аудару барысы айтарлықтай күрделене түсетіндігін байқауға болады. М.А.Ерсой шығармашылығының күрделілігін түрік ғалымдары да қаперге алып ескеріп отырған: «Ақынның өнер мен өнер туындысына деген көзқарасы өз дәуірінің әлеуметтік өмірімен тығыз байланысты. Ақын шығармасындағы эстетикалық көрініс өз дәуірі адамы мен ел мен қоғам мәселесін көтерген ойшылдың проблемаларды шешуге талпыныс жасағанын, мәселенің нақты диагнозын қоюға тырысқанын көрсетеді. Бұл өз кезегінде ақын өлеңдерінің өзегі мен нысанын құраған, өнерпаздығы мен шығармашылығына арқау болған. Оның прозасымен қоса өлеңдері де реал образдар мен суреттерге, портреттерге бай. *Мешрутиет* дәурінен кейін іле-шала дүниеге келген еңбектері, оның ішінде бірінші болып 1911 ж. *Сырат-ы Мустаким*-де 44 графадан тұратын өлеңі жарияланды. Бұл кейінірек «Сафахат» жинағының 1-ші кітабының негізін құрады. «Бет-әлпет» мағынасына келетін

«сафха» сөзінің көпше формасында тұрған лексема өз дәуірінің жекелеген сафхасын, яғни «бет-әлпетін» көрсете білген. Ақын осы арқылы заманының образын сомдауға тырысқан» дей келе зерттуші Орхан Оқтай еңбегінен цитата келтіреді: «Осы бір атаудың өзі ақынның әдебиетке деген шынайы, реалист көзқарасын көрсетеді» (Dalar, 2021: 379-390).

Соңғы уақыттарда М.А.Ерсой еңбектері сияқты құрылымы мен лексикалық қоры күрделі шығарманы жариялағанда *осман тілі – түрік тілі сөздігін* қосымша беру үрдісі қалыптасқан. Мұны "Сафахат" жинағының 1996 жылғы басылымынан көре аламыз (Ersoy, 1996: 665). М.А.Ерсойдың шығармашылығын қалың оқырманға төте жеткізуде мұндай әдіс өзіндік өміршеңдігін көрсетіп, осы күнгі түрік оқырмандарын қызықтыруда оңды рөл атқарып келеді. Ал біз мұны таза практикалық тұрғыда, яғни М.А.Ерсой еңбектерін зерттеу мен ішінара аударма жұмысын жүргізуде қолдандық.

Зерттеу нәтижелері

Кеңес Одағы дәуірі түркологиялық зерттеулерде сала мамандары қазіргі түрік тілін осман тілінің табиғи жалғасы ретінде қарап, екі тілді бөліп қарамай ортақ атау, яғни *түрік тілі* деп атай берген. Мұны кеңестік түрколог-ғалым Коновтың еңбегінен көре аламыз: «Нақты деректер аясында айтар болсақ түрік тілі грамматикасының тарихи қалыптасуын, әсіресе соңғы жүз жыл барысындағы дамуын анық көре аламыз. Мұны екі үлкен кезеңге бөліп қарауға болады: I. кезең: 1846 ж. – XIX ғ. соңы. II. кезең: XX ғ. басынан бастап осы күнге дейін. II. кезеңнің соңы, дәлірек айтқанда 1928 ж. бастап (Латын графикасына көшу туралы заң) 1932 ж. («Түрік тіл құрымы» өз жұмысын бастады) дейінгі кезеңді өз алдына жеке дәуір деп те айта аламыз. Себебі осы 1932 ж. бастап *латынданған* және арабизмдерден тазартылған қазіргі түрік тілі оқытылуы және қолданысы тарихта болып көрмеген жоғары деңгейге жетті. Осы кезең түрік тілінің құрылымдық жағынан зерттелуі жағынан аса қызықты дәуірі болып саналады. Ал I. кезең араптілді грамматиканың үстемдігін көрсетті Бұл өз кезегінде түрік тілінің фонетикалық ерекшелігі мен семантикасын ескермей арап тіліндегі грамматикалық постулаттарды механикалық түрде түрік тілі ережелеріне тықпалаудан әрі аспады, грамматика пән ретінде бастапқы және қарапайым түрінде ғана оқытылды. Бұл үдеріс айналып келгенде түрік оқымыстыларының өзін арап тілі грамматикасы мен семантикасына тәуелді болуына итермеледі. II. кезең ғана түрік тілінің табиғи түрде дамуына түбегейлі бетбұрыс әкелді» (Кононов, 1956: 12-13).

Осман-түрік тілі зерттеулерінің жекелеген проблемалық тұстарына қазақ ғалымдары да назар аударып, құнды пікірлерін білдіріп отырған: «Түрік тілі және оның жазба әдебиеті, қалай дегенмен ұзақ жылдар бойы үстемдік құрған Осман империясы тарихымен және оның әдеби-тілдік мұраларымен тығыз байланысты. Сол себептен бұл бағыт бойынша Түркия Республикасында қыруар жұмыс атқарылды (Фарук Кадри Темирташтың «Ескі Анадолы түрікшесі», Ахмет Джафероглуның «Түрік тілінің тарихы», Мехмет Фуат және Ахмет Джевдет Пашалардың «Медхал-и Каваиды», Тахсин Бангуоглуның «Түрікшенің грамматикасы», Тахир Нежат Генджанның «Түрік грамматикасы», Мехмет Хенгирменнің «Türkçe dilbilgisi» («Түрік тілінің грамматикасы») т.б.). Ал бұл тақырып Қазақстанда енді ғана игеріле бастады. Бұның өзі Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алып, өз алдына дербес ел болуына байланысты болып отыр. Кеңес Одағы кезінде кеңестік түркітану ғылымы, көбінесе, өзге елдердің тілін танымдық тұрғыдан, оның өзінде тілдің формалдық сипаты мен құрылымдық жағын (грамматикалық) ғана зерттеп-зерделейтін. Ондай еңбектердің өзін де аса мол деуге болмайды. Түрік жазба әдеби тілі мен жазба әдебиетінің қалыптасып даму тарихына осман тілінің қаншалықты ықпал-әсері болды дегенді толықтай ашып беретін қазақ тілінде жазылған дүниелердің аз екені осы зерттеу жұмысын орындаудың алдындағы дайындық кезінде аңғарылды. Сондықтан да біз осы зерттеуімізде, бір есептен, орыс тіліндегі зерттеулерге біраз ден қойдық. Әрине, бұл біздің, яғни қазақстандық түрік тілін зерттеуге арналған еңбектердің аздығына байланысты екені түсінікті. Ал Түркияның тілші-әдебиетші ғалымдары тарапынан бұл бағытта талай

еңбектер жазылғанын жоғарыда атап өттік. Алайда олар қазақ тіліне аударылып басылмағандықтан, қазақ зерттеушілеріне әлі де болсын қолжетімді болып ғылыми айналысқа түспей жатыр. Сол себептен де осы зерттеуді жүргізу барысында түрік тілі туралы Түркия Республикасынның лингвист ғалымдарының еңбектерін кең ауқымда пайдалануға мүмкіншілік болмады» (Исхан, 2015: 147-148). Мұны қашанда ескеруге тұрарлық тың мәліметтердің бірі деп білеміз. Себебі, *осман тілі* зерттеулерін атамағанның өзінде, Ататүрік дәуірінен кейін дамып қалыптасқан түрік тілін зерттеп-сұрыптауда әлі де тыңғылықты жұмыс қажет. Бұл өз кезегінде М.А.Ерсой шығармашылығы сияқты республика дәуірі классикалық түрік әдебиеті зерттеулеріне де қатысты болатыны анық.

Зерттеу нысанымыз «Сафахат» жинағы мынадай кітаптардан тұрады: «Safahat – Парақтар» тұңғыш рет 1911 ж. жарық көрген; «Süleymaniye Kürsüsünde – Сүлеймание мінберінде» алғашқы рет 1912 ж. жарияланды; «Hakkın Sesleri - Хаққын дауысы» - 1913 ж.; «Fatih Kürsüsünde – Фатих мінберінде» - 1914 ж.; «Hatıralar - Естелік» - 1917 ж.; «Asım – Асым» - 1924 ж.; «Gölgeler – Көлеңке» - 1933 ж. жарық көрді. Жоғарыда атап өткен басылымының 589-632 беттер аралығында *осман тілі-түрік тілі сөздігі* орын алған. Сөздік қазіргі түрік тілі алфавиті бойынша түзіліп, сан жағынан төмендегі ретпен түзілген: A әрпінде 70 сөз, B–72, C – 53, Ç–6, D–57, E–79, F–54, G–41, H-113, I-7, İ-95, J-1, K-61, L-35, M-340, N-95, O-1, P-22, R-59, S-129, Ş-66, T-145, U-20, Ü-6, V-28, Y-15, Z-56. Барлығы 1726 сөз (Mehmet Akif Ersoy. Safahat, 1996: 589-632). Осылардың ішінде саны жағынан ең көп және ең аз үштік сөздер: M-340 сөз, T-145 сөз, S-129; және J-1 сөз, O-1 сөз, Ü-6, Ç–6, I (ы)-7 сөз.

Төменде *Сафахат* жинағының «Сөздік» бөлігінен әрбір әріптің бір сөзін қазақшаға аудардық. Оны османтілді арап графикасындағы сұлбасымен қоса қазіргі түрік тілінің латынқаріпті транскрипциясымен көрсеттік.

1-кесте. *Сафахат* жинағының «Сөздік» аудармасы.

Осман тілінде арап графикасымен	***Латын графикасымен транскрипциясы***	***Түрік тіліне аудармасы***	***Қазақ тіліне аудармасы***
آباني	Âbânî	Sarımtırak dallarla işlenmiş bir çeşit ipek kumaş	Сарғыш тартқан бұтақтармен өңделген жібек матаның бір түрі
باد	Bâd	Rüzgâr	Самал, жел
جامد	Câmid	Cansız, donmuş	Қимылсыз, жансыз
چراغ	Çerâğ	Kandil	Білте шам
دغدغه	Dağdağa	Gürültü, patırtı, telaş	У- шу, қарбалас
ابكار	Ebkâr	Bekârlar	Бойдақтар
فقا	Fakâ	Fakirlik, yoksulluk	Жоқшылық, тапшылық
غفير	Gafîr	Bağışlayan, affeden, allâh	Есіркеген, кешірген, Аллаh
خوابگاه	Hâbgâh	Uyku yeri	Ұйықтайтын орын
ايميز غانمق	Imızganmak	Uyuklamak	Өліра, есңгіреу, ұйқы мен ояу арасы, мызғу
عبادالله	İbâdullâh	Allah'ın kulları	Аллаһтың құлдары
ژاله	Jâle	çığ	Сел
قباءل	Kabâil	Kabileler	Ру-тайпалар
لحد	Lahd	Mezar	Мола, мазар, бейіт
معبود	Ma’bud	Allah, tanrı	Аллаһ, тәңір

نادم	Nâdim	Pişman olan	Пұшайман болу, мүсәпір адам
اوریا	Orya	İskambilde karo	Қол картасы, құмар ойынның бір түрі
پاکیزه	Pâkîze	Temiz, lekesiz	Таза, дақсыз
رعد	Ra’d	Gök gürlemesi	Күн күркіреуі
صباوت	Sabâvet	Sabilik, çocukluk	Сәби, балалық
شاه شلود	Şâh-ı şelûd	Sultan 1. Murat	Сұлтан І.Мұрат
تعمم	Taammüm	Umûmî olma, umumîleşme	Жалпыға бірдей болу, ортаққа айналу
عدول	Udûl	Sapma	Жолдан шығу, жолдан таю, берекесіздік көрсету
ادبا	Üdeba	Edipler, yazarlar, edebiyatçılar	Ғұламалар, жазушылар, әдебиетшілер
واسفا	Vâ-esefâ	Yazık, eyvah	Обал, айпырм-ай
زاده	Zâde	Oğul	Ұл, ұл бала
ضعف	Za’f	Zayıflık	Арықтық, жүдеу

Кестедегі мысалдардан да көрінгеніндей, осман тілі лексикасының айтарлықтай бөлігін арабизм мен фарсизмдер құрайды. Бұл Осман империясы дәуірі кезеңінде дамыған түрік жазба әдебиетінің осы тілдер төңірегінде қалыптасқан әдеби ағымдармен өте тығыз байланыста болғандығын көрсетеді. Мұны түрік ғалымдары да қаперде ұстап осы бағыттағы зерттеулерінде өз пікірлерін айтқан: «Осман тілі XIII, XIV, XV ғасырларда қолданыс тапқан Ескі Оғыз тілі. Саяси тұрғыдан алғанда Селжұқтардың соңғы дәуірі мен Бейліктер дәуірі, Қарақойынды меу Аққойынды мемлекеттері Осман Империясының екі ғасырлық дәуірін қамтиды. XVI ғасырдан бастап *Османлы түрікшесі* немесе Осман тілі дәуір басталады. Осман Империясының аяқ басқан жерінде осы тіл қолданылды. XX ғ. басында *Genç Kalemler – Жас Қалам* қозғалысы енгізген «теркипсиз түрікше – арапша-парсыша жалғау-жұрнақсыз түрік тілі» науқаны нәтижесінде өміршеңдігі мен өзектілігін жойды» (Ercilasun, 2004: 461-462).

М.А.Ерсойдың шығармашылығында оқу-ағарту саласы ерекше орынға ие. Түрік Республикасының алғашқы жылдарында ел зиялылары сол кездің үздік жүйесі деп танылған Европалық үлгідегі білім беру стандарттарына көшу, сауатсыздықы жою үшін күрес ашты. Сол кезеңде саяси тәуелсіздікке жетудің бірден-бір жолын білім мен өнер деп біліп соны насихаттады. Мұндай ұстанымы «Сафахат» жинағында айқын көрінді. Лексикографиялық еңбектерде «сафахат» сөзі «парақ», «парақтар» немесе «парақша» деген ұғымдармен төркіндес келеді. Ақын шығармашылығы *Тәуелсіздік қозғалысы* мен Анадолы еліндегі экономикалық дағдарыс кезеңімен тұспа-тұс келгендігін ескерсек зиялы қауым мен жұртшылықтың өзара хабарласуының бірден-бір қолжетімді құралы газет-журнал, яғни қағаз, басқа тілмен айтқанда «бір бет парақ, бір бет парақша» болғандығын айта кеткен жөн. Шығарма авторы да осыны ескеріп кітабын «Парақша» деп атауы мүмкін. Мұны *Осман тілі – түрік тілі энциклопедиялық сөздігінен* пысықтауға болады: *safahat:* 1. беттер, парақтар; 2. Мехмет Акифтің танымал шығармасының атауы (7 кітаптан тұрады) (Devellioğlu, 2012: 1061). Осы энциклопедиялық сөздікте «Асым» поэмасының атауына арқау болған «Асым» антропонимі былай көрсетілген: *Asım:* 1. тыйым салу; асау. Жанына жолай алмау; 2. Өзін күнә мен харамнан аулақ ұстаушы; 3. Қолда барды бағалай білетін, намысшыл, байсалды.

«Асым» поэмасы «Сафахат» жинағын құрайтын еңбектер арасында өзінің құрылымдық және мазмұны бойынша ерекшеленіп тұрады. Мұны түрік ғалымдары да атап өтіп көптеген

зерттеулерінде диалог, ішінара монолог түрінде орындалғанын атап өткен. Сонымен қатар образдық сомдау ерекшелігі мен стилі сол кез түрік қоғамының шынайы көрінісін бейнелегеніне назар аударған. Поэмаға қатысты сондай зерттеулердің бірінде мақала авторы *портре чизими – образдардың сомдалуы* атты графасында былай дейді: «Асымда» кейіпкерлер романдағыдай физикалық, рухани және интеллектуалдық тұрғыда «сүрыпталып» берілген. Негізгі мазмұндық желі Көсе Имамның іс-әрекеттері төңірегіне топтасқан. Көсе Имам есімі ең алғаш шыққан «Сафахатта» аталып өткен. Оқиға желісі Көсе Имамның Қожазаде мен Асым екеуімен тұңғыш рет кездесіп отырған тұсына құрылған. Бұлар, яғни Қожазаде мен Асым поэмада тек қана «бақылаушы» (қосалқы) рөлдерде көрінеді. Оқиға желісінің өзегі, Көсе Имамның үш баланың анасы бейтаныс әйелдің күйеуінің ажырасу әрекетіне көшкен тұсындағы оқиғалар тізбегі төңірегінде өрбиді. Яғни ер адам үш баласын тастап басқа бір әйел алу ниетінде. Еркек тым қарапайым, дөрекі және жағымсыз кейіпкер ретінде танылады. Ал Көсе Имам екеуін «достастыру үшін» әлек. Көсе Имам осы оқиға желісінің төңірегінде пайда болған «тыныштықты» пайдаланып ұзын-сонар монологқа көшеді. Монологының түйіні «бұл проблема осы әдепсіз еркектің мәселесі ғана емес – бүкіл қоғамның мәселесі» дегенге меңзейді, түрік қоғамына жасырын төніп кел жатқан «әлеуметтік қауіп-қатер» туралы ескертеді. Алайда Ерсой, Көсе Имамды аса жағымды жағынан көрсетпей «көрген-білгені көп болса да әсіре сыншыл имам» деп бағалайды. Поэмада Көсе Имамның азаматтық позициясы көбірек айтылып, оны «сөйлету» арқылы сол кезеңнің әлеуметтік мәселелерін, жекелеген оқиға, әрекетке байланысты позицияларын, сол кезең түрік азаматының ішкі рухани дүниесін ашып көрсетеді. Осы арқылы жалпы діни элитаның, мешіт-медресе маңайында жүргендердің портретін жасауға ұмтылады.

Ал поэманың басты кейіпкері Асымды суреттеуі өзгеше түрде іске асады. Ерсой, Асымның өзін тікелей суреттемей Көсе Имам мен Қожазаденің сөздері арқылы сомдайды. Көсе Имам Асымның әкесі ретінде ұлының кейбір әрекетіне дер кезінде және орынды баға беріп отырады. Баласы Асым да әкесіне тартқан қызбалау көрінеді, қызбалығы мен ширақтығын сөзбен ғана емес ісінде де нақты әрекеттерімен көрсетіп отырады. Ерсой Асымды сымбатты, спортқа бейім, шымыр, палуан денелі тұлға ретінде көрсетіп, сол кез түрік жастарын «осындай болуға» үндейді. Ал Асымның қызбалығы мен ұшқалақтығын сол кез Чанаккале соғысында шәйіт болған достарын сағынғандықтан, майданнан келмеген дос-жарандарын уайымдаған жағдайынан деп бағалай келе, сол кезең түрік жастарының да образын жасайды. Ерсой, поэмада Қожазадені «сөйлету» арқылы Асымды тек қана «физикалық жағынан сымбатты емес» білім-ғылым жолына түскен батыстық форматтағы жастар деп; Мұхаммед Абдухтың армандағанындай оқымысты, сауатты жандардың «жолы – осы» деп негізгі идеясын, поэма түйінін дидактикалық сарынмен өрнектеп тиянақтайды (Mutlu, 2012: 167). Поэмадағы әңгіме қатардағы жай сұхбат ретінде басталып барып ел мен жерді, дін мен мәдениетті саралап, үлкен мен кішінің-қатынасын, жастардың жан-дүниесін сипаттайтын көркем шығарма дәрежесіне ұласады. Ал мазмұндық жалғасында соғыс пен бейбітшілік туралы пайымдайтын ірі-ірі ой-толғамдарға орын береді.

Түрік зерттеушілерінің айтуына қарағанда Ерсой, Асым образы арқылы сол кез түрік жастарының келбетін көрсеткен. Мұнда ақын адами (көркемдік) фантазияға жол беріп Асымды аса инабатты, сымбатты, шымыр денелі, пысық және ширақ жүретін жас жігіт ретінде көрсетіп өзінің «түрік жастары осындай болса» деген арманын жеткізіп отырған. Бұған Қожазаде мен Көсе Имамның ұзақ–сонар әңгімелері (диалог-монолог) кезіндегі Асымға қаратып айтқандары мен өзара жеке сұхбаттарында қолданған сөздері де дәлел бола алады. Ал осындай арман–қиялдар көрінісі Асымның шет елге, алыс Европаға білім алуға бел буған кезін суреттеген тұстарындағы сұхбаттарында анық байқалады. Мұнда білім мен ғылым абстрактілі түрде ғана аталмай нақты мамандық, яғни техникалық сала екендігіне акцент жасалады. Сөйтіп автор, жанама түрде болса да елді индустрияландыру саясатының басталғандығына, ел басшылығының өндіріс ошақтарын ашуда белсенді екендігіне назар аударады.

Мұны «Асым» поэмасының соңғы тұстарында өтетін сұхбаттардан көруге болады:

Қожазаде*:* ... Біз мейірімге толы дәуірі мол болған елміз. Алайда ар-ожданымыз соңғы үш ғасырмен ілесе дамыған ғылыммен иық тіресе алмады. Үмбет қараңғылыққа батты. Бұл ушыға келе дене дертіне айналды. Кері кету үрдісі басталды. Батыстың бұйрығымен тұр десе тұратын, жат десе жататын болды. Себебі өзін құдыретті қылатын технологиядан мақұрым қалды, жаудың білім-ғылым күшін өз пайдамызға шеше алмадық. Өстіп пұшайман халге түстік. Енді, Асым, мені деліқұл де, жікшіл де, не десең де, білім-ғылымнан алыс қалған шығыс елдері енді анау ар-ожданнан да мақұрым қалды. Ал енді балам осыны місе тұтып, өкпе-ренішіңді азайтқын келсе бүкіл әлеуметке қарап күшіңді бажайла. Мұның барлық құдыреті мен күші өткенде жатыр, тамыры тереңде. Бұл өткерген ісіміздің ең көркемі мен тұғырлысы және мықты тұсы. Біле-білсең біздің халқымызда фазилет – қайырымдылық пен ғибраттылығы да тереңде. Оның ешқашан тартылмайтын бұлағы бар, ол – ізгілікті ислам діні. Бірақ, мұндай, балам, күнделікті оқиға, күйбің тіршілік мазаңды алмасын... Екі-үш рет сілтеген балта өткенімізден айыра алмайды. Ағашымыздың терең тамыры оған көне қоймас. Діңгегіне тиген соққыға шыдам беріп, бұтағын жаюуын тоқтатпас. Ал шапса не? Діңгегін шапты дейік, әрісі не? Көресің. Қайтадан жас бұтақтары көктеп шығады. Айналамызда мыңдаған қиындық бар. Сен мұны жаман түс көргендей жорып қиналма. Себебі жұртшылықтың көңілі мен жүрегі мұнда емес. Іздей қалсаң сол баяғы бес-он масқара адамның ісіне кез келесің. Осы үшін бұ жолыңнан таймауың керек, балам. Сен батыстан білім-ғылым алуға талпыныс жаса. Анау балалармен біріге күн демей, түн демей ізденіңдер, оқыңдар. Ысырап болған үш ғасырлық білімді жылдам меңгеріңдер. Техникалық ғылымдағы сансыз жаңалықты елге әкеліңдер. Сол бұлақты өз елінен тапқан халқымыз өз арнасынан сусындап бақуатты болсын. Өткенде өзің айтып қалып едің: «Бізге обал-ақ болды, тіпті кешегінің білім-ғылымынан жат болып кеттік, надандық таныттық. Білім мен ғылымды қаперге алмаудың ең үлкен кемшілігі де – осы. Қазіргі ұрпаққа қиыншылық пен шарасыздықты әкелген – осы. Еліміздің табиғи күш-қуаты бола тұра сол күшімізді қолдана алмадық. Ертеңнің білімі не екен, сонымен? Өте ашық және оңай: «атом энергиясы, көз қарашығындай заттың қуаты» және осының айналасындағы іс. Сол жаман құдыретке ие бола алсам деген бас, - күні-түні тыным таппай ізденуде. Білім-ғылымның осы өзегін дөп басып дамытса - жер-ғалам да өзгереді. Себебі бір түйір көмір осы өзгерісті әкеледі. Күш-қуат шексіз» - деп. Өз сөзіңнен ғибрат ал балам, қайрат көрсет. Менің ойымша әлі бір жылың бар? Асым:-Ия. Қожазаде: -Қара, оп-оңай! Солай ма, қымбатты достар? Асым:-Көбісіне алты ай болған екен. Қожазаде: -Бәрі кетеді ғой, бірге боласыңдар ма? Асым: -Кететіні анық. Қожазаде: -Мамандықтары мықты ғой, әйтеуір? Асым: -Ия, техникалық сала. Қожазаде: -Төңкерістің жолы осы ғана болса керек. «Әй.. қайдасың, Берлин?!» деп жолға шығыңдар. Алты ай, бір жыл болса да сіздерге ойыншықтай көрінетін болады. Сендердің көрмегендерің жоқ, айлап, жылдап..., сонда да беріспей сергек, жайдары жүрдіңдер! Айтып айтпай не керек, осы уақыттағы бір күніңіз – бір өмірге тең. Бір күн ерте барыңыз, бір сағат ерте қайтыңыз. Шығысқа Батыстың есігі ашық, мақсат та айқын. Сол кезде, сені Асым, асықпай баппен тыңдайтын боламын... Асым: -Ертең кешкісін жолға шығамыз. Қожазаде: -Солай ма?! Бақытты бол! (Safahat - Asım, 2014: 125).

Осы басылымның 11-ші бетінде поэма кейіпкерлері төмендегідей сипатталады: «*Fuad Şemsi - Фуад Шемси Инан* (1886-1974): Мехмет Акифтің жақын достарының бірі. Көз жұмар алдында Аббас Халим Пашаның «Мысыр ғимаратының» басшысы ретінде Мехмет Акифке қолғабыс көрсеткен; *Fâtih yangını – Фатих өрті:* 31 мамыр, 1918 жылы басталған ірі өрт оқиғасы. Мехмет Акифтің үйімен қоса сегіз мың үй жанып кеткен; *Sarıgüzel - Сарыгүзел:* Фатих (Стамбұлдың бір кварталы), - Мехмет Акифтің туған, балалық шағы өтіп ер жеткен үйі тұрған көше; *Hoca Tahir Efendi – Қожа Тахир Ефенди:* Мехмет Акифтің әкесі. Қазіргі уақытта Косово шекарасы аумағында қалған Ипек ауданының Сушиша ауылында дүниеге келген. Стамбұлда сауат ашқан, Фатих медресесінде ұстаздық еткен. Тазалыққа үлкен мән бергендіктен «Таза Тахир» деген лақап атқа ие болған; *Köse İmam – Көсе Имам:* Мехмет

Акифтің әкесі, Тахир ұстаздың оқушысы – Али Шевки Әпенді. Али Шевки Мехмет Акифтің жақын дастарының бірі болған. Өмірі жалғыздықпен өткен. Образдық кейіпкер болғанымен өмірдегі шынайы тұлға, «Асымда» «қияли» образымен танылады.

Қорытынды

Пайдаланған деректерге қарағанда географиялық жағынан бір-бірінен алыс орналасқан екі ел – Қазақстан мен Түркия, XX ғ. басы кезеңдерде көптеген тарихи оқиғаларға ортақ мүдде, ортақ мақсат және ортақ тарихи тұлғалар арқылы қатысқан екен. Бұлардың арасында Ерсой тұлғасының дараланып көрінетіндігі сөзсіз. Ақын шығармашылығының Міржақып, Әуезов, Абай, Шәкәрім сияқты ірі қаламгерлермен ортақтаса, салыстыра зерттелуі қашанда өзекті де зәру тақырыптар қатарында болатындығы анық. Себебі аталмыш тұлғалар өз елінің шекарасынан асып жалпытүркілік дәрежедегі ойшыл-ғалым, танымал ақын, қоғамдық-саяси қайраткерлер ретінде танылады. Олардың құнды шығармалары түркі әлемінің рухани байлығын еселеп түркілік тақырыптағы еңбектердің ұзын-сонар тізбегін қалыптастырады. Бұл ретте Мехмет Акиф Ерсой сынды күрделі стильге ие ақынның еңбектерін қазақ тіліне аудару - құптарлық іс болмақ. Түрік әдебиетінде өзіндік орын мен маңызға ие Ерсой шығармашылығының қазақтілді оқырманмен жолығуы, Түркияның республика дәуірі әдебиеті мен мәдениетінің танылуына негіз қалайды. Үйткені Ерсой шығармаларын қазақ тіліне аударған маман басқа да түрік қаламгерлерінің еңбектерін кедергісіз аудару мүмкіншілігіне ие болады. Себебі Ерсой шығармашылығында ескі мен жаңа, осман тілі мен жаңаша түзілген «модерн түрік тілі» қатар орын алған. Бұған қоса түрік тіліне тән теонимдер мен фолкльоризм, халықтық тіл мен варваризм, нормативтік лексика мен терминология, түркизм мен арап-фарсизм сияқты таза лингвистикалық постулаттармен қоса аруз (метрика) өлшемі мен буын өлшемі бір шығармада, бір ақында орын алған. Осыны меңгерген қазақтілді аудармашы түрік ақынының жалынды өлеңдерін тағы бір ұлы сапарға алып шықпақ, сапардың бағыты Орталық Азия - Түркістан, бағдары – қазақ тілі.

Сөз түйінін Ерсойдың *Gitme, ey yolcu, beraber oturup ağlaşalım* - Ей, ж*олаушы, бері қара?* өлеңімен қорытындыламақшымыз:

Ей, жолаушы, тоқташы, сырласайық отырып,
Жүрегімде бір зар бар, жүретұғын өкініп,
Мына мендей торыққан жан бар ма екен өмірде?
Ауыр қайғы, баспашы, дертім бір сәт жеңілде?
Отанымнан қалғаны мына жалғыз зират па?
Ей, жолаушы, мені ұғып, сен де ойыңды жинақта.
Бұл зираттың шеті мен шегі бар ма, қарашы,
Көп болса олар бір-бірлеп түгін қоймай, санашы?..
(аударған Жұмаш Көкбөрі) (Түрік поэзиясы: 2012, 86).

Әдебиеттер:

Аян, 2013 – *Аян, Екрем.* Мехмет Акиф Ерсой көзқарасында идеал жастық // Қазақ қыздар ұлттық педагогикалық университеті хабаршысы. Филология сериясы. № 2 (44).

Иса, 2018 – *Иса, Досбол*. Адамгершілік» концептісінің Шәкәрім мен Мехмет Акиф Эрсой шығармаларындағы көрінісі және оны оқыту әдістемесі // Uluslararası Türk Lehçe Araştırmaları Dergisi (TÜRKLAD Dergisi).c. 2, sayı 2, 157 – 167.

Есбосынов, 2024 – *Есбосынов Е., Қоспағанбетова Н.* Түрік мемлекеттік әнұраны - Истиклал Маршына 100 жыл//Uluslararası Türk Dünyası Araştırmaları Dergisi, 7(3), 283-294.

Исхан, 2015 – *Исхан, Бейбіт. Т*үркі тілдері. *Түрік әдеби тілі.* Ұжымдық монография. «Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы». Астана: РМҚК. 147-148 б.

Кононов, 1956 – *Кононов. А.Н.* Грамматика современного турецкого литературного языка. Академия Наук СССР Институт Востоковедения. Москва-Ленинград. 540 стр.

Қойгелдиев, 2000 – *Қойгелдиев, М.*Түркістан халықаралық энциклопедия. Түркия. Алматы: Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы. 656 б.

Dalar, 2021 – *Dalar, Tuba.* Mehmet Akif Ersoy'da Poetik Söylem. Söylem Filoloji Dergisi. 6(2): 379-390.

Devellioğlu, 2012 – *Devellioğlu, Ferit.* Osmanlıca-Türkçe Ansiklopedik Lugat. Aydın Kitabevi Yayınları. 29.baskı Ankara, 1061 s.

Safahat - Asım, 2014 – *Safahat -Asım.* Hazırlayan Mehmet Doğan. Özel Ofset. Ankara. 268 s.

Düysebayeva, 2009 – *Düysebayeva, Dinara*. Muhtar Avezov'un "Abay Yolu" Adli Romanı ile Mehmet Akif Ersoy'un "Safahat" Adli Eserinde Örnek İnsan Tipi. Türk Dünyası İncelemeleri Dergisi. İzmir, cilt: IX, Sayı 1, Sayfa: 33-44.

Balcı, 2018 – *Balcı, Onur.* Oyan Qazaq ve Safahat'ta Ortak Konular. TÜRKLAD. 2 c. 2 sayı.

Ercilasun, 2004 – *Ercilasun, Ahmet Bican.* Başlangıçtan Yirminci Yüzyıla Türk Dili Tarihi. Akçağ Yayınları. Ankara. 620 s.

Ersoy, 1996 – *Ersoy, Mehmet Akif*. Safahat. Hazırlayanlar: Prof.Dr. Cemal Kurnaz, Yrd.Doç. Dr. Mustafa Tatcı, Yrd.Doç.Dr. Kamil Akarsu, Yrd.Doç.Dr. Abdülkadir Hayber, E.Sezai Toplu. Türk Edebiyatı Dizisi. Milli Egitim Basımevi. İstanbul. 701 s.

Mutlu, 2012 – *Mutlu, Betül.* Mehmet Âkif Ersoy'un Âsım Adlı Şiirinde Kişi Sunumu. Journal of the Human and Social Science Researches. Volume.1, Issue: 3. p. 164 https://dergipark.org.tr/tr/download/article-file/92732) (қаралған күні: 14.02.2025).

Түрік поэзиясы, 2012 – Түрік поэзисы. Алматы, Бас редактор Б.Ө.Жақып. Қазақ энциклопедиясы. -400 б.

Yılmaz, 2022 – *Yılmaz, Mehmet Serhat*. Milli Mücadele Döneminde M.A.ERSOY'un Kastamonu'daki Faaliyetleri. Kastamonu Üniversitesi, Fen Edebiyat Fakültesi, Tarih Bölümü Kastamonu/Türkiye. Mehmet Akif Ersoy (Hayatı-Düşünceleri-Eserleri). Yayın Sahibi Prof. Dr. Mustafa ŞENTOP Türkiye Büyük Millet Meclisi Başkanı. TBMM Basımevi - 1. Baskı Haziran // [Электрондық ресурс] URL: https://www.etimolojiturkce.com/kelime/cihat (қаралған күні: 14.12.2024)

References:

Ayan, 2013 – *Ayan, Yekrem.* Mekhmet Akif Yersoy kozқarasynda ideal zhastyq [The Ideal Youth in the View of Mehmet Akif Ersoy] // Qazaq qyzdar ulttyq pedagogikalyq universiteti khabarshysy. Filologiya seriyasy. № 2 (44). (in Kaz).

Isa, 2018 – Isa, *Dosbol.* Adamgershilik» kontseptisinin Shəkərim men Mekhmet Akif Ersoy shygarmalaryndagy korinisi zhane ony oqytu ədistemesi [The Concept of "Morality" in the Works of Shakarim and Mehmet Akif Ersoy and Its Teaching Methods] // Uluslararası Türk Lehçe Araştırmaları Dergisi (TÜRKLAD Dergisi).s. 2, sayı 2, 157 – 167. (in Kaz).

Esbosynov, 2024 – *Yesbosynov Ye., Qospaganbetova N.* Turik memlekettik ənurany - Istiklal Marshyna 100 zhyl [100 Years of the Turkish National Anthem] //Uluslararası Türk Dünyası Araştırmaları Dergisi, 7(3), 283-294. (in Kaz).

Iskhan, 2015 – *Iskhan, Beybit*. Turki tilderi. Turik ədebi tili[Turkic Languages. Turkish Literary Language] Uzhymdyq monografiya. «Sh.Shayakhmetov atyndagy tilderdi damytudyn respublikalyq uylestiru-ədistemelik ortalygy». Astana: RMQK. 147-148 b. (in Kaz).

Kononov, 1956 – Kononov. A.N. Grammatika sovremennego turetskogo literaturnogo yazyka. [Grammar of the Modern Turkish Literary Language] // Akademiya Nauk SSSR Institut Vostokovedeniya. Moskva-Leningrad. 540 str. (in Rus).

Qoygeldiyev, M., 2000 – *Qoygeldiyev*, M.Turkistan khalyqaralyq entsiklopediya [International Encyclopedia of Turkestan] // Turkiya. Almaty: Qazaq entsiklopediyasynyn Bas redaktsiyasy. 656 b. (in Kaz).

Dalar, 2021 – *Dalar, Tuba*. Mehmet Akif Ersoy'da Poetik Söylem [Poetic Discourse in Mehmet Akif Ersoy] // Söylem Filoloji Dergisi. 6(2): 379-390. (in Tur).

Devellioğlu, 2012 – *Devellioğlu, Ferit*. Osmanlıca-Türkçe Ansiklopedik Lugat [Ottoman-Turkish Encyclopedic Dictionary] // Aydın Kitabevi Yayınları. 29.baskı Ankara, 1061 s. (in Tur).

Safahat - Asım, 2014 – *Safahat -Asım*. Hazırlayan Mehmet Doğan [Prepared by Mehmet Doğan] Özel Ofset. Ankara. 268 s.

Düysebayeva, 2009 – *Düysebayeva, Dinara*. Muhtar Avezov'un "Abay Yolu" Adli Romanı ile Mehmet Akif Ersoy'un "Safahat" Adli Eserinde Örnek İnsan Tipi [The Ideal Human Type in Muhtar Avezov's Novel "Abai Yolu" and Mehmet Akif Ersoy's "Safahat"] // Türk Dünyası İncelemeleri Dergisi. İzmir, silt: IX, Sayı 1, Sayfa: 33-44. (in Tur).

Balcı, 2018 – *Balcı, Onur.* Oyan Qazaq ve Safahat'ta Ortak Konular[Common Themes in Oyan Qazaq and Safahat] // TÜRKLAD. 2 c. 2 sayı. (in Tur).

Ercilasun, 2004 – *Ercilasun, Ahmet Bican.* Başlangıçtan Yirminci Yüzyıla Türk Dili Tarihi. Akçağ Yayınları [History of Turkish Language from the Beginning to the Twentieth Century] Ankara. 620 s. (in Tur).

Ersoy, 1996 – *Ersoy, Mehmet Akif.* Safahat [Safahat] //Hazırlayanlar: Prof.Dr. Cemal Kurnaz, Yrd.Doç. Dr. Mustafa Tatcı, Yrd.Doç.Dr. Kamil Akarsu, Yrd.Doç.Dr. Abdülkadir Hayber, E.Sezai Toplu. Türk Edebiyatı Dizisi. Milli Egitim Basımevi. İstanbul. 701 s. (in Tur).

Mutlu, 2012 – *Mutlu, Betül*. Mehmet Âkif Ersoy'un Âsım Adlı Şiirinde Kişi Sunumu [Person Presentation in Mehmet Akif Ersoy's Poem Named Asım] Journal of the Human and Social Science Researches. Volume.1, Issue: 3. p. 164 https://dergipark.org.tr/tr/download/article-file/92732) (қаралған күні: 14.02.2025). (in Tur).

Turik poeziyasy, 2012 – Turik poezisy [Turkish poetry] // Almaty, Bas redaktor B.U.Zhaqyp. Qazaq entsiklopediyasy. 400 b. (in Kaz).

Yılmaz, 2022 – Yılmaz, Mehmet Serhat. Milli Mücadele Döneminde M.A.ERSOY'un Kastamonu'daki Faaliyetleri [Activities of M.A.ERSOY in Kastamonu during the National Struggle] // Kastamonu Üniversitesi, Fen Edebiyat Fakültesi, Tarih Bölümü Kastamonu/Türkiye. Mehmet Akif Ersoy (Hayatı-Düşünceleri-Eserleri). Yayın Sahibi Prof. Dr. Mustafa ŞENTOP Türkiye Büyük Millet Meclisi Başkanı. TBMM Basımevi - 1. Baskı Haziran // [Elektrondық resurs] URL: https://www.etimolojiturkce.com/kelime/cihat (қаралған күні: 14.12.2024) (in Tur).

Есбосынов Е.З.
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
E-mail: ergaliesb@gmail.com

ОБЗОР ТВОРЧЕСТВА ТУРЕЦКОГО ПОЭТА МЕХМЕТА АКИФА ЭРСОЯ (НА ОСНОВЕ СБОРНИКА «САФАХАТ»)

Аннотация. Творческое наследие известного турецкого поэта и общественного деятеля Мехмета Акифа Эрсоя всегда привлекало внимание исследователей. Его произведения стали объектом изучения с точки зрения поэтического и смыслового содержания, стилистических особенностей и этнолингвистического аспекта. Помимо этого, немало исследований посвящено анализу его гражданской позиции и общественной деятельности. Эти темы легли в основу многочисленных научных трудов, включая монографии и диссертационные работы. Настоящая статья направлена на ознакомление казахоязычных читателей с поэтикой и творчеством поэта путем анализа существующих исследований и отбора тематических материалов. Важно отметить, что творчество Эрсоя формировалось в сложный исторический период: Османская империя находилась в упадке, страна переживала Войну за независимость (Гражданскую войну) и внутренние политические кризисы. Эти события нашли отражение в содержании его произведений и литературном стиле, выделяя его среди других турецких

поэтов и писателей. Наиболее ярко это проявляется в одном из ключевых произведений Эрсоя — сборнике «Сафахат», состоящем из семи книг. Хотя первые стихотворения были написаны еще в последние годы существования Османской империи, основная часть творчества поэта приходится на период борьбы за независимость Турции. Главными идеями его стихов были призыв турецкого народа к единству, поддержка боевого духа солдат на фронте, обращение к местным элитам с призывом к защите территориальной целостности страны. Стиль Эрсоя турецкие исследователи характеризуют как «народный язык», «произведения, написанные простым языком». Некоторые ученые называют его «реалистом» или «натуралистом». В статье на основе анализа поэмы «Асым» рассматривается лексическая эволюция турецкой литературы от османского языка к современному турецкому. Особое внимание уделяется лексикографическим и этимологическим аспектам отдельных слов, а также дидактическим мотивам его произведений. Кроме того, проводится обзор исследований, сравнивающих творчество Эрсоя с произведениями казахских писателей и поэтов.

Ключевые слова: Мехмет Акиф Эрсой, турецкая поэтика, османский язык, «Сафахат», «Асым», мотив пробуждения, дидактическое произведение, перевод.

Yesbossynov Yergali
Kazakh National Pedagogical University named after Abay
E-mail: ergaliesb@gmail.com

OVERVIEW OF THE LITERARY WORKS OF TURKISH POET MEHMET AKIF ERSOY (BASED ON THE SAFAHAT COLLECTION)

Abstract. The literary personality of the renowned Turkish poet and public figure Mehmet Akif Ersoy has always attracted the attention of researchers. His works have been the subject of numerous studies covering various academic perspectives, including poetic and thematic aspects, stylistic features, and ethnolinguistic considerations. In addition, significant research has been conducted on his literary contributions and civic stance. These studies have formed the core of many academic works and have served as the foundation for dozens of doctoral dissertations and monographs. The aim of this article is to review these studies and introduce Kazakh-speaking readers to Ersoy's literary works and poetic style by analyzing relevant materials. Given that the poet lived in an era when Turkey faced significant social upheavals, including the struggle for independence (the War of Independence) and internal political crises, the main themes and literary style of his works reflect the historical context, distinguishing him from other Turkish poets and writers. This is particularly evident in Safahat, one of Ersoy's major works, which consists of seven books. Although the earliest poems in this collection were written during the final years of the Ottoman Empire, the majority of his works were published during the years of the Independence Movement. The core ideas of his poetry revolve around calling the Turkish people to unity and solidarity, boosting the morale of Turkish soldiers on the battlefield, and urging local leaders and the wealthy elite to take the forefront in defending territorial integrity. Turkish researchers describe Ersoy's authorial style as a "popular language" or "works written in simple language," while some scholars refer to him as a "realist poet" or "naturalist." This article also examines the lexical features of Turkish literature in the transition from Ottoman Turkish to modern Turkish, based on studies of Ersoy's poem Asım. It analyzes and classifies the representation and etymology of individual words in lexicographic works and provides thematic interpretations from a didactic perspective. Additionally, the article reviews publications that have conducted comparative studies of Ersoy's works and those of Kazakh poets and writers.

Keywords: Mehmet Akif Ersoy, Turkish poetics, Ottoman Turkish, Safahat, Asım, awakening motif, didactic work, translation studies.

Автор туралы мәлімет:
Есбосынов Ерғали Зияханұлы, филол.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

Сведения об авторе:
Есбосынов Ергали Зияханович, к.филол.н., и.о. ассоцированный профессор, КазНПУ им.Абая. Алматы, Казахстан.

Information about author:
Yesbossynov Yergali, Associate Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University Institute of Philology and Multilingual Education, Almaty, Kazakhstan.

Келіп түсті 25 қараша 2024 жыл
Қабылданды 27 ақпан 2025 жыл

ҒТАХР 03.91.00 https://doi.org/ 10.63051/kos.2025.1.92

***[1]Түргенбай А.А.** **[2]Асыл М.Б.**
[1,2] Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
E-mail: [1]Ainur.turgenbay@gmail.com, [2]monikaassyl@gmail.com

ҚЫТАЙДАҒЫ НЕКЕ ЖӘНЕ ОТБАСЫ: НЕГІЗГІ ӘЛЕУМЕТТІК АСПЕКТІЛЕРІ МЕН ҮРДІСТЕРІ

Аңдатпа. Қытайдағы отбасы мен неке қатынастарының эволюциясы соңғы бірнеше онжылдықта орын алған әлеуметтік, экономикалық және мәдени өзгерістермен тікелей байланысты. Қытайдағы отбасы мен неке қатынастарының дамуы соңғы бірнеше онжылдықтағы елдің мәдени, әлеуметтік, саяси және экономикасында орын алған едәуір өзгерістерге тікелей байланысты. Қарқынды урбанизация мен экономикалық реформалар отбасылық қатынастарда көптеген өзгерістердің пайда болуына алып келді. Қоғамдық нормалардың дамуымен қатар туындаған мәселелер әлеуметтік бірлік пен мәдени бірегейлікке тигізер салдары туралы сыни пікірталастарды туындатуда. Осы мәселе тұрғысында бұл ғылыми зерттеудің мақсаты – Қытай Халық Республикасындағы (ҚХР) қазіргі заманғы отбасылық-некелік қатынастардың өзгеруін талдау және олардың болашақ дамуын болжау. Сонымен қатар, бұл қатынастардың өзгерісіндегі конфуцийшілдік құндылықтардың рөлін зерделеу. Зерттеудің жаңалығы – урбанизация, экономикалық және әлеуметтік өзгерістердің отбасылық құрылымдар мен некелік мінез-құлыққа қалай әсер ететіні зерттелді. Негізгі ғылыми міндеттерге демографиялық тенденциялар мен мемлекеттік саясаттың әсерін анықтау кіреді. Зерттеу әдістері ретінде сандық және сапалық әдістер, оның ішінде статистикалық деректерді талдау қолданылды. Зерттеу нәтижелері экономикалық тұрақсыздық пен әлеуметтік өзгерістер салдарынан Қытайдағы некелесу мен бала туу деңгейінің төмендегенін көрсетеді. Сонымен қатар қытай қоғамы батыстық қоғамдық нормалардың әсеріне ұшырап отырғанымен, дәстүрлі құндылықтарды сақтап отырғандығы байқалады. Мақалада демографиялық мәселелерді шешуге бағытталған шаралар ұсынылады, мысалы отбасылық және әлеуметтік қолдау шараларын жетілдіру. Зерттеу нәтижелері, сонымен қатар, мемлекеттің отбасы саясатын жақсарту қажеттігін де көрсетеді.

Алғыс: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Шығыс елдері дамуының конфуцийлік моделінің прагматикалық тәжірибесі: Қытай, Жапония, Сингапур, Оңтүстік Корея» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (ЖТН №AP 19677768).

Кілт сөздер: отбасылық қатынастар, неке, демография, Қытай, урбанизация, туу деңгейі

Кіріспе

Қазіргі таңда Қытай конфуцийшілдіктің дәстүрлі құндылықтары мен еуропалық саяси идеяларды үйлесімді тоғыстырған мемлекеттің бірегей үлгісі болып табылады. Марксизм идеялары 1949 жылы Қытай Халық Республикасының саяси құрылымында маңызды рөл атқарса, дәл сол сияқты капиталистік даму үлгісі XX ғасырдың 80- жылдарында экономикалық модернизацияның негізі болды. XX ғасырдың 70-80 жылдарынан бастап Қытайдағы отбасы саясатының экономикалық міндеттерді шешуге бағытталғандығын айта кеткен жөн. Сол кезеңде елде кеңейтілген отбасы үлгісі, оның ішінде көпбалалы отбасылар әсіресе ауылдық жерлерде басым болды. Нуклеарлы отбасы үлгісінен отбасының өзге моделіне өзгеруінің және постматериалдық құндылықтардың кең таралуының басты факторы - мемлекеттік стратегия немесе туылу деңгейін төмендету саясаты болды. Инглхарт зерттеулеріне сәйкес постматериалдық құндылықтар – бұл өмір сапасы мен өзін-өзі көрсетуге қарай ығысу

құбылысы. Бұл стратегияның ең алдымен экономикалық сипаттағы оң нәтижелерімен қатар жанама әсерлері де болды. Соңғысы халықтың қартаюы және еңбекке қабілетті халық үлесінің қысқаруы, гендерлік теңсіздік және туу көрсеткішінің күрт төмендеуі сияқты күрделі проблемалармен байланысты

Қытайдағы неке-отбасы қатынасы XX ғасырдың соңынан бастап айтарлықтай өзгерістерді басынан өткерді. Экономикалық реформалар, урбанизация, миграция, жаңадан енгізілген әлеуметтік нормалар некені жоспарлау, отбасын құру дәстүрі мен бала тәрбиесіне қатысты ұстанымдарына өзгерістер әкелді. Осы өзгерістер негізінде қытай қоғамын әлеуметтік-мәдени тұрғыдан зерттегенде Қытайдағы неке-отбасы қатынастары күрделі аспектілердің бірі болып отыр. Себебі қытайлық қоғамда новациялармен қатар конфуцийшілдік нормаларға негізделген дәстүрлі мәдениет те әлі сақталып отыр. Отбасы маңызды әлеуметтік институт бола отырып, ұлттық мәдени дәстүрлер мен құндылықтарды, әлеуметтік мінез-құлықты қалыптастыруда үлкен рөл ойнайтыны сөзсіз. Сондықтан кез келген қоғамда алып отырған негізгі үрдістер мен даму тенденцияларын түсіну үшін неке-отбасы қатынастарын зерттеу аса маңызды. Бұл зерттеудің мақсаты ҚХР-ғы отбасылық қатынастағы заманауи үрдістер, сонымен қатар олардың даму болашағына болжам жасау, дәстүрлі құндылықтардың әсерін зерделеу болып табылады.

Қытай Халық Республикасындағы неке және отбасылық қатынастарды зерттеудің өзектілігі бірнеше себептермен айқындалады. Біріншіден, Қытай – әлемдегі халқының саны ең көп елдердің бірі және некелік қарым-қатынас пен туу деңгейінің төмендеуі сияқты демографиялық үрдістердің өзгеруі елдің экономикасы мен әлеуметтік құрылымына әсер етті. Дәстүрлі отбасылық құрылымдардың заманауи сипат алуы елеулі әлеуметтік және мәдени өзгерістермен қатар жүрді. Бұл жан-жақты талдауды қажет ететін мәселе.

Екіншіден, XX ғасырдың 70-жылдарының аяғында ҚХР-да басталған әлеуметтік-экономикалық реформалар урбанизацияның қарқынды жүруіне, әйелдердің білім деңгейін көтеруіне мүмкіндік берді және олардың экономикалық тәуелсіздігін арттырды. Бұл үдеріс неке, отбасы және ұрпақ тәрбиесіне деген көзқарасты айтарлықтай өзгертті. Тақырыптың өзектілігін әлеуметтік жүйелерге айтарлықтай салмақ түсіретін және үкіметті отбасын қолдаудың жаңа шараларын енгізуге ынталандыратын халықтың қартаюы мен туу деңгейінің төмендеуі проблемасымен де байланыстыруға болады.

Үшіншіден, Қытай билігінің «бір отбасы, бір бала» саясатынан бас тартуы және баланың туу деңгейін көтеруге бағытталған бағдарламаларды енгізу сияқты саяси өзгерістер неке динамикасы мен отбасы құрылымына ықпал етіп отыр. Осы саяси шешімдердің әсерінен отбасылық және некелік мінез-құлық қалай өзгеретінін және бұл өзгерістер Қытай қоғамының болашағына қалай әсер ететінін түсіну тақырыптың өзектелігін арттыра түспек.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Қытайдағы отбасылық-некелік қатынастардың қазіргі жағдайын талдау және олардың даму перспективаларын болжау мақсатында бұл зерттеуде сандық және сапалық талдау, индукция, абстракция және синтездеу әдістері қолданылды. Кешенді тәсіл отбасы институтының трансформациясына әсер ететін негізгі үрдістер мен факторларды анықтауға мүмкіндік берді.

Соңғы жылдары Қытайдағы демографиялық үрдістер, оның ішінде некеге тұру, ажырасу және туу көрсеткіштерінің өзгерістері туралы мәлеметтерді талдау үшін Қытайдың Ұлттық статистикалық бюросы ұсынған деректер пайдаланылды. Бұл бізге Қытайдағы отбасылық-некелік қатынастарындың негізгі өзгерістерін айқындауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, экономикалық және мәдени факторлардың отбасылық өмірге ықпалын тереңірек түсіну үшін осы тақырыпқа арналған ғылыми еңбектерге жүйелі шолу жүргізіледі. Мемлекеттік саясаттың халықтың отбасылық өміріне әсерін бағалау үшін туу көрсеткішін арттыруға және отбасылық институтты қолдауға бағытталған мемлекеттік шаралар да зерттелді.

Индукция, абстракция және синтез әдістерін қолдану арқылы біз экономикалық, әлеуметтік және саяси факторлардың некелік динамикаға әсерін анықтап, негізгі тенденцияларды бөліп көрсетуге және әртүрлі ақпарат көздерінен алынған мәлеметтерді біртұтас жүйелі талдау негізінде қарастыруға мүмкіндік берді. Аралас әдістеме зерттеу нысанын жан-жақты әрі көпдеңгейлі талдауға жағдай жасап, Қытайдағы отбасылық-некелік қатынастардың қазіргі жағдайына қатысты маңызды ғылыми тұжырымдар жасауға және олардың болашақ даму перспективаларын ғылыми негізде болжауға мүмкіндік берді.

Талқылау

Отбасы әлеуметтік жүйе өзектерінің бірі бола отырып, тікелей немесе жанама түрде адамзаттың әлеуметтік дамуына орасан зор үлес қосуда. Қытайда ежелгі заманнан бері отбасы қоғам тұрақтылығының негізі ретінде қарастырылып, оның қызметіне аса үлкен мән беріліп келген. «Отбасын – халық, елді – отбасы құрайды» деген мәтел де ежелден қалған. Қытайда отбасы эволюциясы тұтастай алғанда әлемдегі отбасы институтының қалыптасуы мен дамуын қайталайды. Дегенмен, қытайлықтар аса құрмет тұтатын Конфуций ілімі отбасылық қатынастардың қытайлық ерекшеліктерін құрайды. Қытайдың «отбасы – кішігірім мемлекет» деген дәстүрлі конфуцийшілдік логикасына сәйкес отбасы өндірістің экономикалық бірлігі ғана емес, сонымен қатар тәртіп, білім және әл-ауқат бірлігі ретінде өз мүшелерін әлеуметтендіру мен қорғауға жауапты. Қытайдың отбасы жүйесі ұзақ тарихи кезең барысында айтарлықтай өзгерістерге ұшырағанымен де, бұрынғысынша ішкі тұрақтылықты сақтап қалған. Отбасын дамыту – көп жақты, қарқынды даму үрдісі. Сондықтан Қытайдың отбасы моделін мәдени тұрғыдан тарихи және дәстүрлі мұрасы бар, сондай-ақ қазіргі заманның институционалдық құрылымдарына бейімделген деуге болады.

Қытай қоғамының модернизациясы туралы зерттеулерде негізгі екпін экономикалық реформаларға қойылып, отбасы құрылымы мен некелік қатынастардың өзгерісі мәселесі көбінде көлеңкеде қалып келді. Алайда ҚХР-дағы неке және отбасылық қатынастар мәселелері демографиялық өзгерістер, қоғамдық нормалардың трансформациясы және мемлекеттік саясаттың ықпалы тұрғысынан маңызды зерттеу нысаны болып табылады. Соңғы онжылдықтарда Қытайда айтарлықтай әлеуметтік және экономикалық өзгерістер орын алуда, бұл отбасы институтына, неке формаларына және туу көрсеткішіне әсер етуде. Қытай қоғамындағы осындай радикалды өзгерістер отбасы және неке мәселесін демографиялық үрдістерге, заңнамалық өзгерістерге және әлеуметтік-экономикалық факторлардың ықпалына баса назар аудара отырып ғылыми тұрғыдан зерттеудің қажеттілігін туындатты.

ҚХР-дағы демографиялық саясаттың түрлі аспектілерін, некелік қатынастардың трансформациясын, отбасы формаларының өзгерісін зерттеуге арналған ғылыми еңбектердің қатарында қытайлық ғалымдар Сюй Аньци, Фын Литян, Сун Цзян, Дын Гошын, ресейлік ғалымдар Е.С.Баженова, Я.М. Бергер, О.В. Почагина, батыстық ғалымдар Э.Кролл, Ж.Л.Доменак, Е.Т.Мерфи есімдерін атаса болады. Бұл ғалымдардың еңбектері XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында басылып шыққан іргелі зерттеулер болып табылады. Мысалы, Фын Литян «50 жыл ішінде туу саласындағы қытай саясатының эволюциясы» (1999), Дын Гошын «Қытайдағы демографиялық жағдайды талдау» (2003), Сун Цзян «Жұп таңдауға жыныстар теңгерімсіздігінің әсері» (2005) атты өз еңбектерінде тууды жоспарлау саясатының қытайлықтардың матримониалдық және отбасылық мінез-құлқындағы өзгерістерге әсерін зерттейді (Feng,1999; Deng, 2003; Song, 2005). ҚХР Қоғамдық ғылымдар академиясының қызметкері Сюй Аньци ұзақ жылдар бойы кең ауқымды зерттеулер жүргізіп, қытайлық отбасылардың неке сапасын және ажырасу проблемаларын қарастырып келуде. Ол Қытайдағы неке мәселелерін зерттеушілердің ішіндегі беделді ғалымдардың бірі. Элизабет Кроллдың 1981 жылы жарық көрген «The politics of marriage in contemporary China» монографиясы ҚХР-дағы неке қатынастарының «Мәдени төңкеріс» кезеңіне дейінгі және одан кейінгі өзгерістері туралы түсінік бере отырып, ғасырлар бойы қалыптасқан отбасылық дәстүрлер мен

жаңашылдықтың өзара әрекеттесу мәселесін қарастырған (Crol, 1981). Ресейлік ғалымдардың арасында О.В.Почагина, Я.М.Бергер сынды ғалымдар қытайлықтардың отбасылық ұйымын, қытайлық жастардың некеге дейінгі және репродуктивті мінез-құлқының сипатын, дәстүрлі отбасылық құндылықтарға заманауи сын-қатерлер аспектілерін зерттейді (Почагина, 2016; Бергер, 2002). Ұрпақ аралық қатынастар мәселелері, ең алдымен, халықтың қартаюының экономикалық жағы Я.М. Бергердің жұмыстарында кеңінен қаралады. Ресейлік қытайтануда қарт ата-аналар мен ересек балалар арасындағы қарым-қатынас тақырыбы қазіргі заманғы ішкі отбасылық өзара іс-қимылға қатысты проблемалар арасында неғұрлым зерделенген мәселе болып табылады.

Мақалада көтерілген мәселелер төңірегінде қарастырылған шетелдік және қытайлық зерттеулерден қазіргі заманғы неке-отбасы қатынастарында Қытай үлкен өзгерісті басынан кешіріп жатқанын көреміз (Wu, Coulter, Dennet 2023; Davis, 2014; He, Wu, 2021). Мұндай өзгерістің басты себебі халықтың өмір сүру және білім деңгейінің біршама көтерілуіне ықпал еткен экономикалық реформалар мен урбанизация үрдістері. Бұл, өз кезегінде, мәдени және әлеуметтік нормалардың, әсіресе, жас ұрпақтың өзгеруіне себеп болды. Қытайтанушы ғалым Дэвистің пікірі бойынша, Қытай үкіметі экономикалық дамуды жеделдету арқылы өз еркінен тыс мемлекет ішінде демографиялық проблемалардың пайда болуына алып келді (Davis, 2014:26).

Көптеген зерттеулер қытай жастарының мансап пен өзін-өзі дамытуға көңіл бөлу үшін некеге тұруды кейінге қалдырып жатқанын көрсетеді (Zang, Zhao, 2017; Zhai, Jin, 2023). Тұрғын үй, білім алу және бала тәрбиесіне кететін шығындардың да жоғары болуы бала туу көрсеткішінің және неке санының төмендеуіне ықпал ететін факторлар болып табылады. Бұл тенденция Оңтүстік Корея және Жапония сияқты урбандалу деңгейі жоғары елдерде де байқалады.

Зерттеудің маңыздылығы мәселенің экономикалық қана емес, әлеуметтік аспектілерін де ашуында. Қытайдағы туу көрсеткішінің төмендеуі тек экономикалық қиындықтарға ғана емес, сонымен қатар отбасына деген көзқарастың өзгеруі мен қаржылық жағынан тәуелсіз, әрі мансапқор әйелдер санының артуына да байланысты. Некеге неғұрлым қолайлы жастағы қытайлық әйелдер тұрмысқа шығу мен бала тууды бүгінгі таңда өздерінің өмірлік мақсаты мен негізгі басымдылығы ретінде қарастырып отырған жоқ. Бұл тек экономикалық қолдауды ғана емес, сонымен бірге қоғамдық құндылықтардың өзгеруін де ескере отырып, мемлекеттік саясатты кешенді түрде қарастыруды талап етеді.

Реформа мен ашық есік саясатынан бері Қытайда орын алған қарқынды демографиялық және түбегейлі әлеуметтік өзгерістер қытайлық отбасылардың дамуына үлкен әсер етті. Нәтижесінде Қытайда отбасы моделі, құрылымы, қызметі айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Бұл мәселе жайында қоғамда ортақ пікір қалыптасқанымен де, бұл өзгерістерді жүйелі әрі ғылыми тұрғыдан сипаттау әлі де қиын болып отыр. Қытайдағы отбасы мәселесіне қатысты жүргізілген зерттеу еңбектерінде тек теориялық қана емес, сандық айырмашылықтар да бар. Отбасылық қатынастар неке мен туыстық қатынастарға негізделгенімен, жалпы бөлінуі мүмкін. Практикалық тұрғыдан алғанда, «үй шаруашылығы» бірінші кезекте отбасының көрнекті немесе жуық көрсеткіш ретінде пайдаланылады, ал санақ ең негізгі мәліметтерді береді. Мақалада халық санағы “China Statistical Yearbook” (2022) деректеріне сүйене отырып, соңғы онжылдықтағы Қытай отбасыларындағы өзгерістердің негізгі тенденциялары талданады.

1982 жылдардан бері жүргізіліп келе жатқан халық санағы мәліметтерінен Қытайда отбасы құрылымының қысқарғанын және өзгергенін байқауға болады. Сонымен қатар, Қытайдағы үй шаруашылықтарының саны жылдам өсуде. Мысалы, 1990 жылы олардың саны 280 миллион болса, бүгінде 450 миллионға дейін өскен. Бұл халық санының өсу көрсеткішінен айтарлықтай жоғары, әрі жылдам. Сондай-ақ, отбасы мөлшері соңғы 40 жыл ішінде тұрақты түрде төмендеу үдерісін көрсетіп отыр. 1982 жылы бір үй шаруашылығына 4,41 адамнан

болса, 2010 жылы 3,09 адамға дейін азайған, бұл бір үй шаруашылығына орташа есеппен 1,32 адамға аз (China Statistical Yearbook, 2022).

1982 жылы жүргізілген «Үшінші санақ» кезінде жан саны 5 немесе одан да көп отбасылардың үлесі әлі де болса жалпы отбасылардың жартысына жуығын құрайтын. Алайда 1990 жылдан бастап 1-3 адамнан тұратын отбасылардың үлесі тез өсіп, 2010 жылы олардың саны 65%-ға жетті (中国人口流动及其对区域关系的影响).

Қалалық және ауылдық жерлердегі отбасы санының қысқару тенденциясы бірдей, ал қысқару салыстырмалы түрде тез жүреді. Көпбалалы отбасылар тез жойылып барады. Бір және екі ұрпақтан тұратын отбасылар - қазіргі қытай отбасыларының негізін құрап отыр. Қытайлық отбасылардың құрылымы өзгеріп, үй шаруашылығындағы ұрпақтар саны азаюда.

Нақты құрылымдық типтер тұрғысынан қарастыратын болсақ, нуклеарлы отбасылық үй шаруашылықтары бұрынғысынша қытайлық отбасылардың негізгі нысаны болып саналғанымен де, 1982 жылдан бастап жалғызбасты отбасылар санының айтарлықтай ұлғаюы мен бірнеше ұрпақ өкілдерінен тұратын кеңейтілген отбасылық үй шаруашылықтары үлесінің тұрақты болуына байланысты қытайлық отбасы моделінің құрылымы өзгерді.

Бірінші типтегі нуклеарлық отбасылық үй шаруашылықтарына балалары жоқ отбасылар, сондай-ақ орта және одан егде жастағы отбасылар, ал екінші буынның стандартты нуклеарлы отбасыларына ерлі-зайыптылар және олардың үйленбеген балалары кіреді. Алдыңғы халық санағының деректеріне сүйенсек, бірінші типтегі отбасылық үй шаруашылықтарының үлесі тез өскенімен, ал екінші типтегі отбасылық үй шаруашылықтарының үлесі керісінше төмендеді, сонымен қатар жалғыз балалары бар үй шаруашылықтары саны артқандығын көреміз (China Statistical Yearbook, 2022).

Осының бәрі Қытайдың демографиялық саясатындағы өзгерістер мен әлеуметтік трансформация барысында бала туу деңгейінің төмендігі сақталып, урбанизация дамып, тұрмыс жағдайы жақсарып, отбасылық түсініктердің өзгеріп, көп балалы отбасылардың шағын отбасыларға «бөлінуі» көбейіп бара жатқандығын көрсетеді (He, Wu, 2021: 196).

Дегенмен, кеңейтілген отбасы үлгілерінің үлесі әлі де айтарлықтай жоғары. Әсіресе, 1982 - 2010 жылдар аралығында Қытайдағы ең тұрақты отбасы түрі болып саналған үш ұрпақты отбасылар, шамамаен 16,4-16,7% құрады. (中国 2010 年人口普查资料). Дегенмен, қазіргі үш буынды отбасылар мен дәстүрлі үш буынды отбасылардың арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар. Ең бастысы, олар бірге тұрады, бөлек бюджеті жоқ. Бұл тікелей отбасы үлгісі мен қызметіндегі өзгерістерге тікелей немесе жанама әсер етуде.

Отбасы құрамының өзгерісі туу деңгейімен тікелей байланысты. Қазіргі таңда Қытайда бала туудың тез және күрт төмендеуі байқалуда. Брэдбери бастаған батыстық ғалымдар тобының зерттеуі Қытайда бала туу деңгейі халықтың өсу қарқынынан 2010 жылдан бастап төмендегенін көрсетеді (Bradbury, Peterson, Liu, 2014:75). Бұл өз кезегінде халықтың тез қартаюы, жыныстар арақатынасының бұзылуы және отбасы мен туыстық байланыстар жүйесіндегі өзгерістер сияқты әлеуметтік мәселелер мен ұзақ мерзімді демографиялық салдарға ие. Дегенмен, жыныстық арақатынаста соңғы онжылдықтарда оңды өзгерістер де орын алды. 2001 жылы жүргізілген ажырасу бойынша реформалар әйелдердің бала жынысына байланысты таңдау жасау арқылы түсік жасатуларын біршама тоқтатты. Ал 2015 жылы ҚХР үкіметінің бір бала саясатынан бас тартуы жыныстық тепе-теңдіктің мәселесін ары қарай жақсартты.

Дегенмен, бала туу деңгейінің төмендеуі қазіргі қоғамда халықтың қартаю үрдісін қарқындатты. Осының аясында қытайлық отбасылардағы «қартаю» құбылысы да күшейіп келеді, ол негізінен қарт адамдары бар отбасылар үлесінің және отбасындағы егде жастағы адамдардың үлес салмағының ұлғаюынан көрінеді. «Алтыншы халық санағы» деректері бойынша 2010 жылы материктік Қытайдағы 60 - 65 жастағы қарт адамдары бар отбасылардың саны 123 миллионды, ал одан да жоғары жастағы қарт адамдары бар отбасылардың саны тиісінше 88,036 миллионды құрайтынын көрсетеді, бұл барлық үй шаруашылықтарының

30,6% және 21,9% құрайды (China Statistical Yearbook, 2022) Олардың ішінде үй шаруашылықтарының шамамен үштен екісінде бір қарт адам бар, бірақ бірнеше қарт адамдары бар отбасылардың санының өсу үрдісі бір қарт адамы бар үй шаруашылықтарына қарағанда әлдеқайда жылдам. Оның үстіне қазіргі уақытта тек қарт адамдардан тұратын отбасылардың саны өсіп келеді және олар негізінен ауылдық жерлерде шоғырланған (中国老龄化与健康 国家评估报告, 2020) 2035 жылға қарай зейнет жасындағы қарттардың саны (60-жастан жоғары) 400 миллионға өседі деп болжап отыр. Қазір ол 280 млн.адамды құрайды. Мәліметтерге сәйкес 60 және одан да жоғары жастағы қарттардың саны 2023 жылы 296, 97 млн.құраса, 2024 жылы 310,31 млн адамды, яғни Қытай халқының шамамен 22% құраған (China's population falls for a third consecutive year) 2050 жылға қарай Қытайда 80 жастан асқан 115 миллион қарт азамат болуы мүмкін деп болжануда және бұл Қытайдың алдында қарттарды ұзақ мерзімді күтімнің өткір және өзекті қажеттілігі мәселесін тудырып отыр.

Жалғыз тұратын егде жастағы адамдар санының артуының себептерін, бір жағынан, отбасы санының азаюына әкеліп соқтырған бала туу деңгейінің күрт төмендеуінен көруге болады. Екінші жағынан, әсіресе жас, дені сау қарттар немесе егде жастағы адамдар үшін тұрғын үй жағдайының жақсаруы жалғыз өмір сүруге мүмкіндік берді. Ерлі-зайыптылардың жалғыз немесе өзімен-өзі өмір сүру ықтималдығы жоғары. «Алтыншы санақтың» мәліметтеріне сәйкес 65-79 жас аралығындағы адамдардың 90%-дан астамының жалпы денсаулығы мықты және өзін-өзі күту қабілетіне ие екенін көрсетеді, бұл олардың бала күтіміне тәуелділігін салыстырмалы түрде төмендетті. (China Statistical Yearbook, 2022). Ауыл жастарының ірі мегаполистерге жұмыс іздеп немесе оқуға кетуі, ішкі көші-қон үдерісінің жандануына әкелгенімен, бұл егде жастағы жалғыз өмір сүріп жатқан қарт адамдардың санының артуының басты себептерінің бірі болып отыр.

Қарттардың күтімімен байланысты мәселе қытай қоғамында бұл салада дәстүрлі көзқарастың өзгеріске ұшырағанын көрсетуде. Дәстүрлі моральды-этикалық құндылықтарды сақтаушы, ұрпақтар арасындағы сабақтастықты жалғастырушы ретіндегі отбасы рөлі бүгінгі қытайлық қоғамда әлдеқайда қарапайымдалуда. Батыс елдерінен қытайлық отбасын ерекшелеп келген «ұлдың құрметі» этикасы барған сайын өз күшін жоюда. «Әкені сөзсіз тыңдау» концепциясы да батыстық мәдениет нормаларының әсерінен отбасы мүшелерінің теңдігі қағидасымен алмастырылуда. Дәстүрлі қоғамға тән емес қарт ата-аналардың балалардан бөлек немесе қарттар үйінде тұруы бүгінгі қытай қоғамының ерекшелігі. Қарттардың субъективті әл-ауқаты үшін отбасылық және мәдени мәнмәтіннің маңыздылығын ескере отырып, үкімет тіпті өз ата-аналарымен тұрмайтын балаларды өздерінің қарт ата-аналарына үнемі баруға міндеттеу туралы заң да қабылдады (Zang, Zhao, 2017).

Бұл үрдістер Қытайда дәстүрлі емес отбасы түрлерінің кең таралуда екенін көрсетуде. Қытайдағы отбасы түрлерін әртараптандыру үрдісі негізінен таза қарттардан тұратын отбасылар, көпбалалы отбасылар, бос ұялы отбасылар, ата-әжесі балаларын тәрбиелеп отырған, ал ата-анасы үйде жоқ отбасылар, DINK отбасылары, жалғыз басты (егде жастағы қарттар) отбасылар, баласыз отбасылар және т.б.сияқты отбасылардың дәстүрлі емес типтерінің көптеп пайда болуынан көрінеді. Ұлттық статистика бюросы жариялаған 7-ұлттық халық санағының мәліметіне сәйкес Қытайдағы үй шаруашылығының орташа мөлшері 2,62 адамды құрап, 2010 жылмен салыстырғанда 0,48 адамға азайғанын көрсетеді. (China Statistical Yearbook, 2022). «Бір шаңырақтың астында төрт ұрпақ» және «бірге өмір сүрген үш ұрпақ» отбасы үлгілері азайып барады. Ал қазіргі заманғы отбасының негізгі үлгісі - «үш адамнан тұратын отбасы».

Мемлекеттік кеңестің ұлттық санақ жөніндегі Жетінші жетекші тобы басшысының орынбасары және Ұлттық статистика бюросының директоры Нин Цзичжэ негізінен Қытайдағы халықтың жиі қоныс аударуы, тұрғын үй жағдайларының жақсаруы және жастардың үйленгеннен кейін өз бетінше өмір сүруі сияқты факторларға байланысты

отбасылық үй шаруашылығы көлемінің төмендеуі жалғасуда деген қорытынды жасайды. (人民日报。我国仍是世界第一人口大国，约占全球总人口 18%——人口家底有了新变化（权威发布）.

Кішкентай отбасы дегеніміз – қарт ата-анасынан бөлек тұратын балалары аз отбасы. Олар туыстарымен аз қарым-қатынас жасайды және бұл тұлғааралық қарым-қатынастарды шешуді, бала көтеруді және балаларға күтім жасауда мәселелер тудырады. Сонымен қатар, шағын отбасылар баспана, медициналық қызмет көрсету, білім беру саласы және т.б. жағынан үлкен қысымға ұшырайды. Соңғы жылдары қалаларға қоныстану саясаты тұрақты түрде жеңілдетіліп, тұрғын үй нарығы мен қауіпсіздік жүйелері біртіндеп жетілдіріліп, жастардың қалада жұмыс істеуіне, тыныштықта және қанағаттанып өмір сүруіне жағдай жасалды. Отбасы көлемінің азаюы қала тұрғындарының қажеттіліктерін қанағаттандыру мен қарттарға күтім жасау қызметтерін одан әрі жетілдіруді талап етеді.

Даму және реформалар жөніндегі Ұлттық комиссия «2021 жылға бағытталған ауыл мен қалалардың кешенді дамуы мен урбандалуының негізгі міндеттерін» жариялады. Онда қалаларға қоныстануға шектеулерді жүйелі түрде жеңілдетуді және ірі қалалардағы шешілмеген тұрғын үй мәселелерін шешуге күш салуды талап етеді. Түрлі қала басшылығы тиісті келісімдерге сәйкес жоғары оқу орындарында оқып жатқан ауылдан келген студенттердің, сондай-ақ әскерге алынып, кейіннен қалаға қоныс аударған жастардың, қалаларда бес жылдан астам уақыт жұмыс істеп жүрген ауылшаруашылық мигранттары мен отбасыларымен көшіп келіп, қалаларда тұрып жатқан тұрақты жұмысы бар еңбек мигранттарының жаңа ұрпағы сияқты негізгі топтардың ыңғайлы өмір сүруіне жағдай жасауы керек. Сонымен қатар, «Негізгі міндеттерге» жалға берілетін тұрғын үй нарығын дамытуды жеделдету ұсынылды. Қалаларға қоныстандыру саясаты жалға алушылар мен сатып алушыларға бірдей қарауы және үйлерді жалға алатын тұрақты тұрғындардың қоғамдық үй шаруашылықтарында тұруына мүмкіндік беруі керек (2021 年新型城镇化和城乡融合发展重点任务).

Әлеуметтік және зейнетақымен қамтамасыз ету ел бюджетіне айтарлықтай салмақ түсіруі мүмкін және уақытты қажет етеді, сондықтан Қытайға отбасылық қолдаудың баламасын сақтау қажет. Мұндай жағдайларда мемлекет болашақта «отбасын - әлеуметтік басқару нысаны ретінде, оған қолайлы әлеуметтік-экономикалық жағдайлар жасау керек». Жэньмин жибао газетінде жарық көрген «Баланың туылуы тек отбасының жеке ісі ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік маңызы бар мәселе» деген тақырыптағы мақалада баланың дүниеге келуі тек отбасы мүшелерінің ғана саналы таңдауы болмауы керектігі, мұндай таңдауды қолдайтын институционалдық механизмдерді құру қажеттілігіне де назар аударылады (张一琪,生娃是家事也是国事).

Әлеуметтік мәселелердің қатарында Қытайда неке институтындағы өзгерістер де елеулі орын алуда. Неке практикасының дамуы заманауи қытай қоғамында әлеуметтік және экономикалық өзгерістерді кеңенен сипаттайтын келесідей үрдістердің кең жайылуына алып келді: неке жасының ұлғаюы, азаматтық неке, «неке фобиясы», «сынақ неке», полигамия және т.б. Жұп таңдау критерийі де өзгеріп, дәстүрлі келісімді некелер азайып, жастар арасында эгалитарлы қарым-қатынастар өсе бастады. Жаһандану, Интернет және басқа да жаңа құбылыстар жастар арасында еркін махаббат пен романтикаға деген тенденцияны күшейтті. Бұл өз кезегінде дәстүрлі құндылықтар мен көзқарастардың елеулі трансформациясына себеп болды. Дегенмен, кейбір дәстүрлі принциптер өз өзектілігін жоғалтпады. Мысалы неке жұбын таңдауда дәреже теңдігі қағидасы әлі де өз өзектілігін жоғалтпауда. Алайда айта кететін нәрсе, әлеуметтік-экономикалық теңдік қана емес, сонымен қатар білім деңгейі теңдігі де назарға алына бастады. Білім деңгейіндегі теңдікпен қатар, қытай қоғамында некелесуші жұптар арасындағы жас теңсіздігі үрдісі белең алуда. Экономикалық қысымның және тұтынушылық талаптардың өсуі қытайлық әйелдердің жас жігіттерге қарағанда жасы үлкендеу, табысы

жоғарылау ерлерді таңдауға итермелеуде. Бұл қазіргі таңда некелесуші жұптар арасындағы жас гипергамиясына, яғни теңсіздігіне алып келуде. Мұндай үрдіс болашақта әлеуметтік-экономикалық деңгейі төмен ер азаматтар үшін неке құру ықтималдылығын қиындатуы мүмкін. Сонымен қатар неке құру ықтималдылығының қиындауы тек еркектерде ғана емес, әйелдер арасында да орын алуда. 2007 жылы ҚХР Білім министрлігі ресми мәлімдеме жасап, ұлттық сөздік қорға «шэннюй» (剩女 shengnü) сөзін енгізіп, оны 27 жастан асқан тұрмысқа шықпаған әйелдер ретінде анықтайды (Zang, Zhao, 2017:10). Дәстүрлі гендерлік рөлдерге деген көзқарастың сақталуы (үйде отырып, бала туып, үй шаруасымен айлысу сияқты) жасы келген жоғары білімді әрі табысы жоғары қытайлық әйелдер үшін неке құру ықтималдылығын төмендетуде. Зерттеушілер көрсеткендей, қазіргі кезеңде еркек пен әйелдің некеге тұруларын қиындатып жатқан фактордың бірі білім деңгейі екен. Некеге тұрмаған жалғыз басты ер адамдар мен әйел адамдардың білім деңгейін салыстыра келе, зерттеушілер ер адамдардың 74% тек бастауыш білімін алғандығын және 7% ғана жоғарғы оқу орнын бітіргенін, ал әйелдердің керісінше тек 1% ғана бастауыш білім алып, 90%-дан астамы жоғары білімді екенін көрсеткен (Tan, 2023:3). Онсыз да Қытайдағы некеге тұру көрсеткішінің төмендеуі жағдайында, мысалы 2021 жылы 5,8‰ төмен көрсеткішке жетті, бұл қоғамдық құбылыстар жағдайды ұшықтыруда. Некеге тұру көрсеткішінің төмендеуі Қытай қоғамында үлкен алаңдаушылық туғызып отыр. Отбасы қоғамды құраушы кіші ұяшық болғандықтан, неке мәселесі тек отбасы ішілік мәселе ғана емес, сонымен қатар ұлттық мәселе де болып табылады. Ол мемлекет халқы мен экономикасының теңгерімді даму мәселесімен тығыз байланысты құбылыс. Некеге тұру көрсеткіштерінің төмендеуі бір жағынан ел ішінде 40 жылға жуық уақыт аралығында жүзеге асырылып келген «бір бала» саясаты мен экономикалық реформалардың салдары ғана емес, сонымен қатар ата-аналардың бала тәрбиесіндегі әсерімен де байланысты. Ата-аналар жалғыз балаларына жоғары талап қойып, кейде тіпті өз армандарын бала арқылы жүзеге асыруға ұмтылыстары қазіргі жас ұрпақтың некеге деген көзқарастарын біршама өзгертті. Қоғамдағы әлеуметтік және экономикалық қысым жастар арасында тіпті некеден бас тарту сияқты үдерістің орын алуына да алып келді.

Зерттеу нәтижелері

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей соңғы жылдардағы халық санына қатысты келтірілген мәліметтерге сәйкес шаруашылық көлемінің азаюы, тікелей балалар санының үлесіне сәйкес келеді екен. Өйткені балаларды ересек адамдар қамқорлығына алып, тәрбиелемесе олар өздігінен өмір сүре алмайды. Осыған сәйкес, бала көп болған сайын, отбасы көлемі де арта түспек, немесе керісінше жағдай орын алады. Сонымен қатар, көші-қон ағынының жиілеуі де бастапқыда бір үйде тұратын үлкен отбасы мүшелерін жан-жаққа шашыратып, бірнеше жерге тұрақтануына әкелді. Шаруашылық көлемі азайғанымен, саны артып отыр.

Екіншіден, бала туу көрсеткішін көтеруге бағытталған мемлекеттік саясат та қажетті нәтижесін бермей отыр. «Бір отбасы, бір бала» саясатын тоқтатып, екі немесе үш балалы отбасыларға бірқатар жеңілдіктер беріп, ынталандырып жатқанына қарамастан көптеген қытай отбасылары бір ғана баламен қалуды таңдап отыр немесе балалы болуды мүлде кейінге шегеріп жатыр (Zhai, Jin, 2023:483). Басты себебін баланы тәрбиелеуге кететін шығынның өте жоғары болуымен түсіндіреді. Жақсы өмір сүруі, сапалы білім алуына жағдай жасау үшін қоғамнан болатын қысым да өте жоғары.

Үшіншіден, қытай қоғамындағы гендерлік рөлдің жаңашылдығын байқадық. Әйелдердің кәсіби өсуге және қаржылық жағынан тәуелсіз болуға талпынуы олардың уақыт өткен сайын неке құру мен балалы болу сияқты шешімдерін кейінге шегеруінің басты себебі. Бұл қоғамдағы гендерлік рөлдердің өзгеруін ескере отырып мемлекеттік саясатта жаңа міндеттерді айқындау қажеттігін көрсетіп отыр.

Төртіншіден, болашақта қалалық елді мекендерге шектеулер жеңілдетіліп, тұрғын үй нарығы мен тұрғын үй жүйелері жақсаратын болса, халықтың қалалы жерлерле шоғырлануы

одан әрі жеделдей түсері анық және отбасы көлемінің азаюы жалғасады. Бұл қалалы жерлерде қарт ата-аналарын бағып-қағатын отбасылар санының азаюы салдарынан, оларды өз қарауына алып, қамқорлық танытатын негізгі мемлекеттік мекемелер қызметтерін дамытуды одан әрі жетілдіруді талап етеді.

Сонымен қатар, отбасын жоспарлау саясаты мен экономикалық өзгерістер туу көрсеткіштерін шектеп қана қоймай, отбасы туралы мәдени көзқарастарды да өзгеріске ұшыратты. Кішкентай отбасы мәдениеті бүгінгі таңда ауылдық және қалалық аймақтардың қалыпты жағдайына айналды. Бұл өзгерістердің ұзақмерзімді салдары Қытайдың әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығына қауіп тудырып отыр, сондықтан үкімет тарапынан сәйкесінше шаралар қабылдануда. 2024 жылы Қытай баланың туу деңгейін көтеруге қатысты, жалғыз басты аналарға бала күтіміне байланысты жәрдемақы тағайындау және колледждер мен университеттерде жастардың неке, отбасы туралы оң көзқарастарын қалыптастыру үшін оқу бағдарламаларына неке және «махаббат тәрбиесін» енгізу сияқты бірқатар шараларды жүзеге асыруды қарастыруда.

Қорытынды

Қытайдағы қазіргі отбасылық-некелік қатынастардағы жаңа құбылыстарды саралау осы салада болған түбегейлі өзгерістер туралы айтуға мүмкіндік береді. Отбасылық құндылықтар көрсеткіштері де өзгеруде, дәстүрлі нормалар мен құндылықтардың әсері біртіндеп азаюда. ҚХР-дағы неке-отбасылық қатынастар экономикалық, әлеуметтік және мәдени факторлардың әсерінен өзгеріске ұшырап отыр. Некеге тұру мен бала туу көрсеткішінің төмендеуі экономикалық қиындықтардың ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік құндылықтардың өзгеруінің салдары болып табылады.

Дегенмен, ҚХР заңнамасында отбасы және бала туу мәселелерінде дәстүрлі отбасылық фактор ерекше рөл атқарады. Әлеуметтік және зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесі дұрыс жолға қойылмағандықтан қарт азаматтарға, кәмелетке толмағандарға күтім жасау міндеті туыстарына жүктеледі. Мұндай нормалар 2001 жылғы (өзгертулер енгізілген) «Неке туралы» (中国人民共和国婚姻法（修正.28.04.2001.）және 2013 жылғы (өзгертулермен) «Қарт адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғау туралы» заңдарда көрсетілген және «Қарт адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғау туралы» заңда балаларының ата-аналарына қамқор болуын және оларға ай сайын жәрдемақы төлеуін міндеттейді (中国老年人权益保障法 28.12.2012).

Бұдан ғасырлар бойы қалыптасқан және маңызын жоймаған үлкенге құрмет, адамдар арасындағы қарым-қатынасты қатаң ұстану сияқты конфуций догмаларына бағдарланған дәстүрлі отбасылық құрылым, құндылықтар мен нормалар әлі күнге дейін сақталғанын көруге болады.

Мақалада келтірілген деректер қазіргі заманғы қытай қоғамындағы отбасының маңыздылығының салыстырмалы түрде төмендеуін көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері мемлекеттік саясатты қайта қарастырып, отбасының экономикалық тұрақтылығын қолдауға ғана емес, сонымен қатар қоғамның неке және отбасы туралы түсінігін өзгертуге бағытталған кешенді шаралармен толықтырылуы тиіс екенін көрсетті. Бұған тұрғын үй және білім беру шығындарын азайту, сондай-ақ икемді жұмыс кестесіне лайықталған қызмет, бала тәрбиесі үшін қолайлы жағдай жасау бағдарламалары кіреді.

Қытай зерттеушілерінің пікірінше, қазіргі таңда патриархалдық негіздердің әлсіреуіне қарамастан, отбасы, бейресми экономика мен рационалды таңдаудың бірлігі болып қала береді.

Әдебиеттер:

2021 年新型城镇化和城乡融合发展重点任务. [Электронды ресурс]. URL: http://www.cupc.org.cn/cupc/2021/10/28/202110281343248790337 79.pdf (Қараған күні: 13.09.2024)

Bradbury, Peterson, Liu, 2014 – *Bradbury M., Peterson M.N., Liu J.G.* Long-term dynamics of household size and their environmental implications//Population and Environment. 2014. №36(1). С. 73–84.

China Statistical Yearbook 2022. [Электронды ресурс]. URL: https://www.stats.gov.cn/sj/ndsj/2022/indexeh.htm (Қараған күні: 13.09.2024)

China's population falls for a third consecutive year. [Электронды ресурс]. URL: https://www.reuters.com/world/china/chinas-population-falls-third-consecutive-year-2025-01-17/ By Reuters January 17, 2025. (Қараған күні: 20.01.2025)

Croll,1981 – *Croll E.* The politics of marriage in contemporary China. Cambridge, 1981. 285 p.

Davis, 2014 – *Davis D.S.* Demographic challenges for a rising China// Daedalus. 2014. №143(2). С. 26–38

Deng, 2003 – *Deng Guosheng*. Chusheng xingbie piangao dui ze'ou de yingxiang // Renkou yanjiu. 2003. Vol. 27, № 5. С. 41 - 43.

Feng, 1999 – *Feng Litian*. 50 nian lai zhongguo shengyu zhengce yanbian zhi lishi guiji// Renkou yu jingji. 1999. № 2. С. 3 - 12.

He, Wu, 2021 – *He G., Wu X*. Family status and women's career mobility during urban China's economic transition//Demogr Res. 2021. № 44. С. 189-224.

Song, 2005 – *Song Jian*. Zhongguo renkou zongti zhuangkuang fenxi// Renkou yanjiu. 2005. № 5. С. 92 – 96.

Tan, 2023 – *Tan Qinyi*. Parents' influence on children's marital decision case study: China// Cogent Social Sciences. № 9 (1). С. 1- 13.

Wu, Coulter, Dennett, 2023 – *Wu Yufeng, Coulter Rory, Dennett Adam.* Understanding the relationships between the family structures and destinations of married migrants with children in China //Applied Geography. 2023. № 160. С. 1-11.

Zang, Zhao, 2017 – *Zang X., Zhao L. X.* State of the field: the family and marriage in China. Handbook on the Family and Marriage in China. 2017. С. 1-19.

Zhai, Jin, 2023 – *Zhai Z., Jin G.* China's family planning policy and fertility transition // Chinese Journal of Sociology, 2023. Т.4. № 9. С. 479-496.

Бергер, 2002 – *Бергер Я.М*. Социальная поддержка пожилых людей в современном Китае // Проблемы Дальнего Востока. 2002. № 1. С. 107–119; № 2. С. 86 – 102.

Почагина, 2016 – *Почагина О. В.* Семья и брак в современном Китае / О. В. Почагина // История Китая с древнейших времен до начала XXI века. Том IX. Москва: Наука, 2016. С. 710-715.

中国2010年人口普查资料 [Электронды ресурс]. URL: https://www.stats.gov.cn/sj/pcsj/rkpc/6rp/lefte.htm (Қараған күні:13.09.2024)

中国人口流动及其对区域关系的影响 [Электронды ресурс]. URL: http://www.ggzc.zju.edu.cn/2021/0312/c54163a2266429/page.htm (Қараған күні: 13.09.2024)

中国人民共和国婚姻法（修正） (ҚХР неке туралы заңы (өзгертулермен). 28.04.2001. [Электронды ресурс]. URL: https://book.qq.com/book-read/26700073/6 (Қараған күні: 18.12.2024)

中国老年人权益保障法[ҚХР қарт адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі Заң] 28.12.2012. [Электронды ресурс]. URL: https://baike.baidu.com/item/%E4%B8%AD%E5%9B%BD%E8%80%81%E5%B9%B4%E4%BA%BA%E6%9D%83%E7%9B%8A%E4%BF%9D%E9%9A%9C%E6%B3%95/12648428 (Қараған күні: 18.12.2024)

中国老龄化与健康 国家评估报告 [Электронды ресурс]. URL: https://iris.who.int/bitstream/handle/10665/194271/9789245509318-chi.pdf;jsessionid=DF3F95CAD1256CF60DA54BC1EC1B49A4?sequence=5 (Қараған күні: 13.09.2024)

人民日报。我国仍是世界第一人口大国，约占全球总人口 18%人口家底有了新变化（权威发布 [Электронды ресурс]. URL: http://paper.people.com.cn/rmrb/html/2021-05/12/nw.D110000renmrb_20210512_2-02.htm (Қараған күні: 13.09.2024)

张一琪,生娃是家事也是国事 (Zhang Yiqi. Баланың туылуы тек отбасының жеке ісі ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік маңызы бар мәселе) 2018.08.06. [Электронды ресурс]. URL:http://politics.people.com.cn/n1/2018/0806/c1001-30210179.html (Қараған күні: 13.09.2024)

References:

年新型城镇化和城乡融合发展重点任务. 2021 [Jelektronnyj resurs] URL: http://www.cupc.org.cn/cupc/2021/10/28/202110281343248790337 79.pdf (Access date: 13.09.2024) (in Chinese.)

Berger, 2002 - Berger Ya.M. Sotsialnaya podderzhka pozhilykh lyudey v sovremennom Kitaye [Social Support for the Elderly in Modern China] // Problemy Dalnego Vostoka. 2002. № 1. S. 107 - 119; № 2. S. 86–102. (in Rus.).

Bradbury, Peterson, Liu, 2014 – *Bradbury M., Peterson M.N., Liu J.G.* Long-term dynamics of household size and their environmental implications//Population and Environment. 2014. №36 (1). Pp. 73–84.

China Statistical Yearbook 2022. [Jelektronnyj resurs]. URL: https://www.stats.gov.cn/sj/ndsj/2022/indexeh.htm (Access date: 13.09.2024)

China's population falls for a third consecutive year. [Jelektronnyj resurs] URL: https://www.reuters.com/world/china/chinas-population-falls-third-consecutive-year-2025-01-17/ By Reuters January 17, 2025 (Access date: 20.01.2025)

Croll,1981 – *Croll E.* The politics of marriage in contemporary China. Cambridge, 1981. 285 p.

Davis, 2014 – *Davis D.S* . Demographic challenges for a rising China// Daedalus. 2014. №143(2). Pp. 26–38

Deng, 2003 – *Deng Guosheng*. Chusheng xingbie piangao dui ze'ou de yingxiang [The impact of gender imbalance on mate choice] // Renkou yanjiu. 2003. Vol. 27, № 5. Pp. 41 - 43. (in Chin).

Feng, 1999 – *Feng Litian*. 50 nian lai zhongguo shengyu zhengce yanbian zhi lishi guiji [Evolution of China's fertility policy over 50 years] // Renkou yu jingji. 1999. № 2. Pp. 3 - 12. (in Chin).

He, Wu, 2021 – *He G., Wu X*. Family status and women's career mobility during urban China's economic transition // Demogr Res. 2021. № 44. Pp. 189-224.

Pochagina, 2016 - Pochagina O. V. Semya i brak v sovremennom Kitaye [Family and Marriage in Modern China] // Istoriya Kitaya s drevneyshikh vremen do nachala XXI veka. Tom IX. Moskva: Nauka, 2016. – S. 710-715. (in Rus.).

Song, 2005 – *Song Jian.* Zhongguo renkou zongti zhuangkuang fenxi [Analyzing the demographic situation in China] // Renkou yanjiu. 2005. № 5. Pp. 92 – 96. (In Chin).

Tan, 2023 – *Tan Qinyi.* Parents' influence on children's marital decision case study: China// Cogent Social Sciences. № 9 (1). Pp. 1- 13

Wu, Coulter, Dennett, 2023 – *Wu Yufeng, Coulter Rory, Dennett Adam.* Understanding the relationships between the family structures and destinations of married migrants with children in China //Applied Geography. 2023. № 160. Pp. 1-11.

Zang, Zhao, 2017 – *Zang X., Zhao L. X.* State of the field: the family and marriage in China. Handbook on the Family and Marriage in China. 2017. Pp. 1-19.

Zhai, Jin, 2023 – *Zhai Z., Jin G.* China's family planning policy and fertility transition // Chinese Journal of Sociology, 2023. T.4. № 9. Pp. 479-496.

中国2010年人口普查资料. [Jelektronnyj resurs] URL: https://www.stats.gov.cn/sj/pcsj/rkpc/6rp/lefte.htm (Access date: 13.09.2024) (in Chin.)

中国人口流动及其对区域关系的影响. [Jelektronnyj resurs] URL: http://www.ggzc.zju.edu.cn/2021/0312/c54163a2266429/page.htm (Access date: 13.09.2024) (in Chin.)

中国人民共和国婚姻法（修正）. 28.04.2001. [Jelektronnyj resurs] URL: https://book.qq.com/book-read/26700073/6 (Access date: 18.12.2024)

中国老年人权益保障法 [Jelektronnyj resurs] URL: https://baike.baidu.com/item/%E4%B8%AD%E5%9B%BD%E8%80%81%E5%B9%B4%E4%BA%BA%E6%9D%83%E7%9B%8A%E4%BF%9D%E9%9A%9C%E6%B3%95/12648428 (Access date: 18.12.2024)

中国老龄化与健康 国家评估报告. [Jelektronnyj resurs] URL: https://iris.who.int/bitstream/handle/10665/194271/9789245509318-chi.pdf;jsessionid=DF3F95CAD1256CF60DA54BC1EC1B49A4?sequence=5 (Access date: 13.09.2024) (in Chinese.)

人民日报。我国仍是世界第一人口大国，约占全球总人口 18%——人口家底有了新变化（权威发布） [Jelektronnyj resurs] URL: http://paper.people.com.cn/rmrb/html/2021-05/12/nw.D110000renmrb_20210512_2-02.htm (in Chinese.)

张一琪，生娃是家事也是国事 2018.08.06// [Jelektronnyj resurs] URL:http://politics.people.com.cn/n1/2018/0806/c1001-30210179.html (Access date: 13.09.2024)

[1]Түргенбай А.А. [2]Асыл М.Б.

[1,2] Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

E-mail: [1]Ainur.turgenbay@gmail.com, [2]monikaassyl@gmail.com

БРАК И СЕМЬЯ В КИТАЕ: ОСНОВНЫЕ СОЦИАЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ И ТЕНДЕНЦИИ

Аннотация. Эволюция семейных и брачных отношений в Китае связана с масштабными социальными, экономическими и культурными изменениями последних десятилетий. Быстрая урбанизация и экономические реформы вызвали значительные трансформации в семейных структурах и брачных отношениях. В то же время изменения общественных норм породили дискуссии о влиянии этих процессов на социальное единство и культурную идентичность. Цель данного исследования – анализ современных изменений семейно-брачных отношений в Китайской Народной Республике (КНР) и прогноз их дальнейшего развития. Особое внимание уделено роли конфуцианских ценностей в этих трансформациях. Научная новизна работы заключается в изучении влияния урбанизации, экономических и социальных факторов на семейные структуры и брачное поведение. Методы исследования включают количественный и качественный анализ и использование статистических данных. Результаты показывают снижение уровня брачности и рождаемости в Китае, вызванное экономической нестабильностью и социальными изменениями, а также влияние западных норм на китайское общество при сохранении традиционных ценностей. В работе предложены меры по решению демографических проблем, включая совершенствование семейной и социальной поддержки, и подчёркивается необходимость улучшения государственной семейной политики.

Благодарность: Статья выполнена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан на тему

«Прагматический опыт конфуцианской модели развития стран Востока: Китай, Япония, Сингапур, Южная Корея» (AP 19677768).

Ключевые слова: семейные отношения, брак, демография, Китай, урбанизация, рождаемость.

[1]Turgenbay A.A. [2]Assyl M.B.
[1,2] Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
E-mail: [1]Ainur.turgenbay@gmail.com, [2]monikaassyl@gmail.com

MARRIAGE AND FAMILY IN CHINA: MAJOR SOCIAL ASPECTS AND TRENDS

Abstract. The evolution of family and marriage relations in China is closely linked to the significant social, economic, and cultural changes that have occurred over the past few decades. Rapid urbanization and economic reforms have led to substantial transformations in family structures and marital relations. At the same time, the development of public norms has sparked debates about the impact of these processes on social cohesion and cultural identity. The aim of this study is to analyze the current changes in family and marriage relations in the People's Republic of China (PRC) and forecast their future development. Special attention is given to the role of Confucian values in these transformations. The novelty of the research lies in examining how urbanization, economic, and social factors have influenced family structures and marital behavior. The research methods include both quantitative and qualitative analysis and using statistical data. The results show a decline in marriage and birth rates in China, driven by economic instability and social changes, as well as the influence of Western norms on Chinese society, while traditional values are still preserved. The study proposes measures to address demographic issues, such as improving family and social support, and emphasizes the need for improving state family policy.

Acknowledgments: The article was carried out within the framework of the project of granted financing of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan on the topic «Pragmatic Experience of the Confucian Model of Development in Eastern Countries: China, Japan, Singapore, South Korea» (AP19677768).

Keywords: family relations, marriage, demography, China, urbanization, birth rate.

Сведения об авторах:

Түргенбай Айнұр Абдулғаниқызы, докторант КазНУ им.аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Асыл Мөлдір Бақытжанқызы, PhD, старший преподаватель, КазНУ им.аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Авторлар туралы мәлімет:

Түргенбай Айнұр Абдулғаниқызы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторанты, Алматы, Қазақстан.

Асыл Мөлдір Бақытжанқызы, PhD, аға оқытушы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан.

Information about authors:

Turgenbay Ainur A., Doctoral student Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Assyl Moldir B. PhD, senior lecturer, al-Farabi Kazakh National Universiti, Almaty, Kazakhstan.

Келіп түсті 29 қараша 2024 жыл
Қабылданды 27 ақпан 2025 жыл

ҒТАХР 03.91. https://doi.org/ 10.63051/kos.2025.1.105

[1]Қайполла Қ. [2]Муратбекова А.М. [3]Занадил Ж.
[1]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
[2], Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Алматы, Қазақстан
[3]Еуразия ғылыми-зерттеу институты, Алматы, Қазақстан
E-mail: [1]qayrekeqay@gmail.com, [2]albina.muratbek@gmail.com, [3]zhuldiz_zanadil@hotmail.com

ҚЫТАЙДАҒЫ ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ТАРИХИ ГЕОГРАФИЯСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Аңдатпа. Мақала Қытай тарихнамасындағы Орталық Азияның тарихи географиясына арналған маңызды және жаңашыл зерттеу болып табылады. Зерттеудің басты мақсаты – Қытай ғалымдарының ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейін Орталық Азия аймағын зерттеудегі әдістері мен көзқарастарының өзгерістерін жүйелеп, олардың ғылыми эволюциясын көрсету. Бұл мақсатқа жету үшін мақалада қытай дереккөздеріндегі ақпараттар мұқият талданып, осы деректер арқылы Орталық Азияның тарихи-географиялық ерекшеліктері ашып көрсетіледі. Зерттеу барысында салыстырмалы-тарихи, деректанулық және тарихнамалық әдістердің үйлесімді қолданылуы зерттеу жұмысын тереңдетіп, оның ғылыми жаңалығын арттырған. Салыстырмалы-тарихи әдіс Орталық Азия мен Қытай арасындағы тарихи-географиялық байланыстарды салыстыра отырып, олардың ортақ және ерекшеленетін аспектілерін анықтауға көмектеседі. Бұл әдіс арқылы авторлар Орталық Азияның Қытай тарихнамасындағы орнын айқындайды. Деректанулық әдіс ежелгі және қазіргі дереккөздердің мазмұнын жан-жақты талдай отырып, жаңа фактілер мен мәліметтерді ғылыми айналымға енгізуге мүмкіндік береді. Тарихнамалық әдіс арқылы зерттеулерді хронологиялық түрде жүйелеу, әр кезеңнің ғылыми ерекшеліктерін анықтау мақалаға жаңашыл сипат береді. Мақала нәтижесінде Қытай тарихнамасында Орталық Азия туралы тың тұжырымдар мен ғылыми пайымдаулар жасалып, аймақтың тарихи географиясы туралы жаңа көзқарастар ұсынылған. Осы арқылы зерттеу Орталық Азияны зерттеу саласындағы ғылыми дискурсты байытуға елеулі үлес қосады.

Алғыс: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің «Орталық Азияның тарихи географиясы» тақырыбындағы бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды. (жеке тіркеу нөмірі: BR21882416).

Кілт сөздер: Орталық Азия, тарихи картография, Қытай деректері, Географиялық зерттеулер, Ғылыми көзқарастар, Көне деректер, Эволюция зерттеулері, Батыс өңір, Зерттеу жаңалықтары, Деректанулық әдіс

Кіріспе

Батыс тарихнамасында «Central Asia», «Inner Asia», «Haute Asia» және «Zentralasien», ал орыс тарихнамасында «Средняя Азия» және «Центральная Азия» деп аталған Орталық Азия аймағы Қытай тарихнамасында «Батыс өңір» (西域) деп аталып келді. Аталмыш «Батыс өңір» (西域) атауы Қытай тарихнамасында алғаш рет Сыма Цяньның (б.з.б. 140-86 жж.) «Шы цзи» атты еңбегі мен Бань Гудың (32-92 жж.) жәй жақша төменде де өзгертіңіз «Хань шу» атты еңбегінде кездеседі (Шы цзи, 123 том; Хан шу, 61 том). Дегенмен, Қытай тіліндегі тарихи жазбаларда «Батыс өңір» атауының мағынасы әр дәуірде әр түрлі өзгеріске ұшырап, құбылып отырады. Дәстүрлі және тар мағынадағы «Батыс өңір» – «Ұндардың батысы, Үйсіндердің

оңтүстігі мен солтүстігіндегі Ұлытаулар, ортасында дария бар. Шығысы мен батысының қашықтығы алты мың шақырымнан астам, оңтүстігі мен солтүстігінің арасы мың шақырымнан артық. Шығысы Хан әулетімен іргелес» (Шы цзи, 123 том), демек, бұл бүгінгі Қытайдағы ШҰАР мен Ішкі Моңғолияны және Гансу провинциясының батысын меңзейді. Кең мағынадан алып қарағанда «Батыс өңір» – Орталық Азияны, яғни Азияның орта бөлігін, Шыңжаң, Тибет және Ішкі Моңғолиямен қатар, Моңғолия, Оңтүстік Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Тәжікстан, Ауғанстан және Иранды қамтиды (Жанболат, 2012: 296). Жапонияның тарихшысы Тору Ханеда өзінің «Батыс өңірдің мәдениет тарихы» деген еңбегінде қазіргі Орталық Азиядағы бес республиканы ғана «Батыс өңір» деп санайды (Тору, 2005: 8). Сонымен қатар, қытайлық ғалым Фың Чеңжүн (1887-1946 жж.) «Батыс өңірдің жер-су атаулары» (西域地名) атты кітабында «Батыс өңір» атауын анағұрлым кең мағынада түсіндіріп, оны «Қытайдың Гансу провинциясындағы Юймынгуан мен Яңгуаннан сонау Каспийге дейін, Азияның батысы мен ортасын, Үнді түбегін, тіпті Еуропаның шығысы мен Африканың солтүстігін қамтып жатқан ұланғайыр аумақ» деп жазады (Фың, 1982: 4-5). АлайдаҚытай тарихнамасында «Батыс өңір» атауының білдіретін аумағы анық болмағанына қарамастан, аталмыш тарихи деректер Орталық Азия туралы қазіргі тарихи және географиялық зерттеулер тұрғысынан маңызды рөл атқарды деуге болады.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Орталық Азияның тарихи географиясын зерттеу үшін қолданылған әдістердің жиынтығы зерттеудің жүйелілігі мен тереңдігін қамтамасыз етеді. Зерттеу барысында үш негізгі әдіс – салыстырмалы-тарихи, деректанулық және тарихнамалық әдістер – белсенді түрде пайдаланылды. Салыстырмалы-тарихи әдіс: Бұл әдіс арқылы Қытай мен Орталық Азияның тарихи деректері арасындағы байланыстар мен ерекшеліктерді салыстыру мүмкіндігі туды. Мысалы, географиялық жағдайлардың, климаттық ерекшеліктердің, және мәдени алмасулардың әсерін бағалай отырып, зерттеушілер Орталық Азия мен Қытай арасындағы тарихи қатынастарды тереңірек түсінуге мүмкіндік алды. Деректанулық әдіс: Деректанулық тәсіл арқылы зерттеушілер тарихи құжаттардың, жазбалардың, және карталардың мазмұнын терең талдады. Бұл әдіс деректердің нақтылығын, контекстін, және олардың тарихи маңыздылығын анықтауға көмектесті. Мысалы, Қытай тарихи жазбаларында Орталық Азияның сипаттамасы, саяси жағдайлары және экономикалық байланыстары туралы деректер жинақталды, бұл аймақтың географиялық контекстінде жаңа көзқарастарды қалыптастыруға мүмкіндік берді. Тарихнамалық әдіс: Бұл әдіс арқылы зерттеушілердің назарын өткен дәуірлердегі зерттеу тәсілдеріне, олардың эволюциясына және қазіргі заманғы көзқарастарға аударуға мүмкіндік туды. Тарихнамалық талдау арқылы зерттеу нәтижелері тарихи ғылымның дамуы мен зерттеу парадигмаларының өзгеруін көрсету үшін маңызды болды.Зерттеу нәтижесінде Орталық Азияның тарихи географиясы бойынша жаңа ғылыми тұжырымдар мен концепциялар қалыптасты. Біріншіден, Қытай деректері негізінде аймақтың тарихи-мәдени дамуының хронологиясы нақтыланды, бұл бұрын-соңды зерттелмеген кезеңдер мен оқиғаларды анықтауға мүмкіндік берді. Екіншіден, Орталық Азия мен Қытай арасындағы экономикалық және мәдени байланыстардың жаңа аспектілері ашылды, олар зерттеудің салыстырмалы-тарихи әдісі арқылы тереңдетілді. Мысалы, сауда жолдарының өзгеруі, мәдени алмасулардың динамикасы, және саяси қатынастардың эволюциясы жайлы тың деректер ұсынылды. Соңында, тарихи географияны зерттеу барысында қалыптасқан жаңа деректер мен көзқарастар, ғылыми қауымдастықтың назарын аударып, болашақ зерттеулер үшін жаңа бағыттар мен мүмкіндіктер ашты. Осының нәтижесінде, Орталық Азияның тарихи географиясы тек аймақтың емес, бүкіл Еуразияның тарихи дамуына әсер ететін маңызды фактор ретінде қарастырылады.

Талқылау

Қытай тарихнамасында б.з.б. X ғасырда жазылған «Мутиянзының өмірбаяны» (穆天子传) атты тарихи жазба – Орталық Азияның географиялық жағдайлары дерек беретін ең алғашқы еңбектердің бірі. Кейінгі кезеңдерде «Шы цзи: Дауан баяны» (史记·大宛列传), «Хань шу: Батыс өңір тарауы» (汉书·西域传), «Ху Хань шу: Батыс өңір тарауы» (后汉书·西域传), «Вэй шу: Батыс өңірлер тарауы» (魏书·西域传), «Суй шу: Батыс өңір тарауы» (隋书·西域传), «Нан цзи: Батыс өңір елдері туралы» (南史·西域诸国传) және «Бэй цзи: Батыс өңір тарауы» (北史·西域传) т.б. тарихи жазбалар саяхат естеліктеріне негізделсе де, Орталық Азияның тарихи географиясы мен жер-су атауларына қатысты деректер молынан кездеседі. Одан кейінгі кезеңдерде «Цзю Тан шу» (旧唐书), «Шин Тан шу» (新唐书), «Ескі бес патшалық тарихы» (旧五代史), «Жаңа бес патшалық тарихы» (新五代史), «Сун шы» (宋史), «Лияу шы» (辽史), «Жин шы» (金史), «Юань шы» (元史) және «Мин шы» (明史) қатарлы тарихи еңбектерде Орталық Азияның мен Шыңжаң тарихи географиясына қатысты мәліметтер баршылық. Жоғарыда аталған тарихи жазба деректерден сырт, Қытайда әр дәуірде сызылған «Каннидо» (混一疆理歷代國都之圖), «Да мин го ту» (大明國圖), «Сию туди ренву ту» (西域土地人物图), «Сию туди ренву люэ» (西域土地人物略), «Мэнгу Шаньшуй Диту» (蒙古山水地图), «Цяньлун тянься юдиту» (乾隆天下輿地图), «Канси хуанью чюаньланту» (康熙皇輿全览图) және т.б. тарихи карталардың да Орталық Азияның тарихи географиясын зерттеуде маңызы зор.

Сонымен қатар, Орталық Азиян мен Шыңжаң тарихи географиясы мен жер-су атауларына қатысты қытай тіліндегі арнайы тарихи жазбалар да кездеседі. Мысалы, солардың ішінде Цин дәуіріндегі Қытай тарихшысы Шюй Суңның (1781-1848 жж.) еңбектерін ерекше атап өтуге болады. Ол «Сун патшалығы тарихының негіздері» (宋会要稿) және «Таң дәуірінің толық жазбаларын» (全唐文) өңдеумен қатар, Қытайдың солтүстік-батысындағы шекаралас аймақтардың тарихи географиясы туралы «Батыс өңірдің су жолдары естелігі» (西域水道记), «Хан шу Батыс өңір шежіресінің толықтырған ескертпесі» (汉书西域传补注), «Синьбоның география туралы жазбалары» (新斠注地理志集释), «Юань патшалығының солтүстік-батыс географиялық анықтамасы» (元史西北地理考), «Таңғұттардың географиялық анықтамасы» (西夏地理考), «Чанчуньның батысқа саяхаты естелігіне арнау» (长春真人西游记跋) және т.б. сияқты көптеген еңбектер жазып, Орталық Азияны қамтыған тұтас Еуразия аймағының тарихы мен географиясын зерттеді. Оның тарихи еңбектерінің ықпалымен Қытайда шекаралас аймақтардың тарихы мен географиясын зерттеу дәстүрлі қалыптасты деуге болады.

Шюи Суңның Орталық Азияның жер-су атаулары туралы ең әйгілі еңбегі – «Батыс өңірдің су жолдары естелігі» (西域水道记). Шюи 1819 жылғы аталмыш еңбегінде қытайлық тарихшы Ли Даоюанның (466/472-527 жж.) «Су жолдарына түсініктеме»(水经注) атты тарихи еңбегіне сүйеніп, жер-жерде жүргізген зерттеулері арқылы көптеген мәліметтер жинай отырып, Шыңжаң мен Орталық Азияның су жолдарын барынша жіңішкелікпен түсіндіреді. Атап айтқанда, Ертіс өзенімен қатар, Лопнұр көлі, Қаракөл, Баркөл, Манас көлі, Айби көлі, Балқаш көлі, Сайрам көлі, Ыстықкөл, Алакөл, Бурылтоғай көлі, Зайсаң көлі сияқты көлдер мен олардың іргелес аймақтарына байланысқан су жолдары мен өзен алқаптарын, қалалар мен елді мекендердің тарихын және этникалық топтардың таралуы егжей-тегжейлі сипатталған (Шюи, 1819).

Зерттеу нәтижелері

1930 жылдарда Орталық Азияның тарихы туралы шет тілдердегі маңызды зерттеу еңбектерінің қытай тіліне аударылуы да Қытайдың Орталық Азия аймағын тереңдей тануына

және кейінгі тарихи зерттеулерге айтарлықтай үлес қосты. Бұл кезеңде Фың Чеңжүн, Цэнь Жүңмян (1885-1961 жж.) сияқты қытайлық ғалымдар көп еңбек етті. Бұл бағытта, әсіресе, Фың Чеңжүн Шыңжаң мен Орталық Азияның тарихи жер-су атауларына қатысты зерттеулерде жемісті нәтижелерге қол жеткізді. Фың шетелдік зерттеу нәтижелерін енгізуге баса назар аударып, 1930 жылы «Батыс өңірдің жер-су атаулары» (西域地名) атты монографиясын жариялады (Фың, 1930). Ал, Цэнь Жунмианның 1958 жылы жариялаған «Түрік тарихының жинағы» (突厥集史) және «Батыс Түрік қағанатының тарихи материалдары бойынша қосымша және зерттеулер» (西突厥史料补阙及考证) атты ғылыми еңбектері Қытайда Түрік қағанатының тарихы мен географиясы туралы шыққан алғашқы зерртеулердің көшін бастады (Цэнь, 1958).

1960-1970 жылдардан бастап Қытайда Орталық Азияны зерттейтін арнайы зерттеу орталықтары мен институттардың ашылуы және ғылыми журналдар жарыққа шығуы елдегі Орталық Азия туралы зерттеулерге серпін берді. Бұл тұрғыда 1965 жылы Ресей, Шығыс Еуропа және Орталық Азия ғылыми-зерттеу институты құрылды. Шыңжаң университетінде 1979 жылы құрылған Орталық Азия тарихи зерттеу кафедрасы мен 1980 жылы құрылған Орталық Азия географиялық зерттеу кафедрасы біріктіріліп 1987 жылы Орталық Азия мәдениетін зерттеу институты болып қайта құрылды (аталмыш институт 2011 жылы Шыңжаң университеті Орталық Азия геосаяси ғылыми-зерттеу институты болып өзгерді). Ал, 1980 жылы ШҰАР Әлеуметтік ғылымдар академиясында Орталық Азия зерттеу институты құрылды. Қытай әлеуметтік ғылымдар академиясында 1980 жылы «Eurasian Studies» журналы және 1981 жылы «Russian, East European & Central Asian Studies» журналында Орталық Азия бойынша тарихи, этнологиялық, географиялық, әлеуметтік және экономикалық зерттеулер жарияланып келеді (Қанай, 2019: 30-32).

1980 жылдары қытайлық ғалымдардың Орталық Азияның тарихы мен тарихи географиясына қатысты авторлық ғылыми еңбектері пайда болды. Солардың бірі болып, қытайлық тарихшы Ван Жылай 1980 жылы «Орталық Азия тарихы» және 1989 жылы «Орталық Азиядағы қазіргі заман тарихы» кітабын баспадан шығарып, Қытайда Орталық Азия тарихы бойынша зерттеулерге өз үлесін қосты (Ван, 1980; Ван, 1989). Сол жылдары Орталық Азиялық тарихшылардың еңбектері де қытай тіліне аударылды. Мысалы, 1980 жылдары іркес-тіркес Мұхаммед Жуайнидың «Тарихи жаһангушай» (Жуайни, 1981), Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарихи Рашиди» (Дулати, 1983) жылы және 1983-1986 жылдары Рашид ад-Диннің «Жамиғ ат-тауарих» (Рашид ад-Дин, 1983) кітабы қытайшаға аударылды.

Орталық Азияның тарихи жер-су атауларының мәтіндік зерттеулеріне тоқталатын болсақ, тағы да Цэнь Чжунмианның еңбегіне алдымен тоқталуға тура келеді. Автор «Хан шудың Батыс өңір тарауының географиялық түсініктемесі» (汉书西域传地理校释) атты еңбегінде Шыңжаң мен Орталық Азияның жер-су атауларын зерттеуде тарихи салыстырмалы тіл білімі әдісін (яғни фонетикалық антифония: қытай тіліндегі жер-су атауларының көне айтылуын қалпына келтіру және тиісті кезеңдегі этникалық жер-су атауларының айтылуымен салыстыру әдісі) пайдаланды (Цэнь, 1981). Бұл бұрынғыларға қарағанда жаңаша қадам болды. Сонымен қатар, бұл бағытта Чжоу Лянькуанның «Ұлы Таң патшалығының Батыс өңір естелігінің тарихи-географиялық зерттеу мақалалары» (大唐西域记史地研究丛稿)(Чжоу, 1984), Ню Ручэн мен Ню Ружидің «Жаңашар атауына сын-сарап» (疏勒名称试辨) мақаласы (Ниу, Ниу, 1986), «Шағатай тіліндегі «Тарих-и Рәшиди» ден (үзінді) және Ақсу жер-су атауларының шығу тегі мен мағынасы туралы (察合台文历史文献〈热夏提王传〉(片段)注释一兼论阿克苏地名的来源及含意)(Ню, Ню, 1987) және Су Бэйхайдың «Батыс өңірдің тарихи географиясы» (西域历史地理)(Су, 1988) атты ғылыми еңбектерін атауға болады. Бұл кезеңде аталмыш зерттеулердің ғылыми бағыты айқындала бастап, тарих, тарихи география, мәдениет тарихы, археологиялық зерттеулер, дін және саясат сынды бағыттарда салыстырмалы

зерттеулер жүргізілді. Соның ішінде тарихи географиялық зерттеулерде негізінен ескі жазбалардағы жер-су атауларына түсініктеме беруге бағытталды.

1990 жылдардан кейін Қытайда Орталық Азияның тарихи картографиясы туралы зерттелу тіпті де қарқын ала бастады. Мысалы, Ню Чжуншүннің «Ежелгі дәуіріндегі Қытайдың Орталық Азия туралы географиялық зерттелуі мен танымы» (我国古代对中亚的地理考察和认识) кітабында ежелгі Қытайдың Орталық Азияны географиялық зерттеу мен түсінуге үлес қосқан 40-қа жуық адам мен 35 еңбекке шолу жасалған, яғни осыған дейін осы салада үлес қосқан ғалымдар мен олардың елеулі еңбектерін түгел қамтиды. Сондай-ақ, кітапта әрбір автордың немесе саяхатшының өмірі мен саяхат жолдары, тарихи география мен географиялық тарихты зерттеуге арналған әрбір шығарманың құндылығы мен кемшіліктері, әр шығарманың басылымы мен шығу тегі, әр шығармаға қатысты кейінгі ұрпақтардың пікірлері баяндалады. Әрқайсысының зерттеу тарихына қысқаша және сәйкес шолу беріледі. Сондықтан бұл кітапты жүйелі әрі жан-жақты еңбек және Орталық Азияның тарихи географиясын зерттеудегі негізгі құрал деп айтуға болады (Ню, 1990).

Цзи Дачун «Шыңжаң тарихи сөздігі» (新疆历史词典) (Цзи, 1994) мен Хэ Линчжу, Лю Вэйсин және т.б. бірге құрастырған «Солтүстік-батыстағы ұлттар сөздігі» (西北民族词典 (Хэ және т.б., 1998) атты жер-су атаулары сөздіктері – Қытайдың батысы мен солтүстік-батысымен шекаралас аймақтардағы адам аттары, этникалық топтар мен тайпалар және жер-су атауларын зерттеу мен түсіну үшін пайдалануға болатын маңызды құрал. Бұл еңбектер аталмыш аймақтардың жер-су атауларын ежелгі Қытай тіліндегі классикалық шығармалардағы сәйкес мазмұнға негіздеп түсіндіреді. Дегенмен, зерттеулерде жеке пікірлер көп болғанымен, жер-су атауларына қатысты кейбір түсініктемелер әлі де шектеулі.

2000 жылдары тарих, тарихи география, география, археология және тарихи лингвистика сияқты сабақтас пәндер бойынша зерттеулердің дамуы Орталық Азиядағы көне қалалардың орнын, жер-су атауларын және тасымал жолдарын одан әрі зерттеуге жаңа мүмкіндік берді. Сол жылдары Шүй Шұияның «Таң дәуіріндегі Жібек жолы және Орталық Азияның тарихи географиясы бойынша зерттеулер» (唐代丝绸之路与中亚历史地理研究) кітабында Орталық Азияның тарихы мен тарихи географиясына қатысты араб-ислам географиялық еңбектері мен Орталық Азияның жергілікті археологиялық деректері Қытайдың Таң патшалығы дәуіріндегі тиісті тарихи құжаттарымен салыстырмалы түрде зерттелді (Шүй, 2000). Юнусжан Әлидің «Қарахандар әулетінің ежелгі астанасы Баласағұн туралы зерттеу» (喀喇汗王朝古都巴拉萨衮考) және басқа мақалалары (Әли, 2001), Ху Чжэнхуаның «Қырғызстанның ежелгі Ош қаласының атауы туралы» (关于吉尔吉斯坦古城地名“奥什) және басқа мақалаларында (Ху, 2001) да Орталық Азиядағы көне қалалардың орны мен жер-су атаулары әртүрлі қырынан зерттелді.

Юй Тайшанның «Екі Хан, Вэй, Цзин, Оңтүстік және Солтүстік патшалықтары тарихының Батыс өңір тарауын зерттеу» (两汉魏晋南北朝正史西域传研究) атты монографиясында (Юй, 2003) және Чжан Синцсанның «Қытай мен Батыс қарым-қатынасының тарихи материалдар жинағы» (中西交通史料汇编) (Юй, 2003) атты монографиясында Қытайдың классикалық еңбектеріндегі Орталық Азияның тарихи географиясын, жер атауларының эволюциясын және қытай тілі мен қытай тіліне жатпайтын жер атауларының сәйкестігін талқылайды. Дегенмен, мазмұны көне жер-су атауларымен шектеліп, «Батыс өңірдің су жолдары естелігі» (西域水道记) кітабындағы Мин және Цин династияларынан бергі Тянь Шанның оңтүстік сілемінің тау-өзен атаулары, жолдарды, тау асулары және кейбір ресми атаулары сирек кездеседі.

Қытайда Орталық Азияның тарихи географиясы бойынша шыққан ең көлемді еңбектердің бірі – «Батыс аймақтың тарихы мен мәдениетінің сөздігі» (西域历史文化大词典). 2000-2012 жылдары арылығында Чжан Синьтай мен Хэ Лин қатарлылыар бас болып

құрастырған аталмыш сөздікте Қытайдың солтүстік-батыс аймағы, Шыңжаң және Орталық Азияның тарихы мен тарихи географиясы және мәдениеті туралы жалпы 19 мың атау-терминге түсініктеме берілген (Чжан, Хэ және т.б., 2012).

Жоғарыда аталған ғылыми еңбектермен қатар, Қытайда Орталық Азияның тарихы мен тарихи географиясы туралы бірқатар магистрлік және докторлық диссертациялар да қорғалды. Атап айтқанда, Жуи Кэмей 2007 жылы «Орталық Азиядағы түркіленудің тарихи процесі» (论中亚突厥化的历史进程) тақырыбында магистрлік диссертациясын қорғады (Жуи, 2018). Луо Ваньян 2007 жылы «Тимур империясы мен Қыпшақ хандығы арасындағы байланыс туралы» (论帖木儿帝国与钦察汗国的关系) атты магистрлік диссертациясын қорғады (Луо, 2007). Ван Синчунь 2012 жылы «Солтүстік-Батыс Қытай ғылыми экспедициясы» (中国西北科学考查团考古学史研究) деген докторлық диссертациясын қорғады (Ван, 2012). Лэ Линг 2017 жылы «X-XII ғасырлардағы Жібек жолы көлік желісін қалпына келтіру» (10-12 世纪陆上丝绸之路交通道路网络复原) деген магистрлік диссертациясын қорғады (Лэ, 2017). Ху Юменг 2018 жылы «Жібек жолы бойындағы мәдени алмасуларды зерттеу (б.з.б. II ғасыр)» деген магистрлік диссертациясын қорғады (Ху, 2018). Чжан Пэнфэй 2018 жылы «X-XIV ғасырлардағы Қытай мен шет елдер арасындағы археологиялық ашылымдар» (10-14 世纪丝绸之路考古发现与中外文化交流) деген Магистрлік диссертациясын қорғады (Чжан, 2018). Тарихшы-ғалым Әбулекім Әбдиршит 2018 жылы Нанкин университетінен «Батыс өңірдің су жолдары естелігіндегі» Тянь Шань тауларының оңтүстік бағытының бойындағы түркілік жер-су атауларына анықтама және зерттеу» (西域水道记:天山南路回语地名考注与研究) деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады (Әбдиршит, 2018). Гуй Лиян 2021 жылы «Маңызды Жібек жолы қаласы Термез туралы тарихи-географиялық зерттеуі» (丝路重镇铁尔梅兹城历史地理考察) деген магистрлік диссертациясын қорғады (Гуй, 2021). Ли Кэ 2021 жылы «X ғасырдағы қалалардың таралуының тарихи-географиялық зерттеуі» (10 世纪中亚城市分布的历史地理考察) деген магистрлік диссертациясын қорғады (Ли, 2021). Ли Цзя 2023 жылы «Таң патшалығы мен Араб Халифаты арасындағы қарым-қатынастағы Ферғананың саяси ұстанымы» (拔汗那在唐与大食关系中的政治立场研究) деген Магистрлік диссертациясын қорғады (Ли, 2021).

Қорытынды

Мақалада Қытайдағы Орталық Азияның тарихи географиясының зерттелуіндегі маңызды аспектілер мен жаңалықтар қарастырылды. Зерттеу барысында Қытай тарихнамасындағы деректер мен еңбектердің эволюциясы талданып, Орталық Азияның тарихи географиясына қатысты жаңа ғылыми көзқарастар ұсынылды. Жалпы алғанда, Азия мен Еуропа құрлығын бір-біріне жалғап жатқан, тарихи Жібек жолы ендей өтетін Орталық Азия аймағына көршілес жатқан Қытайдың тарихтан бері жіті назар аударып келгені мәлім. Сондықтан да, Орталық Азияның тарихи картографиясы туралы зерттелуде бірінші қол дереккөзі ретінде Қытай тіліндегі тарихи жазба деректер мен карталардың тарихи құндылығы мен маңызы жоғары.

Мақалаға өзек болған Орталық Азияның тарихи географиясының Қытайдағы зерттелу жағдайына келер болсақ, аталмыш зерттеулерді 1990-жылдарға дейінгі және кейінгі деп екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Ең алдымен, 1930 жылдарда Орталық Азия тарихы туралы шет тілдердегі маңызды зерттеу еңбектерінің қытай тіліне аударылуы да Қытайдың Орталық Азия аймағын тануына айтарлықтай үлес қосты. Одан кейінгі кезеңде Қытайдың Орталық Азия туралы ғылыми бағыттағы зерттеулері 1960-1970 жылдарда ғана басталды. Сол жылдары Қытайда Орталық Азияны зерттейтін арнайы зерттеу орталықтары мен ғылыми институттар ашылып, ғылыми басылымдар мен журналдар жарыққа шықты. Ал, 1990 жылдардан кейінгі кезеңде Қытайда Орталық Азияның тарихы мен тарихи географиясы туралы зерттеулер тың белеске көтерілді. Бұл ең алдымен тәуелсіз Орталық Азия елдері мен Қытай арасындағы

дипломатиялық және экономикалық байланыстардың жандануымен тіке байланысты болды. Сол жылдары Қытайдың Орталық Азия саясаты мен стратегиясының шеңберінде көптеген қытайлық университеттері мен академиялық орталықтарда Орталық Азия бойынша ғылыми орталықтары мен институттар көптеп ашылып, сала мамандары қалыптасып, көптеген ғылыми еңбектер жарық көрді.

Қытайдың академиялық басылымдар реестрі саналатын «CNKI» сайтында тіркелген мәліметтер бойынша, 1934-2024 жылдары аралығында Қытайда Орталық Азиян туралы жалпы 38600 еңбек жарық көріп, оның ішінде мерзімді басылым 22500, дипломдық және диссертациялық жұмыстар 5014, кітап 2729, газет мақалалары 2721, жылдық жинақ 2225 және конференция 914 болған (CNKI, 2024). Аталмыш сандық мәліметтерге қарап-ақ Қытайдың Орталық Азия бойынша зерттеулерінің ауқымын бағамдауға болады. Осы аталған зерттеулердің маңызды бір бөлігін Орталық Азияның тарихы мен тарихи географиясы туралы зерттеулер ұстайтыны анық.

Әдебиеттер:

Жанболат, С., 2012 – Ежелгі ұлыс тарихы. Алматы: «Атажұрт» баспа орталығы. 2012. 296 с.

Қанай, Ө., 2019 – Қытайдың Орталық Азия туралы зерттеулері. Азия-Еуропа. 2019. №37. С. 29-36.

CNKI, 2024 – https://cnki.

阿布力克木·阿布都热西提, 2018 – 西域水道记天山南路回语地名考注与研究 («Батыс өңірдің су жолдары естелігіндегі» Тянь Шань тауларының оңтүстік бағытының бойындағы түркілік жер-су атауларына анықтама және зерттеу). 南京大学. 博士学位毕业论文.2018. 772 с.

岑仲勉, 1958 – 突厥集史 (Түрік тарихының жинағы). 北京: 中华书局, 1136 с.

岑仲勉, 1958 – 西突厥史料补阙及考证 (Батыс Түрік қағанатының тарихи материалдары бойынша қосымша және зерттеулер). 北京: 中华书局, 1958. 260 с.

岑仲勉, 1981 – 汉书西域传地理校释 (Хан шудың Батыс өңір тарауының географиялық түсініктемесі). 北京: 中华书局, 1981. 602 с.

馮承鈞, 1982 – 西域地名 (Батыс өңірдің жер-су атаулары). 北京: 中华书局, 1982.165 с.

馮承鈞 , 1930 – 西域地名 (Батыс өңірдің жер-су атаулары). 北京: 中华书局, 1930. 74 с.

桂利燕, 2021 – 丝路重镇铁尔梅兹城历史地理考察 (Маңызды Жібек жолы қаласы Термез туралы тарихи-географиялық зерттеуі). 陕西师范大学. 硕士学位毕业论文. 2021. 143 с.

汉书 (Хан шу), 卷 61.

胡振华, 2001 – 关于吉尔吉斯斯坦古城地名“奥什” (Қырғызстанның «Ош» ежелгі қаласының жер атауы туралы). 中央民族大学学报, 3 期, 2001. С. 89-92.

胡宇蒙, 2018 – 丝绸之路沿线文化交流研究(公元前 2 世纪—公元 2 世纪) [Жібек жолы бойындағы мәдени алмасуларды зерттеу (б.з.б. II ғасыр)]. 陕西师范大学. 硕士学位毕业论文. 2018. 111 с.

纪大椿, 1994 – 新疆历史词典 (Шыңжаң тарихи сөздігі). 乌鲁木齐: 新疆人民出版社. 1994. 752 с.

巨克梅, 2007 – 论中亚突厥化的历史进程 (Орталық Азиядағы түркіленудің тарихи процесі туралы). 兰州大学. 硕士学位毕业论文. 2007. 54 с.

拉施特, 1983 – 史集 (Жамиғ ат-тауарих). 余大均, 周建奇译. 北京: 商务印书馆. 1983. 12 том.

周连宽, 1984 – 大唐西域记史地研究丛稿 (Батыс өңір тарауының географиялық түсініктемесі). 北京: 中华书局. 320 с.

李珂, 2021 – 10 世纪中亚城市分布的历史地理考察 (10 ғасырдағы қалалардың таралуының тарихи-географиялық зерттеуі). 陕西师范大学. 硕士学位毕业论文. 2021. 81 с.

刘委新等, 1998 – 西北民族词典(Солтүстік-батыстағы ұлттар сөздігі). 乌鲁木齐: 新疆人民出版社. 1998. 1173 с.

李佳, 2023 – 拔汗那在唐与大食关系中的政治立场研究 (Таң патшалығы мен Араб халифаты арасындағы қарым-қатынастағы Ферғананың саяси ұстанымы). 兰州大学. 硕士学位毕业论文. 2023. 67 с.

罗万艳, 2017 – 论帖木儿帝国与钦察汗国的关系 (Тимур империясы мен Қыпшақ хандығы арасындағы байланыс туралы). 贵州师范大学. 硕士学位毕业论文. 2017. 41 с.

乐玲, 2017 – 10-12 世纪陆上丝绸之路交通道路网络复原 (X-XII ғасырлардағы Жібек жолы қарым-қатынас желісін қалпына келтіру). 陕西师范大学. 硕士学位毕业论文. 2017. 123 с.

米儿咱.马黑麻.海答儿, 1983 – 中亚蒙兀儿史: 拉失德史 (Тарих-и Рашиди). 王治来译. 乌鲁木齐: 新疆人民出版社. 1983. 897 с.

牛汝辰, 牛汝极, 1986 – 疏勒名称试辨 (Жаңашар атауына сын-сарап). 地名知识, 4 期, 1986. 86 с.

牛汝辰, 牛汝极, 1987 – 察合台文历史文献〈热夏提王传〉(片段)注释一兼论阿克苏地名的来源及含意 (Шағатай тіліндегі «Тарих-и Рәшиди» ден (үзінді) және Ақсу жер-су атауларының шығу тегі мен мағынасы туралы). 新疆大学学报, 4 期, 1987. С. 101-105.

钮仲勋, 1990 – 我国古代对中亚的地理考察和认识 (Ежелгі дәуіріндегі Қытайдың Орталық Азия туралы географиялық зерттелуі мен танымы). 北京: 测绘出版社, 1990. 116 с.

史记 (Шы цзи), 卷 123.

苏北海, 1988 – 西域历史地理 (Батыс өңірдің тарихи географиясы). 乌鲁木齐: 新疆大学出版社, 1988. 396 с.

王治来, 1980 – 中亚史 (Орталық Азия тарихы). 北京:中国社会科学院出版社, 1980. 287 с.

王治来, 1989 – 中亚近代史 (Орталық Азиядағы қазіргі заман тарихы).兰州: 兰州大学出版社, 1989. 405 с.

王新春, 2012 – 中国西北科学考查团考古学史研究 (Солтүстік-Батыс Қытай ғылыми экспедициясының археологиялық тарихын зерттеу). 兰州大学. 博士学位毕业论文, 2012. 327 с.

徐松, 1819 – 西域水道記 (Батыс өңірдің су жолдары естелігі), 12 том.

许序雅, 2000 – 唐代丝绸之路与中亚历史地理研究 (Таң дәуіріндегі Жібек жолы және Орталық Азияның тарихи географиясы бойынша зерттеулер). 兰州: 西北大学出版社, 2000. 252 с.

羽田亨, 2005 – 西域文明史概论 (Батыс өңірдің мәдениет тарихы). 耿世民译. 北京: 中华书局, 2005. 207 с.

余太山, 2003 – 两汉魏晋南北朝正史西域传研究 (Екі Хан, Вэй, Цзин, Оңтүстік және Солтүстік патшалықтары тарихының Батыс өңір тарауын зерттеу). 北京: 中华书局, 2003. 573 с.

尤努斯江·艾力, 2001 – 喀喇汗王朝古都巴拉萨衮考(Қарахандар әулетінің ежелгі астанасы Баласагон туралы зерттеу).新疆大学学报, 1 期, 2001.С. 83-90.

张星烺, 2003 – 中西交通史料汇编(Қытай мен Батыс қарым-қатынасының тарихи материалдар жинағы). 北京:中华书局, 2003. 2319 с.

张新泰, 贺灵, 2012 – 西域历史文化大词典(Батыс аймақтың тарихы мен мәдениетінің сөздігі). 乌鲁木齐: 新疆人民出版社, 2012. 1811 с.

张鹏飞, 2018 – 10-14 世纪丝绸之路考古发现与中外文化交流(X-XIV ғасырлардағы Қытай мен шет елдер арасындағы археологиялық ашылымдар). 陕西师范大学. 硕士学位毕业论文, 2018. 99 с.

志费尼, 1981 – 世界征服者史 (Тарихи жаһангушай). 何高济译. 呼和浩特: 内蒙古人民出版社, 1981. 1024 с.

References:

Abudurexiti, A., 2018 – Xiyu shuidao ji Tianshan nanlu huiyu diming kaozhu yu yanjiu. Nanjing daxue. Boshi xuewei biye lunwen. 2018. 772 c.

Aili, Y., 2001 – Kalahan wangchao gudu Balasagun lao. Xinjiang daxue xuebao, 1 qi, 2001. C. 83-92.

CNKI, 2024 – https://cnki.net.

Cen Zhongmian, 1958 – Tujue ji shi. Beijing: Zhonghua shuju, 1985. 1136 c.

Cen Zhongmian, 1958 – Xi tujue shiliao bu que ji kaozheng. Beijing: Zhonghua shuju, 1958. 260 c.

Cen Zhongmian, 1981 – Hanshu xiyu chuan dili xiaoshi. Beijing: Zhonghua shuju, 1981. 602 c.

Cen Zhongmian, 1990 – Woguo gudai dui zhongya de dili kaocha he renshi. Beijing: Cehui chuban she, 1990. 116 c.

Feng Chengjun, 1930 – Xiyu diming, 1930. 74 c.

Feng Chengjun,1982 – Xiyu diming. Beijing: Zhonghua shuju, 1982. 165 c.

Gui Liyan, 2021 – Si lu zhongzhen Termiz cheng lishi dili kaoca. Shanxi shifan daxue. Shuoshi xuewei biye lunwen, 2021. 143 c.

Haneda Toru, 2005 – Xiyu wenming shi gailun. Gengshimin yi. Beijing: Zhonghua shuju, 2005. 207 c.

Hu Yumeng, 2018). Sichou zhi lu yanxian wenhua jiaoliu yanjiu (gongyuan qian 2 shiji — gongyuan 2 shiji). Shanxi shifan daxue. Shuoshi xuewei biye lunwen, 2018. 111 c.

Hu Zhenhua, 2003 – Guanyu jierjisisitan gucheng diming Osh. Zhongyang minzu daxue xuebao, 3 qi, C. 89-92.

Ji Dachun, 1994 – Xinjiang lishi cidian. Wulumuqi: Xinjiang renmin chuban she, 1994. 752 c.

Ju Kemei, 2007 – Lun zhongya tujuehua de lishi Jincheng. Lanzhou daxue. Shuoshi xuewei biye lunwen, 2007. 54 c.

Kanay, O., 2019 – Kytaidyng Ortalyq Azia turaly zertteuleri. Asy Aurupa. №37, 2019. C. 29-36.

Le Ling, 2017 – 10-12 shiji lushing sichou zhi lu jiaotong daolu wangluo fuyuan. Shanxi shifan daxue. Shuoshi xuewei biye lunwen, 2017. 123 c.

Li Jia, 2023 – Bahana zai tang yu dashi guanxi zhong de zhengzhi lichang yanjiu. Lanzhou daxue. Shuoshi xuewei biye lunwen, 2023. 67 c.

Liu Weixin tb, 1998 – Xibei minzu cidian. Wulumuqi: Xinjiang renmin chuban she, 1998. 1173 c.

Luo Wanyan, 2017 – Lun tiemuer digup yu qincha hanguo de guanxi. Guizhou shifan daxue. Shuoshi xuewei biye lunwen, 2017. 41 c.

Myrza.Mahmut.Haidar, 1983 – Zhongya meng wu er shi: La shi de shi. Wangzhilai yi. Wulumuqi: Xinjiang renmin chuban she,1983. 897 c.

Niu Ruchen, Niu Ruji, 1986 – Shule mingcheng shibian. Diming zhishi, 4 san,1986. 86 c.

Niu Ruchen, Niu Ruji, 1987 – Chahetai wen lishi wenxian<Rexitiwang chuan>(Pianduan) zhushi ⸻ Jian lun Akesu diming de laiyuan ji hanyi. Xinjiang daxue xuebao, 4 san, 1987. C. 101-105.

Rashid, 1983 – Shi ji. Yudayun, Zhoujianqi yi. Beijing: Shangwu yinshu guan, 12 tom.

Shiji, 1983 – Juan 123.

Su Beihai, 1988 – Xiyu lishi dili. Wulumuqi: Xinjiang daxue chuban she, 1988. 396 c.

Tishchenko, V., 2010 – Transportinfrastructure of Xinjiang in the context of China's new policy of opening up the west. The Proceedings of the International Conference on Asia-Pacific Maritime Infrastructure and Logistics, 2010. 2 c.

Wang Zhilai, 1980 – Zhongya shi. Beijing: Zhongguo shehui kexueyuan chuban she, 1980. 287 c.

Wang Zhilai, 1989 – Zhongya jindai shi. Lanzhou: Lanzhou daxue chuban she, 1989. 405 c.

Xu Song, 1819 – Xiyu shuidaoji, 1819. 12 tom.

Xu Xuya, 2000 – Tangdai sichou zhi lu yu zhongya lishi dili yanjiu. Lanzhou: Xibeidaxue chuban she, 2000. 252 c.

Yu Taishan, 2003 – Liang han wei jin nan bei chao zhengshi xiyu chuan yanjiu. Beijing: Zhonghua shuju, 2003. 573 c.

Yu Yuan, 2008 – Guanyu tujuede xijiankang dazhan. Guizhou shifan daxue. Shuoshi xuewei biye lunwen, 2008. 67 c.

Zhang Pengfei, 2018 – 10-14 shiji sichou zhi lu kaogu faxian yu zhongwai wenhua jiaoliu. Shanxi shifan daxue. Shuoshi xuewei biye lunwen, 2018. 99 c.

Zhang Xingliang, 2003 – Zhongxi jiaotong shiliao huibian. Beijing: Zhonghua shuju, 2003. 2319 c.

Zhang Xintai, Heling, 2012 – Xiyu lishi wenhua da cidian. Wulumuqi: Xinjiang renmin chuban she, 2012. 1811 c.

Zhou Liankuan, 1984 – Datang xiyu ji shi di yanjiu conggao. Beijing: Zhonghua shuju, 1984. 320 c.

Zhanbolat, S., 2012 – Ezhelgi ulys tarihy. Almat: «Atazhurt» baspa ortalygy. 2012. 296 c.

Zhi Feini, 1981 – Shijie zhengfu zhe shi. Hegaojiyi. Huhehaote: Neimenggu renmin chuban she, 1981. 1024 c.

[1]Кайполла К., [2]Муратбекова А.М., [3]Занадил Ж. [2]

[1]Казахский национальный университет имени. аль-Фараби, Алматы, Казакстан

[2]Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, Алматы, Казакстан

[3]Евразийский научно-исследовательский институт, Алматы, Казакстан

E-mail: qayrekeqay@gmail.com, [2]albina.muratbek@gmail.com,

[3]zhuldiz_zanadil@hotmail.com

ИССЛЕДОВАНИЕ ИСТОРИЧЕСКОЙ ГЕОГРАФИИ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В КИТАЕ

Аннотация. Статья посвящена систематическому изучению исследований по исторической географии Центральной Азии в китайской историографии. Основная цель статьи – анализировать эволюцию взглядов китайских ученых о регионе, начиная с первых научных трудов по этой теме и до современных исследований. В статье представлены новые научные подходы на основе китайских источников, которые освещают важные аспекты исторической географии региона. Методологическая база включает сравнительно-исторический, источниковедческий и историографический методы, которые применяются для анализа и систематизации ключевых данных. Сравнительно-исторический метод позволяет

выявить общие черты географических взаимосвязей между Китаем и Центральной Азией, а методы источниковедческого анализа дают возможность глубже рассмотреть содержание данных. Историографический метод систематизирует источники по хронологическим периодам, что позволяет выделить особенности каждой исторической эпохи. В результате исследования предложены новые научные подходы, способствующие углублению знаний об исторической географии Центральной Азии.

Благодарность: М статья выполнена в рамках целевого программного финансирования проекта по теме «Историческая география Центральной Азии», осуществляемого Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан. (индивидуальный регистрационный номер: BR21882416).

***Ключевые слова*:** Центральная Азия, Историческая картография, Китайские данные, Географические исследования, Научные взгляды, Древние данные, Эволюция исследований, Западный регион, Исследовательские новшества, Методология источниковедения

[1]Kaipolla K., [2]Muratbekova A.M., [3]Zanadil Zh.
[1]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
[2] Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Almaty, Kazakhstan
[3]Eurasian Research Institute
E-mail: qayrekeqay@gmail.com, [2]albina.muratbek@gmail.com,
[3]zhuldiz_zanadil@hotmail.com

RESEARCH OF HISTORICAL GEOGRAPHY OF CENTRAL ASIA IN CHINA

Abstract. The article focuses on a methodical examination of research on the historical geography of Central Asia in Chinese historiography. The main aim of the paper is to analyze the evolution of Chinese scholars' perspectives on the region, including from the earliest works to the most recent studies. The article provides new scholarly approaches based on Chinese sources, shedding light on important aspects of the historical geography of the region. The methodology incorporates comparative-historical, source-critical, and historiographical methods to analyze and systematize key data. The comparative-historical method reveals the common features of the geographical connections between China and Central Asia, while source analysis methods enable a deeper understanding of the data's content. The historiographical method organizes sources chronologically, highlighting the characteristics of each historical period. As a result, the article offers new scientific approaches to the historical geography of Central Asia, contributing to the further development of knowledge in this field.

Acknowledgments: This article was carried out within the framework of the targeted program funding project on the topic of "Historical Geography of Central Asia," implemented by the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan. (personal registration number: BR21882416).

Keywords: Central Asia, Historical cartography, Chinese sources, Geographical studies, Scientific perspectives, Ancient data, Evolution of studies, Western region, Research innovations, Source methodology

Авторлар туралы мәлімет:

Қайполла Қайрат, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, PhD докторант, Алматы, Қазақстан.

Муратбекова Альбина Мырзахановна**,** PhD, Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Еуразиялық ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.

Занадил Жулдыз, PhD, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Еуразия ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Кайполла Кайрат, Казахский национальный университет имени. аль-Фараби, PhD докторант, Алматы, Казакстан.

Муратбекова Альбина, PhD, старший научный сотрудник Евразийского научно-исследовательского института Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмета Яссави, Алматы, Казахстан.

Жулдыз Занадил, PhD, научный сотрудник Евразийского научно-исследовательского института Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмета Яссави, Алматы, Казахстан.

Information about authors:

Kaipolla Kairat, Al-Farabi Kazakh National University, Faculty of Oriental Studies, teacher of the Department of Turkish Studies and History of the East Almaty, Kazakhstan.

Muratbekova Albina Mirzakhanovna, PhD, senior research fellow at the Eurasian Research Institute of the Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Almaty, Kazakhstan.

Zhuldyz Zanadil, PhD, researcher Eurasian Research Institute of the Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Almaty, Kazakhstan.

Келіп түсті 4 желтоқсан 2024 жыл
Қабылданды 27 ақпан 2025 жыл

ҒТАХР 03.91 https://doi.org/ 10.63051/kos.2025.1.117

Қадыл Т.
Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан
E-mail: taldaobekashimhan@gmail.com

ҚАЗАҚ РОМАНДАРЫНДАҒЫ ШЫҒЫСТЫҚ МОТИВТЕР: СҮЙІСПЕНШІЛІК САРЫННЫҢ ТАРИХИ-КӨРКЕМ ШЫНДЫҚТЫ АШУДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа. Бұл зерттеу мақалада Шығыстық мотивтердің, оның ішінде махаббат тақырыбына арналған аңыздық сюжеттердің қазақ тарихи романдарында қалай көрініс тапқандығы зерттеліп-зерделенеді. Зерттеудің мақсаты – тарихи романдарда жасампазықпен түрлне қолданылған аңыз сюжеттрге талдау жасалына отырып, оның көркем шындықты ашудағы қызметі зерттеледі. Осы мақсатты орындау үшін Софы Сматаевтің «Елім-ай» атты роман-трилогиясы, С.Жүнісовтың «Ақан сері», Ә.Кекілбаевтің «Аңыздың ақыры» романдарындағы сүйіспеншілік тақырбын суреттеуде қолданылған Шығыстық сарындар жан-жақты терең талданады. Әрі Низамидың «Хұсырау-Шырын» дастанындағы Шырын бейнесі мен Софы Сматаев романындағы кейіпкер Гүлдарайым образымен салыстырылады. Шығыс әдебиеті арқылы енген мотивтер мен аңыздардың көрініс табуын талдап көрсету мақсатында зерттеу нысаны етіп алынған үш романдағы махаббат тақырыбын суреттеудегі үш жазушінің қолданғын өзгеше тәсілдері мен шеберліктері де қарастырылады. Тақырыптың теориялық негізін бекемдей түсіу үшін мақалаға тікелей қатысты болған шетелдік және отандық ғалымдардың ғылыми тұжырымдары басшылыққа алынды. Сондай-ақ зерттеу кезінде қазақ жазушыларының шығыс әдебиетінен қабылдағын ықпалын, сарындастығын салыстыра талдау, жинақтау, саралау секілді ғылыми зерттеу әдістері қолданылды. Зерттеу нәтижесінің жаңалығы ретінде шығыс әдебиетіндегі махаббат тақырыбына байланысты аңыздық сюжеттердің қазақ романдарында жазушының идеялық мақсатына орайластырыла түрлене қолданылуы зерттеледі. Нақтылап айтқанда мақалада шығыстық мотивтер мен көшпелі сюжеттердің қазақ фольклорлына, одан қайта жазба әдебиетке ауысу процесі барысындағы өзгерістер де талданып көрсетіледі. Қазақ жазушылары белгілі бір шығыстық сюжеттрді қазақ тұрмысына, салт-дәстүріне, ұлттық болмысына жақындастыра қолданып тың жаңалықтар енгізді. Осы мәселелер бұл еңбекте нақты фактілермен анық дәлелденіп ғылыми тұжырымдар ұсынылды.

Кілт сөздер: Қазақ романы, шығыстық мотивтер, аңыздар, көшпелі сюжеттер, сүйіспеншілік сарындар, көркем шындық, қызметі.

Алғыс: Мақала №BR 20281006 жобасы қаржысынан орындалды

Кіріспе

Шығыс әдебиеті ұзақ ғасырлар бойы орта Азия халықтарының әдебиеті мен мәдениетіне зор ықпал етіп нәр беріп келді. Шығыс әдебиетінің әсері түркі халықтарының ортақ әдбиеті кезінен, Әсіресе қазақ әдебиеті тарихының орта ғасырдағы әдеби ескерткіштерінен анық көрінс табады. Орта ғасырлық түркі шығармалары діни, философиялық, нәзиралық, дидактикалық яғни афористік бағытта боғанымен, көркем шығармалардың дені түгелдей Шығыстық сарындарда жазылып келді. Шығыстық мотивтер көркем шығармалардың мазмұны мен формасында ғана емес, жанрлық жақтан да жаңалықтар әкелді. Бұл жайында ұлы Мұхтар Әуезов «Шығыс әдебиетінен қазақ ақын, жазушыларының жанрлық, тақырыптық жағынан көп үйренгенін айта келіп: «Шығыстың классикалық әдебиетімен байланысып, ескі кітаби сюжеттерге жазған Ораз молла, Мұса молла, Майлықожа, Мәделі, Шәді төре, Жүсіпбек

қожа, Мақыш Қалтаев, Қашафиддин, Әріп және басқа ақындар болған. XX ғасыр басында олардан қалған мұра – 120 поэма еді»,– деп жазған болатын (Ауезов, 1946:241). Бұдан шығыс әдебиетінің ғасырлар бойы қазақ әдебиетіне нәр беріп келген бұлақтардың бірі екенін білеміз.

XIX ғасырдан бастап қазақ даласында Шығыс әдебиетінен келген ғашықтық, батырлық сияқты эпикалық үлгідегі көптеген аңыз әңгімелер, ертегі жыр-дастандар қисса деген атпен кең тарады. Қисса-дастандар фольклорлық әдебиетті ғана емес, жазба әдебиетті де мазмұн, түр жағынан байыта түсті. Бұл сипаттар кейінгі көкем прозада – кең құлашты романдарда шығыстың классикалық әдебиетінің неше алуан түрлері қазақ аузыз әдебиетіндегі аңыз дастан, хикаялармен аралас қолданылып келді. Бұл туралы А.Қыраубаева «Қазақ әдебиетінің шығыстық қисса-дастандардың түптөркіні мен қалыптасуы» атты зерттеу еңбегінде: «Шығыс мұралаы қазақ даласына әр түрлі жолмен келіп жетті. Біріншіден, олар халықтардың күнделікті қарым-қатынастары арқылы ауызша түрде жетті. Екіншіден, бұлар қолжазба күйінде таралды. Бірақ шығыс сюжеттері қазақ халық ауыз әдебиеті шығармашылығы арнасында жырланады. Сондықтан қазақ эпикалық дәстүрі бұған өз әсерін тигізбей қойған жоқ», – деп жазады (Қыраубаева, 1997:271). Демек қазіргі қазақ романдарында жиы кездесетін шығыстық сарынның ізімен келетін аңыздық мотивтер, батырлық пен ғашықтық сипаттар шығыс әдебиетінен ауысқан көшпелі сюжеттер екендігі анық.

Көркем шығармаға үнемі мақсатты түрде енгізіліп отыратын бұл шығыстық мотивтер әсіресе тарихи тақырыпта жазылған туындылардың тарихи-көркем шындығын ашып көрсетудегі атқаратын ролы зор. Ер-әйел арасындағы құштарлыққа толы сезім күйі, махаббат оты тіршілік бар жерде сөнбек емес. Мейлі сұрапыл соғыс болсада адам жанына шуақ құйып, үміт отын маздатқан асқақ махаббат жалғаса бермек. Тарихи тақырыпта жазылған шығармаларда тұрмыстық жарқын жайларды қағыс қалтырып, ылғы қатқыл да құрделі оқиғаларды, соғыс суреттерін баяндай беру шынайлықтан ғана емес, тартымдылықтан да қол үздіреді. Кең тынысты тарихи романдарда махаббат оқиғаларына лайықты орын берілуі де сондықтан. Қазақ тарихи романдарының қай-қайсында да махаббат тақырыбына белгілі деңгейде орын берілген. Махаббатты жырлау – адамның жандүниесінің көркемдігін, даркан болмысын көрсетуге саяды. Өйткені бұл – мәңгі жырлана беретін, және барлық жанрларда өмірдің бөлінбес өзегіндей болып бірге өрілетін тақырып. Мәселен, М.Әуезовтың «Абай жолы», С.Мұқановтың «Мөлдір махаббат», «Ботакөз», Ғ.Мүсірепов «Ұлпан», Т.Ақтановтың «Шырағың сөнбесін», «Боран», І.Есенберлиннің «Ғашықтар», С.Жүнісовтың «Ақан сері», Ә.Кекілбаевтің «Аңыздың ақыры», Софы Сматаевтың «Елім-ай» қатарлы көптеген тарихи романдардың бәрінде де көрініс тапқан. Біз бұл зерттеу мақаламызда қазақ тарихи романдарындағы сүйспеншілік-махаббат тақырыбының көркемдік ролын Шығыс әдебиетінің әйдік үлгілерінің бірі саналатын «Хұсырау-Шырын» дастанындағы ғашықтық сарындармен салыстара талданады.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Мақалада Софы Сматаевтің «Елім-ай», С.Жүнісовтың «Ақан сері», Ә.Кекілбаевтің «Аңыздың ақыры» романдар мен Низамидың «Хұсырау-Шырын» дастаны зерттеудің негізгі материалы ретінде пайдаланылды. Әрі тақырыпқа тікелей қатысы болған ел іші-сыртындағы түрлі зерттеу еңбектерге сүйендік. Айталық, Шетелдік ғалымдардан Нән Фань, Ло Гэньзы, ал отандық сыншы, теорик ғалымдардан М.Әуезов, А.Қыраубаева, Р.Бердібаев, Т.Сыдықов, Т.Рахымжанов қатарлылардың ғылыми тұжырымдары басшылыққа алынды.

Зерттеудің әдіснамасы ретінде қазақ тарихи романдарындағы Шығыстақ срындардың белгілері айқын көрініс тапқан шығармалардан үш роман талданды. Әрі талдау барысында Шығыс әдебиетіндегі мотитер мен аңыздарды қарастырған түрлі ғылыми еңбектерді топтай отырп, олардың ең бастылары пайдаланылды. Сонымет қатар Шығыс әдебиетінің әйдік үлгілерінің бірі «Хұсырау-Шырын» («Фархад-Шырын» деп те аталады) дастанындағы Шырын бйнесі мен Софы Сматаев романындағы кейіпкер Гүлдарайым образы салыстырыла талданды.

Әрі зерттеу жұмысының теориялық негізін күшейте түсу мақсатында тақырыпқпа тікелей қатысты шетелде жарық көрген еңбектердегі ғылыми талдауларға да қортындылау, жинақтау, жүйелеу, талдау жасалды. Нақтылап айтқанда С.Жүнісов романындағы Ақтоқты образы тарихи шығармадағы әлуемттік сарынды ашудағы қызметіне, ал Ә.Кекілбаев романындағы кіші ханым тұлғасы ғашықтық сарынның символдық тәсілмен берілуін Шығыс әдебиетіндегі махаббат мотивтермен салыстырыла талдауға басымдық береді.

Талқылау

Ежелгі Шығыс әдебиетінің мазмұнында көрініс тапқан ғашықтық-батырлық мотивтер, көшпелі сюжеттер, идеялар, композициялық түзілім құру тәсілдері өзінен кейінгі әдебиетке үлгі болғаны әр қырынан үздіксіз зерттеліп келеді. Мәселен, қазақтың ежелгі батырлық, ғашықтық жарлардан, кітаби ақындар жағынан шығарылған қиса-дастандардан, кейінгі қазақ романдарынан Шығыстық көркемдік үлгілерінің көптеп кездесетіні жиы айтылып келеді. Ежелгі Шығыс әдебиеті туралы, оның ықпалы жайында қаншалаған зерттеулер жарық көрді. Өзгесін былай қойғанда қазақ романдарындағы шығыстық сарындар жайында қорғалған диссертациялар да аз емес. Мысалы, С.Тапанова «Қазақ романдарындағы ғашықтық сарын», Б.Қайырғалиева «Шығыстық қисса - дастандардың табиғаты», М.Бөлекбаева «Абайдың Ескендір поэмасындағы шығыстық сарын мен реалистік сипат» т. б. көптеген еңбектер жазылды. Қаазақ романдарындағы шығыстық сарындар да осы қатарда қарастырылып келеді.

Тарихи романдар да бүкілдей белгілі бір дәуірдің тарихи оқиғалары мен тарихи адамдар бейнесін ғана суреттей бермейді. Сол кезеңнің қоғамдық шындықтарына сәйкес халықтың тұрмыс-тіршілгі, салт-санасы, ғұрып-әдеті, рухани жетістіктері яғни мәдениеті мен өнері де қоса өріледі. Бейне роман жазудың шебері Балзак айтқандай: «Роман – оқиғалы, әдет-ғұрыпты суреттейтін трагедия немесе комедия» (Нән Фәнь, 2008:146). «Роман – қайшылыққа толы тіршілік ақиқатын халықтың ой-танымы, рухани әлеміне сәйкес көркемдік жүйе арқылы жеткізуші» (Ло Гэньзы, 2003:52). Қазақ жазушылары ел тарихының аса маңызды тұстарын кең тыныста көркем тілмен суреттеп жеткізді. Үлкен мақсатпен жазылған тарихи шырғармалардың барлығында жазушы тек қана халық таихын, салыт дәстүрі мен шежіресін немесе соғыс суреттерін суреттеумен шектелсе туындының көркемдік сапасына нұқсан тиер еді. Сондықтан кең тынысты роман жанрында ел тағдыры мен тарихыына қатысты болған күрделі тарихи тақырыптарды көтерумен бірге өмірлік құбылыстарды, тіршіліктің сан түрлі оқиғаларын да қоса көрсетіп отырады. Бұл туралы Рақыманқұл Бкрдібаев «Қазақ тарихи романы» атты монографиясында қазақ тарихи романдарында тарихи мәселелерді көртерумен бірге тұрмыстық оқиғаларды жазудың туындының көркемдігіне тигізетін ролы жөнінде айта келіп былай дейды: «Жазушылар тарихи тақырыптарға тек әлеуметтік факторлар іздеп қоймай, мәдени, адамгершілік, психологиялық факторларды табуға да көңіл бөліп келеді» (Бердібаев, 1997:235).

Қазақ әдебиетіне ғасырлар бойы нәр беріп келген рухани бұлақтардың бірі – Шығыс әдебиеті. Қиса-дастандар ғана емес, кейнгі эпикалық романдарда көркемдік нәрі болып келер маңызды оқиға ретінде махаббат тақырбы көбіріек арқау етіледі. С.Жүнісовтың Ақан Қорамсаұлының өміріне арналған «Ақан сері» романында атақты әншінің махаббат хикаялары Шығыс әдбетіндегі кейіпкерлердей аңыздық бояумен құлпыра суреттеледі. Туындыгер бас кейіпкер Ақан өміріне телінетін ел ішінде тарп түрген барлық оқиғаларды сол қалпын құрғатпай суреттемейді. Романның жанрлық компоненттерін ескере отырып, жинаған материалдарға талдау жасап, жинақтап пайдалануды көздейді. Сондай-ақ жазушы Ақан сері өміріне тікелей қатысы болған негізгі және өткінші шындықтарды саралап көз жеткізе отырып тарихи-көркем шындыққа айналдырады. Әсіресе ел аузында Ақан сері мен Ақтоқты жайында көп айтылып аңызға айналып кеткен оқиғалар Шығыстық қисалардың көшпелі сюжеттерін елестетеді. Ақан ғашық болған жары Ақтоқтыға қол жеткізу жолында көп кедергілерді жеңуге әрекет қылады. Әлдеқашан атастырып қойған қызды бұған жолығуға тиым салады. Оған да

қарамаған Ақан қыз ауылын ұзық торып жүріп ақыры алып қашады, бірақ қауғыншылар тарабынан қолға түсіп мақсатына жете алмайды. Бұл туралы «Ақан, Ақтоқты, Жалмұқан хикаясының шындығы» атты мақалада тарихи деректермен сол кездегі оқиғаға байланысты фактілер көрсетіп мынадай пікір білдіреді: «Ақан сері Ақтоқтыны алып қашқанда Жалмұқан бастаған қуғыншылар қауып жетеді. Ақан қашып құтылмайтындықтарын білген соң, Ақтоқтыны аттан лақтырып жібергендігін, әрі оның жараланғандығын» жазады (Мущанов, 2022:10). Келесі бір деректе: «Ақан мен Ақтоқты Есіл өзеннің алдында жатқан кәдімгі сарымиға келіп тіреледі. Осы кезде қуғыншылар да жетеді. Ақан сері аттан секіріп түсіп «маған бұйырмаған Ақтоқты, Жалмұқан саған да жоқ», – деп Ақтоқтының қабағының үстін қанжармен орып түсіреді. Қызыл қаны аспанға шапшыған Ақтоқты талып құлайды. Бар адам жапа-тармағай соған ұмтылғанда, Ақан атына мініп кетіп отырады» (Тапанова, 2007:280). Бұл оқиғаның тарихи шындығына біртабан жақын келетін дәйекті Ақанның: «Басыңды сарымида кесіп тастап, құныңмен даулассам ед өлгенімше» (Қорамсаұлы, 2013:186), – деген сөздері дәлелдейді.

Ақан мен Ақтоқты арасындағы махаббат оқиғасы Шығыс әдебиетіндегі ғашықтық қисса-дастандарындағыдай қызықты, күрделі тартыстарға құрылып баяндалады. Шығыстық мотивтер қазақ әдебиетінде фольклорлық сипаттармен, ситуациялармен тоғыстырылып, сюжеттің тартымдылығын күшейттеді. Мұны оқиғаға қатысып отырған кейіпкерлердің мінез-құлқынан, жалпы қоғамдық ортасынан немесе шыққан тегінен, сюжеттің құрылымы мен оқиғалық тартыстан, т.б. белгілерден байқауға болады. Айталық Шығыс әдебиетіндегі ғашықтық жырларда бас кейіпкер қарама-қайшылықты сомдалады. Міндетті тұрды қыз бен жігіттің біреуі хан тұқымынан немесе ақсүйек аулетінен шығады да, енді біреуі солардың айналасындағы қызметші құлдардан шығады. Мұнда кедей тап окілі болған жақ оқыған, көп білім алған өнерлі де көрікті жан болып келеді. Немесе жігіт атын аңызға айналған сұлуға сыртай ғашық болдаы. Түсінде көреді. Екі жас табысу жолында қатты қиналады, зорекер күштер жағынан кедергіге, қастандыққа ұшырайды. Ал қазақ романдарында кездесетін мотивтерде осымен сарындас келеді. Қыз бай мен би-шонжар табынан да, жігіт әлсіз кедей, жоқ-жітік қарапайым топтан шығады. С.Жүнісовтың «Ақан сері» романындағы бас герой Ақан кедей таптан, ғашық болған қызы Ақтоқты бай азулы рудан. Қазақ романдары мен Шығыс әдебиетіндегі кейіпгерлердың тұлғалану жағынан, сюжет өрбіту барысында міне осындай ұқсастықтар бар. Әр екеуінде де махаббат тақырыбы экзальтациялық мәнге ие болып келген.

Ақанның Ақтоқтынымен алғашқы кездесуін жазушы С.Жүнісов романында былай суреттейді: *«Бір кезде жұрттың соңын ала Ақтоқтының маңдайы жарқ етті. Өзі де айтса айтқандай-ақ екен. Тоқсан түрлі шөптің ішіндегі раушандай жайнап, көздің жауын алғандай. Тостағандай қарақат көзі танадай жарқырап, бір-ақ уыс беліне қиылған жағасыз қамзол қыналып, аппақ ұзын мойынды, жасы он жетілерге келген қыз маңайындағы құрбыларынан ерекше көрінеді. Жүріс-тұрысында еркіндік бар, өз жұртының алдында бір келісті еркелігі бар, бойындағы мінсіз көркіне әдептілігі сай келіп, еріксіз Ақанды елең еткізген»* (Жүнісов, 1981:264).

«Ақан сері» романында жазушы Ақтоқтыны мінсіз ару, теңдесіз сұлу етіп сипаттайды. Шығарманың өн бойында Ақтоқтыға деген жақындық, жанашырлық аяныш сезім туады. Шығармада тартыс күшейген сайын кейіпкер басындағы оқиғаның ауқымын ұлғайта түседі. Былайша айтқанда «Тартыс – шығарма үшін аса маңызды тәсіл ретінде қолданылғанда ғана характер дараланады. Характерлер арқылы көркем идеия жеткізіледі» (Сыдықов, 1988:164). Жазушыны мұндай шешім жасауға қарай жетелейтін кейіпкерлер тағдыры яғни қайғылы жағдайға апаратын оқиғалар еді. Сүйіп табысқан жұректер өз мақсаттарына жете алған жоқ. Оларды мұраттарына жеткізбеген бай шонжар Жалмұқан бастаған күшті топ. Кешегі Ақанның әнін жаттап, өнеріне тамсанған Сүтемген ауылының жігіттері енді Ақанды сүйгенінен айрып, Ақтоқтыны еңіретіп әкетіп барады. Осы көрініс романда Ақтоқтыны аузынан беріледі: *«Ақан*

аға, хақ тағала сіз екеуімізді қосылуға жазбаған екен. Мен үшін жүдеп мынадай ессіздердің алдында қор болмаңыз. Ақтоқтылар көп, Ақан сері біреу ғана Қарауылда. Мен сізге татымайтын сол көп Ақтоқтылардан аса алмаған бір бейбақ екенмін. Сізбен бірге өлу қолымнан келмеді. Бұғалыққа мойынсұнар көп жасық қыздардың бірі ғанамын. Өмір бойы енді сіздің адал жүрегіңіздің, махаббат періштесінің қарғысы атсын мені. Мен енді сізбен еркін серуен құрар азат Ақтоқты емеспін, көгендегі басыбайлы қара тоқтымын, – деп соңғы сөзін әрең құрап жылап жіберген Ақтоқты Ақанның мойнына асылып, көкірегіне соңғы жасын төгіп-төгіп жібереді» (Жүнісов, 1981:282).

Жазушы махаббатты жырлай отырып сол замандағы қоғамдық теңсіздікті сынайды. Олардың қылмыстарын ашып көрсетеді. Мұндағы ғашықтық сарын шығарманың көркемдік бояуын қалыңдатып, тынысын кеңейтеді. Тарихи романдағы көркем идеяны әрлендіріп жеткізудің қырлары көп. Мәселен, Кейде тұтас оқиғалар психологиялық талдаумен берілсе, кейде ұлттық мінездер көбіек сіңірілу қадағаланады. Онда сол халықтың салыт-дәстүрлері, өнері арқылы беріледі. Софы Сматаевтың «Елім-ай» атты трилогиясында махаббат тақырыбына, екі жас арасындағы сүіспеншіліктің ұласуына күй өнері дәнекер болады. «Елім-ай» романының ұлттық бояуы қанық. Әйгілі «Елім-ай» әнінің шығарманың тұтас өзегіне алтын зердей тартылып отыруы, әрі ән мен күй арқылы кейіпкерлердің мінездемесін, рухани дүниесін жан-жақтылы ашуда міне осындай ұлттық бояуды көрнектілендіретін шеберлік жатыр. Жазушы Софы Сматаев ән-күй арқылы кейіпкерлердің өмірін суреттеуде көбінесе лирикалық сазды әуенге, күй тіліндей шешендікке бой ұрады. Романда Жомарт батырдың күйші ұлы Тыншбайдың Қуат батырдың қарындасы Гүлдарайымға, ал даулескер күйші Садырбектің Құнайым сұлуға іштегі жалын атқан ынтық махаббат сезімін күй тілімен жеткізеді. Бұл жерде күй – кейіпкердің психологиялық болмысын жайып салатын ұтықты көркемдік тәсіл атқарған. Жазушы романда жау алқымдаған қиын күндерде көңілі пәс тартқан халық көңілін күймен көтерген Садырбек күйшінің образын жақсы көрсетеді. Күйші Тыншбай «Саймақтың сары өзені», «Қос қыздың жылағаны», «Әттең» атты көптеген күйлерімен қам көңілді жұртты серпілтіп, рухани қуат бағыштайды. Халыққа жігер беріп, берекеге шақырып, күрескерлік санасын оятады. Қазақ әдебиетінде халық әндерінің немесе атақты сал-серілердің әндері арқау болған тарихи романдар аз кездеспейді. Мәселен, Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешулер» романындағы «Әупілдек» әнінің арқауына негіз болған оқиға – сүймеген адамына зорлап ұзатылған қыздың мұңға толы тағдыры. Ол азаттық аңсап, «Әупілдек» көлін жағалап сан мәрте қашқанымен, бұғауды үзе алмай, тағдыры трагедиямен аяқтайды. Ұлттық бояуды көрнектілендіріп, ұлттық кейіпкерлердің болмысын, халық танымын өнер арқылы жеткізетін мұндай тәсілдер яғни бақытсыз махаббат, сүйгеніне қосыла алмай зарлы күй кешкен жандардың тағдырын жыр еткен сюжеттер Шығыс әдебиетінде көп ұшырайды. Әрине қазақ әдебиетіне ол сюжеттер ұлттық дәстүрге лайықталып өзгеріп, түр тауып келеды. Мазмұны ұқсас болмағанымен срыт қалыбы, көркемдік тәсілі сол арнада дамып отырады.

«Елім-ай» романындағы кейіпкер Гүлдарайымның адал махаббаты жолында күресуі, әрі оның зорлықшал қара күштер жағынан қастандыққа ұшарап өз сүйгенінен айырлуы, терагедияға тап болуы – Шығыс әдебиетінде нәзиралық жолмен көп жырланған атақты дастан «Хұсырау-Шырындағы» Шырын бейнесінен, махаббат оқиғасынан белгілі жақтан ұқсастықтар табуға болады. Гүлдарайым төрт түлігі өріске симаған лықсыған байдың бұлғақтап өсіп келе жатқан қызы еді. Кеудесіне нан піскен небір байдың мызасына қарамай жүргенде саусағынан күй төгілген өнерлі, адал да аңғарлы азаматпен көңіл қосады. Онда да оның өнеріне – күй құдыретіне байланады. Қыз өз жүрегінің аңсауын, жан арманын қарапайым күйші жігіттен тапқанымен, сол кездегі қазақ қоғамындағы әйел басына теңдік берілмейтін рақымсыз құрсаудың құрбаны болып зар құшып қала береді. Қыз әкесі Гүлдарайымды бір шонжардың ұлына еркінен тыс зорлықпен ұзатып жібереді. Өмірі құсамен өтіп келе жатқан Гүлдарайымның ауылына жорықта жүрген Қазыбек бидің қасына ерген адамы Тыншбайдың күйін тыңдап ескі жұрек жарасын емдеп, көңіл сырын ашады. Бұл көрініс романда былай

суреттеледі: *«...осыдан бір жыл бұрын он бесте он бес нөкер қызы бар бұлғақтаған байдың қызы едім. Гүлдарайым дегенде бөрік кигеннің аузының суы құрып, өлең арнамаған ақын мен жырау қалмаған. Соның бір де біріне көзқиығын салмаған Гүлдарайым бике едім. Ойламаған жерден опырылып түстім. Менің еркімді билеген домбыра болды. Сонау он саусақ өн бойымды құдыреттей шырмап, екі ішектен менің бар-бар қызығымды, бар-бар мұңымды, бар-бар арманымды саумалай тартып, шұрқыратып шығаратындай сезілуші еді. Кеудемді дүбірлеткен күй ырғағы құлағымнан бір үзілмей, ақыры жаңағы сен айтқан ант пен сертті күйшіге бергізді. Атағына қызыққам жоқ, байлығына еліккем жоқ, өнеріне сүйіндім.»* (Сматаев, 2009:194).

Жазушы Софы Сматаев кейіпкер Гүлдарайым басындағы мұңлы халды романтикалық асқақ пафоспен жеткізген. Күй – оларды ойлы, сезімды, шабытты күйге жеткіздеді. Романда қыз бен жігітті табыстыратын дәнекер – күй болған. Дәл осы тәсіл ер мен әйел ортасындағы махаббатты жырлау кезінде ортақ көркемдік құрал ретінде қолданылған. Қазақ өнеріне, домбыраның шанағынан төгілген күйге құмар болып табысу, сол арқылы ішкі көңыл толқынын, сезім сырларын жеткізу тек Тыншбай мен Гүлдарайым арасында ғана емес, Қуат пен Зілиха, Садырбек пен Құнайым арасындағы махаббаттың тұтануына да қазақтың күй өнері себеп еді. Жазушының бұл ұтықты амалға иек артуындағы мақсаты – бір жағынан кейіпкер образын жағымды жағынан көрсету болса, екінші жағынан ұлттық өнердің құдыретін көрсету, соны дәріптеу болатын. Көркем шығармада кейіпкер характерін ашуда жазушы үнемі өзі суреттеп, баяндап отырған оқиғаның даму желісімен кетпей, идеялық мақсатқа орай шығармадағы деталдарды өз дәуірінен, өзіне ең қанық тіршілік ортасынан алып, өз халқының түсінігі мен салт-дәстүріне сай жазады.

Біз қарастырып отырған Софы Сматаевтың «Елім-ай» романынан махаббтты жыр еткен Шығыстық клссик дастандарындағы кейіпкерлерді елестетеміз. Мәселен, Низамидың «Хұсырау-Шырын» дастанындағы адал махаббаттың тәңіріндей Шырын бейнесі. Таза сезім, пак махаббат жолында ештеңеден де тайынбайтын Фархад тұлғасы адамды ғажап әсерге тоғытады. Мұнда автор Шырынды пәк сезімді, махаббатты ардақтай білетін ақылды, мейірбан, әр іске сабырмен қарайтын төзімді де табанды жан ретінде көрсетеді. Ол өз елінің ісін ғана емес, алыстағы Хұсырау елінің де халіне күйініш білдіріп, ақыл көмек етіп отырады. Фархад табансыздық істеп, Маряммен, Шекермен үйленіп кеткенде де оған кешіріммен қарайды. Қиын жағдайларда жол нұсқар ақылшысы, жанашыр жақыны ретінде қасынан табылып отырады. Ең соңында өз сезіміне, махаббатына деген кіршіксіз адалдығын сақтап қалады. Сөйтіп автор Шырынның өшпес ұлы тұлғасын сомдап шығады. Ал оның жігіті Хұсырау дастанда екі түрлі бейнеде ортаға шығады. Бірі, ел-жұртына қамқор, кісілікті жан ретінде көрілсе; енді бірі махаббатқа тұрлаусыз, табансыз болып танылады. Дастанда ол жеңген, табысқа жеткен ер есепті. Шындығында, оның жеңісі жеңіліспен барабар еді. Өйткені тұрақсыздығынан арман еткен махаббатына да қолы жетпейді. Онымен де қоймай, опасыз ұлдарының қолынан мерт болады. Әрйне бұл қоғамның шірік, жиркеніште бір көрінісі. Алғашында Шырынның қызметкері ретінде ортаға шыққан Фархат бейнесі тіпті де әсерлі. Ол қайсар, аққөңіл, махаббат жолында бәрінен де тайсалмайды. «Шырын үшін аспанмен тілдескен асқар тауды да қақ жарып жол салады. Ең соңында қастандықпен қазаға ұшырайды. Оның мұнысы жеңіліс емес, жеке басының трагедиясы болатын» (Фархад-Шырын, 2003:163). Ол өзінің махаббаты жолында бәрін арнады, адал сезімін ардақтай білді. Бұл оның жеңісі еді. Жазушы Шырын бейнесі арқылы махаббатты, пәк сезімді, адамға тән алуан мінез, қасиеттерді жырлай отырып қоғамдық ірі мәселелерді де қоса астармен әдіптеп кетеді.

Махаббат тақырыбын символдық, философиялық мәнге көтере жырлаған тарихи романдардың қатарында Ә.Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романын атауға болады. Бұл роман Әбіш Кекілбаевтың «бұрыннан жазғандарынан сыры да, сипаты да мүлде бөлек, жазушының шығармашылық тың табысы, өсу, іздену эволюциясының жаңа қыры дерлік, өзіндік концепциясы бар дүние. Жазушы мұнда өзінің ойшылдығы мен парасатты

суреткерлігін көрсеткен десек асыра айтқандық емес» (Рахымжанов, 1997: 162). Романның бастан-ақыр тұтас сюжеті Шығыс елдерінің ежелгі аңыздарының негізінде құрылған. Тарихи дерек пен көркемдік шындық ұштасып шебер реалистік баяндаумен шығарманың поэтикалық әсер-қуатын арттыра түседі. Ел арасында кең тараған фольклорлық аңыз әңгімелерді жасампаздықпен түрлендіре қолданып, философиялық концепциясын барынша айқынырақ жеткізіді. Романның басты кейіпкері – Алмас хан қатал әмірші ғана емес, ойы озық парасатты жан болып көрінеді. Ол елін басқаруда өз консепциясына, философиялық ұстанымына сүйенеді. Жазушы романында кейіпкерін аты затына сай түлға ретінде көрсету үшін оның жандүниесіне барлау жасап, психологиялық талдауға айрықша көңіл аударады. Автор әміршінің ғана емес, оның әйелдерінің мінез-құлқын, сезіну мен түйсінуін, іс-әрекетін суреттеуге көбірек ден қояды.

Кіші ханым әмірші жорыққа кеткенде оған деген асқақ махаббатының куәсі ретіне әлемде теңдесі жоқ керемет мұнара тұрғызады. Ханым мұнараны салу жұмысын Жаппарға міндеттейді. Ол ерекше дарын иесі, сәулетшілік өнері кіші ханымның да көңілін аударып, жүрек түкпіріне өзі де байыбына жете алмас әлде қандай сезім толқынысын ұялатады. Ал сәулетші Жаппар кіші ханымға ғашық болып қалады. Ол өзінің сұлу ханымға деген ішкі құмарлығын, ынтық сезімін мұнара арқылы жеткізуді ойлап мұнараны салудың жаңа жобасын ойлап табады. Кіші ханымға құлаған аңсары оның мұнара туралы танымын мүлдем өзгертті. Оның ойынша мұнара жай ғана сәулетті құрылыс ретінде болмауы, қайта адамдар жүрегіне сол мұнарадай асқақ махаббатты ұялатудың, терең түйсіндірудің құралы болуы керек. Сонымен сәулетші әміршінің жаңа түсірген жас сұлуының өзіне деген ықыласын бұрып, сүйіспеншілігіне ие болуы үшін мұнараны өзгеше үлгіде әшекейлеп сала бастайды. Жылдар өтіп мұнара салынып біткенде алыс жорықтан әмірші де оралады. Ол мұнараның тұлғасынан идеясын аңғарады. Бірақ көңіліне шешілмес түйіншек байланған хан: «мұнара бейнелеген асқақ махаббаттың иесі кім, ол кімге деген ақ сезім» (Кекілбаев, 1989: 146), – деп мазасыз күй кешеді.

Кіші ханымның күйеуінің алдында жалғыз кінәсі бар. Ол болса түсінде бөтен еркекпен бірге болыпты. Және бұл түсін тіс жарып адам пендесіне айтпаған. Алайда ханның қыран ойы оның ішкі сырын қабағынан қалт жібермей оқып қойған. Бұл көрініс Әміршінің мына монологынан байқауға болады: *«Ханымның сол жолғы түсінде құшқан еркегі басқа ешкім де емес, әнеу күнгі монтаны жігіт. Ханым онымен өңінде болмағанымен түсінде табысты. Ендеше сол бір жайнақ көз жігітпен өмірінде болмағанмен, көңілінде әлдеқашан қауышқан»* (Кекілбаев, 1989: 172). Романдағы хан аузынан берілетін бұл монологтан оның жан әлеміндегі бостықты аңғарамыз. Қызғаныш дертіне ұшырап соның қайғысын тартқан адам шын мәнінде әлсіз жан есептеледі.

Зерттеу нәтижелері

Бұл зерттеу нәтижесі бойынша мынадай ғылыми тұжырымдар ұсынуға балады: Қазақ тарихи романдарында көрініс табатын Шығыстық аңыздар мен мотивтер көркем туындының сюжетін дамытып, мазмұнын байытты. Әрі оларды қазақ қаламгерлері романдарында өзінің алға қоған мақсатына орай фольклорлық үлгілермен ұштастра пайдаланды. Шығыстық көшпелі аңыздарды таланытты жазушылар көркемдік сүзігіден қайта өткізіп, кейіпкер характерін ашудың психологиялық құралы дәрежесіне көтерді. Мәселен, Ә.Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романындағы мұнара туралы аңыз өзге әдебиеттерде немесе Шығыс әдебиетіндегі қиса-дастандарда ескерткіш болып кездеседі. Бірақ ондағы ұқсас сюжет сәулетшінің әміршіінің ханымына ғашық болып, осы себептен алып құрылыстың толық әшекейленбей қалуына байланыстырылып айтылады. Сондай-ақ романдағы кіші ханымның түсінде сәулетшімен кездесуі де фольклорлық әдебиеттегі түс көру мотивінің көркем прозадағы кейіпкер болмысын, жандүниесін ашудың әдісі ретінде мүлдем жаңа түр тауып қолданылуы еді. Қазақ қаламгерлері кең тынысты эпикалық туындыларында кеіпкер тұлғасын

сомдау, әлеуметтік және тұрмыстық мәселелерді тереңдете талдау кезінде көбінесе Шығыс әдебиеті арқылы енген – бір-біріне ғашық болған екі жастың күрделі тағдыр кешуі немесе біреуінің трагедияға тап болуы, алыс сапарлар шегуі, түсінде ғажайып сәтке еніп онысы өңінде шындыққа айналуы секілді мотивтер шығарма оқғасының тартымды болуына, автор идеясының кемелді шығуына зор мүмкіндіктер береді. бұл мәселелер туралы сыншы, зерттеуші ғалымдар әр қырынан құнды еңбектер жазды. Шығыс аңыздарының қазақ романдарындағы көріністері, түлі мотивтер жайында толғақты ойлар ұсынлды. Мысалы, Ж.Омаров «Қыз көрелік» романының Үнді сюжеттерімен үндестігі туралы жазады. Аталған мақалада автор: «Қазақ әдебиетінің тарихында өзіндік орны бар ерекше шығарманың бірі – Тайыр Жомартбаевтың «Қыз көрелік» романы Шығыс аңыздарының сюжеті пайдаланылған бұл туынды жиырмасыншы ғасырдың басында ұлттық әдебиетіміздегі жаңа жанрда жазылғандығымен құнды»,– деп жазады (Омаров, 2022: 34). М.Шоинжанова мен Б.Ш. Батырханов «Үнді және қазақ әдебетіндегі ұлттық қаһарман кейіпкерінің болмысы» атты мақаласында Үнді халқының ұлы жазушы Рабиндранат Тагордың «Гәуірмаһан» романындағы Гора есімді кейіпкер мен қазақ жазушысы Шерхан Мұртазаның «Қызыл Жебе» романындағы бас кейіпкер Тұрар Рысқұловтың образы салыстырылады. Және Шығыс әдебиеты арқылы ауысқан түрлі көркемдік үндестіктер қарастырылады (Шоинжанова, 2024: 306). Түйіндеп келгенде, классикалық Шығыс әдебиетінің өлмес, өшпес үлгілері қазақ әдебиетінде мол нәр беріп келеді.

Қорытынды

Қазақ әдебиетіне фольклорлық түрлер арқылы ауысқан немесе жасампаздықпан түрлене қолданылған Шығыстық мотивтер мен ертегі-аңыздар туралы зерттелер тақырып, тарқатылар әңгіме көп. Әсілгі тегі бір болса да, жазушының таланытына, алға қойған идеялық мақсатына орай әлденеше форма тауып келетін сюжеттердің кең құлашты романдарға арқау болып келуіне яғни көрініс табуына байланысты мынадай қорытынды тұжырымдар жасауға болады.

Біріншіден, Шығыс әдебиетінен енген көшпелі сюжеттердің тарихы ұзақ болып, алғашында ауызша таралып фольклорлық шығармаларға еніп кең қолданылды. Олар ауыз әдебиеті үлгілеріне сыналанып кіріп, содан бірте-бірте жазба әдебиеті өкілдеріне ықпалын тигізді. Мұны Ораз молла, Шәді, Майлықожа, Жүсіпбек, Мәделі қожа және т.б. Қисашыл (немесе кітаби ақындар) еңбектерінен көруге болады. Сөйтіп Шығыстан келген әсер-әуендер мен сан-салалы сюжеттер қабылдаушы әдебиетті қордаландырып, арнасын кеңейте түсті.

Екіншіден, Шығыстің көркем әдебиетінен қазақ фольклорлына, одан қайта жазба әдебиетке ауысқан мотивтер мен сюжеттердың бұл процесін арнаулы қарастыруға болады. Жазушылар белгілі бір Шығыстық мотивті немесе сюжетті қазақ тұрмысына, салт-дәстүріне, ұлттық болмысына жақындастыра қолданып, өздерінше жырлады, тыңнан жаңалықтар қосты, өз өніміне айналдырды. Мәселен, Софы Сматаевтің «Елім-ай» роман-трилогиясында екі жастың махаббатына күй дәнекер болса, С.Жүнісовтың «Ақан сері» романында Ақан мен Ақтоқтының табысуына ән өнері арқау болады. Мұндй мысалдар қазақ романдарында жетерлік.

Үшіншіден, Шығыс әдебиетінен қабылдаған сюжеттерді жазушылар шығарма жазғанда түпнұсқадан ауытқымауды қадағалап жатпайды. Қайта туындының идеялық мазмұнына сәйкес бейімдеп, түрлендіріп пайдалана береді. Өйткені әлемге танымал болған мұндай сюжеттер көптеген халықтардың таным-түсінігіне сай келетін тұстары аз емес. Сол себепті жазушылар түпнұсқадағы негізгі желіні өзек етіп, оны өздерінің көркемдік-идеялық мақсаттарына сайкесті өзгертіп пайдаланады. Бұған мысал ретінде Ә.Кекілбаевтің «Аңыздың ақыры» романындағы мұнара туралы аңызды айтуға болады.

Жинақтап айтқанда, әдебиетіміздің мазмұндық, көркемдік жағынан дамуына Шығыс әдебиетінің еткен ықпалы, қосқан үлесі аз болған жоқ. Бұл жайындағы зерттеу жұмыстары жаңаша ізденістермен толығып үздіксіз жалғаса бермек.

Әдебиеттер:

Ауезов, 1946 – *Ауезов М.О.* Проблемы изучения истории казахской литературы /Труды 1-й сессии АН Каз. ССР. Алма-Ата, 1946. 241 с.

Қыраубаева, 1997 – *Қыраубаева А.* Қазақ әдебиетінің шығыстық қисса-дастандардың түп-төркіні мен қалыптасуы. Алматы: Санат, 1997. 271 б.

南帆, 2008 – 南帆. 文学理论. 北京：北京大学出版社. 2008 年版. 238 页.

罗根泽, 2003 – 罗根泽. 中国文学批评史. 上海书店. 2003 年版. 350 页

Бердібаев, 1997 – *Бердібаев Р.* Қазақ тарихи романы. Алматы: Санат, 1997. 336 б.

Мущанов, 2002 – *Мущанов М.* Ақан, Ақтоқты, Жалмұхан хикаяттарының дұрыстығы //Сарыарқа. – Жезқазған, 10.10. 2002.

Тапанова, 2007 – *Тапанова С.Е.* Қазақ романдарындағы ғашықтық сарын. Астана: Фолиант, 2007. 280 б.

Қорамсаұлы, 2013 – *Ақан Сері Қорамсаұлы.* Шығармалары. Алматы: ЖШС Қазақстан баспа үйі, 2013. – 384 б.

Жүнісов, 1981 – *Жүнісов С.* Ақан сері. Екі томдық шығармалары. Алматы: Жазушы, 1981. Т.1. 368 б.

Сыдықов, 1988 – *Сыдықов Т.* Қазақ тарихи романының көркемдік тілі. Алматы: Ер-Дәулет, 1988. 164 б.

Сматаев, 2009 – *Сматаев С.* Елім-ай. Роман-трилогия. Алматы: Алманар, 2009. Т.1. 432 б.

Фархад-Шырын, 2003 – Фархад-Шырын. Эпос. Ташкент: Фан, 2003. 163 б.

Рахымжанов, 1997 – *Рахымжанов Т.* Романның көркемдік әлемі. Алматы: Рауан, 1997. 223 б.

Кекілбаев, 1989 – *Кекілбаев Ә.* Екі томдық таңдамалы шығармалары. Алматы: Жазушы, 1989. Т.1. 400 б.

Омаров, 2022 – *Омаров Б.Ж.* Қыз көрелік, Айна-тарақ және Тотынама: Үнді сюжеттерімен үндестік // М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Керуен ғылыми журналы. 2022. – № 1 (74 том). – Б. 34. https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.1-02

Шоинжанова, Батырханов, 2024 – *Шоинжанова М, Батырханов Б.Ш.* Үнді және қазақ әдебетіндегі ұлттық қаһарман кейіпкерінің болмысы // Қазақстан шығыстануы ғылыми журналы. 2024. № 4 (4 том). – Б. 306. https://doi.org/ 10.63051/kos.2024.4.306

References:

Äwezov, 1946 – Äwezov M.O. Problemı ızushenıa ıstorı kazakskoı lıteraturı [Problems of studying the history of Kazakh literature] // Trudy 1-I sessıı AN Kaz. SSR. Alma-Ata, 1946. P 241. (in Rus.)

Qyrawbaeva, 1997 – Qyrawbaeva A. Qazaq ädebıetinyñ şygystyq qısa-dastandardyñ tüp-törkini men qalyptaswy [The origins and formation of oriental epics in Kazakh literature]. Almaty: Sanat, 1997. P 271. (in Kaz.)

Nan Fan, 2008 – Nan Fan. Un shue lı lun [Literary Theory]. Beıjıng: Beıjıng da şwe şwban shy, 2008. P 306. (in Chin.)

Luo Genze, 2003 – Luo Genze. Zhoñ go un shue pı pıñ shy [History of Chinese Literary Criticism]. Shanghai: Shanghai shu dıan, 2003. P 74. (in Chin.)

Berdibaev, 1997 – Berdibaev R. Qazaq tarıqı romany [Kazakh historical novel]. Almaty: Sanat, 1997. P 336. (in Kaz.)

Mwşanov, 2002 – Mwşanov M. Aqan, Aqtoqty, Zhalmuqan qıkaıattarynyñ durystygy [The accuracy of the stories of Akan, Aktokty, and Zhalmukhan] // Zhezqazgan: Sararqa, 2002. 10 qaraşa. (in Kaz.)

Tapanova, 2007 – Tapanova S.E. Qazaq romandaryndagy gaşyqtyq saryn. Astana: Folıant, 2007. P 280. (in Kaz.)

Qoramsauly, 2013 – Aqan Seri Qoramsauly. Şygarmalary. Almaty: JŞS Qazaqstan baspa üi, 2013. P 384. (in Kaz.)

Jünisov, 1981 – Jünisov S. Aqan seri, eki tomdyq şyqarmalary. Almaty: Jazwşy, 1981. T.1. P 368. (in Kaz.)

Sydyqov, 1988 – Sydyqov T. Qazaq tarıqı romanynyñ körkemdik tili [The artistic language of the Kazakh historical novel]. Almaty: Er-Däwlet, 1988. P 164. (in Kaz.)

Smataev, 2009 – Smataev S. Elim-aı [Elim-aı]. Roman-trılogıa. Almaty: Almanar, 2009. P 432. (in Kaz.)

Farqad-Şyryn, 2003 – Farqad-Şyryn. Epos [Epic]. Tşkenit: Fan, 2003. P 163. (in Tash.)

Raqymjanov, 1997 – Raqymjanov T. Romannyñ körkemdik älemi. Almaty: Rawan, 1997. P 223. (in Kaz.)

Kekilbaev, 1989 – Kekilbaev Ä. eki tomdyq tañdamaly şyqarmalary. Almaty: Jazwşy, 1989. T.1. P 400. (in Kaz.)

Omarov, 2022 – Omarov B.Zh. Qyz körelik, Aına-taraq jäne Totynama: Ündi sıwjetterimen ündestik [Qyz korelik, Aina-taraq and Totynama: Commonality with Indian plots] // M.O.Äwezov atyndagy ädebıet jäne öner ınıstoty Kerwen jornaly. 2022. № 1 (74 tom). P 34. https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.1-02

Şoınjanova, Batyrqanjv, 2024 –Şoınjanova M, Batyrqanjv B.Ş. Ündi jäne qazaq ädebıetindegi ulttyq qaharman keıipkeriniñ bolmysy [Personality of the character of the national hero in Indian and Kazakh literature] // Qazaqstan Şygystanw jornaly. 2024. № 4 (12 tom). P 306. https://doi.org/ 10.63051/kos.2024.4.306

Кадыл Т.
Институт востоковедения Р.Б.Сулейменова, КН МНВО РК, Алматы, Казахстан
E-mail: taldaobekashimhan@gmail.com

ВОСТОЧНЫЕ МОТИВЫ В КАЗАХСКИХ РОМАНАХ: РОЛЬ МОТИВА ЛЮБВИ В РАСКРЫТИИ ИСТОРИКО-ХУДОЖЕСТВЕННОЙ РЕАЛЬНОСТИ

Аннотация. В данной исследовательской статье изучаются восточные мотивы, в том числе легендарные сюжеты на тему любви, которые нашли свое отражение в казахских исторических романах. Цель исследования состоит в том, чтобы проанализировать сказочные сюжеты, которые творчески использовались в исторических романах, и изучить их функцию в раскрытии художественной реальности. Для выполнения этой задачи будет всесторонне и глубоко проанализировано использование восточных мотивов в изображении темы любви в романах С.Сматаева «Елім-ай», С.Жүнісова «Ақан сері» и А.Кекілбаева «Аңыздың ақыры». Также будет проведено сравнение образа Шырын из поэмы Низами «Хұсрау и Шырын» с образом Гүлдарайым из романа С.Сматаева. Этот исследовательский проект направлен на анализ того, как мотивы и легенды, пришедшие из восточной литературы, нашли свое отражение в произведениях трех писателей, с акцентом на изображение темы любви. Рассматриваются уникальные подходы и мастерство каждого писателя в передаче этой темы. Для укрепления теоретической основы статьи были использованы научные выводы как отечественных, так и зарубежных ученых, которые непосредственно относятся к теме исследования. Также в ходе исследования были использованы научные методы, такие как сопоставление, анализ, сбор и систематизация, для изучения влияния восточной литературы на казахских писателей, а также для выявления сходства в их произведениях. Новизной исследования является то, что в нем исследуется, как мифологические сюжеты, связанные с темой любви в восточной литературе, адаптируются и изменяются в казахских романах в

соответствии с идеологическими целями писателя. В статье рассматриваются изменения, происходящие в процессе переноса восточных мотивов и кочевых сюжетов из казахского фольклора в письменную литературу. Казахские писатели использовали определенные восточные сюжеты, адаптируя их под казахский быт, обычаи и национальное самосознание, внося в них новые элементы. Эти вопросы в работе обоснованы конкретными фактами, на основе которых выдвинуты научные выводы.

Ключевые слова: Казахский роман, восточные мотивы, легенды, кочевой сюжет, любовные мотивы, художественная правда, роль.

Kadyl T.
R.B. Suleymenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan
E-mail: taldaobekashimhan@gmail.com

EASTERN MOTIVES IN KAZAKH NOVELS: THE ROLE OF THE MOTIVE OF LOVE IN THE REVEALING OF HISTORICAL AND ARTISTIC REALITY

Abstract. This research article examines oriental motifs, including legendary love stories, which are reflected in Kazakh historical novels. The purpose of the study is to analyze fairy tale stories that were creatively used in historical novels and to study their function in revealing artistic reality. To accomplish this task, the use of oriental motifs in depicting the theme of love in the novels of S.Smatayev "Elim-ai", S.Zhunisov "Akan seri" and A.Kekilbayev "Anyzdyn akir" will be comprehensively and deeply analyzed. A comparison will also be made between the image of Shyryn from Nizami's poem "Khusrau and Shyryn" and the image of Guldarayim from S.Smatayev's novel. This research project aims to analyze how motifs and legends from oriental literature are reflected in the works of three writers, with an emphasis on the depiction of the theme of love. The unique approaches and skills of each writer in conveying this theme are considered. To strengthen the theoretical basis of the article, scientific findings of both domestic and foreign scientists that directly relate to the topic of the study were used. Also, during the study, scientific methods such as comparison, analysis, collection and systematization were used to study the influence of oriental literature on Kazakh writers, as well as to identify similarities in their works. The novelty of the study is that it examines how mythological plots associated with the theme of love in oriental literature are adapted and changed in Kazakh novels in accordance with the ideological goals of the writer. The article examines the changes that occur in the process of transferring oriental motifs and nomadic plots from Kazakh folklore to written literature. Kazakh writers used certain eastern plots, adapting them to Kazakh life, customs and national identity, introducing new elements into them.

Key words: Kazakh novel, oriental motifs, legends, nomadic plot, love motifs, artistic truth, role.

Автор туралы мәлімет

Қадыл Талдаубек, ғылыми қызметкер, PhD, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Қадыл Талдаубек, научный сотрудкик, PhD, Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан.

Information about authors:

Taldaubek Kadyl, Researcher, PhD, R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan.

Келіп түсті 10 желтоқсан 2024 жыл
Қабылданды 27 ақпан 2025 жыл

ҒТАХР 03.91. https://doi.org/ 10.63051/kos.2025.1.128

[1]Әбиденқызы А. *[2]Алмабекова А.М.
Аңдатпа. Қазіргі халықаралық ахуал жағдайында ұлттық қауіпсіздік мәселелері әсіресе өзекті болып отыр және мемлекеттер тарапынан ерекше назар аударуды талап етеді. 2022 жылы желтоқсанда Жапония үкіметі елдің жаңа Ұлттық қауіпсіздік стратегиясын (ҰҚС) қабылдады, онымен бірге Қорғаныс саласындағы ұлттық стратегия (ҚСҰС) және Қорғаныс қабілетін арттыру бағдарламасын (ҚҚАБ) бекітті. Жапонияның ұзақ уақыт бойы өзін-өзі қорғау саясатынан кетуі аймақтық және жаһандық ауқымдағы сыртқы қауіп-қатерлерден туындаған бетбұрыс кезеңін білдіреді. Жапонияның жаңа Ұлттық қауіпсіздік стратегиясында сыртқы қауіп ретінде Солтүстік Кореяның зымыран технологияларын қарқынды дамытуы және әскери қызметі, Қытайдың сыртқы саясаты, оның әскери іс-қимылдары, сондай-ақ Ресейдің Украинаға басып кіруі келтіріледі. Бір мезгілде оңтүстіктен, батыстан және солтүстіктен қауіп-қатерге тап болған Токио XX ғасырдың ортасындағы жаһандық қақтығыс аяқталғаннан бергі ең күрделі жағдайға тап болды. Жапонияның ұлттық қауіпсіздік стратегиясының жаңа құжаттарында анықталған проблемаларды Токио кеңейтілген әскери және дипломатиялық шаралар арқылы шешуге ниетті. Ұзақ уақыт бойы өзін-өзі қорғау саясатына бағдарланған Жапония енді өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін барынша белсенді шараларға көшті. Бұл ең алдымен қорғаныс бюджетінің ұлғаюынан көрінеді. Мақаланың мақсаты – саяси реализм теориясының призмасы арқылы Жапонияның жаңа Ұлттық қауіпсіздік стратегиясын талдау. Мақалада елдің қорғаныс қабілетін нығайтуға бағытталған Жапонияның алдыңғы (ЖҰҚС, 2013) және жаңа Ұлттық қауіпсіздік стратегиясының (ЖЖҰҚС, 2022) мәселелері талданады. Авторлар Жапонияның 2013 және 2022 жылдардағы ұлттық қорғаныс стратегияларындағы өзгерістер сыртқы қатерлердің күшеюіне байланысты деген қорытындыға келеді. Бұл сын-қатерлерге жауап ретінде Токио ел ішінде де, халықаралық аренада да шаралар қабылдай отырып, өзінің қауіпсіздік саясатын қайта қарауға мәжбүр. Таңдалған тақырып дискурсын тарихи-компаративтік талдау жапондық, шетелдік және орыс тілді сарапшылардың зерттеулерін және ресми тұлғалардың, саясаткерлердің, дипломаттардың пікірлерін қамтиды. Салыстырмалы зерттеу сыртқы қауіптерді азайтуда орта державалар мүмкіндіктерінің шынайылығын түсінуге ықпал етеді.

Кілт сөздер: Жапония, Ұлттық Қауіпсіздік, Ұлттық стратегия, саяси реализм, қорғаныс, геосаясат, АТА, сыртқы саясат, халықаралық қатынастар.

[1]Kim G.N. *[2]Seitnur Sh.A. [3]Pishchalin V.A.
[1,3]Institute of Asian Studies of the Al-Farabi Kazakh National University
[2]Al-Farabi Kazakh National University
E-mail: [1]germankim01@yahoo.com, [2]shinar.askarovna@mail.ru, [1]pischalin228@gmail.com

ON POLITICAL REALISM OF JAPAN'S NEW NATIONAL SECURITY STRATEGY

Abstract. In the current international situation, national security issues are becoming especially relevant and require special attention from states. In December 2022, the Japanese government adopted a new National Security Strategy (NSS), together with which the National Defense Strategy (NDS) and the Defense Buildup Program (DBP) were approved. Japan's departure from its long-standing policy of self-defense marks a turning point driven by external threats on a regional and global scale. The new National Security Strategy of Japan cites the intensive development of missile technology and military activities of North Korea, China's foreign policy, its military actions, as well as the Russian invasion of Ukraine as an external threat. Faced with threats from the south, west and north simultaneously, Tokyo found itself in the most difficult situation since the end of the global conflict in the middle of the 20th century. Tokyo intends to address the emerging challenges identified in Japan's new national security strategy documents through expanded military and diplomatic measures. Japan, which previously adhered to a policy of self-defense, is now taking more active steps to strengthen its security. This is expressed, first of all, in the increase of the defense budget. The purpose of the study is to analyze the new National Security Strategy of Japan through the prism of the theory of political realism. The article analyzes the issues of the previous (NSS, 2013) and the new National Security Strategy of Japan (NSS, 2022) aimed at strengthening the country's defense capability. The authors conclude that changes in Japan's 2013 and 2022 national defense strategies are due to increased external threats. In response to these challenges, Tokyo is forced to revise its security policy, taking measures both domestically and internationally. Historical and comparative analysis of the discourse of the selected topic includes research by Japanese, foreign and Russian-speaking experts and the opinions of officials, politicians, and diplomats. The comparative study will contribute to understanding the realistic capabilities of the middle Powers in minimizing external threats.

Keywords: Japan, national security, national strategy, political realism, defense capability, geopolitics, Asia-Pacific region, foreign policy, international relations.

Информация об авторах:

Ким Герман Николаевич, доктор исторических наук, профессор, Директор Института азиатских исследований КазНУ им. Аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Сейтнур Шынар Аскаркызы, докторант КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Пищалин Владислав Александрович, магистрант, научный сотрудник Института азиатских исследований КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Авторлар туралы мәлімет:

Ким Герман Николаевич, тарих ғылымдарының докторы, профессор. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Азиятану институтының директоры, Алматы, Қазақстан.

Сейтнур Шынар Асқарқызы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың докторанты, Алматы, Қазақстан.

Пищалин Владислав Александрович, шығыстану кафедрасының магистрі, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Азиятану институтының ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.

Information about the authors:

Kim German Nikolaevich, Doctor of Historical Sciences, Professor. Director of the Institute of Asian Studies KazNU named after. Al-Farabi, Almaty, Kazakhstan.

Seitnur Shynar Askarkyzy, doctoral student at Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Pishchalin Vladislav Aleksandrovich, Master of Oriental Studies Department. Researcher at the Institute Asian Studies Al-Farabi Kazakh National University , Almaty, Kazakhstan.

Келіп түсті 20 желтоқсан 2024 жыл
Қабылданды 27 ақпан 2025 жыл

ҒТАМР 03.09.55 https://doi.org/ 10.63051/kos.2025.1.158

[1]Оспанова А. К. **[2]Алиакбарова А.П.**
[1,2] С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана, Қазақстан
E-mail: [1]ospanova_akmaral@mail.ru, [2]ainurap@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН МЕН ТҮРКИЯ АРАСЫНДАҒЫ САЯСИ ЖӘНЕ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР (XX Ғ. СОҢЫ МЕН XXI Ғ. БАСЫ)

Аңдатпа. XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басы Қазақстанның халықаралық қатынастар жүйесінде маңызды кезеңдердің бірі болып табылады. Мақала аталмыш кезеңдегі Қазақстан мен Түркия арасындағы саяси және дипломатиялық байланыстардың қалыптасу және дамуын тарихи тұрғыдан талдауға бағытталған. 1991 жылы Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін жариялағаннан бастап, екі ел арасындағы ынтымақтастықтың жаңа кезеңі басталды. Қазақстан тәуелсіздігін жариялағаннан кейін Түркия алғашқылардың бірі болып тәуелсіздігін мойындап, саяси, экономикалық және мәдени қарым-қатынастар қарқынды даму бағытына түсті. Мақалада Қазақстан мен Түркия арасындағы екіжақты байланыстардың негізгі кезеңдері, дипломатиялық қатынастардың институционалдық негіздері, халықаралық ұйымдар шеңберіндегі өзара іс-қимыл және стратегиялық әріптестіктің дамуы қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – екі ел арасындағы байланыстардың қалыптасу үдерісін тарихи тұрғыдан талдау, олардың халықаралық аренадағы рөлін айқындау және болашақтағы даму перспективаларын анықтау. Сондай-ақ, екіжақты қатынастардың негізгі кезеңдері мен жетістіктерін зерттеу. Зерттеу барысында тарихи талдау әдісі және жүйелілік, салыстырмалы талдау, саяси талдау әдісі пайдаланылды. Ғылыми зерттеуде Қазақстан Республикасының Президенттік архив құжаттары басшылыққа алынып, халықаралық келісімдер мен сараптамалық материалдар негізінде талдау жасалып, екі ел арасындағы қарым-қатынастардың негізгі кезеңдеріне қатысты қорытындылар ұсынылған. Зерттеу нәтижелері Қазақстан мен Түркия арасындағы саяси және дипломатиялық байланыстары аталған кезең аралығында жоғары деңгейде дамып, екі ел арасындағы сенімді серіктестіктің қалыптасқандығын көрсетіп отыр.

Кілт сөздер: Қазақстан, Түркия, саяси қатынастар, интеграция, дипломатия, тарихи бірегейлік, халықаралық ынтымақтастық, стратегиялық серіктестік.

Кіріспе

Қазақстан мен Түркия арасындағы саяси және дипломатиялық байланыстар ғасырлар бойы қалыптасқан туыстық қарым-қатынастарға негізделген. Тарихи деректерге сүйенсек, екі мемлекет арасындағы қарым-қатынас XVIII ғасырдан бастау алады. Осман империясы дәуірінде қазақ хандары мен Османлы арасында дипломатиялық және мәдени байланыстар болғанын архив құжаттары дәлелдеп отыр. Қазақ хандары Османлы сұлтандарымен байланыс орнатуға әрекет жасағанымен, сол кезеңдегі Ресей мен Османлы арасындағы өзара келісімге сәйкес жақын байланыс орнатылмады және патшалық Ресейдің қатаң бақылау шеңберінде жалғасын тапты (Оспанова, 2024:21-33).

XIX ғ. соңы мен XX ғасырдың басында түркі халықтарының тәуелсіздігі мен мәдени тұтастығын көздеген Алаш зиялылары Түркиядағы реформаларға қызығушылық танытып, өзара ықпалдастық орнатуға тырысты. Алайда, Кеңес Одағының құрылуымен бұл байланыстар толықтай тоқтап, Түркиямен ресми байланыс орнатуға мүмкіндік бермеді, тек 1970 жылдарда мәдени салада шектеулі түрде қарым-қатынас орнай бастады (Оспанова, 2024: 81). Екі мемлекет арасындағы тығыз байланыстар Қазақстан тәуелсіздік алуымен жүзеге

асқанын көруімізге болады. Жоғарыда аталған тарихи байланыстар мен түркілік ортақ мұра, мәдени және рухани құндылықтар жақын қарым-қатынас орнатуға басты себеп болды.

1991 жылы Қазақстан тәуелсіздігін жариялағаннан бастап, екі ел арасындағы ынтымақтастықтың жаңа кезеңі басталды. Қазақстан тәуелсіздігін жариялағаннан кейін Түркия алғашқылардың бірі болып тәуелсіздігін мойындап, саяси, экономикалық және мәдени қарым-қатынастар қарқынды дамыды. Түркия Республикасы Қазақстанның ең маңызды серіктестерінің бірі болып, инвестиция, білім беру, сауда және әскери салаларда ынтымақтастық орнатты. Осы кезеңнен бастап түрлі келісімдер жасалып, стратегиялық серіктестік жоғары деңгейіне жетті. Бүгінде Түркия Қазақстанға ірі инвестиция салатын елдердің бірі болып табылады. Түркі мемлекеттері ұйымы аясындағы әріптестік те бұл қарым-қатынастардың маңызды аспектісі болып табылады.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Зерттеу барысында тарихи талдау әдісі және жүйелілік, салыстырмалы талдау, саяси талдау әдісі пайдаланылды. Тарихи әдіс – Қазақстан мен Түркия арасындағы саяси және дипломатиялық қарым-қатынастардың тарихи кезеңдерін қарастыру үшін қолданылды. Бұл әдіс архивтік құжаттар мен тарихи дереккөздерді талдау арқылы екі ел арасындағы байланыстардың эволюциясын сипаттауға мүмкіндік берді. Қазақстан мен Түркия арасындағы дипломатиялық қатынастардың құрылымдық ерекшеліктерін анықтау жүйелік талдау әдісі негізінде қарастырылды. Аталмыш әдіс екіжақты қатынастардың негізгі аспектілерін (саяси саладағы ынтымақтастық) кешенді түрде зерттеуге көмектесті. Екі елдің тарихи кезеңдердегі өзара қарым-қатынастарының ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау үшін қолданылды. Осы әдіс арқылы Түркия мен Қазақстанның әр кезеңдегі саяси ұстанымдары мен халықаралық аренадағы рөлдері салыстырылды. Қазақстан мен Түркия арасындағы саяси байланыстар жөніндегі ғылыми еңбектер, архивтік материалдар, ресми құжаттар, дипломатиялық хаттамаларын зерттеуде кросс-талдау әдісі қолданылды. Екі мемлекет арасындағы стратегиялық серіктестіктің даму бағыттарын бағалау және олардың халықаралық саясаттағы орны мен рөлін айқындау үшін қолданылды. Сапалық және сандық талдау әдістері – екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастардың негізгі көрсеткіштерін анықтау және бағалау мақсатында пайдаланылды. Жоғарыда аталған әдістерді кешенді пайдалану арқылы Қазақстан мен Түркия арасындағы саяси және дипломатиялық қатынастардың тарихи негіздері мен даму динамикасын жан-жақты зерттеуге мүмкіндік берілді.

Зерттеу мақаласын жазу барысында Қазақстан және Түркия арасындағы байланыстар тарихын зерттеп жүрген зерттеуші ғалымдар Анжижан Ахат, Абдуллахап Кара, Ердоган Хасан, Тажибаева Рашит т.б зерттеулері басшылыққа алынып, дипломатия мен халықаралық қатынастарға байланысты ғылыми еңбектер талданды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Президент архив қорынан алынған деректер пайдаланылды.

Талқылау

Зерттеу жұмысында Қазақстан мен Түркия арасындағы саяси және дипломатиялық қарым-қатынастардың (XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басы) тарихи негіздерін қарастыру үшін Түрік зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне басымдық берілді. Түркиялық зерттеуші А. Андижанның (Andican, 2009 - Osmanlı'dan Günümüze Türkiye ve Orta Asya) еңбегінде Османлы дәуірінен бастап қазіргі кезеңге дейінгі Түркия мен Орталық Азия елдері арасындағы байланыстар жан-жақты қарастырылады. Автор тарихи деректер мен саяси үрдістерді талдай отырып, Түркияның аймақтағы рөлін сипаттайды. Аталмыш зерттеу Қазақстан-Түркия қатынастарын тарихи контексте қарастыру үшін маңызды дерек көзі болып табылады. Алайда, зерттеуде екі мемлекет арасындағы 1991 жылдан басталған дипломатиялық қарым-қатынастар туралы жекеше тоқталмағанын, жалпылама Орта Азиядағы түркі мемлекеттеріне бағыттаған Түркия саясатын қарастырғанын көруімізге болады. Б.

Амреевтың (Amreyev, 2011 - Dönemimizde Kazakistan Türkiye İlişkileri ve Türk Dünyası) еңбегі қазіргі кезеңдегі Қазақстан-Түркия қарым-қатынастары мен Түркі әлеміндегі ынтымақтастықтың маңызын ашады. Автор екі ел арасындағы экономикалық, мәдени және саяси байланыстарды саралай отырып, олардың даму динамикасына тоқталады. Бұл еңбек Түркия мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастықты зерттеуге арналған маңызды әдебиеттердің бірі болып табылады. М.К. Ататүріктің Кеңес Одағы туралы пікірі және Түрік бірлігі (Atatürk'ün Sovyet Öngörüsü, 2012 - Atatürk'ün Sovyet Öngörüsü ve Türk Birliği düşüncesi) атты мақалада Түркия Республикасының құрушысы М.К. Ататүріктің Кеңес Одағы туралы болжамдары мен Түркі бірлігі туралы ойлары қарастырылады. Бұл саяси пікірі арқылы К. Ататүріктің Түркі халықтарының болашағы туралы көзқарастары мен саяси мәнін ұғынуға мүмкіндік береді. (Aslan Davut Han, Bozyigit Duygu, 2014) Зерттеу КСРО ыдырағаннан кейінгі Қазақстан мен Түркия арасындағы өзара қарым-қатынастардың жалпы шолуын ұсынады. Еңбекте екі елдің арасындағы байланыстардың әртүрлі аспектілері, соның ішінде экономикалық және дипломатиялық қарым-қатынастар талданады. Зерттеу екі жақты қатынастарды кешенді түрде талдау үшін маңызды.

Түркиялық қазақ ғалымы, тарихшы Абдуллахап Кара Түркиядағы қазақ диаспора тарихына және екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастар тарихына қатысқы бірнеше еңбек жазған зерттеушілердің бірі. Біз де бұл зерттеуімізде А. Караның бірнеше зерттеулерін басшылыққа алған болатынбыз. (Abdulvahap Kara, 2012 - Turgut Özal Ve Türk Dünyası Türkiye-Türk Cumhuriyetleri İlişkileri 1983-1993) атты зерттеуде Түркияның 1983-1993 жылдар аралығындағы Түркі республикаларымен қарым-қатынасы сипатталады. Автор Тұрғыт Өзалдың Қазақстан-Түркия байланыстарын қалыптасуындағы рөлін ерекше атап өтеді. Зерттеу Түркия мен Түркі әлемінің арасындағы интеграциялық үрдістерді қарастыру үшін маңызды дереккөзі болып табылады. А. Караның екінші бір зерттеу мақаласында (Abdulvahap Kara, 2011) Түркі әлеміндегі 20 жылдық ынтымақтастық үдерісі мен Қазақстанның Түркия саясатындағы рөлін талданады. Автор Түркі халықтарының мәдени, экономикалық және саяси интеграциясына ерекше назар аударып, Қазақстанның жетекші рөлін атап өтеді. Зерттеу Түркі кеңістігіндегі интеграциялық үдерістерді қарастыру үшін құнды деректің бірі. Түркиялық зерттеушілер А. Аттилла (Artman Attilla, 1993) және А. С. Асар (Ahmet Cevat Acar, 2015) еңбектерінде Түркі республикаларының әлеуметтік-экономикалық жағдайын және олардың Түркиямен қарым-қатынастарын талдайды. Кеңестік кезеңнен кейінгі экономикалық өзгерістер мен жаңа мемлекеттердің даму бағыттары қамтылған. Бұл зерттеу аймақтағы экономикалық үрдістерді зерттеу үшін пайдалы. Зерттеулерде Қазақстан-Түркия қатынастарының маңызды тарихи кезеңдері қарастырылады. Автор екіжақты байланыстардың дамуы мен олардың негізгі бағыттарын сипаттайды. Ғылыми еңбек Қазақстан мен Түркияның дипломатиялық тарихын зерттеуге арналған маңызды дереккөз болып табылады. Аталған әдебиеттер Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынастардың тарихи, экономикалық, саяси және мәдени аспектілерін жан-жақты қарастырады. Әрбір зерттеу белгілі бір кезең мен тақырыпты қамтып, екі ел арасындағы ынтымақтастықтың даму үдерісін талдайды. Бұл еңбектерді кешенді түрде қарастыру зерттеудің объективтілігін қамтамасыз етті.

Қазақстан мен Түркия арасындағы алғашқы тәуелсіздік жылдардағы дипломатиялық байланыстар тарихын зерттеуде Қазақстан Республикасының Президентінің Архив қорларынан алынған деректер де пайдаланылды **(**ҚР Президентінің Архиві - ҚР Президентінің Архиві, Қ.5, Т.1, Қ.35181, 43 б., ҚР Президентінің Архиві, Қ.5, Т.1, Қ.5180, 91 б., ҚР Президентінің Архиві. Қ.5, Т.1, Қ.5181, 43 б). Аталған қорлар Түркия мен Қазақстан арасында жақын-қарым-қатынастар болғанын дәлелдеп отыр.

Қазақстан мен Түркия арасындағы саяси және дипломатиялық қарым-қатынастарды кешенді түрде талдауға, олардың даму динамикасын және ықпалдастық үдерістерін ғылыми негізде зерттеуге мүмкіндік берген зерттеулер: (Kazakistan-Türkiye, 2013); (Жигалов, Султанов, 1993) (Tacibayev, 1997) (Tokayev, 2001) зерттеулері Қазақстан Республикасының

сыртқы саясатына арналған. Бұл еңбектерде Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан кейінгі сыртқы саяси басымдықтары қарастырылады. Қазақстан мен Түркия арасындағы жоғары деңгейдегі стратегиялық әріптестік пен дипломатиялық қатынастардың 1991-2000 жылдар аралығындағы дамуын сипаттап, 10 жылдық ынтымақтастыққа тарихи талдау жасайды. Аталмыш зерттеулерде саяси тұрғыдан екі елдің серіктестігі мен стратегиялық ынтымақтастығы талданса, экономикалық тұрғыда сауда, инвестиция және қызмет көрсету салалары да қарастырылған. Сонымен қатар, білім беру саласындағы ықпалдастық пен мәдени байланыстардың даму үрдісіне де жекеше тоқталғанын көруімізге болады.

Зерттеу нәтижелері

Түркия мен Қазақстан арасындағы тарихи байланыстар Кеңес Одағы ыдырағанға дейін қысқа мерзімге болса да мәдени бағытта орнаған болатын. Осы кезеңде орын алған саяси оқиғаларға шолу жасау, КСРО ыдырағаннан кейінгі екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастарға әсерін қарастыру да маңыздылыққа ие.

1980-жылдарда Кеңес жүйесінің ішкі және сыртқы саясатта күтілген нәтижелерге жете алмауы Кеңес басшылары тарапынан да ашық түрде талқылана бастады. 1985 жылы Михаил Горбачевтің мемлекет басшысы болуымен бірге «қайта құру» саясаты енгізіліп, жүйені ашықтыққа бейімдеу мен қайта құрылымдау мәселелері көтерілді. Алайда, бұл жүргізілген саясат Кеңес үкіметін сақтап қалуға жеткіліксіз болды. 1991 жылдың наурыз айында Минскіде өткен жиынның қорытындысы бойынша, Кеңес Одағының ыдырағаны ресми түрде хабарланған болатын. (Erdoğan Hasan, 2003: 132).

1991 жылы «Миллиет» газетінде Кеңес Одағының ыдырауы туралы төмендегідей мақала жарияланды:

«Тарихта бір империяның немесе алып мемлекеттің құлдырауы ешқашан мұншалықты «жеңіл» болмаған. Шынында да, КСРО-ның ыдырауы соғыссыз, төңкеріссіз, қан төгілмей жүзеге асты. М. Горбачев теледидарда қызметтен кеткенін жариялады... Кремльден Кеңес одағының қызыл туы төмен түсірілді. «Интернационал» маршы соңғы рет орындалды... Бар болғаны осы ғана! Осы оқиғамен алып Кеңес Одағы тарихқа айналды. 74 жылдық дәуір жабылды (Sami Kohen, 2012: 129).

Жетпіс жылдан астам билік еткен Кеңес жүйесінің құлауы, Орта Азиядағы түркі республикаларының тәуелсіздік алу процесін жеделдеткен жаңа кезеңнің басталуына себеп болды. Бұл саяси оқиғадан кейін түркі республикалары өз тәуелсіздігін жариялай бастады. 1991 жылдың 30 тамызда Әзірбайжан, 31 тамызда Қырғызстан, 1 қыркүйекте Өзбекстан, 27 қазанда Түрікменстан және соңғы болып 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін жариялады (Erdoğan Hasan, 2003: 134.). Сол күні Түркия ешқандай мемлекетпен ақылдаспастан Кеңес Одағының ыдырауымен құрылған 15 республиканы ресми түрде танығанын мәлімдеді.

Осы тарихи оқиғадан кейін, Қазақстан тәуелсіздігін кеш жариялауына немесе ең соңғылардың бірі болып жариялауына не себеп болды? деген сұрақ туындады. ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтан «Қазақстан не себепті өз тәуелсіздігін кеш жариялады? деген сауалға: «КСРО-ға тәуелді барлық мемлекеттер өз тәуелсіздігін жарияласа, Қазақстан кімге тәуелді болуы керек? (Tacibayev, 1997:32) – деп, қысқа жауап қайтарған болатын.

КСРО-ның құлауы мен түркі халықтарының өз тәуелсіздіктеріне қол жеткізуі бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін басталған «қырғи-қабақ соғыс» дәуірінің аяқтаған негізгі кезеңдерінің бірі болды.

Орта Азиядағы түркі тілдес мемлекеттер өз тәуелсіздігін жариялаған күннен бастап Түркия алғаш болып тәуелсіздігін мойындап, дипломатиялық жақын қарым-қатынас орнатуға тырысты. Н. Назарбаев «Түркия-Қазақстан сауда және инвестиция форумында» сөйлеген сөзінде бұл туралы былайша баяндайды:

«1991 жылдың 16 желтоқсанында, күндізгі сағат төртте, Парламентіміз тәуелсіздік жариялады. Марқұм Президент Тұрғұт Өзал бір сағаттан кейін бізді құттықтады. Түрік мемлекеті біздің тәуелсіздігімізге бірінші болып қуанған ел болды. Біздің тәуелсіздігімізді мойындады. Халқымыз мұны ешқашан ұмытпайды» (Kazakistan-Türkiye: Yüksek Düzeyli Stratejik İşbirliği, 2013.)

Түркия Министрлер кабинетінің осы тарихи шешімін бағалаған Түркияның Сыртқы істер министрі Хикмет Четин былай деп мәлімдеді:

«Түркия бұл шешімі арқылы шынымен солтүстіктегі барлық елдермен көрші болудың жауапкершілігін сезініп, оқиғаға тұтас көзқараспен қарап, өте оң және тарихи ұстаным танытты. Бұл шешімде ешқандай айырмашылық жасамастан, мемлекеттер арасында келіспеушілік болмасын деген ұстаныммен Кавказдан Орта Азияға, Славян және Балтық елдеріне дейінгі барлық Кеңес республикаларын мойындау туралы шешім қабылдады. Осы негізде саяси қатынастар орнап, дипломатиялық елшіліктер ашылатын болады. (Abdulvahap Kara, 2012:126.)

Түркия тарапы жаңа тәуелсіздік алған республикалардың тез дамуына ықпал етуге алғашқы болып қадам жасай бастағанын көруімізге болады. Оған негізгі дәлел Түркия 1990 жылдардың басынан бастап Орта Азиядағы түркі республикаларымен білім, ғылым және мәдениет салаларында көптеген келісімдер жасасты (G. Ergin, F. Türk, 2010: 35-41). 1990 жылдардың бірінші жартысында атқарылған жұмыстар Түркия мен түркі республикалары арасындағы қарым-қатынастарды қалыптастыруда маңызды рөл атқарды (Erdoğan, Selçuk, 1997: 701-714). Аталмыш кезеңнен бастап «Түркі әлемі» ұғымы да жоғары деңгейде насихаттала бастады.

Кеңес үкіметінің саяси билігінде болған түркі халықтары мен Түркия арасындағы шектеулі қарым-қатынастар ұзақ үзілістен кейін қайта жанданды. Орта Азиядағы түркі республикалары арасында дипломатиялық байланыстар орнағаннан кейін, мәдени, тарихи, әлеуметтік және экономикалық салаларда ынтымақтастықты дамыту мақсатында ортақ ұйымдар құрыла бастады. Бұл бастамалардың басты мақсаты – Түркияның түркі әлемімен қарым-қатынастарын қайта жаңғырту және оларды тұрақты негізге көшіру еді (Yüksel Kavak, Gülsün Atanur, 2001: 92). Сонымен қатар, Түркия тарапынан түркі тектес халықтарға деген жақын қарым-қатынастың орнауы Түркия Республикасының негізін қалаушы және алғашқы президенті Мұстафа Кемал Ататүріктің өсиетін орындау болады. 29 қазан 1933 жылы Түркия Республикасының құрылғанына он жыл толуына орай сөйлеген сөзінде Мұстафа Кемал Ататүрік Орта Азиядағы түркі халықтары туралы төмендегідей өз өсиетін қалдырған болатын:

«...Бүгін Кеңес Одағы – біздің досымыз, көршіміз, одақтасымыз. Бұл достыққа біз мұқтажбыз. Алайда ертең не болатынын ешкім болжай алмайды. Кеңестер Одағы да уақыт өте Австро-Венгрия, Османлы империясы секілді ыдырауы мүмкін. Бүгін қолында мықтап ұстап отырған халықтар оның қолынан сусып шығуы мүмкін. Әлем қайтадан жаңа бір тепе-теңдікке келеді. Сол кезде Түркия не істейтінін білуі керек. Бүгін біздің досымыздың басқаруында тілі бір, діні бір, тегіміз бір бауырларымыз бар. Біз оларға қамқор болуға дайын болуымыз қажет. Дайын болу – сол күнді үнсіз күтіп отыру емес, дайындалу керек. Халықтар бұған қалай дайындалады? Рухани көпірлерді бекем ұстау арқылы. Тіл – бір көпір... Сенім – бір көпір... Тарих – бір көпір. Біз өз тамырымызға үңіліп, тарихи оқиғалардың бөлген тарихымызды біріктіруіміз керек. Олардың бізге жақындауын күте алмаймыз, біздің оларға жақындауымыз қажет. Тарихи байланыс, фольклорлық байланыс орнатуымыз керек, түркология саласында үлкен жетістіктерге жетуіміз қажет. Мұны кім жасайды? Әрине, біз..." (Atatürk'ün Sovyet Öngörüsü: 2012)

Осылайша, тарихи үдерістер қанша уақыт саяси үзіліске себеп болғанымен, Кеңес Одағы ыдыраған кейін Түркия мен Қазақстан арасындағы дипломатиялық және саяси қатынастар Қазақстанның 1990 жылдың қазан айында егемендігін жариялауымен қалыптаса бастады. Екі

ел арасындағы тікелей екіжақты байланыстар 1990 жылы мемлекет қайраткерлерінің ресми сапарларымен басталғаны байқалады.

1990 жылдың 5 желтоқсанында сол кездегі Түркияның мәдениет министрі Намык Кемал Зейбек Қазақстанға сапар жасап, Түркия мен Қазақстанның мәдениет министрлері арасында мәдени ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды (Andican, 2009: 526).

1991 жылдың 15-16 наурызында Тұрғұт Өзал Қазақстанға (мемлекет басқарған жылдары 1989-1993) ресми жасап жасады. Османлы кезеңінен бастап, Түркия президенттері арасында Т. Өзал Қазақстанға алғаш рет сапар жасаған мемлекет басшылардың бірі болды. (Davut Han, Duygu, 2014: 133-145). Ресми сапар барысында Алматыда «Саяси, сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, экологиялық, мәдени, әлеуметтік, коммуникациялық және өзге де салаларда ұзақ мерзімді өзара тиімді ынтымақтастықты кеңейту және тереңдету ниеттерін білдіру туралы ынтымақтастық келісімі» жасалды (Türkiye ile Türk Cumhuriyetleri, 1993:199). Бұл келісім 1994 жылдың қазан айында «Достық және ынтымақтастық келісімімен» жетілдірілді (Acar, 2015). Ресми сапар барысында екі ел арасында Сауда және экономикалық ынтымақтастық туралы хаттамаға да қол қойылды (Kazakistan Cumhuriyeti, 2012: 301). Бұл келісімдер Қазақстанның Түркиямен мәдени, ғылыми-техникалық және басқа да көптеген салаларда қарым-қатынас орнатуына жол ашты.

Түркия Президенті Т. Өзал мемлекет басшылығында болған уақытта Н. Назарбаевты Түркияға шақырған болатын (Tacibayev, 2015: 114-115.). 1992 жылдың 25- 29 қыркүйек аралығында алғаш рет Н. Назарбаев Түркияға ресми сапармен барады. Бұл сапар Қазақстан мен Түркия арасындағы дипломатиялық байланыстарды нығайтуға және екіжақты ынтымақтастықты дамытуға үлкен мүмкіндік берді (Davut Han, Duygu, 2014: 133-145.) Орта Азиядағы Түркі республикалары ішінен Түркияға алғаш ресми сапар жасаған президент Н.Назарбаев болды.

Н. Назарбаев Алматыдан Түркияға ресми сапары алдында жасаған жазбаша мәлімдемесінде, еркін нарықтық экономикаға көшу кезеңінде Түркияның заманауи әрі сапалы кадрлар даярлау, шетелдік инвесторларды тарту тәжірибесінен, экономикалық даму мен өсудің тәжірибесінен үлгі алғысы келетінін атап өтті (Kara, 2012:142-145.). Н. Назарбаевтың бұл сапары Түркия басшылары мен оппозициясы үшін ерекше маңызға ие болды. Ресми сапар аясында екі ел арасында төмендегідей келісімдерге қол қойылды:

– өзара қарым-қатынастардың қағидалары мен мақсаттары туралы декларация;
– сауда-экономикалық, ғылыми және техникалық ынтымақтастық туралы келісім;
– көлік және байланыс саласындағы ынтымақтастық туралы келісім;
– өзара түсіністік туралы меморандум.

Бұл келісімдермен қоса Стамбул-Алматы тікелей әуе рейстері, тұтыну тауарларын өндіру және бірлескен инвестицияларды да қамтылды (Kazakistan Cumhuriyeti Ankara Büyükelçiliği, 2012: 301). Осы аталған келісім негізінде бүгінгі күнге дейін үздіксіз жалғасып келе жатқан дипломатиялық қарым-қатынастардың іргетасы қаланған болатын.

Дипоматиялық қарым-қатынастар

Түркия мен Қазақстан арасындағы дипломатиялық қатынастар жоғарыда айтылғандай, Кеңес Одағы ыдырамай тұрып және Қазақстан өзінің тәуелсіздігін жариялаған тұрып басталған болатын.

Қазақстанның тәуелсіздігін алғаннан кейін екі ел арасындағы саяси қатынастар бірден орнай бастады. Оның алғашқы қадамы 1992 жылдың 2 наурызында Түркия мен Қазақстан арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнатылуына байланысты хаттамаға қол қойылып, екі елдің елшіліктері ашылды (Tuymebayev, 2012: 4).

1992 жылдың 2 наурызында Алматыда Түркияның Сыртқы істер министрі Хикмет Четин мен Қазақстанның Сыртқы істер министрі Төлеутай Сүлейменов «Түркия Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы дипломатиялық қатынастарды орнату туралы хаттамаға» және сол күні екі халықтың жақындасуы мен мәдени байланыстарды дамыту

мақсатында «Визасыз режим туралы келісімге» (02.03.1992 Алматы) қол қойды (Türkiye ile Türk Cumhuriyetleri,1993:199.). Аталған келісімнен кейін 1992 жылдың 18 сәуірінде Алматыда Түркия Елшілігі ашылды (Kazakistan Cumhuriyeti Ankara Büyükelçiliği, 2012:39). Түркия Республикасының Елшісі Аргун Ерпай 1992 жылдың 21 сәуірінде Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа сенім грамотасын тапсырып, Қазақстандағы қызметіне ресми түрде кірісті (Artman Attilla, 1993:68).

Алматыдағы елшілік ғимараты Түркия Республикасының Премьер-министрі Сүлейман Демирелінің Қазақстанға келген күні, яғни 1992 жылдың 29 сәуірінде салтанатты түрде ашылды. 2008 жылдың 12 маусымында Түркия Елшілігі Алматыдан Қазақстанның астанасы Астанаға көшірілді (Aslan Davut Han, Bozyigit Duygu, 2014: 133-145).

1992 жылдың 16 сәуірінде Н. Назарбаев Қазақстанның Түркиядағы Елшілігін құру туралы шешім қабылдап, 1992 жылдың 17 мамырындағы қаулысымен Қанат Саудабаевты Түркиядағы Қазақстанның елшісі етіп тағайындады (Жигалов, Султанов, 1993: 176). Қазақстанның алғашқы елшісі болып тағайындалған Қ. Саудабаев 1992 жылдың 20 мамырында қызметіне кірісті.

1992 жылдың 29 қазанында Түркияға сапармен барған Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның Анкарадағы Елшілігі ғимаратының ашылу салтанатына қатысты (Kazakistan Ülke Raporu, Ankara 1995: 82). Осылайша, екі елдің елшіліктері ашылып, қысқа мерзім ішінде дипломатиялық қатынастар толық орнады. Бұл үдерісте Түркия тарапы белсенді рөл атқарды. Осы саяси оқиғалардан кейін екі ел арасында түрлі салалардағы қатынастар мен ынтымақтастықты реттейтін көптеген келісімдер мен хаттамаларға қол қойылды. Бұл келісімдер саяси қатынастардан бөлек, білім, мәдениет, сауда-экономикалық ынтымақтастық, көлік, денсаулық және байланыс салаларын қамтиды:

– Қазақ КСР Байланыс министрлігі мен Түркия ПТТ басқармасы арасындағы ниет хаттамасы (30.04.1991, Стамбул) (Türkiye ile Türk Cumhuriyetleri Arasında, 1993: 94);

– Түркия Республикасының Ұлттық білім министрлігі мен Қазақстан Республикасының Білім министрлігі арасындағы ынтымақтастық хаттамасы (18.05.1992, Анкара) (Türkiye ile Türk Cumhuriyetleri Arasında, 1993: 274);

– Түркия Республикасы Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Үкіметі арасындағы әуе тасымалы туралы келісім (31.10.1992) (Türkiye ile Türk Cumhuriyetleri Arasında, 1993: 220);

– Түркия Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы байланыс саласындағы ынтымақтастық хаттамасы (01.12.1992, Анкара) (Türkiye ile Türk Cumhuriyetleri Arasında, 1993: 217);

– Түркия Республикасы Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Үкіметі арасында Түркістан қаласында Халықаралық Қожа Ахмет Ясауи Түрік-Қазақ университетін құру туралы келісім (31.10.1992) (Türkiye ile Türk Cumhuriyetleri Arasında, 1993: 215);

– Түркия Республикасы Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Үкіметі арасында туризм саласындағы ынтымақтастық туралы келісім (08.10.1992, Алматы) (Türkiye ile Türk Cumhuriyetleri Arasında, 1993: 212);

– Түркия Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі мен Қазақ КСР Денсаулық сақтау министрлігі арасында медицина және денсаулық сақтау саласындағы 1991-1995 жылдарға арналған ынтымақтастық хаттамасы (14.02.1991, Анкара) (Türkiye ile Türk Cumhuriyetleri Arasında, 1993: 186);

– Түркия Республикасы Үкіметі мен Қазақ КСР Үкіметі арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы хаттама (15.02.1991, Алматы) (Türkiye ile Türk Cumhuriyetleri Arasında, 1993: 191) Бұл келісімдер екі мемлекет арасындағы саяси қатынастарды реттеуде үлкен маңызға ие болды. Келісімдер санының көбеюі екіжақты байланыстардың жақсара түскенін көрсетеді.

Сурет 1. Н.Ә.Назарбаевтың Анкараға ресми сапармен келгендігі туралы Түркияның «Hurriyet» газетіне шыққан мақала (ҚР Президентінің Архиві, Қ.5, Т.1, Қ.35181, 43 б)

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықтың басталуы мен оның табысты дамуына екі елдің мемлекет басшылары үлкен үлес қосты. Аталған кезеңде екіжақты және көпжақты форматта Түркия мен Қазақстан президенттерінің өзара сапарлары ұйымдастырылды (Tüymebayev, 2012)

Қазақстан тәуелсіздігін жариялағаннан кейін Түркиядан келген алғашқы үкімет басшысы 1992 жылдың 27 сәуірінде Қазақстанға сапар жасаған Премьер-министр Сүлейман Демирелі болды. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Премьер-министр Сүлейман Демирел екі ел арасындағы жан-жақты ынтымақтастық пен маңызды халықаралық мәселелерді талқылады. Екі ел басшылары қарым-қатынастардың дамуына қанағаттанатындықтарын білдіріп, оның одан әрі жалғасуының маңыздылығын атап өтті. Бұл сапар барысында білім, ғылым, мәдениет және спорт саласындағы ынтымақтастық, инвестицияларды қорғау және ынталандыру, автожол көлігі, авиация, шағын және орта бизнесті дамыту, банк ісі бойынша ынтымақтастық туралы келісімдерге қол қойылды (Kazakistan Ülke Raporu, 1994: 216-217.). Екі ел арасындағы ынтымақтастықтың алғашқы қадамдары ең алдымен мәдени салада жүзеге асты.

Түркия тарапынан жасалған екінші Премьер-министр сапары 1995 жылдың 15 тамызында Тансу Чиллердің қатысуымен өтті. Осы сапары барысында Т. Чиллер Қазақстанмен келесі келісімдерді жасады:

– косарланған салық салуды болдырмау туралы келісім;

– қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету және қылмыскерлерді экстрадициялау туралы келісім;

– ветеринария саласындағы ынтымақтастық туралы келісім;

– өсімдіктерді қорғау және карантин жөніндегі келісім;

– мұнай маркетингі бойынша ниет хаттамасы (Tacibaev, 1997: 45).

1993 жылдың 9–11 сәуірі аралығында Түркия Республикасының Президенті Т. Өзал Қазақстанға ресми сапармен келді. Сондай-ақ, Т. Өзал Қазақстан Парламентінде сөйлеген сөзінде Түркияның Қазақстанға барынша көмек көрсетуін жалғастыратынын білдірген болатын (Tokayev, 2001: 268.).

Аталған ресми іссапарлардан басқа, түрлі саладағы екі ел министрлері мен мемлекеттік ұйымдардың жоғары басшыларының іссапарлары ұйымдастырған. Екіжақты қатынастарды дамыту және стратегиялық серіктестікке айналдыру тұрғысынан 2005 жылдың мамыр-маусым айларында Түркия Премьер-министрі Режеп Тайып Ердоғанның Қазақстанға жасаған ресми сапары да маңызды орын алады (Kazakistan- Türkiye İşbirliğin, 2013: 27.).

1995 жылы 12-14 маусым күні Түркия Президенті С. Демирелі Алматы қаласына ресми іссапар жасаған болатын. Осы сапар барысында біршама келіссөздерге де қол қойылды. Бұл сапар туралы С. Демирелі Н.Ә. Назарбаевқа жолдаған ресми хабарламасында төмендегідей баяндайды: *Бауырлас Қазақстанға сапар маған үлкен әсер қалдырды. Іссапар барысында екі мемлекет үшін тиімді біршама келіссөздерге қол қойылды. Болашақша бұл жасалған келісімдер өз нәтижесін береді деген сенімдемін. Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ашылу салтанатына қатысу мен үшін үлкен мәртебе. Бұл достық және серіктестік байланыстар жоғары деңгейде жалғасын табатындығына сенімдіміз (ҚР Президентінің Архиві, Қ.5, Т.1, Қ.5180, 91 б)* (Сур.2).



Сурет 2. Түркия Президенті С. Демирелінің Н.Ә. Назарбаевқа жолдаған хабарламасы (ҚР Президентінің Архиві. Қ.5, Т.1, Қ. 5180, 91 б.)

1997 жылғы 1 тамызда Анталияға келген Н.Н. Назарбаев Азиядағы кен орындарының ашылуымен әлемнің негізгі орталығына айналғанын және Түркияның Қазақстан үшін энергетикалық тарату саласында маңызды рөл атқара алатынын атап өткен болатын (Serdar Yılmaz, 2016: 162). Осыған байланысты сол кездегі Түркия Республикасының Премьер-Министрі Месут Йылмаз 1997 жылғы 9–11 қыркүйек аралығында Қазақстанда өткен «Қазақстан мен Түркия: ынтымақтастықтың болашағы» атты конференцияға қатысып, екі елдің саяси, сауда-экономикалық қатынастарының даму әлеуетіне тоқталып, Түркия тарапы осы мәселер бойынша келіссөздер жасасатынын мәлімдеді (Егемен Қазақстан, 1997: 2).

Т. Өзалдың қайтыс болуынан кейін Түркияның Қазақстанға деген қызығушылығының төмендегенін және бұл жағдайға қынжылтатынын айтып Түркияның сыртқы саясатына қатысты Н. Назарбаев сыни пікірін білдірген болатын. Осыған байланысты, 1998 және 1999 жылдары Қазақстан мен Түркия арасындағы қатынастарда белгілі бір тоқырау байқалды.

1998 жылдың 9 маусымында Қазақстанның жаңа астанасы Астанада жаңа саммит өтті. Қазақстанның жаңа астанасының ашылу салтанатына түркітілдес елдердің басшылары да қатысты. Сүлейман Демирел кездесу алдында Анкарада журналистерге берген сұхбатында бұл кездесудің басты мақсаты бауырлас халықтармен байланыстарды нығайту және

түркітілдес елдердің халықаралық қоғамдастықтағы ықпалын күшейту екенін айтып, өзара серіктестік ешқашан тоқтамайтынын да жеткізген болатын (Kara, 2011).



Сурет 3. 10.10.1994 жылы Қазақстандағы Түрік компаниялары туралы газет бетіне шыққан мақаладан үзінді. (ҚР Президентінің Архиві, Қ.5, Т.1, Қ.5181, 43 б.)

2000 жылдың 20 қазанында Түркияның оныншы Президенті Ахмет Неждет Сезер Түркістанның 1500 жылдығына орай сапар жасады. Түркия қоғамында аса танымал болмаған А. Сезердің сайлаудағы жеңісі және 20 жыл бойы саяси аренада болған Сүлейман Демирелдің жеңілісі күтпеген жағдай болды. Түркия Президенті Ахмет Неждет Сезер алғаш рет Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевпен кездесті. Екі ел президенті осы уақытқа дейін Нью-Йоркте Біріккен Ұлттар Ұйымының саммитінде және Анталияда кездескен болатын. Кейіннен А. Сезер Түркі әлемінің рухани астанасына айналған Түркістан қаласына ресми сапармен келді (Yessengazy, 2023). Бұл саяси жиын барысында да Түркия Президенті Ахмет Неждет Сезер екі ел арасындағы қарым-қатынастарда тоқырау болмайтынын баса айтқан болатын (Егемен Қазақстан, 2000: 6)

Түркия Президенті А. Сезер 2002 жылғы 4 маусымда Алматыда Назарбаевтың бастамасымен бейбітшілік, қауіпсіздік және тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында құрылған Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің (АӨСШК) саммитіне де қатысып, адамзаттың бейбітшілікке мұқтаж екенін және Түркияның бұл бағытта әрдайым оң қадамдар жасағанын атап өтіп, Н. Назарбаевты осы маңызды бастамасы үшін құттықтады.

Н. Назарбаев Түркия мен Қазақстан арасындағы дипломатиялық қарым-қатынасты дамытуда өте үлкен рол атқарқан тұлға екені айқын. Атап айтсақ, Түркі әлемінің бірлескен ұйымдары: Түрк кеңесі[1], Халықаралық Түрік академиясы және ТүркПА-ның[2] құрылуында жетекші рөл атқарған болатын.

[1] Түрік кеңесі - 2010 жылғы 16 қыркүйектегі Стамбул декларациясы негізінде Түркия, Қазақстан, Әзербайжан және Қырғызстан арасында құрылған, БҰҰ мақсаттарына және халықаралық құқық қағидаттарына сәйкес келетін халықаралық ұйым болып табылады. Түркия, Қазақстан, Әзербайжан және Қырғызстан сияқты түркі тілдес мемлекеттердің экономика, саясат, білім, туризм және басқа да салалардағы ынтымақтастығын тереңдету, ортақ тарихи және мәдени құндылықтарға негізделген достық пен бауырластық қатынастарды нығайту, сондай-ақ түркітілдес халықтардың өзара жақындасуын қамтамасыз ету және Еуразия құрлығындағы бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауға үлес қосу мақсатында құрылған.

[2] ТҮРКПА (Түркі тілдес елдердің Парламенттік Ассамблеясы) 2008 жылғы 21 қарашада қол қойылған Стамбул келісімі негізінде құрылған. Штаб-пәтері Баку қаласында орналасқан. Ассамблея түркі тілдес елдердің парламенттері арасындағы ынтымақтастықты тереңдету мақсатында қызмет атқарады.

Екі ел арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнағаннан бастап, Қазақстан-Түркия байланыстары бауырластық пен достық, ортақ тарихи байланыстар мен мәдени мұраларға сәйкес, сондай-ақ қалыптасқан өзара сенім мен құрмет негізінде дамығанын көрсетіп отыр. Сонымен қатар, екі ел арасындағы сауда-экономикалық және әлеуметтік салаларда аймақтық және халықаралық қауіпсіздік салаларындағы тығыз ынтымақтастық қарым-қатынастық орын алған. Алайда, аталмыш кезең аралығында Қазақстан мен Түркия арасындағы саяси байланыстар тұрақты дамып келе жатқанымен, күтілген деңгейге жетпегені де айқын. Әсіресе экономикалық салада екі ел арасындағы сауда айналымы Түркия мен Қазақстанның мүмкіндіктеріне сай болмағаны да тарихи шындық. Екі ел арасындағы байланыстарды институционалдық негізде тереңдету қажеттілігі орын алған. Қазақстан-Түркия ынтымақтастығын жаңа деңгейге көтеру үшін нақты стратегиялық қадамдар жасау да маңызды.

1990-2000 жылдар аралығында екі ел арасындағы ынтымақтастықтың артықшылықтары төмендегідей:

– Түркия Қазақстанға қаржылық көмек көрсетіп, шағын және орта бизнесті дамытуға ықпал етті. Түрік компаниялары Қазақстан нарығына кіріп, құрылыс, сауда және инфрақұрылым салаларында белсенділік танытты;

– Түркия Үкіметі Қазақстандық студенттерге білім гранттарын ұсынып, екі ел арасында білім және мәдени саланы дамытуға мүмкіндік жасады, білім саласына қажетті құрал-жабдық, техникамен де қамтамасыз етуге күш салды;

– Түркия Қазақстанды түркі әлемінің маңызды стратегиялық серіктесі ретінде қабылдап, Түркі Кеңесі мен басқа да өңірлік ұйымдардың дамуына ықпал етті.

Екі мемлекет арасындағы саяси байланыстар барысында кездескен қиындықтар мен кемшіліктерге тоқталар болсақ:

– түрік компаниялары Қазақстан нарығына белсенді түрде енгенімен, кейбір заңнамалық шектеулер мен экономикалық тұрақсыздық олардың ұзақ мерзімді жобаларын жүзеге асыруына кедергі келтірді;

– саяси көзқарастардағы айырмашылықтар да айтарлықтай өз ықпалын тигізді. Қазақстан мен Түркия арасында сыртқы саясат мәселелерінде кейбір айырмашылықтар орын алды. Мысалы, Қазақстан Ресеймен тығыз байланыста болса, Түркия Батыс елдерімен серіктестікті күшейтуге басымдық берді;

– 1990-жылдары екі ел арасындағы ынтымақтастықтың институционалдық базасы толық қалыптаспады. Екі мемлекет арасында қол қойылған барлық келісімдер толықтай жүзеге аспады. Кейбір келісімдер орындалмай қалды немесе кейінге шегерілді.

Түркия Қазақстанның тәуелсіздігін нығайтуға барынша қолдау көрсетіп, экономикалық, саяси және мәдени байланыстарды нығайтуға белсенді қатысқанын көруімізге болады. Жоғарыда аталған кейбір қиындықтар мен кедергілерге қарамастан, екі мемлекет арасындағы ынтымақтастық тұрақты түрде дамып, стратегиялық әріптестікке айнала алды.

Түркия Республикасы Қазақстан үшін маңызды саяси және экономикалық серіктестерінің бірі болып табылады. Соңғы жиырма жеті жылда екі ел көптеген салаларда ынтымақтастықты нығайтты. Білім және мәдениет саласындағы ынтымақтастық қазіргі уақытта екі ел арасындағы қарым-қатынастардың тағы бір маңызды аспектісін құрап отыр. Бүгінде Қазақстан-Түркия қатынастары, екі ел арасындағы түрлі келісімдер мен халықаралық ұйымдарға мүшелік шеңберінде жалғасуда.

Қорытынды

Түркия мен Қазақстан арасындағы тарихи байланыстар ғасырлар бойы қалыптасып, қазіргі таңдағы жан-жақты серіктестікке ұласты. Ортақ тарих, тіл, мәдениет пен дін екі елдің

ынтымақтастығын одан әрі тереңдетуге ықпал етеді. Алдағы уақытта да Түркия мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынастар достық пен өзара тиімді әріптестік негізінде дами бермек.

Қазақстан мен Түркия арасындағы саяси және дипломатиялық қарым-қатынастар XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында қарқынды дамып, стратегиялық серіктестік деңгейіне жетті. Осы кезеңде жоғары деңгейдегі кездесулер мен іссапарлар жиі өткізіліп, Түркия Қазақстанға саяси және экономикалық қолдау көрсетуге мүдделі екенін көрсетті.

1990 жылдардан бастау алған бұл байланыстар негізінде екі ел арасында көпжақты ынтымақтастықтың жаңа кезеңі басталды. Зерттеу барысында Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынастардың негізгі кезеңдері, олардың институционалдық негіздері және халықаралық ұйымдар аясындағы өзара іс-қимылы қарастырылды. Талдау нәтижелері көрсеткендей, екі ел арасындағы дипломатиялық байланыстар тек саяси және экономикалық салалармен шектелмей, мәдени-гуманитарлық және қауіпсіздік мәселелерінде де қарқынды дамыды. Қазақстан мен Түркияның түркітілдес халықтар арасындағы интеграциялық үдерістерге қосқан үлесі, олардың ТҮРКСОЙ, Түркі мемлекеттерінің ұйымы сияқты құрылымдар аясындағы ынтымақтастығы бұл қатынастардың маңыздылығын айқындайды.

Екіжақты қатынастардың жетістіктеріне қарамастан, болашақта ынтымақтастықты одан әрі нығайту үшін бірқатар маңызды қадамдар жасау қажет. Атап айтқанда, экономикалық әріптестікті тереңдету, инвестициялық жобаларды көбейту, инфрақұрылымдық даму саласындағы ынтымақтастықты кеңейту өзекті болып қала бермек. Сонымен қатар, екі ел арасындағы білім, ғылым, мәдениет саласындағы байланыстарды жандандыру, аймақтық және жаһандық мәселелер бойынша үйлестірілген саясат жүргізу Қазақстан мен Түркияның халықаралық аренадағы ықпалын арттыра түседі.

Қазақстан мен Түркия арасындағы саяси және дипломатиялық байланыстардың тарихы екі ел арасындағы сенімді серіктестіктің қалыптасқанын көрсетеді. Алдағы жылдары екі мемлекет стратегиялық әріптестікті одан әрі дамыту арқылы өзара тиімді қарым-қатынастарды жаңа деңгейге көтере алады деген сенімдеміз.

Әдебиеттер:

Andican, 2009 – *Andican A. Ahat.* Osmanlı'dan Günümüze Türkiye ve Orta Asya. Istanbul: Doğan Egmont Yayıncılık, I. Baskı, 2009. s. 526.

Amreyev, 2011 – *Amreyev B.* Dönemimizde Kazakistan Türkiye İlişkileri ve Türk Dünyası. İstanbul: Hayat Yayınları, 2011, s. 306.

Atatürk'ün Sovyet Öngörüsü, 2012 – *Atatürk'ün Sovyet Öngörüsü* ve Türk Birliği düşüncesi, 23. Ocak 2012. [Электронный ресурс] URL: https://onturk.org/2012/01/23/ataturkun-sovyet-ongorusu-ve-turk-birligi-fikriyati/

Aslan Davut Han, Bozyigit Duygu, 2014 – *Aslan Davut Han, Bozyigit Duygu*. Turkey-Kazakhstan Relations: An Overview Of Mutual Relations Since The Collapse Of The Soviet Union, KNUV 2014; 4(42): 133-145.

Abdulvahap Kara, 2012 – *Abdulvahap Kara.* Turgut Özal Ve Türk Dünyası Türkiye-Türk Cumhuriyetleri İlişkileri 1983-1993. İstanbul: IQ Kültür Sanat Yayıncılık, 2012, s.126.

Abdulvahap Kara, 2011 – *Abdulvahap Kara.* The Process of 20 Years of Cooperation of the Turkic World and the Role of Kazakhstan in It. In Ibraev, S. (ed.). Turkic Civilization and Kazakhstan: Proceedings of the International Conference Dedicated to the 20th Anniversary of Independence of the Republic of Kazakhstanl. Astana, International Turkic Academy, 2011, 8-32.

Artman Attilla, 1993 – *Artman Attilla.* Türk Cumhuriyetlerinin Sosyo-Ekonomik Analizleri ve TC ile İlişkileri, TMKV, İstanbul, 1993, s. 68.

Ahmet Cevat Acar, 2015 – *Ahmet Cevat Acar.* Türkiye-Kazakistan İlişkileri Tarihinin Önemli Aşamaları. International Scientific-Practical Conference "Mangilik Yel" 11. Eylül, 2015. URL: http://www.history-state.kz/kz/kazakh-handygy-article33.php

Gözde Ergin, Fahri Türk, 2010 – *Gözde Ergin, Fahri Türk.* Türkiye'de Öğrenim Gören Orta Asyalı Öğrenciler. Sosyal ve Beşeri Bilimler Dergisi, 2. Cilt, 1. sayı, 2010, 35-41 ss.

Erdoğan Hasan, 2003 – *Erdoğan Hasan.* Turgut Özal Döneminde Türkiye-Avrupa Birliği İlişkileri, (Yayınlanmamış Yüksek Lisans Tezi), Süleyman Demirel Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü, Isparta, 2003, s. 132.

Erdoğan H, Selçuk Ç, 1997 – *Erdoğan H, Selçuk Ç.* Bağimsizliğinin İlk Yillarinda Türkiye Ve Türk Cumhuriyetleri İlişkileri. Uluslararası Asya ve Kuzey Afrika Çalışmaları Kongresi, Ankara, Türkiye, 8 - 12 Eylül 1997, ss.341 ss. 701-714.

Егемен Қазақстан, 1997 – Егемен Қазақстан. Қызмет көрсету сапасы жақсарып келеді. № 180 (21645), 13 қыркүйек, 1997, 2 б.

Егемен Қазақстан, 2000 – Егемен Қазақстан. Қазақстан және Түркия президенттері Түркістан жерінде. № 15 (48), 19 қазан, 2000. 6 б.

Жигалов, Султанов, 1993 – *Жигалов К. В., Султанов Б. К.* Первый Президент Республики Казахстан Нурсултан Назарбаев. Хроника деятельности: Очерки внутренней и внешней политики (1.12.1991-31.5.1993). Алматы, 1993. 284 с.

Kazakistan Ülke Raporu, 1994 – Kazakistan Ülke Raporu. Ankara: TİKA Yayınları, 1994, 216-217 ss.

Kazakistn-Türkiye, 2013 – Kazakistn-Türkiye: Yüksek Düzeyli Stratejik İşbirliği 2010-2013. Ankara: Kazakistan Cumhuriyeti Ankara Büyükelçiliği, 2013.

Kazakistan Cumhuriyeti Ankara Büyükelçiliği, 2013 – Kazakistan Cumhuriyeti Ankara Büyükelçiliği. Kazakistan-Türkiye: Yüksek Düzeyli Stratejik İşbirliği (Redaksiyon: C.K. Tüymebayev, Z. Kibar, A.O. Yessengeldiyev, M.A. Saparbekova, A.M. Ungarsynova, N.M. Narzhanov, E.M. Tokabayev, D.M. Aryngazin). İstanbul: Ömür Matbaacılık, 2013, s. 390.

Kazakistan Cumhuriyeti Ankara Büyükelçiliği, 2012 – Kazakistan Cumhuriyeti Ankara Büyükelçiliği. Kazakistan-Türkiye Dostluk ile İşbirliğinin 20 Yılı, (Redaksiyon: C.K. Tüymebayev, M.A. Saparbekova, Z. Kibar, A.M. Ungarsynova, N.M. Narzhanov), Elma Basım, Ankara, 2012. s. 301.

Kazakistan Ülke Raporu, 1995 – Kazakistan Ülke Raporu. Ankara, 1995, s. 82.

ҚР Президентінің Архиві – ҚР Президентінің Архиві. Қ.5, Т.1, Қ.35181, 43 б.

ҚР Президентінің Архиві – ҚР Президентінің Архиві. Қ.5, Т.1, Қ.5180, 91 б.

ҚР Президентінің Архиві – ҚР Президентінің Архиві. Қ.5, Т.1, Қ.5181, 43 б.

Оспанова, 2024 – *Оспанова А.К.* Қайып Мұхаммед ханның Осман империясына жазған хаттарына Османлы архив деректері негізінде талдау (XVIII ғ.) Отан тарихы. 2024. Т. 27. № 1. Б. 21-33.(Қаз.)

Оспанова, 2024 – *Оспанова А.К.* XX ғасырдағы қазақ-түрік қарым-қатынастары: саяси және мәдени байланыстардың тарихи негіздері ВЕСТНИК КазНПУ им. Абая, серия «Исторические и социально-политические науки», №4(83), 2024 Б№ 81-93

Öğütcü Özge Nur, 2017 – *Öğütcü Özge Nur.* The Current State of Relations Between Kazakhstan-Turkey. AVİM Center for Eurasian Studies, Analysis No : 2017 / 29 13.09.2017.

Tokayev, 2001 – *Tokayev K.* Kazakistan Cumhuriyetinin Dış Politikası. YEPA, Ankara, Kazakistan El Farabi Milli Üniversitesi, Kazakistan, 2001, s. 268.

Türkiye ile Türk Cumhuriyetleri., 1993 – Türkiye ile Türk Cumhuriyetleri ve Türk Toplukları Arasında Yapılan Anlaşmalar (1990-1992). C.1. Ankara, 1993. s. 199.

Аңдатпа. Ибн Мұхаммед Салихтың 1619 ж. Мысырда түзілген «аш-Шузур аз-захабийа фи-л-луға ат-туркийа» (Түркі тілінің алтын тізбесі) шығармасы мәмлүк қыпшақ тілінде ең соңғы жазылған лингвистикалық-лексикографиялық еңбек болып табылады. Бұл сөздікті ең алғаш 1949 жылы Бесім Аталай аударып, кейін көп уақыт зерттеу жүргізілмеді. Бертінгі уақытта ғана түркиялық зерттеушілер Сами Баскын (2012), Рағед Мұхаммед (2013) және Мұстафа Йігіт (2016) тек бір нұсқасы бойынша диссертациялар жазды. Қазақстанда ескерткіш бойынша арнайы жеке зерттеу мүлдем жүргізілген емес. Бұл мақаланың ғылыми жаңалығы ретінде қолжазбаның 36 нұсқасы анықталып, бұрын белгісіз болып келген Ватикан нұсқасы алғаш рет ғылыми айналымға тартылып отыр. Зерттеудің негізгі мақсаты Ватикан Апостолдық кітапханасы қорынан табылған «аш-Шузур аз-захабийа» сөздігін ғылыми айналымға тарту, әлем кітапханаларындағы нұсқаларын түгендеу, сақталған жерін анықтау, құрылымы мен мазмұны, зерттелуі жайлы тың ақпараттар беру болды. Зерттеу міндеттері барысында Ватикан нұсқасының кодикологиялық сипаттамасы, өзге де қолжазба нұсқаларының ерекшеліктері, атрибуциясы, корректурасы, лексикалық қорының статистикасы, сақталуы және т.б. зерттеулер жүргізу көзделді. Сөздіктің тілдік-мәдени ерекшеліктерін анықтау барысында сипаттау, салғастыру, салыстыру, синхронды және диахронды тұрғыдан талдау, аудару, жүйелеу, баяндау әдістері қолданылды. Нәтижесінде ескерткіштің 6 нұсқасы бойынша сыни мәтін түзіліп, сөздіктің бұрын қарастырылмаған «Мұқаддима» бөлімі толық аударылып, мұндағы тың деректер зерттеу алаңына тартылды. Қорытындылай келгенде ескерткіштің тарихи лексикология, этимология, семасиология, ономасиология, диалектология, этнолингвистика және т.б. салаларда қазіргі қыпшақ, түркі тілдерімен салыстырмалы зерттеулер жүргізуге, деректері этнос тарихы (этногенез), этнос тілі (глоттогенез), халық тілінің негізгі құрылымы, туыстас тілдермен байланысы, т.б. салаларды зерттеуге пайдасы зор екендігі дәлелденді.

Алғыс: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ватикан мен Батыс Еуропа елдерінің жаңа құнды материалдары негізінде Түркі әлемінің ерте және ортағасырлық тарихы мен мәдениеті» тақырыбындағы бағдарламалы-нысаналы қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (ЖТН: BR24993132:).

Кілт сөздер: Ватикан Апостолдық кітапханасы, мәмлүктер кезеңі, араб-түркі сөздігі, қолжазба нұсқалары.

Кіріспе

Мәмлүктер кезеңінде (1250–1517) Мысырда жазылған лингвистикалық еңбектер билеуші қыпшақтар мен жергілікті шенеуніктер, тұрғылықты халық арасында байланыс құралы ретінде қолданылған. Бұл кезеңдегі жазба ескерткіштерді зерттеу шығыстану ғылымының бүгінгі таңдағы өзекті мәселесі. Бұл жазба ескерткіштердің ғылыми айналысқа түспей, тасада танылмай жатқан нұсқалары мен тізімдері әлемнің әр түкпіріндегі кітапхана қорларында сақтаулы. Мәмлүк қыпшақтары жазба ескерткіштерін зерттеу мәселелері жөнінде көрнекті түркітанушы Э.Н. Наджиптің пікірі мынадай: «Қазақ ғалымдарының кезекті міндеті

– Мысыр, Түркия, Сирия елдеріне бару, сол жақтан бізге белгісіз болып келген түркітілді қолжазбаларды зерттеу қажет, бұл жазба ескерткіштерді олардың ата-бабалары жазып қалдырған әрі мұнда өте көп қолжазба қоры мемлекеттік, сондай-ақ, меншікті кітапханалар мен архивтерде сақталған» (Наджип, 2004: 83).

Шетелдерде сақталған бабалар мұрасын түгендеу мақсатында Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «BR24993132: Ватикан мен Батыс Еуропа елдерінің жаңа құнды материалдары негізінде Түркі әлемінің ерте және ортағасырлық тарихы мен мәдениеті» ғылыми жобасы аясында қазақстандық ғалымдар 2024 жылғы 24 қараша мен 8 желтоқсан аралығында Рим (Италия) және Ватикан архивтері мен кітапханаларына ғылыми іссапармен барып қайтты. Жоба аясында Ватиканның Апостолдық архивтері мен Апостолдық кітапханасында ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Ғылыми-зерттеу барысында ортағасырлық түркі хандықтары мен моңғол мемлекеттері билеушілерінің Рим папалары және еуропалық монархтармен хат алмасу, еуропалық саяхатшылардың жазбалары, миссионерлік қызмет туралы мәліметтер, сондай-ақ, ортағасырлық мәдени және сауда байланыстары жөніндегі деректер қарастырылды. Бұл кітапханада Мәмлүктер билігі кезеңінде жазылған арабша-қыпшақша сөздіктердің ең соңғысы саналатын Ибн Мұхаммед Салихтың «Аш-Шузур аз-захабийа уа-л-қита‘ әл-Ахмадийа фи-л-лұға ат-түркийа» (араб. الشذور الذهبية والقطع الأحمدية في اللغة التركية – Түркі тілінің алтын тізбесі және Ахметке арналған алтын кесектер) – мәмлүк қыпшақ тілін үйренуге арналған сөздігінің Ватикан нұсқасы табылды. Бұл нұсқа осы күнге дейін лингвистер арасында аты аталып жүргені болмаса, зерттеу алаңына тартылған емес.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Мақалада пайдаланылған материалдар – Мәмлүктер кезеңінде жазылған лингвистикалық, лексикографиялық еңбектер қатарында осы күнге дейін көп зерттелмеген Ибн Мұхаммед Салихтың «Аш-Шузур аз-захабийа уа-л-қита‘ әл-Ахмадийа фи-л-лұға ат-түркийа» –الشذور الذهبية والقطع الأحمدية في اللغة التركية – Түркі тілінің алтын тізбесі және Ахметке арналған алтын кесектер (1619ж.) атты сөздігінің нұсқалары мен оны зерттеушілердің еңбегі.

Зерттеу әдістері деректанулық зерттеулерде пайдаланылатын тарихи, деректемелік, филологиялық, палеографиялық, текстологиялық, хронологиялық, этнолингвистикалық және салғастырмалы зерттеу әдістері қолданылды. Мәмлүктер кезеңінде жазылған лингвистикалық еңбектер бойынша жазылған шетелдік, кеңестік және қазақстандық ғалымдардың еңбектері ииіні мен ретіне қарай кеңінен пайдаланылды. Табылған материалдарды талқылап, талдап, саралап, жүйелеп, алынған нәтижелер бойынша ұсыныстар жасалды. Алтын Орда кезеңі, Мәмлүктер заманы жәдігерліктерін, соның ішінде, сөздіктердегі мәтіндерді оқу, аудару, зерттеу, салыстыру әдістері де ғылыми жұмыстың нәтижелі болуына септігін тигізді.

Талқылау

«Аш-Шузур аз-захабийа уа-л-қита‘ әл-ахмадийа фи-л-лұға ат-түркийа» (араб. الشذور الذهبية والقطع الأحمدية في اللغة التركية – Түркі тілінің алтын тізбесі және Ахметке арналған алтын кесектер) – мәмлүк қыпшақ тілін үйренуге арналған сөздік. Авторы Ибн Мұхаммед Салих. Түпнұсқа XVII ғасырдың басында (1619 жылдар шамасында) Мысырда жазылған. Қазір әлемнің әр түкпірінде сақталған нұсқалары өте көп (Baskın, 2012: 7).

«Аш-Шузур аз-захабийа» еңбегінің жазылып біткен уақыты қыпшақ тілінің біртіндеп барып жойылып, оның есесіне осман түріктерінің тілі бел алып тұрған кез еді. Сондықтан «аш-Шузур аз-захабийа» Мысыр елінде жазылған қыпшақ тіліндегі ескерткіштердің ең соңғысы саналады. Осыдан былай бұл өңірде дүниеге келген азды-көпті жазба ескерткіштердің бәрі де осман түріктерінің мұрасына жатады. Себебі 1517 жылы Осман сұлтаны Йәууз I Селим (1512–1520) Мысырді жаулап алып, өз мемлекетінің провинциясы деп жариялады. 1804 жылы Мысыр жерінде түріктерге қарсы қозғалысты ұйымдастырушы, 1805 жылдан Осман

империясының (1453–1924) шын мәніндегі аймақтық мемлекет билеушісі Мухаммед ‘Али (1805–1848) Мысыртің губернатор-патшасы болды.

Мәмлүктерді елдегі саяси күш ретінде жою мақсатында, өз провинцияларында беделі бар барлық мәмлүктерді 1811 жылы Мухаммед ‘Али Каир қаласына шақыртады. Салтанатты қонақ асына шақырғансып, алдын-ала дайындалған ‘Алидің адамдары шақыруға келген 481 мәмлүктің, біреуінен басқасының барлығын шауып өлтіреді. Мухаммед ‘Али 1817 жылы мәмлүктерді толығымен жояды.

Бұдан бұрын мәмлүктер Наполеонның Каирға жасаған жорығы кезінде көзге түскен болатын. Ол Александрия жеріне ешқандай қиындықсыз енеді. 1798 жылдың маусым айының 25-жұлдызында Каир қаласын алады. Наполеон Каирда 3 жыл (1798–1801) болып, онан соң мәмлүктердің тегеуірінімен ресми түрде Каирды өткізеді.

Осындай тарихи жағдайлардан кейін мәмлүктер, әсіресе қыпшақтар Анадолы түріктерінің арасына біржола сіңісіп, саясат сахнасынан кетті де, тарих «беттеріне» қайта оралмады. Бәрінен де бұл қыпшақтарға жеңіл болды, өйткені олар Османлы түріктермен тілі, салт-дәстүрі, өмір сүру салты, діні және тағы басқа жақтарынан өте жақын болатын. Мәмлүк қыпшақ тілін үйренуге арналған еңбектер XIII–XVII ғасырларда жазылған еді. Мәмлүк қыпшақтарының тілінде жазба ескерткіштерді, әдетте осман тілінің тарихына жатқызады» (Олдридж, 1969: 13–15).

Бұл аталған еңбектер ғылыми грамматикалық, лексикографиялық сөздіктер сияқты зерттеулер. Ал, одан басқа XIII–XIV ғасырларда Мәмлүктер мемлекетінде жарық көрген мұралардың қатарында біршама поэтикалық шығармалар, діни немесе философиялық трактаттар кездеседі. Олардың кейбірі осы күнге дейін сақталған да, біразы жоғалып кеткен. Сақталып аман қалғандарының өзі Еуропаның ірі қалаларындағы кітапханалар мен Түркия, Мысыр, Шам, Араб мемлекеттерінің мәдени орталықтары мен кітапхана, мұражай, сарайларында сақтаулы. Сондықтан да, бұл жәдігерліктердің жалпы саны қанша екені әлі нақты анықталған емес. Әйтсе де, осы күні ғылыми ортаға танылып жүрген жазба ескерткіштердің тілі мен тарихынан әдеби, мәдени ерекшеліктерінен диссертациялар қорғалып, халқымыздың тарихи, рухани мұрасына айналуда.

«Аш-Шузур аз-захабийа» жазба ескерткіші арабтарға мәмлүк қыпшақ тілін үйрету үшін жазылған және Мысырдың сол кездегі қазиының ұлы Сәййид Ахмедке арналған. Бұл жөнінде Ибн Мухаммед Салих кітаптың кіріспесінде айтып өтеді. Сол дәуірдегі кітап жазушылардың дәстүрі бойынша әуелі Алла, сосын пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.ғ.с), кейіннен тапсырыс берушіге мадақтар айтқан соң былай дейді:

(1) Ол менен көзінің қарашығы, жүрегінің жемісіндей болған баласына тәлім беруді өтінді. (2) Оның баласы, зерек, дарынды, туа біткен қасиет иесі, мәңгі ілтипатқа лайықты, (3) Алланың күш-құдіретімен қорғалған, бақытты ұрпақ, (4) табысы мен ақылы толысқан – Сәййид Ахмед. Адамдар арасындағы аты – Әмин Мұхаммед (BULAC_36).

«Аш-Шузур аз-захабийа» сөздігінің зерттелу тарихына тоқталсақ, дүниежүзілік ғылыми айналымға еніп, шығыстану ғылымының үлкен бір саласы түркітануда бұрыннан танымал, ертеден белгілі болып келген нұсқасы 1949 жылы әйгілі түрік ғалымы Бесім Аталай шығарған басылым (Atalay, 1949).

Одан бөлек, Бесім Аталайға дейін де араб қарпімен жарыққа шыққан литографиялық бір нұсқасы Торонто (Канада) университетінің кітапханасында PL 193 A7126 шифрімен сақтаулы. Бұл басылым hижра жыл есебі бойынша 1253 жылы (григориан күнтізбесі бойынша 1837 жылы) Каир қаласының Булақ ауданындағы «әл-Муслим» баспаханасында басылып шыққан. Кітаптың авторын Ибн Мұхаммед Салих, Ахмад деп көрсеткен, бірақта атауын «Китаб тарджуман ат-турки уа-л-‘араби» деп атаған (Ibn Muhammad, 1837).

Торонто университеті кітапханасында сақталған литографиялық басылымнан кейін 1949 жылы шыққан Бесім Аталай басылымының кіріспесінде қолжазба туралы былай айтылады: «Жеке кітапханамызда кітаптың екі данасы бар. Біріншісі hижра жыл есебі бойынша 1047 ж.

(григориан күнтізбесі бойынша 1637 жылы) Мысырда шыққаны белгілі. Маңызды мәтіндерімен де, қыпшақ тіліне жақын жақтарымен де оның Мысырда жазылғанына еш шүбә келтірмейміз. Оның өлшемі 13,5×19,5 сантиметр, 42 парақ. Беттердегі мәтін 10x15 сантиметрді қамтиды. Әр бетте 15 жол жазу бар. [...] Екінші көшірме нұсқа 15x20,5 сантиметр болатын 40 парақтан тұрады. Әр бетте 13 жол жазу бар. Беттердің мәтіні 9x15,5 сантиметрді құрайды. Шамасы, бұл басқа көшірмеден алынған болуы керек» (Atalay, 1949: 4). Бұл еңбекте Бесім Аталай «аш-Шузур аз-захабийа» қолжазбасы өзінің жеке қорында сақтаулы екендігін ескертеді, яғни бұл тізімдер қазіргі күні Стамбулда сақталған 2 қолжазба болуы мүмкін (Topkapı Sarayı Müzesi). Бесім Аталай «авторы Бин Мұхаммед Салих бұл кітапты Мысырда қазы болған Шериф Мұхаммед әл-Хусейни әл-Жемезидің ұлы Ахметке түрік тілін үйрету үшін жазған» деген дерек келтіреді (Atalay, 1949: 4). Екі нұсқаны салыстырып, бір бірімен толықтырып, 5 бөлімге бөліп кітап қып шығарған. Қолжазбаның кіріспе бөліміне жалпы шолу жасап, мазмұнымен таныстырып, аудармасын жасамаған. Бесім Аталайдың бұл кітабынан кейін «аш-Шузур аз-захабийа» қолжазбасына арнайы зерттеу жүргізілмеді, көбіне көп Бесім Аталайдың кітабына сілтеме жасалып, сол кітапты ғана қанағат тұтты. Түбегейлі зерттеу жүргізу жұмыстары көп жылдар тоқтап тұрды. Бұл жұмыс соңғы мыңжылдықта, яғни, XXI ғасыр басынан бастап қана қайта қолға алына бастады.

2012 жылы Түркияда Сами Баскын (Sami Baskın) «аш-Шузур аз-захабийа» сөздігін зерттеп, қазіргі түрік тіліне аударып, өзге де нұсқалар мен тізімдерін тауып, өзара салыстырып, текстологиялық талдау жасап, Ондокуз Майыс университетінің (Ondokuz Mayıs Üniversitesi, Samsun) әлеуметтік ғылымдар факультетінде «Eş-Şüzürü'z-Zehebiyye ve'l-Kıtai'l-Ahmediyye fî'l-Lugati't-Türkiyye (Лексикографиялық зерттеу)» атты докторлық диссертация жазып қорғады (Baskın, 2012). Осы зерттеу жұмысында С. Баскын Түркияда сақталған 11 қолжазбаны ғылыми сипаттап, зерттеп, академиялық айналымға енгізген.

Бесім Аталайдан кейін осы тақырыпта еңбек етіп, түркітануға серпін әкелген С. Баскын: «Осы кезеңде өмір сүрген және Молла Салих деген атпен танымал болған Бин Мұхаммед Салих Ирак, Мысыр, Анадолы және Румелияны аралап, халықтың үмітіне сай білім беру жұмыстарын жүргізді» дейді (Baskın, 2011: 32). Шынымен де Ибн Мұхаммед Салих осы қолжазбада өзі пайдаланған көптеген кітаптардың тізімін береді, өзінің өте білімді тұлға болғанын содан-ақ білуге болады.

Рағед Мұхаммед (Raghed Mohammad) 2013 жылы Маниса провинциясының көпшілік кітапханасындағы көшірмені зерттеп, «Eş-Şüzûrü'z-Zehebiyye Fi'l-Lügati't-Türkiyye ve'l-Arabiyye Üzerine bir inceleme» атты магистрлік диссертация жазып қорғады (Mohammad, 2013). Бұдан бөлек, 2016 жылы тағы да бір түркиялық маман Мұстафа Йігіт (Mustafa Yiğit) «Ibn Sâlih Muhammed'in Eş-Şuzûru'z-Zehebiyye ve'l Kita'ül Ahmediyye fi'l lugati't türkiyye'si (morfolojik inceleme ve metin)» атты тақырыпта магистрлік жұмысын қорғап шықты (Yiğit, 2016). Бұл магистрлік жұмыстардың қосымшасында аталған қолжазбаның факсимилесін беріп отырған.

Бұдан бөлек, «аш-Шузур аз-захабийа» қолжазбасының басқа да нұсқалары мен тізімдерін خزانة التراث - فهرس مخطوطات (Хизанат-ат-турас – фихрис махтутат) – «Қазыналы мұра – қолжазбалар көрсеткіші» каталогынан табуға болады. Мұнда араб қолжазбаларының әлемнің әр түкпіріндегі кітапханаларда сақталған нұсқаларының тізімі берілген (https://app.turath.io/book/5678).

Қазақстанда «аш-Шузур аз-захабийа» сөздігі бойынша Ә. Құрышжанұлы жазылған энциклопедиялық мақала (Құрышжанұлы, 2004) және кейбір отандық ғалымдар бірлі-жарым еңбектерде атын атап, бұрынғы зерттеулерге сілтеме көрсеткені болмаса арнайы аударма жасалып, зерттеу алаңына алынған жоқ болатын. 2023 жылы Б.Д. Дүйсенов пен Х.И. Назыр құрастырған «Түркі тілінің алтын тізбесі» атты кітап жарық көрді. Мұнда сөздіктің нұсқалары түгенделіп, араб-қыпшақ-қазақ тілдеріндегі аудармалары толық берілген (Дүйсенов, Назыр, 2023). Бірақта Ватикан нұсқасы бойынша аударма жасалған емес, зерттеулер жүргізілген емес.

Бұл мақалада Ватиканда сақталған нұсқалармен таныстырып, өзге де нұсқалардың сақталуы, зерттелуі жайында жұмыстар жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері

Қаралып отырған шығарманың көшірмелері өте көп тараған. Ұлыбритания, Германия, АҚШ, Түркия, Мысыр, Франция, Тунис, Сауд Арабиясы, Ирак және т. б. елдердің кітапханаларында сақталған нұсқаларымен танысып, жан жақты қарастырдық. Жұмыстың көшірмелері көп болғандықтан, бұл зерттеуде әлемнің әр түкпірінде сақталған әрбір нұсқаны тауып, олардың сақталған орыны мен шифрін, абоненттік номерін, сипаттамалары мен жан-жақты мәліметтер беруге тырыстық. Жазба ескерткіштің нұсқаларын зерттеу өте маңызды жұмыстардың бірі болып табылады. Қолжазба нұсқаларын зерттеу арқылы тарихи, мәдени, тілдік, кезеңдік және т.б. ерекшеліктерін қарастырып, қолжазбаның алғашқы нұсқасын, авторын, тілдік қорын және т.б. қажетті ақпараттарды алуға зор мүмкіндік болады.

«Аш-Шузур аз-захабийа» шығармасының нұсқалары:

Ватикан Апостолдық кітапханасындағы Шығыс қолжазбалары қорында. *Sbath.263* шифрімен сақталған қолжазбаны Ватиканға барған сапарда қолмен ұстап, көзбен көріп, көшірмесін арнайы тапсырыс беріп алдырдық. Ватикан Апостолдық кітапханасындағы манускриптер «Vaticani Latini», «Vaticani Arabici», «Vaticani Persiani», «Vaticani Turcici» сияқты арнайы топтамаларға (коллекция) бөлінген. «Аш-Шузур аз-захабийа» қолжазбасының алдындағы *Sbath.263* шифірінен бөлек *Vat.ar.506 және Vat.Turkish.74.* шифрлерімен сақталған нұсқалары бар. Соңғы екі нұсқаның сапасы нашар, кейбір жерлерінде сиясы жайылып кеткен және одан басқа да әртүрлі ақаулары бар. Бұл құнды қолжазба Ватикан Апостолдық кітапханасының Поул Сбат (1887–1945) қолжазбалар топтамасында сақталған. Сириялық католиктік дін қызметкері Поул Сбат өз қолындағы 1325 қолжазбаның жартысын 1927 жылы Ватикан кітапханасына сатқан (Gianni, 2022). Осы қолжазбалар арасында мәмлүк қыпшақтары жазып қалдырған сөздік, трактат, рисала, шарх, мантық және т.б. жанрларда жазылған жазба ескерткіштерді кездестіруге болады. Қағаздың өлшемдері 200x150 мм, Әр бетте 15 жол жазу бар. Қолжаз*ба насхи* жазуымен Мысырда көшірілген. Ватикан кітапханасындағы сипаттамасында 1701 жылы жазылған деген уақыт беріліпті. Бұл уақытты кітапханашылар шартты түрде қойған болу керек деп ойлаймыз. Себебі бұл қолжазба 1637 жылы жазылғаны белгілі факт. Авторы: Ибн Мұхаммед Салих. Шығарма кіріспе (муқаддима), 4 бөлім (рүкін) және қорытындыдан (хатыма) тұрады.

«Milli Kütüphane» кітапханасында 06 Mil Yz A 4764/I шифрімен сақталған қолжазба (Түркия, Анкара қаласы). Шығарма 42 параққа жазылған. Шығарма мұнда жинақталған қолжазба кітаптың құрамында келеді. Қағаздың өлшемдері 192x137 мм, мәтін өлшемдері 150x100 мм. Әр бетте 15 жол жазу бар. Қолжаз*ба насхи* жазуымен Мысырда 1047 жыл *мухаррам* / 1637 жыл мамыр-маусым айларында көшірілген (парақ [42a]). 1949 жылы шыққан Бесім Аталай басылымының кіріспесінде қолжазба туралы былай айтылады: «Жеке кітапханамызда кітаптың екі данасы бар. Біріншісі маңызды мәтіндерімен де, қыпшақ тіліне жақын жақтарымен де оның Мысырда жазылғанына еш шүбә келтірмейміз» (Topkapı Sarayı Müzesi: 26.).

Бұл нұсқа – Бесім Аталайдың жеке кітапханасындағы бірінші қолжазба. Бесім Аталай бұл қолжазбаны 1966 жылы осы кітапханаға сыйға тартқан. 2012 жылы Түркияда Сами Баскын (Sami Baskın) қорғаған диссертацияда қолданған А шифрлы қолжазба осы болып табылады.

«Milli Kütüphane» кітапханасында 06 Mil Yz A 1522 шифрімен сақталған қолжазба (Түркия, Анкара қаласы). Шығарма 65 параққа ([2a]-[66a]) жазылған. Қағаздың өлшемдері 240x170 мм, текст өлшемдері 150x80 мм. Әр бетте 11 жол жазу бар. *Насхи* жазуымен сары қағазға көшірілген. Араб тілінен түркі тіліне аударылған сөздік. Түркі сөздері жолдардың арасына жазылған.

«Milli Kütüphane» кітапханасында 06 Mil Yz A 4824 шифрімен сақталған қолжазба (Түркия, Анкара қаласы). Шығарма 41 параққа ($1^б$-$41^б$) жазылған. Қағаздың өлшемдері 205х145 мм, мәтін өлшемдері 150х95 мм. Әр бетте 13 жол жазу бар. Сөздердің басы, үзілістері, аудармалары қызыл сиямен жазылған, жолдары ретсіз. *Насхи* жазуымен Еуропа қағазына көшірілген. Шығарманың аталуы $2^а$ бетте, автордың есімі $4^б$ бетте берілген.

Бұл нұсқа Бесім Аталайдың жеке кітапханасындағы екінші қолжазба. Бесім Аталай бұл қолжазбаны да 1966 жылы кітапханаға сыйға тартқан. «Шамасы, бұл басқа көшірмеден алынған болуы керек» (Atalay, 1949: 4). Бұл еңбекте Бесім Аталай «аш-Шузур аз-захабийа» қолжазбасы өзінің жеке қорында сақтаулы екендігін ескертеді, яғни, бұл екі нұсқа қазіргі күні Анқарада сақталған 2 қолжазба болып саналады (Topkapı Sarayı Müzesi: 26). Бесім Аталай «авторы Бин Мұхаммед Салих бұл кітапты Мысырда қазы болған Шериф Мұхаммед әл-Хусейни әл-Жемезидің ұлы Ахметке түрік тілін үйрету үшін жазған» деген дерек келтіреді (Atalay, 1949: 4). Ол осы екі нұсқаны салыстырып, бір бірімен толықтырып, 5 бөлімге бөліп, кітап қып шығарған. Қолжазбаның кіріспе бөліміне жалпы шолу жасаған, мазмұнымен таныстырған, бірақта кіріспе бөлімінің аудармасын жасамаған. Осы нұсқа 2012 жылы Түркияда Сами Баскын (Sami Baskın) қорғаған диссертацияда қолданған С шифрлы қолжазба болып табылады. Кітапхана картотекасына «Абу Хаййан ал-Луғавидің «ал-Луға ад-диррийа фи-л-луға ат-туркийа» деген атаумен енгізіліп, жаңылыс атау берілген.

«Milli Kütüphane» кітапханасында 06 Hk 2781 шифрімен сақталған қолжазба (Түркия, Анкара қаласы). Шығарма 25 параққа ($1^б$-$25^а$) жазылған. Қағаздың өлшемдері 205х145 мм, текст өлшемдері 150х95 мм. Әр бетте 15 жол жазу бар. *Насхи* жазуымен Европа қағазына көшірілген. Шығарма атауы мен авторының есімі оның кіріспе (Дибаджа) бөлімінде беріледі. Жаноғлу (Canoğlu) вақыф кітапханасының мөрі соғылған. Кітапхана картотекасында жай ғана «Луғат» атауы берілген.

«Milli Kütüphane» кітапханасында 06 Hk 73 шифрімен сақталған қолжазба (Түркия, Анкара қаласы). Шығарма 34 параққа ($1^б$-$34^а$) жазылған. Қағаздың өлшемдері 207х150 мм, текст өлшемдері 159х85 мм. Жазылған жолдардың саны бір түрлі емес. *Насхи* жазуымен көшірілген. Анқара кітапханасы және Ұлттық ағарту кітапханасы мөрлері соғылған.

«Beyazıt Devlet Kütüphanesi» кітапханасында 6825 шифрімен сақталған қолжазба (Түркия, Ыстамбұл қаласы). Шығарма 40 параққа ($1^б$-$40^а$) жазылған. Әр бетте 16 жол жазу бар. *Та'лиқ* жазуымен көшірілген.

«Millet Yazma Eser Kütüphanesi» кітапханасында 34 Ae Lugat 150 шифрімен сақталған қолжазба (Түркия, Ыстамбұл қаласы). Шығарма 83 параққа ($2^а$-$84^б$) жазылған. Шығарманың басты бөлігі ($1^б$ беті) жоқ. Қағаздың өлшемдері 150х105 мм, текст өлшемдері 115х30 мм. Әр бетте 11-12 жол жазу бар. *Насхи* жазуымен көшірілген. Көшіруші – Сүлейман ибн 'Абдаллаһ. Көшірілген заманы – 1048 жыл зу-л-қа'да/1639 жыл наурыз-сәуір айлары ($84^б$ бет). Кітапхана картотекасында шығарманың атауы «ад-Дурра ал-мудийа» деп қате белгіленген.

«Köprülü Yazma Eser Kütüphanesi» кітапханасында Hafız Ahmed Paşa Koleksiyonu, 34 Ha 217/III шифрімен сақталған қолжазба (Түркия, Ыстамбұл қаласы). Шығарма 50 параққа ($141^б$-$190^а$) жазылған. Шығарма мұнда жинақталған қолжазба кітаптың құрамында келеді. Әр бетте 13-14 жол жазу бар. 1100/1688-1689 жылы көшірілген. Кітапхана картотекасында шығарманың кіріспе бөлігі араб тілінде жазылғандықтан болса керек бұл еңбек араб тілінде жазылған деп берілген.

«Balıkesir İl Halk Kütüphanesi» кітапханасында 10 Hk 74 шифрімен сақталған қолжазба (Түркия, Балыкесир қаласы). Шығарма 22 параққа ($1^б$-$22^б$) жазылған. Әр бетте 15-16 жол жазу бар. Соңы жоқ. Араб сөздері қара немесе көк, түркі сөздер қызыл сиямен жазылған.

«Mevlâna Müzesi» кітапханасында 4003/I шифрімен сақталған қолжазба (Түркия, Коня қаласы). Шығарма 30 параққа ($1^б$-$30^б$) жазылған. Шығарма мұнда жинақталған қолжазба кітаптың құрамында келеді. Қағаздың өлшемдері 218х160 мм, текст өлшемдері 160х103 мм. Әр бетте 15 жол жазу бар. Ескі мұқабасы сақталған.

«Дар ал-кутуб» кітапханасында 51571 шифрімен сақталған қолжазба (Мысыр, Каир қаласы). Шығарма 38 параққа ($1^б$-$38^а$) жазылған. Қағаздың өлшемдері 150х220 мм. Әр бетте 19 жол жазу бар. *Насхи* жазуымен көшірілген.

«Manisa İl Halk Kütüphanesi» кітапханасында 45 Hk 2867 шифрімен сақталған қолжазба (Түркия, Маниса қаласы). Қағаздың өлшемдері 153х105 мм. Әр бетте 13 жол жазу бар. Көлемі 111 парақ.

«Тілдер мен өркениеттер университеттік кітапханасында» (Bibliothèque universitaire des langues et civilisations) сақтаулы BULAC_MS_ARA_36 нөмерлі қолжазба (Франция, Париж). Ол кітапханада كتاب الدرة قضية في اللغة التركية (Китаб ад-Дурра қадиййа фи-л-луға ат-туркийа) деген атпен тіркелген (BULAC_36). Кітапхананың анықтамалығында қолжазба туралы мынадай мәліметтер берілген: Бұл картотекадағы шығарманың атауы қолжазбаның f.1r бетіне сәйкес келеді. Абдолғани Ахмад-Биуд (Abdelghani Ahmad-Bioud (1913–1989) өз хабарламасында бұл еңбекке الدرة المضيئة في اللغة التركية (al-Durraẗ al-muḍīʾaẗ fī al-luġaẗ al-turkiyyaẗ) деген атау береді. Оның тағы да басқа الشذور الذهبية والقطع الأحمدية في اللغة التركية (al-Šuḏūr al-ḏahabiyyaẗ wa al-qiṭaʿ al-Aḥmadiyyaẗ fī al-luġaẗ al-turkiyyaẗ) деген атауы f.3v бетінің ішінде кездеседі. Қолжазбаның f.1r бетіндегі француз тілінде жазылған хабарламада «1831 жылы А.» деген қол қойылған. Қолжазбаның кіріспесінде шығарма, оның жазылу себептері туралы қысқаша айтылады және 8 тарауының тақырыбы берілген: бұл араб тілінде жазылған түркі грамматикасының оқулығы. Қолжазба алғаш рет Париждің Жас тілдерге арналған корольдік мектебі кітапханасының араб каталогында №24 нөмерімен тізімге алынып, кейіннен 1837 ж. №32 нөмерімен Жуаним (Jouannim) қорының тізіміне тіркелген. Қазіргі күні Парижде «Тілдер мен өркениеттер университеттік кітапханасында» (Bibliothèque universitaire des langues et civilisations) сақтаулы, одан бөлек жалпыға қолжетімді BULAC_MS_ARA_36. сайтында PDF форматта жүктеп алуға ыңғайлы етіп сақталған. Қолжазба 47 парақтан тұрады, жазуы *насхи*, араб сөздері қара сиямен, қыпшақ сөздері мен тақырып атаулары қызыл сиямен жазылған. Көлемі 205 х 155 мм. Біз бұл кітапта берілген факсимилені осы сайттан жүктеп алғанымызды ескертіп, https://bina.bulac.fr сайтына шексіз алғыс білдіреміз!

«Тілдер мен өркениеттер университеттік кітапханасында» (Bibliothèque universitaire des langues et civilisations) сақталған BULAC_MS_ARA_37 нөмерлі қолжазба (Франция, Париж). (al-Šuḏūr al-ḏahabiyyaẗ wa al-qiṭaʿ al-Aḥmadiyyaẗ fī al-luġaẗ al-turkiyyaẗ – Аш-Шузур аз-захабийа уа-л-қита‘ әл-Ахмадийа фи-л-лұға ат-түркийа) деген атпен сақталған қолжазба (BULAC_37). Бұл қолжазбаның сақталу орыны да Кітапханаға қолжазбаны тапсырған Сүлеймен әл-Хара’ири (سليمان، الحرائري, 1824–1875). Қолжазба 27 парақтан тұрады. *Насхи* жазуымен көшірілген. Алдыңғы жағы мен алғашқы екі беті түрлі-түсті бояумен көркемделген. Қолжазбаның өлшемі 210 х 155 мм. Әрбір бетте 150 х 85 мм жақтау салынып, соның ішінде 15 жол жазу хатталған. Тақырыптары мен қыпшақ сөздері қызыл түспен, ал араб жазулары қара түспен жазылған.

Америка Құрама Штаттарының Коннектикут (Connecticut) штатының Нью-Хейвен (New Haven) қаласындағы Йель университетінің (Yale University) «Бейнеке сирек кітаптар мен қолжазбалар кітапханасы» (Beinecke Rare Book and Manuscript Library) қорында Arabic MSS 557; шифрлармен сақталған қолжазба.

Америка Құрама Штаттарының Коннектикут (Connecticut) штатының Нью-Хейвен (New Haven) қаласындағы Йель университетінің (Yale University) «Бейнеке сирек кітаптар мен қолжазбалар кітапханасы» (Beinecke Rare Book and Manuscript Library) қорында Arabic MSS 764 шифрлармен сақталған қолжазба. Бұл нұсқалардың бірі (Arabic MSS 764) толық әрі көркем жазумен жазылған. Төмендегі сілтемеде осы екі нұсқа туралы толық мәлімет берілген: https://collections.library.yale.edu/catalog

«Патша Са‘уд университеті» (جامعة الملك سعود) кітапханасында 4220 нөмерімен сақталған қолжазба (Сауд Арабиясы, Эр-Рияд қаласы). Бұны https://ketabpedia.com сайтынан жүктеп алуға жақсы жағдай жасалған (Аш-Шузур, 4220; 4892)

«Патша Са‘уд университеті» (جامعة الملك سعود) кітапханасында 4892 номерлерімен сақталған қолжазба. Қолжазбаның өлшемі 14,2 х 20,2 см.

20-21-22-23-24-25-26-27-28-29. «Патша Файсал ғылыми-зерттеу және исламтану орталығында» 10 қолжазба сақталған. Олардың алғашқысы 5376 номерімен сақталған қолжазба (Сауд Арабиясы, Эр-Рияд қаласы), авторы Мұхаммед бин Салих; 4328-ФБ номерлі; 4329-ФБ номерлі; معجم عربي تركي – «Арабша-түрікше сөздік» атты шығарма 4330-ФБ номерлі, авторы Молла Мұхаммед Салих; معجم عربي تركي – «Арабша-түрікше сөздік» атты шығарма 4331-ФБ номерлі, авторы Молла Мұхаммед Салих; الشذور الذهبيه والقطع الاحمديه атты шығарма 4332-ФБ номерлі, авторы Молла Мұхаммед Салих; 4334-ФБ номерлі, авторы Молла Мұхаммед Салих; قاموس عربي تركي «Арабша-түрікше сөздік» атты шығарма 4335-ФБ номерлі, авторы Молла Мұхаммед Салих; معجم عربي تركي «Арабша-түрікше сөздік» атты шығарма 4336-1-ФБ номерлі, авторы Молла Мұхаммед Салих; كتاب عن اللغه التركيه – «Түрік тілі туралы кітап» атты шығарма 4336-2-ФБ номерлі, авторы Молла Мұхаммед Салих.

Қолжазбалардың бұл тізімі Сауд Арабиясында жасалған электронды каталог خزانة التراث فهرس مخطوطات - (Хизанат ат-турас – фихрис махтутат) – «Қазыналы мұра – қолжазбалар көрсеткіші» каталогтар тізімінен алынды (Хизанат ат-турас).

«Мюнхен орталық қалалық кітапханасында» 768 номерімен сақталған қолжазба (Германия, Мюнхен) (Aumer, 1866: 341-342). Өлшемі: 19х14 см. 49 парақ. Әр бетте 13 жол жазу бар. Шығарма османдық тілде емес, Каффа қаласы жанында жасайтын татарлар (қыпшақтар) тілінде жазылған. Авторы: Маулана ибн Мұхаммед Салих. Шығарма кіріспе (мұқаддима), 4 бөлім (рүкін) және қорытындыдан (хатима) тұрады. Автор 30-дан астам дерек пайдаланғанын айтады. Қолжазба Марсель (J.J. Marcel) жағынан Каирден алып келінген.

«Кембридж университеті» кітапханасында 799 номерімен сақталған қолжазба (Ұлыбритания, Кембридж қаласы). Авторы: Маулана ибн Мұхаммед Салех деп көрсетілген. 61 парақтан тұрады. Араб-насхи хатымен көшірілген. Алдымен университет құрамындағы Тринити-Колледжге (Trinity College) тиісті болған. Ол жерде R.13.18 номеріне ие болған (Browne, 1922).

Франциядағы халықтық кітапханалар фондтарында 18-Алжир бөлшегінде 36 номерімен сақталған қолжазба (Fagnan, 1893). Авторы: Маулана ибн Мұхаммед Салих деп көрсетілген.

Шис пайғамбар жұма мешітінде орналасқан «Мадрасат ан-Наби Шис» кітапханасында «ал-Луға» бөлімінде 165/222 номерімен сақталған қолжазба (Ирақ, Мосул қаласы). Араб балаларына түркі тілін үйретуге арналған. 1162/1748-1749 жылы көшірілген. Авторы: Ибн Мұхаммед Салех (Давуд ал-Чалаби, 1967: 222).

«Топкапы сарайы музейі», III Ахмед қорында, 2922/XI номерімен сақталған қолжазба (Түркия, Ыстамбұл қаласы). Көлемі 25 парақ. Соңында ақаулықтары бар. Шығарма мұнда жинақталған қолжазба кітаптың құрамында келеді. Әр бетте 13 жол жазу бар. Насхи жазуымен көшірілген. Қолжазба Кувейтте жасалынған.

Принстон университеті кітапханасындағы Islamic Manuscripts қорында 965 номерімен сақталған «al-Shudhūr al-dhahabīyah wa-al-qiṭa‘ al-Aḥmadīyah fī al-lughah al-Turkīyah» атты қолжазба. Авторы Mawlānā ibn Muḥammad Ṣāliḥ, көшірушісі Ахмед Бен Сүлейман Бен Кемал Паша (h.ж.б. 940 ж./ 1534 ж. қайтыс болған). Қолжазба ff. 39 беттен тұрады, көлемі 215 х 155mm. Әрбір бетте 13 жол жазу бар. Қолжазба XIX ғасырда көшірілген.

Араб қарпімен литографиялық түрде жарыққа шыққан бір нұсқасы Торонто (Канада) университетінің кітапханасында PL 193 A7126 шифрімен сақтаулы. Бұл басылым hижра жыл есебі бойынша 1253 жылы (григориан күнтізбесі бойынша 1837 жылы) Каир қаласының Булақ ауданындағы «әл-Муслим» баспаханасында басылып шыққан. Кітаптың авторын Ибн Мұхаммед Салих, Ахмад деп көрсеткен, бірақта атауын «Китаб тарджуман ат-турки уа-л-‘араби» деп атаған (Ibn Muhammad Sālih, 1837). «Аш-Шузур аз-захабийа» жазба ескерткішінің көптеген нұсқаларында кіріспесінен кейін бірінші рүкінде (бөлімде) 8 баб (тарау) бойынша

сөздіктер берілген. Одан кейінгі рүкіндерде сөздердің грамматикалық үлгілері беріледі. Соңында хатима (соңғы сөз) беріледі. Бұл басылым да осы тәртіппен түзілген.

Қосымша бұл шығарма туралы Броккельман каталогында мынадай мәліметтер берілген: Brockelmann, GAL, SII, 632 (13); Baghdādī, Īḍāḥ al-maknūn, II, 42 (author: Muḥammad ibn Ṣāliḥ); München no. 768 (Ibn Muḥammad Ṣāliḥ); Fihrist-i Kitābkhānah-’i ihdā’ī-i Āqā-yi Sayyid Muḥammad Mishkāt bih Kitābkhānah-’i Dānishgāh-i Tihrān, III/2, p. 418f; Fihris al-makhṭūṭāt al-‘Arabīyah fī Maktabat al-Awqāf al-‘Āmmah fī Baghdād, IV, 6894 (Muḥammad Ṣāliḥ); Gotha 354 (with title, author: Ibn Muḥammad Ṣāliḥ). The same incip. Uppsala (Tornberg) no. 56, with title: al-Durrah al-muḍī’ah fī al-lughah al-turkīyah (author: Ibn Muḥammad Ṣāliḥ); but this risālah is referred to in the present ms. (fol. 3b) under the title: al-Risālah al-marḍīyah fī al-lughah al-Turkīyah. The title of the present ms. occurs on fol. 3a, ult. Incip الحمد لله الذى شرف الانسان و زينه بالنطق. (Brockelmann, 1937–1942; Brockelmann, 1943–1949).

Осылайша, біз, «аш-Шузур аз-захабийа» қолжазбасының 36 нұсқасын анықтадық. Ендігі кезекте шығарма атрибуциясына тоқталып, атауы мен оның авторының әр қолжазбада не себепті әртүрлі болып келетіндігіне қатысты тоқталып өткенді жөн көріп отырмыз. Осы 36 нұсқада бұл шығарманың атауы негізінен «Аш-Шузур аз-захабийа уа-л-қита‘ әл-ахмадийа фи-л-лұға ат-түркийа» (араб. الشذور الذهبية والقطع الأحمدية في اللغة التركية – Түркі тілінің алтын тізбесі және Ахметке арналған алтын кесектер) деген классикалық атаумен кездеседі. Қолжазбаның барлығында бірдей автор шығарманың атын «Аш-Шузур аз-захабийа уа-л-қита‘ әл-ахмадийа фи-л-лұға ат-түркийа» деп атадым деп келтірген. Бірақта бұл шығарма әлемнің әр түкпіріндегі кітапханаларда әртүрлі атаулармен сақталған. Себебі, кітапхана қызметкерлері қолжазбаның шынайы атауын анықтай алмағандықтан әртүрлі атау берген деп есептейміз.

Шығарма негізінен өзінің классикалық атауы «Аш-Шузур аз-захабийа уа-л-қита‘ әл-ахмадийа фи-л-лұға ат-түркийа» (араб. الشذور الذهبية والقطع الأحمدية في اللغة التركية) деген атпен сақталған. Одан бөлек, мынадай атаулар кездеседі:

1. «Луғат» (Milli Kütüphane: 06 Hk 2781);
2. «ад-Дурра ал-мудийа» (Millet Yazma Eser Kütüphanesi: 34 Ae Lugat 150; Ыстамбұл);
3. «Китаб ад-Дурра қадиййа фи-л-луға ат-туркийа» (Bibliothèque universitaire des langues et civilisations: BULAC_MS_ARA_36; Париж);
4. معجم عربي تركي – «Арабша-түрікше сөздік» (Патша Файсал ғылыми-зерттеу және исламтану орталығы: 4330-ФБ; 4331-ФБ; 4336-1-ФБ; Эр-Рияд);
5. قاموس عربي تركي «Арабша-түрікше сөздік» (Патша Файсал ғылыми-зерттеу және исламтану орталығы: 4335-ФБ; Эр-Рияд);
6. كتاب عن اللغه التركيه – «Түрік тілі туралы кітап» (Патша Файсал ғылыми-зерттеу және исламтану орталығы: 4336-2-ФБ; Эр-Рияд);
7. «Китаб тарджуман ат-турки уа-л-‘араби» (Торонто университетінің кітапханасы: PL 193 A7126; Канада);

Бұл қолжазбалардың осылай әртүрлі аталуының басты себебі, алдында айтып өткеніміздей, кітапханада картотека толтырушылардың қолжазбаның анық атын айқындай алмағандығынан болуы керек. Шығарманың авторы Ибн Мұхаммед Салих Абу Хаийан ан-Нахвидің «ад-Дурра әл-мудийа» атты сөздігін қолданғанын атап өтеді. Кітапхана қызметкері қолжазбаның кіріспесінде айтылған осы еңбекті шығарманың атауы екен деп ойлап, «ад-Дурра әл-мудийа», «Китаб ад-Дурра қадиййа» атауларын қолданған. Бұдан бөлек, шығармада автор бұл еңбекті «Му‘аджаму ‘араби уа туркийа» معجم عربي تركي – «Арабша-түрікше сөздік», Қамусу ‘араби уа туркийа» قاموس عربي تركي «Арабша-түрікше сөздік» деген сияқты атауларды да кітапхана қызметкерлері қолжазбаның «Кіріспе» бөлімінде кездесетін атауларына орай қойған болу керек деп санаймыз.

Ендігі кезекте, шығарманың авторы туралы да әртүрлі қайшылықтар бар. Шығарманың көбінде бұл еңбектің авторы Ибн Мұхаммед Салих деп жазылған. Қолжазбада еңбектің авторы туралы мынадай жолдар бар: عفو مولاه ابن محمد صالح – бұны біз «Иесінің кешірімін үміт етуші

Ибн Мұхаммед Салих» деп аудардық. Ал кітапхана қызметкерлері мағынасын нақты анықтай алмағандықтан автордың алдына «Молла», «Маулана» деген атаулар қосып аударған. Сондықтан да Ибн Мұхаммед Салихтың алдыңғы жағына Молла, Маулана сөздері қосылып отырған.

Шығарманың құрылымы және мазмұны. «Әш-Шузур әз-захабийа» жазба ескерткіші «Мұқаддима» бөлімі және етістіктер мен есімдіктер масдары бойынша түзілген үлкен 4 рүкін (бөлім) және хатымадан (соңғы сөз) тұрады (Vat.ar.506). Бірінші рүкінде масдар және масдардан түрленетін есімдік пен етістіктер туралы (الركن الأول في بيان المشتقات) 8 баб (тарау) бар, екінші рүкінде есімдіктер (الركن الثاني في بيان الاسماء), үшінші рүкінде жақ бойынша жіктеу жалғаулары мен сілтеу есімдіктері (الركن الثالث في بيان الضمائر المنفصلة والاسماء الإشارة), төртінші рүкінде араб және түркі тілдерінде ортақ қолданыстағы сөздер (الركن الرابع في بيان الكلمات المشتركة بين العربيّة والتركيّة في الاستعمال), хатымада (соңғы сөз) әртүрлі сөз таптарынан, соның ішінде зат есім, етістік, көмекші сөздерден және жалғаулардан құралған сөз тіркестері (الخاتمة الكلام المركب من المفردات المتفرقة من مصادر وافعال واسماء) берілген. Бірінші рүкіндегі сегіз баб:

Бірінші баб масдар (түбір) туралы (الباب الأول في بيان المصدر);
Екінші баб әмір (бұйрық) туралы (الباب الثاني في بيان الامر);
Үшінші баб болымсыз етістік туралы (الباب الثالث في بيان النهي);
Төртінші баб өткен шақ етістігі туралы (الباب الرابع في بيان الماضي);
Бесінші баб келер шақ етістігі туралы (الباب الخامس في بيان المضارع);
Алтыншы баб зат есім туралы (الباب السادس في بيان الاسم الفاعل);
Жетінші баб болымсыздық жалғауы туралы (الباب السابع في بيان علامة النهي);
Сегізінші баб көпше түрдің жалғауы туралы (الباب الثامن في بيان علامة الجمع).

Осы күнге дейін бұл ескерткіш 8 бабтан тұрады деген қате тұжырым тарап келген болатын. Ал анығында бұл 8 баб бірінші рүкіннің ішіндегі бабтар болатын. Ескерткішті бастан-аяқ толық зерттемегендіктен осындай жаңсақ пікірлер үнемі бір автордан екінші авторға көшіріліп жүре беретін әдет бары, бәрімізге аян. Сондықтан да ортағасырлық арабжазулы ескерткіштерді түпнұсқадан аударып, ғылыми айналымға тарту бүгінгі шығыстану ғылымының басты міндеттерінің бірі деп білеміз.

Жоғарыда атап өткен сөздіктердің дәстүрі бойынша бұл жазба ескерткіштің басында «Мұаддима – Кіріспе» берілген. Бірақта бұл сөздіктің ерекшелігі сол, мұнда екі «мұқаддима» беріледі. Шығарманың басында «Бисмилладан» басталған соң, әуелі Аллаға мадақ, пайғамбарға салауат айтылып, шығарманы жазуға тапсырыс берушіге құрмет сөздері жазылған. Кейіннен бұл сөздікті жазу барысында туындаған қиындықтар мен оны еңсеру жолдары және өзі оқыған кітаптар, пайдаланған әдебиеттер, сол замандағы түркі тілінің ахуалы туралы қысқаша мәліметтер бере келіп, қолжазбаның 5-ші бетінің соңғы қатарларында сөздік бөлімдері басталар алдында «هذه المقدمة في بيان ما يحتاج إليه الشارع في هذا الكتاب – *бұл кіріспе осы кітапты оқуды бастамақшы болған адамға қажетті нәрселерді баяндауға арналған»* кіріспе деген жолдар жазылған. Жазба ескерткішке арналған жалпылама үлкен «мұқаддиманың» ішінде сөздіктің құрылымын түсіндіруге арналған кішірек «мұқаддима» тағы да берілгенін байқауға болады. Бұл өзге ескерткіштерде кездесе бермейтін ерекшелік.

Біз «әш-Шузур әз-захабийа» сөздігін бастан-аяқ толық аударып шыққандықтан ендігі кезекте, әрбір бөлімдегі сөздерге тоқталмасақ та, ең басты мәліметтерді көрсетуді жөн көреміз. Бұл жерде «Мұқаддима» бөлімінде берілген тың деректер бұрын-соңды ешбір жерде кездескен емес. Өйткені, бұл сөздікті түрік тіліне аударған алғашқы зерттеуші ғалым Бесім Аталай да жазба ескерткіштің «Мұқаддимасын» аудармаған. Ол тек сөздік бөлімін ғана аударып шыққан (Atalay, 1949). Сондықтан да шығарманың «Мұқаддима» бөліміндегі тың деректер қазіргі шығыстану ғылымына қосылған жаңа материалдар болады деп білеміз.

Сөздіктің араб тіліндегі мәтінін берсек, мақала көлемі көтермейді. Сондықтан да, шығарманың қазақ тіліне аударылған мәтінін қысқартып, ең маңызды бөліктерін ғана береміз.

«Әш-Шузур әз-захабийа» сөздігінің *аудармасы*:

(*2 бет*) *Осыдан кейін барлық жан-тәнімен Аллаға жалбарынатын және Иесінің кешірімін үміт етуші Ибн Мұхаммед Салих былай дейді: Кісі сөйлесетін адамның сөзін түсініп, оған жауап қайтару үшін оның тілін білу керек. Біздің заманамыздағы билік Осман мемлекетінің*[3] *тілі сұлтандар сөйлейтін түркі тілі. Көптен бері түркі тілі туралы кітапша жазу ойымда бар еді. Менен осы туралы жақындарым мен достарым көп рет қайта-қайта сұрады. Мен болсам екі ұдайы пікірде жүрдім. Өйткені жол көрсететін адам болмады. [...] Ол – «Әбу-л-‘Иззәт уә-н-Наср».*[4] *[...] Ол менен көзінің қарашығы, жүрегінің жемісіндей болған баласына тәлім беруді өтінді. Оның баласы, зерек, дарынды, туа біткен қасиет иесі, мәңгі ілтипатқа лайықты, Алланың күш-құдіретімен қорғалған, бақытты ұрпақ, табысы мен ақылы толысқан – Сәййид Ахмед. Адамдар арасындағы аты – Әмин Мұхаммед. (5 бет) Мен бұл кітапшаны есте сақтауға қолайлы етіп жинақтадым және айтуға ыңғайлы үлгіде дайындадым. [...] Мен бұл кітапшаны: «аш-Шузур аз-захабийа уа-л-қита‘ әл-Ахмадийа фи-л-лұға ат-түркийа» – деп атадым. [...] мен бұл кітапты көп қолданылатын түбірлер (масдар) мен пайдалануға қолайлы есімдер негізінде жинақтадым. [...] (6 бет) Осы кітапшаны жазғанда менің қасымда отыздан астам түрлі тілдерде: арабша-түрікше, парсыша-түрікше, түрікше, науаи және түрікше-пәһлеуише кітап жиналды. Мысалы, «Ахтари әл-кәбир», «Мирқат», «Нығматуллаһ», «Халими Чәләби», «Сихах әл-‘ажам», «Сихах әл-байан», «Жауаһир ал-уқуд», «Ибн Мәләк», «Хамд сәна», «Тухфат әл-әдәб», «Данстән», «Нисаб ас-сибйан», «Нисаб әл-футйан», «Шарх нисаб ас-сибйан» Сәййид Шәриф Журжанидікі, «Лұғат Шаһиди», «Тухфат Хусам», «Лұғат әл-Гүлістан», тағы сол сияқты «Әбйат әл-Гүлістан әл-‘арабийа» және оның «Шархы», Молла Хункардың «Лұғат әл-мәснәуи әл-‘арабийа» (кітабы). Осы кітапшаны (рисаланы) жазу барысында Алла тағала маған «Гүлістан» кітабының екі арабша шархын [пайдалануды] жеңіл қылды. Оның бірі, Сәййиди ‘Әли Мұстафа ибн әс-Сұлтанға тиесілі. Енді бірі, Сұлтан Сүлейменнің ұстазы Сурури Чәләбиге тиесілі. Оларға Алланың рақымы мен ризашылығы болсын! Және төменде аты аталатын ғалымға тиесілі «Гүлістан» кітабының кіріспесінің шархымен (Шарх дибаджат ал-Гулистан) танысу және аты аталмаған басқа да кітаптарды пайдалану қолжетімді болды.*

Сөздіктің мұқаддима – кіріспе бөлімінде байқағанымыздай, Ибн Мұхаммед Салих көптеген кітаптарды қолданған. «аш-Шузур аз-захабийа» жазба ескерткіші сан алуан грамматикалық тәсілдерді қолданып, арабтарға түркі тілін үйрету үшін дайындалған ерекше еңбек. Болашақта осы ескерткіш бойынша жаңа зерттеулер жүргізу арқылы ескіқыпшақ тілінің бүгінгі шешілмей жатқан проблемаларының түйінін ашуға болады деп сенеміз.

Қорытынды

Қорытындылап келгенде, біздің негізгі мақсатымыз – «аш-Шузур аз-захабийа» арабша-қыпшақша сөздігінің зерттелуі мен әлемнің әр түкпірінде сақталған нұсқалары мен тізімдерін түгендеу, қазақстандық шығыстану ғылымының айналымына енгізу болатын. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін алдымызға көптеген міндеттер қойып, өз мақсатымызға жеттік деп есептейміз. Бұл жазба ескерткіш өте көп тарағандығын анықтап, олардың сақталған қорлары мен шифрлерін, тіпті, қайсысын кім зерттегеніне дейін анықтадық. Келешекте осы қолжазбалардың тіл білімі, тарих, деректану, шығыстану саласында тілдік-мәдени дереккөз ретінде құндылығын зерделеп, тарихи, лингвистикалық ғылыми зерттеулер жүргізу

[3] Кіші Азияда (Анадолы) 1300-жылдары түркі халық тарапынан құрылған мемлекет. Алғашқы сұлтаны Осман бей атымен аталған.

[4] Құрметті және көмектесуші.

жұмыстары күтіп тұр. Қазақ тілінің арғы тегі қыпшақ тобы болса, бұл сөздік сол тілдің қолданысын жан жақты талқылаған.

Әдебиеттер:

Atalay, 1949 – *Atalay B.* Molla Sâlih: Eş-Şüzûr-üz-Zehebiyye vel-Kıtai'l-Ahmediyye fil-Lûgat-it-Türkiyye. İstanbul: TDK Yayınları, 1949. – 86 s.

Aumer, 1866 – *Aumer Joseph.* Die arabischen Handschriften der K. Hof- und Staatsbibliothek in München. München, 1866, S. 341-342.

Baskın, 2011 – *Baskın S.* 17. Yüzyil Osmanlı Türkçesi ve Bin Muhammed Salih (17. Century Ottoman Turkish and Bin Muhammed Salih) // Studies of Ottoman Domain, Cilt:1 Sayı:1 Ağustos 2011, Available at SSRN: https://ssrn.com/abstract=2653638

Baskın, 2012 – *Baskın S.* Eş-şüzûrü'z-zehebiyye ve'l-kitai'l-ahmediyye fî'l-lugati't-türkiyye (sözlükbilimsel bir inceleme). Doktora Tezi. Samsun, 2012. 489 s.

Brockelmann, 1937–1942; Brockelmann, 1943–1949 – *Brockelmann Carl.* Geschichte der arabischen Litteratur. Supplementbände I–III, Leiden, 1937–1942; *Brockelmann, Carl*. Geschichte der arabischen Litteratur. Zweite den Supplementbände angepasste Auflage. Bände I–II, Leiden, 1943–1949.

Browne, 1922 – *Browne E.G.* A Supplementary Hand-List of the Muhammadan Manuscripts, including all those written in the Arabic character, preserved in the libraries of the University and Colleges of Cambridge. Cambridge, 1922, p. 130.

BULAC_36 – *BULAC_MS_ARA_36.PDF*. Ibn Muḥammad Ṣāliḥ. Kitāb al-Durraẗ qaḍiyyaẗ fī al-luġaẗ al-turkiyyaẗ – al-Šuḏūr al-ḏahabiyyaẗ wa al-qiṭa‘ al-Aḥmadiyyaẗ fī al-luġaẗ al-turkiyyaẗ. Bibliothèque Universitaire des Langues et Civilisations (Paris, France), Ms Arab 36, 47 ff..

BULAC_37 – *BULAC_MS_ARA_37.PDF*. Ibn Muḥammad Ṣāliḥ. Al-Šuḏūr al-ḏahabiyyaẗ wa al-qiṭa‘ al-Aḥmadiyyaẗ fī al-luġaẗ al-turkiyyaẗ. Bibliothèque Universitaire des Langues et Civilisations (Paris, France), Ms Arab 37, 27 ff.

Дүйсенов Б.Д., Назыр Х. Түркі тілінің алтын тізбесі / жауапты редакторы: Ә.Қ. Мүминов. – Астана: «Астана» халықаралық ғылыми кешені, 2023. 312 б.

Fagnan, 1893 – *Fagnan, E.* Catalogue général des manuscrits des bibliothèques publiques de France. Départements. Tome XVIII. Alger. Paris: Plon, 1893, [No 36].

Ibn Muhammad Sālih, 1837 – *Ibn Muhammad Sālih,* Ahmad. Kitāb turjūmān Turkī wa-‘Arabī. Cairo, Boulaq: al-Muslim, 1837. 71 p.

Mohammad, 2013 – *Mohammad* R. Eş-Şüzûrü'z-Zehebiyye fî'l-Lûgati't-Türkiyye ve'l-‘Arabiyye Üzerine Bir İnceleme. İzmir: Ege Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Türk Dili ve Lehçeleri Anabilim Dalı Yüksek Lisans Tezi, 2013. 305 s.

Topkapı Sarayı Müzesi – *Topkapı Sarayı Müzesi.* Салих ибн Мухаммад. Аш-Шузур аз-захабийа уа-л-қита‘ ал-ахмадийа фи-л-луға ат-туркийа. Topkapı Sarayı Müzesi қолжазбасы, III. Ahmet коллекциясы, № 2922/11. 26 с.

Vat.ar.506 – *Vat.ar.506*. Aš-šuḏūr al-ḏahabiyya fī al-loġa al-turkiyya ou kitāb turğumān. Biblioteca Apostolica Vaticana. Grammaire turque pour les arabophones de Mullā Ibn Muḥammad Ṣāliḥ. Même œuvre dans Vat.ar.506 et Vat.turc.74.

Yiğit, 2016 – *Yiğit M.* İbn Sâlih Muhammed'in Eş-Şuzûru'z-Zehebiyye ve'l Kita'ül Ahmediyye fi'l lugati't türkiyye'si (morfolojik inceleme ve metin). T.C. Dumlupinar Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Türk Dili ve Edebiyatı Anabilim Dalı. Yüksek Lisans Tezi. Kütahya, 2016. 122 s.

Аш-Шузур, 4220; 4892 – *Аш-Шузур, 4220; 4892.* Аш-Шузур аз-захабийа ва-л-қита‘ ал-ахмадийа фи-л-луға ат-туркийа. Ал-Малик Са‘уд университетінің қолжазбалары, № 4220; 4892 [Электрондық ресурс] URL: https://ketabpedia.com (Қаралған күн: 01.02.2025).

Давуд ал-Чалаби, 1967 – *Давуд ал-Чалаби ал-Маусили.* Китаб махтутат ал-Маусил. Бағдад: Матба‘ат ал-Фурат, 1346/1967. 389 б.

Құрышжанұлы, 2004 – *Құрышжанұлы Ә.* Аш-шудур-ад-дахабиа // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2004. – Т. I. – ISBN 9965-9389-9-7.

Наджип, 2004 – *Наджип Э.Н.* Культура и тюркоязычная литература мамлюкского Египта XV века: Монография исследование, транскрипция, текстологические примечания. Туркестан: Туран, 2004. 209 с.

Олдридж, 1969 – *Олдридж Дж.* Каир // «Вокруг света». 1969, № 1, с.13-15.

Хизанат ат-турас – *Хизанат ат-турас* [Электрондық ресурс] URL: https://app.turath.io/book/5678 (Қаралған күн: 01.02.2025)

References:

Atalay, 1949 – Atalay B. Molla Sâlih: Eş-Şüzûr-üz-Zehebiyye vel-Kıtai'l-Ahmediyye fil-Lûgat-it-Türkiyye. İstanbul: TDK Yayınları, 1949. 86 s.

Aumer, 1866 – Aumer Joseph. Die arabischen Handschriften der K. Hof- und Staatsbibliothek in München. München, 1866, S. 341-342.

Baskın, 2011 – Baskın S. 17. Yüzyil Osmanlı Türkçesi ve Bin Muhammed Salih (17. Century Ottoman Turkish and Bin Muhammed Salih) // Studies of Ottoman Domain, Cilt:1 Sayı:1 Ağustos 2011, Available at SSRN: https://ssrn.com/abstract=2653638

Baskın, 2012 – Baskın S. Eş-şüzûrü'z-zehebiyye ve'l-kitai'l-ahmediyye fî'l-lugati't-türkiyye (sözlükbilimsel bir inceleme). Doktora Tezi. Samsun, 2012. 489 s.

Brockelmann, 1937–1942; Brockelmann, 1943–1949 – Brockelmann Carl. Geschichte der arabischen Litteratur. Supplementbände I–III, Leiden, 1937–1942; Brockelmann, Carl. Geschichte der arabischen Litteratur. Zweite den Supplementbände angepasste Auflage. Bände I–II, Leiden, 1943–1949.

Browne, 1922 – Browne E.G. A Supplementary Hand-List of the Muhammadan Manuscripts, including all those written in the Arabic character, preserved in the libraries of the University and Colleges of Cambridge. Cambridge, 1922, p. 130.

BULAC_36 – BULAC_MS_ARA_36.PDF. Ibn Muḥammad Ṣāliḥ. Kitāb al-Durraẗ qaḍiyyaẗ fī al-luġaẗ al-turkiyyaẗ – al-Šuḏūr al-ḏahabiyyaẗ wa al-qiṭa‘ al-Aḥmadiyyaẗ fī al-luġaẗ al-turkiyyaẗ. Bibliothèque Universitaire des Langues et Civilisations (Paris, France), Ms Arab 36, 47 ff..

BULAC_37 – BULAC_MS_ARA_37.PDF. Ibn Muḥammad Ṣāliḥ. Al-Šuḏūr al-ḏahabiyyaẗ wa al-qiṭa‘ al-Aḥmadiyyaẗ fī al-luġaẗ al-turkiyyaẗ. Bibliothèque Universitaire des Langues et Civilisations (Paris, France), Ms Arab 37, 27 ff.

Dyussenov B.D., Nazir H. Golden Necklaces on the Turkic Language / Edited by A.K. Muminov. – Astana: International Scientific Complex “Astana”, 2023. 312 p.

Fagnan, 1893 – Fagnan, E. Catalogue général des manuscrits des bibliothèques publiques de France. Départements. Tome XVIII. Alger. Paris: Plon, 1893, [No 36].

Ibn Muhammad Sālih, 1837 – Ibn Muhammad Sālih, Ahmad. Kitāb turjūmān Turkī wa-‘Arabī. Cairo, Boulaq: al-Muslim, 1837. 71 p.

Gianni, 2022 – Gianni, C. Paul Sbath's Manuscript Library: Conceptualizing the Library of a Syrian Catholic Priest between Europe and the Middle East in the Early-20th Century. Journal of Islamic Manuscripts, 2022, 13(4), 381-420. https://doi.org/10.1163/1878464X-01303001

Mohammad, 2013 – Mohammad R. Eş-Şüzûrü'z-Zehebiyye fî'l-Lûgati't-Türkiyye ve'l-‘Arabiyye Üzerine Bir İnceleme. İzmir: Ege Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Türk Dili ve Lehçeleri Anabilim Dalı Yüksek Lisans Tezi, 2013. 305 s.

Topkapı Sarayı Müzes. i – Topkapı Sarayı Müzesi. Salih ibn MuhammedAl-Shuzur az-Zahabiyya wa-l-kita' al-Ahmadiyya fi-l-Lugat-turkiyya. Topkapı Sarayı Müzesi qolzhazbasy, III. Ahmet коллекциясы, № 2922/11. 26 с.

Vat.ar.506 – Vat.ar.506. Aš-šuḏūr al-ḏahabiyya fī al-loġa al-turkiyya ou kitāb turğumān. Biblioteca Apostolica Vaticana. Grammaire turque pour les arabophones de Mullā Ibn Muḥammad Ṣāliḥ. Même œuvre dans Vat.ar.506 et Vat.turc.74.

Yiğit, 2016 – Yiğit M. İbn Sâlih Muhammed'in Eş-Şuzûru'z-Zehebiyye ve'l Kita'ül Ahmediyye fi'l lugati't türkiyye'si (morfolojik inceleme ve metin). T.C. Dumlupinar Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Türk Dili ve Edebiyatı Anabilim Dalı. Yüksek Lisans Tezi. Kütahya, 2016. – 122 s.

Ash-shuzur, 4220; 4892 – Ash-shuzur, 4220; 4892. Al-Shuzur az-Zahabiyya wa-l-kita' al-Ahmadiyya fi-l-Lugat-turkiyya. Al-Malik Sa'ud Universitetining qolzhazbalary, № 4220; 4892 [Electrondyq resurs] URL: https://ketabpedia.com (qaralgan kuni: 01.02.2025).

Dawud al–Chalabi, 1967 – Dawud al-Chalabi al-Mausili. Kitab makhtutat al-Mausil. Baghdad: Matbat'at Al-Furat, 1346/1967. 389 b.

Nadzhip, 2004 – Nadzhip A.N. Kultura i tiurkoyazychnaia literatura mamliukskogo Egipta XV veka [Culture and Turkic literature of 15th century Mamluk Egypt]: Monografia issledovanie, transkriptsia, tekstologicheskie primechania. Turkestan: Turan, 2004. 209 s.

Aldridge, 1969 –Aldridge James. Kair [Cairo] // «Vokrug sveta». 1969, № 1, s.13-15.

Khizanat at-turas – Khizanat at-turas [The heritage closet][Electrondyq resurs] URL: https://app.turath.io/book/5678 (qaralgan kuni: 01.02.2025)

[1]Дюсенов Б.Д. [2]Масимханулы Д. [3]Амирбекова С.К.

[1,2,3]Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан

E-mail: [1]bagdat75@inbox.ru, [2]masimkhan-63@mail.ru, [3]sagynysh.amirbekova@mail.ru

ВАТИКАНСКИЙ ВАРИАНТ СЛОВАРЯ «АШ-ШУЗУР АЗ-ЗАХАБИЯ»: ИССЛЕДОВАНИЕ, СПИСКИ, СТРУКТУРА

Аннотация. Ибн Мухаммед Салих в 1619 году в Египте создал произведение «аш-Шузур аз-захабийа фи-л-луға ат-туркийа» (Золотая самородка тюркского языка), которое является последним лингвистическим и лексикографическим трудом, написанным на мамлюкском кипчакском языке. Этот словарь впервые был переведен в 1949 году Бесимом Аталай, и долгое время никаких исследований не проводилось. Лишь в последние годы турецкие исследователи Сами Баскын (2012), Рагед Мухаммед (2013) и Мустафа Йигит (2016) написали диссертации только лишь по одной версии. В Казахстане до сих пор не проводилось специализированных исследований по этому памятнику. Научной новизной данной статьи является то, что было определено 36 вариантов рукописи, и впервые в научный оборот вводится неизвестный ранее вариант из Ватикана. Основной целью исследования было привлечение словаря «аш-Шузур аз-захабийа» из Апостольской библиотеки Ватикана в научный оборот, учет его версий в мировых библиотеках, определение места хранения, предоставление новой информации о структуре и содержании, а также о проведенных исследованиях. В ходе выполнения исследовательских задач планировалось провести кодикологическое описание ватиканской версии, а также исследовать особенности других рукописных вариантов, их атрибуцию, корректуру, статистику лексического запаса и сохранность и т.д. При выявлении языково-культурных особенностей словаря были использованы методы описания, сопоставления, сравнения, синхронного и диахронного анализа, систематизации и повествования. В результате был составлен критический текст по 6 версиям памятника, и полностью переведена ранее не рассматриваемая часть «Муккаддима», что привело к вовлечению новых данных в исследовательскую сферу. В заключение, была подтверждена полезность памятника для проведения сравнительных исследований в областях исторической лексикологии, этимологии, семасиологии, ономасиологии, диалектологии, этнолингвистики и т.д. в сравнении с современными кипчакскими и тюркскими языками, а также для изучения данных по истории этноса (этногенез), языку этноса (глоттогенез), основным структурам народного языка, связям с родственными языками и т.д.

Благодарность: Статья выполнена в рамках программно-целевого финансирования проекта Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Ранняя и средневековая история, культура Тюркского мира по новым уникальным материалам Ватикана и стран Западной Европы» (ЖТН: BR24993132:).

Ключевые слова: Апостольская библиотека Ватикана, мамлюкский период, арабо-тюркский словарь, рукописные варианты.

[1]Dyussenov B.D. [2]Massimkhanuly D. [3]Amirbekova S.K.
[1]R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan
E-mail: [1]bagdat75@inbox.ru [2]masimkhan-63@mail.ru [3]sagynysh.amirbekova@mail.ru

VATICAN VERSION OF THE DICTIONARY «ASH-SHUZUR AL-ZAHABIYYA»: RESEARCH, VARIANTS, STRUCTURE

Abstract. In 1619, Ibn Muhammad Salih created the work “Ash-Shuzur al-Zahabiyya fi-l-Lugha al-Turkiyya” (The Golden Nugget of the Turkic Language) in Egypt, which is the last linguistic and lexicographic work written in the Mamluk-Kipchak language. This dictionary was first translated in 1949 by Besim Atalay, and for a long time, no further research was conducted. Only in recent years have Turkish researchers Sami Başkın (2012), Raghed Muhammad (2013), and Mustafa Yiğit (2016) written dissertations on one of its versions. In Kazakhstan, no specialized studies have been conducted on this monument until now. The scientific novelty of this article lies in the identification of 36 manuscript variants, and for the first time, an unknown version from the Vatican is introduced into academic discourse. The main goal of the research was to bring the “ash-Shuzur al-Zahabiyya” dictionary from the Vatican Apostolic Library into academic circulation, catalog its versions in world libraries, determine its storage locations, provide new information about its structure and content, and review existing research. As part of the research tasks, a codicological description of the Vatican version was planned, along with an examination of the features of other manuscript variants, their attribution, corrections, lexical statistics, preservation, etc. To identify the linguistic and cultural features of the dictionary, methods of description, comparison, synchronic and diachronic analysis, systematization, and narrative were used. As a result, a critical text was compiled based on six versions of the monument, and the previously unexamined part “Muqaddima” was fully translated, bringing new data into the research sphere. In conclusion, the usefulness of the monument for comparative studies in the fields of historical lexicology, etymology, semasiology, onomasiology, dialectology, ethnolinguistics, etc., was confirmed, in comparison with modern Kipchak and Turkic languages, as well as for studying data on the history of the ethnic group (ethnogenesis), the language of the ethnic group (glottogenesis), the basic structures of the vernacular, and connections with related languages, etc.

Acknowledgments: The article was prepared within the framework of the program-targeted funding of the project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan “Early and Medieval History and Culture of the Turkic World Based on New Valuable Materials from the Vatican and Western European Countries” (Grant No. BR24993132).

Keywords: Vatican Apostolic Library, Mamluk period, Arabic-Turkic dictionary, manuscript variants.

Авторлар туралы мәлімет:

Дүйсенов Бағдат Данияруұлы, аға ғылыми қызметкер, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан.

Мәсімханұлы Дүкен, филология ғылымдарының докторы, профессор, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан.

Әмірбекова Сағыныш Көпенқызы, ғылыми қызметкер, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан.

Информация об авторах:

Дюсенов Багдат Даниярович, старший научный сотрудник, Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан.

Масимханулы Дукен, доктор филологических наук, профессор, Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан.

Амирбекова Сагыныш Копеновна, научный сотрудник, Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан.

Information about authors:

Dyussenov Bagdat Daniyarovich, Senior Researcher, R.B. Suleymenov Institute of Orıental Studıes, Almaty, Kazakhstan.

Massimkhanuly Duken, R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Doctor of Philology, Almaty, Kazakhstan.

Sagynysh Kopenovna Amirbekova, researcher, R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan.

Келіп түсті 20 қаңтар 2025 жыл
Қабылданды 27 ақпан 2025 жыл

ҒТАХР 23.51; 16.41.39; 03.09.25 https://doi.org/10.63051/kos.2025.1.230

***[1]Калиева Ш.С [2]Мустафаева А.А.**
[1,2]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
E-mail: [1]shynarsayahat@gmail.com, [2]rummana@mail.ru

ШЫҒЫСТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДЕРЕКТАНУЛЫҚ СИПАТЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДА АРАБ ДЕРЕККӨЗДЕРІН ЗЕРТТЕУДІҢ БАҒЫТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Аңдатпа. Мақала деректанулық зерттеулердің қазіргі заманғы ғылыми таным мен әдістер трансформациясы жағдайындағы сипатын анықтауды мақсат етеді. Деректанулық зерттеулер дәстүрлі түрде тарих ғылымымен тығыз байланысты қарастырылатыны белгілі, себебі, тарих пен археология салалары өз әдіснамасында негізгі материал ретінде дереккөзге сүйенеді. Зерттеудің жаңалығы XX ғ. соңғы ширегінен бастап, басқа салалармен қатар, деректану ғылымына да ене бастаған тың көзқарастар мен тұжырымдарды анықтап, олардың деректану ғылымына енгізетін өзгерістеріне назар аударумен байланысты. Дереккөздер гуманитарлық ғылымның барлық саласына ғана емес, жаратылыстану пәндері үшін де маңызды, тың мәліметтер беріп, олардың мазмұнын байытты. Зерттеудің міндеттері ретінде қазақстандық деректану ғылымының басым бағыттарын анықтау, шығыстанушы мамандар үшін болашақта жаңа тәжірибе мен тың зерттеулерге мүмкіндік беретін мәселелерді атап көрсету белгіленді. Қазақ ғылымы үшін Шығысты зерттеу, шығыс тілдеріндегі мәтіндерді зерттеу, талдау жұмыстары ешқашан өзектілігін жойған емес. Кеңестік заманда шығыс деректерін зерттеудің кедергілері айтарлықтай көп болды, оның қатарында сол дереккөздерге қол жеткізу қиындығы, маман тапшылығы сияқты мәселелерді атауға болады. Қазақ халқының ортағасырлық тарихына қатысты араб тіліндегі деректерді зерттеу жұмыстарын дамыту - қазақстандық деректанудың маңызды міндеттерінің бірі. Мақала осы мәселелердің ғылыми-әдістемелік сипатын анықтап, жүйелеуге бағытталған. Жинақтау, жүйелеу, сипаттау, талдау әдістері арқылы қазақ тарихы мен мәдениеті үшін құнды саналатын араб дереккөздерін зерттеудің жетістіктері мен алдағы міндеттері көрсетілді. Зерттеу нәтижесі ретінде ғылымға қазіргі ақпараттық технологиялар ұсынып жатқан жаңалықтарды деректанулық зерттеулерде де тиімді пайдалану, ол үшін осы салада арнайы білімі бар мамандарды дайындау қажеттігі жөнінде тұжырымдар жасалды.

Кілт сөздер: шығыстану, деректану, араб тіліндегі дереккөздер, ислам мәдениеті, араб тілі.

Кіріспе

Қазіргі заманғы ғылымның дамуы жайлы мәселе қозғағанда оны зерттеулердің өнімділігіне, нәтижелерінің қоғамға беретін пайдасы мен қызметіне, оған әсер ету шекарасы мен мүмкіндіктеріне сай бағалау күн санап өзекті проблема ретінде қойылып келеді. Гуманитарлық саладағы ғылыми білімнің ерекшелігі нақты мақсат пен айқын идеяларды көздей отырып нақты нәтижеге қол жеткізудің жолдарын іздеу, барынша тиімді әдістерді тауып, дұрыс қолдану осы қоғамға қажет жаңа мазмұн мен тұлғаны қалыптастыруға негіз болатын ресурс екенімен байланысты. Гуманитарлық ғылым өткен заман тәжірибесін зерделей келе өзі таралып отырған кезең мен болашаққа бірдей қызмет ету арқылы адамзат қоғамын гуманистік тұрғыдын үздіксіз алға жылжытып отырады.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Негізгі зерттеу әдістері ретінде көтерілген проблемаға сай материал жинақтау, оларды тақырыптық, пәндік жағынан жүйелеу, сипаттау және деректанулық талдау алынады. Араб дереккөздерін ғылыми айналымға енгізуді мақсат еткен зерттеулердің тақырыптық, жанрлық сипатына назар аударылды. Зерттеу материалдары үшін кейінгі жылдары шетелдік кітапхана, архив, қолжазба қорларынан алынып, ғылыми айналымға енгізілген араб тіліндегі дереккөздер мен оларға қатысты жарық көрген еңбектер, жинақтар қолданылды.

Талқылау

Гуманитарлық ғылымдардың дамуына жалпы адамзат тарихында болып жатқан түрлі құбылыстар айтарлықтай ықпал етуде, қоғам үнемі ғылымға күрделі проблемаларды көрсетіп, оны шешу жолдарын табуды міндеттеп отырады. Арнайы білім салаларында ашылған жаңалықтар барған сайын жалпы гуманитарлық ғылымдардың бүкіл жүйесінде өзгерістер тудырумен сипатталуда. Дербес әдістемеге ие деректану ғылымына келетін болсақ, ол жалпы гуманитарлық білім кеңістігінде басқа ғылыми пәндермен қатар дами отырып, заман тұрғысынан қойылып жатқан талаптарға нақты жауап іздеумен айналысады. Қазіргі кезеңде деректану арнайы дамытатын мәселелер тек тарих ғылымында ғана емес, гуманитарлық ғылымдардың өте кең пәнаралық кеңістігінде қарастырылатыны және деректанулық әдістердің басқа көптеген ғылым салалары үшін өте маңызды екенін ғалымдар И.Н.Данилевский В.В.Кабанов О.М.Медушевская М. Ф. Румянцева деректерді зерттеудің жаңа талаптары мен тәсілдеріне арналған еңбектерінде негіздеп көрсетті (И.Н. Данилевский, В.В.Кабанов, О.М.Медушевская, М.Ф.Румянцева, 2000:20). Аталған зерттеушілердің еңбектері деректануды гуманитарлық ғылымдар жүйесіндегі интеграциялаушы пән ретінде анықтап, ғылыми проблемаларды шешудің түрлі әдіснамалық тәсілдерін көрсетуімен маңызды.

Жаһандық деңгейдегі өзгерістер, қоғамдық даму бүкіл ғылыми жүйе мен жекелеген пәндердің алдына қойылып отырған міндеттерге сай ұзақ уақыт бойы тұрақты қағидаға айналып, қалыптасқан әдістер қайта қарастырыла бастады. Қазіргі уақытта гуманитарлық ғылымдар нақты объектілерді емес, адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасты, сондай-ақ жалпы алғанда адамдардың бір-біріне әсері мен өзара ықпалына бағытталған зерттеулерді өзекті деп санайды. Белгілі бір объектілерге қарағанда адамдар арасындағы қарым-қатынас пен әрекетті зерттеу күрделі мәселе, себебі, кез-келген байланыс пен өзара әрекет өзгермелі процесс, ол үнемі бір кезеңнен екіншісіне өткен сайын жылдам өзгеріп отыратындықтан біржақты түсіндіру қиын. Сондықтан гуманитарлық ғылымдардың әрқайсысының алдына табиғат пен қоғам, адамдар арасындағы қарым-қатынасты зерделеу мүмкіндіктерін кеңейте отырып, өз объектісін зерттеу әдістерін қайта қарау міндеті қойылуда.

Соңғы уақытта зерттеудің басты проблемасы ретінде қарым-қатынасты, өзара ықпалдастық пен байланыстарды, олардың алғышарттары мен себептерін, даму сипаты мен ерекшеліктерін, нәтижесі мен салдарын қарастыратын ғылымдарға басымдық беріліп отыр және бұл тек біздің елімізде ғана емес, бүкіләлемдік деңгейде тарап отырғанын ескеру қажет. Бұл үрдістің тек қоғамдық пәндерге ғана емес, жаратылыстану ғылымдарының барлығына, қандай да бір өзекті ақпарат беруші кез келген салаға қатысты екенін де айтуымыз керек. Деректану ғылымының негізгі объектісі – дереккөз, субъектісі де (автор), адресаты да (оқырман) - адам болғандықтан да түрлі қоғам мен мәдениеттер арасындағы байланыс пен ықпалдасу мәселелерін зерттеудің өзектілігі осыған байланысты арта түседі. Себебі, кез келген дереккөз - ол белгілі бір тарихи дәуір мен қоғамның жемісі, әрбір мәтін қандай да бір дәуірде, нақты бір территорияда өмір сүрген тілдік, тарихи, саяси, мәдени, діни қарым-қатынастардың өнімі ретінде туып, кейінгі дәуірлер мен мәдени ортаға жетеді, сондықтан да деректану ғылымында кез келген артефакт құнды, әрқайсысы өз алдына маңызды. (Калиева Ш.С., 2014:197). Басқаша айтқанда өткен заман мен қазіргі заман, екі түрлі мәдениет бірімен

бірі осы дереккөз арқылы «тілдеседі», көнеден жеткен жәдігер арқылы байланыс орнап, «сұхбат құрады».

Алдыңғы дәуірлерден жеткен бір дереккөздің өзі бір мезгілде бірнеше ғылымға пайдалы мәлімет бере алуы мүмкін, осыған байланысты деректану ғылымы өз мазмұнында тіл білімі, тарих, археология, әдебиеттану, мәдениеттану, әлеуметтану, этнограия, дінтану сияқты т.б. салаларды қамти отырып оларды бір-бірімен байланыстырып тұрады. Археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған бір бұйымнан оның түрі мен сипатына қарай тарихшы да, лингвист те, мәдениеттанушы да өз ақпаратын алады. Кейінгі уақытта жаратылыстану, медицина ғылымдарының әртүрлі салаларында жүргізілген зерттеулер нәтижесінде мамандар ислам дінінің негізгі мәтіні Құран мазмұнынан өз ғылыми жұмыстарының материалын тауып, жаңалықтар ашылды. Осы тектес ізденістер мен зерттеу жұмыстары қазіргі заманғы деректану ғылымының мазмұны мен пәні бұрынғыдан да тереңдеп, кеңи түскенін танытады.

Дәстүрлі түрде деректану арнайы пән ретінде тарих ғылымымен тығыз байланысты және әдетте деректермен жұмыс тарихи зерттеу И.Н. Данилевский, В.В.Кабанов, О.М.Медушевская, М.Ф.Румянцева, 2000:20). Тарих ғылымы дереккөздерді танымдық мақсатта жүйелі түрде қолданады, сонымен қатар ол классикалық филология, философиялық герменевтика, әдебиеттану, лингвистика, құқық тарихы және т.б. әдеби-көркемдік, философиялық және заңнамалық еңбектермен жұмыс істеу барысында жинақталған ғылыми білім мен тәжірибені жалпылап отырады. Әлемдік өркениеттің бүкіл адамзат игілігіне арнап қалдырған материалдық және жазба ескерткіштерін іздеп-табу, зерттеу жұмыстарын ең алдымен тарихшылар орындайды, бүгінге жеткен әр бұйымға тарихшы маман сараптама жүргізеді. Бұл тұрғыдан деректану археология мамандарының саласы деп қарастырылады. Табылған артефакт бұдан кейін барып басқа пәндердің зерттеу объектісіне айналады.

Ал жалпы ғылым тарихы тұрғысынан кең ауқымда алып қарасақ жазба деректер - тарих пен филология салаларының зерттеу материалы (Крачковский И.Ю, 1965). Бұл екі саланың өзара тығыз байланысын дәлелдейді. Адамзат өркениетінің басты жетістіктерінің бірі таңба, жазу болғандықтан деректану көне жазбалардың құпиясын ашу үшін текстолог, лингвист мамандарға қашанда зәру. Мұнымен қатар дереккөздердің жеке түрлерін бұрыннан қалыптасқан көмекші тарихи пәндер деп аталатын арнайы пәндер тобы (палеография, сфрагистика, дипломатия, кодикология және т.б.) зерттейді (Источниковедение и вспомогательные исторические дисциплины, 1990). Олар зерттеушілерге мәтіндерді дұрыс оқуға, оларды мазмұнын анықтауға, тарихи құжаттарды ғылыми басылымда жариялауға және пайдалануға дайындауға көмектеседі, сондықтан деректану мен тарих ғылымының негізгі ұғымдары мен мәселелері ортақ, бірін бірі толықтырып отырады (Жакупова Г.Т, 2013).

Ал жоғарыда айтылған жаңа заманғы ғылыми білімге қойылып отырған талаптар пен даму ерекшелігі деректану ғылымының мазмұны мен міндеттеріне, зерттеу әдістеріне өзгерістер енгізді. Қазіргі кезде деректану қарастыратын мәселелер тарих ғылымының аясымен ғана шектелмей, гуманитарлық ғылымдардың әлдеқайда кең салааралық кеңістігіне ауысты. Соған сай деректану дәстүрлі түрде тек тарих пен филологияны ғана біріктіретін ғылым ретінде саналмайтын болды, қолданысқа мәдениеттану бойынша деректану, саяси деректану, діни деректану ұғымдары ене бастады және бұл ұғымдар Шығысты зерттеуде оның іс жүзінде қажеттілігін танытып отыр. Шығыстану Азия және Солтүстік Африка елдерінің ежелгі, орта ғасырлардағы, жаңа және қазіргі заманғы тарихын, саясатын, тілі мен әдебиетін, мәдениетін, дінін, экономикасын, этнографиясын, философиясын, жазба ескерткіштерін кешенді түрде зерттейтін ғылым ретінде кез келген тақырыпта ең алдымен дереккөзге сүйенуі тиіс, шығыстанушы маман басқа мамандардан Шығысты сол елдің өзінің тілінде зерттеуі арқылы ерекшеленеді. Өзі зерттеп отырған елдің қандай да бір кезеңдегі тарихы, саяси немесе діни проблемасы, мәдениеті немесе руханиятына қатысты мәселеге шынайы, объективті баға беріп, талдау жасау үшін маман оны сол халықтың дүниетанымы, дәстүрі тұрғысынан да сараптай алуы керек, ол үшін, әрине, дереккөзбен жұмыс, тілдік білім қажет.

Бұл тұрғыдан алғанда кез келген шығыстанушы зерттеу тақырыбының хронологиялық шегіне қарамастан, деректанушы ретінде танылады. Сол себепті шығыстанудың басқа гуманитарлық пәндерден деректанулық сипаты басым (Введение в востоковедение, 2013).

Осы ретте Қазақстандағы шығыстану ғылымының, соның ішінде деректану саласындағы мамандардың алдына білімнің осы түрі бойынша қалыптасқан идеяларды негізге ала отырып оның ерекшелігін, табиғатын және онтологиясын түсіндіру, сол арқылы өткен ғасырлар мен саяси идеологиялар аясында қалып қойған тарихи, әдеби, тілдік, діни т.б. құнды деректерді іздеп-табу, зерттеп айналымға енгізу міндеті қойылды. Қазіргі шығыстанудың басты мақсаты тұтастай Шығысқа қатысты барлық ғылыми ойдың күрделі мәселелері мен мазмұндық ерекшеліктерін нақтылай, тереңдете зерттеу, ғылым әдіснамасында жасалған неғұрлым маңызды және өзекті идеялар мен тұжырымдамаларды оқып-зерделеу болса, деректанулық зерттеулер - оның ажырамас көпжақты, әрі дербес саласы. Қазақстанда Шығысты зерттеу мен білім беру саласының тарихы кеңестік идеология тұсында пайда болғаны белгілі, нақтылай келгенде университетте шығыстанушы кадрлар дайындау ісі өткен ғасырдың жетпісінші жылдарынан бастап қолға алынды. Түптеп келгенде елімізде шығыстану саласы бойынша жоғары білімі бар мамандар дайындауды қолға алудағы басты мақсат пен міндеттердің бірі де осы мәселемен байланысты еді. Шығыс тілдерін меңгерген, Азия мен Солтүстік Африка елдерінің тарихы мен саясатын, әдебиеті мен мәдениетін сол елдердің өздерінің тілінде зерттеп, олармен халықаралық деңгейде байланыс орнатуға қызмет ететін дипломаттар, мемлекеттік органдар мен мекемелер қызметкерлерімен бірге білім беру мен ғылыми салаға қажет зерттеуші мамандар дайындау – қазақстандық шығыстанудың заманның өзі қойған талабы болды. Шығыстанушылардың жас және жаңа легінің алдына Шығысты оқып-зерттеу, оған қатысты білімді жан-жақты меңгерумен бірге ол елдерге қатысты алған білімді қазақ ғылымы үшін пайдалану міндеті қойылды және ол үнемі өзекті мәселе болып қала береді, себебі, тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта қазақ мемлекетінің толық, шынайы тарихын жазу ғалымдарға жүктелген үлкен міндет болып отыр (Калиева, 2014).

Егемендікке қол жеткізген соң басқа салалардағы білім мен ғылыми зерттеулерге бағытталған реформалар шығыстану бойынша да жүргізілді және бұл салада зерттеуші мамандар дайындауға түпкілікті жаңа көзқарас қажет болып, тиісті жаңа бағдарлама дайындау міндеттері қойылды. Соған сай қолға алынған бағдарламада Шығысты зерттеуде басты назар бұрыннан бар дайын әдістер мен нәтижелерге емес, болашақ ғалымдар өз үлестерін қосуға тиісті шығыстану ғылымы мен оның әдіснамасының проблемаларын көтеру, оларды жаңаша шешу әдістеріне аударылу тиіс болды.

Шығыстану (ориентализм, ориенталистика) - филология, тарих, деректану, саясаттану, мәдениеттану және басқа ғылымдардың зерттеу әдістерін қолданатын кешенді ғылыми пән, соған сәйкес зерттеу әдісі де пәнаралық, кешенді сипатқа ие (Касевич, 2001). Аталған ғылыми пәндердің қай-қайсысы да, Шығысты қай қырынан қарастырса да зерттеу жұмысы алдымен сол тілдегі деректі оқып-танысудан басталады, сондықтан шығыстанудың өзі сияқты деректану да пәнаралық ғылым, тарих, саясат, әдебиет, дін, тіл, мәдениет өзара тығыз байланыста, бір-бірінен ажыратылмай кешенді қарастыруды қажет етеді. Мемлекет тарапынан қойылған міндетті жүзеге асыру үшін бұл салада ең алдымен Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының ғалымдары алғаш болып терең зерттеулерді қолға алды, нақтылай келгенде «Мәдени мұра», «Халық тарих толқынында», «Рухани жаңғыру» бағдарламалары зерттеуші мамандар аясында қазақ ғылымы мен мәдениетінің тарихына қатысты шетелдік архивтер мен кітапхана, қолжазба қорларынан жазба деректерді тауып, айналымға енгізу үшін кең ауқымды ғылыми жобалар орындады.

Шығыстану институтынан тыс деректанулық зерттеулер араб, парсы, түрік, қытай т.б. шығыс тілдерін меңгерген мамандар тарапынан еліміздегі шығыс елдерін оқып-зерттеумен айналысатын жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдарда жүзеге асырылады. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары қазақ халқының ұлттық бірегейлігін танытатын, тарих беттеріндегі

ақтаңдақтарды толтыратын дереккөздерді іздеу, зерделеу ісіне нақты көңіл бөлінгендіктен жоғары мектепте шығыс тілдеріндегі тарихи, әдеби, лингвистикалық, діни мәтіндерге ғылыми талдау жасаумен айналысатын мамандар дайындау бағдарлы түрде қолға алына бастады.

Қазақстандағы шығыстану ғылымының, оның қатарында деректанулық зерттеулердің басты саласы саналатын араб тіліндегі жазба ескерткіштерді зерттеуге белгілі шығыстанушы ғалымдар көп еңбек сіңірді, олардың қатарында академиктер Ә.Дербісәлі, Б.Көмеков, бүкіл ғұмырын көне қолжазбаларды оқып, жүйелеуге арнаған М.Шафиғи, «Шығыстың Аристотелі» ретінде белгілі Әбу Наср Әл-Фараби трактаттарының аудармашысы ғалым К.Таджикова, профессорлар Ә.Муминов, Ш.Керім және т.б. жазба деректерді зерттеп, ғылыми айналымға енгізіп қоймай, осы саладағы аса зәру мамандарды дайындау ісіне де үлкен көңіл бөліп келеді. Оның мақсаты мен себептері де белгілі, қазақ халқының тарихын зерттеу араб тіліндегі деректерсіз толыққанды санала алмайды, *біріншіден*, VII ғасырда арабтар өздері Мәуараннаһр немесе «*Биләд ат-Турк*» (түрк елдері) атаған территорияда ислам дінін таратты, жаңа дінмен бұл аймаққа араб тілі мен мәдениеті де келді, ал араб тілі жас мемлекет Араб Халифатының ресми тілі ғана емес, өте үлкен жылдамдықпен білім мен ғылымның да тілі болып қалыптасты және бүкіл империя мен көршіліс жатқан жерлерде де дінмен бірге шапшаң таралды, нәтижесінде ислам дінін қабылдаған басқа да халықтар тәрізді, қазақ халқының тарихына да қатысты араб тілінде жазба деректер көптеп жазылды. Араб тарихшылары, жылнамашылары, саяхатшылары, дін миссионерлері және т.б. авторлардың еңбектері ортағасырлық араб-мұсылман өркениетінің құнды мұрасы саналып, әлемдік ғылымның бірегей мұраларының қатарына енді, ол мұрадан төл тарихымызға қатысты біршама құнды деректер мен мәліметтер жиналып, зерттеу тақырыптарына айналды да. Исламның «алтын ғасырында» түркілер, нақты алғанда қазақ ғылымы мен мәдениеті жайлы жазба қалдырған араб авторларының есімдері қазіргі уақытта толық анықталып болды деуге келмейді, ал бұл тақырыпта жазылған еңбектердің саны тіпті белгісіз, кейбірінің сақталған орны да беймәлім, ғылыми айналымға енбей әлемнің әртүрлі қолжазба қорлары мен архивтерінде жатқандары да бар; *екіншіден*, ислам дінімен қоса келген араб тілі мен мәдениеті түркі халықтарының барлығының мәдени өміріне, әдебиеті мен біліміне айтарлықтай әсер етті, араб тілінде тек діни мәтіндер ғана таралып қойған жоқ, соның әсерімен түрлі ресми іскағаздар, мемлекеттік құжаттар, әдеби мәтіндер араб жазуымен жазылды, қазақ ғылымының тарихында араб қарпімен жазылған шағатай мәтіндері үлкен бір қабатты құрайды, оларды зерттеу ісі де осы саланың маңызды бір бөлігі; *үшіншіден*, Ахмет Байтұрсынұлы 1912 жылы араб әліпбиі негізінде қазақ жазуын, жаңа әліпбиін түзіп, ол жазу 1929 жылға дейін халықтың қажетін өтеп келді, мектепте білім осы жазумен беріліп, кітаптар шығарылды және мерзімді басылымдар таралды. Араб графикасымен қазақ тілінде жазылған мол мұраны қолданыстағы жазу жүйесімен жариялауды негізінен М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ғалымдары қолға алып, зерттеулер жүзеге асты, себебі, ол мәтіндердің басым бөлігі қазақ әдеби мұрасы болғандықтан және араб тілі мен ислам дінінің әсерінен туындағаннан кейін жалпы қазақ деректануының қорына енеді. Кейінгі уақытта анықталып жүрген мәліметтерге сай осы текті қолжазба дереккөздер жеке тұлғалардың қорында сақтаулы, оларды мұрасы ретінде жинақтап, жарыққа шығару, тақырып, мазмұн, дәуір тұрғысынан жүйелеу, ғылыми талдау жасау да алдағы уақытта деректанушы мамандар атқаратын жұмыстар.

Еліміздегі араб тіліндегі деректерді зерттеу саласында мақсатты түрде қолға алынып, жүйелі орындала бастаған жұмыстардың бірі ислам діні мен мәдениетіне, оның қазақ мәдениетіне әсері, қоғамдық өмірдің әр саласына таралу тарихына қатысты еңбектер екенін атау қажет. Ислам дінінің көне қазақ жерінде таралу тарихы VIII ғасырдан басталады және сол уақыттан бері араб тілі мен ислам діні бір-бірінен ажырамас екі тарихи-мәдени құбылыс ретінде басқа түрік халықтарына тигізген әсері қазақ халқның дүниетанымы, тілі мен әдебиеті, мәдени тіршілігіне нақты өзгерістер енгізді. Ислам діні арқылы тараған жаңа өркениеттік ортада араб тілін меңгеру - бұл тек өзге ұлттың тілін біліп қана қою емес, әлемдік ақыл-ой мен

терең білімге ықпалдасуды танытты және соның нәтижесінде Хорезм, Мәуараннahр өлкелерінен шыққан әдебиетші, лингвист ғалымдар, дін қайраткерлері мен философтар өз еңбектерін араб тілінде жазды, сол арқылы екі бірдей – өздерінің төл және әлемдік дінді таратушы араб тілі мен ғылымына қызмет етті (Дербісәлиев, 1995). Сол ғалымдардың шығармаларын зерттеу ислам дінінің біздің территориямызға қалай келгенін айқындап алуға ғана емес, оның қалай таралып, нендей өзгеріс енгізгенін анықтауға, жалпы сол дәуірде қазақ жеріндегі ислам дінінің сипаты қандай болғанын, діни ахуалдың өзін түсінуге мүмкіндік береді, бұл ретте, әрине, ол еңбектерге герменевтикалық талдау жүргізудің қажет екені белгілі.

Бүгінгі күні қазақ даласында туып өз туған ортасында ғана емес, жалпы ислам дінінің өзге де аймақтарында насихатталып, таралуына терең мазмұнды еңбектері арқылы айтулы үлес қосқан ислам ғалымдарының есімдері анықталып, ислам тарихына қосылғаны белгілі. Әсіресе, Сырдария мен Жетісу өңіріндегі ірі қалалар, далалық түркі өркениетінің астаналары Отырар, Сайрам, Тараз, қазба жұмыстары нәтижесінде белгілі болған Түркістан, Қаялық, Сауран, Сарайшық, Сығнақ, Женд, Баласағұн, Шауғар сынды т.б. тарихи кенттерде туып ислам діні мен мәдениетінің тарихында із қалдырған ондаған ғалымдардың есімдері белгілі болды (Керім, 2022). Олардың жазба мұрасын іздеп, тауып, ғылыми зерделеу арқылы исламтанушы ғалымдар қазақстандық деректануға үлкен еңбек сіңіріп келеді, әрине, оның басым бөлігі «Нұр-Мүбарак» Египет ислам мәдениеті университетіндегі тәжірибелі ғалымдар мен жас зерттеушілердің үлесінде.

Зерттеу нәтижелері

Қазақстандағы араб деректану ғылымының даму тарихын зерделеудің нәтижесінде дереккөздерді жинау, ғылыми айналымға енгізу мақсатында орындалған жұмыстардың тақырыптық, жанрлық сипаты анықталды, зерттеу бағыттары және болашақта атқарылуға тиісті міндеттерді белгілеу мүмкіндігі туды. Атап айтқанда, бұл салада осы уақытқа дейінгі жинақталып, зерттеу нысанына айналған негізгі деректер тарих, философия, ислам діні мен мәдениеті, филология сынды ғылымдарының мазмұнын байытты. Жүргізілген зерттеулер қазақ ғылымы үшін тың материалдар ұсынып, ғылыми айналымға жаңа еңбектер мен есімдерді енгізуімен құнды. Соңғы жылдары, әсіресе, қолжазба, көне деректерді жинап, жүйелеп қана қоймай, оларды аудару, зерттеу жұмыстарына айтарлықтай көңіл бөлініп келеді.

Деректану, палеография ғылымдарында жекелеген әр мәтін ғана емес, оның әр беті, жолы мен сөзі де маңызды, уақыт өткен сайын қолжазба жарық, ауа, ылғал т.б. сыртқы факторлар әсеріне ұшыраған сайын жойыла беретіндіктен оларды емдеу, қалпына келтіру, консервациялау амалдарына үлкен мән беріледі, елімізде бұл салада да ҚР «Ғылым ордасының» Ғылыми кітапханасы, Астана қаласындағы Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы сияқты мекемелерде жұмыстар атқарылуда, алайда көне қолжазбалар тек орталық ірі қалалар мен аталған орындарда ғана емес, еліміздің әр аймағында, әртүрлі жағдайда кездесетіндіктен олардың сақталуы мен оқылып-зерттелуіне қатысты шешімін таппаған сұрақтар аз емес.

Қазіргі заманғы ғылымның, компьютерлік және ақпараттық технологиялардың даму тенденциялары ғылыми білім базасын құру мен тарату процесіне сандық форматты кеңінен қолдану әдістерін әкелді, сол арқылы гуманитарлық салаға сандық революцияның жетістіктерін енгізу барынша жиіледі және математикалық әдістерді қолдану және компьютерлендіру енді зерттеу жұмыстарының жаңа заманғы қажеттілігіне айналды. Тіл, әдебиет, тарих ғылымдары сияқты деректану саласында да зерттеулердің бастапқы базасын жаңа материалмен толтыру, көне және сирек кездесетін қолжазбаларды өңдеу, сандық форматқа ауыстыру, жүйелеу, каталогтау, ақпаратты тарату және алмасу т.б. жұмыстары бұл саладағы құнды жәдігерлерді сақтап қалу мен зерттеу ісінде түпкілікті өзгеріс жасады.

Жаңа технологиялар қордағы ауызша, жазба және баспа материалды тың деректермен толықтырумен бірге оларды дәстүрлі әдістермен қоса жаңа талаптарға сай оқып-зерттеу,

ғылыми айналымға бұрынғыдан жиірек енгізу мүмкіндіктерін тудырады. Дерекккөздердің кең кешенін құру арқылы бұрын жоғалды деп саналған немесе белгісіз болып келген ғылыми мәліметтер анықталып, жаңалықтар ашылуда. Олардың негізінде мәліметтер базасы мен жекелеген компьютер арқылы оқылатын деректер банкін құру жүзеге асады. Жаңа жүйелік тәсілді қолданатын деректанулық зерттеулерде математикалық әдістерді қолдану олардан жаңа, жасырын ақпаратты алуға мүмкіндік береді. Сондықтан бұл саладағы зерттеулерде жаңа технологиялар мен әдістерді қолдану мәселесінде басты назар сандық және сапалық талдауға аударылады, ал олардың арасындағы байланыс қашанда негізгі мәнге ие. Деректанулық зерттеулер саласына заманауи математикалық әдісті енгізу қазіргі заманғы ғылым талабы болып отыр. Бұл әдістер деректану ғылымы дамуының жаңа дәуірін анықтап қана қоймай, болашақта атқарылатын міндеттерін қоса белгілейді.

Орталық Азия халықтарының ортағасырлық араб тарихшы ғалымдары, жылнамашылары жазған еңбектер кеңестік заманда негізінен ресейлік шығыстанушылардың қатысуымен жинақталып, ішінара орыс тіліне аударылды, жекелеген зерттеулер жүргізілді. Атап айтқанда «араб тарихының атасы» Ибн Джарир ат-Табаридің (839-923) *«Тарих әл-Умам уа-л-Мулук»*, атақты ислам тарихшылары Ибн әл-Асирдің (1160–1233) *«Әл-Камил фит-Тарих»*, Ибн Касирдің (1301-1373) *«Әл-Бидайа уа-н-Нuһайа»*, Ибн Халдунның (1332–1406) *«Муқаддима фи Тарих әл-умам уа-ш-шуъууб»* сияқты энциклопедиялық еңбектері жалпы тарих мәселелерінен бастап ислам дінінің таралуы, Орталық Азияға моңғол жаулап алушылығы және одан кейінгі оқиғаларды сипаттауымен шығыстанушы тарихшылардың назарын аударған (История Казахстана в арабских источниках.Том 1, 2005). Ол еңбектер қазақ тарихшыларының зерттеулерінде пайдаланылып келеді, алайда ол тектес мазмұндағы дереккөздер сол аудармалармен ғана шектелмейтінін ескерсек, бұл салада араб тілінен қазақ тіліне тікелей аударылып, ғылыми айналымға енгізілуі тиіс деректер әлі де бар, қазақ ғылымын деректанулық тұрғыдан араб тіліндегі материалмен толықтырудың мүмкіндіктері көп деуге болады.

«Мәдени мұра», «Халық тарих толқынында», «Рухани жаңғыру», мемлекеттік бағдарламары аясында шетелдік қорлардан әкелінген деректер бірнеше томдық жинақ болып шыққаны, кітапхана қорлары арқылы оқырман қауымға ұсынылғаны белгілі, ал егер енді олар қазақ тіліне аударылып, қажетті талдаулар жүргізілуі және «Қазақстан тарихы» пәні бойынша білім бағдарламаларына енуі керек десек ол да бір мезгілде орындала қоятын жұмыс емес.

«История Казахстана в арабских источниках» үш томдығы түркі халықтары арасында, қазақ жерінде ислам діні мен мәдениетінің даму тарихы бойынша маңызды деректерді қамтуымен құнды. Алтын Орда тарихына қатысты деректерді кезінде белгілі Санкт-Петербургтік шығыстанушы В.Г.Тизенгаузен (1825-1902) араб тілінен орыс тіліне аударған. Ол материалдарды «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында қазақ ғалымдары Б.Көмеков, Ә.Муминов арнайы түсіндірмелермен толықтырып, өңделген нұсқасын ғылыми айналымға енгізді (История Казахстана в арабских источниках.Том 1, 2005).

IX-XII ғғ. араб саяхатшылары мен географтарының Орталық Азия бойынша мәліметтерін шығыстанушы ғалымдар Б.Е.Көмеков, Р.Б.Көмекова жинақтап, түркілер мемлекеттілігі мен этникалық, саяси өмірі және шаруашылығына қатысты деректерді аударды (История Казахстана в арабских источниках.Том 2, 2010).

Аталған тақырыпты түпнұсқа деректер арқылы зерттеуге үлкен еңбек сіңіріп келе жатқан ғалым Ә.Муминов «История Казахстана в арабских источниках» басылымының жеке томына ортағасырлық қазақ тарихы бойынша әскери, саяси, халықаралық қатынастармен бірге мәдени өмір, руханиятқа қатысты еңбектерді аударып енгізді (История Казахстана в арабских источниках.Том 3, 2006).

Қорытынды

Араб тіліндегі дереккөздерді зерттеу бойынша осы уақытқа дейін орындалған жұмыстар соңғы жылдары қазақ халқының өткен ғасырлардағы мәдениеті, ғылымының тарихы, оның бүгінгі күн мен ұлт болашағы жайлы мемлекеттік деңгейде көтеріліп жүрген мәселелердің толық шешілгенін білдірмейді. Себебі, жоғарыда айтылғандай, кез келген мәтін белгілі бір қоғамда, белгілі идеология аясында туады, оған құрастырылған дәуірі, мазмұндық, жанрлық ерекшелігі, ғылыми құндылығы мен сипатын тұрғысынан талдау жасау, әр жазба ескерткіштің мазмұнынан ғылымға қажет дерек алу жан-жақты теориялық және практикалық білік пен дағдыны қажет етеді. Атап айтқанда өткен дәуір жазбалары оқып-зерттеу барысында олардың туу себептерін ғана емес, сол еңбектерді туындатқан қоғам, саяси, экономикалық, ғылыми, мәдени орта жайлы ғылымда бар мәліметті дұрыс қолдана білу өте маңызды. Дереккөздер маман оның тілін тапқанда ғана «сөйлейді» және қазіргі оқырманмен тілдеседі.

Қазіргі ақпараттық технологиялар мен жаһандану заманында жоқты анықтау, барды сақтау арқылы толыққанды ұлттық тарихты жазып келер ұрпаққа жеткізу өзгермелі, тұрақсыз әлемде кез келген ұлттың, әсіресе, жас мемлекеттердің өз бірегей бейнесі мен рухани құндылықтарын сақтап қалудың бірден бір тиімді жолы деп түсіну абзал.

Осы саладағы ондаған жылдар бойы жүргізіліп келе жатқан жұмыстардың нәтижесін бағамдай келе алдағы уақытта орындалуға тиісті міндеттердің бірі ретінде елімізде арнайы академиялық, ғылыми дәрежесі бар деректанушы мамандар дайындайтын дербес білім беру бағдарламасының қажеттілігін айтуымыз қажет. Еліміздегі деректану саласында атқарылған жұмыстар айтарлықтай, материал да біршама жинақталды және шетелдік қорлардағы материалдарға қол жеткізудің мүмкіндіктері біршама жолға қойылды. Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты,Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Нұр-Мүбарак» Египет ислам мәдениеті университеті және т.б. ғылыми-зерттеу ұйымдарында дереккөздерді зерттеумен айналысатын білікті мамандар саны да жеткілікті, еліміздегі белгілі деректанушы ғалымдардың тәжірибесі жекелеген, бірлі жарым шәкірт дайындаумен шектеліп қалмай, университет немесе зерттеу институты жанынан магистр, (PhD) доктор дәрежесі бар деректанушы маман дайындауға жүйелі түрде жұмсалса бұл саланың өзекті проблемаларын біртіндеп шешуге мүмкіндік туар еді.

Әдебиеттер:

Введение в востоковедение, 2018 – Введение в востоковедение / Под ред. Е. И. Зеленева, В. Б. Касевича. СПб., 2018. 585 с.

Дербісәлиев, 1995 – *Дербісәлиев Ә.* Қазақ даласының жұлдыздары. Алматы: Рауан, 1995. 200 б.

Дербісәлі , 2013 – *Дербісәлі Ә.* Қауам ад-дин әл-Итқани (Иқани) әл-Фараби ат-Туркістани (1286-1357): өмірі мен мұрасы / - Алматы: [Дәуір], 2013. - 243 б.

Жакупова, 2013 – *Жакупова Г.Т.* Некоторые аспекты формирования и развития источниковедческого знания на примере истории Казахстана. // Сервис Plus. 2013 / № 3. 10-15.

История Казахстана в арабских..., 2005 – История Казахстана в арабских источниках. Том1. Алматы. «Дайк Пресс», 2005. 711 с.

История Казахстана в арабских..., 2010 – История Казахстана в арабских источниках. Том2. Алматы. «Дайк Пресс», 2010. 327 с.

История Казахстана в арабских..., 2006 – История Казахстана в арабских источниках. Том3. Алматы. «Дайк Пресс», 2006. 272 с.

Источниковедение: Теория. История..., 2000 – Источниковедение: Теория. История. Метод / И. Н. Данилевский, В.В.Кабанов, О.М.Медушевская, М.Ф.Румянцева. М.: РГГУ, 2000 702 с.

Источниковедение и вспомогательные исторические …, 1990 – Источниковедение и вспомогательные исторические дисциплины. Теория и методика. Москва, 1990.-162 с.

Калиева, 2014 – *Калиева Ш.С.* «Шығыстану» мамандығында араб тіліндегі жазба деректерді оқыту әдістемесі // «Проф. Ө.Күмісбаевтың шығармашылығы және шығыстану мәселелері» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары / Жауапты ред. Көптілеуова Д.Т. Алматы, 2014. 197-199 б.

Касевич, 2001 – *Касевич В.Б.* Востоковедение как наука//Вестник С.-Петербург. ун-та. Сер.2: История. Языкознание. Литература. СПб., 2001. Вып.3 (№ 18).

Керім, 2022 – *Керім Ш*. Тараз тарланы: монография. - Алматы : Нұр-Мүбарак, 2022. - 221 б.

Крачковский, 1965 – *Крачковский И.Ю.* Над арабскими рукописями. Москва, 1965. 234 с.

References:

Vvedeniye v vostokovedeniye, 2018 – Vvedeniye v vostokovedeniye / Pod red. Ye. I. Zeleneva, V. B. Kasevicha. SPb., 2018. 585 s.

Derbisəliyev, 1995 – Derbisəliyev Ə. Қазақ dalasynyң zhұldyzdary. Almaty: Rauan, 1995. - 200 b.

Derbisəli , 2013 – Derbisəli Ə. Қauam ad-din əl-Itқani (Iқani) əl-Farabi at-Turkistani (1286-1357): өmiri men mұrasy / Almaty: [Dəuir], 2013. 243 b.

Zhakupova, 2013 – Zhakupova G.T. Nekotorye aspekty formirovaniya i razvitiya istochnikovedcheskogo znaniya na primere istorii Kazakhstana. // Servis Plus. 2013 / № 3. 10-15.

Istoriya Kazakhstana v arabskikh..., 2005 – Istoriya Kazakhstana v arabskikh istochnikakh. Tom1. Almaty. «Dayk Press», 2005. 711 s.

Istoriya Kazakhstana v arabskikh..., 2010 – Istoriya Kazakhstana v arabskikh istochnikakh. Tom2. Almaty. «Dayk Press», 2010. 327 s.

Istoriya Kazakhstana v arabskikh..., 2006 – Istoriya Kazakhstana v arabskikh istochnikakh. Tom3. Almaty. «Dayk Press», 2006. 272 s.

Istochnikovedeniye: Teoriya. Istoriya..., 2000 – Istochnikovedeniye: Teoriya. Istoriya. Metod / I. N. Danilevsky, V.V.Kabanov, O.M.Medushevskaya, M.F.Rumyantseva. M.: RGGU, 2000 702 s.

Istochnikovedeniye i vspomogatelnye istoricheskiye …, 1990 – Istochnikovedeniye i vspomogatelnye istoricheskiye distsipliny. Teoriya i metodika. Moskva, 1990. 162 s.

Kaliyeva, 2014 – Kaliyeva Sh.S. «Shyғystanu» mamandyғynda arab tilindegi zhazba derekterdi oқytu әdistemesi // «Prof. Ө.Kүmisbayevtyң shyғarmashylyғy zhәne shyғystanu mәseleleri» Әl-Farabi atyndaғy QazҰU 80 zhyldyғyna zhәne prof. Ө.Kүmisbayevtyң 75 zhyldyқ mereytoyyna arnalғan khalyқaralyқ ғylymi-әdistemelik konferentsiya / Zhauapty red. Kөptileuova D.T. Almaty, 2014. 197-199 b.

Kasevich, 2001 – Kasevich V.B. Vostokovedeniye kak nauka//Vestnik S.-Peterburg. un-ta. Ser.2: Istoriya. Yazykoznaniye. Literatura. SPb., 2001. Vyp.3 (№ 18).

Kerim, 2022 – Kerim Sh. Taraz tarlany : monografiya. Almaty : Nұr-Mүbarak, 2022. 221 b.

Krachkovsky, 1965 – Krachkovsky I.Yu. Nad arabskimi rukopisyami. Moskva, 1965. 234 s.

[1]Калиева Ш.С. [2]Мустафаева А.А.

[1,2]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

1https://orcid.org/0000-0003-3180-0118, 2https://orcid.org/0000-0001-6878-4946

E-mail:shynarsayahat@gmail.com, rummana@mail.ru

ИСТОЧНИКОВЕДЧЕСКИЙ ХАРАКТЕР ВОСТОКОВЕДЧЕСКОЙ НАУКИ И НАПРАВЛЕНИЯ И ЗАДАЧИ ИЗУЧЕНИЯ АРАБСКИХ ИСТОЧНИКОВ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация. Целью статьи является определение характера развития источниковедческих исследований в контексте трансформации современных научных знаний и методов. Как известно, источниковедение традиционно считается исторической наукой, поскольку история и археология в своей методологии в качестве основного материала рассматривают первоисточники. Новизна статьи заключается в определении новых подходов, концепций и их сути, которые начали проникать начиная с последней четверти XX века в источниковедческую науку как и в другие сферы. Источники начали вводить новую информацию помимо гуманитарных наук и в содержание естественных наук, предоставив им полезные данные. Задача исследования состояла в выявлении приоритетных направлений казахстанского исочниковедения и в выделении проблем, которые стоят перед востоковедами для решения и проведения новых исследований в будущем. Изучение текстов на восточных языках всегда остается актуальным для казахстанского востоковедения. В советское время исследовательские работы в данной сфере затруднялись многими факторами, среди которых были сложность доступа к самим источникам, нехватка специалистов и т.д. Изучение разных текстов на арабском языке, имеющих значимость для средневековой истории казахского народа всегда остается актуальной задачей казахстанского источниковедения. Статья рассматривает и структурирует научно-методологические аспекты этих вопросов. С помощью методов сбора, систематизации, описания и анализа были определены достижения изучения арабских источников, представляющих научную значимость для казахской истории и культуры, также и будущие задачи. В результате исследования сделаны выводы о необходимости эффективного использования инноваций, предлагаемых информационными технологиями современной науке и в источниковедении, для которого требуется подготовка специалистов, обладающих специальными знаниями в этой области.

Ключевые слова: востоковедение, источниковедение, арабские источники, исламская культура, арабский язык.

[1]Kaliyeva Sh.S. [2]Mustafayeva A.A.
[1,2]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
[1]https://orcid.org/0000-0003-3180-0118, [2]https://orcid.org/0000-0001-6878-4946
E-mail:shynarsayahat@gmail.com, rummana@mail.ru

SOURCE STUDIES CHARACTER OF ORIENTAL SCIENCE AND DIRECTIONS AND OBJECTIVES OF STUDYING ARABIC SOURCES IN KAZAKHSTAN

Abstract. The purpose of the article is to determine the nature of the development of source studies in the context of the transformation of modern scientific knowledge and methods. As is known, source studies are traditionally considered a historical science, since history and archeology in their methodology consider primary sources as the main material. The novelty of the article lies in the definition of new approaches, concepts and their essence, which began to penetrate, starting from the last quarter of the 20th century, into source studies as well as into other areas. Sources began to introduce new information in addition to the humanities and into the content of natural sciences, providing them with useful data. The objectives of the study are to identify priority areas of Kazakhstani source studies and to highlight the problems that orient lists face to solve, as well as to conduct new research in the future. The study of texts in oriental languages always remains relevant for Kazakhstani science. In the Soviet times, research work in this area was hampered by many factors, including the difficulty of access to the sources themselves, a shortage of specialists, etc. The article examines and structures the scientific and methodological aspects of these issues. Using the methods of collection, systematization, description and analysis, the achievements of the study of Arabic sources representing scientific significance for Kazakh history and culture, as well as future

tasks, were determined. As a result of the study, conclusions were made about the need for effective use of innovations offered by information technologies to modern science and in source studies, which requires training specialists with special knowledge in this area.

Keywords: oriental studies, source studies, Arabic sources, Islamic culture, Arabic language.

Авторлар туралы ақпарат:

Калиева Шынар Саяхатовна, доцент, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Мустафаева Анар Абдикадиевна, доцент, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Калиева Шынар Саяхатовна, доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Мустафаева Анар Абдикадиевна, доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Information about authors:

Kaliyeva Shynar Sayahatovna, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Mustafayeva Anar Abdikadiyevna, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Келіп түсті 22 қаңтар 2025 жыл
Қабылданды 27 ақпан 2025 жыл

МРНТИ 03.81.51 https://doi.org/10.63051/kos.2025.1.241

Молотова Г.М.
Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан,
E-mail: gmolotova@mail.ru

ПИСЬМЕННЫЕ ПАМЯТНИКИ СРЕДНЕВЕКОВЬЯ О НЕКОТОРЫХ ГОРОДАХ И ЛИЧНОСТЯХ СТРАНЫ ТЮРКОВ

Аннотация. Автор статьи ставит перед собой цель раскрыть историю возникновения некоторых городов тюрков, также данные о великих личностях, живших на этих землях. Проведенное исследование является важным для раскрытия истории строительства городов на территории современного Казахстана, о деятельности великих личностей тюрков. Рассматриваемый вопрос отличается новизной. В рамках статьи использованы сведения, заключенные в рукописном наследии и характеризующихся малоизученностью. Основными источниками послужили рукописи «Маджму‘а дар та‘риф-и Сарйам», «Манакиб-и Занги-ата ва аурат ва насаб-нама-и Саййид-ата». В целях сравнительного анализа привлечены данные других письменных источников, изученных коллегами. В процессе исследования использованы методы анализа источников. Рассмотрена композиция текста, использованные популярные в мусульманском мире мотивы, образы святых. Не малозначительным для исследования является материал о святых шайхах, их школы наставничества, места их захоронения. На примере деятельности отдельных личностей раскрывается вопрос вклада тюркских шайхов в процессе распространения идей ислама среди тюркских народов. Уникальными выступают рассказы о вкладе пророков в строительство городов, что свидетельствует о широкой распространенности среди тюрков повествований о жизнедеятельности пророков и святых. Кроме них изученные рукописи повествуют о деятельности представителей династии Караханидов и их взаимоотношений с Саманидами.

Благодарность: Статья подготовлена в рамках фундаментального научного исследования МНВО РК на тему: «Страны Востока: геополитические вызовы и новые перспективы для Казахстана в историческом и современном измерениях» (№ BR 20281006).

Ключевые слова: рукописи, история городов, великие личности тюрков, взаимоотношение Караханидов и Саманидов, ислам, популярные мотивы, образы.

Введение

В рукописных фондах мира хранятся рукописи, повествующие об истории возникновения городов, деятельности великих личностей в процессе распространения ислама среди тюркских народов, населявших широкий ареал. Нами привлечены рукописи, повествующие о строительстве одного из ныне существующего города Сайрам, что на территории современного Казахстана, где происходили события, свидетельствующие о взаимоотношениях народов Востока.

Существует несколько сочинений, повествующих об истории строительства города Сайрам. В рукописном фонде Института востоковедения им. Абу Райхана Бируни АН РУз хранятся несколько таких рукописей средневековья. В них упоминается более ранний вариант топонима – Сарйам. Один из рукописей, хранящийся в фонде Института востоковедение им. Абу Райхана Бируни называется «Рисале» – «Трактат о Сарйаме». Данное сочинение изучалось Ж.М. Тулибаева и ею был издан «Трактат о Сайраме» (Тулибаева, 2007) на основе рукописи Института востоковедения им. Абу Райхана Бируни по № 12708/II. В издании дан перевод источника на русский язык, подготовлены комментарии.

Нами изучен один из списков рукописи, который озаглавлен «Маджму‘а дар та‘риф-и Сарйам» (Рукопись Маджму‘а), повествующая о строительстве города. Объем рукописи 110 листов. Проведен сравнительный анализ содержания издания «Рисале» с рукописью «Маджму‘а дар та‘риф-и Сарйам», установлено, что история строительства города Сайрам повествуется с некоторым отличием: источник, который изучался нами несколько объемнее.

Материалы и методы исследования

Ортағасырлық қолжазбада *qan* деп берілген. Қазіргі түркі тілдерінде бұл атау көнерген сөздер қатарына жатқызылады. Қарастырып жатқан 16 түркі тілдерінде бар хан сөзі ортағасыр кезеңдегі аталуымен толық сәйкес келеді. Алайда фонетикалық өзгеріске ұшыраған, яғни «қ~х» дыбысына алмасқан. Тек қырғыз-қыпшақ тобына кіретін қырғыз тілінде «қ» әрпі емес, «к» әрпі қолданылған хан сөзінің нұсқасы бар екен.

Қалың мал – қыздың артынан берілетін салықтың түрі. Қазақ халқында қазіргі күнге дейін сақталған.Тек қалың малдың түрі өзгеріске ұшыраған. Бұрынғы кездері малмен есептеліп, берілсе, қазіргі кезде ақшадай ғана беріледі. Заманға сай өзгеріс болғанымен, аталуы, дәстүрдің өзі сақталған.

«ДТС-те»: Qabïn кабын, натуральды салықтың түрі (Древнетюркский словарь, 1969: 399).

Қазіргі түркі тілдерінде:

қазақ т. – қалың мал; хакас т. – халың, халых; татар т. – калым; түркімен т. – галың; өзбек т. – қалин пули; қырғыз т. – қалың мал; қарақалпақ т. – қалың; тува т. – калым; құмық т. – къалын; әзірбайжан т. – калым, башлыг; түрік т. – башлык парасы; чуваш т. – хулăм укçи, тупра.

«Ат-Тухфа» қолжазбасында kabin деген сөз қазіргі қазақ тіліндегі қалың мал деген ұғымға сәйкес келеді. «ДТС»-те: натуральды салықтың түрі деген мағынада көрсетілген. Мағынасы жағынан бір-біріне келеді. Қалың мал шынымен салық, күйеу жігітке салынатын салық. Қазіргі түркі тілдерінде қалың мал тіркесінің қолданысы бар екендігін көруге болады. Ортағасырлық қолжазбада берілген нұсқамен мүлдем ұқсамайды, яғни өзгеріске ұшыраған. Негізінен, бір-біріне ұқсайтын қалың сөзі қолданылған.

Киіз, кигіз – қойдың күзем жүнінен басылған, үй тұрмысында пайдаланатын бұйым. Көшпелі халық өмірінде киіздің алатын орны ерекше. Киіз қазақ жеріндегі көшпелі тайпаларда б.з.б. 1-мыңжылдықта белгілі болған. Киізден сырт киім, байпақ тіккен, оны тек үйді жабу үшін ғана пайдаланып қоймай, киіз үйдің ішкі жасау-жиһаздарын, өзге де тұрмыс-тіршілікке қажет заттарды тігуге де қолданған (Энциклопедия, 2022: 581).

«Китаб маджмуғ таржумани турки уа ағжами уа муғали» кітабында keli деп берген. «ДТС»-те: Kidiz киіз, төсегіш: ol ki[d]izig subqa soqmïš (Древнетюркский словарь, 1969: 306).

Қазіргі түркі тілдерінде:

қазақ т. – киіз; хакас т. – киис; татар т. – киез, тула; түркімен т. – кече; өзбек т. – кигиз; қырғыз т. – кийиз; қарақалпақ т. – кийиз, текиймент; ұйғыр т. – кигиз; тува т. – кидис; ноғай т. –кийиз; башқұрт т. – кейез; алтай т. – кийис; құмық т. – кийиз; әзірбайжан т. – кечə; түрік т. – кече; чуваш т. – кĕççе.

«Ат-Тухфа» қолжазбасында kiz деп берілген. «ДТС»-те кидиз деп көрсетілген. Қазіргі түркі тілдерінде қосымша дауысты әріптер «і, е, йи» жалғанып, қыпшақ тобындағы тілдерде ортағасырлық қолжазба тілі сақталған. Бұл сөзді қыпшақ тобындағы тілдерге тән деп пайымдаймыз.

Түндік сөзін естігенде киіз үйінің шаңырағына жабылатын төрт баулы киіз еске түседі. «Киіз үйдің туырлық, түндігін, шилерін де былай қояйық» (М. Дүйсенов, Ант). Ертедегі түркілер түңлік деп терезе деген мағынада қолданған болатын. Якут тілінде дәл осы сөз «түннүк» деп айтады. Ә.Нұрмағамбетов пікірінше, аталмыш сөздер туынды сөздер деп есептейді. Себебі, ескі, көне түркі тілдері қатарына жататын – чуваш тілінде «теенни» сөзі «тесік, саңылау» деген мағынаны береді. Моңғол тілінде «тооно» сөзі шаңырақ деген түсінікте қолданылады. Тесік деген сөз «теенни» сөзінен туындаған (теенни+дік>тендік>түндік киіз үйге әрі жарық беретін, әрі түтін шығаратын атау пайда болған) (Нұрмағамбетов, 1994).

«Ат-Тухфа» қолжазбасында терезе мағынасында tüŋlük сөзі қолданылған. Ертедегі түркілер де, ортағасырда да осы сөз қолданылған. Өзгеріске ұшырап, түндік сөзі қолданылған. Қазақ тілінде де түңлік болып, үндестік заңына байланысты түндік болып өзгерген. Түркі тілдеріне ортақ лы/лі жалғауы лық/лік болып, кейін қазақ тілінде үндестік заңына сай лық/лік, дық/дік, тық/тік болып өзгерген.

Келі – тары, бидай, т.б. дәнді дақылдарды түйетін, ұнтақтайтын қатты ағаштан жасалған құрал. Келінің биіктігі 50-60 см жуан бөрене ағаштың ортасын 30-35 см тереңдікте ойып жасайды. Келіні шеберлер мықты, әрі жарылмай көп жылға шыдауы үшін, қызған тандыр ішінде ыстық қозға қақтап алып, оның іші-сыртына қойдың құйрық майын, не түйе қомының майын сіңіреді. Келі жарылып кетпес үшін, әдетте, оның иіні мен тағанын түйенің иленбеген шикі терісімен қаптайды. Шикі тері кепкен кезде тартылады да, келіні қатты қысып қалады. Келінің сыртын қайыспен ысып жалтыратып қояды (Энциклопедия, 2022: 483).

Қазіргі түркі тілдерінде:

қазақ т. – келі, үккіш; хакас т. – соғах, сохпа; татар т. – киле; түркімен т. – сокы; өзбек т. - ўғир, ховонча; қырғыз т. – соку, жанчуур; қарақалпақ т. – кели; ұйғыр т. – һаванчə,

оғур; тува т. – соғааш, соктааш; ноғай т. – кели; башқұрт т. – киле; алтай т. – сокы; құмық т. – кели; әзірбайжан т. – һәвәнкдәстә; түрік т. – хаван; чуваш т. – килĕ.

Зерттеу нысаны болып табылатын қолжазбада keli деп берілген. Қазіргі түркі тілдерде қыпшақ тобындағы тілдерде осы ортағасырлық қолжазба тілі сақталған. Сонымен қатар, чуваш тілінде келі сөзінің аталуы килĕ деп қолданылады. Фонетикалық өзгерістер болмаса, қолжазба тілімен сәйкес. Тілі негізінен, қыпшақ тобындағы тілдердің тілі болып табылады.

Зерттеу нәтижелері

«Ат-Тухфа» қолжазбасында берілген тура аудармасы не баламасы жоқ сөздерге талдау жасалды. Барлығы 12 этнографизм мысал ретінде қарастырылды. Көптеген сөздер қазіргі түркі тілдерінде қазіргі күнге дейін қолданылады. Хан сөзі мәселен, тарихи сөздер қатарына қосылып бара жатқан көнерген сөздер қатарына жатады. Қалың мал сөзі ортағасырлық қолжазбада кездесті. Бұл сөз өз тарапында ортағасырлық атаумен яғни кабин сөзінен өзгеріске ұшырағанын байқадық. Тіптен, қыпшақ тобындағы бірде-бір тілде сақталмаған екен. Бұл сөз атауы өзгеріске ұшырағанмен, мағынасы сол күйі қалған. Көне түркі сөздігінен кабин емес, қабин деген сөз түрінде натуральды салықтың атауы ретінде сөз табылды. Қалың мал деген түсінікті беретін сөз кабин сөз түрінде берілмеген.

Этнографизмдердің басым көпшілігі түркі халықтарының ертеден бері айналысқан мал шаруашылығын сипаттайды. Сүт өнімдері, сусын, мәселен құрт, қымыз, уыз және т.б. берілген. Сонымен қатар, көшіп-қонуға ыңғайлы киіз үй атауына байланысты киіз, түңлік деген сөз де арабша-қыпшақша сөздіктен табылды. Киіз жасалу материалы болатын болса, түңлік сөзі киіз үйге күн нұры түсетін арнайы киіз үйдегі тесік атауы болып табылады. Шұнақ деген сөз де қазіргі түркі тілдерінде тіркес құрамында қолданылады екен. Алайда бұл салт үлгісі бұрын ұмыт қалған, көнерген сөз болып, тіл қолданысынан жеке сөз ретінде түсіп, тек тіркес құрамында ғана пайдаланылады. Этнографизмдер қатарына келі деген сөзді де енгіздік. Аудармасы бар болғанмен, көнерген сөзге айналған, отырықшы халық өмірі туралы құнды мағлұмат беретін сөздің бірі. Себебі, бидай, тарыны отырықшы халықтар ғана еккен болатын.

Қорытынды

Баламасы жоқ лексиканы яғни, этнографизмдерге талдау жасаудың нәтижесінде түркі халықтарының мал шаруашылығымен айналысып, көшіп-қоғып жүретін халық ретінде сипаттайды. Қыстау, жайлау деген этнографизмдер көшіп-қонатын халықтың тұрақтанатын жері болса, киіз үй тұратын қонысы болып табылады. Түңлік те осы киіз үйге қатысты этнографизм болып табылады. Бұл сөз атаулары барлық түркі тілдерінде сақталған. Әр тілде мағынасы бір, тек дыбыстық ауытқулар ғана бар екендігін анықтадық. Түркі халықтарының этнографизмдерін түсіну үшін ертеден бері айналысқан өмір тіршілігін білу керек. Барлық дерлік тіл бірліктері номадтық өмірмен етене байланысып тұр.

Әдебиеттер:

Атабай, 2011 – *Атабай Б.* «Диуани лұғат-ит-түрктегі» қыпшақ сөздері // Қазіргі заманғы түркітану: даму бағыттары мен көкейкесті мәселелері: халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Алматы, 2011. Б. 273-276

Древнетюркский словарь, 1969 – Древнетюркский словарь / ред.: Наделяев В.М., Насилов Д.М., Тенишев Э.Р., Щербак А.М. Ленинград, 1969. 676 с.

Кеңесбаев, 2007 – *Кеңесбаев І.* Фразеологиялық сөздік. Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. 800 б.

Курышжанов, 1970 – *Курышжанов А.К.* Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XIII в. - «Тюркско-арабского словаря». Алма-Ата, 1970. 233 с.

Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011 – *Қазақ әдеби тілінің сөздігі*. Құраст. А. Жаңабекова, Т.Жанұзақов, Б. Әбілқасымов. 15 томдық / Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011. Т.15. Ч-Я. 824 б.

Қазақ тілінің шығу тарихы, 2013 – *Қазақ тілінің шығу тарихы*: Фонетика. жалпы ред. басқ. Б. Сағындықұлы Бірінші бөлім. Алматы: «Алдоңғар» мәдениетті дамыту қоры, 2013. 236 б.

Қайдар, 2013 – *Қайдар Ә.* Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. Алматы: Сардар, 2013. Т.3: Табиғат. 608 б.

Қайдаров, 1985 – *Қайдаров Ә.Т.* Этнолингвистика // Білім және еңбек. 1985. №10.Б. 82-85

Манкеева, 2008 – *Манкеева Ж.А*. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. Алматы: «Жібек жолы», 2008. 356 б.

Мусаев, 1975 – *Мусаев К.М.* Лексика тюрских языков в сравнительном освещении (Западнокыпчакская группа). М.: Наука, 1975. 357 с.

Нұрмағамбетов, 1994 – *Нұрмағамбетов Ә.*Бес жүз бес сөз. Алматы: Рауан, 1994. 304 б.

Сыздықова, 2014 – *Сыздықова Р.* Сөздер сөйлейді (сөздердің қолданылу тарихынан). Көптомдық шығармалар жинағы. Алматы: «Ел-шежіре», 2014. 410 б.

Энциклопедия, 2002 – *Энциклопедия:* Қазақстан Ұлттық Энциклопедия/ Т.4. Ж-К. бас. ред. Ә. Нысанбаев Алматы, 2002. 720 б.

التحفة الزكية في اللغة التركية" ат-Тухфатуз закийату фил луғатит туркийати. İstanbul, №3092. ص 182.

References:

Atabay, 2011 – Atabay B. Diwani lugat-it-turktegy qypchak sozdery. (Kipchak words in "Diwani Lugat-it-Turk" // Modern Turkic studies: directions of development and pressing issues: materials of the international cientific and practical conference). Almaty, 2011. P. 273-276. (in Kaz)

Drevneturkski slovar’, 1969 – Drevneturkski slovar’ (Old Turkic dictionary). ed.: Nadelyaev V.M., Nasilov D.M., Tenishev E.R., Shcherbak A.M.Leningrad, 1969. 676 p. (in Rus)

Kaidar, 2013 – Kaidar A. Qazaqtar ana tili aleminde (Kazakhs in the mother tongue world: ethnolinguistic dictionary). Almaty: Sardar, 2013. Volume 3: Nature. 608 p. (in Kaz)

Kaidarov, 1985 – Kaidarov A.T. Etnolingvistika // Bilim zhane enbek. (Ethnolinguistics // Education and work).1985. No. 10. P. 82-85 (in Kaz)

Kenesbaev, 2007 – Kenesbaev I. Frazeologiyalyq sozdik (Phraseological dictionary). Almaty: "Arys" publishing house, 2007. 800 p. (in Kaz)

Kuryshzhanov, 1970 – Kuryshzhanov A.K. Issledovanie po leksike starokipchakskogo pis’mennogo pamyatnika XIII v. (Research on the vocabulary of the ancient Kipchak written monument of the 13th century). "Turkish-Arabic Dictionary". Alma-Ata, 1970. 233 p. (in Rus)

Mankeeva, 2008 – Mankeeva J.A. Qzaq tilindegi etnomadeni ataulardyn tanymdyq negizderi. (Cognitive bases of ethnocultural names in the Kazakh language). Almaty: "Silk Road", 2008. 356 p. (in Kaz)

Musaev, 1975 – Musaev K.M. Leksika turkskih yazykov v sravnitelnom osveshenii (Zapadnokipchakskaya gruppa) (Vocabulary of Turkic languages in comparative light (Zapadnokypchakskaya group). M.: Nauka, 1975. 357 p. (in Rus)

Nurmagambetov, 1994 – Nurmagambetov A. Bes zhus bes soz. (Five hundred and five words). Almaty: Rawan, 1994. 304 p. (in Kaz)

Qazaq tilinin shygu tarikhi, 2013 – Qazaq tilinin shygu tarikhi: Fonetika. general ed. etc. B. Sagindykuly (The history of the origin of the Kazakh language: Phonetics. The first part). Almaty: "Aldongar" Culture Development Fund, 2013. 236 p. (in Kaz)

Qazaq adebi tilinyn sozdygy, 2011 – Qazaq adebi tilinyn sozdygy. (Dictionary of the Kazakh literary language. 15 volumes / Compilation: A. Zhanabekova, T. Zhanuzakov, B. Abylkasymov, etc.) Almaty: Kazakh encyclopedia, 2011. Volume 15. - Ch-Ya. - 824 p. (in Kaz)

Qazaqstan Ulttyq Ensiklopedia, 2002 – Qazaqstan Ulttyq Ensiklopedia (National Encyclopedia of Kazakhstan/ Ed. ed. A. Nysanbaev. T.4. J-K). Almaty, 2002. 720 p. (in Kaz)

Syzdykova, 2014 – Syzdykova R. Sozder soileidy (sozderdyn qoldanylu tarikhynan) (Words speak (from the history of the use of words). Multivolume collection of works. Almaty: "El-shezhire", 2014. 410 p. (in Kaz)

التحفة الزكية في اللغة تركية *التحفة الزكية في اللغة تركية*، XV " at-Tuhfatuz zakiyatu fil lugatit turkiyati. İstanbul, #3092. 182 p. (in Arab)

***[1]Конкабаева Н.Н. [2]Абдрахманова К.Х. [3]Кансейтова Э.Ж.**

[1, 2, 2]Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан

E-mail: [1]nkonkabayeva@gmail.com, [2]a_gulsum@mail.ru, [3]azhar_aiyat@mail.ru

СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ ЭТНОГРАФИЗМОВ В СРЕДНЕВЕКОВОЙ РУКОПИСИ «АТ-ТУХФА»

Аннотация. Цель работы-проанализировать этнографизмы в манускрипте под названием «ат-Тухфа аз-Закия фил лугатит Туркия» (перевод «подарок тюркскому народу»), одной из средневековых рукописей. На мамлюкско-кипчакском языке было написано несколько средневековых рукописей. Целью этих рукописей было обучение кыпчакскому языку арабского народа, то есть египтян. Хотя подавляющее большинство манускриптов состояло только из словарной части, то есть из списка слов, можно также найти рукописи, которые имели как грамматические, так и фонетические разделы. Фонетический раздел описывает звуковые различия между арабским алфавитом и кипчакским алфавитом в письменной форме. Грамматические разделы, сравнивая арабский и кыпчакский языки, объясняет грамматику кыпчакского языка на арабском языке. В качестве задач исследования дается описание и анализ истории изучения, переводов средневековой рукописи «ат-Тухфа аз-Закия фил лугатит Туркия», написанной по такому образцу. Впервые в науке представлены исследования, научные труды. Обращаясь к структуре, переводу рукописи, остановился на языковых единицах в памятнике. В статье используются такие методы, как сравнительный анализ, описание, перевод этнографизмов. Потому что в рукописе "ат-Тухфа аз-Закия фил лугатит Туркия" описывается большое количество этнографизмов. Новизной является анализ слов с культурным багажом и впервые сравнение с другими тюркскими языками. Был продемонстрирован эквивалент этнографизма с культурным контекстом с переводом объяснений автора рукописи. В результате было дано объяснение природе этнографизмов и установлено, что место жительства, занимаемое хозяйство, культура народа оставляют свой след на языковых единицах.

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Этнокультурная и лингвистическая парадигма в языке средневековых памятников» (регистрационный номер AP19175804).

Ключевые слова: средневековая рукопись, кыпчак, мамлюк, этнографизм, безальтернативная лексика, арабский алфавит, манускрипт.

***[1]Konkabayeva N.N. [2]Abdrakhmanova K.H. [3]Kanseitova E.Zh.**

[1, 2, 3]Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan;

E-mail: [1]nkonkabayeva@gmail.com, [2]a_gulsum@mail.ru, [3]azhar_aiyat@mail.ru

THE COMPARATIVE ANALYSIS OF ETHNOGRAPHISMS IN THE MEDIEVAL "AT-TUKHFA" MANUSCRIPT

Abstract. The purpose of the work is to analyze the ethnographic features of the manuscript of one of the medieval manuscripts "at – Tukhfa Az-Zakiya phil lugatit turkiya" (translation "gift for the Turkic people"). Several medieval manuscripts were written in the Mamluk-Kipchak language. The purpose of these manuscripts was to teach the Kipchak language to the Arab people, that is, to the Egyptians. Although the vast majority of manuscripts consist only of a dictionary part, that is, a list of words, you can also find manuscripts that also had grammatical and phonetic sections. The phonetic section relatively described the sound differences between the Arabic alphabet and the Kipchak Alphabet in writing. In addition, the grammar sections of the Kipchak language explained the grammar of the Kipchak language in Arabic, comparing the Arabic and Kipchak languages. As tasks of the study, a description of the history of the study, translations of the medieval manuscript "at-Tukhfa", written in this form, is given and analyzed. Research, scientific works from the time of its first popularity in science are presented in a series. Focusing on the structure and translation of the manuscript, he focused on the language units in the monument. The article uses such methods as comparative analysis, description, translation of ethnography. Because the manuscript" at-Tukhfa " is one of the works that widely describes ethnographisms. The novelty is the analysis of words with cultural baggage and comparison with other Turkic languages for the first time. The equivalent of ethnography with a cultural context was shown, translating the comments given by the author of the manuscript. As a result, an explanation of the nature of ethnographisms is given, and it is established that the place of residence, the economy in which the people were engaged, and the culture leave their mark.

Acknowledgements. The article was prepared within the framework of the grant financing project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan «Ethnocultural and linguistic paradigm in the language of medieval monuments» (Registration number AP19175804).

Keywords: medieval manuscript, kypchak, mamluk, ethnography, uncontested vocabulary, Arabic alphabet, manuscript.

Авторлар туралы мәлімет:

Конкабаева Назым, PhD, Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті, Филология факультеті, Шығыс филологиясы және аударма кафедрасының меңгерушісі, Достық 13, Алматы Қазақстан Республикасы.

Абдрахманова Кулсын, филология ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті, Филология факультеті, Шығыс филологиясы және аударма кафедрасының профессоры, Достық 13, Алматы Қазақстан Республикасы.

Кансейтова Элеонора, филология ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті, Филология факультеті, Шығыс филологиясы және аударма кафедрасының , Достық 13, Алматы Қазақстан Республикасы.

Information about authors:

Konkabayeva Nazym, PhD, Abay Kazakh National Pedagogical University Almaty, Kazakhstan.

Abdrakhmanova Kulsyn, Candidate of Philological Sciences, Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

Kanseitova Eleonora, Candidate of Philological Sciences, Abai Kazakh National Pedagogical University, Senior Teacher of the Department of Oriental Philology and Translation, Almaty, Kazakhstan.

Сведения об авторах:

Конкабаева Назым, PhD, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан.

Абдрахманова Кулсын, кандидат филологических наук, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Республика Казахстан.

Кансейтова Элеонора, кандидат филологических наук, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан.

Келіп түсті 27 қаңтар 2025 жыл
Қабылданды 27 ақпан 2025 жыл

ҒТАХР 11.15.71 https://doi.org/10.63051/kos.2025.1.262

[1]Сейтахметова Н.Л. [2]Жандосова Ш.М. *[3]Нуров М.М.
[1,2] Философия, саясаттану және діntану институты, Алматы, Қазақстан,
[3] «Тұран» университеті, Алматы, Қазақстан,
E-mail: [1]natalieseyt@mail.ru, [2]sholpan_zhandosova@mail.ru, [3]markhabbatnur@gmail.com

ТАЯУ ШЫҒЫСТАҒЫ САЯСИ ПРОЦЕСТЕР КОНТЕКСІНДЕГІ «КОНФЕССИЯЛЫҚ ДЕМОКРАТИЯ»

Аңдатпа. Мақалада конфессиялық демократия құбылысы Таяу Шығыстағы саяси құрылымның ерекше формасы ретінде қарастырылады. Аймақтағы діни институттар мен демократиялық процестердің өзара байланысын талдауға, сондай-ақ қазіргі саяси сын-қатерлер аясында осы модельдің тиімділігін бағалауға ерекше назар аударылады. Зерттеудің жаңалығы – Таяу Шығыс мемлекеттерінің саяси құрылымының белгілі бір формасы ретінде «конфессиялық демократия» құбылысын кешенді талдау, бұл билік органдарын құру кезінде қоғамның діни және қоғамдық құрылымын ескереді. Зерттеудің негізгі міндеті – Таяу Шығыс елдерінің саяси жүйелерінде конфессиялық демократияның жұмыс істеу ерекшеліктерін және оның конфессияаралық шиеленіс жағдайында мемлекеттік институттардың тұрақтылығына әсерін анықтау. Мақаланың мақсаты – әртүрлі діни бірлестіктердің саяси өкілдігін қамтамасыз ету құралы және Таяу Шығыс мемлекеттерінің саяси жүйесіндегі конфессияаралық тепе-теңдікке қол жеткізу механизмі ретінде конфессиялық демократия моделіне жүйелі талдау жүргізу. Зерттеу әдістеріне институционалдық және салыстырмалы саясаттанулық талдау, жүйелік тәсіл және тарихи қайта құру әдістері кіреді. Зерттеу нәтижелері конфессиялық демократия бірқатар ішкі қайшылықтарға қарамастан, Таяу Шығыстағы көпконфессиялы қоғамдарда саяси тұрақтылықты қамтамасыз етудің пәрменді тетігі ретінде қызмет ететінін, дінаралық диалогты институционализациялауға және мемлекеттік органдарда діни қауымдастықтардың кепілді өкілдігі арқылы конфессиялық қақтығыстардың алдын алуға ықпал ететінін көрсетеді.

Алғыс: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру шеңберінде дайындалған (BR21882428 «Постқалыпты кезеңдегі исламның рухани, мәдени, саяси, әлеуметтік құбылыс ретіндегі әсері мен болашағы: Таяу Шығыс және Орталық Азия елдерінің тәжірибесі»).

Кілт сөздер: конфессиялық демократия, Таяу Шығыс, саяси процестер, діни институттар, діни плюрализм, саяси модернизация, діни-саяси қатынастар, демократия, ислам, азаматтық қоғам.

Кіріспе

Жаһандық әлемдік тәртіпті өзгертудің қазіргі жағдайында әлемнің әртүрлі аймақтарында қалыптасқан демократиялық құрылымның бірегей модельдерін зерттеу ерекше өзекті болып табылады. Таяу Шығыс дәстүрлі діни институттар мен демократиялық басқару қағидаттарының синтезінің ерекше үлгісін ұсынады, бұл «конфессиялық демократия» тұжырымдамасында көрініс табады. Конфессиялық демократия – дәстүрлі діни институттар мен қазіргі демократиялық қағидаттардың күрделі өзара әрекеттесуі нәтижесінде Таяу Шығыста қалыптасқан бірегей саяси модель. Бұл жүйе мемлекеттік органдарда әртүрлі діни бірлестіктердің өкілдігін ресми түрде бекітумен сипатталады және демократиялық институттарды аймақтың әлеуметтік-мәдени ерекшеліктеріне бейімдеу әрекеттерінен аңғаруға болады. Батыстық демократиялық модель элементтерінің терең діни дәстүрлер мен тәжірибелермен үйлесуімен сипатталатын бұл құбылыс ғылыми назар аударуға әбден лайық. Зерттеудің өзектілігі саяси процестерде діни фактор шешуші рөл атқаратын Таяу Шығыстың

аймақтық ерекшелігі контексінде демократияландырудың классикалық теорияларын қайта қарастыру қажеттілігімен анықталады.

Ливан, Ирак және Бахрейн сияқты елдерде конфессиялық демократияның жұмыс істеу тетіктерін талдау ерекше қызығушылық тудырады, мұнда діни өкілдік саяси өкілдік пен билік өкілеттіктерін бөлудің негізгі факторы болып табылады. Бұл мемлекеттердің тарихи тәжірибесі демократияның конфессиялық моделінің әлеуетті мүмкіндіктерін де, елеулі шектеулерін де көрсетеді. Таяу Шығыстағы тұрақсыздықтың күшеюі және діни поляризацияның күшеюі жағдайында бұл мәселені зерттеу аймақтың саяси даму перспективаларын түсіну үшін ерекше маңызға ие.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық базасы жетекші отандық және шетелдік саясаттанушылардың, әлеуметтанушылар мен дінтанушылардың Таяу Шығыс елдерінің саяси жүйелерін демократияландыру және жаңғырту, дін мен саясаттың өзара іс-қимылы мәселелеріне арналған жұмыстарына сүйенеді. Зерттеудің пәнаралық сипаты конфессиялық демократия құбылысын аймақтың саяси өмірінің ерекше құбылысы ретінде жан-жақты қарастыруға мүмкіндік береді. Мемлекеттік органдарда әртүрлі конфессиялық топтардың өкілдігін қамтамасыз етудің институционалдық тетіктерін талдауға ерекше назар аударылады.

Зерттеу барысында конфессиялық демократияның негізгі сипаттамалары, оның ішінде сайлау жүйелерінің ерекшеліктері, мемлекеттік органдарды қалыптастыру қағидаттары, саяси шешімдер қабылдау тетіктері және конфессияаралық диалогтың ерекшеліктері қарастырылады. Талдаудың маңызды аспектісі сыртқы факторлардың конфессиялық демократияның жұмысына әсерін, соның ішінде Таяу Шығыстағы саяси процестердегі аймақтық және жаһандық акторлардың рөлін зерттеу болып табылады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы діни, этникалық және саяси факторлардың күрделі өзара әрекеттесуі жағдайында қалыптасқан саяси құрылымның ерекше моделі ретінде конфессиялық демократия құбылысын жан-жақты талдаудан тұрады. Жұмыстың практикалық маңыздылығы оның нәтижелерін аймақтағы саяси процестерді болжау және саяси саладағы конфессияаралық өзара іс-қимыл тетіктерін оңтайландыру бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін пайдалану мүмкіндігімен айқындалады.

Материалдары мен зерттеу әдістері

Таяу Шығыстағы конфессиялық демократияны әдіснамалық зерттеу әртүрлі сараптамалық құралдарды біріктіретін кешенді пәнаралық тәсілге негізделген. Жүйелік-құрылымдық әдіс халықтың этноконфессиялық құрамы мен қарастырылып отырған мемлекеттердің саяси құрылымының ерекшеліктері арасындағы іргелі өзара байланыстарды анықтауға жол ашты. Институционалдық талдау конфессиялық плюрализм жағдайында саяси институттардың жұмыс істеу тетіктерін терең зерттеуге ықпал етті. Салыстырмалы тарихи әдісті қолдану аймақ елдерінің саяси жүйелерінің эволюциясын олардың тарихи ретроспективасында бақылауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің эмпирикалық негізін Таяу Шығыс мемлекеттерінің саяси жүйелерінің қалыптасу ерекшеліктерін көрсететін конституциялық құжаттар, статистикалық мәліметтер мен мұрағаттық материалдардың ауқымды жиынтығы құрайды. Медиа дереккөздердің контент-талдамасы мен сараптамалық бағалауды қолдану конфессиялық демократияның дамуындағы және оны әртүрлі қоғамдық топтардың қабылдауындағы негізгі үрдістерді анықтауға жағдай туғызды. Ливан мен Ирактың тәжірибесіне қолданылатын case-study әдісі осы елдердің саяси жүйелерінде конфессиялық өкілдік қағидаттарын іс жүзінде жүзеге асыруды жан-жақты қарастыруды қамтамасыз етті.

Осы зерттеу әдістерін кешенді қолдану Таяу Шығыстағы саяси шындығы контексінде конфессиялық демократия құбылысы туралы тұтас түсінік қалыптастырды. Зерттеудің пәнаралық сипаты осы құбылыстың саяси, құқықтық, әлеуметтік және тарихи аспектілерін

ескере отырып, конфессиялық демократия мәселелерін жан-жақты қарастыруға мүмкіндік берді.

Талқылау

Конфессиялық демократия тұжырымдамасы негізінен Таяу Шығыс елдеріне тән саяси құрылымның ерекше құбылысы ретінде зерттеушілердің назарын аударады. Ғылыми әдебиеттерде бұл мәселе әртүрлі теориялық тәсілдер мен әдіснамалық парадигмалардың призмасы арқылы қарастырылады.

Конфессиялық демократияның іргелі зерттеулері А. Лейпхарттың (Lijphart, 1977) еңбектерінде қаланды, ол «консоциативті демократия» ұғымын әртүрлі діни және этникалық топтардың мүдделерін ескеретін басқару формасы ретінде енгізді. Бұл тұжырымдаманы дамытқан М. Хадсон (Hudson, 1979) және И. Харб (Harb, 2006) оны Ливанның конфессиялық демократияның классикалық мысалы ретіндегі тәжірибесін талдай отырып, оны тікелей Таяу Шығыс контекстіне қолданды.

Р. Оуэн (Owen, 2004) сияқты заманауи зерттеушілер діни плюрализм жағдайында оның тұрақтандырушы әлеуетін де, конфессияаралық шиеленістің күшею қаупін де атап өтіп, конфессиялық демократияның екіжақты табиғатын атап көрсетеді. Олардың еңбектерінде әртүрлі діни қауымдастықтар арасында билік өкілеттіктерін бөлу тетіктеріне ерекше назар аударылады.

«Араб көктемі» контексінде конфессиялық демократияның өзгеруін түсінуге Л. Андерсон (Anderson, 2011) және М. Дриссен (Driessen, 2013) зерттеулері айтарлықтай үлес қосты. Олардың жұмыстары конфессиялық өкілдіктің дәстүрлі тетіктерінің жаңа саяси шындықтар мен қазіргі заманның қиындықтарына қалай бейімделетінін көрсетеді. Ал зерттеулердің жеке бағыты исламдық саяси қозғалыстардың конфессиялық демократия институттарымен өзара әрекетін талдайтын Дж. Эспозито (Esposito, 1996) мен О. Руаның (Roy, 2004) еңбектерімен ұсынылған. Олардың зерттеулері діни заңдылық пен демократиялық басқару қағидаттары арасындағы байланыстың күрделі динамикасын ашады.

Ресейлік зерттеушілер В. Наумкин (Naumkin, 2005) және Г. Мирский (Mirsky, 2002) демократиялық тетіктердің жұмысындағы дәстүрлі әлеуметтік институттардың рөліне назар аудара отырып, Таяу Шығыстағы конфессиялық демократияның ерекшеліктерін түсінуге айтарлықтай үлес қосты.

Әдебиеттің едәуір бөлігі конфессиялық демократияның әртүрлі модельдерін салыстырмалы талдауға арналған. С. Хантингтон (Huntington, 1997) және Б. Льюистің (Lewis, 2010) еңбектері аймақтағы конфессиялық демократияның қалыптасуының кең тарихи контексін ұсынады.

С. Ибрахим (Ibrahim, 1982) және Х. Шараби (Sharabi, 1992) сияқты Таяу Шығыс зерттеушілерінің конфессиялық демократия мәселелеріне «ішкі көзқарасты» ұсынатын жұмыстары ерекше назар аударуға тұрарлық. Олардың зерттеулерінде аймақтағы саяси процестерді талдаудағы батыс-центристік көзқарас жиі сынға алынады.

Аймақтық тұрақсыздық жағдайындағы конфессиялық демократияның тұрақтылығы мәселесі Ф. Гергес (Gerges, 2018) және Р. Хиннебуш (Hinnebusch, 2003) еңбектерінде қарастырылады. Олар конфессиялық басқару жүйесі бар елдердегі ішкі саяси процестерге сыртқы факторлардың әсерін талдайды.

М. Тетрло (Tetreault, 2000) және Д. Брумбергтің (Brumberg, 2005) зерттеулері діни көшбасшылар мен институттардың конфессиялық демократияның жұмысындағы рөлін түсінуге маңызды үлес қосады. Олардың еңбектері діни және саяси заңдылық арасындағы күрделі өзара байланысты көрсетеді.

Конфессиялық демократияны зерттеудің қазіргі кезеңі саяси жүйелердің тұрақты дамуы мен жаңғырту мәселелеріне көбірек көңіл бөлумен сипатталады. Т. Асад (Asad, 2018) пен С.

Зубайданың (Zubaida, 2011) еңбектері дәстүрлі және заманауи саяси институттардың өзара әрекеттесуін түсінудің жаңа теориялық тәсілдерін ұсынады.

Ғылыми әдебиеттерді талдау конфессиялық демократия құбылысының жан-жақтылығы мен күрделілігін, оның Таяу Шығыс аймағының дамуының тарихи, мәдени және әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерімен тығыз байланысын айқындайды. Осы саладағы қосымша зерттеулер пәнаралық тәсілді және динамикалық өзгеретін аймақтық контекстті ескеруді талап етеді.

Зерттеу нәтижелері

Қазіргі саясаттану дискурсында мұсылман халқы басым елдердегі демократияландыру мәселесі ерекше орын алады. «Конфессиялық демократия» феномені батыстық либералды демократиядан айтарлықтай ерекшеленетін діни дәстүрлер мен демократиялық қағидаттардың бірегей симбиозын білдіреді. Бұл құбылысты зерттеудің өзектілігі ислам қоғамдарының мәдени және діни ерекшеліктерін ескере отырып, демократияландырудың дәстүрлі тәсілдерін қайта қарау қажеттілігімен түсіндіріледі.

Конфессиялық демократия діни институттар арқылы билікті заңдастырумен және заңнаманың діни нормаларға сәйкестігімен сипатталады. Саяси процестегі діни көшбасшылардың ерекше рөлі және саяси қатысудың діни шектеулері осы модельдің негізгі айрықша белгілерін айқындайды.

Конфессиялық демократия жағдайындағы саяси плюрализм шектеулі сипатқа ие және пікірлер мен ұстанымдардың діни рұқсат етілген әртүрлілігі аясында жүзеге асырылады. Саяси плюрализмді қамтамасыз ету тетіктеріне діни-құқықтық мектептер жүйесі (мәзһабтар) және ижтихад институты құқықтық және саяси әртүрліліктің негізі ретінде кіреді. Бұл ретте ислам құндылықтарына қайшы келетін саяси қозғалыстарға тыйым салу сияқты белгілі бір шектеулер де бар.

Конфессионалдық демократияның алдында қазіргі заманғы шындыққа бейімделу және діни дәстүрлер мен демократиялық қағидаттар арасындағы тепе-теңдікті табу қажеттілігін қоса алғанда, бірқатар міндеттер тұр. Конфессиялық демократия шеңберінде діни және этникалық азшылықтардың құқықтарын қорғау мәселесі ерекше рөл атқарады. Саяси жүйенің діни заңдылығын сақтай отырып, қоғамның барлық топтарының нақты саяси қатысуын қамтамасыз ету мәселесі де өзекті күйінде қала береді.

Ақпараттық технологиялар мен әлеуметтік медианың дамуы конфессиялық демократия үшін жаңа мүмкіндіктер мен қиындықтар туғызады. Бір жағынан, бұл саяси қатысуды кеңейтуге және пікір алмасуға ықпал етсе, екінші жағынан, дәстүрлі құндылықтар мен қазіргі заманғы коммуникация формалары арасындағы қақтығыстарға әкелуі мүмкін. Бұл жағдайда саяси жүйелердің діни және мәдени бірегейлігін сақтай отырып, өзгеретін шындыққа бейімделу қабілеті ерекше маңызға ие.

Таяу Шығыс елдерінде конфессиялық демократияны жүзеге асырудың әртүрлі модельдері байқалады. Кейбір мемлекеттер саяси саланы көбірек зайырландыруға ұмтылса, ал басқалары діни институттардың саяси процестегі рөлін күшейтеді. Халықаралық қауымдастық пен жаһандық демократиялық стандарттардың аймақтағы саяси жүйелердің дамуына әсері маңызды фактор болып табылады.

Таяу Шығыс елдеріндегі конфессиялық демократия – демократиялық басқару элементтерін исламдық дәстүрлер мен нормалармен үйлестіретін саяси құрылымның ерекше моделі. Бұл жүйе қоғамды саяси ұйымдастырудың ерекше формасын жасайтын діни заңдылық пен демократиялық институттар арасындағы ерекше тепе-теңдікпен сипатталады.

Таяу Шығыстағы конфессиялық демократияның негізгі сипаттамалары: ислам құқығы аясында жұмыс істейтін сайланбалы билік органдарының болуы; діни көшбасшылар мен институттардың саяси процестегі ерекше рөлі; ислам парадигмасы шеңберінде әртүрлі саяси күштердің болуына мүмкіндік беретін шектеулі саяси плюрализм.

Аймақтың әртүрлі елдерінде конфессиялық демократияны жүзеге асырудың әртүрлі нұсқаларын байқауға болады. Мысалы, Ливанда әртүрлі діни қауымдастықтар арасында билік өкілеттіктерін бөлу жүйесі жұмыс жасаса, ал Иранда діни институттардың үстемдігін сақтай отырып, сайланбалы билік органдары бар Ислам Республикасының моделі жұмыс істейді.

Ливан моделі

Ливан Таяу Шығыстағы конфессиялық демократияның ең жарқын және ұзақ жұмыс істейтін моделін ұсынады. «Конфессионализм» деп аталатын жүйе 1943 жылғы Ұлттық пактіде ресми түрде бекітіліп, кейіннен 1989 жылғы Таиф келісімдерімен түрлендірілді (El-Solh, 2004).

Ливан жүйесінің негізгі сипаттамаларына мыналар жатады:

1. Министрлер кабинеті мен мемлекеттік қызметте негізгі конфессиялардың пропорционалды өкілдігі.

2. Неке, ажырасу және мұрагерлікті қоса алғанда, жеке мәртебе мәселелерінде діни қауымдастықтардың автономиясының жоғары деңгейі.

Ливан моделінің эмпирикалық зерттеулері оның қоғамның жоғары діни бөлшектену жағдайында салыстырмалы тұрақтылықты сақтаудағы тиімділігін көрсетеді. Алайда, сыншылар бұл жүйенің теріс салдарын, соның ішінде конфессияаралық бөліністердің күшеюін және біртұтас ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың қиындығын айтады.

Ирак моделі

2003 жылы Саддам Хусейн режимі құлатылғаннан кейін Ираста конфессиялық демократия элементтерін қақтығыстан кейінгі мемлекеттік құрылыс жағдайында енгізуге әрекеттер жасалды (Dodge, 2005).

Ирак жүйесіне тән белгілер:

1. Негізгі этноконфессиялық топтар арасында жоғары мемлекеттік лауазымдардың бейресми, бірақ тұрақты бөлінуі.

2. Негізгі конфессиялық топтардың мүдделерін ескеретін негізгі шешімдер қабылдау кезіндегі консенсус қағидаты.

3. Белгілі бір этноконфессиялық топтар басым аймақтарға елеулі автономия беретін мемлекеттің федеративтік құрылымы.

Ирак тәжірибесін талдау өткір саяси дағдарыс пен сыртқы араласу жағдайында конфессиялық жүйені енгізудің күрделілігін көрсетеді. Зерттеушілер әртүрлі топтардың өкілдігін қамтамасыз етудегі белгілі бір жетістіктерге қарамастан, жүйе этноконфессиялық поляризацияның күшеюіне ықпал етіп, ұлттық интеграция процесін қиындатқанын атап өтті.

Бахрейн моделі

Халықтың көпшілігін құрайтын шииттер сүнниттік монархия басқаратын Бахрейнде конфессиялық демократияның элементтері сүнниттік элитаның басым рөлін сақтай отырып, шииттердің үкіметтегі өкілдігін қамтамасыз ету әрекеттерінен айқын көрінеді.

Бахрейн жүйесінің ерекшеліктеріне төмендегілерді жатқызамыз:

1. Үкімет пен парламенттегі шииттер үшін бейресми квоталар.

2. Әртүрлі конфессиялар өкілдерінің қатысуымен арнайы консультативтік органдар құру.

3. Конфессияаралық шиеленісті төмендетуге бағытталған «ұлттық диалог» саясаты (Kinninmont, 2012).

Зерттеулер көрсеткендей, Бахрейн моделі айтарлықтай шектеулері бар және шииттердің көпшілігінің тиісті өкілдігін қамтамасыз етпейді. Сыншылар конфессиялық демократия элементтерін билікті айтарлықтай қайта бөлусіз қолданыстағы саяси тәртіпті заңдастыру құралы ретінде пайдалануды көрсетеді.

Таяу Шығыстағы конфессиялық демократияның әртүрлі модельдерін салыстырмалы талдау бірқатар жалпы белгілер мен айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік береді:

1. Барлық модельдер саяси жүйедегі діни айырмашылықтарды институттандырумен сипатталады, алайда бұл айырмашылықтардың ресімделу дәрежесі әр елде әр түрлі.

2. Ливан моделі конфессиялық өкілдікті институттандырылуының ең жоғары дәрежесін көрсетсе, ал Ирак пен Бахрейнде бұл элементтер бейресми.

3. Барлық жағдайларда қолданыстағы конфессияаралық қатынастарды сақтау үрдісі байқалады, бұл жүйені демографиялық және әлеуметтік өзгерістерге бейімдеу проблемаларын тудырады.

4. Конфессиялық демократияның қақтығыстардың алдын алудағы және тұрақтылықты қамтамасыз етудегі тиімділігі әр елдегі конфессияаралық қатынастардың тарихи контексті мен ерекшелігіне байланысты өзгереді.

Таяу Шығыстағы конфессиялық демократия аймақтағы діни-саяси қатынастардың ерекшеліктерін көрсететін күрделі және көп қырлы құбылыс. Айқын кемшіліктер мен сынға қарамастан, бұл жүйе бірқатар елдердің саяси өмірінде маңызды рөл атқарып келеді. Конфессиялық демократияның эволюциясын одан әрі зерттеу Таяу Шығыстағы саяси процестерді түсіну және аймақтағы демократияландыру болашағын бағалау үшін өте маңызды.

Қорытынды

Қорытындылай келе, конфессиялық демократия тұжырымдамасы діни, этникалық және саяси факторлардың күрделі тоғысуын көрсететін Таяу Шығыстағы қоғамның саяси ұйымының ерекше құбылысы екенін атап өткен жөн. Аймақтағы саяси процестерді талдау белгілі бір кемшіліктерге қарамастан билікті ұйымдастырудың конфессиялық қағидаты көпконфессиялы қоғамдарда саяси тұрақтылықты қамтамасыз етудің бірнеше жұмыс істейтін тетіктерінің бірі болып қала беретінін көрсетеді.

Зерттеу көрсеткендей, демократияның дәстүрлі батыстық модельдерін жергілікті ерекшеліктер мен қоғамдық ұйымның тарихи қалыптасқан формаларын ескермей, Таяу Шығыс топырағына механикалық түрде көшіру мүмкін емес. Конфессиялық демократия діни азшылықтардың саяси өкілдігін сақтауға ықпал етеді және үстем конфессиялық топтардың билікті монополиялауына жол бермейді. Сонымен бірге, бұл модель конфессияаралық қайшылықтарды институттандыру қаупін тудыратынын және ұлттық интеграция процестерін қиындатуы мүмкін екенін ескеру қажет.

Ливан сияқты елдердің тәжірибесі саяси басқару құралы ретінде конфессиялық демократияның әлеуетті мүмкіндіктерін де, шектеулерін де көрсетеді. Конфессиялық демократияның тиімділігі көп жағдайда саяси элиталардың консенсусқа қол жеткізу қабілетіне және әртүрлі діни қауымдастықтардың сындарлы диалогқа дайындығына байланысты екенін атап өткен жөн.

Таяу Шығыс қоғамдарын трансформациялаудың қазіргі жағдайында саяси өкілдіктің дәстүрлі нысандарын сақтау мен саяси институттарды жаңғырту қажеттілігі арасындағы тепе-теңдікті іздеу ерекше өзектілікке ие. Зерттеу нәтижелері конфессияаралық бейбітшілікті қамтамасыз етудің негізгі қағидаттарын сақтап, конфессиялық демократияны қазіргі заманның сын-тегеуріндеріне бейімдеу әлеуетін одан әрі зерттеу қажеттілігін көрсетеді. Жүргізілген талдау Таяу Шығыстағы конфессиялық демократияның болашағы осы модельдің аймақтың мәдени және діни ерекшеліктерін сақтай отырып, заманауи демократиялық тәжірибелерді дамыту және біріктіру қабілетімен анықталатындығы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

Anderson, 2011 – *Anderson Lisa.* Demystifying the Arab Spring: Parsing the Differences Between Tunisia, Egypt, and Libya // Foreign Affairs. 2011. Vol.90. № 3. P. 2-7.

Asad, 2018 – *Asad Talal.* Secular Translations: Nation-State, Modern Self, and Calculative Reason. New York: Columbia University Press, 2018. 222 p.

Bromberg, 2005 – *Brumberg Daniel*. Democratization Versus Liberalization in the Arab World: Dilemmas and Challenges for U.S. Foreign Policy. Strategic Studies Institute, 2005. 18 p.

Dodge, 2005 – *Dodge Toby.* Iraq's Future: The Aftermath of Regime Change. London: Routledge, 2005. 72 p.

Driessen, 2013 – *Driessen Michael.* Religious Democracy and Civilizational Politics: Comparing Political Islam and Political Catholicism. Doha, Qatar: Center for International and Regional Studies, 2013. 36 p.

El-Solh, 2004 – *El-Solh Raghid.* Lebanon and Arabism: National Identity and State Formation. London: I.B. Tauris, 2004. 382 p.

Esposito, 1996 – *Esposito John, Voll John.* Islam and Democracy. Oxford: Oxford University Press, 1996. 240 p.

Gerges, 2018 – *Gerges Fawaz.* Making the Arab World: Nasser, Qutb, and the Clash That Shaped the Middle East. Princeton: Princeton University Press, 2018. 528 p.

Harb, 2006 – *Harb Imad.* Lebanon's Confessionalism: Problems and Prospects // Peace Brief. 2006. 28 p.

Hinnebusch, 2003 – *Hinnebusch Raymond.* The International Politics of the Middle East. Manchester: Manchester University Press, 2003. 262 p.

Hudson, 1979 – *Hudson Michael.* Arab Politics: The Search for Legitimacy. New Haven: Yale University Press, 1979. 448 p.

Huntington, 1997 – *Huntington Samuel.* The Clash of Civilizations and the Remaking of World Order. New York: Touchstone, 1997. 367 p.

Ibrahim, 1982 – *Ibrahim Saad.* The New Arab Social Order: A Study of the Social Impact of Oil Wealth. London: Routledge, 1982. 224 p.

Kinninmont, 2012 – *Kinninmont Jane.* Bahrain: Beyond the Impasse. London: Chatham House, Royal Institute of International Affairs, 2012. 53 p.

Lewis, 2010 – *Lewis Bernard*. Faith and Power: Religion and Politics in the Middle East. Oxford: Oxford University Press, 2010. 240 p.

Lijphart, 1977 – *Lijphart Arend.* Democracy in Plural Societies: A Comparative Exploration. New Haven: Yale University Press, 1977. 268 p.

Naumkin, 2005 – *Naumkin Vitaly.* Radical Islam in Central Asia: Between Pen and Rifle. Lanham: Rowman & Littlefield, 2005. 336 p.

Owen, 2004 – *Owen Roger.* Power and Politics in the Making of the Modern Middle East. London: Routledge, 2004. 296 p.

Roy, 2004 – *Roy Olivier.* Globalized Islam: The Search for a New Ummah. New York: Columbia University Press, 2004. 360 p.

Sharabi, 1992 – *Sharabi Hisham.* Neopatriarchy: A Theory of Distorted Change in Arab Society. Oxford: Oxford University Press, 1992. 224 p.

Tetreault, 2000 – *Tetreault Mary Ann.* Stories of Democracy: Politics and Society in Contemporary Kuwait. New York: Columbia University Press, 2000. 326 p.

Zubaida, 2011 – *Zubaida Sami.* Beyond Islam: A New Understanding of the Middle East. London: I.B. Tauris, 2011. 256 p.

Мирский, 2002. – *Мирский Георгий.* Политический ислам и западное общество // Полис. Политические исследования. 2002. № 1. С.78-86.

References:

Anderson, 2011 – Anderson Lisa. Demystifying the Arab Spring: Parsing the Differences Between Tunisia, Egypt, and Libya // Foreign Affairs. 2011. Vol.90. № 3. P. 2-7.

Asad, 2018 – Asad Talal. Secular Translations: Nation-State, Modern Self, and Calculative Reason. New York: Columbia University Press, 2018. 222 p.

Bromberg, 2005 – Brumberg Daniel. Democratization Versus Liberalization in the Arab World: Dilemmas and Challenges for U.S. Foreign Policy. Strategic Studies Institute, 2005. 18 p.

Dodge, 2005 – Dodge Toby. Iraq's Future: The Aftermath of Regime Change. London: Routledge, 2005. 72 p.

Driessen, 2013 – Driessen Michael. Religious Democracy and Civilizational Politics: Comparing Political Islam and Political Catholicism. Doha, Qatar: Center for International and Regional Studies, 2013. 36 p.

El-Solh, 2004 – El-Solh Raghid. Lebanon and Arabism: National Identity and State Formation. London: I.B. Tauris, 2004. 382 p.

Esposito, 1996 – Esposito John, Voll John. Islam and Democracy. Oxford: Oxford University Press, 1996. 240 p.

Gerges, 2018 – Gerges Fawaz. Making the Arab World: Nasser, Qutb, and the Clash That Shaped the Middle East. Princeton: Princeton University Press, 2018. 528 p.

Harb, 2006 – Harb Imad. Lebanon's Confessionalism: Problems and Prospects // Peace Brief. 2006. 28 p.

Hinnebusch, 2003 – Hinnebusch Raymond. The International Politics of the Middle East. Manchester: Manchester University Press, 2003. 262 p.

Hudson, 1979 – Hudson Michael. Arab Politics: The Search for Legitimacy. New Haven: Yale University Press, 1979. 448 p.

Huntington, 1997 – Huntington Samuel. The Clash of Civilizations and the Remaking of World Order. New York: Touchstone, 1997. 367 p.

Ibrahim, 1982 – Ibrahim Saad. The New Arab Social Order: A Study of the Social Impact of Oil Wealth. London: Routledge, 1982. 224 p.

Kinninmont, 2012 – Kinninmont Jane. Bahrain: Beyond the Impasse. London: Chatham House, Royal Institute of International Affairs, 2012. 53 p.

Lewis, 2010 – Lewis Bernard. Faith and Power: Religion and Politics in the Middle East. Oxford: Oxford University Press, 2010. 240 p.

Lijphart, 1977 – Lijphart Arend. Democracy in Plural Societies: A Comparative Exploration. New Haven: Yale University Press, 1977. 268 p.

Mirskij, 2002. – Mirskij Georgij. Politicheskij islam i zapadnoe obshhestvo [Political Islam and Western society] // Polis. Politicheskie issledovanija. 2002. № 1. P.78-86. (in Rus).

Naumkin, 2005 – Naumkin Vitaly. Radical Islam in Central Asia: Between Pen and Rifle. Lanham: Rowman & Littlefield, 2005. 336 p.

Owen, 2004 – Owen Roger. Power and Politics in the Making of the Modern Middle East. London: Routledge, 2004. 296 p.

Roy, 2004 – Roy Olivier. Globalized Islam: The Search for a New Ummah. New York: Columbia University Press, 2004. 360 p.

Sharabi, 1992 – Sharabi Hisham. Neopatriarchy: A Theory of Distorted Change in Arab Society. Oxford: Oxford University Press, 1992. 224 p.

Tetreault, 2000 – Tetreault Mary Ann. Stories of Democracy: Politics and Society in Contemporary Kuwait. New York: Columbia University Press, 2000. 326 p.

Zubaida, 2011 – Zubaida Sami. Beyond Islam: A New Understanding of the Middle East. London: I.B. Tauris, 2011. 256 p.

[1]Сейтахметова Н.Л., [2]Жандосова Ш.М. [3]Нуров М.М.

[1,2] Институт философии, политологии и религиоведения, Алматы, Казахстан

[3]Университет «Туран», Алматы, Казахстан,

E-mail: [1]natalieseyt@mail.ru, [2]sholpan_zhandosova@mail.ru, [3]markhabbatnur@gmail.com

«КОНФЕССИОНАЛЬНАЯ ДЕМОКРАТИЯ» В КОНТЕКСТЕ ПОЛИТИЧЕСКИХ ПРОЦЕССОВ БЛИЖНЕГО ВОСТОКА

Аннотация. В данной статье рассматривается феномен конфессиональной демократии как особой формы политического устройства на Ближнем Востоке. Особое внимание уделяется анализу взаимосвязи религиозных институтов и демократических процессов в регионе, а также оценке эффективности данной модели в контексте современных политических вызовов. Новизна исследования заключается в комплексном анализе феномена «конфессиональной демократии» как специфической формы политического устройства ближневосточных государств, учитывающей религиозно-общинную структуру общества при формировании органов власти. Основная задача исследования состоит в выявлении особенностей функционирования конфессиональной демократии в политических системах стран Ближнего Востока и определении её влияния на стабильность государственных институтов в условиях межконфессиональной напряженности. Цель статьи – провести системный анализ модели конфессиональной демократии как инструмента обеспечения политического представительства различных религиозных общин и механизма достижения межконфессионального баланса в политической системе ближневосточных государств. Методы исследования включают институциональный и сравнительно-политологический анализ, системный подход, а также методы исторической реконструкции. Результаты исследования демонстрируют, что конфессиональная демократия, несмотря на ряд внутренних противоречий, служит действенным механизмом обеспечения политической стабильности в многоконфессиональных обществах Ближнего Востока, способствуя институционализации межрелигиозного диалога и предотвращению конфессиональных конфликтов путем гарантированного представительства религиозных общин в органах государственной власти.

Благодарность: Статья подготовлена в рамках программно-целевого финансирования Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (BR21882428 «Влияние и перспективы ислама как духовно-культурного, политического, социального явления в постнормальные времена: опыт стран Ближнего Востока и Центральной Азии»).

Ключевые слова: конфессиональная демократия, Ближний Восток, политические процессы, религиозные институты, политическая модернизация, демократия, ислам.

[1]Seitakhmetova N.L., [2]Zhandosova Sh.M. [3]Nurov M.M.
[1,2] Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies
CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan,
[3] «Turan» University, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: [1]natalieseyt@mail.ru, [2]sholpan_zhandosova@mail.ru, [3]markhabbatnur@gmail.com

«CONFESSIONAL DEMOCRACY» IN THE CONTEXT OF POLITICAL PROCESSES IN THE MIDDLE EAST

Abstract. This article examines the phenomenon of confessional democracy as a special form of political system in the Middle East. Particular attention is paid to the analysis of the relationship between religious institutions and democratic processes in the region, as well as to the assessment of the effectiveness of this model in the context of modern political challenges. The novelty of the study lies in the comprehensive analysis of the phenomenon of "confessional democracy" as a specific form of political system in the Middle Eastern states, taking into account the religious and communal structure of society in the formation of government bodies. The main objective of the study is to identify the features of the

According to the research of G.B. Shaimukhambetova, al-Farabi facilitated the resurrection of the Greek idea of paideia, in other words, the idea of education, the idea of spiritual formation of a person and his acculturation (Shaymukhambetova, 2009: 94). A Turkish researcher U. Akküş noted the uniqueness and novelty of this treatise to this day, explaining "the active functioning of science indicated in the Classification of Sciences by al-Farabi" (Akküş, 2018: 41). Another Turkish researcher H.H. Bircan equated al-Farabi's classification of sciences "with the hierarchy of being, i.e. to the extent that being is sublime, so is the classification of sciences sublime; accordingly, at the top of the hierarchy of sciences is metaphysics, and al-Farabi's system of sciences is a science or a set of sciences, where each science is part of philosophy" (Bircan, 2022: 14). According to al-Farabi, any science is philosophical. M. Dugan and A.K. Turgut classify this treatise as the first surviving unique work and a mandatory textbook for a philosopher, which must be referred to (Dugan, Turgut, 2020: 300-301). Based on al-Farabi's works, the objects of science can be metaphysical, physical, logical, mathematical and political, philosophy draws conclusions from all of them and sums it up in such a way that not a being exists in the world to which it has no relationship. From the definition of

philosophy, it follows that its goal is knowledge to the best of human potential (Shaymukhambetova, 2009: 93). Abu Nasr al-Farabi in this work notes: "Everything that is included in this book is useful because if a person wishes to study and consider one of these sciences, he will know where to start, what exactly should be studied, what is suitable and what is unsuitable for studying and what degree he will achieve. Thus, his approach to the sciences will be based on knowledge and reason, not blindness and ignorance" (Farabi, 2019: 122). The Arabic word *'ilm'*, consisting of three root letters *('ع' ayn, 'ل' lyam, 'م' mim),* is the name of an action (or *masdar*) in Arabic from the verb 'علم' *'alima* (to know, to understand). In the Turkish language ilm has the meaning of *ilim, bilim*; in Kazakh meaning "*ilim, bilim, ğylym, teoriya*" (Arabsha-Qazaqsha sozdik, 2016: 493); in Arabic-Russian – *znanie, nauka, teoriya* (Baranov, 2000: 535), which collectively translate into English as knowledge, science, theory, education. Abu Nasr al-Farabi in the original Arabic version of this treatise (Farabi) often resorts to the use of *'ilm*, however, its use in translations – preservation, replacement or omission based on the material of three languages – Kazakh, Turkish and Russian – did not become the object of study to this day.

Results of research

Al-Farabi's treatise 'the Enumeration of the sciences' (original: *Ihsa' al-'ulum* – verbatim 'Classification of Sciences') consists of five chapters and, depending on each chapter, a certain number of sections, which corresponds to the translated texts. The main chapters of the treatise are the names of the key sciences (Table 1).

Table 1. Key branches of science in al-Farabi's treatise in translations into Kazakh, Russian and Turkish (based on [Farabi, 2019:13-15])

Kazakh (transliterated and original versions)	**Russian** (transliterated and original versions)	**Turkish** (original)	**Arabic** (transliterated)
til turaly ğylym	nauka o yazyke	dil ilmi	'ilm al-Lisan
logika	logika	mantık ilmi	'ilm al-Mantiq
matematika	matematika	ta'lîm ilimleri	'ilm at-Ta'aliim
tabiğat ğylymdary jâne tanirlik turaly)	o naukah estestvennoy i bojestvennoy	tabiat ilmi île ilahiyat ilmi hakkında	al-'ilm at-Tabi'yi ua al-'ilm al-ilahi
azamattyq ğylym, fiqh jâne dini ilim turaly	o grajdanskoy nauke, yurusprudencii i dogmaticheskom bogoslovii	medenî ilim, fikih ilmi ve kelam ilmi hakkında	al-'ilm al-madani, 'ilm al-fiqh ua 'ilm al-kalam

As can be determined from the previous table (Table 1), the name of the key sciences in Kazakh and Russian uses the preposition *'o', 'ob'* in Russian and *'turaly'* in Kazakh, the Turkish text follows the original Arabic ('ilm al-lisan), where the scinece, consists of two words connected by izafet – *Dil ilmi*, directly translated to 'the science of language'. Although both in Kazakh and Russian, a similar version is used in the translations of the treatise *'til bilimi'* and *'yazykoznanie'*, respectively, consisting of two words – 'language' and 'knowledge', the previous one formed from izafet, and the last one from their addition. Abu Nasr al-Farabi, despite the presence of the synonymous word *'al-luğa'* in Arabic, uses '*al-lisan'* throughout the treatise to convey the word 'language'. For science (or a science field), he categorically applies *'ilm*, in some cases equating it to art (for example, the art of logic, the art of grammar). There is a note that claims: "Science is denoted by the term *'ilm*, and craft and art by one term – *sina'at*; however, no sharp distinction is made between them. Moreover, the notions that we classify as science (for example, logic) or art (for example, music), al-Farabi often calls just the opposite. The fact is that Greek terms did not have such a strict distinction among ancient

philosophers yet as they were acquired in modern times. Because of this, al-Farabi classifies, for example, physical and mental labour as art" (Farabi, 2019: 200).

Next, the treatise author classifies the science of language into subsections. *Ilm al-lisan* or the science of language (aka linguistics) examines simple words in its subsection, which is called in Turkish – *tek kelimelerin ilmi* (al-Farabi, 2022) (lit. science of simple words), in Kazakh – *jai sôzder turaly ğylym* [al-Farabi, 2019] and in Russian – *nauka o prostyh slovah* [al-Farabi, 2019]; compound words – *toplu kelimelerin ilmi* (al-Farabi, 2022) (lit. the science of collective (compound) words), *sôz tirkesteri turaly ğylym, nauka o slovosochetaniyah* (al-Farabi, 2019); about the laws of simple words – *kelimelerin tek oldukları zamanki kanunları* (lit. laws of simple words), *jai sôzderding zangdary turaly ğylym* and *nauka o zakonah prosyh slov* (al-Farabi, 2019); about the laws of simple words – *kelimelerin toplu oldukları zamanki kanunları* (al-Farabi, 2022) (lit. the laws of complex words), *sôz tirkesterining zangdary turaly ğylym* and *nauka o zakonah slovosochetanii* [al-Farabi, 2019]; about orthography – *doğru yazma kanunları ilmi* (lit. the science of the laws of correct writing), *jazu zangdary turaly ğylym* and *nauka o zakonah pisma* (al-Farabi, 2019); about orthoepy – *doğru okuma kanunları ilmi* (al-Farabi, 2022) (lit. the science of the laws of correct reading), *durys oqu turaly ğylym* and *pravila o zakonah pravilnogo chteniya* [al-Farabi, 2019]; about the sentence and its structure (syntax) – *nahiv ilmi* (lit. the science of the sentence) in Turkish and *sintaksis* in the other two languages.

An Egyptian scholar M. F. Hijazi, considering the "Classification of Sciences" in Arabic, when translating into Kazakh, identifies the following subsections of the science of language: "the study of individual words, the study of phrases, the study of spelling, the study of reading, the study of poetry". From the first chapter, we can see that some words, where the word *'ilm* is present in the Kazakh and Russian languages are absent in the Turkish language. For example, *jai sôzderding zangdary turaly ğylym* (Farabi, 2019: 130), *nauka o zakonah prostyh slov* (Farabi, 2019: 124), *kelimelerin tek oldukları zamanki kanunları* (lit. the science of the laws of simple words) (Farabi, 2022: 59).

In the second chapter, the Arabic term *'ilm al-mantiq* (lit. science of logic) translated into Turkish *mantık ilmi* (lit. Science of logic), into Kazakh and Russian equally – *logika*, borrowed from Russian into Kazakh – 'log' /root/, 'ik' /suffix/, 'a' /ending/, where the word 'science' was dropped accordingly. In the third chapter, devoted to mathematics, which al-Farabi calls *'ilm at-ta'aliim* (usually the plural *'ulum at-ta'alim* – mathematical sciences) translated into Turkish means *ta'lîm ilimleri* (here the translator used the Arabic version, not the Turkish version *matematik*), into Kazakh and Russian – mainly *'matematika'*. The encyclopedist divides it into arithmetic, geometry, optics, astronomy, music, the science of weights and the science of skillful techniques. In the original Arabic text, they all include the word *'ilm*, and in the translated texts, in Turkish – *sayı (aded) ilmi* (literally science of numbers), *hendese (geometri) ilmi* (lit. geometric science), *menazır ilmi* (lit. science of places within the field of view), yıldızlar ilmi (lit. science of stars), musiki ilmi (lit. science of music), ağırlıklar ilmi (lit. science of weights), tedbirler (hiyel) ilmi (lit. science of measures and planning). A morphemic analysis of these words and expressions, can lead us to see the word *'ilm* 'science'. *Sayı ilmi* (lit. science of numbers), *sayı* (lit. number) – comes from the Turkish verb *say-* (lit. count) with the suffix *+y(g)*. The verb comes from the ancient Turkic verb *sa-* (to count). Aded (lit. number) is a loanword from the Arabic word 'العدد' *adad* (number). *Hendese* (geometry) is a loanword from the Arabic 'الهندسة' /*handasa*/, originally from the Middle Persian word *handāçag* (lit. measure, measurement) that comes from the verb *handāç-* (lit. to measure), with the suffix *-a*. In parentheses the translator of the treatise gives a synonym in Turkish '*geometri*' ('geometry'). *Menāẓir* (lit. glances, places that come into view, attractive places, images) is the plural form of the Arabic *'المنظرة' manzara* word manẓara*(t)* مَنْظَرة (lit. glance, place in the field of view); the word *yıldız* (star) – Turkic and *-lar* plural ending; *musiki* (music), entered through Arabic *'الموسيقي' musiqi*; *ağır* (heavy) Turkic and *-lık* suffix, *-lar* plural ending; *tedbir* (measure) comes from Arabic *'التدبير'* (measure), which means thinking about a matter in advance, planning, project. In Kazakh – *arifmetika, geometriya, optika, astronomiya, muzyka* and similarly in Russian. A morphemic analysis of these words shows

that *arifmetika* consists of *arifmet* (root) + *ik* (suffix) + *a* (ending); *optika* from *opt* (root) + *ik* (suffix) + *a* (ending); *geometriya – geo* (root)+*metr* (root)+*i* (suffix)+*ya* (ending); *astronomiya* from *astr* (root)+*o* (connecting vowel)+ *nom* (root)+*i* (suffix)+*ya* (ending); *muzyka* from *muzyk* (root) + *a* (ending). As we can see from al-Farabi's list of sciences, in the Middle Ages the scope of mathematics was much wider, and it included music. In the note to the translation of the treatise into Russian, the relation of music to mathematics is explained as follows: "Music, after Pythagoras, always appears among the mathematical sciences, because its theory is based on mathematics; the science of the stars contains both astrology and astronomy" (Farabi, 2019: 201). In the Russian and Kazakh languages, most of the names for the sections of sciences coincide, except for the sciences of weights and skillful techniques, *'ilm al-athqal* and '*ilm al-hayl*, respectively. The same note to the translation states "...the science of weights is not only the measurement of weights or with the help of weights, but mainly the science of levers; the science of skillful techniques, or 'the science of crafts', with the help of which one manages to perform various calculations that are very difficult for simple methods, which is why among its subsections we find algebra. Later, the 'science of crafts' – like the old Russian 'cunning business', 'cunning ways', etc. – becomes predominantly mechanics" (Farabi, 2019: 201). The science of weights in the Kazakh language – *salmaqtar turaly ğylym* and the science of skillful techniques – *sheber tasilder turaly ğylym*, in Russian – *nauka o tyajestyah* and *nauka ob iskusnyh priemah* respectively.

Regarding the fourth chapter, it examines two sciences – physics and metaphysics, which in the original language also include the word *'ilm*, but not in an isafet construction (like the science of language; the science of logic, the science of mathematics, etc.), but in coordination – *al-'ilm at-tabi'yi* physics and *al-'ilm al-ilyahyi* metaphysics (al-Farabi, 1996), which were translated into Turkish first – *tabiat ilmi* (lit. science of nature; *tabiat* – noun, *ilm* – noun + *i* third person ending), came from the Arabic *'الطبيعة' tabīa(t)* "something that does not depend on origin, character, will and upbringing", the second – *îlâhiyat ilmi* (*el-ilm-ül-ilâhi*) – the science of theology, also from Arabic – *'إله' ilāh* God+suffix *īyāt*; into Kazakh and Russian – *fizika* and *metafizika.* As in previous examples, translation options in Kazakh and Russian are the same – *meta* (root); *fiz (физ)* (root) + *ik* (suffix) + *a* (ending).

The fifth chapter includes civil science, jurisprudence and dogmatic theology, the first is civil science in the Turkish translation *medenî ilim* (lit. urban, related to the city, civic), which came from the Arabic *'المدني' madani* urban; the second is *fıkıh ilmi*, consisting of Arabic *'فقه' fiqh* and '*علم' 'ilm*; the third is *kelâm ilmi* (lit. the science of Islamic theology), also borrowed from the Arabic *'الكلام' kalam* – Islamic theology. In Kazakh *azamattyq ğylym; fiqh; dini ilim* respectively; in Russian *grajdanskaya nauka, yurisprudensiya* and *dogmaticheskoye bogoslovye* respectively.

As we can see, in translation into Kazakh and Russian languages, the word science is omitted and common names have emerged in both languages: *logic, mathematics, physics, music, optics, geometry, arithmetic,* etc. (al-Farabi, 2019; al-Farabi, 1996). For comparison, in Turkish in all of the above sciences, the word *ilim* (*mantık ilmi hakkında, tabiat ilm, musiki ilmi, menazır ilmi, hendese (geometri) ilmi, sayı (aded) ilmi,* etc.) has been preserved. In the names of the humanities and social sciences in al-Farabi's treatise, a tracing translation into the Kazakh language is observed, unlike others, where in most cases the Russian version is borrowed. When transmitting physics and metaphysics, in addition to borrowing, tracing was used – *tabigat ğylymdary* and natural science for physics (from Arabic *al-'ilm at-tabi'yi* lit. natural science) and *tanirilik ğylym* and *bozhestvennaya nauka* for metaphysics, in Turkish – *tabiat ilm* and *îlâhiyat ilmi (el-ilm-ül-ilâh)* are used. Some of subsections (areas) of al-Farabi's Enumeration of the sciences with original version and transliterated version are given (Table 2).

Table 2. Al-Farabi's subsciences in translation (based on [al-Farabi, 2019: 14-15; Farabi, 2022])

Kazakh	Russian	Turkish
jai sôzder turaly ğylym	nauka o prostyh slovah	tek kelimelerin ilmi
sôz tirkesteri turaly ğylym	nauka o slovosochetaniyah	toplu kelimelerin ilmi
jai sôzderding zangdary turaly ğylym	nauka o zakonah prosyh slov	kelimelerin tek oldukları zamanki kanunları
sôz tirkesterining zangdary turaly ğylym	nauka o zakonah slovosochetanii	kelimelerin toplu oldukları zamanki kanunları
jazu zangdary turaly ğylym	и nauka o zakonah pisma	doğru yazma kanunları ilmi
durys oqu turaly ğylym	pravila o zakonah pravilnogo chteniya	doğru okuma kanunları ilmi
til bilimi	yazykoznaniye	dil ilmi
poetika	poetika	şiir kanunları ilmi
sintaksis	sintaksis	nahiv ilmi (syntaxe)
kone zamandagylar	drevniye	eski ilim adamları
sofista	sofista	sofista
arifmetika	arifmetika	sayı (aded) ilmi.
geometriya	geometriya	hendese (geometri) ilm
optika	optika	menazır ilmi
juldızdar turaly ğylym	nauka o zvezdakh	yıldızlar ilmi
muzyka turaly ğylym	nauka o muzyke	musiki ilmi.
salmaqtar turaly ğylym	nauka o tyajestyah	ağırlıklar ilmi
fizika	fizika	tabiat ilm
metafizika nemese tanirilik gylym	metafizika ili bozhestvennaya nauka	îlâhiyat ilmi (el-ilm-ül-ilâh)
azamattyq ğylym	grajdanskaya nauka	medenî ilim
dını ılımınıñ bılgırı	znatok dogmaticheskogo bogosloviya	kelâm âlimlerinden

In the treatise, in addition to the meaning of science, *'ilm* is used in the phrase *'ahl al-'ilm'* (lit. representatives of science) as *ilim sahibi* (possessing science, having science, owner of science) in Turkish, '*ğalym'* in Kazakh and '*uchenyy'* in Russian. The Kazakh word *'ğalym'* came from the Arabic *'alim' (العالم)* as a producer of the verb 'to know', i.e. who is doing science, scientist, scholar. In his treatise, Abu Nasr al-Farabi uses both variants in the meaning of scientist – *'ahl al-'ilm'* and *'al-'alim'*, which in three languages have found their use as Turkish – *alim* (scholar), *eski ilim adamları, ilmin ehlinden olan eski kimseler*, in Kazakh – *bilgir*, *kone zamandagylar*, *zerttegen ertedegı evklidten basqa ğalymdar*, in Russian – *znatok*, *drevniye uchenye*. In addition to the names of sciences and subsections, as well as the word scientist, the word *'ilm* is used in the meaning of knowledge, which is paramount in lexicography. For example, in Turkish *tesadüf edilen sözlerin ilmidir* (knowledge about random words), *Kelimeler toplu oldukları veya bir tertip içine konuldukları zaman, isim ve fillerin sonlarının nasıl olacağını gösteren kanunlar verir* (Farabi, 2022: 61) in Kazakh – '*būl belgılı bır halyqta kezdesetın qūramdy sözderdı bılu', 'afikster erejeler jönında bılım'*, in Russian – 'eto znanie sostavnyh rechenij, vstrechayushchihsya u dannogo naroda'; 'znanie pravil affiksov' (meaning in English "it is the knowledge of compound sayings found among a given people'; 'knowledge of the rules of affixes") (Farabi, 2019: 126), etc.

The inconsistencies in the meanings of some phrases and sentences were also identified. In Turkish, *'başka ilimlerden'* (other sciences) in Kazakh *(barlyq gylymdardy)* and Russian (*vse nauki*) means all sciences; in Turkish *eski ilim adamları* (ancient scientists), in Kazakh *(kone zamandagylar)* (ancients, those who lived in ancient times) and in Russian (*drevniye*); *insanı doğruya götüren ilim*; *"Sofista eski zamanlarda yaşamış bir insanın adıdır, mezhebi de idrâkin ve ilimlerin kıymetini yok*

etmektir" (Farabi, 2022: 92), in Russian – Sofista – eto imya cheloveka, zhivshego v drevnie vremena (*Sofista is the name of a person who lived in ancient times*) (Farabi, 2019: 141) and in Kazakh *"Sofista – kone zamanda omir surgen adamnyn aty*" (Farabi, 2019: 149), etc., in the Kazakh and Russian translation the word *'ilm* is omitted; *"Bu da ya kendi hakkında olur ve insan kendini hikmet, ilim ve fazilet sahibi zanneder"* (Farabi, 2022: 81), in Kazakh "*Aldaydy zhane danamyn, galymmyn, abzal adammyn dep ozi turaly nemese baska bireu turaly, olay bolmasa da buzylgan adam dep zhalgan pikir bildiredi*" (Farabi, 2019: 148), in Russian "Chto on mudr, uchen i prevoskhoden, ili o drugom chto on obladaet porokom, hotya eto v dejstvitel'nosti ne tak" *(lit. That he is wise, scholarly and excellent, or otherwise that he has a vice, although this is in fact not the case)* (Farabi, 2019: 140). In some sentences, the Russian and Kazakh translation is similar, for example, *"Çünkü insanların yaptıkları, zan veya ilimlerini takip etmekten ziyade, tasavvurlarını takip eder"* (Hijazi, 2012: 84), the word *'ilim'* was used in the Kazakh language *"Adam ekinin birinde zhoramaly men bilimine emes, ozinin qiyalyna suenedi"* (Farabi, 2019: 151), and in the Russian translation *"A person is more often guided by his imagination than by assumption and knowledge"* (Farabi, 2019: 142).

Conclusion

Thus, in one of the treatises of al-Farabi's encyclopedic heritage – Classification of Sciences, the keyword is presented in the Arabic word '*ilm'*, which is translated as science and knowledge; other words were derived from it in the source language, rather izafet phrases, in particular, scientist – *ahl al-'ilm* (representatives of science) or *al-'aalim* (knowledgeable, the one who knows, scientist). Abu Nasr al-Farabi used both options in the original text. The Kazakh language borrowed the second option, turning the letter *ayn (ع)* into *ğ (ғ)*, and was used in the translation 2 times. In the Kazakh text, the word science *ğylym (ғылым)* occurs 98 times, the word *ilim (ілім)* – 21 times, *bilim (білім)* – 10 times, in the meaning scientist, scholar – 10 times (in Kazakh *ğalym, danyshpan, bilgir, oishyl*) although al-Farabi replaces all three options with one universal word *'ilm*. Other single-root words used by al-Farabi in the treatise were not taken into account. In Turkish, the word *'ilm (ilim)* occurs 150 times, and the word scholar (*alim*) 14 times.

In the Russian language, the word in the meaning of science *('ilm)* occurs 95 times, in the meaning of the word knowledge 19 times, in the meaning the word scholar, scientist 10 times (*znatok, uchenyi, drevnie uchenye, mudrec*). When translating scientific fields into Kazakh and Russian, in some cases the word *'ilm* was omitted (logic, mathematics, geometry, arithmetic, optics, physics, music, astronomy, etc.), while in the Turkish version, it was preserved as much as possible.

References:

أبو نصر الفارابي. إحصاء العلوم. قدم له وشرحه الدكتور علي بو ملحم، بيروت: دار ومكتبة الهلال، – 1996، الفارابي. ١٩٩٦ الطبعة الأولى.

Аль-Фараби, 2019 – *Абу Наср аль-Фараби.* В 7-ми томах. Т. 2: Философские трактаты.Алматы: RS; Международный клуб Абая, 2019. 208 с.

Akküş, 2018 – *Akküş Ü.* Farabi'nin İlimlerin Sayımı Kitabındaki İlimlerin Amaçları // 2. Uluslararası Din Eğitimi Kongresi Bildiri Kitabı, 2018. S. 30-41.

Арабша-қазақша сөздік, 2016. – Арабша-қазақша сөздік / Түзушілер: Палтөре Ы., Жүсіпбеков Ж., Мұхитдинов Р., Қыдырбаев Қ. және т.б. Алматы: Нұр-Мүбарак, 2016. 918 б.

Әл-Фараби, 2019 – *Әбу Насыр әл-Фараби.* 7 томдық жинағы. Т. 2: Философиялық трактаттар. Алматы: RS; Халықаралық Абай клубы, 2019. 224 б.

Баранов, 2000 – *Баранов Х.К.* Большой арабско-русский словарь. Том 2. М.: Русский язык, 2000. 535 с.

Bircan, 2022 – *Bircan H.* Fârâbî'nin İlimler Sınıflandırmasının Felsefi, Dini ve Aktüel Değeri // SEMA Selçuklu Medeniyet Araştırmaları Dergisi. 2022. №7 S.1-17.

Çalık, 2023. – *Çalık E.S.* Fârâbî'de Felsefe ve Geometri İlgisi // Current Perspectives in Social Sciences. 2023. 27(4) S. 312-315. doi: 10.5152/JSSI. 2023.23446

Dugan, Turgut, 2020 – *Dugan M., Turgut A.* Kindî ve Fârâbî'nin İlimler Tasnifinde Müziğin Yeri ve Önemi // Turkish Academic Research Review. 2020. 5 (2). S. 289-308.

Farabi, 2022 – *Farabi.* İlimlerin Sayımı Hakkında Kitabu İhsau'l-Ulum [çev. Ahmed Ateş]. İstanbul: Büyüyenay Yayınları, 2022. 159 s.

Көбесов, 2004 – *Көбесов А.* Әбу Насыр әл-Фараби. Алматы: Қазақ университеті, 2004. *176 с.*

Курмангалиева, 2012 – *Курмангалиева Г.* Аль-Фараби в казахстанской философии // Творчество аль-Фараби в социокультурном измерении Востока и Запада: к 10-летию журнала «аль-Фараби». Материалы международного круглого стола / Под общ. Ред. З.К.Шаукеновой. Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2012. С. 18-27.

Нәжімеденов, 2008 – *Нәжімеденов Ж.* Әл-Фарабиге дейінгі ғылыми ойдың жетістіктері. // Хабаршы Философия сериясы, мәдениеттану сериясы, саясаттану сериясы. 2008. 106–109.

Хиджази, 2012 – *Хиджази М.Ф.* Әл-Фарабидің мәдениет сұхбаттары аясындағы тіл теориясы // Творчество аль-Фараби в социокультурном измерении Востока и Запада: к 10-летию журнала «аль-Фараби». Материалы международного круглого стола / Под общ. Ред. З.К.Шаукеновой. Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2012. С. 28-32

Шаймухамбетова, 2009 – *Шаймухамбетова Г.Б.* Проблематика философского творчества аль-Фараби // Наследие аль-Фараби и проблемы современного межкультурного диалога. Алматы: Институт философии и политологии Комитета науки МОН РК, 2009. С. 89-96.

Шарипов, 2009 – *Шарипов Д.К.* Аль-Фараби и Кошани (Бобо Афзал) о классификации наук // Наследие аль-Фараби и проблемы современного межкультурного диалога. Алматы: Институт философии и политологии Комитета науки МОН РК, 2009. С. 121-128.

[1]Мустафаева А.А. [2]Исаханова Кырджа М.М. [3*]Палтөре Ы.М.
[1,2]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
[3]Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан
E-mail: [1]rummana@mail.ru, [2]imeyrim@mail.ru, [3]yktiyar@inbox.ru

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ҒЫЛЫМДАР ЖІКТЕМЕСІНДЕГІ ‘ИЛМ АРАБ СӨЗІНІҢ КӨПТІЛДІК АУДАРМАСЫ

Аңдатпа. Өмірінің көп бөлігін қазіргі араб мемлекеттерінің жерінде, оның ішінде Мысыр мен Шамда (Сирия) территориясында өткізген Әбу Насыр әл-Фараби ана тілі – араб тілі болмаса да, өзінен кейінгі үлкен мұрасын сол тілде қалдырды. Мұрасындағы трактаттар мен олардың мазмұны сол кездегі ғылымның негізгі салалары бойынша жазылғанымен, оларды араб тілінен аудару мен зерттеу жүргізу бүгінгі күнге өзектілігі мен маңыздылығын жоғалтпады. Әбу Насыр әл-Фарабидің сақталған трактаттарының бірі, Екінші ұстаздың заманында ғылыми бағыттардың шамамен барлығын қамтып, оның да, қоршаған ғылыми ортасының да энциклопедиялық білімінен хабардар ететін еңбегі – «Ғылымдар жіктемесі». Трактаттың практикалық маңыздылығы орта ғасырлардың өзінде Шығыста ғана емес, Батыста да айқын көрініс тапты. Ғылымдардың жіктемесі, бір жағынан, әл-Фараби қолжазба қорының бір бөлігі болса, екінші жағынан, ғалымның сан қырлы көзқарастарын, оның ішінде жаратылыстану, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдарды қамтитын ортағасырлық энциклопедиялық мұра. Әбу Насыр әл-Фарабидің аталмыш трактатындағы түйінді сөз – араб тіліндегі «‘илм» сөзі; мәнмәтінге байланысты қазақ тіліне ғылым, ілім, білім, білу, -тану; орыс тіліне – наука, знание; түрік тілінде – ilim және bilim деп аударылады. Зерттеудің мақсаты – трактаттағы араб тіліндегі ‘илм сөзінің қазақ, түрік, орыс тілдеріне аударылғандағы көрінісін зерделеу. Зерттеудің негізі материалы ретінде әл-Фарабидің «Ғылымдар жіктемесі» трактатының үш тілдегі аудармасы, ал қосымша материалы ретінде трактаттың түпнұсқасы

алынды. Зерттеу салыстырмалы әдіс негізінде жүргізілді. Осы зерттеудің нәтижесі бойынша, қарастырылып отырған сөздің қазақ, түрік, орыс тілдеріндегі аудармаларында негізгі мағыналары; сөз тіркесінің құрамындағы қосымша мағыналар; сөздің қолданылу жиілігі анықталды.

Кілт сөздер: ғылымдар жіктемесі, әл-Фараби, араб, қазақ, түрік, орыс, аударма, ‘илм

[1]Мустафаева А.А. [2]Исаханова Кырджа М.М. [3*]Палторе Ы.М.
[1,2]*Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан*
[3]*Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан*
E-mail: [1]rummana@mail.ru, [2]imeyrim@mail.ru, [3]yktiyar@inbox.ru

МУЛЬТИЯЗЫЧНЫЙ ПЕРЕВОД АРАБСКОГО СЛОВА ‘ИЛМ В КЛАССИФИКАЦИИ НАУК АЛЬ-ФАРАБИ

Аннотация. Абу Наср аль-Фараби, проживший большую часть своей жизни на территории современных арабских государств – Египте и Сирии, оставил после себя кладезь трактатов, составленных на неродном ему языку – арабском, включающих в себя ключевые направления науки того времени, перевод и изучение которых актуально и значимо по сей день. Одним из трактатов Абу Насра аль-Фараби, включающего практически все научные направления того времени и демонстрирующего энциклопедические знания Второго учителя после Аристотеля, является Классификация наук. Практическая значимость трактата уже была очевидна в средние века как на Западе, так и на Востоке. Многогранное наследие средневекового ученого-энциклопедиста остается в фокусе внимания востоковедения, в частности арабистики, философии, фарабиеведения и по сей день. Трактат Классификация наук с одной стороны является частью рукописного фонда аль-Фараби, с другой стороны – средневекового энциклопедического наследия, охватывающего многогранные взгляды ученого, включая точные, естественные, социально-гуманитарные науки. Ключевым словом в трактате «Классификация наук» Абу Насра аль-Фараби является арабское слово «ʻилм», которое в зависимости от контекста при переводе на казахский означает ғылым, ілім, білім, білу, -тану; на русский – наука, знание; на турецкий – ilim и bilim. Цель исследования заключается в изучении отражения арабского слова илм при переводе на казахский, турецкий и русский языки. Переводы трактата аль-Фараби «Классификация наук» на трех языках стал основным, сам трактат на исходном языке (арабском) – дополнительным материалом исследования. Исследование проводилось на базе сравнительно-сопоставительного метода. По результатам данного исследования, определены основные значения рассматриваемого слова в переводах на казахский, турецкий и русский языки; рассмотрены дополнительные значения в составе словосочетания, в-третьих, определена частотность употребления ‘илм в переводном тексте.

***Ключевые слова*:** классификация наук, аль-Фараби, арабский, казахский, турецкий, русский, перевод, ʻилм

Information about authors:

Mustafayeva A.A., PhD in Oriental Studies (Arabic studies), assoc. professor of al-Farabi Kazakh national university, al-Farabi, Almaty, Kazakhstan

Issakhanova Kirca M.M., PhD in Linguistics (Turkology), Lecturer of al-Farabi Kazakh national university, al-Farabi, Almaty, Kazakhstan

Paltore Y.M., corresponding author, PhD in Oriental Studies (Arabic studies), Director of Science and Innovation Department at Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, al-Farabi, Almaty, Kazakhstan

Авторлар туралы мәлімет:

Мустафаева А.А., Шығыстану (арабтану) бойынша PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, Алматы, Қазақстан

Исаханова Кырджа М.М., Тіл білімі (түркітану) бойынша PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушысы, әл-Фараби даңғылы 71, 050054, Алматы, Қазақстан

Палтөре Ы.М., корреспондент-автор, Шығыстану (арабтану) бойынша PhD, Ғылым және инновация департаментінің директоры, Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан

Информация об авторах:

Мустафаева А.А., PhD по востоковедению (арабистика), доцент Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Исаханова Кырджа М.М., PhD по лингвистике (тюркология), преподаватель Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Палторе Ы.М., автор для корреспонденции, PhD по востоковедению (арабистика), Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан

Келіп түсті 5 ақпан 2025 жыл
Қабылданды 27 ақпан 2025 жыл

ҒТАХР 16.01.09 https://doi.org/10.63051/kos.2025.1.308

[1]Утебеков С. **[2]Монтанай Э.**
[1] Халықаралық Туризм және меймандостық университеті, Түркістан, Қазақстан
[2] Әл Фараби атындағы ҚазҰУ, Шығыстану факультеті, Алматы, Қазақстан.
E-mail: [1]senuteb@gmail.com, [2]elmiramontanayeva @gmail.com

ТҮРІК АҚЫНЫ ЖҮНІС ӘМІРЕ ШЫҒАРМАЛАРЫ МЕН ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ АРАСЫНДАҒЫ ЛЕКСИКА-ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ САБАҚТАСТЫҚ

Аңдатпа. Мақалада автор ортағасырлық түрік ақыны Жүніс Әміренің поэзиялық шығармаларының лексикасында ерекше орын алатын фразеологиялық тіркестердің қазақ тіліндегі қолданыстарына байланысты сөз етеді. Жұмыстың басты мақсат ретінде, ақынның лексикасындағы және қазақ тіліндегі тұлғалық, құрамдық және мағыналық жағынан ұқсас, жақын фразеологиялық тіркестерді қарастырған зерттеу жұмыстарына ерекше мән беріледі. Ғалымдардың тақырып бойынша қарастырған бағытына, мәселесіне, көзқарастарына байланысты қысқаша баяндалады. Зерттеудің ғылыми жаңалығы түркі әлемінде өте маңызды тұлғалардың бірі болғанына қарамастан қазақ ғылымында әлі күнге зерттелмеген Жүніс Әміре шығармаларының лексика-фразеологиялық қорын талдау болып табылады. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін зерттеудің әдістері ретінде баяндау, тарихи-салыстырмалы, сипаттамалы әдістер қолданылды. Сонымен қоса Жүніс Әміре шығармаларының лексика-фразеологиялық қоры мен фразеологиялық тіркестерге байланысты зерттеушілердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына, көзқарастары мен ғылыми тұжырымдарына, құрамдық, синтаксистік, мағыналық жақтан топтастырған классификацияларын негізге алу міндеті қойылады. Зерттеу нәтижелерінде Әміре ғазалдарындағы фразеологиялық тіркестер лексикалық құрамы, грамматикалық құрылымы, мағыналық ерекшеліктері жағынан қазақ тілімен салыстырылып, оларды «абсолют эквивалент (дәлме-дәл балама)», «жартылай эквиалент (вариант түріндегі фразеологиялық тіркестер)», «лексикалық құрамы (тұлғалық) жағынан аса ұқсас, бірақ мағыналық айырмашылықтары бар фразалық тіркестер» деп үш топқа жіктеп, талдап, саралау көзделеді. Бұл тұста фразеологиялық тіркестердің құрамындағы кейбір сөздердің фонетикалық жүйесі жағынан қазақ тілінен аздап айырмашылықтарының болатынын, алайда мұның туыс тілдер мағынаға әсер етерліктей қасиеті жоғы баса айтылады.

Кілт сөздер: Түрік әдебиеті, түрік тілі, Жүніс Әміре, ғазал, Көне Анадолы түрікшесі, фразеологиялық тіркестер, лексика-фразеологиялық сабақтастық.

Кіріспе

Әртүрлі тілдердің лексикасындағы ортақтықтар мен сәйкестер жай ғана кездейсоқтық емес, тілдік туыстықтың және әртүрлі тарихи кезеңдерде тығыз қарым-қатынаста болған көршілес халықтардың арасындағы сабақтастықтың белгісі ретінде бағаланады. Ғасырлар бойғы тарихы мен кәсібіне, мәдениеті мен дүниетанымына, даналығы мен талғамына, руханияты мен наным-сеніміне, салт-санасы мен дәстүріне байланысты ортақ деректер туыс халықтардың тілінде сақталып қалады. Түпкі тілге тән коддық белгілер әрбір тілдің өне бойында сақталып, өзімен туыстас тілдер арасындағы сабақтастықтың үзілмеуін қамтамасыз етеді. Сол секілді әртүрлі тарихи және саяси факторларға байланысты бөлініп, уақыт өте келе әр қайсысы өзіндік ерекшеліктерін қалыптастыра білген түркі тілдері де жалпытүркілік этномәдени құндылықтармен астасып жататын осы кодды жоғалтпай келе жатқандығын көреміз. Қазақ және түрік халықтарының арасындағы тілдік байланыстар ғасырлар бойы үзіліп қалып, жеке-дара дамыса да, жалпытүркілік код екі тілде де сақталып, мәдени-тілдік ұжымның

байырғы дүниетанымы, дүниетүйсігі, салт-дәстүрі секілді кешенді сабақтастығын жойған жоқ. Бұл сабақтастық туыстас тілдердің лексикалық қабатындағы жеке сөздерді былай қойғанда фразеологиялық тіркестерінде де айқын байқалады. Түркі тілдеріндегі тұлғалық және мағыналық жағынан жақын фразеологиялық тіркестердің қайнаркөзін сонау көне түркі мен Қарахан дәуірі бітігдерінен табамыз. Олар Алтын орда, шағатай, көне қыпшақ дәуірі ескерткіштерінде, Хорезм, Анадолы, Кавказ, Қырым, Мысыр аймақтарында хатқа түсірілген әртүрлі форматтағы түркілердің мәтіндерінде қолданылып, мұның ізсілемдері қазіргі түркі тілдерінде белгілі бір дәрежеде сақталып қалды (Semiz, Utebekov, 2024). Мысалы, қазақ тіліндегі фразеологизмдердің шығу тегіне байланысты Ғ.Қалиев пен Ә.Болғанбаев «Қазақ тіліндегі фразеологизмдер шығу тегі жағынан көне түркі дәуірімен де, орта түркі заманындағы қыпшақ қауымымен де, қыпшақ қауымынан бөлініп қазақтың өз алдына халық, одан соң ұлт болып дамыған дәуірімен де байланысты» (Қалиев, Болғанбаев, 2006: 213) дейді. Анадолыда қалыптасқан түрік әдеби тілінің XIII-XVII ғасыр аралығында жазылған ескерткіштерінде кездесетін фразеологиялық тіркестердің де маңызды бөлігі көне түркі тілінен бері қолданылып келе жатқан жалпытүркілік сипатқа ие тіркестер десек қателеспейміз. Сондықтан да бұл топтағы фразеологизмдердің біршамасы қазақ тілінің лексикалық қорында да кездесіп отырады. Олардың кейбірінің (құрамындағы кейбір дыбыс алмасымдарды есептемегенде) тұлғалық жағынан да, мағыналық жағынан да еш айырмашылығы жоқ, енді бірінің құрамындағы сөздердің оғыздық баламасы қолданылғанымен мағынасы жақын десек болады. Мақалада осы тақырыпқа байланысты ғылыми тұрғыдан талдау жасау мақсат етіледі. Атап айтқанда Анадолыда қалыптасқан түрік әдебиетінің негізін салушылардың бірі ақын Жүніс Әміре (Yunus Emre, XIII-XIV ғасырлар) ғазалдарының тілі мен қазақ тілінің лексикалық қорындағы фразеологиялық тіркестердің тұлғалық және мағыналық сабақтастығына байланысты мәселелер арнайы қарастырылады.

Жалпы қазақ ғылымында Анадолы түркілерінің әдебиеті мен әдеби тілінің қалыптасу, даму тарихына, сондай-ақ бұл үдерістерге үлес қосқан тұлғалардың шығармаларын ғылыми тұрғыдан қарастырған еңбек жоқтың қасы. Түркі әлемінің ынтымақтастығы экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени, туыстық қарым-қатынаста қарқынды деңгейде дамып келе жатқан қазіргі таңда өзекті саналатын бұл тақырыптарға жеткілікті деңгейде мән берілмеуі Қазақстан түркологиясы үшін үлкен сын болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда түрік әдеби тілінің негізін салушы Жүніс Әміре шығармашылығына арналған бұл зерттеу жұмысымыздың маңызды екенін айқын түсінуге болады. Ал ақынның шығармаларының лексика-фразеологиялық қорын қазақ тілімен салыстыра отырып, байланысы мен сабақтастығын дәлелдеп көрсету бұл тақырыптың маңыздылығын одан әрі арттыра түсетіні даусыз.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Мақалада бір-біріне ұзақ аймақтарда қалыптасқан және ең кемі жеті жүз жыл тілдік қарым-қатынасы үзілген «Eski Anadolu Türkçesi» мен қазақ тіліндегі фразеологизмдердің морфо-семантикалық сабақтастығына байланысты ғылыми талдау жасалады. Алайда кейде «Beylikler dönemi Türk dili» кейде «Eski Türkiye Türkçesi» деп те аталатын XIII-XVI ғасырларда Анадолыда оғыз тілінің спецификалық ерекшеліктері негізінде қалыптасқан түрік тілінің бұл дәуірінде жазылған өте көп шығарма барын ескерткіміз келеді. Яғни бір мақала көлемінде сол дәуірдің шығармаларындағы бүкіл фразеологиялық тіркестерді қамтып, олардың барлығын қазақ тіліндегі қолданысымен салыстыру мүмкін емес. Осы ескере отырып, Анадолыдағы түрік әдебиетінің ұлы өкілі, түрік сопылық әдебиеттінің негізін салушы Жүніс Әміренің жырларындағы фразеологиялық тіркестерді негізге ала отырып, лингвистикалық анализ жасап, ғылыми тұжырым жасауды көздеп отырмыз. Мақаланы жазу барысында түрік ғалымы Мұстафа Татчы тарапынан әзірленген Жүніс Әміре өлеңдер жинағының транслитерациясы («Yunus Emre Divanı», 2008), XIII-XIV ғасырлардағы Анадолы аймағында жазылған бірнеше түркі ескерткіштерінің тіліндегі фразеологиялық тіркестерді толықтай қамтыған Сезер

Өзйашамыш Шакардың сөздігі («Eski Türkiye Türkçesinin Deyimler Sözlüğü», 2021) және қазіргі түрік тіліндегі фразеологиялық тіркестердің анықтамалығы болып табылатын Юсуф Чотксөкеннің (Türkçe Atasözleri ve Deyimler Sözlüğü, 2004), Вурал Сөзердің (Geniş Kapsamlı Deyimler Sözlüğü, 2000) фразеологиялық сөздіктері кеңінен қолданылды. Бұл орайда тақырыпқа байланысты мәліметтер мен ғалымдардың ғылыми еңбектерін және көзқарастарын саралау барысында баяндау әдісі; түрік тілінің XIII-XIV ғасырдағы тілдік ерекшелігін көрсететін Жүніс Әміре шығармаларының лексикасындағы фразеологиялық тіркестердің лексикалық құрамы, грамматикалық құрылымы, мағыналық ерекшеліктері тұрғысынан қазіргі түрік және қазақ тілдеріне ұқсастықтары мен ерекшеліктерін айқындау мақсатында тарихи-салыстырмалы және сипаттамалы әдістердің көмегіне сүйеніледі.

Талқылау

Қазақ және түрік тілдеріндегі фразеологиялық тіркестерге байланысты Ш.Қ.Құрманбаеваның «Түрік және қазақ тілдеріндегі етістікті фразеологизмдерге салғастырмалы талдау» (1999) атты кандидаттық диссертациясында, Қ.Кенжалиннің «Kazak ve Türkiye Türkçesinde deyimlerin karşılaştırmalı incelenmesi» (Қазақ және түрік тіліндегі фразеологизмдерді салыстырмалы талдау, 2012) атты докторлық диссертациясы қорғалды, М.Адиловтың «Kazakça Atasözü ve Deyimlerde Eskicil (Aktif Olmayan) Unsurlar» (2021) атты монографиясы, А.С.Аманжолов және Ш.Қ.Құрманбаеваның авторлығымен «Түрікше-қазақша фразеологиялық сөздік» (1999), Ә.Рысбаева, А.Назарова, Ә.Құсайыновалардың «Түрікше-қазақша, қазақша-түрікше қысқаша фразеологиялық сөздік» (2014) еңбектері жарық көрді. Бұл маңызды еңбектерде туыс екі тілдің сөздік қорындағы фразеологиялық тіркестерді салыстыра отырып, оларды парагматикалық, синтагматикалық тұрғыдан талдап, олардың семантикалық және грамматикалық мағыналарына үңіледі, этномәдени қырларынан сөз етеді, екі тілдегі қолданыстарына және мағыналық ерекшеліктеріне байланысты анализ жасайды.

Ал біздің талдап отырған дәуірде жазылған түрік ескерткіштерінің лексикалық байлығын көрсететін фразеологиялық тіркестерге байланысты Ш.Құрманбайұлы мен М.Адиловтың «Abay, Yunus Emre ve Ahmet Yesevi'nin Dilindeki Türk Lehçeleri Arası Dilsel Özellikler» (Абай, Жүніс Эмре және Ахмет Ясауидің тіліндегі түрік тілдері арасындағы тілдік ерекшеліктер, 2023) деп аталатын мақаласы бар. Бұл ғылымда Ахмет Ясауи мен Абай шығармаларының лексикалық қабатындағы оғыздық элементтерге және Жүніс Әміре шығармаларындағы қыпшақ-қазақ тілдеріне тән элементтерге назар аударады. Мақалада сонымен қоса фразеологиялық тіркестердің қазақ тіліндегі қолданыстарына байланысты сөз ете отырып, *eteğin tut-, düşü yor-, kaşın-karağın çat-, bel bağla-* тіркестерді мысалға келтіреді (Kurmanbaiulı, Adilov, 2023: 328).

Жүніс Әміре шығармаларындағы фразеологиялық тіркестердің қазақ тіліндегі қолданыстарымен салыстыра зерттеген басқа еңбек жазылмаған десек болады. Тіпті Түркияның өзінде түрік халқының ұлттық ақынның тіліндегі фразеологиялық тіркестерге байланысты Б.Актан, Х.К. Котан, Й.Гөрмүш, Х.Шахин, С.Н.Ышықшалан секілді бірлі-жарым ғалымдардың зерттеулерінде қолға алынады. Олардың еңбектерінде Жүніс Әміре қолданысындағы фразеологиялық тіркестердің қазіргі түрік тілімен және диалектілерімен салыстырылып, құрылымдық, мағыналық ерекшеліктеріне қарай сараланады. Билал Актан Жүніс Әміренің өлеңдерінде фразеологизмдерге жиі жүгінетініне назар аудара отырып, «бір бәйітте, тіпті кейде бір жолдың өзінде бірден көп фразалық тіркес қолданады» дейді (Aktan, 2010: 10) және ақын тіліндегі фразеологизмдерді сөйлемдегі қызметі жағынан «предикаттық мағына білдіретін» және «предикаттық мағына білдірмейтін» деп екіге ажыратуға болатынын атап өтеді (Aktan, 2010: 11). Одан ары қарай құрамындағы компоненттеріне байланысты «күрделі етістік түріндегі фразеологиялық тіркестер», «қосарлама (қос сөз) түріндегі фразеологиялық тіркестер», «қиыса-матаса-қабыса байланысу түріндегі фразеологиялық

тіркестер» және «қысқартылған тіркестер түріндегі фразеологиялық тіркестер» деп бірнеше топтарға жіктей отырып талдайды (Aktan, 2010).

Х.К.Котанның Жүніс Әміре өлеңдерін синтаксистік құрылымы тұрғысынан талдаған «Yunus Emre Divani'nin Söz Dizimi» (Жүніс Әміре Диуанының синтаксисі) деп аталатын докторлық диссертациясында ақын сезімі мен ой-пікірін тілге тиек еткенде шығармаларының көркемдік күшін арттыру мақсатында халық арасында қолданылатын фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерге жиі-жиі жүгінетініне тоқталады, еркін тіркестердің фразеологизмдік сипатқа ие болу процестері туралы сөз етеді (Kotan, 2015: 1150).

Х.Шахиннің «Yunus Emre Divan'ında Organ İsimleriyle Kurulan Deyimler» деп аталатын мақаласы да Жүніс Әміренің өлеңдеріндегі анатомиялық атаулардың ұйытқы болуымен жасалған фразеологиялық тіркестер туралы сөз етіп, олардың мағыналарына ашып көрсетуге тырысады (Şahin, 2021).

С.Н.Ышыкшалан «Yunus Emre Türkçesindeki Anlatım Ögeleri» атты мақаласында Жүніс Әміренің өлеңдеріндегі метафора, теңеу, эпитет, фразеологизм, мақал-мәтел секілді көркемдеуіш құралдар жайында арнайы баяндайды. Соның ішінде мақалада gönül, can, aşk, секілді сөздердің қатысуымен жасалған көңіл-күйді білдіретін фразеологизмдер туралы айта келе мынадай маңызды пікір білдіреді: «айналаға басынан өткендерін және тәжірибелерін баяндағанда бұл көркем және астарлы тілдік тұлғалар Жүніс Әміренің өлеңдерінде қуатты баяндау құралы ретінде көрінеді. Олардың кейбірі аз-маз өзгеріске ұшыраса да түрік тілінің лексикалық құрамында үнемі қолданылып келеді (Işılşalan, 2024: 643). Расында да, ортағасырлық ақын шығармаларында қолданылған фразеологиялық тіркестердің ауқымды бөлігі қазіргі түрік тілінің әдеби нормасында кездеседі. Ал оларды жергілікті диалектілерден іздесек бұл одан да арта түсетіні анық. Сонымен бірге ақынның лексикасындағы фразеологизмдердің көбісінің басқа да түркі тілдерімен ортақ екенін атап өтуге болады. Мұны біз Жүніс Әміре ғазалдарындағы фразеологиялық тіркестер мен перифраздарға байланысты өте маңызды еңбектердің бірі «Eski Türkiye Türkçesinin Deyimler Sözlüğü» (Көне Түркия түрікшесінің фразеологизмдер сөздігі) атты еңбектегі мысалдар арқылы да көре аламыз. Сезер Өзйашамыш Шакардың тарапынан дайындалған бұл сөздікте XIII-XVI ғасырда Анадолыда түрік жазылған ескерткіштердің лексикасындағы бүкіл фразеологиялық тіркестерді қамтылады. Соның ішінде Жүніс Әміренің «Диуанынан» (ЖӘД) 188, «Рисалатүн нұсхиесінен» (ЖӘР) 35 фразеологизмді көрсетіп, олардың мағыналарын түсіндіреді. Осылардың ішінде 50-ге жақын фразеологиялық тіркестің қазақ тілінде қолданылатынына көз жеткіздік.

Зерттеу нәтижелері

Ғалымдардың айтуынша, XIII-XVII ғасырларда Анадолыда жазылған түрік ескерткіштерінің лексика-фразеологиялық қорындағы тілдік көрсеткіштер қазіргі түрік әдеби тілі мен диалектілерінде толықтай сақталған. Сонымен бірге Қарахан, Хорезм дәуірінің, сондай-ақ Орта Азиядағы қазіргі түркі халықтарының тілдеріне тән элементтердің мол екенін айтылады. Әсіресе, Жүніс Әміре поэзиясының лексика-фразеологиялық қабаты жайында айтқанда қазіргі түрік тілінің әдеби нормасында кездеспейтін көптеген архаизмдердің бар екенін тілге тиек етеді. Бұл жайында Ф. Көпрүлү (Köprülü, 1976: 292), А.Гөлпынарлы (Gölpınarlı, 1934), А. Масала (Masala, 1971), А. Жафероғлуның (Caferoğlu, 1972), Ж. Өзгүр (Özgür, 2001), А. Акар (Akar, 2012), Я. Акдемир (Akdemir, 2013), Б. Деде (Dede, 1990), Д.Датлы (Datlı, 2014), А. Жин мен В. Бабажан (Cin-Babacan, 2013: 63) т.б. ғалымдардың еңбектерінде атап өтіледі. Бір қызығы қазіргі түрік тілі үшін архаизм болып табылатын сол сөздердің көбісінің басқа түркі тілдерінде әлі күнге актив қолданылуы назар аудартады. Бұл туралы А. Абдуллаев (Abdullayev, 1991), Э.Оба, Х. Гүрбүз (Oba, Gürbüz, 2021), З. Йылдырым, Ш. Агхатабай (Yıldırım, Aghatabai, 2022), Ш. Құрманбайұлы, М. Адилов (Kurmanbaiuly, Adilov, 2023) т.б. зерттеушілердің еңбектерінде де атап өтіледі. Жүніс Әміре қолданған бұл

архаизмдердің көбісінде тілдің толық нормаланбауына байланысты кейде көнелік нұсқасы сақталса, кейде оғыз тілдерінің фонетикалық жүйесіне сай жазылатынын айта кету керек. Сондықтан да бұл фонетикалық құбылыс кейбір фразеологиялық тіркестердің құрамында кездесетін сөздерде де орын алып отырады. Айталық қазақ тілінің дыбыстық жүйесімен салыстырғанда /т/ ~ /д/, /к/ ~ /г/, /б/ ~ /в/, /й/ ~ /ж/, /б/ ~ /ø/, /ч/ ~ /ш/, /ғ/ ~ /в/, /ғ/ ~ /й/ секілді дыбыс сәйкестіктері алдымыздан шығады. Ал бұларды есептемегенде мысалға алынған фразеологиялық тіркестердің тұлғалық, құрамдық жағынан қазақ тіліндегі қолданысынан айырмашылығы жоқ, кейбір аздаған айырмашылықтары болса оларды фразеологиялық вариант деп бағалауымыз керек. Өйткені түрік ғалымы Доған Аксан айтқандай «түрік тілінің ең көне жазба ескерткіштерінен бері қолданылып келе жатқан фразеологизмдер кейде ғасырлар бойы өзгерместен, кейде сөздеріндегі аздаған өзгерістерімен қазіргі күнімізге дейін жеткен» (Aksan 2006: 31).

Осыған сәйкес біз Жүніс Әміре шығармаларындағы фразеологиялық тіркестердің эквиваленттілігіне қарай үш топқа бөлдік.

1. Абсолют экивалент (лексикалық құрам, грамматикалық құрылым, мағына жағынан) болатын дәлме-дәл фразеологиялық тіркестер. Бұл тұста тіркестердің құрамындағы кейбір сөздерде /ʻ/ ~ /ғ/ (*ʻibret ~ ғибрат*), /д/ ~ /т/ (ad ~ ат), /в/ ~ /б/ (*vir- ~ бер-*), /п/ ~ /ф/ (*cefā ~ жапа*), /ч/ ~ /ш/ (*çek- ~ шек-, aç- ~ аш-*), /г/ ~ /к/ (*göñül ~ көңіл*), /й/ ~ /ж/ (*yaş ~ жас, yum- ~ жұм-*), /h/ ~ /ø/ (*ĥükm ~ үкім*), / ø/ ~ /б/ (*ol- ~ бол-*) т.б. дыбыстық сәйкестіктері болып жатса, мұны туыс тілдер арасында болатын табиғи заңды құбылыс деп бағалауымыз керек деген ойды ұстандық. Мысалы:

ʻ*ibret al-* «бір оқиғадан сабақ алу» (ЖӘД, 367/3) ~ *ғибрат ал-* «үлгі алу, тәлім алу» (Кеңесбаев, 2007: 178).

adı yayıl- «кең аймаққа танылу, атақ-даңқы шығу» (ЖӘД, 41/9*)* ~ *аты жайыл-* «әйгілі, көпке мәшһүр болу» (Кеңесбаев, 2007: 78).

adım at- «жүру, қозғалу» (ЖӘД, 1/1) ~ *адым ат-* «алға жылжу, қадам басу»

cānı fidā eyle- / it- / ḳıl- «өзі немесе біреу үшін өлімге бас тігу, жанын қию, құрбану болу» (ЖӘД, 192/8) ~ *жаны пида бол-* (Смағұлова, 2002: 73), *жанын пида ет-*.

cān vir- «өлу, құрбан болу» (ЖӘД, 36/1) ~ *жан бер-* «өлу, дүние салу» (Кеңесбаев, 2007: 234).

cefā çek- «азаппен, қайғымен өмір сүру; қиындыққа тап болу»(ЖӘД, 326/4) ~ *жапа шек-* «қорлық көру, азып-тозу» (Кеңесбаев, 2007: 243).

dilini kes- «сөзін тоқтату, ештеңе айтпау, үнсіз қалу» (ЖӘД, 35/4) ~ *тілін кес-* «сөзін тыю, сөйлетпей тастау» (Кеңесбаев, 2007: 720).

gam ye- «қайғыру, мұңаю». (ЖӘД, 335/39) ~ *қам же-* «қамқорына алу, жағдайын ойластыру» (Кеңесбаев, 2007: 404).

göñli ḳarar- «үміт үзу, ештеңеге зауқы болмау, қайғыға салыну, өмірден түңілу» (ЖӘД, 66/3) ~ *көңілі қара-* «мұңаю; өмір сүргісі келмеу» (Смағұлова, 2002: 46-47).

göñül al- «мұңды біреу жұбату, қуанту, сүйіндіру» (ЖӘД, 69/4) ~ *көңілін ал-* «райына қарайлау; көңілінен шығу» (Кеңесбаев, 2007: 360).

göñül sınmaḳ / ḳırmaḳ «орынсыз әрекеттер жасап немес сөз айтып ренжіту, өкпелету» (ЖӘД, 56/2) ~ *көңілі сынды* «ренжіді, тауы шағылды» (Кеңесбаев, 2007: 360).

göñül vir- «жақсы көру, ұнату, сүю, ғашық болу» (ЖӘД, 24/5) ~ *көңіл бер-* «илану, сену; бой ұру, ден қою» (Кеңесбаев, 2007: 352).

göñül yıḳma- «ренжітпеу, көңілге қарау» (ЖӘД, 142/4) ~ *көңілін жықпа-* «көңілге қарау» (Смағұлова, 2002: 53).

göz yaşı dök- «қатты жылау, зарлау» (ЖӘД, 197/12) ~ *көз жасын төк-* «мұң-зарға бату, ағыл-тегіл жылау» (Кеңесбаев, 2007: 329).

göz yum- «мән бермеу, назар аудармау, елемеу» (ЖӘД, 60/9) ~ *көз жұм-* «нар тәуекелге басу; өлу; түк көрмедімге басу» (Кеңесбаев, 2007: 330).

gözü toy- «көзу тою, қанағаттану, жеткілікті көру» (214/8) ~ *көзі той-* «көңілі толу, құмары тарқау; қанағат ету» (Кеңесбаев, 2007: 339).

gözünü aç- «шындыққа көзі жету, дұрыс еместігін түсіну» (224/17) ~ *көзін аш-* «көкірегін, санасын ояту» (Кеңесбаев, 2007: 333).

ĥükmi yüri- «сөзі жүру, айтқаны болу» (ЖӘД, 180/1) ~ *үкімі жүр-* «айтқаны болу, дегені орындалу» (Кеңесбаев, 2007: 739).

içi yan- «қатты қиналу, азап тарту, қайғыру, мұңға берілу» (ЖӘД, 34/7) ~ *іші оттай жан-* «уайымдау, қайғыру» (Смағұлова, 2002: 61).

ķulağına girme- «айтқандарды тыңдамау, мән бермеу» (ЖӘД, 104/8) ~ *құлағына кірме-* «ұқпау, елемеді, тыңдамау» (Кеңесбаев, 2007: 471).

taş göñül «мейірімсіз, тас жүрек» (ЖӘД, 66/2) ~ *тас көңіл / тас жүрек / тас мейір* «қатыгез, мейірімсіз» (Кеңесбаев, 2007: 632).

tütüni tüt- «түтіні шығу, жану» (ЖӘД, 147/11) ~ *түтін түтет-* «өз алдына үй болып отыру» (Кеңесбаев, 2007: 708).

yoldan az- «тура жолдан адасу, қате жолға түсу, азғындау» (ЖӘД, 299/2) ~ *жолдан аз-* «азғындау, бұзылу; бұрынғы салтынан, дәстүрінен таю» (Кеңесбаев, 2007: 266).

yüregi / yürek yan- «қиналу, күйзелу, іші өртену» (ЖӘД, 47/1) ~ *жүрегі жан-* «ғашықтықтан іші елжірей өртену» (Кеңесбаев, 2007: 278), *жүрегі өрт / от боп жан-* «өзегі өртену, қапа болу, қайғырды, уайымдау» (Кеңесбаев, 2007: 280).

yüzi ķara ol- «масқара болу, ұятқа қалу»(ЖӘД, 14/1) ~ *жүзі қара бол-* «ұятты болу» (Кеңесбаев, 2007: 56-57).

2. Жартылай эквиалент немесе вариант түріндегі фразеологиялық тіркестер. Яғни бұл жерде құрамындағы сөздердің басқа балама сөздермен немесе синонимдермен не мағына жақындығы бар (*güher, inci ~ дүр, dön- ~ айнал-, del- ~ тес-, yaķ- ~ күй-, şeker ~ бал, el ~ қол, bınar ~ бұлақ, savur- ~ ұшыр-, ķuyı ~ ор, gel- ~ түс-, gözle- ~ тос-, gözet- ~ тос-* т.б.) сөздермен ауысып келетін фразеологиялық тіркестер туралы айтылып отыр. Кейбірінде қосалқы сөздер қосылып немесе түсіріліп айтылады (*terāzūsı aġır gel- ~ таразы тасы басым бол-, yolları inceden ince ~ жолы жіңішке, yüregi yaġın erit- ~ жүрегі ері-* т.б.). Бұл тұста аталған фразалық тіркестер Жүніс Әміре тарапынан транформацияланған болуы да мүмкін. Өйткені М. Балақаев айтқандай фразалық тіркестер «Көркем әдебиетте, әсіресе поэзияда оларға ерекше стильдік өң беру үшін, ұйқас, ырғақ талаптарына лайық олардың орны ауысып та, арасына басқа сөздер еніп те, тұлғасы өзгеріліп те жұмсала береді» (Балақаев, 1984: 172).

Ал енді кейбірінің құрамындағы сөздерге жалғанған жұрнақ не жалғаудың айырмашылығы болуы мүмкін (*okdan togru ~ оқтай түзу*). Алайда бұлар мағыналық жағынан ұқсас немесе бір-бірімен байланысты болып келеді. Мысалы:

aġzı güher / inci saç- «жақсы сөздер сөйлеу, тәтті-тәтті сөйлеу» (ЖӘД, 337/5) ~ *аузынан дүр шаш-* «сөз айту, сөйлеу» (Кеңесбаев, 2007: 84). *güher* «гауһар», *inci* «інжу», dürr «інжу».

bagrı taşa dön- (ЖӘД, 341/10) ~ Жүрегі тасқа айнал- «қатігездену, мейірімсіз жанға айналу, мейірім-шапағаттан айырылу». *dön-* «бұрылу, қайту; ауысу, өзгеру, айналу».

bagrın del- «қатты әсер ету, қатты ренжу» (ЖӘД, 74/5) ~ *бауырың тілінгір!* (Кеңесбаев, 2007: 135). *del-* «тесу, ою»

cān / cānın yaķ- «біреуді ренжіту, біреуге зиян келтіру, біреудің жанын ауырту» (ЖӘД, 224/3) ~ *жанын күйдір-* «қытығына тию, ыза кернету» (Кеңесбаев, 2007: 241), *іші оттай жан-* «уайымдау, қайғыру» (Смағұлова, 2002: 61).

cānı göynü- «жабығу, қапалану, қапа болу» (ЖӘД, 34/7) ~ *жанын күйдір-* «қытығына тию, ыза кернету» (Кеңесбаев, 2007: 241). *göynü-* «күйіну».

dilinden şeker tamla- «шешен сөйлеу, тапқыр сөйлеу» (ЖӘД, 373/5) ~ *тілінен бал там-* «шешен, тапқыр сөйлеу» (Смағұлова, 2002: 73). *şeker* «шекер, қант».

el al- «қолын алу, көмек беру; діни ұстаздан ілім үйренуге рұқсат алу» (ЖӘД, 414/7) ~ *қол ал-* «келісті, уәделесті, серттесті» (Кеңесбаев, 2007: 444). *el* «қол».

elden ele düş- «бірнеше адам ұстап, қолдану» (ЖӘД, 152/6) ~ *қолдан қолға түсірме-* «қызмет қылу; қастерлеу, күту, аяғын жерге тигізбеу» (Кеңесбаев, 2007: 446).

eli bağlu «шарасыз қалу, ешетеңе жасай алмай қалу» (ЖӘД, 364/2) ~ *қол байлау (бол-)* «кедергі жасау, бөгет болу; шарасыз қалу» (Кеңесбаев, 2007: 445).

gözi yaşı bınar ol- «жылау, еңіреу» (ЖӘД, 93/12) ~ *көз жасы бұлақ бол-* «мұң-зарға бату, ағыл-тегіл жылау» (Кеңесбаев, 2007: 329). *bınar* «бұлақ, қайнар».

külini göge savur- «қолындағы бар қымбатынан айрылу, ештеңк қалдырмау» (ЖӘД, 370/8) ~ *күлін көкке ұшыр-* «қырып-жою, өлтіру» (Смағұлова, 2002: 26). *savur-* «шашу, суыру».

ḳuyı / ḳuyısını ḳaz- «біреуге жамандық жасау үшін жоспар құру, сүріндіру үшін жол іздеу» (ЖӘД, 13/3) ~ *ор қаз-* «біреуге бәле-жала ойлады, жаманшылық іс істеді» (Кеңесбаев, 2007: 557). *ḳuyı* «құдық».

okdan toğru «түп-түзу» (ЖӘД, 94/3) ~ *оқтай түзу* «түп-түзу» (Кеңесбаев, 2007: 549).

terāzūsı ağır gel- «басқалар тарапынан сүйікті болу, мән берілу» (ЖӘД, 88/3) ~ *таразы тасы басым бол-* «күші, салмағы, абыройы артық болды» (Кеңесбаев, 2007: 666).

togrı yola gel- / git- «тура жолға түсу» (ЖӘД, 121/18; ЖӘД, 161/5) ~ *тура жолға сал-* «дұрыс бағыт берді» (Кеңесбаев, 2007: 692).

yolı gözle- «күту, біреуді тосу» (ЖӘД, 99/15) ~ *жолын тос-* «жүретін жолын аңдыды, күтіп жатты» (Кеңесбаев, 2007: 267). *gözle-* «күзету, көздеу».

yolın / yolını gözet- «біреуді немесе бір нәрсені күту, үміт ету» (ЖӘД, 60/2) ~ *жолын тос-* «жүретін жолын аңдыды, күтіп жатты» (Кеңесбаев, 2007: 267). *gözet-* «күзету, көздеу, аңду».

yolları inceden ince (124/1) ~ *жолы жіңішке* «тосқауыл, кедергісі көп; көрер көзі, аңдушысы көп; қадамы есептеулі» (Кеңесбаев, 2007: 267). *ince* «жіңішке».

yüregi yağın erit- «мұңаю, ұзақ уақыт қиналу» (ЖӘД, 376/1) ~ *жүрегі ері-* «жаны ашыды, көңілі түсті, аяды; мейірленді» (Кеңесбаев, 2007: 278). *yağ* «май».

3) Лексикалық құрамы (тұлғалық) жағынан аса ұқсас, мағыналық айырмашылықтары бар фразалық тіркестер. Бұл жерде сөздіктерде берілген мағыналарына қарай айтып отырғанымызды ескерткіміз келеді.

ağaç ata bindür- «өлген адамды табытқа салу, табытпен алып кету» (ЖӘД, 152/14) ~ *ағаш атқа мінгіз-* «сөз қылу, өсек-аяңға іліктіру; келеке қылу, масқара ету» (Кеңесбаев, 2007: 14). Қазақ тілінің аймақтық сөздігінде *ағаш ат* (Қазақ тілінің аймақ...., 2005: 17) сөзі «табыт, қайтыс болған кісіні салып көтеретін ағаш» мағынасында қолданылады. Осы мысалдан соң қазақ тіліндегі *ағаш атқа мінгіз-* сөзінің мағынасы «сыртынан өсектеп тірідей өлтірді» дегеннен шыққан шығар деген ой келеді.

belini / belin bük- «біреуді ештеңе жасай алмайтын жағдайға жеткізу, амал қалдырмау, қайғыға душар ету» (ЖӘД, 198/3) ~ *белі бүгіл-* «қайғыру» (Смағұлова, 2002: 98)

bil bağla- «сенген, үміт артқан адамның артынан еру, соңынан қалмау» (ЖӘД, 345/3) ~ *бел байла-, белді бекем байла-* «бір нәрсені істеуге шындап кірісті, тәуекел етті» (Кеңесбаев, 2007: 140).

etegin tut- «біреудің соңынан еру, үлгі ету, біреуге арқа сүйеу, қамқорлығын күту» (ЖӘД, 369/7) ~ *етектен ұста-* «қол ұстасып қосылуға бел байлау» (Кеңесбаев, 2007: 222).

gözin bağla- «айналасындағы болып жатқан нәрселерді көрмейтіндей жағадайға жеткізу, шындықты таба алмайтын ету» (YED, 105/3) ~ *көз байла-* «алдау, арбау» (Кеңесбаев, 2007: 324).

Қорытынды

Ғалымдардың айтуынша, XIII-XVII ғасырларда Анадолыда жазылған түрік ескерткіштерінің лексика-фразеологиялық қорындағы элементтердің біршамасы қазіргі түрік әдеби тілінде сақталмағанмен, жергілікті диалектілерінде әлі күнге қолданылып келеді. Сол секілді Жүніс Әміре секілді ортағасырлық ақындардың тіліндегі фразеологиялық тіркестердің басым бөлігі қазіргі түрік тілінде сақталған. Мақала көлемінде байқанғанымыздай қазақ

тілімен ортақтары да аз емес. Ортақ фразеологиялық тіркестерді қазіргі түрік және қазақ тілдеріндегі қолданылу жиілігі, жұмсалу өрісіне орай «көнерген», «пассив» және «актив» қолданылатын фразеологиялық тіркестер деп бөлуге болады. Алайда әдеби шығармалардағы қолданыстарына қарап, бұл тіркестердің басым көпшілігінің екі тілде де актив қолданылатындығын байқадық. Демек мұны ғасырлар бойы тілдік байланыстары үзіліп, жеке-дара дамыса да, қазақ және түрік халықтарының арасындағы жалпытүркілік код сақталып, мәдени-тілдік ұжымның байырғы дүниетанымы, дүниетүйсігі, салт-дәстүрі секілді кешенді сабақтастығы әлі де жойылмағандығының көрсеткіші деп ұғынуымыз керек. Бір жағынан Жүніс Әміренің тек түрік халқының емес бүкіл түркі жұртының ұлы тұлғасы деп бағалауға әбден болатындығын көрсетсе керек.

Әдебиеттер:

Abdullayev, 1991 – *Abdullayev A.* Yunus Emre ve Azerbaycan dili // Türk dili aylık dil dergisi. 1991. Aralık, №480. s. 500-505.

Adilov, 2021 – *Adilov M.* Kazakça atasözü ve deyimlerde eskicil (aktif olmayan) unsurlar. Ankara: Türk dil kurumu yayınları, 2021. 510 s.

Akar, 2012 – *Akar A.* Türkiye Türkçesinin kuruluşu ve Yunus Emre // Türk yurdu dergisi, 2012. №297. s. 56-61.

Akdemir, 2013 – *Akdemir Y.* Yunus Emre'de kelime kadrosu // Turkish studies. 2013. Vol. 8/9. p. 429-458

Aksan, 2004 – *Aksan D.* Türkçenin söz varlığı. Ankara: Ünal ofset, 2004. 249 s.

Aktan, 2010 – *Aktan B.* Yunus Emre'nin dilinde deyimsel anlatım // X. Uluslararası Yunus Emre sevgi bilgi şöleni bildirileri, 06-08 Mayıs 2010. s. 9-20.

Caferoğlu, 1972 – *Caferoğlu A.* Yunus Emre'de arkaik unsurlar // TDED. №10. 1972. s. 1-107

Cin, Babacan, 2013 – *Cin A., Babacan V.* Yunus Emre'nin Risaletü'n-Nushiyye'si ve Divan'ı Üzerine yeni bir inceleme // Mediterranean journal of humanities. 2013. №III/2. s. 53-69.

Çotuksöken, 2004 – *Çotuksöken Y.* Türkçe atasözleri ve deyimler sözlüğü. İstanbul: Toroslu Kitaplığı, 2004. 378 s.

Datlı, 2014 – *Datlı D.* Risaletü'n-Nushiye'deki arkaik kelimelerin tespiti ve kelime türlerine göre sınıflandırılması // Türk dünyası bilgeler zirvesi: gönül sultanları buluşması. 2014. 26-28 Mayıs. Eskişehir. ss. 639-659.

Dede, 1990 – *Dede B.* Yunus Emre'nin eserlerinin tahlili. Doktora Tez. Bursa: Uludağ üniversitesi, 1990. 493 s.

Gölpınarlı, 1934 – *Gölpınarlı A.* Yunus Emre'de öz türkçe kelimeler // Türkiyat mecmuası. 1934, №4. s. 265-280.

Görmüş, 2021 – *Görmüş Y.* Yunus'un dilinden günümüze ulaşan deyimler Yunus Emre'nin vefatının 700. yıl dönümü anısına uluslararası Türkçenin Anadolu'da yazı dili oluşu. 12-14 Temmuz 2021. Ankara: TDK

Kotan, 2015 – *Kotan H.* Yunus Emre Divani'nin söz dizimi. Yayımlanmamış doktora tezi. Erzurum: Atatürk üniversitesi, 2015. 1217 s.

Kenzhalin, 2012 – *Kenzhalin K.* Kazakça atasözü ve deyimlerde eskicil (aktif olmayan) unsurlar. Yayımlanmamış doktora tezi. İzmir: Ege üniversitesi, 2012. 133 s.

Köprülü, 1976 – *Köprülü F.* Türk Edebiyatında ilk mutasavvıflar. Ankara: Türk tarih kurumu, 1976. 420 s.

Kurmanbaiulı, Adilov, 2023 – *Kurmanbaiulı Sh., Adilov M.* Abay, Yunus Emre ve Ahmet Yesevi'nin dilindeki türk lehçeleri arası dilsel özellikler // Türk kültürü ve Hacı Baktaş Veli araştırma dergisi. 2023. №105. s. 313-333.

Masala, 1971 – *Masala A.* Yunus Emre'de insan sevgisi // Çağrı dergisi. №165. 1971. s. 12.

Işıkşalan, 2024 – *Işıkşalan N. S.* Yunus Emre Türkçesindeki anlatım ögeleri // Ahi Evran üniversitesi sosyal Bilimler dergisi, 2024. №3, s. 637-656.

Oba, Gürbüz, 2021 – *Oba E., Gürbüz H.* Yunus Emre'nin şiirlerinden Kazakçanın söz varlığına genel bir bakış // ATLAS Journal. Vol. 17. 2021. pp. 2066-2072.

Özgür, 2001 – *Özgür C.* Yunus Emre'nin kullandığı farklı iki Türkçe // Eskişehir Osmangazi üniversitesi Sosyal bilimler dergisi. Cilt II. 2001. №1. s. 91-103.

Özyaşamış, 2021 – *Özyaşamış Ş.S.* Eski Türkiye Türkçesinin deyimler sözlüğü. İstanbul: DBY yayınları, 2021. 328 s.

Şahin, 2021 – *Şahin H.* Yunus Emre Divan'ında orfan isimleriyle kurulan deyimler // Vefatına 700. sene-yi devriyesinde uluslararası Yunus Emre ve dünya dili Türkçe bilgi şöleni. 2021. 7-9 Mayıs, ss. 211-227.

Semiz, Utebekov, 2024 – *Semiz K., Utebekov, S.* Dîvân-i hikmet'te duygu bildiren deyimler ve çağdaş Türk lehçelerine yansımaları // Türk kültürü ve Hacı Bektaş Veli araştırma dergisi, 2024. №109, Mart, ss. 327-354.

Tatçı, 2008 – *Tatçı M.* Yunus Emre Divanı. Tenkitli metin. İstanbul: 2008. 706 s.

Vural, 2000 – *Vural S.* Geniş kapsamlı deyimler sözlüğü. İstanbul: Epsilon yayıncılık, 2000. 383 s.

Yıldırım, Aghatabai, 2022 – *Yıldırım Z., Aghatabai Sh.* Yunus Emre'nin söz hazinesinde Türkmen Türkçesinin yansımaları // 9. Milletlerarası Türkoloji kongresi bildiriler kitabı. 2022. 13-16 Eylül. 1213-1220 ss.

Балақаев, 1984 – *Балақаев М*. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. Алматы: Ғылым баспасы, 1984. 184 б.

Қазақ тілінің аймақ...., 2005 – *Қазақ тілінің аймақтық сөздігі* (ред. Ш. Ш. Сарыбаев). Алматы: Арыс, 2005. 824 б.

Қалиев, Болғанбаев, 2006 – *Қалиев Ғ., Болғанбаев А.* Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы: Сөздік-Словарь баспасыб 2006. 258 б.

Құрманбаева, 1999 – *Құрманбаева Ш.Қ.* Түрік және қазақ тілдеріндегі етістікті фразеологизмдерге салғастырмалы талдау: автореф. дис. ... Филол. ғыл. канд. Алматы, 1999. 78 б.

Рысбаева, Назарова, Құсайынова, 2014 – *Рысбаева Ә., Назарова А., Құсайынова Ә.* Түрікше-қазақша, қазақша-түрікше қысқаша фразеологиялық сөздік. Алматы: Қазақ университеті, 2014. 128 б.

References:

Abdullayev, 1991 – *Abdullayev A.* Yunus Emre ve Azerbaycan dili [Yunus Emre and Azerbaijani language] // Türk dili aylık dil dergisi. 1991. Aralık, №480. s. 500-505. (in Tur)

Adilov, 2021 – *Adilov M.* Kazakça atasözü ve deyimlerde eskicil (aktif olmayan) unsurlar [Obsolete (inactive) elements in Kazakh proverbs and idioms]. Ankara: Türk dil kurumu yayınları, 2021. 510 s. (in Tur)

Akar, 2012 – *Akar A.* Türkiye Türkçesinin kuruluşu ve Yunus Emre [The foundation of Turkey Turkish and Yunus Emre] // Türk yurdu dergisi, 2012. №297. s. 56-61. (in Tur)

Akdemir, 2013 – *Akdemir Y.* Yunus Emre'de kelime kadrosu [Word structure in Yunus Emre] // Turkish studies. 2013. Vol. 8/9. p. 429-458. (in Tur)

Aksan, 2004 – *Aksan D.* Türkçenin söz varlığı [Turkish vocabulary]. Ankara: Ünal ofset, 2004. 249 s. (in Tur)

Aktan, 2010 – *Aktan B.* Yunus Emre'nin dilinde deyimsel anlatım [Idiomatic expression in Yunus Emre's language] // X. Uluslararası Yunus Emre sevgi bilgi şöleni bildirileri, 06-08 Mayıs 2010. s. 9-20. (in Tur)

Balaqaev, 1984 – *Balaqaev M.* Qazaq ädebi tili jäne onyñ normalary [Kazakh literary language and its norms]. Almaty: Gylym baspasy, 1984. 184 p. (in Kaz.)

Caferoğlu, 1972 – *Caferoğlu A.* Yunus Emre'de arkaik unsurlar [Archaic elements in Yunus Emre] // TDED. №10. 1972. s. 1-107. (in Tur)

Cin, Babacan, 2013 – *Cin A., Babacan V.* Yunus Emre'nin Risaletü'n-Nushiyye'si ve Divan'ı üzerine yeni bir inceleme [A new review on Yunus Emre's Risaletü'n-Nushiyye and Divan] // Mediterranean journal of humanities. 2013. №III/2. s. 53-69. (in Tur)

Çotuksöken, 2004 – *Çotuksöken Y.* Türkçe atasözleri ve deyimler sözlüğü [Dictionary of Turkish proverbs and idioms]. İstanbul: Toroslu Kitaplığı, 2004. 378 s. (in Tur)

Datlı, 2014 – *Datlı D.* Risaletü'n-Nushiye'deki arkaik kelimelerin tespiti ve kelime türlerine göre sınıflandırılması [Identification of archaic words in Risaletü'n-Nushiye and classification according to word types] // Türk dünyası bilgeler zirvesi: gönül sultanları buluşması. 2014. 26-28 Mayıs. Eskişehir. ss. 639-659. (in Tur)

Dede, 1990 – *Dede B.* Yunus Emre'nin eserlerinin tahlili [Analysis of Yunus Emre's works]. Doktora Tez. Bursa: Uludağ üniversitesi, 1990. 493 s. (in Tur)

Gölpınarlı, 1934 – *Gölpınarlı A.* Yunus Emre'de öz türkçe kelimeler [Pure Turkish words in Yunus Emre] // Türkiyat mecmuası. 1934, №4. s. 265-280. (in Tur)

Görmüş, 2021 – *Görmüş Y.* Yunus'un dilinden günümüze ulaşan deyimler [Idioms from Yunus language that have survived to the present day] // Yunus Emre'nin vefatının 700. yıl dönümü anısına uluslararası Türkçenin Anadolu'da yazı dili oluşu. 12-14 Temmuz 2021. Ankara: TDK. 163-182 s. (in Tur)

Kotan, 2015 – *Kotan H.* Yunus Emre Divani'nin söz dizimi [Syntax of Yunus Emre Divani]. Yayımlanmamış doktora tezi. Erzurum: Atatürk üniversitesi, 2015. 1217 s. (in Tur)

Kenzhalin, 2012 – *Kenzhalin K.* Kazakça atasözü ve deyimlerde eskicil (aktif olmayan) unsurlar [Obsolete (inactive) elements in Kazakh proverbs and idioms]. Yayımlanmamış doktora tezi. İzmir: Ege üniversitesi, 2012. 133 s. (in Tur)

Köprülü, 1976 – *Köprülü F.* Türk Edebiyatında ilk mutasavvıflar [The first Sufis in Turkish Literature]. Ankara: Türk tarih kurumu, 1976. 420 s. (in Tur)

Kurmanbaiulı, Adilov, 2023 – *Kurmanbaiulı Sh., Adilov M.* Abay, Yunus Emre ve Ahmet Yesevi'nin dilindeki türk lehçeleri arası dilsel özellikler [Linguistic features between Turkish dialects in the languages of Abay, Yunus Emre and Ahmet Yesevi] // Türk kültürü ve Hacı Baktaş Veli araştırma dergisi. 2023. №105. s. 313-333. (in Tur)

Masala, 1971 – *Masala A.* Yunus Emre'de insan sevgisi [Love for humanity in Yunus Emre] // Çağrı dergisi. №165. 1971. s. 12. (in Tur)

Işıkşalan, 2024 – *Işıkşalan N. S.* Yunus Emre Türkçesindeki anlatım ögeleri [Expression elements in Yunus Emre Turkish] // Ahi Evran üniversitesi sosyal Bilimler dergisi, 2024. №3, s. 637-656. (in Tur)

Oba, Gürbüz, 2021 – *Oba E., Gürbüz H.* Yunus Emre'nin şiirlerinden Kazakçanın söz varlığına genel bir bakış [A general overview of the vocabulary of Kazakh from Yunus Emre's poems] // ATLAS Journal. Vol. 17. 2021. pp. 2066-2072. (in Tur)

Özgür, 2001 – *Özgür C.* Yunus Emre'nin kullandığı farklı iki Türkçe [Two different Turkish languages used by Yunus Emre] // Eskişehir Osmangazi üniversitesi Sosyal bilimler dergisi. Cilt II. 2001. №1. s. 91-103. (in Tur)

Özyaşamış, 2021 – *Özyaşamış Ş.S.* Eski Türkiye Türkçesinin deyimler sözlüğü [Dictionary of old Türkiye Turkish idioms]. İstanbul: DBY yayınları, 2021. 328 s. (in Tur)

Qaliyev, Bolganbaev, 2006 – *Qaliyev G., Bolganbaev A.* (2006). Qazirgi qazaq tiliniñ leksikologiyasy men frazeologiyasy. Almaty: Sözdik-Slovar baspasy, 2006. 258 p. (in Kaz.)

QTAS, 2005 – *Qazaq tiliniñ aymaqtyq sözdigi* (Ed. Sh.Sh. Sarybaev). Almaty: Arys, 2005. 824 p. (in Kaz.)

Qurmanbaev, 1999 – *Qurmanbaev Sh.Q.* Türik jäne qazaq tilderindegi etistikti frazeologizmderge salgastyrmalı taldav. avtoref. diss.... fil. gıl. kand. Almaty, 1999. 78 p. (in Kaz.)

Rysbaev, Nazarov, Qusayynov, 2014 – *Rysbaev Ä., Nazarov A., Qusayynov Ä.* Türkshe-qazaqsha, qazaqsha-türkshe qysqasha frazeologiyalyq sözik. Almaty: Qazaq universitesi, 2014. 128 p. (in Kaz.)

Semiz, Utebekov, 2024 – *Semiz K., Utebekov S.* Dîvân-i hikmet'te duygu bildiren deyimler ve çağdaş Türk lehçelerine yansımaları [Idioms expressing emotion in Dîvân-i Hikmet and their reflections on contemporary Turkish dialects] // Türk kültürü ve Hacı Bektaş Veli araştırma dergisi, 2024. №109, Mart, ss. 327-354. (in Tur)

Şahin, 2021 – *Şahin H.* Yunus Emre Divan'ında orfan isimleriyle kurulan deyimler [Idioms formed with orfan names in Yunus Emre Divan] // Vefatına 700. sene-yi devriyesinde uluslararası Yunus Emre ve dünya dili Türkçe bilgi şöleni. 2021. 7-9 Mayıs, ss. 211-227. (in Tur)

Tatçı, 2008 – *Tatçı M.* Yunus Emre Divanı. Tenkitli metin [Yunus Emre Divan. critical text]. İstanbul: Akçağ yayınları, 2008. 706 s. (in Tur)

Vural, 2000 – *Vural S.* Geniş kapsamlı deyimler sözlüğü [Comprehensive dictionary of idioms]. İstanbul: Epsilon yayıncılık, 2000. 383 s. (in Tur)

Yıldırım, Aghatabai, 2022 – *Yıldırım Z., Aghatabai Sh.* Yunus Emre'nin söz hazinesinde Türkmen Türkçesinin yansımaları [Reflections of Turkmen Turkish in Yunus Emre's vocabulary] // 9. Milletlerarası Türkoloji kongresi bildiriler kitabı. 2022. 13-16 Eylül. 1213-1220 ss. (in Tur)

[1]Utebekov S. [2]Montanay E.A.
[1] International University of tourism and aospitality, Turkistan, Kazakhstan
[2] Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
E-mail: [1]senuteb@gmail.com, [2]elmiramontanayeva @gmail.com

LEXICON-PHRASEOLOGICAL COMPARISON BETWEEN THE WORKS OF THE TURKISH POET YUNUS EMRE AND THE KAZAKH LANGUAGE

Abstract. In the article, the author talks about the use of phraseological phrases in the Kazakh language, which have a special place in the lexicon of the poetic works of the medieval Turkish poet Yunus Emre. As the main goal of the work, special attention is paid to the research works that consider similar and close phraseological phrases in the poet's lexicon and in the Kazakh language in terms of personality, composition and meaning. It is briefly described depending on the direction, problem, and views of scientists on the topic. The scientific novelty of the research is the analysis of the lexical and phraseological fund of the works of Yunus Emre, which has not yet been studied in Kazakh science, despite being one of the most important figures in the Turkic world. Narrative, historical-comparative, descriptive methods were used as research methods to realize this goal. In addition, the lexical-phraseological fund and phraseological phrases of the works of Yunus Emre are based on the scientific research works, views and scientific conclusions of researchers, and classifications grouped by composition, syntax, and meaning. Further, phraseological phrases in Yunus Emre's ghazals are compared with the Kazakh language in terms of lexical composition, grammatical structure, semantic features, and they are classified as "absolutely equivalent (exact equivalent)", "semi-equivalent (variant phraseological phrases)", "lexical composition (identity) Phrasal phrases that are very similar, but have differences in meaning" are classified, analyzed and differentiated into three groups. At this point, it should be noted that some words in phraseological phrases have slight differences from the Kazakh language in terms of phonetic system, but this does not affect the meaning of related languages.

Key words: Turkish literature, Turkish language, Yunus Emre, ghazal, Old Anatolian Turkish, phraseological phrases, lexical-phraseological continuity.

[1]Утебеков С., [2]Монтанай Э.
[1]Международный университет туризма и гостеприимства, Туркестан, Казахстан
[2]КазНУ им. Аль Фараби, Алматы, Казахстан.
E-mail: [1]senuteb@gmail.com, [2]elmiramontanayeva @gmail.com

ЛЕКСИКО-ФРАЗЕОЛОГИЧЕСКОЕ СРАВНЕНИЕ ПРОИЗВЕДЕНИЙ ТУРЕЦКОГО ПОЭТА ЮНУСА ЭМРЕ И КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

Аннотация. В статье автор говорит об использовании фразеологических словосочетаний в казахском языке, которые занимают особое место в лексиконе поэтических произведений средневекового турецкого поэта Юнуса Эмре. В качестве основной цели работы особое внимание уделяется исследованиям, рассматривающим схожие и близкие фразеологизмы в лексиконе поэта и в казахском языке по характеру, составу и значению. Кратко описывается в зависимости от направления, проблемы и взглядов ученых на эту тему. Научная новизна исследования заключается в анализе лексико-фразеологического фонда произведений Юнус Эмре, который до сих пор не изучен в казахской науке, несмотря на то, что является одной из важнейших фигур тюркского мира. В качестве методов исследования для реализации этой цели использовались нарративный, историко-сравнительный, описательный методы. Кроме того, лексико-фразеологический фонд и фразеологические фразы произведений Юнус Эмре основаны на научных исследованиях, взглядах и научных выводах исследователей, а также классификациях, сгруппированных по составу, синтаксису и значению. Далее фразеологизмы в газелях Юнуса Эмре сравниваются с казахским языком по лексическому составу, грамматической структуре, семантическим признакам и классифицируются как «абсолютно эквивалентные (точный эквивалент)», «полуэквивалентные (варианты фразеологизмов)», «лексический состав (идентичность) фразовые словосочетания, очень похожие, но имеющие различия по смыслу», классифицируются, анализируются и дифференцируются на три группы. Здесь следует отметить, что некоторые слова во фразеологических словосочетаниях несколько отличаются от казахского языка по фонетическому строю, но это не влияет на значение родственных языков.

Ключевые слова: Турецкая литература, турецкий язык, Юнус Эмре, газал, древнеанатолийский тюркский язык, фразеологические словосочетания, лексико-фразеологическая преемственность.

Авторлар туралы мәлімет:

Утебеков Сенбек, PhD, Тіл мектебінің аға оқытушысы, Халықаралық Туризм және меймандостық университеті, Түркістан, Қазақстан Республикасы.

Монтанай Элмира Әзімбайқызы PhD докторант, Әл Фараби атындағы ҚазҰУ, Шығыстану факультеті. Туркология және шығыс елдері тарихы кафедрасының аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан.

Information about authors:

Utebekov Senbek, PhD, Senior Lecturer of the Language Schol, International University of tourism and hospitality, Turkistan, Republic of Kazakhstan.

Montanay Elmira Azimbayevna, PhD student, Senior Lecturer, Department of Turkology and History of the Eastern Countries, Faculty of Oriental Studies, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Сведения об авторах:

Утебеков Сенбек, PhD, старший преподаватель языковой школы, Мехждународный университет туризма и гостеприимства, Туркестан, Республика Казахстан.

Монтанай Элмира Азимбаевна, PhD докторант, старший преподаватель кафедры Туркологий и истори стран востока, факультет востоковедения КазНУ им. Аль Фараби, Алматы, Казахстан.

Келіп түсті 7 ақпан 2025 жыл
Қабылданды 27 ақпан 2025 жыл

ҒТАХР 16.21.51 https://doi.org/10.63051/kos.2025.1.320

[1]Қыдырбаева Ү.Т. [2]Шадкам З. [3]Тұяқбаев Ө.О.
[1]А.Мицкевич университеті, Познань Польша
[2] Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан
[3] ҚазҰПУ «Шығыс қолжазба мұрасы» халықаралық деректану орталығы, Алматы, Қазақстан
E-mail: [1]umikyd@amu.edu.pl, [2]Zubaida.Shadkam@kaznu.kz
[3] omirabuali@gmail.com

ТҮРКІ МЕДИЦИНАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АУРУ АТАУЛАРЫ: СЕМАНТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ [5]

Аңдатпа. Адамдардың табиғатпен интуитивті байланысы қалыптасқан кезде, халық медицинасы ауруды емдеумен ғана шектелмейді, сонымен қатар, этнос мәдениетінің басқа аспектілерімен өзара қатынасы нәтижесінде дәстүрлі санологиялық жүйе құрайды. Дәстүрлі медицинаның идеологиялық негізі емшілікпен байланысты ұғымдар мен тәжірибелерге сүйенгендіктен, тарихи және заманауи зерттеулердің басым бөлігі шамандық, емшілік, тамыршы, сынықшы және бақсы-балгерлердің науқасты дертінен арылту жолындағы әдіс-тәсілдерін арқау етіп келген. Түркі халықтарының этно-медицинасы турасында зерттеулер түркілердің Ислам дінін қабылдауына дейінгі және кейінгі кезеңдерде жазылған еңбектерді қамтиды. Зерттеу мақаласы шағатай тілінде жазылған жалғыз нұсқа ретінде, әлі де зерттеуді қажет ететін «Дастӯр ал-‘илāж» қолжазба мәтініне және авторы белгісіз түркі тілінен парсы тіліне аударылған «Асрāр ал-атиббā’» шығармасына негізделеді. Зерттеу жұмысының міндеті шығармадағы ауру түрлерін анықтау, олардың тарихи және қазіргі түркі тілдеріндегі баламаларын салыстырумен қатар, мағыналық ұғымдарына сараптама жасауды көздейді. Сонымен қатар, мақалада кейбір атаулардың қолданылуындағы ерекшеліктері және олардың заманауи медициналық терминдермен сәйкестігі салғастыра зерттеледі. Жұмыстың мақсаты мәтінде кездесетін ауру атауларын түрлеріне қарай жіктеу, қолданыс аясын анықтау және семантикалық мағыналарын сараптауға негізделген. Көрсетілген мақсат міндеттерді жүзеге асыру үшін, мәтіндегі ауру түрлері, белгілері мен сипатына қарай топтастырылады. Зерттеу нәтижесінде әлі күнге дейін қолданыстан шықпай, мағыналық ұғымын сақтаған немесе өзгеріске ұшыраған ауру атаулары анықталып олардың сипаты көрсетіледі.

Кілт сөздер: түркі медицинасы, Дастӯр ал-‘илāж, Асрāр ал-атиббā’, медициналық терминдер, емшілік дәстүр, ауру түрлері, ортағасырлық қолжазба.

Кіріспе

Этномедицина өмір сүру салты ортақ этникалық топтардың аралас мәдени құрамдастарының бірі ретінде қарастырылады. Табиғи ортада белгілі бір этностық топтардың денсаулығын қамтамасыз ету және тіршілік әрекеті процесінде таңдалған ауруларды емдеу мен алдын алудың ең тиімді әдістері табиғи-климаттық жағдайлары ұқсас көршілес халықтардың мәдениеттеріне де өз әсерін тигізіп отырған. Сонымен қатар, жалпы мәдениеттің басқа құрамдас бөліктерімен (діни нанымдар, салт-дәстүрлер, ритуалдар) салыстырғанда, медициналық ғылым халықтар арасында өткір реакция тудырмастан өзара жылдам сіңісіп кеткендігі жағынан да ерекшеленеді. Демек, медициналық тәжірибе этникалық қауымдастық үшін өмірлік маңызы бар сала ретінде сипатталып келген. Дәстүрлі медицинаның ауызша

[5] Мақала AP19675139 Ортағасырлық түркі медицинасының парсы тіліндегі мұралары: «Таңсӯқ-нāме Илхāнӣ», «Асрāр ал-атиббā’» гранттық жоба аясындағы зерттеулер бойынша жарияланды.

және жазбаша мұралар арқылы зерттелуі мен олардың өзара байланысы, ғалымдар арасында үнемі қызығушылық тудырады.

Дәстүрлі медициналық мәдениеттің қалыптасуы адамдардың игерген табиғи ортаға бейімделу үдерісімен тығыз байланысты. Этникалық топтардың күнделікті тұрмысының нәтижесінде аталған экологиялық тауашада белгілі бір гомеостазды қолдауға бейім мәдени дәстүр жүйесі қалыптасады. Сол себепті, медицина саласы адамдардың қызметі ретінде бірнеше ерекшеліктерді де қамтитындығын жоққа шығаруға болмайды. Медицинаның даму жолы, адамзаттың табиғатпен байланысы нәтижесіне бағына отырып, қоғамның өмір сүруіндегі барлық салалардың жетістіктерімен тікелей байланысты болады. Адамның табиғатпен интуитивті етене байланысы қалыптасқан жағдайда, халық медицинасы тек ауруды емдеумен ғана шектеліп қалмайды, сонымен қатар, этнос мәдениетінің басқа негіздерімен тығыз байланыс орнату арқылы санологиялық дәстүрлі жүйе қалыптастырады. Өзіне тән даму ерекшеліктері мен заңдылықтарын бойына сіңірген қоғам - биоәлеуметтік организм ретінде қарастырылады. Көп жағдайда дәстүрлі медицина түрлі ритуалдар мен ғұрыптар арқылы толығып отыратын организмнің психоэмоционалдық жағдайына басты назар аударып келгендігі байқалады.

Медициналық дәстүрде тарихи ерекшеліктердің қалыптасуы басты орын алған. Мәдениеттің дамуы мен адамдардың белгілі бір салада жетілуі жеке дара жүзеге аса алмайды. Олар тек өзара әрекеттесу арқылы ғана жаңа нәрсеге қол жеткізеді. Демек, батыс пен шығыстан алынған ақпараттар ағыны белгілі бір этностың әлемдік көрінісін қалыптастырумен ғана шектелмей, олардың ақпараттық жүйесін одан әрі толықтырып отырды деуге болады. Дәстүрлі медицина емшілік, бақсы, көріпкел, тәуіп тб. көмегі арқылы ішінара жіктелген емдеудің түрлері мен әдістерінен кенже қалған емес.

Емшілік – көптеген халықтың дәстүрлі медицинасының ажырамас бөлігі. Олар қоршаған ортаның бір бөлшегі ретінде науқастарға ем-дом жасауда өсімдіктер, жан-жануарлардың өнімдері, минералдар тб. сияқты жаратылыстың сыйы болған барлық өнімдерді қолданудан бас тартпаған. Науқастарға телінген ауру түрлері мен емдеу жолдары өмір сүрген ортасына, этноаймақтық ерекшеліктеріне және күнделікті қоректері мен дәрі-дәрмектерді қолдану тәсілдеріне қарай өзгеріп отырған. Сонымен қатар, жоғарғы тылсым күш пен Аллаға сенім білдіре отырып, сол кездегі қоғамның психоэмоционалды жағдайына да әсер ету, науқасты қиын кездеңнен алып шығу, қолдау көрсету де дәстүрлі медицинаның зерттеуді қажет ететін тармақтарының бірі ретінде қарастырылады. Адамдардың өзара әрекеттесуі арқылы пайда болған жасанды өмір сүру - орта, ескі немесе бұрыннан келе жатқан ауру түрлерінен өзгеріске ұшыраған жаңа ауру түрлерінің пайда болуына әсер етіп отырған. Сондықтан оларды емдеу және анықтау әдістері әр кезеңнің шарттарына қарай өзгеріске ұшырап келген. Мақалада медициналық мәтінде кездескен ауру түрлерінің қазіргі баламалары және жалпылама атаулары қоса берілді.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Зерттеу тақырыбы AP19675139 Ортағасырлық түркі медицинасының парсы тіліндегі мұралары: «Таңсӯқ-нāме Илхāнӣ», «Асрāр ал-атиббā’» гранттық жоба аясында XVI-ғасырда өмір сүрген Сұлтāн ‘Алӣ ал-Хурāсāнӣдің «Дастӯр ал-‘илāж» және авторы белгісіз парсы тілінде жазылған «Асрāр ал-атиббā’» трактаттарындағы ауру атауларына негізделеді. Зерттеу жұмысының міндетіне қолжазба мәтіндегі ауру түрлерін анықтау, олардың тарихи және қазіргі түркі тілдеріндегі баламаларын салыстыру, мағыналық ұғымдарына сараптама жасау кіреді. Сонымен қатар, мақалада кейбір атаулардың қолданылуындағы ерекшеліктері және олардың заманауи медициналық терминдермен сәйкестігі салғастыра зерттеледі. Жұмыстың мақсаты мәтінде кездесетін ауру атауларын түрлеріне қарай жіктеу, қолданыс аясын анықтау және сараптауға негізделеді. Көрсетілген мақсат міндеттерді жүзеге асыру үшін, мәтіндегі ауру түрлері белгілері мен сипатына қарай топтастырылады. Зерттеу нәтижесінде әлі күнге

дейін қолданыстан шықпаған, мағыналық ұғымын сақтаған немесе өзгеріске ұшыраған ауру атаулары анықталып олардың сипаты көрсетіледі.

Дәстүрлі медицинаның идеологиялық негізі емшілікпен байланысты ұғымдар мен тәжірибелерге сүйенгендіктен тарихи және заманауи зерттеулердің басым бөлігі шамандық, емшілік, тамыршы, сыныққы және бақсы-балгерлердің науқасты дертінен арылту жолындағы әдіс-тәсілдерін арқау еткен. Түркі халықтарының этно-медицинасымен байланысты зерттеулер түркілердің ислам дінін қабылдауына дейінгі және ислам дінін қабылдағаннан кейінгі кезеңдерде жазылған еңбектерді қамтиды. Кодекс Куманикус, Ж. Баласағұн мен М. Қашқаридің еңбектерінде kam, şaman, otacı, emçi, atasagun тб. халық медицинасымен байланысты сөздердің ұғымдарына кеңінен тоқталған. Ж. Баласағұнның «Құтты Білік» шығармасында емші (дәрімен емдеу) мен тәуіптер (сиқырмен емдеу) туралы сөз еткен мысалдар кездеседі. Осы сияқты фольклорлық жанрларда дәстүрлі медицинаның іздері яғни, емдеу тәсілдері, ауру түрлері, тылсым күш, наным-сеніммен байланысты деректер молынан кездеседі. Ал М. Қашқаридің «Диуани Лұғат-ат түрк» сөздігінен ауру атаулары, адам физиологиясы, ауру белгілері мен ауру түрлеріне қатысты көптеген ақпараттарға қол жеткізуге болады. Кейінгі орта ғасырлық қолжазба мәтіндерінде де халық медицинасына қатысты зерттеулер молынан кездеседі. Ортағасырлық жазба ескерткіштердегі ауру атауларының зерттелуіне көптеген ғалымдар қызығушылық танытып келген. Халық емшілерінің ішкі ағзадағы ауруларды анықтау және емдеу жолдары туралы ғылыми тұжырымдар А. Алдашев, Ж. Әлімхановтың зерттеулерінде келтірілген. Мұнда Ш. Оспановтың зерттеулеріне сүйене отырып, «жел шешек», «сақина», «демікпе», «шемен», «сары ауру» тб. сияқты қазақ халқында қолданысқа енген 200-ге жуық аурулардың атаулары бар екенін алға тартқан (Алдашев, Әлімханов, 1992: 79). Қазақтың дәстүрлі емшілігі туралы жан-жақты зерттеген Ө. Әбдірахманның еңбегінде «бүпсек», «бедеу әйел», «ай кезбе», «жел-құз», «құлғана» тб. ауру түрлеріне түсініктеме беріп өткен (Әбдірахман, 2002: 82-86). Түркі халықтарында қоғамдағы әлеуметтік көзқарастарды көрсететін, тілдегі дөрекі немесе тыңдаушының көңіліне тиетін кейбір медициналық лексикалардың ұғымын жұмсартып жеткізу үшін, негізгі атаудың орнына эвфемизм сөздерді қолданған. Эвфемизмдермен қатар, тыйым салынған табу сөздер де жиі кездеседі. Мысалы өңеште болатын «рак» ауруы «қылтамақ», «қызыл сүйек» деп аталса, дене мүшесіндегі басқа «рак» ауруын «жаман ісік», «қатерлі ісік» және «зиянды ісік» деген евфемизимдердің қолданылатындығы туралы К.Аяпбергенованың зерттеуінен көруге болады (Аяпбергенова, 2005: 63-65). Қазіргі медицинада қолданылып келе жатқан ауру атауларының екі тілдегі баламаларымен олардың сипатына тоқталған А.Васильевтің еңбегінде он тоғыз түрлі аурудың атаулары мен оладың белігілері берілген (Васильев, 1902). Ауру түрлері, олардың белгілері мен емделу жолдары «el-Kanun fi't-Tıbb» еңбегінде де кеңінен көрсетілген (İbn-i Sina, ауд. Anlar, 2023). Түрік ғалымдары зерттеген ортағасырлық медициналық жазба ескерткіштердің бірі, шамамен 1387 жылы жазылған Edviye-i Müfrede еңбегінде түпнұсқа мәтінге талдау жасалынып, мәтін мен сөздіктен тұратын екі бөлімде ауру атаулары және олардың түсіндірмелері қоса берілген (Ishâk bin Murâd, ауд. Canpolat, Önler, 2016). Сонымен қатар, З. Өнлердің «Тарихи медициналық мәтіндер сөздігінде» оннан астам ортағасырлық медициналық жазба ескерткіштердің зерттелу жұмыстарынан жинақталған ауру атаулары мен дәрілік шөптердің атауларына қатысты сөздер қамтылған (Önler: 2019). Османлы тілінде жазылған İlm-i Tıbb қолжазба еңбегін зерттеген H. Ertürk түпнұсқа мәтінде кездесетін ауру түрлері мен олардың түсіндірмелеріне тоқталған (Ertürk, 2018: 379-403). Ауру атауларымен байланысты Л. Майрамбекқызы Ә. Науаидің шығармаларындағы Әмір Темір дәуіріндегі кейбір медициналық терминдерге тоқталып, зерттеу мақаласында ауру атауларымен олардың түсіндірмелерін қоса берген (Майрамбекқызы, 2021:1971-1990). Сондай-ақ, Ескі Анадолыдағы медициналық терминдерге қатысты зерттелген докторлық жұмыстың сөздік бөлімінде ауру атауларымен байланысты мәліметтер жеке көрсетілген (Türkmen, 2006).

Қай қоғамда болмасын, адам өмірі мен денсаулық мәселесі әрқашан маңыздылығын жоймаған, үнемі даму үстінде болатын қоғамның өмір сүру шарттарының басты көрсеткіштердің бірі болып қала береді. Денсаулық жақсы болған жағдайда ғана адам өмірін сапалы әрі толыққанды жалғастырады, бұл өз кезегінде қоғамның, мемлекеттің жалпы адамзат тарихының тұрақты дамуына әсер ететін негізгі фактор екендігін көрсетеді. Сондықтан ғалымдар ғасырлар бойы денсаулықты сақтау және түрлі ауруларды алдын алу үшін, сан алуан зерттеулер жүргізіп келеді. Адам физиологиясы мен психологиясына қатысты зерттеулер ежелгі дәуірден бастау алып, нәтижесінде медицина үздіксіз дамып, жаңа әдістердің пайда болуына жол ашты. Осы тұрғыдан алғанда, әр тарихи кезеңде есімі елге танымал болған шипагерлер өз саласында маңызды еңбектер жазып келді. Солардың бірі Сұлтан ‘Алӣ ал-Хурāсāнӣдің «Дастӯр ал-‘илāж» трактатының шағатай тіліндегі нұсқасы және парсы тілінде жазылған, зерттеушілердің пайымдауы бойынша, түркі тілінен парсы тіліне аударылған, авторы белгісіз «Асрāр ал-атиббā’» шығармасының парсы тіліндегі нұсқасы. Аталған еңбектерде ауруларды емдеу әдістері, қолданылатын дәрі-дәрмектер мен олардың жасалу жолдары және ауру белгілері мен атаулары жайында жан-жақты мәлімет берілген.

Парсы тілінде жазылған «Асрāр ал-атиббā’» («Емшілер сыры») медициналық еңбегін, алғаш зерттеген француз әскери дәрігері, эпидемиолог-ғалым Джозеф Тулузан (Joseph-Desire Tholozan, 1820–1897) болды. Иранда Табӣб Тӯлӯзāн Иӯнāнӣ есімімен танылып, медициналық оқу орындарын ашып, эпидемиология мен хирургия саласында ұзақ жылдар бойы Хаким-башы (حكيم باشي) қызметін атқарған. Иранда парсы, үнді медицинасымен танысып, парсы тілінде зерттелмеген «Асрāр ал-атиббā’» және «Рисāла дар тибб» атты ортағасырлық трактаттарды таныстырады (Theodorides, 1998: 96). Алғаш Тегеранда 1276/1860 жылы және 1963 жылдары Джозеф Тулузанның бастамасымен «Asrār al-aṭibbā’ iā mudjarrabāt īlat Chaġatāiī» (Емшілер сыры немесе» – Шағатай елдерінің емшілік тәжірбиесі» деген атпен басылып шығады. Автор мәтіннің Орта Азия халықтарына тиесілі екенін және хижра жыл санауымен 910 жылы парсы тіліне түрік тілінен аударылғанын анықтаған (Тұяқбаев, 2023: 101).

Парсы әдебиеттерінде «Асрāр ал-атиббā’» деген қысқа атауымен танылған шығармада жалпы саны сексеннен аса түрлі аурудың емдік жолдары мен ауру атаулары, ауруға байланысты ем-дом әдістері баяндалған. Еңбекте ауру түрлерін топтастыруға тырысқанымен жүйелі деуге келмейді. Мысалы: балалар жиі ауыратын ауру түрлері, гинекологиялық аурулар және жұқпалы ауру түрлері. Бас аяғы, шығарма 133 тақырыпшаға жіктелген (Қайранбаева, 2024: 29). Мәтіндегі ауыр және жеңіл ауру түрлерін, денсаулықты күтуге байланысты атауларды жіктеу арқылы олардың жиілігін де анықтауға болады. Солардың ішінде демікпе, бас ауруы, көз ауруы, тері ауруы, шаштың түсуы, суық тию, ішкі құрлыстың ауруы, жүрек ауруы, өкпе ауруы, қояншық ауруы, сынық пен буын аурулары тіпті, ағызаның күш-қуатын арттыру, ішімдікке тәуелділік, шала туылған нәрестеге қолданылатын емдік шаралар туралы мәліметтер кеңінен баяндалады.

Халық медицинасын зерттеуде маңызды орын алатын мұндай еңбектер қазіргі уақытта зерттеушілер тарапынан зерделеніп, сол дәуірдегі денсаулыққа қатысты түсініктер ашылып өзара сабақтастықтары әлі күнге дейін жалғасын тауып келеді. Медициналық мәтіндерді талдаудағы маңызды мәселелердің бірі — түпнұсқа мәтіндердегі медициналық терминдердің сөздік қорына қатысты мәліметтерді көрсету. Бұл зерттеулер түркі тілдерінің сөздік қорын, соның ішінде медициналық терминдер тұрғысынан, тереңірек түсінуге мүмкіндік береді және халық медицинасының тарихын зерделеп, мәтіндердің тілдік ерекшеліктерін көрсетуге үлкен үлесін қосады.

Ескі түсінік бойынша, адам денесі ғаламды құрайтын төрт түп негізге (anâsır-ı erbaa) сәйкес келетін төрт элементтен тұрады. Адам ағзасында ауа, топырақ, су және отқа (anâsır-ı erbaa) сәйкес келетін қан, қара өт, қақырық және сары өттің адам денесіндегі тепе-теңдігі адам бойындағы денсаулықтың жағдайына тікелей әсер етеді. Адам ағзасындағы бұл

сұйықтықтардың арасындағы тепе-теңдіктің бұзылуы ағзаның ауруына себеп болады. Ауруды емдеу үдерісі ағзадағы кемшіліктер мен артық заттарды теңестіріп, сұйықтықтардың бұзылған тепе-теңдігін қалпына келтіруге көмектеседі (Türkmen, 2006: 23).

Ежелгі медициналық еңбектерде микробтар белгісіз болғандықтан, барлық аурулар ағзадағы сұйықтықтардың тепе-теңдігінің бұзылуымен түсіндіріліп, науқастың дертін белгілеріне қарай анықтау барысында қандай сұйықтықтың жетіспейтінін немесе артық екендігін бақылау маңызды көрсеткіштердің бірі болған. Осыған байланысты Өнлер былай дейді: «Адам ағзасын құрайтын элементтердің ыстық, суық, ылғалды және құрғақ сипаттамалары өсімдіктерде, тағамдарда және басқа да заттарда кездеседі. Ежелгі медицинада дәрігер ауруды анықтау кезінде қай элементтің жетіспейтінін немесе артық екенін білуі, сондай-ақ барлық элементтердің қасиеттерін түсінуі қажет болды. Осыған сүйене отырып, емдеу әдісін де таңдап отырған» (Önler, 1998: 157-168). Сондай-ақ, ежелгі медицина түсінігінің ізгілігі туралы ahlat-ı erbaa ұғымы, аурулардың себептерін және оларды емдеу әдістерін түсіндіруде XIX-ғасырға дейін күшін жойған жоқ. Ahlat-ı Erbaa концепциясының негізі ежелгі гректердің гуморальдық (төрт сұйықтық) идеясына негізделген. Бұл түсінік медицинаның негізін салушы Гиппократтан (б.з.д. 460-390 ж.) бастау алады (Uzel, 2000: 8-11).

Көшпелі халықтардың емдік дәстүрін зерттеуде ерекше орын алатын Сұлтāн ‘Алī ал-Хурāсāнīдің «Дастӯр ал-‘илāж» еңбегінде Алла тағаланың адам баласына сынақ үшін мыңнан астам ауру түрін жібергендігін және адамзат үшін жіберілген үш түрлі ажалдың сипатын айта келіп, әр дертке дауа болатын амалдардың басы Алла тағалаға дұға жасап, садақа беру деп түсіндірген. Автор аурудың түрлерін науқастың өңіне, көңіл-күйіне қарау арқылы анықтаған. Тамыр ұстау арқылы жүрек қағысын, денедегі сұйықтықтардың себебінен болған ауру түрлерін түсіне, иісіне, мөлшеріне қарай анықтап отырған (Қыдырбаева, 2022: 36-45). Мұнда діни-наным сенімдердің басымдылығы мен адамзаттың құдайға деген сеніміне селкеу түсірмеу жайын да баяндайды.

Ал моңғол халықтары мен буряттардың дәстүрлі дүниетанымы бойынша, кез келген ауру- адамның басқа әлеммен қарым-қатынасының теріс салдары болып есептелген, яғни құдайлар мен рухтар әлемінің өзара әрекеттесуін реттейтін тыйымдардың бұзылуы нәтижесінде адамдар науқасқа шалдыққан деп сенген. Осы орайда ауруларды екі түрге бөліп қараған: алғашқысы аурудың себебі адамдарға түсінікті болған - жеңіл ауру түрлері. Оған денедегі жарақат, сүйектің сынуы және суық тию сияқты ауру түрлерін жатқызған. Екіншісі адамдарға себебі беймәлім болған ауруларға - ауыр және жұқпалы ауру түрлерін жатқызған. Мұндай ауру түрлеріне қызба, шешек, күйдіргі, оба, қояншық, жыныстық жолмен жұғатын ауру түрлері және сал ауруын жатқызған (Sodnompilova, Bashkuev, 2015:3).

Қазіргі медицина мен халық емшілігінің адам бойындағы кеселді анықтауға байланысты айырмашылықтарын ғалымдар былай түсіндіреді: «Заманауи медицина аурудың себебі мен салдарын өзара байланыстыратын нақты және ғылыми білімге негіздесе, халық медицинасы керсінше өмір сүру арқылы қол жеткізген нәтижелерге негізделген сенімдер мен тәжірибелерге сүйенген. Ауруды анықтау дін/сиқыр және ғылым/рационализм дихотомиясы аясында талқыланған (Kaplan, 2011:151).

Талқылау

Ауруды қабылдау және оны емдеу жолдары әр қоғамда әртүрлі болған. Зерттеу нысанына алынған еңбекте ауру түрлерін адамның дене мүшелеріне немесе аурудың ауыр және жеңілдігіне қарай топтастыруға болады.

Бас ауруымен байланысты **şaqīqa** (31b/2): < араб. қазақ тілінде *сақина* деп аталатын ұстамалы бас ауруы (ҚӘТС, 2011: 557). Басқа қолжазба еңбектеріндегі сөздіктерде шекеден басталатын аурудың бір түрі, бас пен беттің бір жақ бөлігінің ауруы (Kâmûs III 908). Ысқāқ бин Мурāдтың «Едвие-и Мүфреде» еңбегінде *‘...ve tuluŋ ağrısına ki şaḳīḳa derler’* [...шекенің ауырғанына сақина дейді] (Edv 40b/7, Önler, 2019:188). Ибн Синаның «Дәрігерлік ғылымның

ережелері» еңбегінде қан тамыр мен денедегі зиянды газдар мен секрецияның себебінен болатын бас ауруы ретінде сипатталған (İbn-i Sina; ауд. Anlar, 2023: 307).

Тамақ ауруымен байланысты **yötel** (13b/7): тыныс жолдары қабынғанда пайда болатын ауру; тұмау; тыныс жолы қабынып күркілдеу (ҚӘТС, 2011: 519). Васильевтің еңбегінде жөтелдің жеке ауру түрі ретінде емес, түрлі аурулардың салдарынан пайда болатынын айта келіп, оған қолданылатын ем-домның да әртүрлі екендігін алға тартады (Васильев; Әбдіраман, 1902; 1999: 140).

Мәтінде көз ауруларына қатысты **şebkör** (14a/2, 32a/5, 40a/1, 50b/6): ақшам соқыр мед. < грек. Hemera-түн, alaos- соқыр, ops- көру > көздің жарық жеткіліксіз жағдайда ымырт жабылып, қараңғы түскен кезде, түнде нашар көруі (ҚӘТС, 2011: 287). Стейннің сөздігінде şeb-kūr: gece körlüğü, tavukkarası [түнде көрмеу, никталопия] şeb < F. şeb ‘түн’ (Stein: 729); kūr < F. ‘kör’(Stein: 1060). Хаджы Пашаның «Мүнтахаб-и шифā» еңбегінде şeb-kūr göz тіркесінде қолданылған (МŞ 47b., Önler, 2019:190). Бұл дерттің белгісін көздегі сұйықтықтың азаюы немесе асқазан және мидың тұтылуы сияқты көруге әсер ететін факторлардың әсерінен болатындығы айтылады (İbn-i Sina, ауд. Anlar, 2023: 332). **közige aq tüş-** (16a/1, 16a/7): катаракта, көз бұршағының бұлдырап, қарауытып ағаруымен сипатталатын көз ауруы (ҚӘТС, 2011: 464). Көздің көру қабілетінің деңгейі катарактаның көз қарашығын жабуына байланысты болып, көруге кедергі келтіреді. Егер толықтай жауып қалса, көру қабілеті мүлдем төмендейді (İbn-i Sina, ауд. Anlar: 2023: 333). Көз ауруы ретінде **köz ḫīre** немесе **közi tīre** (16a/5) < түрк.+ парс. (32a/5, 48a/4, 51b/1): көзі бұлдырау, анық көрмеумен байланыстырылады. Осыған ұқсас көз аурулары бөлімінде **ala** (40a/2, 42a/3,4) аурумен байланысты тіркесте кездеседі. Бұл сөзді теріге түскен дақ ретінде де қарастыруға болады, алайда мәтінде көз аурулары арасында кездескендіктен бұл көз ауруы ретінде қарастырылды. Осыған ұқсас **alalıq**: түрік тілінің сөздігінде *көздің бұлдырып көруі* ретінде берсе (Derleme Sözlüğü, 1968:7), **alalıq** < түрк: ақтаңдақ < a:la: *ала түсті, ала, дақ* (EDPT, 1972: 138) деп аурудың денедегі сипатына қарай берілген (Dilçin 1983; 7).

Құлақ ауруымен байланысты **ker** (14a/7): қазақ тілінде құлағы жақсы естімейтін немесе мүлдем естімейтін, саңырау мағынасында қолданылатын *керең* (ҚӘТС, 2011: 651) сөзінің баламасы ретінде қарастыруға болады. Мәтінде *саңырау* **saġruġulıq** (35a/7) түрінде кездеседі. Этимологиялық сөздіктерде sıŋar, saŋır немесе *saŋrav* түрінде тарихи түркі тілдерінде қолданылғандығы айтылады. Сөздің түбірі *жалғыз, екі жақтың біреуі, бір жұптың біреуі* мағынасында жұмсалатын saŋar ~ sıŋar сөзімен байланыстырып, sağır (< saŋır, <saŋar) *жалғыз құлақты* мағынасымен ұштастырып, *естімейтін* ұғымында жұмсалған деп есептейді (Eren, 1999:348). Тағы бір жерде ауруды сипаттау түрінде **qulaqı sançıp ağrı-** (52b/3-4): *құлақтың шаншып ауруы* деп береді.

Денеге шыққан жара және тері ауруларына қатысты **qotur** (15a/7): адамдар мен жануарлардың денесіне шығатын жұқпалы қышыма ауру (ҚӘТС, 2011:152). **ḥaşba** (17b/8,18a/1): *қызылша ауруы* < араб. денеде пайда болатын бөртпенің бір түрі, түркі тілінде *қызамық/қызылша* деп аталады (Kâmûs II 109), МŞ 33a, 131b, 134b; Tuhf 26b. (Önler, 2019: 78). Қызылша сияқты емделу жолы бірдей **çiçeg** (27b/9): *шешек ауруы* (МŞ 33a, 131b, 136a). Өнлердің түсіндірмесінде бөртпенің немесе қызылшаның күлдіреуінен шығады дей келе екеуінің емі бір екенін айтады (Önler, 2016: 121). Шешек ауруы қышып басталып, иненің басындай бөртпелер шығып, ішіне сары су жиналып, жараға айналғаннан кейін өліктенеді. Егер жаралар жасыл түске айналса, өлім қаупіне айналады (İbn-i Sina, ауд. Anlar, 2023: 427). Адам денесіне бөртіп, күлдіреп ұйыса шығатын жұқпалы ауру. Мұнда екі түрі: жел немесе ұшпа шешекпен көбіне балалар ауырады; соңғысы ең ауыр түрі - қара шешек (ҚӘТС, 2011: 355). **zaḫm** (29b/1): *жара, соққы* < парс. zaḫm (Stein, 611). Edv 14b; МŞ 102a (Önler, 2019: 229). Қазақ тіліндегі мағынасы *кесір немесе залал* (ҚӘТС, 2011: 59). **cerāḥet** (29a/7): *ірің, жара* < араб. cerāḥat (Devellioğlu, 1995:134). **çil** (37b/5): *бетке шыққан кішкентай дақтар, секпілдер* (HS 29b). Диуани лұғат-ат түркте *көгерген және соққы алғаннан қалған із және сұрықсыз,*

секпіл ұғымында кездеседі (Atalay, 1999:153). Бас терісіне шығатын, шаштың өсуін тоқтататын *таз* тері ауруы мәтінде **şora (bolġan) taz** (47a/2) түрінде сипатталып берілген. Диуани лұғат-ат түркте *тоқыр, даз, тақыр, мүйіссіз қой, тақыр жер* деп сипатталады. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде екі түрлі мағынасы берілген: 1. басқа түсетін жұқпалы жара; 2. мед. < ағыл. calvities > негізінен бастағы шаштың сиреуі, кей жағдайда терінің жекелеген бөліктеріндегі түктердің толықтай түсіп қалуы түрінде болатын ауру (ҚӘТС, 2011: 610). Осы тіркестегі **şora** қазіргі қазақ тіліндегі *шор* сөзімен баламалас: денедегі қатып қалған түйін, ісік, беріш (ҚӘТС, 2011: 402). Қыпшақ тілінің сөздігінде *ауру* баламасында *çor* түрінде кездеседі (Toparlı, 2007: 53). Сонымен қатар, *şor* сөзінің баламасын шағатай тілінің сөздігінде < парс. *тұзды, ащы, қышқыл* мағынасында көрсетеді (Teres, 2007: 347).

Денедегі суықпен байланысты **quyaŋ** (9a/9): мед. < лат. radikula > жұлын, нерв талшықтарының зақымдануынан болатын бел ауруы (ҚӘТС, 2011: 467). Тағы бір сөздікте *құяң үзу* тіркесі арқылы берілген. «құяң»: ертеде қазақ емшілері бұлаулау, шету, құяң үзу, уқалау, теріге салу, жынға малу секілді тәсілдермен ауруларды сауықтырған (Қалиев, 2014:381). Тыва тілінде қуяң: буын қуалаған ревматизм (Пальмбах, 1955: 254). Сонымен қатар, аузыекі тілде *құяң жел* тіркесі *шаншу* немесе *шаншу қадалу* мағыналарында қолданылады. **sançıq** (66b/9, 67a/3): суыққа ұшыраудан болатын сырқат, науқас (ҚӘТС, 2011: 241). ṣancu: шаншу; *сал.* buru; *қар.* sançmak < sancıġ (EDPT, 1972: 835; Önler, 2019: 166).

Ортағасырлық мәтіндерде bāṣūr түрінде де кездесетін дененің әр жеріне шығатын сүйел және геморрой (көтеу) мағынасында жұмсалатын **nāṣūr** (12b/5): < араб. геморрой; көз айналасы мен түрлі органдарда пайда болатын суланған жара (Önler, 2019:144). Өнлер басқа сөздіктерге сілтеме бере отырып, бұл сөздің мағынасын bevāsīr сөзімен салыстырады: bāṣūr < араб. nāṣūr: көз айналасына және тіс етіне шығады; haval-i makadda деп аталады; ісінген жердің тесілуі, емі жоқ жарадан пайда болады; тб. (Kâmûs, II 703-704). **mudur** (22b/8, 30a/9): қырғыз тіліндегі бүдүр: кішкентай бөртпе (Юдахин, 1985:165) мағынасында жұмсалған.

Адам психологиясымен байланысты **tilbe** (42a/4; 12a/7): жынды (Ünlü, 2012:592). Көне түркі сөздігінде tilfe, tilve (Gemalmaz,1988: 84); көне ұйғырда tilfä (Caferoğlu, 1968: 239), тарихи қыпшақ тілінің сөздігінде deli: *сал.*telü, delü (Toparlı, 2006: 269); хорезм және Алтын орда тілінің сөздігінде telwe: *сал.* tėlbe, tilbe, telbe (Ünlü, 2012: 581); қазіргі түркі тілдерінде әзер. déli, башқұр. divana/tili, қаз. делiқұлы, қырғ. deli/delbe, өзб. telbé/cinni, татар. tili/divana, түркм. dé:li, ұйғ. té:lli/té:lvé: (Ercilasun, 1991: 156-157). **uçuq** (4b/2): uçuḳ эпилепсия, қояншық, зияндас (Önler, 2016:190). **unutqaq** (22b/1): unutsaḳlıḳ: unutkanlık *сал*. *Nisyān қар*. *Unıtġan* ұмытшақ (Önler, 2019: 212). Хорезм және Алтын орда тілінің сөздігінде unutsalıḳ (Ünlü, 2012: 626). **ṣara'** (37b/2, 41b/7): < араб. ṣar' қояншық ауруы (Önler, 2019: 166).

Ішкі органдармен байланысты ауру атауларынан **qulınç (6b/9):** qulunc < араб. K1ulenc, k1ulınc асқазанға қадалатын қатты шаншу (Önler, 2019:113); іштің кебуі, ішке ауа/газ жиналып қалғаннан пайда болатын шаншудың бір түрі (Önler, 2016:156); османлы сөздігінде ḳulunç: асқазанның ауруы, асқазанда пайда болып иықтың жоғарғы жағы мен дененің ауруы (Develioğlu, 1995: 630). **qabıẓ** (34b/4): ішқатпа; ḳābıż, ḳabż < араб. іштің кебу, ішқатпа (Önler, 2016: 147). **istisqā-i laḥm** (32a/2, 60a/4, 62b/4-5): < араб. istisḳā-yı laḥmī беріш, бауыр циррозының бір түрі (Önler, 2019: 92). Шамадан тыс ет пен газдың әсерінен пайда болатын цирроз ауруы (Türkmen, 2006: 211). **istisqā-i zaqqı** (60a/3): żīḳḳī цирроз ауруының бір түрі *сал*. ṭablī, istisḳā-yı ż. (Önler, 2016: 201). Мәтінде бұл аурудың белгісін *ісіну* деп көрсеткен (60a/4, 60b/7). **yelgezik** (41a/7): yėl – асқазанның ісінуі, ревматизм, сарсық (Önler, 2019: 196).

Жұқпалы ауру түрлеріне байланысты **bezgek (**31b/7): мед. < итал. malaria > денені қалшылдатып, бір суытып, бір қыздырып, дірілдетіп басталатын жұқпалы ауру (ҚӘТС, 2011:189). Көне түркіде bezik – дірілдеу (Gemalmaz,1988: 14); қыпшақ тілінің сөздігінде bezgek: қатты қызу (Toparlı, 2007:29). **ala** (40a/2): alalıḳ - алапес *сал.* baraṣ < a:la: 'parti-coloured, dappled, mottled, spotted, blotchy' (EDPT, 126; Önler, 2019: 16). Қазақ тілінде алапес: мед. <грек. Lepra> лепра микробактериясы туғызатын созылмалы жұқпалы ауру (ҚӘТС, 2011: 369).

Әйел адамның бедеулігі және ер адамның жыныстық ауруларымен байланысты **tolġaq** (20a/9): адам мен жан-жануарлардың туу алдындағы ішті қатты бүріп, құрсақ, арқа еттері жиырылып ширап, қинайтын физиологиялық үрдіс (ҚӘТС, 2011: 235). Көне ұйғырда tolġaḳ: ауру, қиналу, ыздырып, шаншу (Caferoğlu, 1968: 245). **tuġmaslıq** (39a/2): қазіргі қазақ тілінде бедеулік: кәмілетке толған әйел не еркек ағзасының ұрпақ бермеуі, ұрықтанбаушылық, ұрпақсыздық (ҚӘТС:186).

Дене қызуының көтерілуіне байланысты **ḫarāret** (33b/1): денедегі ыстық, < араб. ḥār < harr, ḥarāret: ыстыққа айтылады, суыққа қарсы (Önler, 2019:77). ḫarāret (араб): ыстық; ḥarārat (араб.): қызу (Teres, 2007: 143).

Мәтінде қазақ тіліндегі *науқас* немесе *ауру* мағынасында **sökel** (12b/9; 12a/1): < *түр*. ауру (ДЛТ, КТ) (<sök-e-l Clauson 1972: 820) сөзі кездеседі. Диуани лұғат-ат түркте оғыз түркі тілінде *ауру* мағынасында қолданылғаны туралы айтылады (Ercilasun, Akkoyunlu, 2014: 170). Алайда Clauson М. Қашқаридің оғыз түркілеріне тән деген тұжырымына күмән келтіреді. Себебі хақан түркі тілінде sökel *ауру* түрінде қолданылуымен қатар, шағатай тілінде *ауру* немесе *көтерем*, османлы тілінде *ауру*, хорезм түркі тілінде *ауру*, қыпшақ түркі тілінде söke:l түрінде кездескен (Clauson, 1972: 820). Бұл сөз әрі зат есім, әрі сын есім түрінде қолданылған. Көне ұйғыр сөздігінде *есінен танып қалу* түрінде сипаттаған (Caferoğlu, 2015: 209). Ал түрік тілінің сөздігінде бірнеше мағынада береді: 1. қызудың жоғарлауы, дене қызуын тудыратын ауру; 2. әлсіз, дәрменсіз; 3. іш сүзек; 4. өкпе қабынуы; 5. мүгедек; 6. қауіпті тұмау; 7. ауруға берілетін тағам (Derleme Sözlüğü, 1968: 3675).

Зерттеу нәтижелері

Зерттеу нәтижесінде шығармадағы ауру атаулары анықталып, олардың тарихи және қазіргі түркі тілдеріндегі семантикалық мағыналары салыстырылды. Көптеген ауру атауларының кірме сөздер арқылы жасалғандығы анықталды. Солардың ішінде ең кең таралғаны араб тілі негізінде жасалған ауру атаулары деуге болады. Түркі негізді ауру атауларының қазіргі түркі тілдерінде әлі қолданысқа ие екендігін *жөтел, көзге ақ түсу, керең, қотыр, шешек, құяң, шаншу, таз, ұшық, ұмытшақ, безгек, алапес, деліқұлы* сияқты атаулардан байқауға болады және қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүрген ауру атаулары мағыналық өзгеріске ұшырамастан сол күйінде қолданылып келгендігі анықталды. Дегенімен кейбір сөздердің қазақ тілінде семантика жағынан өзгеріске ұшырағанымен басқа түркі тілдерінде мағынасын сақтап қалған. Солардың бірі қырғыз тілінде *кішкентай бөртпе* ретінде қолданылатын *бүдүр* сөзі мәтінде mudur түрінде кездеседі. Мұнда сөз басындағы /б/ > /м/ өзгеруі мүмкін болғандықтан *mudur* сөзінің баламасы ретінде *бөртпе* сөзі таңдалды. Әрине бұл сөзге қатысты мына бір болжамды келтіруге болады: араб тілінде *müdirr* – денеден сұйықтықтың шығуы <Ar. derr > müdirr ‘сүт, қан, зәр және басқа сұйықтықтардың организмнен шығуы’ Sami 1313. (Önler, 2109: 139). Алайда мәтінде семантикалық және жазылуы жағынан сәйкес келмейтіндігін көруге болады. Сонымен қатар, қазақ тіліндегі ерінге шығатын *ұшық* мәтінде қояншық ауруымен байланысты қолданылады. Кейбір ғалымдар түркі тіліндегі uç- етістік түбіріне –(u)k жалғану арқылы жасалған деп пайымдап, *қояншық* ауруы ұстаған кезде есінен танып қалуына байланысты аталған деп есептейді. Сонымен қатар, беттің әрінің кетуін, бозаруын да осылай атаған (Türkmen, 2006: 288). Қазақ тіліндегі *кер* мәтінде *керең, мүкіс, тосаң* мағынасында жұмсалған. Қазақ және тыва тілінен басқа, түркі тілдерінде қолданылмайтын *құяң* сөзі де осы мәтінде бір-екі жерде кездеседі. Анықталған ауру атауларымен қатар, kedūdāne (32a/2); qarakezik (33b/6, 40a/8); sarıġ qart (37b/6); sefal (40b/3) сияқты ауру атауларының баламалары әлі де зерттеуді қажет етеді.

Қорытынды

Көшпенді халықтардың этномедицинасы, «Асрāр ал-атиббā’» және «Дастӯр ал-‘илāж» сияқты әр аймаққа тән қолжазба мәтіндері ғалымдар тарапынан зерттеліп, өмір сүру салтымен

өзара етене қайнасып, күні бүгінге дейін жалғасын тауып келе жатыр. Заманауи медицина себеп-салдарлық байланыстарға негізделіп, ғылыми дәлелдер мен нақты білімді талап ететін болса, дәстүрлі медицинада керсінше, логикалық және ғылыми түсініктердің орнына өмір тәжірибесі мен наным-сенімдер маңызды рөл атқарып келген. Қорыта айтқанда, зерттеу жұмысының тағы бір маңызды жағы, түпнұсқа мәтіндердегі медициналық терминдердің сөздік қорына қатысты мәліметтерді көрсетумен ерекшеленеді. Мұндай зерттеулер түркі тілдерінің сөздік қорын, соның ішінде медициналық терминдер тұрғысынан тереңірек түсінуге мүмкіндік береді және халық медицинасының тарихын зерделеп, мәтіндердің тілдік ерекшеліктерін көрсетуге үлкен үлесін қосады. Зерттеу мақаласы AP19675139 Ортағасырлық түркі медицинасының парсы тіліндегі мұралары: «Таңсӯқ-нāме Илхāнӣ», «Асрāр ал-атиббā'» гранттық жоба негізінде жүргізілген зерттеу материалдары негізінде жүзеге асырылды.

Әдебиеттер:

Алдашев, Әлімханов, 1992 – *Алдашев, А., Әлімханов, Ж.* Қазақтың халық медицинасының құпиясы. Алматы: Қазақстан, 1992. b.159.

Atalay, 1985 – *Atalay, B.*, Divanü Lügat-it-Türk Tercümesi. I. Ankara: TDK, 1985. s. 530.

Atalay, 1985 – *Atalay, B.*, Divanü Lügat-it-Türk Tercümesi. II. Ankara: TDK, 1985. s. 366.

Atalay, 1999 – *Atalay, B.*, Divanü Lügat-it-Türk Tercümesi. III. Ankara: TDK, 1999. s. 452.

Әбдірахман, 1999 – *Әбдірахман, Ө.* Қазақтың қара емдері. Алматы: Атамұра, 1999. б.152.

Васильев, 1902 – *Васильев, А.* Народные способы и средства, употребляемые при лечении болезни киргизами Тургайской области. Тургай: Тургайская областная Типо-литография, 1902. с. 25.

Gemalmaz, 1988 – *Gemalmaz, E*. Eski Türkçenin Lügati. 2.Baskı. Erzurum: Atatürk Üniversitesi Fen-Edebiyat Fakültesi Yayınları No28. 1988. s. 53.

Derleme Sözlüğü 1968 – Derleme Sözlüğü / Der. Aksoy Ö.A. vb. 12 Cilt. Ankara: TDK 1968. s. 4842.

Devellioğlu, 1995 – *Devellioğlu, F.* Osmanlıca-Türkçe Ansiklopedik Lugat. Ankara: Aydın Kitabevi, 1995. s. 117.

Dilçin, 1983 – *Dilçin, C.* Yeni Tarama Sözlüğü. Ankara: TDK. 1983. s. 352.

Ercilasun, 1991 – *Ercilasun, A.B.* Karşılaştırmalı Türk Lehçeleri Sözlüğü. Ankara: Kültür Bakanlığı, 1991. s. 1685.

Eren, 1999 – *Eren, H.* Türk Dilinin Etimolojik Sözlüğü. 1.Baskı. Ankara: Bizim Büro Basım Evi s.152.

Ertürk, 2018 – *Ertürk, H*. Tabib Muhammed Bin Hasan'ın İlm-İ Tıbb Adlı Eseri: İçeriği, Tıbbî Terminolojisi ve Kelime İstatistiği // Journal of Turkish Language and Literature. Volume:4 , Issue:2, Spring, (379-403) 2018. s. 379-403.

Caferoğlu, 1968 – *Caferoğlu, A.* Eski Uygur Türkçesi Sözlüğü. İstanbul: Edebiyat Fakültesi Basımevi, 1968. s. 320.

İbn-i Sina, 2023 – *İbn-i Sina., ayd. Anlar, Ö.* El Kanun fi't-Tıbb. Tıp Prensipleri. Ankara: Eski Yeni Yayınları, 2023. s. 573.

Canpolat, Önler, 2016 – *Canpolat M., Önler, Z.* Ishâk bin Murâd Edviye-i Müfrede (Metin-Sözlük). 2. Baskı. Ankara: TDK, 2016. s. 347.

Clauson, 1972 – *Clauson. Sir G.* An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth-Century Turkish. (EDPT). Oxford, 1972. p. 990.

Kaplan, 2011 – *Kaplan, M*. Halk Tıbbının Kökenleri: Teşhisten Tedaviye Din ve Büyü İlişkisi // Millî Folklor, Yıl 23, Sayı 91. 2011. s. 151-156.

Kayranbayeva, Shadkam, Tuyakbayev, 2024 – *Kayranbayeva, N., Shadkam Z., Tuyakbayev, O.* Medicinal Plants in Medieval Treatises: Medicinal Properties, Application, Description // Bulletin – Orientalism KazNU, N4 (111), 2024. p. 25-32

Қазақ әдеби..., 2011 – Қазақ әдеби тілінің сөздігі, (ҚӘТС). 15 томдық. 2-басылым, 2011.

Қалиев, 2014 – Қалиев, Б., Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2014. s. 728.

Қыдырбаева, 2022 – *Қыдырбаева Y.T.* «Дастӯр ал-‘илāж» трактатында кездесетін ауру түрлері // «Далалық медицина: деректері, тарихы, қолданылуы, ұғымдары мен терминдері» халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы / жауапты ред. З.Шадкам, Алматы: 2022. 36-45б.

Horasani S.A. – *Horasani S.A.* Dastur Iladzh. Leghzu: matbaa name medshi nul

Mairambekkyzy, 2021 – *Mairambekkyzy, L.* Ali Şir Nevâyî'nin Eserlerine Göre Timurlular Dönemine Ait Bazı Tıbbî Terimler // Turkish Studies – Language. 16(3). 2021. s. 1971-1990.

Önler, 1998 – *Önler, Z.* 14-15. Yüzyıl Türkçe Tıp Metinlerinin Söz varlığı, Kebikeç, Yıl:3, б.:157-168.

Önler, 2019 – *Önler, Z.* Tarihsel Tıp Metinler Sözlüğü. Ankara: TDK, 2019. s. 235.

Пальмбах, 1955 – *Пальмбах, А.* Тыва-орус словарь. Москва: Күрүнениң даштыкы болгаш национал словарьлар үндүрер парлалга чери, 1955. s. 723.

Sodnompilova, Bashkuev, 2015 – *Sodnompilova, M., Bashkuev, V.* Diseases and their origins in the traditional worldview of Buryats: folk medicine methods // Études mongoles et sibériennes, centrasiatiques et tibétaines // N46. 2015. p. 1-13. URL: https://journals.openedition.org/emscat/2510

Teres, 2007 – *Teres, E*. Çağatayca Sözlük. YTÜ – TDE, 2007. s. 411.

Toparlı, Vural, Karaatlı, 2006 – *Toparlı, R., Vural, H., Karaatlı R*. Kıpçak Türkçesi Sözlüğü. 2. Baskı. Ankara: TDK, 2006. s. 338.

Ṭūlūzān, Iūnānī, 1383 – Ṭūlūzān, Iūnānī. Asrār al-aṭibbā' iā mudjarrabāt Īīlat Chaġatāiī. Ṭehrān: Muassase-ie muṭāla'āt-e tarīkh, ṭibb-e islāmī. 1383. s. 101.

Тұяқбаев, Шадкам, Қайранбаева, 2023 – *Тұяқбаев, Ө., Шадкам, З., Қайранбаева, Н.* Ортағасырлық түркі медицинасының парсы тіліндегі мұрасы - «Асрāр ал-атиббā' // ҚазҰУ Шығыстану сериясы, №4 (107). 2023. 97-104 б. https://doi.org/10.26577/JOS.2023.v107.i4.010

Türkmen, 2006 – *Türkmen, S.* Eski Anadolu Türkçesinde Tıp Terimleri /Kırıkkale Üniveristesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü, Türk Dili ve Edebiyatı Ana Bilim Dalı. Doktora Tezi, 2006. s. 419.

Uzel, 2000 – *Uzel, İ.* Anadolu'da Bulunan Antik Tıp Aletleri. Ankara: TTK Yay. 2000. s. 450.

Ünlü, 2012 – *Ünlü, S.*, Harezm Altınordu Türkçesi Sözlüğü. Konya: Eğitim Yayınevi, 2012. s. 716.

Юдахин, 1985 – *Юдахин, К.К.* Киргизско- русский словарь. 1-книга. Фрунзе: Главная редакция Киргизской Советской энциклопедии, 1985. s. 503.

References:

Aldaşev, Älimxanov, 1992 – Aldaşev, A., Älimxanov, J. Qazaqtıñ xalıq medïcïnasınıñ qupïyası. [The secret of Kazakh folk medicine]. 1992. Almatı: Qazaqstan, b.159. (in Kaz).

Atalay, 1985 – Atalay, B., Divanü Lügat-it-Türk Tercümesi. [Divanu Lugat-it-Turk Translation]. 1985. I. Ankara: TDK, s. 530. (in Tur).

Atalay, 1985 – Atalay, B., Divanü Lügat-it-Türk Tercümesi. [Divanu Lugat-it-Turk Translation]. 1985. II. Ankara: TDK, s. 366. (in Tur).

Atalay, 1999 – Atalay, B., Divanü Lügat-it-Türk Tercümesi. [Divanu Lugat-it-Turk Translation]. 1999. III. Ankara: TDK, s. 452. (in Tur).

Äbdiraxman, 1999 – Äbdiraxman, Ö. Qazaqtıñ qara emderi. [Kazakh black magic]. 1999. Almatı: Atamura, p.152. (in Kaz).

Vasil'yev, 1902 – Vasil'yev, A. Narodnyye sposoby i sredstva, upotreblyayemyye pri lechenii bolezni kirgizami [Traditional methods and means used in the treatment of the disease by the Kyrgyz of the Turgai region]. 1902. Turgayskoy oblasti. Turgay: Turgayskaya oblastnaya Tipo-litografiya. s. 25. (in Rus).

Gemalmaz, 1988 – Gemalmaz, E. Eski Türkçenin Lügati. [Dictionary of Old Turkish]. 1988. II.Baskı. Erzurum: Atatürk Üniversitesi Fen-Edebiyat Fakültesi Yayınları No28. s. 53. (in Tur).

Derleme Sözlüğü 1968 – Derleme Sözlüğü [Compilation Dictionary]. 1968. / Der. Aksoy Ö.A. vb. 12 Cilt. Ankara: TDK. s. 399. (in Tur).

Devellioğlu, 1995 – Devellioğlu, F. Osmanlıca-Türkçe Ansiklopedik Lugat. [Ottoman-Turkish Encyclopedic Dictionary]. 1995. Ankara: Aydın Kitabevi. s. 117. (in Tur).

Dilçin, 1983 – Dilçin, C. Yeni Tarama Sözlüğü. [New Search Dictionary]. 1983. Ankara: TDK. s. 352. (in Tur).

Ercilasun, 1991 – Ercilasun, A.B. Karşılaştırmalı Türk Lehçeleri Sözlüğü. [Comparative Dictionary of Turkish Dialects]. 1991. Ankara: Kültür Bakanlığı. s. 1685. (in Tur).

Eren, 1999 – Eren, H. Türk Dilinin Etimolojik Sözlüğü. [Etymological Dictionary of Turkish Language]. 1999. 1. Baskı. Ankara: Bizim Büro Basım Evi s.152. (in Tur).

Ertürk, 2018 – Ertürk, H. Tabib Muhammed Bin Hasan'ın İlm-İ Tıbb Adlı Eseri: İçeriği, Tıbbî Terminolojisi ve Kelime İstatistiği. [Doctor Muhammed Bin Hasan's Work Named "İlm-i Tıbb": Its Content, Medical Terminology and Word Statistics]. // Journal of Turkish Language and Literature. Volume:4 , Issue:2 , Spring, (379-403) 2018. s. 379-403. (in Tur).

Caferoğlu, 1968 – Caferoğlu, A. Eski Uygur Türkçesi Sözlüğü. [Old Uyghur Turkish Dictionary]. 1968. İstanbul: Edebiyat Fakültesi Basımevi, s. 320. (in Tur).

İbn-i Sina, 2023 – İbn-i Sina., ауд. Anlar, Ö. El Kanun fi't-Tıbb. Tıp Prensipleri. [Al-Qanun fi't-Tıbb. Principles of Medicine]. 2023. Ankara: Eski Yeni Yayınları, s. 573. (in Tur).

Canpolat, Önler, 2016 – Canpolat M., Önler, Z. Ishâk bin Murâd Edviye-i Müfrede (Metin-Sözlük). [Ishak bin Murad Edviye-i Mufrede (Text-Dictionary)]. 2016. 2. Baskı. Ankara: TDK, s. 347. (in Tur).

Clauson, 1972 – Clauson. Sir G. An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth-Century Turkish. Oxford, 1972. p. 990.

Kaplan, 2011 – Kaplan, M. Halk Tıbbının Kökenleri: Teşhisten Tedaviye Din ve Büyü İlişkisi. [The Origins of Folk Medicine: The Relationship Between Religion and Magic, from Diagnosis to Treatment]. // Millî Folklor, Yıl 23, Sayı 91. 2011. s. 151-156. (in Tur).

Kayranbayeva, Shadkam, Tuyakbayev, 2024 – Kayranbayeva, N., Shadkam Z., Tuyakbayev, O. Medicinal Plants in Medieval Treatises: Medicinal Properties, Application, Description // Bulletin – Orientalism KazNU, N4 (111), 2024. p. 25-32.

Qazaq ädebï..., 2011 – Qazaq ädebï tiliniñ sözdigi. [Dictionary of the Kazakh literary language]. 2011. 15 tomdıq. 2-basılım. (in Kaz).

Qalïev, 2014 – Qalïev, B., Qazaq tiliniñ tüsindirme sözdigi. [Explanatory dictionary of the Kazakh language]. 2014. Almatı: Memlekettik tildi damıtw ïnstïtwtı, s. 728. (in Kaz).

Qıdırbaeva, 2022 – Qıdırbaeva Ü.T. «Dastūr al-'ïlāj» traktatında kezdesetin awrw türleri. [Types of diseases found in the treatise "Dastur al-'ilaj"]. // «Dalalıq medïcïna: derekteri, tarïxı, qoldanılwı, uğımdarı men termïnderi» xalıqaralıq ğılımï-praktïkalıq konferencïya jïnağı / jawaptı red. Z.Şadkam, Almatı: 2022. 36-45b. (in Kaz).

Horasani S.A., (1301). Dastur Iladzh. Leghzu: matbaa name medshi nul. (in Chag.)

Mairambekkyzy, 2021 – Mairambekkyzy, L. Ali Şir Nevâyî'nin Eserlerine Göre Timurlular Dönemine Ait Bazı Tıbbî Terimler. [Some Medical Terms of the Timurid Period According to the Works of Ali Şir Nevâyî]. // Turkish Studies – Language. 16 (3). 2021. s. 1971-1990. (in Tur).

Önler, 1998 – Önler, Z. 14-15. Yüzyıl Türkçe Tıp Metinlerinin Söz varlığı. [Vocabulary of 14th-15th Century Turkish Medical Texts]. 1998. Kebikeç, Yıl:3, б.:157-168. (in Tur).

Önler, 2019 – Önler, Z. Tarihsel Tıp Metinler Sözlüğü. [Dictionary of Historical Medical Texts]. 2019. Ankara: TDK, s. 235. (in Tur).

Pal′mbah, 1955 – Pal′mbah, A. Tyva-orus slovar′. [Tuva-Russian dictionary]. 1955. Moskva: Kürüneniň daštyky bolgaš nacional slovar′lar ündürer parlalga čeri, s. 723. (in Rus).

Sodnompilova, Bashkuev, 2015 – Sodnompilova, M., Bashkuev, V. Diseases and their origins in the traditional worldview of Buryats: folk medicine methods // Études mongoles et sibériennes, centrasiatiques et tibétaines // N46. 2015. p. 1-13. URL: https://journals.openedition.org/emscat/2510

Teres, 2007 – Teres, E. Çağatayca Sözlük. [Chagatai Dictionary]. 2007. YTÜ – TDE, s. 411. (in Tur).

Toparlı, Vural, Karaatlı, 2006 – Toparlı, R., Vural, H., Karaatlı R. Kıpçak Türkçesi Sözlüğü. [Kipchak Dictionary]. 2006. 2. Baskı. Ankara: TDK, s. 338. (in Tur).

Ṭūlūzān, Iūnānī, 1383 – Ṭūlūzān, Iūnānī. Asrār al-aṭibbā' iā mudjarrabāt Īīlat Chaġatāiī. Ṭehrān: Muassase-ie muṭāla'āt-e tarīkh, ṭibb-e islāmī. 1383. p. 101. (in Fars).

Tuyaqbaev, Şadkam, Qayranbaeva, 2023 – Tuyaqbaev, Ö., Şadkam, Z., Qayranbaeva, N. Ortağasırlıq türki medïcïnasınıñ parsı tilindegi murası - «Asrār al-atïbbā'. «Asrār al-atibbā'» – the heritage of medieval turkic medicine in the persian language] // QazUU Şığıstanuw serïyası, №4 (107). 2023. 97-104 b. https://doi.org/10.26577/JOS.2023.v107.i4.010 (in Kaz).

Türkmen, 2006 – Türkmen, S. Eski Anadolu Türkçesinde Tıp Terimleri. [Medical Terms in Old Anatolian Turkish]. /Kırıkkale Üniveristesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü, Türk Dili ve Edebiyatı Ana Bilim Dalı. Doktora Tezi, 2006. s. 419. (in Tur).

Uzel, 2000 – Uzel, İ. Anadolu'da Bulunan Antik Tıp Aletleri. Ankara: TTK Yay. 2000. s. 450. (in Tur).

Ünlü, 2012 – Ünlü, S., Harezm Altınordu Türkçesi Sözlüğü. [Ancient Medical Instruments Found in Anatolia]. 2012. Konya: Eğitim Yayınevi, s. 716. (in Tur).

Ûdahin, 1985 – Ûdahin, K.K. Kirgizsko- russkij slovar′. [Kyrgyz-Russian dictionary]. 1958. 1-kniga. Frunze: Glavnaâ redakciâ Kirgizskoj Sovetskoj énciklopedii, s. 503. (in Rus).

[1]Кыдырбаева У.Т. [2]Шадкам З. [3] Туякбаев О.О.

[1]Университет А. Мицкевича, Познань Польша

[2] КазНУ имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

[3] Международный центр документальных исследований «Восточное рукописное наследие» КазНПУ,, Алматы, Казахстан

E-mail: [1]umikyd@amu.edu.pl, [2]Zubaida.Shadkam@kaznu.kz

[3] omirabuali@gmail.com

НАЗВАНИЯ БОЛЕЗНЕЙ В ТЮРКСКИХ МЕДИЦИНСКИХ СОЧИНЕНИЯХ: СЕМАНТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ [6]

Аннотация Когда у людей развивается интуитивная связь с природой, народная медицина не ограничивается лечением болезней, а формирует традиционную санологическую систему в результате взаимодействия с другими аспектами этнической культуры. Идеологическая основа традиционной медицины основывается на концепциях и практиках, связанных с целительством, поэтому большинство исторических и современных исследований сосредоточено на методах и подходах шаманизма, целительства, знахарей и шаманов-балгеров,направленных на облегчение состояния пациентов. Исследования этномедицины тюркских народов включают работы, созданные как до, так и после принятия ислама. Статья основана на рукописи «Дастур ал-иладж» — единственной сохранившейся версии, написанной на чагатайском языке, и произведении «Асрар ал-атибба», переведенном с тюркского на персидский язык, авторство которого неизвестно. Целью исследовательской работы является выявление видов болезней, упомянутых в трактате, сравнение их аналогов в исторических и современных тюркских языках, а также анализ их семантических концептов. Кроме того, в статье сравнительно исследуются особенности употребления некоторых названий болезней и их соответствие современным медицинским терминам. Задача работы — классифицировать встречающиеся в тексте названия болезней по типам, определить их

[6]Статья опубликована в рамках исследования грантового проекта AP19675139 Наследие средневековой тюркской медицины на персидском языке: «Тансӯк-нāме Илхāнӣ», «Асрāр ал-атиббā'»

область применения и проанализировать их семантические значения. Для достижения поставленных целей заболевания в тексте сгруппированы по видам, симптомам и характеру. В результате исследования были выявлены названия болезней, которые не утратили актуальность, но сохранили свое значение или претерпели изменения, а также указаны их характеристики.

Ключевые слова: тюркская медицина, Дастӯр ал-‘илāж, Асрāр ал-атиббā’, медицинские термины, традиция врачевания, виды заболеваний, средневековая рукопись

[1]Kydyrbayeva U.T. [2]Shadkam Z. [3]Tuyakbayev O.O.
[1]Adam Mickiewicz University, Poznań, Poland
[2]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
[3]International Center for Documentary Research "Eastern Manuscript Heritage" of KazNPU, Almaty, Kazakhstan
E-mail: [1]umikyd@amu.edu.pl, [2]Zubaida.Shadkam@kaznu.kz,
[3] omirabuali@gmail.com

THE NOMENCLATURE OF DISEASES IN TURKIC MEDICAL WORKS: A SEMANTIC ANALYSIS [7]

Abstract. When people develop an intuitive connection with nature, folk medicine extends beyond the treatment of diseases, forming a traditional sanological system through its interaction with other aspects of ethnic culture. The ideological foundation of traditional medicine is rooted in concepts and practices associated with healing, which is why most historical and contemporary studies focus on the methods and approaches of shamanism, healing, healers, and shaman-balgers aimed at alleviating patients' conditions. Studies on the ethnomedicine of the Turkic peoples encompass works created both before and after the adoption of Islam. The research article is based on the manuscript of *Dastūr al-‘ilāj*, the sole extant version written in the Chagatai language, and the work *Asrār al-atibbā’*, which was translated from Turkic into Persian, with its authorship remaining unknown. The aim of this research is to identify the types of diseases mentioned in the treatise, compare their counterparts in historical and modern Turkic languages, and analyze their semantic concepts. Additionally, the article comparatively explores the usage of certain disease names and their alignment with contemporary medical terms. The objective of the work is to classify the disease names found in the text by type, determine their scope of application, and analyze their semantic meanings. To achieve these goals, the diseases in the text are grouped by type, symptoms, and characteristics. The study identifies disease names that remain relevant, retaining their meaning or undergoing changes, and provides their specific characteristics.

Keywords: Turkic medicine, Dastur al-‘ilāj, Asrār al-atibbā’, medical terms, healing tradition, types of diseases, medieval manuscript

Авторлар туралы мәлімет:

Қыдырбаева Үміт Тұрсынбайқызы, PhD, доцент м.а., А.Мицкевич университеті, Познань, Польша.

Шадкам Зубайда, Профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан.

Тұяқбаев Өмір, PhD, бас ғылыми қызметкер, ҚазҰПУ «Шығыс қолжазба мұрасы» халықаралық деректану орталығы, Алматы, Қазақстан.

[7]The article is published as part of the research grant project AP19675139, "Heritage of Medieval Turkic Medicine in Persian: *"Tangsūk-nāme Ilkhanī", "Asrār al-atibbā’"*

Информация об авторах:

Кыдырбаева Умит Турсынбаевна, PhD, и.о.доцента, Университет А. Мицкевича, Познань, Польша.

Шадкам Зубайда, профессор, КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Туякбаев Омир Оразулы, PhD, Старший научный сотрудник, Международный центр документальных исследований «Восточное рукописное наследие» КазНПУ, Алматы, Казахстан.

Information about authors:

Kydyrbayeva Umit, Adiunkt, Adam Mickiewicz University, Poznań, Poland.

Shadkam Zubayda, Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Tuyakbayev Omir Orazuly, PhD, Senior Researcher, International Center for Documentary Research "Eastern Manuscript Heritage" of KazNPU, Almaty, Kazakhstan.

Келіп түсті 10 ақпан 2025 жыл
Қабылданды 27 ақпан 2025 жыл

ҒТАХР 16.41.99; 13.91; 16.31.61 https://doi.org/10.63051/kos.2025.1.334

[1]Дулаева Э.З. **[2]Сыздықова А. А.** ***[3]Мукажанова А.М.**
[1,2]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
[3]Қазақстан-Американдық еркін университеті, Өскемен, Казахстан
E-mail: [1]elnara1981dulayeva@mail.ru, [2] syzdyykova@mail.ru,
[3]mukazhanova.aray@gmail.com

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ ҚАРҒЫС СӨЗДЕРДІҢ АУЫЗЕКІ ТІЛДЕГІ ЭКСПРЕССИВТІ-ЭМОЦИОНАЛДЫ ҚҰРАЛ РЕТІНДЕ БЕЙНЕЛІЛІГІ

Аңдатпа. Қарғыс – түркі мәдениетінің ежелгі және ерекше жанрларының бірі. Ол - сөздің құдіретіне негізделген, яғни қарғысталған адамға тылсым күштердің көмегімен зиян келтіру сеніміне негізделеді. Қарғыс сөздер ортақ мәдени жадыға негізделгендіктен, ұлттардың дүниені қабылдауы мен өмір сүру тәсілін, олардың ойлауын, мінез-құлқын көрсетеді. Сондықтан бұл сөйлеу актілері әртүрлі қоғамдардың дәстүрлері мен адамгершілік құндылықтарына байланысты болады. Оларда тарихи, мифологиялық және діни шындыққа қатысты болғандықтан, мәдени элементтер мен әлеуметтік жадының тілдегі көрінісін зерттейтін мәдени лингвистиканың зерттеу пәндерінің қатарына жатады, сондықтан да олардың тіл білімінің қазіргі даму кезеңінде зерттелуі бұл зерттеудің жаңалығы болып табылады. Мақаланың негізгі мақсаты – қазақ және түрік тілдеріндегі қарғыс сөздер мен олардың ұқсастықтары мен ерекшеліктерін талдау. Сонымен қатар, оларды мағыналық сипатына қарай топтарға бөліп қарастыру және мәдени-тілдік ерекшеліктерін анықтау. Оны жүзеге асыру үшін тілдік фактілерді лингвомәдени талдау әдістері, сонымен қатар коммуникативті, салыстырмалы және семантикалық талдау элементтері қолданылды.Мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер қойылды: қазақ тіліндегі 66, түрік тіліндегі 63 қарғысты талдау, сөз тіркестерінің мақсаты мен мағынасына қарай жіктеу, қазақ және түрік қарғыстарын салыстыру, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау.Мақалада, материалда келтірілген нәтижелер авторларға қазақ және түрік тілдеріндегі қарғыстардың көпшілігінің ортақ түркі тамыры бар деген тұжырым жасауға мүмкіндік берді, бұл тілдер арасында тарихи байланыстардың бар екенін дәлелдейді. Бұл ретте авторлар қазақ тіліндегі қарғыс сөздері көбінесе астарлы сипатта, кең метафоралар мен салыстырулардан тұрады, ал түрік тіліндегі қарғыс формалары нақтырақ, көбінесе прагматикалық бағытта болады деген тұжырымға келеді.

Кілт сөздер: қарғыс сөздер, өлімге қатысты қарғыстар, ауру-дертке қатысты қарғыстар, түрік тіліндегі қарғыс сөздер, салыстырмалы талдау.

Кіріспе

Қазақ және түрік тілдері түркі тілдер тобына жататын, тарихи тамыры ортақ халықтардың тілдері болып табылады. Бұл тілдердегі қарғыс сөздер халықтың мәдениетін, дүниетанымын және қоғамдық құндылықтарын айқындайды. Қарғыс сөздер тек сөздік форма ғана емес, сонымен қатар этнолингвистикалық және психолингвистикалық маңызға ие. Әр халықтың қарғыс айтудағы тәсілдері сол елдің мәдениетінің, әдет-ғұрыптарының және діни көзқарастарының әсерімен қалыптасады. Қазақ және түрік халықтарының мәдениеті мен тілдеріндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды зерттеу екі халықтың қарым-қатынасын, тарихи байланыстарын және дүниетанымдық ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Қарғыс – бұл дәрменсіз, азап шегіп жатқан немесе зұлымдыққа ұшыраған адамның өз жағдайынан жеңілдеу және тыныштану мақсатында айтатын, жаман ойлар мен тілектерді қамтитын, сөйлеуге өзіндік реңк беріп, ойды күшейтетін сөз тіркестері. Ол сондай-ақ, қоғамдардың санасындағы жалпы қорқыныштар, алаңдаушылықтар, қабылданбайтын құндылықтар, қайғы-қасіретті және олардың әлеуметтік көздері туралы ақпаратты қамтиды.

Қарғыс сөздердің шығу тарихы алғыс сөздер секілді көнеден келе жатқандығын тілдік деректерден байқалады. Мұның себебін адамның психологиялық қуану мен ренжу сияқты көңіл күйлері кезектесіп отыратындықтан алғыс пен қарғыс, оң бата мен теріс бата да ситуацияға байланысты айтылып отырған.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Бұл зерттеудің негізгі нысаны ретінде қазақ және түрік тілдеріндегі қарғыс сөздер таңдалды. Зерттеу барысында екі тілдің фразеологиялық құрылымын, қарғыс сөздердің мағыналық ерекшеліктерін талдау мақсат етілді.

Зерттеу материалы ретінде қазақ тіліндегі І. К. Кеңесбаевтың Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі және Б. Бопайұлының Қазақтың алғыстары мен қарғыстары еңбектері пайдаланылды. Түрік тіліндегі деректерді зерттеу үшін Д. Кайаның Folklorumuzda beddua söyleme geleneği ve Türk halk şiirinde beddualar атты еңбегі негізге алынды.

Зерттеу әдістері ретінде қазақ және түрік тілдеріндегі қарғыс сөздердің семантикалық ерекшеліктерін анықтау үшін салыстырмалы-тарихи әдіс қолданылды. Сонымен қатар, сөздердің қолданыстағы мағынасын тереңірек зерттеу мақсатында семантикалық талдау және сипаттау әдістері пайдаланылды.

Талқылау

Қазақ және түрік тілдеріндегі қарғыстарды ауызекі сөйлеудің экспрессивті-эмоционалды құралы ретінде талқылау түркі тіл білімінде салыстырмалы түрде аз зерттелген тақырып болып қала береді. Бұл мәселенің жекелеген тұстары қазақ тіл білімінде зерттелген, мұнда қарғыс фольклордың бір бөлігі, эмоциялық экспрессия және дүниенің тілдік бейнесі ретінде қарастырылады. Айта кетсек, С.Бизақов қазақ мәдениетіндегі қарғыс сөздердің қалыптасу және қолданылу ерекшеліктерін талдаған, оның «Ортақ түркі мәдениетіндегі қарғыс мәнді қалып сөздердің лингво-мәдени сипаты» (tilalemi.kz) мақаласында аталған тақырып көрініс табады, С.Негимов, А. Сейдімбек, Т.Қазыхан және Қ. Қобыланова да бұл құбылысқа назар аударып, қарғысты мәдени бірегейлік пен эмоционалды өзін-өзі көрсетудің элементі ретінде қарастырады.

Түрік тіл білімінде де қарғыс тақырыбына назар аударғанымен, ол негізінен сөйлеу дәстүрлері мен мәдени көзқарастарды талдау аясында ғана зерттелді. Л.Сами Акалын (L. Sami Akalın) қарғысты адамның ішкі күйінің көрінісі деп есептеп, оларды Türk Dilek Sözlerinden Alkışlar Kargışlar кітабында егжей-тегжейлі сипаттайды. Сонымен қатар, Е.Кемал Тойгар (E. Kemal Toygar), Ерол Кая (Erol Kaya) жүргізген түрік фольклоры мен паремиологиясы саласындағы зерттеулерінде халықтық наным-сенім мен мәдени дәстүр аясында қарғыс сөз тақырыбын қозғаған. Алайда, бұл еңбектердің көпшілігі қарғыстардың семантикасына, мәдени контекстіне және диалектілік ерекшеліктеріне назар аударады. Қарғыс сөздердің бейнелілігі ауызекі сөйлеудегі экспрессивті эмоционалды құрал ретінде, салыстырмалы түрде жеке зерттеу нысаны ретінде қарастырылмған. Демек бұл, қазақ және түрік тілдеріндегі қарғыс сөздерінің салыстырмалы бейнелілігіне әлі де толық талдау жасалмағандығын білдіреді.

Қарғыс сөздер өз бастауын ертедегі түркі жазба ескерткіштерінен бастауалатындағын байқаймыз. М. Қашқаридің Диуани лұғат ат-түрк сөздігінде «қарғыс» мағынасында «қарғығ» - қарғыс, лағынет сөзі кездеседі. Тәңірі қарғағыңа ілінме - Тәңір қарғысына ұшырама. Хан аны қырғады - Хан оған кейіді, одан көңілі қалды (Қашқари, 1997: 131).

Энциклопедиялық сөздікте қарғысқа мынадай анықтама берілген: Алғысқа қарама-қарсы ұғым қарғыс деп аталады. Демек қарғыс - зәбір-жапа шегіп, адамның жәбірлеушісіне ашынып айтқан зілді, кейіс сөзі, лағынеті. Қарғыс - парапсихологияда тіршілік иесінің жәбірлеушіге қарсы кері әсерлі қуат күші (Энциклопедия 3-том, 2012: 633). Бұл анықтамалардан көрінетіні, алғыс пен қарғыс адамның ерекше эмоциялық жағдайларымен байланысты. Ғалым С.Бизақовтың пайымдауынша, екеуі де көңіл-күйді білдіретін сөздерге жатады. Алғыс жағымды эмоцияларды, қуаныш пен ризашылықты білдірсе, қарғыс, керісінше, реніш, жек көру және дәрменсіздік сияқты теріс эмоциялардың көрінісі болып табылады (Бизақов, 2007).

Қарғыс көп жағдайда ру аралық дау-жанжалда біреуге кегі кеткенде, тәртіп бұзып, ел атына кір келтірген, ұрлық жасап, кісі өлтірген адамдарға қаратыла айтылады. Сонымен қатар, ата-ананы бала ренжіткенде немесе қолы тигенде, ата-ана тарапынан балаға айтылады. Қарғысты жалпы адамдарға, еркектерге, әйелдерге, балаларға, малға, жансыз заттарға (дүние-мүлікке) айтылатын қарғыстар деп жіктеуге болатындай. Мәселен, жалпы адамдарға айтылатын – *Қарғыс атсын!, Екі дүниенің қызығын көрме!, Жаназаң шықпасын!, Жегенің желкеңнен шықсын!, Әруақ атсын!, Тұқымың құрысын!, Құдайдан жеткір!, Албасты бассын!, Қан жұтқыр!, Атауыңды іш!, Басың көбеймесін!, Жолыңа жуа бітсін!, Көріңде өкіргір!, Көрге енгір!, Жер тартқыр!, Мал көрме, елге ере алмай жұртта қал!, Көлік көрме, жаяу қал!, Ернің аққа тимесін!, Ботасы өлген іңгендей боздағыр!, Малың өзіңе бұйырмағыр!, Кісі малын бағып қалғыр!* сынды т.б. қарғысты тіркестер көптеп саналады (Энциклопедия 3-том, 2012).

Х. Досмұхамедұлы қарғыс сөзін: Қарғыс біреуге жамандық тілеу, қастандық жасау мақсатында айтылады. Қарғыс көбіне ашық кейде астарлап мағына да айтылуы мүмкін. Қарғыстың мазмұны батаға қарама-қарсы. Бірі – жақсылық, екіншісі – жамандық тілейді. Сонда қарғыс қандай адамға айтылады? Қарғысты дұшпанына, әкесі – көңілі әбден қалған ұлы мен қызына, молла – діннен безгендерге, рубасы – жаугершілік кезінде елін сатқандарға және т.б. деп түсіндіреді (Досмұхамедұлы, 1991: 21).

Этнограф ғалым С. Кенжеахметұлы қазақ қарғыстарына мынадай түсінік береді: Қарғыс (ғұрып). Зорлық-зомбылық жасаса оны қарғау әдеті бар. Ол адамға да, малға да, дүние-мүлікке де айтыла береді. *Жер жастанғыр, Өлім келгір, Қарасан келгір, Өртенгір* деген сияқты қарғыс түрлері де көп. «Ашынған» тәңірісін қарғайды дегендей, қарғыс, ашу, ыза, кек үстінде айтылады (Кенжеахметұлы, 2005: 10).

Сондай-ақ, С. Кенжеахметұлы теріс бата ұғымына мынадай түсініктеме келтіреді: Теріс бата. Бұл бата аталғаны болмаса, қарғыстың қатты, жазаның өте ауыр түрі. Құнанбай қос қолын созып, алақанын сырт қаратып тұр... Бұл теріс батаның, қарғыс батаның белгісі». Мұндай бата сенімді ақтамаған өзіне қолы, тілі тиген баласына әкенің қолын теріс жайып берген қарғыс батасы. Батаның бұл түрі ел ішінде өте сирек қолданылған және ол атадан балаға ұмытылмайтын таңба болып қалған. Атаның теріс батасын алғандарға халық та жек көрген (Кенжеахметұлы, 2005: 9).

Türk Dil Kurumu сөздігінде «beddua» сөзіне мынадай түсінік келтіріледі: Bir kimsenin kötü bir duruma düşmesini dilemek için söylenen söz; ilenç, kargış. (Біреудің жаман жағдайға түсуін тілеу үшін айтылған сөз, қарғыс) (https://sozluk.gov.tr/: 20.10.2024).

Қазіргі түркі тілдерінің ішінен якут тілінде «қарғыс» сөзіне сәйкес «харгыс» сөзі кедергі, бөгет болу, қиындық туғызу сияқты мағыналар орнына қолданылады. Бұл да кейін пайда болған туынды мағына деуге болады. Өйткені, ұрысушы адамдар ызаланып, бір-біріне қастандықпен кедергі, бөгет болуы да мүмкін нәрсе. Осыларды салыстыра қарасақ, «тұңғыш» мағына «ашу, ыза, одан туындаған «ұрысу» болып, мағына ауысуының тоқталған шегі «жаза болса керек» деген ойды сөз тарихын зерттеуші Ә. Нұрмағамбетов тұжырымдайды (Нұрмағамбетов, 1994: 166).

Қарғыс мәнді сөз тіркестері айтылу мақсатына, мағынасына қарай әртүрлі болып бөлінуі мүмкін. Ғалым Ә. Болғанбаев қарғыс мәнді сөз тіркестерін мынандай мағыналы топтарға бөліп қарастырған:

1. Малға айтылатын қарғыстар: Арам өлгір, арам қатқыр!
2. Адамға айтылатын қарғыстар: Желкең үзілгір, қырғын келгір, табандап қалғыр, шаңырағың ортасына түскір! Тұқымың өшкір!
3. Балаға айтылатын қарғыстар: Ойының осылғыр!
4. Затқа, тамаққа айтылатын қарғыстар: Өрт алғыр! Ит жегір! Иесіз қалғыр! (Болғанбаев, 1988: 117-121).

Қарғыстың негізгі мақсаты - адамға жамандық тілеу. Зерттеушілер сонымен қатар қарғыстың адамнан басқа малға айтылатын зілсіз қарғыс, өтірік қарғау, ант-су ішіп қарғану сияқты түрлерін айтады.

Зерттеу барысында адамға айтылатын қарғыс мәнді сөздерді семантикалық тұрғыдан мынадай топтарға бөліп қарастырдық:

1. Өлімге қатысты;
2. Адамның дене мүшесі мен ауру дертке қатысты;
3. Тегіне, отбасына, туыстарына қатысты;
4. Байлық, мал-мүлікке қатысты;
5. Апат, бәле, қайғы-қасіретке қатысты айтылатын қарғыс сөздер.

Өлімге қатысты айтылатын қарғыс сөздер

Кесте 1. – Өлімге қатысты айтылатын қарғыс сөздер

Қазақша	**Түрікше**
Өлім келгір!	Gebersin (zıbarsın).
Жаның шыққыр!	Canın çıksın.
Тәңір алғыр!	Allah senin canını alsın.
Желкең қиылғыр!	Helvanı yeriz inşallah.
Жәйрап қал!	Kefenin biçilsin.
Қара сорпаңды ұрттатқыр!	Kara topraklara giresin.
Кебініңді жалма!	Soykan kalksın (verilsin).
Құрып қалғыр!	Adın başkasına konula.
Адыра қалғыр!	Kara haberlerin gelsin.
Атың құрғыр!	Gençliğine (dünyaya) doymayasın.
Жермен-жексен болғыр!	Gelinliğin kefenin olsun (üstüne atılsın).
Қыршыныңнан қиылғыр!	Bıyığın terlemesin (tellenmesin).
Қаршадай солғыр!	Dağ iken devrilesin, yiğit ölesin.
Серпілген қанатың қырқылсын!	Ölüm atlı olsun (gelsin), sen yaya kalasın.
Жас жаның қиылсын!	Allah tez vakitte (saatte) canını alsın.
Көмусіз қалғыр!	Kefenin tez biçilsin.
Топырақ бұйырмай кетсін!	Kefen nasip olmasın.
Кебін бұйырмай кетсін!	Bağırsağın kuşlara yem olsun.
Өлігің далада қалсын!	Kurtlara kuşlara (ite köpeğe) yem olasın.
Жемтігіңді ит жесін!	
Басыңды ит жегір!	

1-кестеден көріп отырғанымыздай, қазақ тілінде өлімнің тікелей көрінісін көрсететін *Жаның шықсын!* қарғыс мәнді сөзі түрікшеде *Canın çıksın!* (Karakuş, 2023: 175), қазақшада *Тәңір алғыр!* деп кездессе, түрікшеде осы қарғыс сөздің *Allah senin canını alsın! (Алла сенің жаныңды алсын!)* (Karakuş, 2023: 175) деген балама түрі кездеседі. *Өлім келгір* қарғысына

түрік тілінде *Gebersin (zıbarsın)!* (Karakuş, 2023: 175) сөзі мағыналас келеді. Сондай-ақ, қазақ тілінде *Желкең қиылғыр!, Жайрап қалғыр!*, тсс. қарғыс мәнді сөздер де кездеседі. Түрік тіліндегі қарғыстарында өлу әрекеті жәбірленушінің ашуын білдіретін *geber-, zıbar-* сияқты сөздермен айтылады. Түрік тілінде – исламдық сенімнің ықпалында – Алла – адамның жанын алатын болмыс; ал қазақ тілінде Тәңір деп айтылған. Сонымен қатар, қазақ тілінде Құдай, Алла сөздерімен де кездесе береді.

Қарғыста өлімге байланысты жеке оқиғалар, іс-әрекеттер, заттар – жаназа, жерлеу, бейіт сияқты сөздер айтылуы мүмкін. Мәселен, *Қара сорпаңды ұрттатқыр!* (Кеңесбаев, 2007: 181). Қара сорпа тіркесі көшпелі түркілердің жерлеу рәсімімен байланысты айтылған қарғыс. Ежелде көшпелі түркілер жаназа болатын үйде құрбандыққа мал сойып, сол малдың етінен сорпа дайындап, көңіл айтып келген адамдарға тарататын ырым болған. Бұл қарғыс сөзге түрік тілінде мағыналас *Helvanı yeriz inşallah! (Халуаңды жерміз, Алла қаласа!)* (Kaya, 1997: 17) тіркесі кездеседі. Бұл жерде түрік халқының ескі ырымдарында қайтыс болған адамның үйінде халуа қуырылады, яғни, екі тілде де ырымға қатысты, әрі тамаққа қатысты болып кездесіп отыр.

Қазақ тілінде *Кебініңді жалма!* (Karakuş, 2023: 87) деген тіркеске түрік тілінде мағыналас келетін *Kefenin biçilsin! (Кебінің пішілсін!)* (Kaya, 1997: 18) қарғыс сөзі кездеседі. Түрікше қарғыстарда *kara haberleri gel-, kara toprağa gir-* сияқты тіркестер қолданылады, қазақ тілінде, *Адыра қалғыр!* (Кеңесбаев, 2007: 27), *Құрып қалғыр!* (Кеңесбаев, 2007: 202), *Жермен жексен болғыр!* (Kaya, 2001: 96) сияқты тіркестерді кездестіре аламыз.

Адамның өзінің жоқ болуын тілеумен қатар, атының да жоғалуын тілейтін қарғыс сөздер де кездеседі. Қазақ тілінде *Атың құрысын! Атың өшкір!* (Кеңесбаев, 2007: 37) деп кездессе, түрік тілінде *Adın başkasına konula! (Атың басқасына қойылсын!)* (Kaya, 2001: 28) деп айтылады.

Түрік қарғыстарында «жастай қайтыс болу» дегенді білдіретін *gençliğine doyama-, bıyığı terleme-,dağ iken devril-* деген тіркестер қолданылса, қазақ тілінде *Қыршыныңнан қиылғыр!, Қаршадай солғыр!,Серпілген қанатың қырқылсын!, Жас жаның қиылсын!* деген қарғыс сөздер кездеседі. Сондай-ақ, түрік тілінде кездесетін *Ölüm atlı olsun (gelsin), sen yaya kalasın!, Allah tez vakitte (saatte) canını alsın! (Алла жақын арада жаныңды алсын!), Kefenin tez biçilsin! (Кебінің тез арада пішілсін!)* (Karakuş, 2023) сияқты қарғыстарда кебіннің тез пішілуі, өлімнің ат үстінде келуі сияқты өрнектер де адамның тезірек өлім құшуына қатысты қарғыс сөздер екенін білдіреді.

Gelinliğin kefenin olsun (üstüne atılsın)! (Қалыңдық көйлегің кебінің болсын!) (Karakuş, 2023) деген түрік қарғысында жастай қайтыс болған қыздардың табытына той көйлегімен жабу дәстүрімен байланысты айтылуы, мәдени құбылыс ретінде ерекше назар аударады.

Кестеден *кебінсіз, табытсыз қайтыс болу* ұғымының түрік тілінде де, қазақ тілінде де қарғыс сөздерінде көрініс тапқаны және екі мәдениетте де жерлеу рәсімдеріне сәйкес кебін киіп, жерлеуге құндылық берілгені көрсетілген.

Қазақ тілінде *Кебін бұйырмай кетсін!* (Бопайұлы, 2003: 92) қарғыс сөзінің түрік тіліндегі баламасы *Kefen nasip olmasın! (Кебін нәсіп болмасын, бұйырмасын!)* (Kaya, 1997: 18) деп кездеседі. *Көмусіз қалғыр!, Топырақ бұйырмай кетсін!* (Бопайұлы, 2003: 89) қарғыстары да жоғары айтылғанда мәдениетіміз бен наным-сенімімізде жерлеу рәсімдерінің маңыздылығын көрсетеді.

Түрік және қазақ тіліндегі қарғыстарда қайтыс болған адамның малға жем болуы, елсіз және жабайы жерлерде қайтыс болуына қатысты қарғыс сөздер кездсеседі. Қазақ тілінде *Жемтігіңді ит жесін!* (Бопайұлы, 2003: 88), *Басыңды ит жегір!* (Бопайұлы, 2003: 91) деп кездессе, түрік тілінде *Bağırsağın kuşlara yem olsun! (Ішектерің құстарға жем болсын!),* (Karakuş, 2023) *Kurtlara kuşlara (ite köpeğe) yem olasın! (Қасқыр мен құсқа (итке) жем болсын!)* (Kaya, 1997: 17) деп кездеседі.

Адамның дене мүшесі мен ауру-дертке қатысты айтылатын қарғыс сөздер

Кесте 2. – Адамның дене мүшесі мен ауру дертке қатысты айтылатын қарғыс сөздер

Қазақша	**Түрікше**
Көк түйнек болғыр!	Bedenine kurt düşe.
Алапеске ұшырағыр!	Damarların çekilsin kanın kurusun.
Қара талақ келгір!	Etlerin dökülsün.
Қағынды келгір!	Bıçaklar altında kalasın.
Көк шешек келгір!	Şişip davul kesilesin.
Мешел болғыр!	Acıdan kıvrım kıvrım kıvrılasın.
Шешек шыққыр!	Dokuz yorgan parçalasın ölmesin.
Бетің тіліңгір!	İnleye inleye geberesin.
Жүзің күйгір!	Ağzın dilin kurusun (kitlensin).
Тілің кесілгір!	Çenen tutulsun (kırılsın).
Тіліңе күйдіргі шыққыр!	Dilin kopsun (çürüsün, tutulsun).
Жағың қарысқыр!	Ciğerin ağzından gelsin (sökülsün).
Аузыңа құм құйылғыр!	Verem olasın.
Тамағыңа тас тығылғыр!	Böğrün delik deşik ola.
Бүйрегің шыққыр!	Ağzından burnundan kan gelsin.
Жұлының үзілсін!	Felç olsun.
Ішің жарылсын!	Elden ayaktan düşesin.
Ішегің үзілгір!	Kör kötürüm olasın.
Ақылыңнан адасқыр!	Yılanlar gibi sürünsün.
Қолың сыңғыр!	Allah gözünü kör etsin.
Көзің аққыр!	Gözün dizine aksın (kör olsun).
Жүгірмек!	Kulağına kurşun aksın (eriteler).

Ауру-дерт пен адамның дене мүшелеріне қатысты айтылатын қарғыстарды екі тілде дежиі кездестіруге болады. Кейбір қарғыс сөздер белгілі бір аурудың атымен қарғанудан тұрса, кейбірі адамның белгілі бір дене мүшесіне апаттың, зақымның келуін тілейтін қарғыс сөздер. Қазақ тілінде *Көк түйнек болғыр!* (Кеңесбаев, 2007: 150), *Алапеске ұшырағыр!* (Кеңесбаев, 2007: 34), *Қара талақ келгір!* (Кеңесбаев, 2007: 182), *Қағынды келгір!* (Кеңесбаев, 2007: 168), *Көк шешек келгір!* (Бопайұлы, 2003: 83), *Мешел болғыр!* (Бопайұлы, 2003: 84), *Шешек шыққыр!* (Бопайұлы, 2003: 85), қарғыс сөздері, сондай-ақ, түрік тілінде кездесетін *Verem olasın! (Оба ауруына шалдыққыр!)* (Kaya, 2001: 260) тсс. қарғыстар адамға ауру тілеу, адамның физикалық тұрғыдан қатты қиналуын, ауыр дертке шалдығуын тілеу айтылатын қарғыс сөздерге жатады.

Сонымен қатар, адамның дене мүшелеріне қатысты айтылатын қарғыс сөздер де кездеседі. Бұндай қарғыс сөздер адамның белгілі бір дене мүшесіне (көз, аяқ, қол, тсс.) аурудың, не зақымның келуін тілеу мақсатымен айтылады. Жоғарыда кестеде көрсетілгендей, қазақ тілінде *Бетің тіліңгір!* (Кеңесбаев, 2007: 67), *Жүзің күйгір!* (Кеңесбаев, 2007: 119), *Тілің кесілгір!* (Кеңесбаев, 2007: 295), *Тіліңе күйдіргі шыққыр!* (Кеңесбаев, 2007: 296), *Жағың қарысқыр!* (Кеңесбаев, 2007: 98), *Аузыңа құм құйылғыр!* (Кеңесбаев, 2007: 39), *Тамағыңа тас тығылғыр!* (Кеңесбаев, 2007: 270), *Бүйрегің шыққыр!* (Кеңесбаев, 2007: 229), *Жұлының үзілсін!* (Кеңесбаев, 2007: 117), *Ішің жарылсын!, Ішегің үзілгір!* (Кеңесбаев, 2007: 323), *Ақылыңнан адасқыр!* (Кеңесбаев, 2007: 19), *Қолың сыңғыр!* (Кеңесбаев, 2007: 229), *Көзің аққыр!* (Кеңесбаев, 2007: 146), *Жүгірмек!* сияқты адамның тәніне, денесіне зақым келу, апта келу ниетімен айтылатын қарғыс сөздер кездеседі.

Түрік тілінде *Bedenine kurt düşe! (Денеңе құрт түссін!), Damarların çekilsin kanın kurusun! (Тамырың тартылып қаның құрғасын!), Etlerin dökülsün! (Етің түссін!), Bıçaklar altında kalasın! (Пышақтардың астында қал!), Şişip davul kesilesin! (Ісініп дабылдай бол!), Ağzın dilin kurusun! (Аузың мен тілің кеуіп қалсын!), Çenen tutulsun! (Жақ сүйегің байлансын!), Dilin kopsun! (Тілің жұлынып қалсын!), Ciğerin ağzından gelsin! (Бауырың аузыңнан шықсын!), Böğrün delik deşik ola! (Қақ төсі тесік болсын!),Ağzından burnundan kan gelsin! (Аузың мен мұрныңнан қан ақсын!), Felç olsun! (Сал болып қал!), Elden ayaktan düşesin! (Аяқ-қолың істен шықсын!), Kör kötürü olasın! (Соқыр, мүгедек бол!), Yılanlar gibi sürünsün! (Жыланша сүйреміл), Allah gözünü kör etsin! (Алла көзіңді көр етсін!), Gözün dizine aksın! (Көзің тізеңе тамсын!), Kulağına kurşun aksın! (Құлағыңа оқ толсын!)* (Karakuş, 2023) т.б. адамның дене мүшесіне қатысты айтылатын қарғыс сөздер кездеседі.

Бұл қарғыс сөздер — адамның денсаулығына, өміріне немесе дене мүшелеріне қатысты ауыр тілектерді қамтитын қарғыстар. Әдетте, бұл сөздер біреуге қатты ашуланған немесе қатты ренжіген кезде айтылады және қарғыс, бақытсыздық, ауру-сырқау шақыруға бағытталған. Түркі мәдениетінде, әсіресе қазақ және түрік тілдерінде, осындай қарғыс сөздер терең эмоционалды күйзелістен туындайды және жиі қайғы мен кек сезімін көрсетеді.

Тегіне, отбасына, туыстарына қатысты айталатын қарғыс сөздер

Кесте 3. – Тегіне, отбасына, туыстарына қатысты айтылатын қарғыс сөздер

Қазақша	**Түрікше**
Қу бас қал! Тұқымың құрғыр! Көктемегір! Қатын-бала шағаң шулап қалғыр! Түндігің ашылмасын! Шашың кесілсін! Қара шашы жайылсын!	Karalar bağlayasın. Anan baban bir kızıl tabutta gide. Evlat acıları çekersin inşallah. Karısı ele kalsın. Soyuna kıran girsin. Kavim kardaş senden nefret etsin

Қазақ тіліндегі *Қу бас қал!* (Кеңесбаев, 2007: 194); *Тұқымың құрғыр!* (Кеңесбаев, 2007: 287); *Көктемегір!* сияқты қарғыс сөздер ұрпағы болмасын деген ниетпен айтылған. К. Уразаева мұндай қарғыстардың рулық тұрмыс-тіршілік пен рулық дәстүрлерді сақтанған қазақтар үшін маңызын айтып, қазақтарға ең қайғылы нәрсе балалардың болмауы екендігін айтады. Сол себепті де қазақ халқы үшін *Көктемегір!, Тұқымың құрғыр!* сияқты қарғыс түрлері ең ауыр әрі қорқынышты қарғыс түрлері болып есептелген деп жазады (Уразаева, 2010).

Ұрпақ тақырыбы түріктерде де маңызды болып табылады. Ұрпаққа, балаға қатысты айтылатын қарғыс сөздер айту арқылы адамның ең жанды жеріне тигендей болады. Түрікшеде кездесетін *Soyuna kıran girsin!* (Karakuş, 2023) қарғыс сөзі ұрпағың түгелімен ауру болып, қайтыс болсын деген мағынаны білдіреді. Сонымен қатар, *Evlat acıları çekersin inşallah!* (Karakuş, 2023) қарғысы да ұрпағыңның қайғысын көргейсің, балаңнан айырылып, қайғы шегіп қиналғайсың деген мағынаны білдіреді.

Түрік тілінде *Karalar bağlayasın!* (Karakuş, 2023) қарғыс сөзі түріктердің жаназа рәсімдерінде қара киім киюімен байланысты айтылған, яғни, жақын адамың дүниеден өтіп, жоқтасын деген ниетте айтылатын қарғыс сөз. Сонымен қатар, *Anan baban bir kızıl tabutta gide! (Әке-шешең бір қызыл табытта кетсін!)* (Karakuş, 2023), қарғыс сөзінде табыт белгісі өлім ұғымын көрсетсе де, қызыл табыт ұғымы болымсыз, теріс бір жағдайда қайтыс болуын білдіреді. Қазақ тіліндегі *Қатын-бала шағаң шулап қалғыр!* қарғысына мағыналас келетін түрік тілінде *Karısı ele kalsın! (Әйелі бөтенге қалсын!)* (Kaya, 2001: 25) қарғыс сөзі кездеседі. Бұл қарғыс біреудің әйелін бөтен адамдарға қалдырып, оның отбасылық өмірі бұзылсын деген

мағынаны білдіреді. Бұл қарғыс адамның отбасына нұқсан келсін деген ауыр мағынаны меңзейді.

Шашың кесілсін! қарғысы бақытың кесілсін/ бақытқа барар жолың кесілсін! деген мағынада қолданылады және гендерлік сипатқа ие. Бұл қарғыс тек әйелдерге арналады. Қазақтарда шаштың сакралды мәні бар: оны жағуға, кез келген жерге тастауға, қоқысқа лақтыруға, үстіне басуға болмайды. Халық наным-сенімдеріне сәйкес, шаш – күш-қуаттың, бақыттың, амандықтың, табыстың және сәттіліктің белгісі. Шашты кесу – «жолыңды кесу, бақытыңнан айыру» дегенді білдіреді. Қыз балалардың шашын алғаш рет тек қырқынан шыққанда қияды. *Қара шашы жайылсын!* (Кеңесбаев, 2007: 181) қарғысы да әйелдер мен қыздарға арналады және «Туған-туыстарыңнан біреу қайтыс болсын!» деген мағынада қолданылады. Бұл сөз жақын адамынан – әкесінен, күйеуінен және т.б. айырылғанда әйелдердің шашын жайып жоқтау салтына байланысты шыққан. Осылайша, бұл қарғыстардағы метафоралық формалар қазақтың ерекше мәдени дәстүрлеріне негізделген, ал басқа тіл мен мәдениет өкілі мұны қосымша түсіндірмелер арқылы түсіне алады.

Түрік тілінде *Kavim kardaş senden nefret etsin! (Бауырларың сені жек көрсін!)* (Kaya, 2001: 25) қарғыс сөзі адамның ең жақын туыстары мен бауырлары оны жек көріп, араласпай кетсін, оны қорлауға немесе жек көруге айналсын деген қарғыс. Бұл адамның отбасынан, туыстарынан айырылып, жалғыз қалып, рухани және эмоционалдық түрде қиналуын тілейді.

Байлық, мал-мүлікке қатысты айтылатын қарғыс сөздер

Кесте 4. – Байлық, мал-мүлікке қатысты айтылатын қарғыс сөздер

Қазақша	**Түрікше**
Малың қырылғыр!	Aldıklarının hayrını görmeye.
Мал көрмегір!	Bir karaçula kalasın.
Сап болғыр!	Evin başına yıkılsın.
Топалаң болғыр!	Malın ellere kalsın.
Мәлік келгір!	Naneye muhtaç olasın.
Бықпырт тигір!	Ocağın batsın.
Қарахан мемлекеті билік құрған кезеңде, шамамен X ғасырдың ортасында келе бастайды және аймақтың толықтай исламдануы бір неше ғасырды қамтыған күрделі тарихи, саяси процесстер нәтижесінде жүзеге асып, тек XIV ғасырдың ортасына таман аяқталады. Сопылық ағым өкілдері бастапқыда жергілікті халықтар мен мемлекет басшыларына рухани тұрғыдан әсер етуді мақсат еткен болса, кейінірек аймақтағы мемлекеттердің ішкі және сыртқы саясатына ықпал көрсетіп, саяси процесстерге белсене араласа бастайды.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Шығыс Түркістан сопылық ағымдар еркін таралып, қанат жайған және алғаш сопылық ілімінің саясиланып, биліктің қызметіне араласа бастаған, тіптен қожалардың билікті толық бағындыруға мүмкіндік алған аймақтарының бірі. Аймақ тарихында маңызды, тіптен шешуші рөл атқарған оқиғалардың себептерін анықтау Шығыс Түркістанда аталмыш кезеңде қалыптасқан саяси-әлеуметтік ахуалды терең зерттеуді талап етеді. Осы орайда, зерттеу жұмысы тарихи процестерді қарастырудың обьективтілікті, тарихилықты сақтау, диалектикалық және жүйелік тәсілдерін негізге алу арқылы жүргізілді. Тақырыпты зерттеуде негізгі дереккөз қызметін жергілікті халық арасынан шыққан авторлардың еңбектері құрағандықтан, дереккөздермен жұмыс жасау барысында, деректің жазылған жерін, уақытын, дерек авторының келіп шығу тегі, деректердің әлеуметтік функциясын айқындау сияқты деректанудың түрлі әдіс-тәсілдері пайдаланылды. Дереккөздер мәліметтерінің шынайылығын айқындау мақсатында мәтіндік салыстырмалы және тарихи салыстырмалы тәсілдер мен сыни талдау әдістері қолданылды. Дереккөздер мәліметтері тақырып бойынша жазылған ғылыми зерттеу жұмыстарының ақпараттарымен салыстырылып, талдау жүргізілді.

Шығыс Түркістанда сопылықтың таралу тарихын зерттеуде негізгі дереккөздер тобын араб, парсы және түркі тілдерінде жазылған тарихи шығармалар, атап айтсақ, хроникалар, сопылардың өмірбаянын сипаттайтын еңбектер (агиографиялық шығармалар), поэтикалық шығармалар және исламдық трактаттар құрайды. Мысалы, Мырза Мұхаммед Хайдар Доғлаттың «Тарих-и Рашиди» шығармасы негізінен Шығыс Түркістан және Оңтүстік Қазақстан жерлерін қамтыған Моғолстан мемлекетінің тарихына арналған болса да, аймақта ислам дінінің таралуы, дін таратушы сопылардың қызметі егжей тегжейлі сипатталады. Авторы белгісіз «Тазкира-йи қожа Мұхаммед Шәріп», «Тарих-и Қашғар», Шах Махмұд Чорастың «Тарих» еңбектері Шығыс Түркістанда сопылық ілімнің негізін салушы қожалардың өмірбаяны, ел басқарушы хандарға, және олардың көрші мемлекеттермен қарым-қатынастарындағы ықпалына тоқталады. Ал «Тазкират әл-әулия» (Әулиелердің өмірбаяны), «Аппақ қожа манокиби» дереккөздерінде Махдум-и Азам ұрпақтарының екіге бөлініп, билікке таласуы, Аппақ қожа және оның өмірі сипатталады. «Тазкира-и Азизан», «Хидайет-наме» агиографиялық дереккөздері, «Тарих-и амнийа», «Тарих-и Хамиди» тарихи шығармалары «ақ таулық» және «қара таулық» қожалардың Шығыс Түркістандағы зайырлы билікті құлатуы, таққа болған талас тартысы, көрші қазақ, қырғыз елдерінде өз ағымының ілімін насихаттауына қатысты оқиғаларды баяндайды. Сонымен қатар, бұл дереккөздер Шығыс Түркістанда сопылықтың таралу ерекшеліктерін, қай ағымның ең ықпалды болғанын және діни дәстүрлердің жергілікті әдет-ғұрыптармен қалай өзара әрекеттескенін түсінуге көмектеседі. Мақалада «Тарих-и амнийа», «Тарих-и Хамиди», «Аппақ қожа манокиби» дерекөздерінің тақырыпқа қатысты мәліметтері алғаш рет ғылыми айналымға түсіріліп, талдау жасалады.

XIX ғасырда тақырып бойынша жүргізілген алғашқы зерттеулер британдық саяхатшы Роберт Шоу, швед зерттеушісі Свен Гедин, ресейлік саяхатшы Николай Пржевальскийлердің есімімен байланысты. Олардың еңбектерінде Қашғарияның әлеуметтік және саяси өміріндегі сопылық ағымдардың орны, нақшбандийа тариқаты қожаларының әсері және олардың жергілікті қақтығыстардағы рөлі, ұйғыр халқының сопы-әулиелерді пір ұстап, құрметтеу дәстүрінің қалыптасуы зерттеледі.

XX ғасырда Шығыс Түркістандағы сопылықты зерттеу академиялық сипатқа ие болды. Империялық және кеңестік кезеңдегі тарихшы-деректанушы ғалымдар оқиғалардың тікелей куәгері болған жергілікті авторлардың еңбектерін аударып, олардың тақырыпқа қатысты мәліметтерінің ғылыми айналымға түсірді Атап айтқанда, В.В. Бартольд, Д.И.Тихонов, О.Ф. Акимушкин, В.П. Юдин, Т.И. Сұлтановтар сопылықтың діни, мәдени және әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырылуына айтарлықтай үлес қосты.

Батыс зерттеушілері тарихи және агиографиялық қолжазбаларды, ауызша дәстүрлерді және сопылық ағымдардың жергілікті мәдениетке әсерін зерттеді. Мысалы, американдық тарихшы Джозеф Флетчер еңбектерінде аймақта нақшбандийа тариқатының таралуы және оның Орталық Азияның басқа аймақтарымен байланыстарын зерттеген. Цин империясы билігі кезіндегі Шығыс Түркістандағы мұсылман қауымдастықтарының сопылық тәжірибелері және олардың Қытай мұсылмандары арасында жүргізген уағыздарын Эдуард Шефер зерттейді.

Сонымен қатар, соңғы онжылдықтарда батыс зерттеушілерінен Девин Деуис, Риан Тум, Тьерри Зарконе и Александра Папас, жапониялық ғалымдар Ясуши Синмен және Джун Сугавараның еңбектерінде Шығыс Түркістандағы сопылыққа деген қызығушылық артып, жергілікті сопылық шығармалардың мәтіндеріне талдау жүргізу арқылы діни қайта өрлеу динамикасын және саяси факторлардың сопылық қауымдастықтарға әсерін анықтауға тырысады.

Талқылау

Сопылық ілімінің негіздері алғаш Иран, Ауғанстан және Орта Азия жерлерінде қалыптасып, бірте-бірте көршілес аймақтарға таралған. Зерттеушілердің басым көпшілігі олардың Шығыс Түркістанда пайда болуын XVI ғасырдың бірінші жартысында өңірге келген Махдум-и Азамның есімімен байланыстырады. Алайда, дін таратушы қожалардың бұл аймақтағы қызметі одан әлде бұрын басталғанын жазба деректерде кездесетін мәліметтер дәлелдейді. Мысалы, шамамен XVI ғасырдың екінші жартысында Шығыс Түркістанда ескі ұйғыр немесе шағатай-түркі тіліне аударылған авторы белгісіз «Тазкира-йи қожа Мұхаммед Шәріп» дереккөзінде аталмыш аймақта алғашқылардан болып діни үгіт насихат жүргізіп, халықты мұсылмандыққа тартқан сопылық ағым - *увайсийа* тариқатының өкілдері Қарахандар мемлекетінің ханы Сатуқ Бұғра-ханға ислам дінін қабылдатып, содан кейін хандықтың маңызды аймақтары - Қашғария мен Жетісуда қызметін жалғастырғаны туралы баяндайды. Дереккөзді терең зерттеген шығыстанушы ғалым В.П. Юдинның пікірінше, *увайсийа* тариқаты Қашғарияда тіптен XVI ғасырдың ортасына дейін маңызды идеологиялық, саяси және экономикалық рөл атқарған. Қожа Мұхаммед Шәріп осы қуатты діни-саяси бірлестіктің басшысы (пір) болған және ұзақ уақыт бойы Шағатай әулетінен шыққан Яркенд хандығының ханы Абд ар-Рашидтің рухани тәлімгері және кеңесшісі қызметін атқарған (Юдин В.П., 1987).

Мырза Мұхаммед Хайдардың «Тарих-и Рашиди» кітабында сопылық ағымның келесі бір бағыты Шығыс Түркістанда Моғолстан мемлекетінің негізін салушы Тоғлық Темір билікке келген уақытта пайда болды, деп жазылған. Орталық Азияда сопылық ағымның негізін қалаушылардың бірі Жамал ад Дин қожа Шығыс Түркістанның Ақсу қаласына орналасып, өз тариқаты бойынша үгіт – насихат жұмыстарын жүргізеді. Мирза Хайдар Жамал ад дин қожаның нақты қай сопылық ағымның өкілі болғанына тоқталмаған болса да, бірақ оның Бұхара имамдарының бірі Шуджа ад-Дин Махмудтың ұрпағы және Шыңғыс хан тұсында оның Бұхарадан Қарақорымға күштеп қоныстандырылғанын баяндайды. Дереккөзде айтылуынша, Қарақорымдағы ішкі қайшылықтар кезінде Жамал ад Дин қожа әкесінен бөлініп, Шығыс Түркстандағы Турфан және Хотан қалаларының арасындағы сол заманның ірі қалаларынан есептелген Лоб және Катак қалаларына орналасады (Мұхаммед Хайдар, 1996: 27-28). Кейінірек, Жамал ад Дин қожа Моғолстандағы хан мұрагерлері арасында дінді дәріптеу, насихат жүргізу мақсатында хан ордасы орналасқан Ақсу қаласына жақын Айкөл

деген жерге көшіп келіп, осы жерде қайтыс болады. Мирза Хайдардың бұл мәліметтерін Қожа Жамал ад дин және оның ұлы Мәулана Арш ад Диннің мазарлары Ақсу қаласында орналасқан және жергілікті халық арасында қасиетті орын ретінде қастерленеді, деп XIX ғасырдың екінші жартысында жазылған Мұса Сайрамидың «Тарих-и амнийа» еңбегінің деректері де растайды (Мұса Сайрами, 1905). Муса Сайрамидың деректеріне сүйенсек, Жамал ад Дин қожа Орта Азияда кең танылған Ахмад ибн Хафиз әл-Кәбир әл-Бухаридың ұрпағынан шыққан. Ахмад ибн Хафиз әл-Кәбир әл-Бухари 767 жылы Бұхарадағы Фагсодар махалласында дүниеге келген. Ол жас кезінде имам Мұхаммед әш-Шайбаниден теология және шариғат заңдарының даналығын үйрену үшін Бұхарадан Бағдадқа аттанады. Әл-Шайбани Ханафи мәзһабының негізін қалаушы (төрт сүнниттік құқық мектебінің бірі) аты аңызға айналған Имам Азам Әбу Ханифаның шәкірті болған.

Зерттеу нәтижелері

1346-1347 жылдары Шағатай ұлысының шығыс бөлігінде Тоғлық Темір хан бытыраңқы түркі халықтарын біріктіріп, Моғолстан мемлекетінің негізін құрады. Оның құрамына Шығыс Түркістан, Қазақстанның оңтүстік шығысы және Орта Азияның шығыс бөлігі кіреді. Дәл осы кезде аймақта өз ілімдерін насихаттаумен айналысқан қожалар Тоғлық Темір ханның назарына ілігіп, жоғарыда есімі аталған Мәулана шейх Жамал ад Динның ұлы Мәулана Арш ад Динның үгіт жүргізуі арқасында Тоғлық Темір хан ислам дінін қабылдайды. Бұл кезде Хан 24 жаста еді (Мұхаммед Хайдар, 1996: 30-31). Кейбір зерттеушілер Тоғлық Темірдің Ақсу қаласына жақын Айкөл деген жерде ислам дінін қабылдауына тікелей әсер еткен қожаларды Ахмад ибн Хафиз әл-Кәбир негізін қалаған және кейінірек оның мүридтері насихаттаған *кубравийа* ағымына тән қожалардың қатарына жатқызады. Алайда, бұл пікірдің шындыққа жанаспайтынын жазба дереккөздерде келтірілген мәліметтер дәлелдейді.

XIV ғасырдың екінші жартысында Шығыс Түркістанға *нақшбандийа* сопылық тариқатының өкілдері келе бастады. *Нақшбандийа* – сопылық ағымының Орталық Азияда қалыптасып, дамыған ең белсенді жене кең тараған бағыттарының бірі. Бұл ағым XIII ғасырда нақшбандийа дәруіштік қозғалысының қызметі нәтижесінде қазіргі Ауғанстан, Иран, Үндістан, Шығыс Түркістан, Қазақстан, Қырғызстан, Кавказ, типтен Түркия аймақтарында өмүр сүрген халықтардың қоғамдық-әлеуметтік және рухани дамуына маңызды рөл атқарған. Хожаган-нақшбандийа сопылық ағымының тарихын зерттеуші ғалым К. Рахимов нақшбандийа ағымының пайда болуы және жеке ілім ретінде қалыптасуын бір неше жүз жылдарға созылған тарихи процесс, ал Орта Азиялық сопылық мектебі Хаким ат-Тирмизи, Әбу Бәкір әл-Калабади, әл-Мустамли әл-Бухари сияқты сопылар мен сопылық теоретиктер идеяларының жергілікті дәстүрлермен трансформациялануы нәтижесінде қалыптасты деп көрсетеді (Рахимов К., 2020: 30-33). Нақшбандийа - хожаган тариқатының жеке сопылық ағым ретінде пайда болуы, Бұхарада сопылық ханака ашып, сопылық мектебінің негізін қалау арқылы Орта Азияға өзінің идеяларын тарату және шәкірт тәрбиелеу мақсатында келген Қожа Юсуф әл-Хамаданидің (440/1048–35/1140) есімімен байланысты. Әл Хамадани Бухарада көптеген мүридтерды тәрбиелеп шықты, алайда, тек Қожа Ахмад Йассауи және Қожа Абдул-Халик Гиждувани ғана ары қарай ізденіп, білімін терең дамытып, *йассауийа* және *хожаган* деп аталған сопылық тариқаттарының іргетасын қалады. Кейбір зерттеушілердің нақшбандийа-хожаган, йассауийа тариқатының бір бағыты, деп пікір білдіруі де осыған байланысты болса керек. Хожаган тариқаты кейінірек Бахау ад-Дин Нақшбанд басшылығы кезінде *нақшбандийа-хожаган*, деп аталды. .

Қожа Баха ад-дин Нақшбанд қайтыс болғаннан кейін Қожа Ала ад-дин Аттар және Қожа Мұхаммед Парсалар оның ісін жалғастырып, нақшбандийа-ходжаган тариқатының дамуына үлкен үлес қосты. Олардың кезінде нақшбандийа-ходжаган тариқатының ханакалары (діни ғұрыптық орындар) Мәуераннахрдың барлық ірі және орта қалаларында пайда болды. Қожа Убайдаллах Ахрардың (806/1404–895/1490) тәлімгерлік кезеңінде бұл тариқат Әмір Темір

ұрпағынан шыққан билеушілерімен тығыз қарым-қатынасы нәтижесінде үлкен экономикалық және саяси ықпалға ие болып, нақшбандийа-ходжаган тариқатының кейінгі қызметінде саяси және экономикалық қызығушылық күшейе бастады.

Тарихи деректерге қарағанда, нақшбандийа-ходжаган ағымының Шығыс Түркістанға келуі және таралуы, Қожа Ахрардың шәкірті Қожа Тәж ад Динмен байланысты. Қожа Тәж ад Дин Моғолстан мемлекетіне Сұлтан Ахмет хан (1472-1504 жж.) билігі жылдары келеді. Ең алдымен Ақсу және Тұрфан қалаларында тұрады. Бір қызығы, Қожа Тәж ад Дин де өзінен бұрын өңірге келген қожалардың дәстүрін жалғастырып, миссионерлік қызметін мемлекет орталығынан емес, астанадан алыс орналасқан, бірақ стратегиялық маңызы жоғары Ақсу және Тұрфан қалаларынан бастайды. Қожалар орталықтандырылған үкімет олардың әрекеттері туралы білсе, өздерін Орта Азияға қайтарып жіберуінен қауыптеніп, ашық түрде насихаттау жұмыстарын жүргізуге батылы жетпей, саудагерлер кейіпінде ілімдерін таратады. Алайда, Сұлтан Ахмет хан мен оның перзенттері ата-бабалары құрмет тұтқан қожалар әулетінің өкілі Тәж ад Дин қожаға үлкен сый-сияпат көрсетіп, оның ісіне кедергі көрсетпейді. Сұлтан Ахмет ханның балалары да әкесінің ізімен қожаға жанашырлық танытады. Бұл туралы Мырза Мұхаммед Хайдар былай деп хабарлайды: «Мәулана Арш ад Диннің отбасынан шыққан Қожа Тәж ад Дин Тұрфаннан келген, Аллаһ оның дәлелін қасиет тұтады. Ол қайтыс болғаннан кейін оның барлық балалары Қожа Тәж ад Динді құрметтеп, қастерлеген». Сұлтан Ахмет ханның ұлы Сұлтан Саид хан да Қожа Тәж ад Динге құрметпен қарайды. Қожаның негізгі қызметі Шығыс Түркістанның Тұрфан қаласында болғанымен, хан мен оның төңірегіндегілердің назарын өз ағымының іліміне аудару үшін мемлекеттің астанасы Йаркендке жиі барады. Хан оған әрқашан қожаға лайық сый-құрмет көрсетеді (Мұхаммед Хайдар, 1996: 471). Бұл деректер Қожа Тәж ад Динның Моғолстан хандығының рухани өмірінде маңызды рөл атқарғанын көрсетеді. Қожа Тәж ад Диннің Моғолстан хандарына ықпалы туралы оның ұлы Мұхаммед Талиб «Матлаб ат Талибин» дереккөзінде де айтады. (Абусеитова М.Х.,Баранова Ю.Г., 2001: 263-267). Ол өз шығармасын әкесі Тәж ад Диннің өмір-баянына арнап, әулиелік қасиеттері арқасында ғажайып оқиғалардың болғаны, мүридтерінің санының күн санап артқаны туралы жазады.

Мұхаммед Талиб «Матлаб ат-Талибинде» 1512 жылы сефевидтердің басшысы Нажм-и Сани Бабырмен бірге Мәуераннахрға басып кіруіне байланысты оқиғаны сипаттағанда «Қазақстан» атауын пайдаланады. Бұл шабуылдан хабар алған автордың атасы, яғни Тәж ад Дин қожаның әкесі Қожа Ислам шұғыл түрде Қазақ хандығына келеді. Қазақ хандығының билеушісі Қасым хан Бұхаралық шейх Әбу Бәкір Саданың мүріді болып, Жуйбар қожаларының өкілі қожа Исламды жақсы қарсы алады. «Матлаб ат-Талибин» қолжазбасында келтірілген мәліметтерге сүйенсек, 1598-1599 жылдардағы Мәуераннахр мен Қазақ хандығы арасындағы қарым-қатынастарда, Түркістан, Ташкент және Ферғана жерлерінің бір бөлігінің Қасым хан иелігіне өтуінде аталған сопылық ағым өкілдерінің әсері болғанын болжауға және Қазақ хандығы мен Орта Азия хандары арасындағы келісімдердің орындалуын қамтамасыз етуде қожалардың рөлі жоғары болғанын байқауға болады. Шығарманың Тәж ад-Диннің өмірі мен шығармашылығына арналған тарауларда оның киелілігі және Үндістан, Иран, Хиуа, Қашғар және Қазақ хандығы билеушілерінен алған сый-сияпаттары туралы айтылады. Қазақ хандары Тұрсын мен Есімді Ташкент билеушілері, деп жазады. Нақшбандийа тариқатын қолдайтын Жуйбар қожаларының Қазақ хандары мен ақсүйектері арасында ықпалы жоғары болғанын, кейбір аймақтар үшін күрес кезінде және таластарды шешуде маңызды рөл атқарғанын түсінуге болады (Мұхаммед Талиб, B 2504: 41б-42а).

Дәл сол сияқты, Тәж ад Дин қожаның Шығыс Түркістанға сапары, Сұлтан Абд ар Рашид ханның ұлы Моғолстан мемлекетінің сол кезеңдегі ханы Сұлтан Саид ханмен Қазақ хандығының ханы Тахир хан арасында келіспеушілік туындаған кезеңге сәйкес келіп, сопылық ағым өкілдерінің аймақтағы саяси мәселелерді шешуге ықпал көрсетуге тырысуын байқауға болады (Мұхаммед Хайдар, 1996: 471-472). Демек, XVI ғасырдың басында түрлі

сопылық ағымдардың рухани жетекшілері Шығыс Түркістанда әлі де ашық әрекет етіп, мемлекеттің ішкі істеріне араласа алмаса да, сыртқы саяси мәселелерде белсенділік танытып, айтарлықтай күшейе бастайды.

XVI ғасырдың басында Моғолстан мен Орта Азиядан ығыстырылған Шағатай ұрпақтары Шығыс Түркістан аумағында жаңа мемлекет құрды. Дереккөздерде бұл мемлекет Моғолия немесе Моғол мемлекеті, Моғолстан деп аталды. Тіптен, XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басында жазып аяқталған Мұса Сайрамидың «Тарих-и амнийа» дереккөзінде Қашғария өңірі Моғолстан, Жетішар деп аталады (Мұса Сайрами, С335: 4а-4б). Хандықтың астанасы Йаркенд қаласы болуына байланысты, Йаркенд хандығы деп те аталады. 1514 жылы Моғолстан мемлекетінің хандық тағына Ахмет ханның ханның ұлы Сұлтан Саид хан отырды. Сұлтан Саид хан өз заманына орай білім алған, өте ақылды, дана басшы болған, деп сипатталады. Оның билігі тұсында Моғолстан мемлекеті саяси-экономикалық тұрғыдан гүлденген, мәдениет, ғылым мен білім, өнер, әдебиет жоғары дамып, шарықтау шегіне жеткен. Сонымен қатар, өңірде түрлі діни сопылық ағымдардың өз тариқаттарын насихаттауға жолы ашылып, мұсылман әлемінің ең танымал тұлғалары Шығыс Түркістанға еш кедергісіз келе бастайды. 1521 жылы Қожа Мұхаммед Юсуф пен нақшбандийа ағымының рухани жетекшісі Қожа Убайдаллах Ахрардың ұлы Қожа Мұхаммед Абдулла Моғолстан хандары мен жергілікті халық арасында нақшбандийа ағымының ілімін тарату мақсатында Самарқанд қаласынан келді. (Әнуар Байтұр, Үрімжі: 972). Бұл кезең Орта Азия тарихында Қожа Убайдаллах Ахрар мен Әмір Темір ұрпақтарының қарым-қатынастары күшейіп, қожалар хандардың ең сенімді кеңесшілеріне айналғаны және біртіндеп хандықтың саяси билігіне араласа бастауымен ерекшеленеді. Қожалардың қызметі діни-рухани бағытпен шектелмей, қоғамдық-саяси фактор басымдық көрсетеді.

«Тарих-и Рашиди» дереккөзінде Мұхаммед Хайдардың: «Менің ағам да ханмен сұхбаттас болды. Ол *йассауийа* ағымының мүріді еді», деген мәліметтеріне сенсек, Сұлтан Саид хан *йассауийа* ағымының тариқаттарын терең меңгергені белгілі болады. Сұлтан Саид хан осы ағымдардың және сопылық әдебиеттің ықпалымен биліктен бас тартып, орнына ағасы Мұхаммед Иминді таққа отырғызып, өзі сопылықты насихаттаушы дәруіштерге қосылғысы келген. Бұл оқиғалар Қожа Мұхаммед Юсуфтың Шығыс Түркістанға келген сәтімен тұспа-тұс келіп, қожа Сұлтан Саид ханды өз ойынан бас тартуға көндіреді. Қожа Мұхаммед Юсуф: «Хандық – бұл Аллаға ең жақын жол және үлкен құрал. Бірақ патшалар оны нәпсі ләззаттарын қанағаттандыру мен шайтандық істер жасаудың құралына айналдырды. Патша бір ауыз сөзбен жасаған жақсылығы үшін сауап алады, дәруіштер өмір бойы оған жете алмайды», дейді (Мұхаммед Хайдар, 1996: 469). Осыдан кейін Сұлтан Саид хан ойын өзгертіп, Қожа Мұхаммед Юсуфтың кеңесімен билігін жалғастырды және осы оқиғадан кейін ол нақшбандийа іліміне бұрынғыдан да шындап қызығушылық таныта бастайды. Демек, Шығыс Түркістанда сол кезеңде *йассауийа* ағымымен қатар, *нақшбандийа* ағымының өкілдері де белсенділік танытып жатқанын байқауға болады. Кейбір зерттеушілер нақшбандийа және йассауийа ағымдарының қайнар көзі бір, бір ұстаздың ілімі негізінде қалыптасып, тараған, кейінірек, халықтардың географиялық орналасуы, өмір салты, дәстүрлері, саяси жағдайларға байланысты трансформацияға ұшыраған, деген көзқарасты ұстанады (Девин Деуис, Рахимов К., 2020).

1543 жылы Моғолстан мемлекетінің астанасы Йаркенд қаласына *увайсийа* сопылық ағымының рухани басшыларының бірі қожа Мұхаммед Шәріп келеді. «Оның әулиелік қасиеттері туралы хабар Моғолстан хандығының бүкіл аумағына кең таралып, аз уақыттың ішінде қожа Мұхаммед Шәріп елдегі ең құрметті адамдардың біріне айналады. Абд ар-Рашид хан оның мүриді болып, оған «мемлекеттік тәлімгер» атағын берді және қожа Мұхаммед Шәріп мемлекеттің барлық маңызды істеріне тікелей қатысатын, хандарға саяси мәселелер мен әскери жорықтарға қатысты кеңестер беретін дәрежеге жетеді (Әнуар Байтұр, Үрімжі: 973/. Тарихи деректерде Абд ар Рашид ханның ұлы Абд әл-Латифтің қазақтармен шайқаста қаза тапқаны, Абд ар Рашид хан қожа Мұхаммед Шәріппен ақылдасып, оның рұқсатымен

қазақ хандарына қарсы жорыққа аттанғаны, шайқастың 20 күнге созылғанын хабарлайды. Акимушкин О.Ф. бұл шайқас 1551-1552 жылдар аралығында, немесе 1555-1556 жж.болған деп болжайды (Акимушкин О.Ф., 1970, 236). Яркендке оралған Абд ар Рашид хан қазақ ханы Хақназарға қарсы жорық кезінде рухани қолдау көрсеткені үшін алғыс ретінде қожа Мұхаммед Шәріпті Йаркендке өзінің қасында тұрақты тұруға шақырады және қожа Мұхаммед Шәріп өмірінің соңына дейін Моғолстан хандарының сарайында қалады. Аноним автордың «Тазкира-и қожа Мұхаммед Шәріп» еңбегінде қожа Мұхаммед Шәріп 1565-1566 жылдары 95 жасында қайтыс болып, Йаркенд қаласы маңындағы Бес-Арық деген жерде жерленген, дейді. Қожа Мұхаммед Шәріптің орнына мемлекеттің «рухани тәлімгері» қызметіне оның шәкірті Мұхаммед Уәли тағайындалады. Қожа Мұхаммед Шәріп қайтыс болғаннан кейін төрт жыл өткен соң, шамамен 1569-1570 жж. Сұлтан Абд ар-Рашид хан қайтыс болады (Юдин В.П., 1987: 10). Абд ар-Рашид хан қайтыс болғаннан кейін таққа оның ұлы Абд әл-Керім хан отырды. Ол елді адал, әділ басқарды, Моғолстан мемлекетінде тыныштық орнады. Халық оны «Адал Әбділ Керім» («Абдукерім Әділ»), деп атаған (Мұса Сайрами, Тарих-и Хамиди, 1986: 125).

XVI ғасырдың бірінші жартысында нақшбандийа-хожаган тариқатының рухани басшысы қызметін Махдум-и Азам есімімен белгілі Сейид Ахмет ибн Жалал ад-дин әл-Касани (1464-1549 жж.) жалғастырды. Махдум-и Азам 1461 жылы Өзбекстанның Касан қаласында (Ферғана алқабында) дүниеге келген. Ол белгілі дінтанушы, сопылық қайраткер Бурханиддин Қылычтың ұрпағы. Бұл туралы мәліметтер «Тазкира-и Ходжаган», «Хидайат-наме» сияқты дереккөздерде жазылған. Тарихи деректерде Махдум-и Азам өте ақыл-парасатты, интелектаулдық қабілеті жоғары дамыған адам болған және Бухара билеушісі Убайдаллах ханның жақын кеңесшісі қызметін атқарған, дейді. Ол парсы тілінде сопылықтың теориялық мәселелеріне арналған отызға жуық трактаттар жазған. Бұл еңбектерінде Махдум-и Азам ағымның негізгі ұйымдастырушылық ережелері (*adāb*), тәлім алушылардың рухани ілгерілеуіне жол ашатын сопылық ағым ішіндегі дидактикалық пікірталастар мен уағыздар (*suhbat*), немесе дауыстап жадқа оқу (*zhikr*) және тыңдауды (*samā'*) сопылардың әртүрлі қабілеттеріне сәйкес дайындаудың маңызды құралдары ретінде сипаттайды. Сонымен қатар, бірнеше шығармасы Орталық Азия билеушілеріне арналып, Убайдулла ханға арналған еңбегінде сопы өзінің рухани қызметін, өзін және жалпы ағымының идеологиясын қорғау және тарату үшін басқарушы тап өкілдерінің – хандар мен мемлекет басшыларының қолдауына сүйенуі керек екенін, қамқоршы басшының көмегімен мақсатқа жету жолдарын түсіндіреді. Осы орайда, рухани байлық пен қатар материалды байлықтың да маңыздылығын алға сүреді. Бұл көз қарастар бұрын қалыптасқан сопылық идеологияларына өзгерістер енгізіп, рухани мұрагерлерге *(нисбат-и манави)* қарағанда физикалық мұрагерлеріне (*нисбат-және сури*) көп назар аударылып, Махдумзадалар қауымы қалыптасып, ағымның идеялары Махдум-и азам ұрпақтарының отбасылық стратегясына айналады (Alexandre Papas, 2017).

Әмір Темір ұрпақтарының билігінің құлдырауы нақшбандийа-хожаган тариқатының билікке ықпалын әлсіретіп, шамамен 1524-1525 жылдары Махдум -и Азам Ферғана облысынан Қашғарға кетуге мәжбүр болады. Мұнда ол халық арасында ислам діні негіздері және нақшбандийа ілімі бойынша дәрістер өткізіп, белсенді түрде насихаттау жұмысын жүргізеді. «Тазкира-и ходжаган» шығармасының авторы Мұхаммед Садық Қашғари [3] атап өткендей, Махдум -и Азамды «Қашғар хандары мен халықы үлкен сый-сияпатпен қарсы алады». Бос уақытының барлығын ұстаздыққа арнаған Махдум-и Азам халықтың шынайы мейірімі мен құрметіне бөленіп, қоғамдағы үлкен бедел және абыройға ие болды. Түркиялық ғалым Mehмет Атифтың айтуынша, Шығыс Түркістанда Махдум-и Азам шығу тегі хан әулетінен Бибиджа есімді қызға үйленіп, ұлы Қожа Ысқақ Вали дүниеге келеді (Атыф, 1998: 116-117). Алайда, Өзбекстандық ғалым Аманбек Жалилов аударған, Махдум -и Азамдың өмірі мен қызметі, қоын ұрпақтары туралы құнды мәліметтерді қамтыған, авторы белгісіз «Аппақ қожа манокиби» атты шығармада, ишанның он үш ұлы болған, үлкен ұлы Мұхаммед Имин

қожа Кәлан, екінші ұлы Ысқақ қожа, қожа Ысқақтың анасының тегі Қарахандар мемлекетінің ханы Жүсіп Қадырханның қарындасы, Жалал ад Динның ұлы Алауддинның әйелі Хадия Туркан ханымға тірелетінін, жазады. Қожа Ишан Кәлан болса, қожа Ахмед Касанийдің әйелі Қашғар сейидтерінен ұрпағы Мир Тәліптің қызы Бибибжаи Қашғари лақаб атымен белгілі Руқия бегімнен туылған, деп көрсетеді (Аппақ қожа манокиби, 2002: 6). Кейінірек Махдум-и Азам Орта Азияға оралып, 1542 жылы Самарқандта қайтыс болды.

Моғолстан мемлекетін Сұлтан Саидханның ұлы Абд-ар Рашид ханның баласы Абд-ал Керім хан басқарған кезеңде Қожа Ысқақ Вали нақшбандийа ағымының рухани басшы ретінде Шығыс Түркстанға қайта оралады. Шах Махмуд Чорастың «Тарих» хроникасында: «Йаркенд қаласына Қожа Ысқақ келді. Оны Йаркендт қаласының беделді адамдары күтіп алды. Соңынан Абд әл-Керім хан құрмет көрсетуге келеді. Бірақ Халифаның кеңесімен қожа бірден ханның алдына шықпай, сәл кідіртуге бел буады». Хан ренжіп, бірден сарайға қайтады(Шах Махмуд Чурас, 1976: 163). Абд әл-Керім хан мен Қожа Ысқақ арасында түсініспеушілік туындайды. Бұны зерттеушілер Абд әл-Керім ханның *увайсийа* сопылық тариқаттың өкілі Уәли сопының мүриді болғандығымен түсіндіреді.

Қожа Ысқақ Йаркенд қаласында халыққа нашбандийа ағымының тариқаттарын насихаттаумен айналысады. Бірақ, біраз уақыт өткен соң Абд әл-Керім хан оған хат жолдап, Қожа Ысқақтың бұл өңірден кетуін талап етеді (Тарих-и Қашғар, С 576, 67б). Осыдан кейін қожа сол кездегі Шығыс Түркістанның Хотан қаласының билеушісі Құрайш сұлтанының жанына кетеді. Чира аймағында үш жыл бойы насихаттау жұмыстарын жүргізіп, мүридтерді жинаумен айналысады. Алайда, Абд әл-Керім хан оның мемлекеттен кетуін бұйырады. Шах Махмұд Чорастың пайымдауынша, ханның бұндай қадамға баруына Қожа Ысқақтың ықпалымен Құрайш сұлтанының орталық билікке қарсы көтеріліс ұйымдастыруы себеп болады (Шах Махмуд Чурас, 1976: 277). Қожа Хотаннан шығып, Ақсу қаласына барады. Ақсу қаласының билеушісі Абд әл-Керім ханның інісі Мұхаммед хан табиғатынан өте жұмсақ, ақкөңіл, мейірімді адам болған. Мінезінің осы қасиетін пайдаланған қожа Ысқақ қажырлы іс-әрекетке кірісіп, ханақалар құрып, өзіне мүридтерді тарта бастайды. Мұхаммед хан да қожа Ысқақтың мүриді болып, сый-сияпатын жомарттықпен ұсынды. «Хроникада» Мұхаммед ханның Қожа Ысқаққа Көк-Күмбез ауылын сиға тартып, нефрит өндіретін кәсіпорынды ханақа тұрғындарының игілігіне бергені айтылады (Шах Махмуд Чурас, 1976: 278). Бұл мәліметтер қожалардың өлкеге келуі рухани ғана емес, материалдық мақсатты да көздегенін көрсетеді. Қожа Ысқақ Ақсудан кейін Тұрфан және Кучар қалаларына барып, жергілікті халықтың сеніміне кіруге тырысады. «Тазкира-и Азизан» деректері бойынша, қожа Ысқақ Шығыс Түркістанда 12 жыл өмір сүреді. Осы уақыт ішінде оның мүридтерінің саны бірнеше мыңдаған адамға жетеді.

1587 жылы Қашғарға Махдум -и Азамның үлкен ұлы Ишан Кәлан келеді (Әнуар Байтұр, Үрімжі: 975). Ол да халықтың сенімі мен құрметін пайдаланып, өзіне тарта бастады және қысқа уақыттың ішінде өзінің ағымына бірнеше мың адамды жинады. Олардың арасында қарапайым халықпен қатар қала әкімдері мен жергілікті ақсүйектер де болды. Айналасындағы мүридтері Ишан Кәланға «қасиетті әулие», деп сөзсіз сеніп, артынан ерді. Осылайша Шығыс Түркістан аймағы Махдум-и Азамның екі ұлының қызығушылықтары қақтығысқан аймаққа айналды. Ысқақ Валинің де Ишан Кәланның да артынан ерген мүридтерінің саны күн сайын ұлғайды.

Нақшбандийа қожаларының қоғамдағы белсенділігінің артып, абыройының асуынан қауыптенген Абд әл-Керім хан байыпты шара қолдануды ұйғарып, өзіне жақын жергілікті діни топтардың ықпалымен олардың Моғолстан мемлекетінде тұруын қалаусыз деп жариялады. Қожылар елден кетуге мәжбүр болды. Қожа Ысқақ Самарқандқа оралды, бірақ әлі де өзінің халифасы Шутур арқылы Моғолстан хандығында болып жатқан оқиғаларға әсер еттуді жалғастырды. Бірақ, 1591 жылы Абд әл-Керім хан қайтыс болғаннан кейін Моғолстан мемлекетінің хандық тағына отырған Мұхаммед хан қожа Ысқақты толық қолдап, өлкеде

беделін арттырады. Бұл жағдай Моғолстан мемлекетінің саяси билігіне *увайсийа* ағымының ықпалын әлсіретіп, нақшбандийа ағымы өкілдерінің күшеюіне алып келеді Тіптен, қожа Ысқақтың ықпалы Моғолстан хандығына көрші аймақтарға, яғни көшпелі қазақ жіне қырғыздардың арасында тарай бастайды(Мұхаммед Садық Қашғари, Д 126, 17-18). Қожалардың күшейгені сонша, хан олардың қатысуынсыз бірде-бір шешім қабылдамайтын болды. Зерттеушілер бұл жағдай келесідей түсініктеме береді. О.Ф. Акимушкин хандар біршама саналы әрекет етіп, қожалармен одақтасуға мәжбүр болды деп есептейді. Әйтпесе, бұл оларға биліктен айырылу қаупін тудырды, өйткені, олардың артында қожаларды пір ұстап сөзсіз сенген, орасан зор күшке ие мыңдаған мүридтері тұрды (Шах Махмуд Чурас, 1976: 30). Осы себепті Мұхаммед хан қожалармен келісімге келуге тырысты және қожалардың қолдауына қол жеткізу мақсатында жеке ауылдардағы ірі жер телімдерін сиға берді, салықтан босатты, нефрит өндіруге, үй салуға рққсат берді. Сөйтіп, қожалар мен олардың өкілдері Моғолстан мемлекетіндегі ең ықпалды күштердің біріне айналды. Оларды әскери көшпенділер, жергілікті феодалдар және зайырлы билік ескерді. Қожалардың бұқара халық пен ақсүйектер арасында идеологиялық әсерінің күшті болғаны сонша, кез келген сәтте хандарға қарсы шығатын дәрежеге жетті. Қожа Ысқақтың ағасы Қожа Ишан Калян зор табысқа жетті. Жоғарыда айтылғандай, ол Қашқарда тұрды және жергілікті ақсүйектер бастаған осы аймақты мекендеген халық оны қолдады. Қожа Ишан Кәаланның «қасиетті» әрекетіне таңғалған жұртшылық оны Алланың елшісі ретінде қабылдап, оған жан-тәнімен беріліп, басқа ешкімді танымады. Нәтижесінде, Шығыс Түркістанның Қашғар қаласы мен айналасындағы жерлер Ишан Кәланға, Йаркенд қаласы мен оның маңы Ысқақ Валидың ықпалына түсіп, аймақ халқы бірөбіріне қарсы екі лагерьге бқлінді. 1597 жылы Ишан Кәлан Дехбитке оралып, сол жылы қайтыс болды. Қожа Ысқақ 1594 жылы Самарқандқа оралып, 1599 жылы қайтыс болды (Әнуар Байтұр, Үрімжі:979).

Осылайша, қожалар Орта Азияға оралды, бірақ Моғолстан хандығында сенімді мүридтерінен құралған үлкен әскерін қалдырды. Махдум мен Азямның екі ұлының Моғолстан хандығындағы рухани және саяси басшылық құқығы үшін күресінің басталуы олардың жақтастары арасында бәсекелестіктің туындауына әкелді. Осы кескілескен күрестің нәтижесінде Шығыс Түркістандағы *нақшбандия-хожаган* сопылық ағымы екіге бөлінді. Біріншісі «Исхақия», басшысы Ысқақ Вали, екіншісі, «Ишкия», оның басшысы Ишан Кәлан. Кейінірек бұл топтар тарихта «қаратаулықтар» және «ақтауылықтар» деген атауларды алып, ірі діни партияларға айналды.

XVI ғасырдың 70-80-жылдары Қожа Махдум-и Азаямның ұлдары арасында әкесінің «Ишан» атағын мұрагерлікке алу үшін күресте үлкен қайшылықтар туындады. Маздумзадалар ишан титулының еншісін ғана емес, кең жер телімдері мен орасан зор материалдық байлық үшін де күресті. Анасы Қашқар сейіттерінің әулетінен шыққан қожа Ысқақ Вали, өзін хан әулетінің тікелей өкілі деп есептеп, қожа-и Қашғари деген есіммен атай бастады. Махдумзадалардың сопылықтың негізгі идеология, мақсат, тұжырымдарынан алыстауы, сол заманда, сопылық жолын таңдаған кейбір ақындардың сынына ұшырады. Мысалы, XVII ғасырдың екінші жартысында Шығыс Түркістанға Аппақ қожадан тәлім алуға келген сопы-ақын Бабарахим Машрабты келтіруге болады (Orsolya Saraç, 2021).

Қорытынды

Ұсынылған дереккөздер мен ғылыми зерттеулер мәліметтеріне талдау жүргізу арқылы Шығыс Түркістанда нақшбандийа және увайссийа, кубравийа сияқты сопылық ағымдардың таралуы және көрші аймақтарға әсеріне қатысты қалыптасқан бір қатар тұжырымдарды алға тартуға болады. Ең алғаш өңірге келген сопылық ағым насихаттаушылары ислам дінін тарату арқылы аймақтың рухани тұрғыдан дамуына, жаңа діни-философиялық идеологияның қалыптасуына жағдай жасады. Увайссийа, йассауийа, нақшбандийа сопылық ағымдары өз ілімдерін жергілікті халықтың өмір салтына бейімдей отырып, исламның таралуы мен

нығаюына ықпал етті. Олар рухани мәдениеттің тасымалдаушысы ретінде білім беру, тәлімгерлік пен тәрбие дәстүрлерін дамытты. Сопылылар толеранттылық, адамдарға деген сүйіспеншілік және рухани өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу принциптерін уағыздай отыра өлкенің рухани өмірін байытып, қоғамда діни моральдық-адамгершілік нормаларын күшейту арқылы жаңа қоғамдық-саяси орта құрды. Исламдық білімнің таралуына, әдебиеттің, өнердің және сәулет өнерінің дамуына, Орталық Азия халықтарының біртұтас тарихи-мәдени орта қалыптастыруына үлес қосты. Шығыс Түркістан халықтарының басқа Орталық Азия хандықтарымен қарым-қатынастарына оң әсерін тигізуге тырысты.

Алайда, XVI ғасырдың соңы XVII ғасырларда Шығыс Түркістандағы сопылардың идеологиялық көз қарастары өзгеріп, ағымдар арасында, немесе зайырлы және діни лидерлер арасында қақтығыстардың басталуына себеп болды. Нәтижесінде саяси тұрақсыздық басталып, халықтың ресми билікке сенімі төмендеп, қайшылықтардың күшеюіне және жергілікті халықтың бірлігінің әлсіреуіне ықпал етті. Діни консерватизмнің күшейіп, кейбір жағдайларда сопылық шейхтердің билігіне шамадан тыс тәуелділік фанатизмге алып келді. Бұл жағдай ресми билік құрылымдарының сыртқы күштердің қысымына ұшырап, хандарды сопылық ағым басшыларынан тірек іздеуге мәжбүрледі.

Осылайша, Шығыс Түркістанда сопылық ағымдарының таралуының әсері жан-жақты болды. Бір жағынан, олар руханияттың, мәдениеттің, білімнің және әлеуметтік тұрақтылықтың дамуына ықпал етті. Екінші жағынан, консерватизм күшейіп, діни фанатизм саяси келіспеушіліктерді туындатып, зайырлы биліктің құлауына себеп болды.

Әдебиеттер:

Абусеитова М.Х., Баранова Ю.Г., 2001 – *Абусеитова М.Х., Баранова Ю.Г.* Письменные источники по истории и культуре Казахстана и Центральной Азии XIII–XVIII вв.: (библиографические обзоры). Алматы: Дайк-пресс, 2001. 426 с.

Акимушкин О.Ф., 1970 – *Акимушкин О.Ф.,* К вопросу о внешнеполитических связях Могульского государства с узбеками и казахами в 30-х годах XVI в – 60 - х годах XVII в. // Палестинский сборник. Вып.21 (84).Л., 1970. С.233-248.

Alexandre Papas, 2017 – *Alexandre Papas.* Khojas of Kashgar, 2017 [Электронды ресурс] URL: https://doi.org/10.1093/acrefore/9780190277727.013.12 (қараған күні: 01.05.2024).

Атыф, 1998: – *Atif Mehmet,* Kaşgar tarihi: bâis-i hayret ahvâl-i garibesi (Transkript edenler; İsmail aka, V. Günay), Kırıkkale,: Eysi, 1999, 381s.

Девин Деуис, 2011 – *Devin DeWeese.* The ‘competitors’ of Isḥāq Khwāja in Eastern Turkistan: hagiographies, shrines, and sufi affiliations in the late sixteenth century // B Horizons of the World: Festschrift for İsenbike Togan. Edited by İlker E. Binbaş и Nurten Kılıç-Schubel ,. Istanbul: İthaki, 2011, P. 133–216.

Әнуар Байтұр, 1996 – *Әнуар Байтұр, Хайриниса Сыддық.* Шинжаңдики милләтләрниі тарихи. –Үрімжі: Милләтләр нәшрияти, 1996. 1318 б.

Мұса Сайрами, 1905. – *Мұса Сайрами.* Таарих-Эминие. История владетелей Кашгарии, сочинение Муллы Мусы, бен Мулла Айса, сайрамца, изданная Н.Н. Пантусовым. Казань, 1905. 320 с.

Мұса Сайрами – *Мұса Сайрами.* Тарих-и амнийа // Рукопись Санкт-Петербургского филиала ИВ РАН. Шифр С. 335.

Мұса Сайрами, Тарих-и Хамиди, 1986 – *Мұса Сайрами,* Тарих-и хамиди. Үрүмші: Милләтләр нәшрияти, 1986. 775 б.

Мұхаммед Садық Қашғари, Д 126 – *Мұхаммед Садық Қашғари*. Тазкира-и ходжаган // Рукопись Санкт-Петербургского филиала ИВ РАН. Шифр Д126.

Мұхаммед Талиб, В 2504 – *Мұхаммед Талиб*. Матлаб ат-талибин: Рукопись СПбФ ИВ РАН. Шифр В 2504.

Мұхаммед Хайдар, 1996 – *Мырза Мұхаммед Хайдар.* Тарихи Рашиди. Ташкент: Издательство «Фан», 1996. .728 с.

Офоқ хожа маноқиби, 2002 – *Офоқ хожа маноқиби*. Андижан, «Хает» нашриети. 2002. 120 с.

Orsolya Saraç, 2021 - *Orsolya Saraç*. Babarahîm Meşreb'in pîri Hidâyetullah Âfâk hoca // KÜLTÜRK Türk Dili ve Edebiyatı Araştırmaları Dergisi, Sayı: 4 (Kış 2021), s.109-129.

Рахимов К., 2020 – *Рахимов К.,* Тарикат хваджаган-накшбандийа и семь пиров / пер. с узбек. яз. И.Р. Гибадуллина. Казань: ИД «МеДДоК», 2020. 180 с.

Тарих-и Қашғар, С 576 – *Тарих-и Қашғар,* Рукопись Санкт-Петербургского филиала ИВ РАН. Шифр С. 576.

Шах Махмуд Чурас, 1976 – *Шах Махмуд Чурас,* Шах-Махмуд ибн мирза Фазил Чурас. Хроника. Критический текст, перевод, комментарии, исследование и указатели О. Ф. Акимушкина. М.: Наука, 1976. 407 с.

Юдин В.П., 1987 – *Юдин В.П.* Анонимное тюркоязычное сочинение второй половины XVI в. из Восточного Туркестана «Тазкира-йи Ходжа Мухаммад Шариф» // Вопросы истории и культуры уйгуров. Алма-Ата, 1987, С. 4-40.

References:

Abuseitova M.H., Baranova YU.G., 2001 – Abuseitova M.H., Baranova YU.G. Pismennye istochniki po istorii i kulture Kazahstana i Tsentralnoi Azii XIII–XVIII vv.: (bibliograficheskie obzory). Almaty: Daik-press, 2001. 426 s.

Akimuşkin O.F., 1970 – Akimuşkin O.F., K voprosu o vneşnepoliticheskih svyazyah Mogulskogo gosudarstva s uzbekami i kazahami v 30-h godah XVI v – 60 - h godah XVII v. // Palestinskii sbornik. Vyp.21 (84).L., 1970. S.233-248.

Alexandre Papas, 2017 – Alexandre Papas. Khojas of Kashgar, 2017 [Elektrondy resurs] URL: https://doi.org/10.1093/acrefore/9780190277727.013.12 (qarağan künı: 01.05.2024).

Änuar Baitūr, 1996 – Änuar Baitūr, Hairinisa Syddyq. Şinjaŋdiki millätlärnıı tarihi. –Ürımjı: Millätlär näşiriyati, 1996. 1318 b.

Atyf, 1998: – Atif Mehmet, Kaşgar tarihi: bâis-i hayret ahvâl-i garibesi (Transkript edenler; İsmail aka, V. Günay), Kırıkkale,: Eysi, 1999, 381s.

Devin Deuis, 2011 – Devin DeWeese. The 'competitors' of Isḥāq Khwāja in Eastern Turkistan: hagiographies, shrines, and sufi affiliations in the late sixteenth century // V Horizons of the World: Festschrift for İsenbike Togan. Edited by İlker E. Binbaş i Nurten Kılıç-Schubel ,. Istanbul: İthaki, 2011, P. 133–216.

Mūhammed Haidar, 1996 – Myrza Mūhammed Haidar. Tarihi Raşidi. Taşkent: İzdatelstvo «Fan», 1996. .728 s.

Mūhammed Sadyq Qaşğari, D 126 - Mūhammed Sadyq Qaşğari. Tazkira-i hodjagan // Rukopis Sankt-Peterburgskogo filiala İV RAN. Şifr D126

Mūhammed Talib, V 2504 – Mūhammed Talib. Matlab at-talibin: Rukopis SPbF İV RAN. Şifr V 2504.

Mūsa Sairami, 1905. – Mūsa Sairami. Taarih-Eminie. İstoriya vladetelei Kaşgarii, sochinenie Mully Musy, ben Mulla Aisa, sairamtsa, izdannaya N.N. Pantusovym. Kazan, 1905. 320 s.

Mūsa Sairami, S335 – Mūsa Sairami. Tarih-i amniia // Rukopis Sankt-Peterburgskogo filiala İV RAN. Şifr S. 335.

Mūsa Sairami, Tarih-i Hamidi, 1986 – Mūsa Sairami, Tarih-i hamidi. Ürümşı: Millätlär näşriyati, 1986. 775 b.

Ofoq hoja manoqibi, 2002 – Ofoq hoja manoqibi. Andijan, «Haet» naşrieti. 2002. 120 s.

Orsolya Saraç, 2021 - Orsolya Saraç. Babarahîm Meşreb'in pîri Hidâyetullah Âfâk hoca // KÜLTÜRK Türk Dili ve Edebiyatı Araştırmaları Dergisi, Sayı: 4 (Kış 2021), s.109-129.

Rahimov K., 2020 – Rahimov K., Tarikat hvadjagan-nakşbandiia i sem pirov / per. s uzbek. yaz. İ.R. Gibadullina. Kazan: İD «MeDDoK», 2020. 180 s.

Şah Mahmud Churas, 1976 – Şah Mahmud Churas, Şah-Mahmud ibn mirza Fazil Churas. Hronika. Kriticheskii tekst, perevod, kommentarii, issledovanie i ukazateli O. F. Akimuşkina. M.: Nauka, 1976. 407 s.

Tarih-i Qaşğar, S 576 – Tarih-i Qaşğar, Rukopis Sankt-Peterburgskogo filiala İV RAN. Şifr S. 576.

Yudin V.P., 1987 – Yudin V.P. Anonimnoe tyurkoyazychnoe sochinenie vtoroi poloviny XVI v. iz Vostochnogo Turkestana «Tazkira-ii Hodja Muhammad Şarif» // Voprosy istorii i kultury uigurov. Alma-Ata, 1987, S. 4-40.

[1] Каримова З.К. [2]Масимова Х.В. [3]Каримова Р.У.

[1,2,3]Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы Қазақстан

E-mail: [1]vostok_karimova@mail.ru, [2] khalminam@mail.ru, [3]risalat.karimova@mail.ru

СУФИЙСКИЕ ТЕЧЕНИЯ В ВОСТОЧНОМ ТУРКЕСТАНЕ: РАСПРОСТРАНЕНИЕ, ОСОБЕННОСТИ И ВЛИЯНИЕ НА СОСЕДНИЕ РЕГИОНЫ

Аннотация. Восточный Туркестан расположен в стратегически важном регионе Центральной Азии, соединяющем народы и страны Востока и Запада. Древние торговые и миграционные пути, проходившие через регион, способствовали тесному взаимодействию истории и культуры различных народов. Одна культура сменяла другую, и почти все религии и культуры оставили свой след. В статье рассматриваются вопросы, связанные с распространением суфийских течений в Восточном Туркестане, особенностями восточнотуркестанского суфизма, его влияние на местное население и народы соседних регионов, сыгравших важную роль в духовной жизни Центральной Азии. События, связанные с представителями суфийских течений - ходжами, были одним из важнейших внутриполитических аспектов, оказавших значительное влияние на судьбу государства Моголистан, созданного в результате распада Чагатайского улуса, и в целом на всю историю Восточного Туркестана. Представители суфийского течения накшбандийа, возникшего в Средней Азии и позднее распространившегося на соседние регионы, в середине XVI века ослабили светское ханство в Восточном Туркестане, и в конечном итоге завоевали все государство. Они также пытались оказать влияние на соседние казахские и киргизские народы. Путем сравнительного анализа источников, написанных на восточных языках и трудов российских и зарубежных ученых, изучается распространение суфийских течений в регионе, причины усиления религиозно-духовного влияния ходжей, основанного на исламском мистицизме, их стремление к политической власти, вытеснением от власти представителей ханской династии — законных наследников престола, и их место в общественно-политической жизни Средней Азии в целом. Детальное изучение этих вопросов также весьма актуально для современного общества, где религия является важным фактором в жизни общества, в котором активно распространяются различные религии и религиозные течения.

Благодарность: Статья подготовлена в рамках выполнения научного проекта РНН AP19678538 «Политический суфизм в Центральной Азии (Казахстан и Восточный Туркестан): исторические корни и современные реалии», финансируемого КН МНВО РК.

Ключевые слова: Центральная Азия, Восточный Туркестан, суфизм, источники, ходжи, накшбандийа, йассауийа, увайссийа, кубравийа, рукописи.

[1]Karimova Z.K. [2]Masimova H.V.[3]Karimova R.U.
[1,2,3]R.B. Suleymenov Institute of Orıental Studıes, Almaty, Kazakhstan,
E-mail: [1]vostok_karimova@mail.ru, [2] khalminam@mail.ru, [3]risalat.karimova@mail.ru

SUFI CURRENTS IN EASTERN TURKESTAN: SPREAD, FEATURES AND INFLUENCE ON NEIGHBORING REGIONS

Abstract. East Turkestan is located in a strategically important region of Central Asia, connecting the peoples and countries of the East and West. Ancient trade and migration routes that passed through the region contributed to the close interaction of the history and culture of various peoples. One culture replaced another, and almost all religions and cultures left their mark. The article examines issues related to the spread of Sufi movements in East Turkestan, the peculiarities of East Turkestan Sufism, its influence on the local population and the peoples of neighboring regions, which played an important role in the spiritual life of Central Asia. Events related to representatives of Sufi movements - Khojas, were one of the most important domestic political aspects that had a significant impact on the fate of the state of Mogolistan, created as a result of the collapse of the Chagatai ulus, and in general on the entire history of East Turkestan. Representatives of the Sufi movement Naqshbandiyya, which arose in Central Asia and later spread to neighboring regions, in the middle of the 16th century weakened the secular khanate in East Turkestan, and eventually conquered the entire state. They also tried to influence the neighboring Kazakh and Kyrgyz peoples. By means of a comparative analysis of sources written in Eastern languages and works of Russian and foreign scholars, the spread of Sufi movements in the region, the reasons for the strengthening of the religious and spiritual influence of the Khojas, based on Islamic mysticism, their desire for political power, the ousting of representatives of the Khan dynasty - the legitimate heirs to the throne, and their place in the socio-political life of Central Asia as a whole are studied. A detailed study of these issues is also very relevant for modern society, where religion is an important factor in the life of a society in which various religions and religious movements are actively spreading.

Acknowledgments: The reported study article is part of project AP19678538 «Political Sufism in Central Asia (Kazakhstan and East Turkestan): historical roots and modern realities».

Key words: Central Asia, East Turkestan, Sufism, sources, khojas, naqshbandiyya, yassawiyya, uwaisiyya, kubrawiya, manuscripts.

Авторлар туралы мәлімет:

Каримова Зульфиям Каримовна, т.ғ.к., аға ғылыми қызметкер, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан.

Масимова Халминям Валет кизи, филол.ғ.к., аға ғылыми қызметкер, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан.

Каримова Рисалат-Биби Усмановна, т.ғ.д., профессор, бас ғылыми қызметкер, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Каримова Зульфиям Каримовна, к.и.н., старший научный сотрудник, Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан.

Масимова Халминям Валет кизи, к.филол.н., старший научный сотрудник, Институт востоковедения им Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан.

Каримова Рисалат-Биби Усмановна, д.и.н., профессор, главный научный сотрудник, Институт востоковедения им Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан.

Information about the authors:

Karimova Zulfiyam Karimovna, senior researcher, R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

Masimova Halminyam Valet kizi, PhD, senior researcher, R.B. Suleimenov, Almaty, Kazakhstan.

Karimova Risalat-Bibi Usmanovna, Doctor of Historical Sciences, professor, chief researcher, R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan.

Келіп түсті 21 ақпан 2025 жыл
Қабылданды 27 ақпан 2025 жыл

ҒТАХР 39.21.21 https://doi.org/10.63051/kos.2025.1.379

***[1]Сарқытқан Қ. [2] Қабылғазыұлы Қ. [3] Тоқан Р.**

[1,2] Р.Б.Сулейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан

[3] Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан

E-mail:[1]kaster0102@mail.ru, [2]tabys_88@mail.ru,[3]razia1701@mail.ru

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ СУ ҚАУІПСІЗДІГІ: ЭКОЛОГИЯЛЫҚ СЫН-ҚАТЕРЛЕР ЖӘНЕ ҚОШ ТЕПА КАНАЛЫ

Аңдатпа. Мақаланың негізгі мақсаты-тарихи-географиялық және геоэкологиялық тұрғыдан Орталық Азиядағы трансшекаралық су объектілерінің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету аймақтың саяси қауіпсіздігі мен оның экономикалық және әлеуметтік дамуының негізі болып табылатындығын тұжырымдау. Мақалада Орталық Азиядағы су ресурстарының тапшылығы және оның экологиялық және геосаяси салдары туралы айтылады. Орталық Азиядағы су мәселесі аймақтық қана емес, жаһандық маңызы бар күрделі мәселеге айналды. Аймақтың су ресурстарының азаюы, климаттың өзгеруі, урбанизация және халық санының өсуі сияқты факторлар суға деген сұранысты арттыруда. Су ресурстарын тиімді пайдалану және бөлу мәселелері Орталық Азия елдері арасындағы шиеленістерге алып келуі және аймақтық тұрақсыздыққа ықпал етуі мүмкін. Сондай-ақ, мақалада Орталық Азия елдері үшін Ауғанстандағы "Хостөбе Каналы" жобасын жүзеге асырумен, Сондай-ақ Арал теңізінің экологиялық дағдарысымен байланысты әсерлер мен тәуекелдер талданады. Сондай-ақ, орталық Азиядағы су ресурстарының болашағына қатысты ғылыми зерттеулер мен халықаралық ынтымақтастық талқыланып, су ресурстарын басқарудағы әртүрлі халықаралық позициялардың маңыздылығын атап өтті. Бұл мәселе аймақтың экологиялық, экономикалық және әлеуметтік дамуына айтарлықтай әсер етеді және жаһандық тұрақтылық үшін өте маңызды. Зерттеу тақырыбының күрделілігін ескере отырып, тарихи-географиялық, мұрағаттық, баяндау, статистикалық талдау, салыстырмалы әдістер, географиялық модельдеу, картографиялық әдістер қолданылды. Осы арқылы авторлар су-энергетикалық мәселелерді шешуде және трансшекаралық су ресурстарын басқаруда жаңа тәсілдер мен бірыңғай стратегияның қажеттілігі туралы қорытынды жасайды, бұл бүгінгі таңдағы ең өзекті тақырыптардың бірі. Бұл зерттеу су энергетикасы мәселелерін шешуді ұсына отырып, осы саладағы саясат пен басқаруды жақсартуға үлес қосуға бағытталған.

Алғыс: Мақала ҚазақстанРеспубликасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің BR20281006 «Шығыс елдері: тарихи және заманауи өлшем тұрғысынан Қазақстан үшін геосаяси сын-қатерлер мен жаңа перспективалар» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын іске асыру шеңберінде дайындалды.

Кілт сөздер: Орталық Азия, трансшекаралық су объектілері, су және қоршаған орта, Әмудария бассейіні, Қош Топе каналы, экологиялық дағдарыс, аймақтық қауіпсіздік.

Кіріспе

Орталық Азия Еуразия материгінің орталығында орналасқан аймақ. Аймақтың географиялық ауқымдылығы туралы әр түрлі көзқарастар бар. Кеңестер Одағы тұсында Орта Азия (Middle Asia) аталып, оның құрамына Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркменстан және Тәжікстан республикалары енгізілді. Ал Ағылшын тілді әдебиеттерде (Central Asia) Орталық Азияға Моңғолия, Шығыс түркістан, Сібір және Иранның солтүстігі, Ауғанстан, Пакістан, Үндістан қосылады. Қытайлық әдебиеттерде (中亚- zhōngyà) сәл басқаша, онда Иранның солтүстігі, Ауғанстан, Пакістан мен Үндістанды аумағы өзінше бір географиялық аймақ саналып, «Батыс Азия» делінеді. Қалай болмасын, кім қалай атамасы, әркімнің өзіндік

геосаяси мақсаты тұрғысынан атайды. Деседе бұл аймақ тарихтан бері өзінің транзиттік рөлін атқарып атқарып келеді. Мәселен бұл өңір - ежелгі Жібек Жолының маңызды бағыты болды. Алайда Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін Орталық Азия одан әрі маңызды энергия өндірушіге айналды. Егемендік алған соң, саяси жүйе мен басқару жүйелері орасан зор өзгерістерге ұшырап, аймақтың геосаяси күрделілігі айқындала түсті. Орталық Азия әлемдегі әртүрлі саяси күштердің бәсекеге түсуі үшін сезімтал аймаққа айналды және ол халықаралық қауымдастықтағы тұрақсыз аймақтардың бірі ретінде бағаланады (Karthe D, Chalov S, Borchardt D., 2015).

Бұл аймақтың су мәселесі тек аймақ үшін емес, жалпы әлем үшін аса күрделі мәселе болып отыр. Оның үстіне климаттың үздіксіз жылынуы, халық санының артуы, урбанизация үдерісінің бәрі жинала келе су ресурстарына деген сұраныстыы арттырып жіберді. Орталық Азия үшін су ресурстарының сарқыла бастауы тағы бір мәселені ұшыықтыра бастады. Ол - энергетикалық қажеттіліктің толық қанағаттанбауы. Себебі, аймақта энергияның 90%-ы гидроэлектростанциялар тарапынан өтеледі (*Global Water Partnership, 2022*). Бұл су ресурстарын әлдеқайда мағыналы етеді. Сонымен қатар, халықтың көбеюі аймақ штаттарында суға деген сұраныстың артуына әкеледі. Бұл су ресурстарын ортақ пайдаланудан туындайтын дауларға әкеледі. Әрине, бұл жағдай бірқатар тәуекелдерді тудырады. Оның үстіне Қостөбе каналы жұмысының қолға алынуы аймақтың су тапшылығын тіпті де асқындыра түсуі мүмкін. Егер ғалымдар болжағандай енді 70-80 жылда аймақтағы орташа жылдық температура 6,5°C-қа көтерілсе (https://documents1.worldbank.org/curated/en, 2022). Нағыз апатты жағдайдың орын алуы бек мүмкін. Температураның жоғарылауы суға деген қажеттілікті арттыратыны және сонымен қатар суару маусымын қысқартатыны белгілі. Ауғанстанның Талибан билігі 2022 жылдың наурыз айынан бастап елдің солтүстігіндегі Балх провинциясында Қостөбе (Qosh Tepa) каналын салуды бастаса, 2023 жылдың қазан айында жергілікті билік құрылыстың I кезеңін аяқтап", II кезеңге аяқ басқанын жариялады.

1-сурет. Канал құрылысының екінші кезеңінің ашылу салты
(https://tolonews.com/index.php/afghanistan)

Ауған өкіметінің канал салуда өзіндік мақсаты мен жоспары бар. Олардың себебі де маңызды. Мәселен олар Балх, Жауызжан, Фариаб қатарлы 3 провинцияның жерін игеріп, адамдарды жұмыспен қамтып, азық-түлікте өзін өзі қамтамасыз ету. Жобалық жалпы сомасы 684 млн АҚШ доллары болып, оны игеруге 6000-нан астам жұмыс күші тартылған. (Достон Ахроров, 2023).

Бұл жобаның іске аса бастауы көршілес Орталық Азия (ОА) мемлекетерін алаңдатып отыр. Өйткені, канал суы Әмудариянның Ауғанстан мен Түркменстан шекарасындағы Балх

провинциясының Кардар аймағынан өтетін тұсынан алынып отыр. Ал оның көрші елдердің шаруашылығы мен экологиясына жасайтын тиімсіз әсерінің зор боларын бағамдауға болады.



2 -сурет. Қостөбе каналы және Әмудария (https://eurasianet.org/uzbekistan, 2023)

Оның үстіне, Қостөбе каналының жобаланған ұзындығы 280 шақырым, ені 100 м, тереңдігі 8.5 м су ағымы 650 м³/сек. Мамандардың межелеуінше, осылай су алынатын болса Әмудария суының үштен бір бөлімінің Ауғанстанның солтүстігіне бұрып, Өзбекстан мен Түркменстанның Әмудариядан алатын су мөлшерінің шамамен 15%-ға кемитіні айтылуда (Татьяна Гуржий, 2023). Бұл жағдай орын алса, Өзбекстанның Хорезм, Бұхара, Сурхандария, Навой, Қарақалпақстан өңірлерінің сушаруашылығының жағдайы тіптен нашарлап кетуі мүмкін.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Орталық Азияда экологиялық дағдарыстардың, оның ішінде су ресурстарының жетіспеушілігінің, маңызды саяси және экономикалық-әлеуметтік себептер ретінде күн тәртібінде тұрғаны рас. Бұл мәселе аймақтағы көптеген елдердің, оның ішінде Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркменстан және Тәжікстанның дамуына айтарлықтай ықпал етіп келеді. Оған климаттың өзгеруі аймақтағы су қоймаларының азаюына, мұздықтардың еруіне және өзендердің деңгейінің төмендеуіне алып келсе, суға деген сұраныстың өсуі ауыл шаруашылығы саласында, ал суды тиімді пайдалану және оны бөлу мәселелері саяси шиеленістерге алып келуі мүмкін. Аймақтың терең дағдарысқа ұшырау мүмкіндігі бар, өйткені экологиялық мәселелер экономикалық және әлеуметтік тұрақсыздықты күшейтеді, ал су ресурстарының жетіспеушілігі саяси шиеленістерді тудыруы мүмкін.

Міне осындай күрделі тақырыпты тарихи-географиялық, мұрағаттық, баяндау, статистикалық талдау және салыстыра талдау, сондай-ақ географиялық-үлгілеу, картографиялық әдістер арқылы ашуға болады. Қазіргі уақытта Орталық Азиядағы су ресурстарына қатысты зерттеулер өте көп. Оның ішінде шетелдік және отандық ғалымдарды да айтуға болады. Мәселен, аймақтағы ішкі және шетелдегі су мәселелері бойынша зерттеулерге Унгер-Шейес пен оның әріптестері үлкен көңіл бөлуде (Unger- Shayesteh K, Vorogushyn S, Merz B, et al. 2013). Климаттың өзгеруінің Орталық Азияның таулы аймақтарындағы су айналымына әсері туралы зерттеулерді Абдолванд және басқалар зертеуде (Abdolvand B, Mez L, Winter K, et al., 2015) Геосаяси тұрғыдан Орталық Азиядағы су ресурстарын пайдалану саласындағы ынтымақтастық пен даму мәселелері жөнінде Абдуллаев және басқалар зерттеуде (Abdullaev I, Rakhmatullaev S., 2015). Орталық Азиядағы су

ресурстарын пайдаланудағы өзгерістер тарихын Карте және басқалар зерттеуде. Болашақта Орталық Азиядағы су ресурстарын пайдаланудың алдында тұрған міндеттері туралы қытайлық ғалымдар Яң Шыңтян қатарлылар зерттеуде (Yang Shengtian, Yu Xinyi, Ding Jianli, Zhang Fei, Wang Fei., 2017)

Талқылау

Орталық Азияның су ресурстары мен қауіпсіздігіне байланысты бірқатар маңызды еңбектер мен зерттеулер бар. Бұл еңбектер су тапшылығы, трансшекаралық өзендер, экологиялық апаттар және су ресурстарын басқару мәселелерін талдайды. Міне, осы тақырып бойынша кейбір маңызды еңбектер: Karthe D, Chalov S, Borchardt D. «*Water resources and their management in Central Asia in the early twenty-first century: Status, challenges, and future prospects»*. *Атты* Environmental Earth Sciences-та 2015 жылы жарияланған мақаласында Орталық Азиядағы су ресурстарын басқарудың қазіргі жағдайы мен болашағын талданған. Abdollaev I, Rakhmatullaev-тың «*Transformation of water management in Central Asia: From state-centric, hydraulic mission to socio-political control» атты* еңбегінде Орталық Азиядағы су ресурстарын басқарудың даму процесі мен оның әлеуметтік-саяси бақылауға өтуі туралы зерттеулер жасалған. Бұдан сырт, Unger-Shayesteh K, Vorogushyn S, Merz B, et al. *Introduction to "Water in Central Asia: Perspectives under Global Change"* атты 2013 жылғы мақаласында климаттық өзгерістердің Орталық Азиядағы су ресурстарына жасайтын әсерін жан-жақты талдап көрсеткен. Perizat Risbekkizi-нің **«***Water Cooperation in Central Asia: The Basis for Stability and Sustainable Development» атты* Ankara 2022 жылы жарық көрген еңбегінде Орталық Азиядағы су ресурстарының халықаралық ынтымақтастығы мен тұрақты дамуға әсері талқыланған. Doston Akhrov-тың **«***Will the construction of the Kushtepa Canal become a disaster for Uzbekistan?»* атты шолуында Узбекистандағы Куштепа каналының құрылысынан туындайтын экологиялық қауіптер мен су ресурстарының басқарылуы талқыланады. Осы еңбектер мен зерттеулер Орталық Азияның су ресурстарын басқару, олардың қауіпсіздігі және тұрақтылығы мәселелерін кешенді түрде қарастыруға мүмкіндік беретін еңбектер болып саналады.

Біздің зерттеуіміздің басты бағыты – ғаламдық және аймақтық сын-қатерлер жағыдайында Орталық Азиядағы су ресурстарының тапшылығынан туындаған және болашақта туындайтын геоэкологиялық, геоэкономикалық сондай-ақ бастысы, геосаяси қақтығыстардың себептері мен салдары туралы айтылады. Орталық Азиядағы су мәселесінің тек аймақтық қана емес, оның жаһандық сипатын көрсетуге бағытталған. Тек климаттық емес, урбанизация және халық санының өсуі сияқты факторлардың да су қауірсіздігіне әсерін қарастырады. Сол арқылы суды дұрыс бөлісе алмау салдарынан Орталық Азия елдері арасындағы шиеленістерге алып келетін аймақтық тұрақсыздық факторына мән береді. Сондай-ақ, мақалада Орталық Азия елдері үшін Ауғанстандағы "Кош Топе Каналының" қазылуының аймақ елдері үшін әсерін зерттейді. Бұдан бөлек біздің зерттеуімізде тек қана батыстық ғалымдар емес, қытайлық ғалымдардың зерттеулері, сондай-ақ құзырлы мекемелердің келешектегі орын алуы мүмкін сын-қатерлерді талдау және болдау мәліметтері қамтылған. Түрік және Орталық Азия ғалымдарының да зерттеу еңбектері пайдаланылды. Қорыта айтқанда біздің мақаламызда әр түрлі елдердің ғалымдарының еңбектері бар және сенімді интернет көздерінен де пайдаланылды.

Зерттеу нәтижелері

Кең мағынадағы Орталық Азия аймағында төрт үлкен су бассейіні бар. Соның бірі – Әмудария мен Сырдария бассейіні. Қазіргі уақытта Орталық Азияның бес елінде 76 миллион адам тұрады. Аймақтың маңызды су ресурстарының көп бөлігі Таянь-Шань, Гиндукуш, Вахан және Памир тауларындағы қар мен мұздықтардың еруінен пайда болады және олар екі ірі су алабы - Сыр және Әмудария бассейіндерінде жиналады (Perizat Risbekkizi, 2022). Бұл су

алаптары өңірдегі ұдайы өсіп отырған халық саны мен ауылшаруашылығының қажетін толық өтей алмай отыр. Оның үстіне әлемдік деңгейдегі климаттың жылынуы себепті 2022 жылдан бері қалыпты деңгейі 65-85%-ға төмендеді.

Бұл туралы Қытайлық «Климат» журналы, 2023 жылы Әмудариянның су деңгейінің 2019-2022 жылдағы орташа деңгейінің 60%-ын ғана сақтап тұрғанын жазады. Егер жағдай осылай ушыға берсе, Орталық Азия елдерінің бәріне бірдей су тапшылығы туындауы мүмкін. Соның ішінде Арал теңізінің жағдайы да бүгінгі жағдайынан да бетер нашарлап кетуі ықтимал. Себебі, жуықтағы зерттеулер оның көлемінің 60 жылдың алдындағысының 1/9-не (8000 текше шақырым/тк.ш./) кшірейіп, тереңдігінің 1/3-не (20 м.) тартылып, небәрі 75 тк.ш. көлемдегі су қорымен қалғандығын деректеп отыр.

Арал теңізі мен оның экологиялық дағдарысы Орталық Азияның маңызды экологиялық мәселелерінің бірі болып табылады. Арал теңізінің тартылуы тек аймақтың табиғаты мен экологиясына ғана емес, сондай-ақ тұрғындардың өмір сүру жағдайларына да айтарлықтай әсер етті. Бұл жағдайдың басты себептерінің бірі Кеңес Одағының 1960-1990 жылдар аралығында жүргізген шаруашылық саясаты болды. Әсіресе, суармалы егіншіліктің дамуы мен су ресурстарын шамадан тыс пайдаланудың теріс әсері өте айқын көрініс тапты. Арал теңізінің құрғауының нәтижесінде оның құрғақ теңіз түбі 38 000 шаршы шақырым аумақты алып жатыр. Бұл аймақ ауаға зиянды заттардың таралуына айтарлықтай әсер етеді, себебі тұзды шаң мен басқа да токсикалық элементтер желмен көтеріліп, мыңдаған шақырым жерге таралады. Осы тұзды шаңның мұздықтармен араласуы, әсіресе Тәжікстан мен Қырғызстандағы мұздықтардың еруін күшейтеді, бұл өз кезегінде аймақтың экологиялық жағдайын одан әрі ушықтырады (http://www.siluxgc.com, 2023)

Кеңес Одағы кезінде Орталық Азиядағы су ресурстарын пайдалану мен табиғатты өзгертуге қатысты қабылданған саяси шешімдер экологиялық апатқа алып келді. 1960 жылдары бастап, мақта мен күріш өсіру үшін суармалы егіншілікті кеңейтудің нәтижесінде өзендердің арналары бұрылып, су қоймалары салынды. Кеңес Одағының мақсаты — мақта экспортын арттыру және ауыл шаруашылығын дамыту үшін суармалы егіншілік аумағын кеңейту болды. Бірақ бұл іс-шаралар табиғат заңдылықтарына қайшы келіп, ұзақ мерзімде экологиялық дағдарысқа әкелді. Мақта өндірісін арттыру үшін егіс алаңы 4,5 млн гектардан 7 млн гектарға дейін ұлғайтылды. Осының нәтижесінде Сырдария мен Әмудария өзендерінің суы үлкен көлемде алқаптар мен шөлдерге бағытталды, бұл өз кезегінде Арал теңізінің деңгейінің төмендеуіне алып келді. 1970-1989 жылдары өзендер алабында егістік аумағы бір еседен артық ұлғайып, 10 млн гектарға дейін жетті, оның 90%-ы мақта мен 40%-ы күріш үшін бөлінді. Өзбекстан осы уақытқа дейін әлемдегі ең ірі мақта экспорттаушы елдердің біріне айналды. Әмудариянның суы 80%-ке дейін бұрылып, Қарақұм каналы арқылы ауыстырылды. Бұл өзен суының Арал теңізіне жетпей қалуына әкелді. 1987 жылы Арал теңізінің оңтүстік бөлігі мен солтүстік бөлігі екіге бөлініп, оның экологиясы одан әрі нашарлады. Нәтижесінде, балық шаруашылығы құрып, теңіз суының тұзы мен улы заттардың концентрациясы артып, аймақтың экологиясы мен адамдардың денсаулығына қауіпті жағдайлар туындады. Арал теңізінің тартылуы аймақтың экологиялық жүйесін бұзып, оны "жер шарындағы ең күрделі экологиялық апат аймағына" айналдырды. Осы уақыттан бері бұл дағдарыс аймақтағы халықтың денсаулығына, тұрмыс жағдайына, сондай-ақ жергілікті экожүйеге үлкен әсер етуде. 1990 жылдардан бері нарықтық экономикаға көшуі Арал және оның айналасындағы елдерді экономикалық дағдарысқа бастады *(*K. Unger-Shayesteh, S. Vorogushyn, B. Merz, H.-G. Frede, 2013*)*.

Қазір әлемде шамамен екі миллиардтан астам адам су ресурстарының біркелкі бөлінбеуіне байланысты су тапшылығы жоғары аймақтарда өмір сүреді (Oki and Kanae , 2006). Бұл мәселе Орталық Азияда да өткір тұр. Бұл аймақтағы су ресурстарын басқаруда өзіндік ерекшелік бар. Ол - жеткіліксіздік, теңсіздік және сенімсіздік (Awan et al. 2011). Бұған дәлел ретінде жоғарғы ағыстағы Тәжікстанның гидроэнергетика өндірісі мен төменгі ағыс

аймағында орналасқан Түркменстан мен Өзбекстанның мақта, күріш және бидайды суаруға деген қажеттіліктері арасындағы қарама-қайшылықтың әлі де жалғасын табудан көрінеді (Bernauer and Siegfried, 2012). Орталық Азия климаттың өзгеруімен аймақта 2070-2099 жылдары температура 5 °C-қа дейін көтерілсе, экологилық және экономикалық жағдарыс әкелері анық (Christopher John White, Trevor W. Tanton, David W. Rycroft, 2014)

Қытайдың «Климат» журналының жазуынша, 2023 жылдың мамырында Түркменстан мен Өзбекстанның жергілікті су қоймаларындағы сақталған су мөлшері де өткен ғасырдың соңғы кездерімен салыстырғанда азайып кеткенін жазып отыр.

Сырдария жайында да осыны айтуға болады. Мысалы, 2021 жылы Қызылорда облысысы аумағына Сырдария өзені арқылы келетін судың мөлшері бірден 2.4 млрд текше метрге дейін түсіп кеткен. Яғни биыл өзендегі су мөлшері жылдағыдан 35%-ға аз". (Нұрболат Аманжол, 2021).

Екі өзеннің су деңгейінің төмендеуі табиғи себептерден бөлек, адами факторлардың да әсерінен орын алып отыр. Дүниежүзілік банктің(ДБ) болжауынша, 20 ғасырдың ортасынан бері қарай Орталық Азияның оңтүстік аймақтарының орташа температурасы 0.5°C-қа, солтүстік аймақтарының температурасы 1.6 °C-қа көтеріліп, мұздықтардың еруі мен тоспалардың суалуына соқтырып отыр. «БҰҰ климат өзгерістеріне қатысты негіздемелік келісіміне»(1992 жылы) қол қойысқан 198 мемлекеттің бекітуінен өткен «Париж келісімінде» (2015 жылы) барлық мемлекеттер Жер шарындағы температураның өсуін индустрияланудың алдындағы деңгейден 2 °C-тан асырмауға және мейілінше 1.5 °C-тық межені ұстап қалуға уәделескен болатын, сондай-ақ, әрқайсысы өз алдарына ауаға жіберетін көмір қышқыл газын азайту жоспарларын жасап, 2023 жылы осы жоспарларының орындалу жағдайынан мәлімет беруге келіскен-ді. ОА-дағы көрсеткіштер ДБ-нің жаңағы болжамымен салыстырғанда аталған межеден мүлде алқып кеткендігін көрсетеді. Мамандар су мөлшерінің күрт азаюының басты себебі Тянь-Шань мен Памир-Али мұздықтарының жылдам еруі екенін атайды. ОА аймақтық экология орталығының мәліметінде өткен 10 жыл бойы өңірдегі көктемгі орташа температураның 0.6 °C-қа көтеріліп, ондағы мұздықтардың жылына 1-1.5%-ға кеміп отырғаны келтіріледі (Zhongya xingtu.com, 21.08..2023). Климат өзгерісінен тау мұздықтарының көлемі, сапасы азайып отыр. Тянь-Шаньдағы мұздықтар 50 жылда 18%-ға кішірейіп, 27% сапасын төмендеткен. Осындай үдеріс жалғаса берсе, алдағы 25 жылдың ішінде мұздықтар түгелге жуық жойылуы анық (Djomart Otarbaey, 23.07.2023)

Мұздықтар дағдарысы 2023 жылдың жазында Қырғызтан мен Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде қатты білінді. Мәселен Жамбыл обылысында Киров су қоймасындағы су қорының 2022 жылғы (177.28 м³) 144.8 млн м³-не азайып небәрі 32.48 млн м³ түсіп қалды. Нәтижеде өңірдегі 4000 гектар жуа және қызылша егістігі өнбей қалды. Қырғызстанның ауылшаруашылығы минстрлігі Талас аңғарындағы су мөлшерінің жеткіліксіздігінен Киров су қоймасындағы су ағысының небәрі 1.0 м³/сек құрап отырғанын айтады. Ал ол 2022 жылдың өзінде 13.7 м³/сек болатын (Zhongya xingtu.com, 21.08.2023).

Арал теңізінің тартылуы және басқа су мәселесінің туындауында аймақтағы елдер арасындағы су ресурстарын әділ және лайықты бөліспеуі де себеп. Мысалы, Тәжікстан Әмудариының барлық ағысының 80%-дан астамына иелік етсе, ондағы Ауғанстанның үлесі 8%, Өзбекстанның үлесі 6%, Түркменстанның үлесі 3% болды. Сырдариының 74%-ын Қырғызтан иемденді де, Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан сәйкесінше 12%, 11% 3%-дық үлесті місе тұтып отыр. Барлық көлемімен өлшегенде Әмудариясының алқымында отырған Тәжіксан мен Сырдариының басында отырған Қырғызстан ОА-дағы жербеті су мөлшерінің 43.4% және 25.1%-ына иелік етті.

3 -сурет. Әмударияны пайдаланудағы мемлекеттердің үлесі (Siluxgc.com., 2023)

Бұл жағдай Кеңес Одағы кезінде орталықтың біртұтас басқаруымен реттеліп келді. Одақ ыдырағаннан кейін, су ресурстарының пайдаланылуын реттейтін орталық жүйе жұмысын тоқтатып, әр елдің өз мүддесі бойынша суға деген таласы күшейді. Нәтижесінде, Орталық Азиядағы елдер арасында, әсіресе Тәжікстан мен Қырғызстан, Қырғызстан мен Қазақстан, Өзбекстан мен Қырғызстан арасындағы су ресурстарын бөлу мәселесі шиеленісе түсті.

Су ресурстарын пайдалану мәселесі халықаралық деңгейде үлкен маңызға ие және бұл салада бірнеше түрлі ұстанымдар қалыптасқан. Әлемде екі немесе одан да көп елдерден ағып өтетін немесе екі мемлекеттің шекара сызығында жатқан өзендерді пайдалану туралы төрт негізгі халықаралық ұстаным бар:

1. Аумақтық тұтастықты қорғау ұстанымы:

Бұл ұстаным бойынша, әрбір мемлекет өз аумағынан ағып өтетін өзендерді елдің мүддесіне сай, басқа елдермен байланысқа қарамастан еркін пайдалану құқығына ие болады. Яғни, бұл ұстаным бір мемлекеттің өз аумағындағы су ресурстарын толық бақылауына алуды көздейді, тіпті басқа мемлекеттердің мүдделері ескерілмейді.

2. Шекаралас аумақтың құқық қорғау ұстанымы:

Бұл ұстаным өзен алабында орналасқан елдердің төменгі ағысындағы мемлекеттердің жоғары ағысындағы елдердің шектеусіз су ресурстарын пайдалануға құқылы екенін білдіреді. Мұндай жағдайда төменгі ағысындағы елдерге су пайдалану құқығы шектеусіз беріліп, жоғары ағысындағы елдерге белгілі бір кедергілер мен шектеулер қойылмайды.

3. Шартты тәуелділік ұстанымы:

Бұл ұстанымда мемлекеттер ортақ өзендер мен су ресурстарын бірлесіп пайдалану арқылы өзара келісімдер жасайды, бірақ бұл процесс белгілі бір жауапкершілік пен міндеттемелерді қабылдауды талап етеді. Яғни, су ресурстарын тиімді әрі әділетті пайдалануға бағытталған ортақ келісімдер мен шарттар жасалады. Қазіргі уақытта бұл ұстаным халықаралық стандартқа айналып, көптеген елдер бұл принципті қолдайды.

4. Өзен алабының интеграциясын құптайтын ұстаным:

Бұл ұстаным бойынша, өзен суын бірлесе пайдалану үшін мемлекеттер интеграциялық аймақ немесе экономикалық институт ретінде жұмыс істейді. Бұл ұстаным су ресурстарын басқаруда бірлескен шешімдер қабылдауды, ортақ мүдделерді және әр мемлекеттің пайдасын ескеруді көздейді. Бұл өз кезегінде аймақтық ынтымақтастықты арттырып, тұрақты дамуға ықпал етеді.

Қорыта келгенде, Орталық Азияда су ресурстарын бөлу мәселесі өте күрделі және көпжақты болып табылады. Әр мемлекет өзінің экономикалық және экологиялық мүдделерін

қорғауды көздейді, алайда халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, ортақ шешімдер қабылдау маңызды. Осы төрт ұстанымның әрқайсысы әр түрлі мемлекеттердің саяси және экономикалық жағдайларына қарай қолданылады, алайда тұрақты және әділетті шешімдерге қол жеткізу үшін аймақтық және халықаралық ынтымақтастық аса маңызды.

Егемендіктің бастапқы кезеңдерінде ОА мемлекеттері осының алғашқы екеуіне де бой алдырды. Уақыттың өтуі мен прагматикалық қисынға мойынсұнған сайын біртіндеп үшінші принципке жүгіне бастады. Қысқасы, ОА елдерінің өзімшілдігі аймақтағы онсыз да тапшы су ресурстарының тиімсіз пайдаланылуы мен ысырапшылдығына жол беріп келеді.

Аймақтағы су мәселесінің ұшығуының келесі бір себебі - суды үнемді пайдалана білмеу. Мысалы, жылдық су пайдаланудың адам басына тиесілі мөлшері бойынша есептейтін болсақ, бұл көрсеткіш Тажікстанда 11.171 мың м³, Қырғызстанда 10.394 мың м³, Қазақстанда 4484 м³, Өзбександа 704 м³, Түркменстанда 232 м³. Аймақта Өзбекстанның ғана су ресурсын меңгеру мөлшері 52%-дан асады, қалған елдердің өзіндегі су ресурстарын кәдеге жарату мөлшері 20%-дан аспайды (Қазақстан 20%, Қырғызтан мен Тажікстан 17%, Түркменстан 10%). БҰҰ-ның «Астық және ауылшаруашылығы ұйымы» осы көрсеткіш бойынша аймақта су қоры жеткілікті, бірақ дұрыс пайдалана алмай отыр -деп есепейді. Осы ұйымның зерттеуінде аймақ мемлекеттерінің кісі басындық суды пайдалану мөлшерінің Жер шарындағы алдыңғы ондыққа кіретіні көрсетілген. Мұнан сырт, ауылшаруашылығында судың ысырап етілу мөшері дамыған елдердің 2.5-3 есесіне жетеді екен (Siluxgc.com., 12.03.2023).

Су жеткізу құрылымдарының ескіруі де қиындық тудырып отыр. Мысалы Бішкек қаласының сумен қамдау желісінің 80%-ы тозығы жетсе, Алматыда бұл көрсеткіш 60%. Ауылшаруашылығындағы суғару технологиясы мен тәсілдері дәстүрлі жер бетімен суару әдісін пайдаланады. Әр ел бойынша бұл көрсеткіш әр түрлі. Мәселен, Қырғызстанда 75%-ы, Тәжікстанда 84%-ы, Өзбекстанда 89%-ы, Түркменстан 100 %-ы егістік аумағы жер үсті суымен суғарылады. (baidu.com, 13.08.2015). Бұл дәстүрлі суару судың буланып немесе топыраққа сіңіп ысырап болуына себеп отыр. (China Daily, 2023.07.22). Міне осындай “көнерген каналдар мен суғару жүйесінің кесірінен Қырғызстанда 30-50% су зая кетеді екен.

ОА-да климат әлі де жыли түспек. Климаттың жылынуына ілесе, ОА-ның оңтүстік өңірінде қуаңшылық асқына түседі” деп болжайды. Сонымен бірге, ауаға газ жіберуді тежеудің пәрменді шараларын қолға алмаса, “келешекте ОА-дағы климаттық құрғақшылық пен су құрғақшылығының мейілінше асқына түсерін” ескертеді (Zhou Tianjun, 23.01.2023)

ОА әлемдегі халық саны жылдам өсіп отырған аймақтың бірі. Мысалы тәуелсіздіктен кейін Түркменстанның суармалы егістік аумағы 1.5 млн гектардан 1.8 млн гектарға кеңейтілген. 1991 жылы 4.2 млн гектарды құраған Өзбекстанның суармалы егістігі аумағы 2005 жылға жеткенде 4.92 млн гектарға ұлғайыпты. Азық-отүлік қауіпсіздігін сақтау үшін егістік көлемін 30%-ға артырған. (Сүлайман Сіләм, Таләт Момин, 2014).

1 -кесте - «Алматы келісімі» (1992) бекіткен ОА мемлекеттерінің су бөлісі (Bedford D.P, 1996)

Мемлекет аты	**Сырдариясы (%)**	**Әмудариясы (%)**
Қазақстан	38.1	0
Қырғызстан	1.0	0.4
Түркменстан	0	43.0
Өзбекстан	51.7	43.0
Тәжікстан	9.2	13.6
Барлығы	100	100

1997 жылы су ресурстарын үйлестіру комитеті мен Аралды құтқару халықаралық қорын (IFAS) біріктіріп, халықаралық Аралды құтқару қорын құрып, аймақтағы су ресурстарын үйлестіру мен басқаруды қордың аясында реттеуге көшкен-ді. 2022 жылы қарашада Ашхабадта Аралдың Сырдариядан су алудың шектемесін келісіп бекітті. Онда Әмудариясынан су алудың жоғары шегі 55.4 млрд м³ деп белгіленген. Өзбекстанның алатын үлесі 23.6 млрд м³, Түркменстандікі 22.0 млрд м³. 2023 жылы қаңтарда үш ел (Қырғызстан, Өзбекстан, Қазақстан) «Қырғызстанның Нарын өзенінде Қамбарата-1 су электр станциясын салудың жол картасына» қол қойды.

Осы арада Qosh Tepa каналына қайта соғуға тура келеді. Өйткені Ауғанстан ОА елдерінің су ресурстарын ынтымақтаса пайдалану келісіміне қатыспаған ел. Сондай-ақ, халықаралық әрқандай суды игеру келісімдері мен конвенцияларының қатысушысы емес. Ал оның қазіргі билігі халықаралық қауымдастық тарапынан толық танылмаған үкімет. Осы Талибан билігі ел тізгінін қолына ала сала су мәселесін шешуді бірден күн тәртібіне қойды. Ондағы себеп, әрине, қаншама жылдарғы соғыс салдарынан құлдырап кеткен және ел ЖІӨ-нің жартысын құрайтын ауылшаруашылығына жан бітіру еді. Мұндай болғанда Әмудариясынан алынатын судың мөлшері межедегіден (жылына 10м³) көп асып кетуі ықтимал" (Мұразанов, 04.11.2023)

Қазіргі ғаламданған заманда аймақтық мәселелер халықаралық қауымдастықтың қатысуымен шешілуде. Орталық Азиядағы су дағдарысын шешуде де аймақтық мемлекеттер мен халықаралық ұйымдармен ынтымақтастыққа жүгіну қажет. Соңғы жылдары халықаралық қауымдастық Орталық Азияға ерекше назар аударуда. Ресейдің ықпалының әлсіреуімен ЕО, АҚШ, Түркия және Қытай белсенді түрде аймаққа араласып жатыр. Қытайдың қаржылық және технологиялық әлеуеті, инфрақұрылымдық жобалары арқылы ОА мемлекеттерін өзіне тартуда. Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» стратегиясы аймақтың өнеркәсібі мен инфрақұрылымының дамуына ықпал етуде.

«Бір белдеу, бір жол» стратегиясы аясында Қытай мен Орталық Азия мемлекеттері су электр станцияларын салу, бөгеттер тұрғызу және трансшекаралық су көздерін бірлесіп пайдалану сияқты ынтымақтастық жобаларын жүзеге асырды. Оған Қазақстандағы Мойнақ, Тұрғысын су электр станциялары мен Шұқырбұлақ су бөгеті мысал бола алады. Қытай мен Қазақстан арасындағы трансшекаралық өзендерді пайдалану туралы келісім негізінде Ертіс және Іле өзендері бірге пайдаланылуда. Қытай Орталық Азия елдерімен су ресурстарын тиімді пайдалануға мүдделі, сондықтан аймақ елдері Қытайдың саяси, экономикалық ықпалын арттыруға, сондай-ақ «Бір белдеу, бір жол» жобалары арқылы су инфрақұрылымын жаңғыртып, жаңа су үнемдеу технологияларын енгізу бағытында ынтымақтастықты кеңейтуі қажет.

Қорытынды

Жоғарыда келтірілген ғылыми әдебиеттер мен статистикалық мәліметтерді зерттеу, талдау негізінде келесі тұжырымдарды ұсынуға болады:

1. Орталық Азиядағы су мәселелерінің маңызы. Орталық Азиядағы су мәселелері тек география, экология және энергетика салаларында ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік қауіпсіздік, аймақтық тұтастық және азық-түлік қауіпсіздігі тұрғысынан да өзекті болып отыр. Су ресурстарын тиімді пайдалану аймақтағы тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін маңызды фактор болып табылады.

2. Халықаралық зерттеулердің нәтижелері. Орталық Азиядағы су мәселелері 2007 жылдан бері кеңінен зерттеліп, халықаралық деңгейде назарға алынды. Қытай, Германия, АҚШ және басқа да елдердің ғалымдары жүргізген зерттеулер осы аймақта су айналымының климаттың өзгеруі мен су айдындарының өзгерісіне әсерін түсінуге мүмкіндік берді.

3. Климаттың өзгеруінің әсері. Орталық Азиядағы су айналымына климаттың өзгеруі

қатты әсер етеді. Су ресурстарының азаюы мен өзендердің ағу үрдісінің өзгеруі, адамдардың іс-әрекетінің салдарынан, су көздерін сарқып, экологиялық дағдарысқа алып келуде. Суармалы егіншіліктің негізсіз кеңеюі топырақтың тұзденуына, жердің деградациясына, ал пестицидтер мен тыңайтқыштардың артық қолданылуы су мен қоршаған ортаның ластануына себеп болды.

4. Трансшекаралық өзендерді басқару мәселесі. Орталық Азиядағы трансшекаралық өзендерді басқару қазіргі уақытта халықаралық қауымдастық үшін күрделі мәселе болып отыр. Кеңес Одағының ыдырауы су ресурстарын басқарудың жүйесін бұзып, елдер арасында осы мәселеге қатысты қайшылықтар туындады. Сонымен қатар, климаттың өзгеруі су пайдаланудың шиеленісуіне және экологиялық проблемалардың тереңдеуіне алып келді.

5. Геосаяси мүдделер мен ынтымақтастық. Орталық Азия елдерінің, сондай-ақ АҚШ, Қытай, Еуропалық Одақ және басқа да мүдделі тараптардың қатысуы, трансшекаралық су ресурстарын басқару мәселесін геосаяси тұрғыда күрделендірді. Осы мәселе аймақтың халықаралық қатынастарында маңызды орын алуда.

Су дағдарысын шешудің жолдары. Орталық Азиядағы су дағдарысын шешу үшін аймақтық деңгейде тиімді су басқару жүйелерін енгізу қажет. Бұл жаңа технологиялар мен әдістерді қолдануды, мысалы, тамшылатып суару жүйесін енгізу, су үнемдеудің пәрменді шараларын қолға алу, су жеткізу арналарын заманауи материалдармен жаңарту сияқты қадамдарды талап етеді. Сонымен қатар, аймақтың елдері өздерінің суға қатысты көзқарасы мен әрекетін қайта бағалап, ортақ шешімдер қабылдауға тиіс. Су қауіпсіздігі және аймақтық ынтымақтастық. Орталық Азия елдері үшін су ресурстарын тиімді басқару мәселесі консультациялық кездесулер мен келіссөздерді талап етеді. Орталық Азия мемлекеттері басшыларының консультативтік кездесулері бұл мәселелерді шешуде шешуші рөл атқарады. Мысалы, 2022 жылы Қырғызстанда өткен 4-ші консультативтік кездесуде қабылданған "Орталық Азияның Жасыл күн тәртібі" бағдарламасы аймақтық ынтымақтастықтың маңыздылығын көрсетті.

Қорытындылай келе, Орталық Азиядағы су мәселелері аймақтық тұрақтылық пен дамуға әсер ететін маңызды фактор болып табылады. Бұл мәселені шешу үшін халықаралық ынтымақтастық, технологиялық жаңалықтар мен аймақтық деңгейде су ресурстарын тиімді пайдалану бағытында бірлескен жұмыстарды жалғастыру қажет.

Әдебиеттер:

Abdollaev, Rakhmatullaev, 2015 – *Abdollaev I, Rakhmatullaev S.* Transformation of water management in Central Asia: From state-centric, hydraulic mission to socio-political control. Environmental Earth Sciences.73(2): 849-861.

Abdolvand, Mez, Winter, et al., 2015 – *Abdolvand B, Mez L, Winter K.* The dimension of water in Central Asia: Security concerns and the long road of capacity building. Environmental Earth Sciences. 73(2): 897-912.

Awan, Tischbein, Conrad, Martius, Hafeez, 2011 – *Awan UK, Tischbein B, Conrad C, Martius C, Hafeez M.* Remote sensing and hydrological measurements for irrigation performance assessments in a water user association in the Lower Amu Darya River basin. Water Resour Manag. 25(10): 2467–2485.

Bedford, 1996 – *Bedford D.P.* "International Water Management in the Aral Sea Basin." Water International. Vol. 21, p. 64.

Bernauer, Siegfried, 2012 – *Bernauer T, Siegfried T.* Climate change and international water conflict in Central Asia. J Peace Res. 49: 227–239.

Christopher John White, Trevor W. Tanton, David W. Rycroft, 2014 – *Christopher John White, Trevor W. Tanton, David W. Rycroft.* The Impact of Climate Change on the Water Resources of the Amu Darya Basin in Central Asia. [Электрондық ресурс] URL:

https://www.researchgate.net/publication/285966926_The_Impact_of_Climate_Change_on_the_Water_Resources_of_the_Amu_Darya_Basin_in_Central_Asia, 2014.

Otarbaey, 2023 – *Otarbaey D.* Су ресурстарын басқаруда Қытай мен ОА күш біріктергендері дұрыс. [Электрондық ресурс] URL: https://mp.weixin.qq.com/s/Zi_oG5or77mGIf53ifDnkg. (Қаралған күні: 23.07.2023).

Ахроров, 2022 – *Ахроров Д.* Не было печали: станет ли строительство канала Куштепа катастрофой для Узбекистана? [Электрондық ресурс] URL: https://kun.uz/ru/news/2023/06/10/ne-bylo-pechali-stanet-li-stroitelstvo-kanala-kushtepa-katastrofoy-dlya-uzbekistana. (Қаралған күні: 21.01.2022).

Интегрированное управление..., 2022 – Интегрированное управление водными ресурсами в Центральной Азии: Проблемы управления большими трансграничными реками, Global Water Partnership. [Электрондық ресурс] URL: https://iwrm-ca-ttp.pdf (gwp.org). (Қаралған күні: 27.07.2022).

Karthe, Chalov, Borchardt, 2015 – *Karthe D, Chalov S, Borchardt D.* Water resources and their management in Central Asia in the early twenty first century: Status, challenges and future prospects. Environmental Earth Sciences. 73(2): 487-499.

Oki, Kanae, 2006 – *Oki T, Kanae S.* Global hydrological cycles and world water resources. Science, 313(5790): 1068–1071.

Perizat Risbekkizi, 2023 – *Perizat Risbekkizi.* Water Cooperation in Central Asia: The Basis for Stability and Sustainable Development. [Электрондық ресурс] URL: https://www.ankasam.org/11/08/2022, Ankara Center for Crisis and Policy Studies (ANKASAM). (Қаралған күні: 17.08.2023).

Siluxgc.com. ОА-ның су тапшылығы: климаттың кесірі ме..., 2024 – Siluxgc.com. ОА-ның су тапшылығы: климаттың кесірі ме, қолдан жасалған дағдарыс па? [Электрондық ресурс] URL: http://www.siluxg.com/static/content/rcmnd/2023-03-12. (Қаралған күні: 07.05.2024).

Siluxgc.com. ОА су тапшылығы: климат ескертпесі ме..., 2023 – Siluxgc.com. ОА су тапшылығы: климат ескертпесі ме, адами апатпа? [Электрондық ресурс] URL: https://mp.weixin.qq.com/s/1MgM-M1dEzpVkUZyicoFw, (Қаралған күні: 12.03.2023).

Сүлайман Сіләм, Талэт Момин, 2014 – *Сүлайман Сіләм, Талэт Момин.* ОА-дағы су ресурстарына байланысты қақтығыстар және ынтымақтастық жағдайы. [Электрондық ресурс] URL: http://www.oyjj-oys.org*UploadFile/lssue/tpvn5uo4.pdf, (Қаралған күні: 20.01.2014).

Гуржий, 2002 – *Гуржий Т.* Мирзиёев предложил привлечь Афганистан к переговорам по использованию водных ресурсов. [Электрондық ресурс] URL: https://kz.kursiv.media/2023-09-15/ttgr-afganistan-voda. (Қаралған күні: 27.07.2022).

Unger-Shayesteh K, Vorogushyn S, Merz B., 2023 – *Unger-Shayesteh K, Vorogushyn S, Merz B, et al.* Introduction to “Water in Central Asia — Perspectives under global change”. Global and Planetary Change, Volume 110, Part A, November 2013, Pages 1-3. [Электрондық ресурс] URL: https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0921818113002166. (Қаралған күні: 15.07.2024).

Uzbekiston pursues..., 2023 – Uzbekiston pursues dialogue with Afghanistan on fraught canal project. [Электрондық ресурс] URL: https://eurasianet.org/uzbekistan, (Қаралған күні: 24.03.2023).

Yang, Yu, Ding, Zhang, Wang, 2017 – *Yang Shengtian, Yu Xinyi, Ding Jianli, Zhang Fei, Wang Fei.* Overview of Research on Water Issues in Central Asia. ACTA Geographica Sinica. № 1, 79-93 p.

Zhongya xingtu.com..., 2023 – Zhongya xingtu.com, ОА су тапшылығының себептері неде? [Электрондық ресурс] URL: https://mp.weixin.qq.com/s/u-T_Lg6x6UzqycR-SisHLQ, (Қаралған күні: 21.08.2023).

Zhou Tianjun, 2023 – *Zhou Tianjun.* Жуықтағы 30 жылда ОА-дағы қуаңшылық неге асқына түсті? [Электрондық ресурс] URL: http://m.chinanews.com/wap/detail/zw/gn/2023/01-13/9934129.shtml, (Қаралған күні: 23.01.2023).

Центральная Азия: на пути к укреплению водной безопасности и устойчивости экономик. World Bank. [Электрондық ресурс] URL: https://documents1.worldbank.org/curated/en/118891591902636538/pdf/Central-Asia-Towards-Water-Secure-Sustainable-Economies.pdf, ((Қаралған күні: 27.07.2022).

Силуксгк.ком. «ОА су тапшылығы: климат ескертпесі ме, адами апатпа?» [Электрондық ресурс] URL: http://www.siluxgc.com/static/content/rcmnd/2023-12-08. (Қаралған күні: 27.07.2023).

Муразанов, 2024 – *Муразанов.* «Талибан Qosh Tepa-ны салатын ақшаны қайданалады?» [Электрондық ресурс] URL: http://mp.weixin.qq.com/s/LGFFCToje5iv_a_GFvawhg?from=singlemes. (Қаралған күні: 17.07.2024). 04.11.2023.

Аманжол, 2024 – *Нұрболат Аманжол.* 13.07.2021. «Сырдария өзені деңгейінің түсіп кетуінен аймақтағы 17 көл тартылып қалды». [Электрондық ресурс] URL: https://informburo.kz/amp/kaz/newskaz/syrdriya-oezeni-denggejining-tuesip-ketuinen-ajmaktaghy-17-koel-tartyldy. (Қаралған күні: 04.06.2024).

Reference:

Abdollaev, Rakhmatullaev, 2015 – Abdollaev I, Rakhmatullaev S. Transformation of water management in Central Asia: From state-centric, hydraulic mission to socio-political control. Environmental Earth Sciences.73(2): 849-861.

Abdolvand, Mez, Winter, et al., 2015 – Abdolvand B, Mez L, Winter K, et al. The dimension of water in Central Asia: Security concerns and the long road of capacity building. Environmental Earth Sciences. 73(2): 897-912.

Awan, Tischbein, Conrad, Martius, Hafeez, 2011 – Awan UK, Tischbein B, Conrad C, Martius C, Hafeez M. Remote sensing and hydrological measurements for irrigation performance assessments in a water user association in the Lower Amu Darya River basin. Water Resour Manag. 25(10): 2467–2485.

Bedford, 1996 – Bedford D.P. "International Water Management in the Aral Sea Basin." Water International. Vol. 21, p. 64.

Bernauer, Siegfried, 2012 – Bernauer T, Siegfried T. Climate change and international water conflict in Central Asia. J Peace Res. 49: 227–239.

Christopher John White, Trevor W. Tanton, David W. Rycroft. The Impact of Climate Change on the Water Resources of the Amu Darya Basin in Central Asia. [Elektrondy resurs] URL: https://www.researchgate.net/publication/285966926_The_Impact_of_Climate_Change_on_the_Water_Resources_of_the_Amu_Darya_Basin_in_Central_Asia, 2014. (Qaralgan kүni: 21.01.2022).

Djomart Otarbaey. Su resurstaryn basқaruda Қytay men OA kүsh biriktergenderi dүrys. [Jelektrondy resurs] URL: https://mp.weixin.qq.com/s/Zi_oG5or77mGIf53ifDnkg. (Qaralgan kүni:23.07.2023).

Doston Akhrorov. Ne bylo pechali: stanet li stroitelstvo kanala Kushtepa katastrofoy dlya Uzbekistana? [No worries: Will the construction of the Kushtepa Canal become a disaster for Uzbekistan] // [Elektrondy resurs] URL: https://kun.uz/ru/news/2023/06/10/ne-bylo-pechali-stanet-li-stroitelstvo-kanala-kushtepa-katastrofoy-dlya-uzbekistana. (Qaralgan kүni: 21.01.2022).

Gurzhy Tatyana, Mirziyoev predlozhil privlech Afganistan k peregovoram po ispolzovaniyu vodnykh resursov [Mirziyoyev proposed involving Afghanistan in water resource negotiations]//[Elektrondy resurs] URL: https://kz.kursiv.media/2023-09-15/ttgr-afganistan-voda.(Qaralgan kүni:19.07.2023).

Integrirovannoye upravleniye vodnymi resursami v Tsentralnoy Azii: Problemy upravleniya bolshimi transgranichnymi rekami, Global Water Partnership [Integrated Water Resources Management in Central Asia: Challenges of managing large transboundary rivers, Global Water Partnership] // [Elektrondy resurs] URL: https://iwrm-ca-ttp.pdf (gwp.org). (Qaralgan kүni: 27.07.2022).

Karthe, Chalov, Borchardt, 2015 – Karthe D, Chalov S, Borchardt D. Water resources and their management in Central Asia in the early twenty first century: Status, challenges and future prospects. Environmental Earth Sciences. 73(2): 487-499.

Oki, Kanae, 2006 – Oki T, Kanae S. Global hydrological cycles and world water resources. Science, 313(5790): 1068–1071.

Perizat Risbekkizi. Water Cooperation in Central Asia: The Basis for Stability and Sustainable Development. [Elektrondy resurs] URL: https://www.ankasam.org/11/08/2022, Ankara Center for Crisis and Policy Studies (ANKASAM). (Qaralgan kүni:17.08.2023).

Siluxgc.com. OA-nyn su tapshylygy: klimattyn kesiri me, qoldan zhasalgan dagdarys pa? [Central Asia's water scarcity: Is it a climate warning or a man-made disaster?]//[Elektrondyқ resurs] URL: http://www.siluxg.com/static/content/rcmnd/2023-03-12. (Qaralgan kүni:07.05.2024).

Siluxgc.com. OA su tapshylygy: klimat eskertpesi me, adami apatpa?[Central Asia's water scarcity: Is it a climate warning or a human-made catastrophe?] // [Elektrondy resurs] URL: https://mp.weixin.qq.com/s/1MgM-M1dEzpVkUZyicoFw, (Qaralgan kүni:12.03.2023).

Sүlayman Siləm, Talət Momin. OA-dagy su resurstaryna baylanysty qaqtygystar zhəne yntymaqtastyq zhagdayy [Conflicts and cooperation regarding water resources in Central Asia] //[Elektrondy resurs] URL: http://www.oyjj-oys.org*UploadFile/lssue/tpvn5uo4.pdf, (Qaralgan kүni: 20.01.2014).

Tatyana Gurzhy, Mirziyoev predlozhil privlech Afganistan k peregovoram po ispolzovaniyu vodnykh resursov.[Mirziyoyev proposed involving Afghanistan in water resource negotiations]//[Elektrondy resurs] URL: https://kz.kursiv.media/2023-09-15/ttgr-afganistan-voda. (Qaralgan kүni:27.07.2022).

Unger-Shayesteh K, Vorogushyn S, Merz B, et al. Introduction to "Water in Central Asia — Perspectives under global change". Global and Planetary Change, Volume 110, Part A, November 2013, Pages 1-3. [Elektrondy resurs] URL: https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0921818113002166. (Qaralgan kүni:15.07.2024).

Uzbekiston pursues dialogue with Afghanistan on fraught canal project. [Elektrondy resurs] URL: https://eurasianet.org/uzbekistan, (Qaralgan kүni: 24.03.2023).

Yang, Yu, Ding, Zhang, Wang, 2017 – Yang Shengtian, Yu Xinyi, Ding Jianli, Zhang Fei, Wang Fei. Overview of Research on Water Issues in Central Asia. ACTA Geographica Sinica. № 1, 79-93 p.

Zhongya xingtu.com, OA su tapshylygynyn sebepteri nede? [What are the causes of water scarcity in Central Asia?]//[Elektrondy resurs] URL: https://mp.weixin.qq.com/s/u-T_Lg6x6UzqycR-SisHLQ (Qaralgan kүni:21.08.2023).

Zhou Tianjun. Zhuyqtagy 30 zhylda OA-daғy quanshylyq nege asqyna tүsti? [Why did drought worsen in Central Asia over the next 30 years?]//[Elektrondy resurs] URL: http://m.chinanews.com/wap/detail/zw/gn/2023/01-13/9934129.shtml, (Qaralgan kүni: 23.01.2023).

Tsentralnaya Aziya: na puti k ukrepleniyu vodnoy bezopasnosti i ustoychivosti ekonomik.[Toward Strengthening Water Security and Economic Resilience]// World Bank. [Elektrondy resurs] URL: https://documents1.worldbank.org/curated/en/118891591902636538/pdf/Central-Asia-Towards-Water-Secure-Sustainable-Economies.pdf, (Qaralgan kүni: 27.07.2022).

Siluksgk.kom. «OA su tapshylygy: klimat eskertpesi me, adami apatpa?»[Central Asia's water scarcity: Climate warning or human disaster?]//[Elektrondy resurs] URL: http://www.siluxgc.com/static/content/rcmnd/2023-12-08. (Qaralgan kүni: 27.07.2023).

Murazanov, «Taliban Qosh Tepa-ny salatyn aqshany qaydan alady?» ["Where will the Taliban get the money to build the Qosh Tepa Canal?"]//[Elektrondy resurs] URL: http://mp.weixin.qq.com/s/LGFFCToje5iv_a_GFvawhg?from=singlemes. (Qaralgan kүni: 04.11.2023).

Nұrbolat Amanzhol. 13.07.2021. «Syrdariya өzeni dengeyinin tүsip ketuinen aymaqtagy 17 kөl tartylyp qaldy»["Due to the drop in the Syr Darya river level, 17 lakes in the region have dried up."]//[Elektrondy resurs] URL: https://informburo.kz/amp/kaz/newskaz/syrdriya-oezeni-denggejining-tuesip-ketuinen-ajmaktaghy-17-koel-tartyldy. (Qaralgan kүni:04.06.2024).

[1]Саркыткан К. [2] Кабылгазулы К. [3] Токан Р.

[1,2] Институт востоковедения имени Р.Б.Сулейменова, Алматы, Казахстан

[3]КазНПУ имени Абая, Алматы, Казахстан

E-mail: [1]kaster0102@mail.ru, [2]tabys_88@mail.ru, [3]razia1701@mail.ru

ВОДНАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ: ЭКОЛОГИЧЕСКИЕ ВЫЗОВЫ И КАНАЛ КОШ ТЕПА

Аннотация. Основная цель статьи — сформулировать с историко-географической и геоэкологической точки зрения, что обеспечение экологической безопасности трансграничных водных объектов в Центральной Азии является основой политической безопасности региона, а также его экономического и социального развития. В статье рассматривается дефицит водных ресурсов в Центральной Азии и его экологические и геополитические последствия. Водная проблема в Центральной Азии стала сложной проблемой глобального значения, а не только региональной. Факторы, такие как сокращение водных ресурсов в регионе, изменение климата, урбанизация и рост численности населения, увеличивают спрос на воду. Проблемы эффективного использования водных ресурсов и их распределения могут привести к напряженности между странами Центральной Азии и способствовать региональной нестабильности. Также в статье анализируется воздействие и риски для стран Центральной Азии, связанные с реализацией проекта канала Хостобе в Афганистане, а также с экологическим кризисом Аральского моря. Обсуждаются научные исследования и международное сотрудничество относительно будущего водных ресурсов в Центральной Азии, подчеркивая важность различных международных позиций в управлении водными ресурсами. Эта проблема оказывает значительное влияние на экологическое, экономическое и социальное развитие региона и является ключевой для глобальной стабильности. Учитывая сложность исследуемой темы, использовались историко-географический, архивный, повествовательный, статистический анализ, сравнительные методы, географическое моделирование и картографические методы. С помощью этого авторы приходят к выводу о необходимости разработки новых подходов и единой стратегии в решении водно-энергетических вопросов и управлении трансграничными водными ресурсами, которые являются одними из наиболее актуальных тем на сегодняшний день. Это исследование направлено на улучшение политики и управления в этой области, предлагая решения водно-энергетических проблем.

Благодарность: BR20281006 Проект грантового финансирования «Страны Востока: геополитические вызовы и новые перспективы для Казахстана с точки зрения исторического и современного измерения»

Ключевые слова: Центральная Азия, трансграничные водные объекты, вода и окружающая среда, бассейн Амударьи, Кош-Тепа канал, экологический кризис, региональная

безопасность.

[1]Sarkytkan K. [2]Kabylgazuly K. [3]Tokan R.
[1,2] Institute of Oriental Studies named after R.B. Suleimenov, Almaty, Kazakhstan
[3]Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan
E-mail: [1]kaster0102@mail.ru, [2]tabys_88@mail.ru, [3]razia1701@mail.ru

WATER SECURITY IN CENTRAL ASIA: ENVIRONMENTAL CHALLENGES AND THE QOSH TEPA CANAL

Abstract The article's main goal is to formulate, from a historical-geographical and geoecological perspective, that ensuring the ecological security of transboundary water bodies in Central Asia is the foundation of the region's political security and its economic and social development. The article discusses the scarcity of water resources in Central Asia and its ecological and geopolitical consequences. The water issue in Central Asia has become a complex problem of global significance, not only regional. Factors such as the region's water resources reduction, climate change, urbanization, and population growth are increasing the water demand. The issues of efficient water resource use and distribution may lead to tensions between Central Asian countries and contribute to regional instability. The article also analyzes the impact and risks for Central Asian countries related to the implementation of the Khostobe Canal project in Afghanistan, as well as the ecological crisis of the Aral Sea. Scientific research and international cooperation regarding the future of water resources in Central Asia are also discussed, highlighting the importance of various international positions in water resource management. This issue significantly impacts the region's ecological, economic, and social development and is crucial for global stability. Given the complexity of the research topic, historical-geographical, archival, narrative, statistical analysis, comparative methods, geographical modelling, and cartographic techniques were used. Through this, the authors conclude the need for new approaches and a unified strategy in solving water-energy issues and managing transboundary water resources, two of the most relevant topics today. This study aims to contribute to improving policy and governance in this area by proposing solutions to water-energy issues.

Acknowledgement: BR20281006 Grant funding project “Countries of the East: Geopolitical challenges and new prospects for Kazakhstan from the point of view of historical and modern dimensions”

Keywords: Central Asia, transboundary water bodies, water and environment, Amu Darya Basin, Qost Tope canal, environmental crisis, regional security.

Авторлар туралы мәлімет:

Қастер Сарқытқан, г.ғ.к., Р.Б.Сулейменов атындағы Шығыстану Институтының жетекші ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.

Құрмет Қабылғазыұлы, Р.Б.Сулейменов атындағы Шығыстану Институтының ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан

Разия Тоқан, докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.

Информация об авторах:

Кастер Саркыткан, к.г.н., ведущий научный сотрудник Института востоковедения имени Р.Б.Сулейменова, Алматы, Казахстан.

Курмет Кабылгазулы, научный сотрудник Института востоковедения имени Р.Б.Сулейменова, Алматы, Казахстан

Разия Токан, докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

Information about the authors:

Sarkytkan Kaster, candidate of geographical sciences, and Leading Researcher of the R. B. Suleimenov Institute of Oriental Studies SC MSHE RK (Kazakhstan)

Kurmet Kabylgazuly, researcher at the Institute of Oriental Studies named after R.B. Suleimenov, Almaty, Kazakhstan

Razia Tokan, doctoral student, Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Almaty, Kazakhstan

Келіп түсті 24 ақпан 2025 жыл
Қабылданды 27 ақпан 2025 жыл

ҒТАХР 03.41.91 https://doi.org/10.63051/kos.2025.1.395

***[1]Сагындыкова С.Т. [2]Омаров Ғ.Қ**
[1,2] Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
E-mail: [1]sagyndykova.symbat@gmail.com, [2]gany_omarov@mail.ru

ҚИМАҚТАРДЫҢ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТҮРКІ ТАЙПАЛАРЫМЕН БАЙЛАНЫСЫ: АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ДЕРЕКТЕР НЕГІЗІНДЕ

Аңдатпа. Мақала қимақтардың түркі тайпаларымен байланысын археологиялық деректер негізінде көрсетуге бағытталған. Көне түркі тайпаларының мәдениетін зерттеу бүгінгі күнгі Қазақстан археологиясындағы өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Салыстырмалы түрде, түркі кезеңіне қарағанда қола, ерте темір дәуірі археологиялық ескерткіштері неғұрлым жақсы зерттелген. Жұмыстың мақсаты: археологиялық деректер негізінде қимақтардың түркі тайпаларымен байланысын көрсету. Қимақ қағанаты әр түрлі түркі тайпалар бірлестігінен тұратындықтан жерлеу ескерткіштері де біркелкі емес, сондай-ақ көрші тайпалардың да әсері байқалады. Қорғандардан табылған әшекей-бұйымдар да, торевтика заттары да қимақ тайпаларының өзіндік ерекше стилі болғандығын көрсетеді, бірақ қырғыз, қарлұқ сияқты басқа да түркі тайпаларымен ұқсастықтары да көп байқалады. Қойылған мақсатқа жету үшін жұмыста негізінен тарихи, салыстырмалы, типологиялық әдістер қолдарынған. Зерттеу нәтижесінде қимақ кезеңі археологиялық ескерткіштерін зерттеу арқылы түркі тайпалары туралы, олардың дүниетанымы, рухани, материалдық мәдениеттері туралы тың мәліметтер жинауға мүмкіндік беретіндігіне көз жеткіземіз. Сонымен қатар, жазба деректер бойынша белгілі фактілерді дәлелдеуге де мүмкіндік туады. Қазіргі уақытта, қимақ кезеңі ескерткіштері әлі де шешімін таппаған сұрақтарға толы.

Кілт сөздер: түркі тайпалары, қимақтар, жерлеу-ғұрыптық ескерткіштер, ортағасыр, дүниетаным.

Кіріспе

Қимақ қағанатын зерттеуші тарихшылардың зерттеулері негізінде қимақ атауы жазба деректер бойынша алғаш рет VIII ғасырға жататын оқиғалармен байланысты екендігі белгілі (Кумеков, 2023: 287). Ортағасырлық парсы тарихшысы Гардизидың еңбегінде қимақтарға байланысты аңызбен қатар, қағанаттың құрамына кірген алғашқы 7 тайпа туралы және түркі тайпалары сияқты жылқы ұстап, жазда қымыз ішкендігі жайында да деректер келтіріледі (Бартольд, 1973: 43-45). Б.Е. Кумеков қимақтар VIII ғасырдың ортасына дейін Алтай территориясы мен Ертіс бойын мекендеп, оңтүстігінде қарлұқтармен, шығысында қырғыздармен көрші болғандығын атап өтеді. Ал VIII ғасырдың ортасынан бастап оңтүстікке қарай жылжып, қарлұқтардың жеріне қоныстанады. IX ғасырдың басынан Солтүстік-Шығыс Жетісуға дейін жетіп, тоғыз оғыздарға көрші болды (Кумеков, 2023: 290). Әр түрлі түркі тайпаларымен тарихтың әр кезеңінде көрші болғандықтан қимақтардың қырғыз, оғыздармен кейбір ұқсастықтары да байқалады. Жазба деректер бойынша қимақтар Қазақстан аумағында үлкен мемлекет құрып, қалалар тұрғызған. Бірақ, бүгінгі күні бұл тайпалардың жерлеу ескерткіштері ғана белгілі, табылған қалалары туралы ғылыми еңбектер жоқ. Көне түркі ескерткіштерін зерттеу, салыстырмалы түрде, соңғы жылдары қарқынды жүріп жатыр деп есептеуге болады. Бұл қимақ кезеңін зерттеуге де, қазақ халқының тарихын зерттеуге де септігін тигізеді.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Жұмысты жазу барысында тақырып бойынша бүгінгі күнге дейін белгілі археологиялық зерттеулер қолданылды. Өткен ғасырдың 50-жылдарынан бастап 2024 жылға дейінгі аралықтағы қимақ кезеңі археологиялық ескерткіштері туралы мәліметтер сарапталды, сонымен қатар қимақтарға байланысты жазба деректер мен соңғы тарихи зерттеулер де қамтылды. Салыстырмалы әдіс арқылы Қазақстан территориясында белгілі қимақ қорымдары сол уақытқа жататын Ресейде орналасқан басқа да түркі тайпаларының жерлеу ескерткіштерімен талданып, ерекшеліктері сипатталды. Тарихи әдіс арқылы қимақтардың генезисі, даму кезеңдері бойынша тұжырымдар жасалды. Қимақтардың жазба деректер бойынша түркілік негізі қарастырылып, археологиялық жерлеу ескерткіштері негізінде дәлелденді. Зерттеліп жатқан жерлеу ескерткіштерінің құрылысы, жерлеу рәсімі, әр түрлі табылымдардың (ат-әбзелдері, қару-жарақ, әшекей бұйымдар т.б.) жасалу технологиясы, пішіні, безендірілуі бойынша қырғыз, қарлұқ т.б. түркі тайпаларымен ұқсастықтары анықталды.

Талқылау

Қимақ археологиялық ескерткіштері өткен ғасырдың 50-жылдарынан кейін ғана кешенді түрде зерттеле бастады. Зерттеулердің нәтижесінде қимақ тайпаларының рухани, материалдық мәдениетін, жерлеу ғұрпын, дүниетанымын қалпына келтіруге мүмкіндік туды. Қимақ ескерткіштері көрші елдердің аймақтарында да табылып жатқандықтан, шетелдік ғалымдардың зерттеулері мен археологиялық мәдениеттерімен танысу маңызды болып табылады.

1953 жылы Зайсаннан Бұқтырма су қоймасына дейін Ертіс бойында орналасқан ескерткіштерге зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде С.С. Черников қимақ кезеңіне жататын Қызыл-Ту және Славянка қорымдарында қазба жұмыстарын жүргізеді (Черников, 1957: 12-22).

Е.И. Агеева мен А.Г. Максимова 1955 жылы қазіргі Павлодар облысы территориясында археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізіп, ескерткіштерді 5 хронологиялық кезеңге бөледі. Жауынгерлік жерлеу орындарын VIII-XII ғғ.жатқызып, төртінші кезеңге бөліп көрсетеді (Агеева, Максимова, 1959: 51-56).

1969 жылы Зевакино қорымындағы зерттеулердің нәтижесінде руникалық жазуы бар қола айна табылады (Арсланова, Кляшторный, 1973: 306-315).

XX ғасырдың 60-жылдары Ф.Х. Арсланова зерттеген қимақ кезеңіне жататын қаңқаларға О.Исмагулов антропологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізіп, Ертіс бойын мекендеген қимақ бассүйектерінде аз мөлшерде моңғолоидтық белгілер болғанымен еуропоидтық белгілер басым болғандығын көрсетеді (Исмагулов, 1970: 63-64).

Өткен ғасырдың 70-жылдары Ресей территориясында сросткин мәдениетінің кеңінен зерттелуіне байланысты қимақтарға деген қызығушылық артты. Д.Г. Савинов қимақ тайпаларының таралу аймағына байланысты бірнеше ой-пікірлер айтады, сонымен қатар сол уақытта IX-X ғғ. мерзімделген сросткин мәдениетін қимақтармен сәйкестендіреді (Савинов, 1976: 94). Сросткин ескерткіштерінен табылған қару-жарақ түрлері, ат -әбзелдері, заттарды безендіру тәсілдері, ою-өрнек түрлері қимақ ескерткіштерімен бірдей болғандықтан бұл заттар бір мәдениетке тиесілі деген тұжырым жасайды.

1980 жылдары Шығыс Қазақстанда Шүлбі су электр станциясының салынуына байланысты су басатын аймақтарда археологиялық зерттеу жұмыстары басталады. Ш. Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институты А.Г. Максимова, кейін С.М. Ақынжановтың басшылығымен Шүлбі археологиялық экспедициясын ұйымдастырды. 1977 жылы барлау жұмыстары жүргізілсе, 1980-83 жж. аралығында су басатын аймақтарда әр түрлі уақыт аралығын қамтитын ескерткіштерде қазба жұмыстары қарқынды жүрді.

Осы уақыт аралығында А.С. Ермолаева Измайловка қорымында зерттеу жұмыстарын бастап, қола дәуірінен қимақ кезеңіне дейінгі аралықтағы ескерткіштерге зерттеулер нәтижесінде қимақ кезеңі ескерткіштері IX-X ғғ. жатқызылады (Арсланова, Ермолаева, 1984: 141-145).

Шүлбі археологиялық экспедициясының құрамында Ю.И. Трифонов Ақши II қорымында зерттеу жұмыстары кезінде қимақ кезеңі ескерткіштерін анықтайды (Трифонов, 1987: 150-168).

Ю.И. Трифонов және З. Самашев Қарашат I және Қарашат II ескерткіштерінде жүргізген қазба жұмыстарының нәтижесінде жерлеу орындарынан қимақ ат-әбзелдері мен қару түрлерін табады (Трифонов, Самашев, 1987: 176-215; Трифонов, Самашев, 1987: 215-230).

2001 жылы Қызыл еңбек маңында Ж.О. Артықбаев жүргізген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде IX-XI ғасырларға жатқызылатын қорғаннан қимақ кезеңіне тән табылымдар анықталады (Артыкбаев, 2007: 93-99).

Айна-Бұлақта П.К. Дашковский, З. Самашев, А.А. Тишкиндер жүргізген далалық зерттеулердің нәтижесінде қимақ кезеңінің №11 және 38 қорғандары анықталады. Радиокөміртектік сараптама бойынша ескерткіштер IX-X ғғ. жатады (Дашковский, Самашев, Тишкин, 2007: 35-36).

2014 жылы Күршім ауданы территориясында Ғ.Қ. Омаров археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Нәтижесінде №29 қорғаннан қимақ кезеңіне жататын жылқы сүйектері, ат-әбзелдері, үзеңгілер табылады. (Омаров и др., 2022). Жерлеу орнынан табылған ат-әбзелдерінің жаңғыртпасы «Қрым аралы» ғылыми зертханасында жасалып, ҚР Ұлттық музейіне табысталды.

2012-2015 жж. аралығында Қатон-Қарағай ауданында З. Самашевтың жүргізген зерттеулері нәтижесінде ерте ортағасыр уақытына жататын 8 қорғанда зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Нәтижесінде ерекше әлеуметтік топты құрайтын қимақ жерлеу орындары аршылады (Самашев, 2016: 379-409).

2016 жылы Ғ.Қ. Омаров ШҚО, Күршім ауданында орналасқан Аян қорымында зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Нәтижесінде радиокөміртектік сараптама бойынша VII-VIII ғасырларға жатқызылатын қимақ жауынгерінің жерлеу орны табылады (Омаров, 2020: 941-958).

2016 жылы Павлодар облысы Кенжекөл ауылдық округы территориясынан Т.Н. Смагулов қимақ кезеңіне жататын Байдала қорымында жүргізген зерттеулері кезінде табылған ер-тоқымға «Қрым аралы» ғылыми зертханасы сақтау және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізді (Квак, 2024: 213). 2021 жылы Т.Н. Смагулов жетекшілігімен Байдала қорымының X-XII ғғ. жататын №15 қорғанынан табылған жылқы қаңқасына зооархеологиялық зерттеулер жасалып, нәтижесінде жылқының жасы, қаңқасындағы ерекшеліктер, патологиялары анықталды (Пичугина, 2024: 234).

2021 жылы З. Самашев Елеке сазында жүргізген зерттеулерінің нәтижесінде №3 қорғаннан қимақтарға тән заттар анықтайды (Самашев және т.б., 2021: 129-137).

З. Самашев басшылығымен Қатон-Қарағай ауданында орналасқан Қансар қорымында 2022 жылы қимақ жерлеу орындарында зерттеу жұмыстары жүргізіледі (Самашев, Айтқали, 2022: 246-253).

Ресей ғалымдарынан В.В. Горбунов қимақ кезеңінің қару-жарақтарын зерттеп, жерлеу орындарында қылыш, семсерлердің көп кездесуі әлеуметтік маркерлерді анықтауға көмектесетіндігін айтады (Горбунов, 2016: 131-148).

Соңғы жазылған еңбектерден 2022 жылы А.А. Ткачевтың VII-VIII ғғ. жататын Меновное XII қорымы бойынша (Ткачев, 2022), 2024 жылы түркі белдіктерінің сигнификасына байланысты және Қаңсар, Елеке сазы қорымы бойынша Самашев, Жуматаев, А. Айтқалидың еңбектері жарияланды (Самашев, Айтқали, 2024; Самашев и др., 2024).

Зерттеу нәтижелері

Түркі қағанаттары құлағаннан кейін Обь және Ертіс өзендері аралығында қимақтар өз мемлекетін құрды. Қимақ археологиялық ескерткіштерін зерттеу арқылы түркі әлемі тұрғындарының өміріндегі әр түрлі аспектілерін қалпына келтіре аламыз. Сонымен қатар, IX-XI ғғ. аралығындағы қару-жарақ, ат-әбзелдері, әшекей-бұйымдардың формасы, жасалу технологиясы бойынша, сонымен қатар, жерлеу ғұрпының ерекшеліктері бойынша қимақ әлеуметтік топтары туралы да мәлімет жинауға болады. Қимақтар әр түрлі түркі мемлекеттерімен шекаралас болғандықтан және бірнеше тайпалар бірлестігінен тұратындықтан заттарды безендіру тәсілдері мен формалары, стильдері де ұқсас келеді, дүниетамыны мен діни түсіктері де ортақ болғандықтан жерлеу салттарында да ұқсастықтар көптеп кездеседі.

Б.Е. Кумековтың зерттеулері бойынша X ғасырдың екінші жартысында қимақтардың жекелеген топтары мен қыпшақтар Түркістанның мұсылмандық аудандарымен шекаралас болды. Мысалы, Сауран қаласы оғыз және қимақтармен шекаралас жатты. Оңтүстікте Балқаш көлі қимақтар мен қарлұқтардың арасындағы табиғи шекара қызметін атқарса, солтүстік-шығыста қимақ шекаралары Батыс және Солтүстік Алтай, Батыс Сібірдің оңтүстік аудандарына дейін жеткен. Сонымен қатар, араб жазба деректері бойынша қимақтардың оғыздармен, енисей қырғыздарымен т.б. түркі тайпаларымен қарым-қатынастары белгілі (Кумеков, 2023: 291-292). Бір жағынан әскери қақтығыстары туралы деректер болса, екінші жағынан көршілерімен мәдениет аралық ықпалдастық та болған. Түркі тайпаларының рухани, материалдық мәдениеттері, тұрмысы ұқсас болғандығын археологиялық деректер де растайды.

Батыс Сібірдің оңтүстік бөлігінде VIII ғасырдың 2-жартысынан XII ғасырға дейінгі аралықта өмір сүрген сросткин мәдениетін де ғалымдар қимақ-қыпшақ бірлестігімен байланыстырады. Ресейдің А.А. Тишкин және В.В. Горбунов сынды ғалымдарының соңғы зерттеулерінде сросткин мәдениетінің дамуы 4 кезеңге бөлініп қарастырылады. Бірінші, VIII ғасырдың 2-жартысынан IX ғасырдың 1-ші жартысына дейінгі Ини кезеңін ғалымдар Екінші Шығыс Түрік қағанатының құлауы және Үйғыр қағанатының құрылуымен байланыстырады. Екінші кезең – IX ғасырдың 2-ші жартысынан X ғасырдың 1-ші жартысына дейінгі аралықты қамтып, Қырғыз қағанатының әскери экспансиясы және Қимақ қағанатының құрылуымен байланысты. Бұл кезеңнің екінші жартысында түркі элитасының ірі қорғандары салына бастады. Үшінші – Шадринцев кезеңі X ғасырдың 2-ші жартысынан XI ғасырдың 1-ші жартысына дейін жалғасады. Бұл кезең көшпелі тайпалардың миграциясы және Қимақ қағанатының әлсіреуімен байланысты. Түркі «элитарлық» қорғандарының саны арта түседі. Төртінші Змеев кезеңі XI ғасырдың 2-жартысы мен XII ғасыр аралығына жатқызылады. Бұл кезеңде Қимақ қағанаты құлап, қыпшақ тайпаларының рөлі арта түседі (Тишкин, Горбунов, 2022: 129-130).

Д.Г. Савинов сросткин және қимақ жерлеу орындарын салыстыра келе Солтүстік Алтай және Шығыс Қазақстанның IX-X ғғ. жерлеу орындарындағы заттардың (садақ бөліктері, қылыш, семсерлер, ат-әбзелдерінің элементтері т.б.) жасалу технологиясы, формасы, стилі бойынша ұқсастықтарына назар аударады (Савинов, 1976: 97). А.А. Гаврилова да Шығыс Қазақстан территориясындағы сросткин мәдениетіне ұқсас ескерткіштерді «сросткин типіндегі ескерткіштер» деп атаған (Гаврилова, 1965: 70). Бұл мәдениеттің пайда болуына байланысты да бірнеше пікірлер қалыптасқан. М.П. Грязновтың пікірінше мәдениет автохтонды тайпалардың негізінде қалыптасқан (Грязнов, 1956: 151). Бірақ, жылдан жылға мәліметтердің көбеюіне байланысты көпшілік ғалымдар мәдениеттің түркі тайпаларына тиесілі екендігін мойындады. Д.Г. Савиновтың деректері бойынша сросткин мәдениеті мен қимақтардың шаруашылық түрлері де ұқсас болған. Мәдениет өкілдері жартылай көшпелілікпен, аңшылық, балық шаруашылығы, егіншілікпен де айналысқан (Савинов, 1976: 99).

Ф.Х. Арсланова бобров қорғандарының жерлеу рәсімін оңтүстік оралдық (лагерев типі) қорғандардағы жерлеу рәсімдерімен салыстыра келе көп ұқсастықтар байқаған болатын. Мысалы, қорғандардың өлшемдері мен құрылысы бірдей, 3-5 адамға дейінгі коллективті жерлеу орындарының болуы, сонымен қатар адаммен бірге жылқы бас сүйегін, болмаса басқа мүшелерін бірге жерлеген. Бобров қорғандарында да оңтүстік оралдық қорғандардағы жерлеу орындарының тереңдігі 0,6 м аспайды. Мәйіттерді ағаш табыттарға жерлеген, табыттардың ішінде көп жағдайда қайыстың, ағаш күлінің қалдықтары табылады. Бобров қорғандарында балалардың ересек адамдармен бір үйіндінің астына жерленуі, мәйіттердің қай бағытта жатқызылуы, кейбір заттардың формалары, олардың жерлеу орнында қойылу дәстүрі де оңтүстік оралдық қорғандармен ұқсас болып келеді (Арсланова, 2013: 140).

Ал Шығыс Қазақстан облысы, Шемонайха ауданында Ф.Х. Арсланованың 14 жерлеу орнында жүргізген зерттеулерінде адамдарды өртеп жерлеген. Мәйіттерді жерлеу орнынан тыс жерде өртеп, күлін, тұрмыстық заттарды, ат-әбзелдерін тас, топырақ үйіндіден тұратын қорғанның астына көмген. Ғалымның пікірі бойынша, мұндай типтегі қорғандар жерлеу рәсімі бойынша көне хакастық тувалық қорғандармен ұқсас келеді (Арсланова, 2013: 212-213).

Қимақ кезеңінің ерекше жерлеу орындарына ұзын қорғандарды жатқызуға болады. Төртбұрышты немесе сопақ пішінді ұзын қорғандар 2-11 жерлеу орнынан тұрады. Қазақстантық Ертіс бойында 49 ұзын қорған, 163 жерлеу орны және 170 адамның қаңқасы табылған. Ұзын қорғандардың ұзындығы, әдетте 9-15 м, ені 6-10 м, биіктіктері 0,1-0,3 м аспайды. Әйелдерді қорғанның солүстік бөлігіне, ер адамдарды оңтүстік жағына жерлеген. Ф.Х. Арсланованың пікірі бойынша, қимақтар қазақ, қырғыз, алтайлықтар сияқты туыстас адамдарды бөлектеп бір қатарға ұзын қорғанның астына жерлеген. Мұндай рәсім қола дәуірінде де, ерте көшпелі тайпалардың жерлеу орындарында да кездеседі (Арсланова, 2013: 299-309).

IX ғасырда әр түрлі түркі тайпалардан құралған Қимақ қағанаты туралы араб деректерінде осы кезеңде қимақ әскері 20 мың салт атты жауынгерлерден тұрды. Қағанат 12 аймаққа бөлініп, оның біреуінде қағанның өзі отырса, қалған аймақтарға соғыста өздерін жақсы көрсеткен қолбасшыларды басшы еткен деп келтіріледі. Егер қимақ әскері ондық жүйе бойынша құралса, онда соғыс кезінде әр аймақтан 10 мыңға жуық әскер алынып, қимақ әскері 120 мыңға дейінгі адамды құраған болуы мүмкін (Худяков, 1986). Тұрақты әскердің болуы әскери қақтығыстардың да орын алғандығын көрсетеді, сонымен қатар жерлеу орындарында әскери атрибутиканың көптеп табылуы да, жауынгерлік жерлеу орындардың болуы да мұны дәлелдейді.

Қимақ жауынгерлік жерлеу орындарында Оңтүстік Сібір мен Орталық Азия территорияларында мекендеген көшпелілердегідей көп жағдайда жауынгерлік белдік кездеседі. Ортағасырлық жауынгерлік белдіктер тек қана өзінің негізгі функциясын атқармаған, сонымен қатар жауынгердің әскери, әлеуметтік дәрежесі бойынша да ақпарат берген. VII-VIII ғғ. жататын Аян қорымы бойынша зерттеулерде ғалымдар қимақ жауынгерлік белдіктің қапсырмалары осы уақытқа жататын тувалық ескерткіштермен ұқсас келеді деп көрсеткен (Омаров, Бесетаев и др., 2020: 11). Сонымен қатар, А.А. Гаврилова мен В.Н. Добжанскийдың пікірлері бойынша Сібір мен Орта Азияның түркі кезеңінде жауынгерлер қылыш пен қорамсаққа арналған екі белдік таққан (Добжанский, 1990: 41).

Археологиялық деректерге сүйенетін болсақ қимақтар кесу қаруы ретінде қылыш, семсер және сапыны қолданған, мұндай табылымдар Шығыс Қазақстан аумағынан көптеп табылған. Ю.С. Худяков қимақ қылыштарын жүзінің қимасына қарай 2 топқа бөледі: ромб тәріздес және линза тәрізді. Ал сапыларды балдағының пішініне қарай бір топқа жатқызып, 6 типке бөлген. Семсерлерді де екі топқа бөлінеді. Бірінші топқа үшқырлы тік семсерлер жатады, олар да балдағының пішініне қарай төрт топқа бөлінеді. Екінші топқа үшқырлы сәл иілген семсерлер кіреді. Оларды балдағының пішініне қарай екі типке бөліп көрсетеді (Худяков, 1986: 190-195). Жалпы, түркі тайпаларының кесу қару түрлері ұқсас болғанымен,

балдағының, басқа да қару бөліктеріндегі айырмашылықтарға байланысты ғалымдар оларды әртүрлі типтерге бөліп көрсетеді.

Қимақ жерлеу ескерткіштерінен қашықтықта соғысуға арналған садақ, жебе ұштары, қорамсақтар табылған. Қимақ садақтары құрылысы бойынша күрделі құрылымды топқа жатады. Жапсырмалардың саны және орналасуына байланысты Ю.С. Худяков садақтарды 4 топқа бөледі (Худяков, 1986: 183-185). Д.Г. Савинов та қимақ садақтарының эволюциясын хунну типіндегі күрделі құрылымды садақтардан бастап, жапсырмаларының орналасуына байланысты ерекшеліктерін көрсетеді (Савинов, 1984: 104-106). Ал жебе ұштары көне түркі кезеңінен бері, қимақтарды қоса алғанда негізінен жетелі болып келеді. Жетелі үш қырлы жебе ұштары қимақтарда асимметриялық-ромб тәріздес, созылыңқы ромб тәріздес, созылыңқы үш бұрышты, созылыңқы бес бұрышты, созылыңқы алты бұрышты, оқтұмсықты, сопақша қанаттылар, жартылай сопақ, тікенекті болып 9 типке бөлінеді. Ал сауытсыз қарсыласты жеңуге арналған жебе ұштары үш қырлы асимметриялық ромб тәріздес, созылыңқы ромбикалық, созылыңқы бес бұрышты, оқтұмсықты болып бөлінеді. Мұндай жебе ұштары қимақ жерлеу ескерткіштері көп табыладын Шығыс Қазақстан, далалы Алтай, далалы, орманды-далалы Обь, Томь озен бойларында кездеседі (Худяков, 1986: 185-192).

Қимақтардың жебе ұштарын Зевакино қорымындағы табылымдар негізінде зерттеу барысында Ф.Х. Арсланова созылыңқы бесбұрышты үшқырлы жебе ұштарының басым болуын және ромб тәрізді (төртқырлы), дөңгелек жебе ұштарының көп кездеспеуін IX-X ғғ. Шығыс Қазақстан, Тува, Хакасия, Алтай территориялары, қимақ тайпалар одағына кірген жоғарғы және орта Ертіс аумағы үшін ортақ белгілер ретінде көрсетеді (Арсланова, 2013: 62).

Қай кезеңнің болмасын жерлеу орындарындағы әшекей-бұйымдар сол кезеңнің дүниетанымы, наным-сенімдері туралы ақпарат береді. Әшекей-бұйымдар көп жағдайда әйел адамдардың жерлеу орындарында кездесетіндіктен, идеологиялық мәселелерді шешу мақсатында ортағасырлық әйел адамның жерлеу орнын зерттеген тиімді болып табылады. Ф.Х. Арсланова Обь-Ертіс аралығында орналасқан қимақ, қыпшақ кезеңіне жататын әйел адамдар мен балалардың жерлеу орындарынан табылған әшекейлерді 9 түрге бөліп қарастырған. Әшекей-бұйымдардағы геометриялық бейнелер қимақтарда космогониялық түсініктерімен байланысты деп көрсетеді. Өсімдіктердің бейнелері өмір ағашының мифологиялық сюжеттерін көрсеткен. Бірқатар халықтарда өмір ағашының бейнесі «әйел-құдай ана» образдарымен алмастырылған (Арсланова, 2013: 93). Ғалымның пікірінше, торевтика заттарын құрайтын жерлеу орындары әйелдің ерекше әлеуметтік статусы туралы ақпарат береді. Ф.Х. Арсланованың гендерлік мәнді жұмыстарын саралаған Б.М. Хасенованың ойы бойынша ғалым Қазақстан археологиясындағы гендерлік зерттеулердің новаторы (Хасенова, 2019: 61-72).

Қорытынды

Қазіргі уақытта қимақтардың тарихына қатысты негізгі зерттеу көзі – жерлеу ескерткіштері болып табылады. Жазбаша деректер болғанымен, олар нақты әрі толық мәлімет бере алмайды. Сол себепті, осы уақыт аралығына қатысты археологиялық ескерткіштерді зерттеу аса маңызды.

Қимақтар күрделі этносаяси қауымдастықты құрайтындықтан жерлеу ескерткіштері де біркелкі емес, сонымен қатар көршілес тайпалардың да рухани, материалдық өмірлеріне әсері бар. Жерлеулері тас, топырақ аралас үйіндіден немесе тек топырақтан тұратын қорғанның астына жерлеу, тас қоршауға жерлеу, өртеп жерлеу, сопақ, төртбұрышты пішінді ұзын қорғандардың астына бір отбасы мүшелерін бірге жерлеу, жауынгерлік жерлеу сияқты жерлеу ескерткіштерінің және рәсімдерінің бірнеше түрлері бар. Бірақ ескерткіштердің нақты қимақ бірлестігіне кіретін қай тайпасына тиесілі екенін анықтау мүмкін емес.

Бұл кезеңге жататын жерлеу ескерткіштерінен көп жағдайда қылыш, семсер, сапылар, жебе, найза ұштары сияқты жауынгерлік атрибуттар көптеп табылады. Сонымен қатар, әр

түрлі әшекей бұйымдар, торевтика заттары да баршылық болғандықтан оларды зерттеп, басқа да түркі тайпаларымен салыстырмалы талдап, ерекшеліктерін анықтау тарихымызды зерттеуге септігін тигізеді.

Қимақ қағанатының алып жатқан аумағы да өте үлкен болғандықтан, археологиялық тұрғыдан бір тайпаның мекендеген шекарасы мен келесі тайпаның мекендеген жері басталарын аймақты да анықтауда қиыншылықтар туғызады. Сонымен қатар, басқа да түркі тайпалары көршілес жатқандықтан дүниетанымдарында да, жерлеу орындарының пішіндерінде де, тұрмыстық заттарында да ұқсастықтар өте көп кездеседі. Қимақ археологиялық ескерткіштерін зерттеу арқылы тайпалардың дүниетанымы, діни түсініктері, идеологиясы туралы да мәлімет аламыз, сондай-ақ жерлеулердің жоспары бойынша әйел, ер адамдарды жерлеу айырмашылықтары, әлеуметтік мәртебелері туралы да толыққанды ақпарат алуға болады.

Әдебиеттер:

Omarov G., Besetayev B., Sagyndykova S. (2022). Horse equipment of medieval nomads of the Kazakh Altai (based on materials from the Tuyetas burial ground) // Archaeological Research in Asia. Volume 31. Pp.1-15.

Агеева Е.И., Максимова А.Г. (1959). Отчет Павлодарской экспедиции 1955 года // Труды института истории, археологии и этнографии АН КазССР / ответ.редактор К.А. Акишев. Том 7. Алма-Ата: издательство Ан КазССР. С. 32-58.

Арсланова Ф.Х. (2013). Воинские захоронения кимаков в Зевакинском могильнике // Очерки средневековой археологии Верхнего Прииртышья. Астана: Издательская группа филиала Института археологии им. А.Х. Маргулана в г. Астана. С. 28-92.

Арсланова Ф.Х. (2013). Длинные курганы Прииртышья // Очерки средневековой археологии Верхнего Прииртышья. Астана: Издательская группа филиала Института археологии им. А.Х. Маргулана в г. Астана. С. 299-310.

Арсланова Ф.Х. (2013). Женские украшения кимаков и кыпчаков // Очерки средневековой археологии Верхнего Прииртышья. Астана: Издательская группа филиала Института археологии им. А.Х. Маргулана в г. Астана. С. 93-120.

Арсланова Ф.Х. (2013). Курганы с трупосожжением в Верхнем Прииртышье // Очерки средневековой археологии Верхнего Прииртышья. Астана: Издательская группа филиала Института археологии им. А.Х. Маргулана в г. Астана. С. 205-224.

Арсланова Ф.Х. (2013). О связях племен Верхнего Прииртышья с населением Южного Урала и Поволжья // Очерки средневековой археологии Верхнего Прииртышья. Астана: Издательская группа филиала Института археологии им. А.Х. Маргулана в г. Астана. С. 140-146.

Арсланова Ф.Х., Ермолаева А.С. (1984). Памятники кимаков левобережья Иртыша // Этническая история тюркоязычных народов Сибири и сопредельных территорий: Тезисы докладов областной научной конференции по антропологии, археологии и этнографии. Омск. С. 141–145.

Арсланова Ф.Х., Кляшторный С.Г. (1973). Руническая надпись на зеркале из Верхнего Прииртышья // Тюркологический сборник-1972. М. С. 306-315.

Артыкбаев Ж. (2007). Среднее Прииртышье в контексте проблем истории Евразийских степей/этноисторический и этноархеологический опыт исследования. Т. I. Павлодар: ТОО НПФ «ЭКО». 267 с.

Бартольд В.В. (1973). Сочинения. Том 8. Работы по источниковедению. Москва: Наука. 723 с.

Гаврилова А.А. (1965). Могильник Кудыргэ как источник по истории алтайских племён. Москва. С. 72.

Горбунов В.В. (2016). Мечи и сабли кимаков Восточного Казахстана // Труды Седьмой Международной научно-практической конференции «Война и оружие. Новые материалы и исследования» в пяти частях. Часть 2. Санкт- Петербург: ВИМАИВиВС. С. 131-148.

Горбунов В.В., Тишкин А.А. (2022). Курганы сросткинской культуры на Приобском плато. Барнаул: Изд-во Алт. ун-та. 320 с.

Горбунов В.В., Тишкин А.А. (2023). Меч из раннесредневекового памятника Сростки – I на Алтае // Сборник в честь 70-летия проф. доктора Борис Д. Борисова. София: «Фабер», Велико Тырново. С. 261-271.

Грязнов М.П. (1956). История древних племён верхней Оби. МИА, №48. С. 151.

Дашковский П.К., Самашев З., Тишкин А.А. (2007). Комплекс археологических памятников Айна-Булак в Верхнем Прииртышье (Восточный Казахстан). Барнаул: Азбука. 96 с.

Добжанский В.Н. (1990). Наборные пояса кочевников Азии. Новосибирск: Изд-во Новосиб. ун-та. 164 с.

Исмагулов О. (1970). Население Казахстана от эпохи бронзы до современности (палеоантропологическое исследование). Алма-Ата: «Наука» Казахской ССР. 237 с.

Квак Н.А. (2024). Консервация и реставрация средневекового деревянного седла (по материалам кургана Байдала) // Ахинжановские чтения – 2024: материалы международной научной конференции студентов и молодых ученых (г.Алматы, 24-26 апреля 2024 г.). Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана. С.211-216.

Кумеков Б.Е. (2023). Кимакский каганат // Летопись тюркской цивилизации. Том 1. Тюркский мир в VI–XII вв. / отв. ред. В. И. Молодин, С. В. Землюков; Министерство науки и высшего образования РФ, Алтайский государственный университет, Научно-образовательный центр Алтаистики и тюркологии «Большой Алтай». Барнаул: Изд-во Алт. ун-та. С. 287-300.

Омаров Г.К., Бесетаев Б.Б., Баймуханов Н.Б., Сагындыкова С.Т. (2020). Вооружение и конское снаряжение средневековых кочевников Восточного Казахстана (по материалам могильника Аян) // «Мир Большого Алтая» международный научный журнал / главный редактор - Даниал Ахметов. Өскемен. № 6(2). С. 941-958.

Пичугина В.В. (2024). Предварительные результаты археозоологического исследования останков лошади из некрополя Байдала (по материалам 2021 г.) // Ахинжановские чтения – 2024: материалы международной научной конференции студентов и молодых ученых (г.Алматы, 24-26 апреля 2024 г.). Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана. С. 233-238.

Савинов Д.Г. (1976). Расселение кимаков по археологическим данным // Прошлое Казахстана по археологическим источникам. Алма-Ата. С. 94-104.

Савинов Д.Г. (1984). Народы Южной Сибири в древнетюркскую эпоху. Л.: изд-во ЛГУ. 174 с.

Самашев З. (2016). Памятники средневековых кочевников верховий р.Каракаба в Казахском Алтае // Алтай в кругу евразийских древностей / отв. ред. А.П. Деревянко, В.И. Молодин. Новосибирск: ИАЭТ СО РАН. С. 379-409.

Самашев З., Айткали А. (2024). К изучению сигнифики мужских наборных поясов древних тюрков // Археология Казахстана. №2 (24). С. 11-26.

Самашев З., Айткали А., Жангалиев У., Рахманкулов Е. (2022). Курганы кимакского времени на могильнике Кансар в Казахском Алтае // Алтай – түркі әлемінің алтын бесігі: зерттеулер жинағы. Көкшетау: «Көкше-Полиграфия» АҚ. С. 246-253.

Самашев З., Айткали А., Жуматаев Р. (2024). Түркі дәуірінің Алтай-Тарбағатайдағы жаңа археологиялық ескерткіштері // Bulletin of KazNU. №1 (112). 138-148 бб.

Самашев З., Айткали А., Курмангалиев А.К., Sevinc E. (2021). Предварительные результаты исследования курганов древнетюркской эпохи из долины Елеке Сазы в 2021 году // Алтай – түркі әлемінің алтын бесігі: зерттеулер жинағы. Усть-Каменогорск. С. 129-137.

Ткачев А.А., Ткачев Ал.Ал. (2022). Элитное погребение раннетюркского времени из Верхнего Прииртышья // Вестник археологии, антропологии и этнографии. №3 (58). С.58-69.

Трифонов Ю.И. (1987). Акчий II // Археологические памятники в зоне затопления Шульбинской ГЭС. Алма-Ата: Наука. С. 150-168.

Трифонов Ю.И., Самашев З. (1987). Карашат I // Археологические памятники в зоне затопления Шульбинской ГЭС. Алма-Ата: Наука. С.176-215.

Трифонов Ю.И., Самашев З. (1987). Карашат II // Археологические памятники в зоне затопления Шульбинской ГЭС. Алма-Ата: Наука. С.215-230.

Хасенова Б.М. (2019). Статус женщины в кимакском обществе в трудах Ф.Х. Арслановой // Археология Казахстана. №1 (3). С. 61-72

Худяков Ю.С. (1986). Вооружение средневековых кочевников Южной Сибири и Центральной Азии. Новосибирск: Наука. 268 с.

Черников С.С. (1957). К изучению древней истории Восточного Казахстана // Краткие сообщения о докладах и полевых исследованиях института истории материальной культуры. № 69. Москва: Издательство Академии Наук СССР. С.22-31.

References:

Omarov G., Besetayev B., Sagyndykova S. Horse equipment of medieval nomads of the Kazakh Altai (based on materials from the Tuyetas burial ground) // Archaeological Research in Asia. 2022. Volume 31. Pp.1-15.

Ageeva E.I., Maksimova A.G. Otchet Pavlodarskoy ekspeditsii 1955 goda [The report of the Pavlodar expedition in 1955] // Trudy instituta istorii, arheologii i etnografii AN KazSSR / otvet.redaktor K.A. Akishev. Tom 7. Alma-Ata:izdatel’stvo An KazSSR. 1959. S. 32-58. (in Rus.)

Arslanova F.H. Voinskie zahoroneniya kimakov v Zevakinskom mogil'nike [Military graves of Kimaks in the Zevakin burial ground] // Ocherki srednevekovoj arheologii Verhnego Priirtysh'ya. Astana: Izdatel'skaya gruppa filiala Instituta arheologii im. A.H. Margulana v g. Astana. 2013. S. 28-92. (in Rus.)

Arslanova F.H. Dlinnye kurgany Priirtysh'ya [The Long Mounds of the Irtysh region] // Ocherki srednevekovoj arheologii Verhnego Priirtysh'ya. Astana: Izdatel'skaya gruppa filiala Instituta arheologii im. A.H. Margulana v g. Astana, 2013. S. 299-310. (in Rus.)

Arslanova F.H. Zhenskie ukrasheniya kimakov i kypchakov [Kimak and Kipchak women's jewelry] // Ocherki srednevekovoj arheologii Verhnego Priirtysh'ya. Astana: Izdatel'skaya gruppa filiala Instituta arheologii im. A.H. Margulana v g. Astana, 2013. S. 93-120. (in Rus.)

Arslanova F.H. Kurgany s truposozhzheniem v Verhnem Priirtysh'e [Burial mounds of corpses in the Upper Irtysh region] // Ocherki srednevekovoj arheologii Verhnego Priirtysh'ya. Astana: Izdatel'skaya gruppa filiala Instituta arheologii im. A.H. Margulana v g. Astana, 2013. S. 205-224. (in Rus.)

Arslanova F.Kh. O svyazyah plemen Verhnego Prıırtysh’ya s naselenıem Uzhnogo Urala ı Povolzh’ya [About the relations of the tribes of the Upper Irtysh region with the population of the Southern Urals and the Volga region] // Ocherkı srednevekovoy arheologıı Verhnego Prıırtysh’ya. Astana: Izdatel’skaya gruppa fılıala Instıtuta arheologıı ım. A.H. Margulana v g. Astana, 2013. S. 140-146. (in Rus.)

Arslanova F.Kh., Yermolaeva A.S. Pamyatniki kimakov levoberezh’ya Irtysha [Sites of the Kimaks of the left bank of the Irtysh] // Etnicheskaya istoriya turkoyazychnyh narodov Sibiri i sopredel’nyh territorii: Tezisy dokladov oblastnoy nauchnoy konferentsii po antropologii, arheologii i etnografii. Omsk, 1984. S. 141–145. (in Rus.)

Arslanova F.Kh., Klyashtornyı S.G. Runıcheskaya nadpıs’ na zerkale ız Verhnego Prıırtysh’ya [Runic inscription on the mirror from the Upper Irtysh region] // Turkologıcheskıı sbornık-1972. M., 1973. S. 306-315. (in Rus.)

Artykbaev Zh. Srednee Prıırtysh'e v kontekste problem ıstorıı Evrazııskıh stepey / etnoıstorıcheskıı i etnoarheologıcheskıı opyt ıssledovanıya. [The Middle Irtysh region in the context of the problems of the history of the Eurasian steppes / ethnohistorical and ethnoarchaeological research experience]. T. I. Pavlodar: TOO NPF «EKO», 2007. 267 s. (in Rus.)

Bartol'd V.V. (1973). Sochineniya. Tom 8. Raboty po istochnikovedeniyu. [Essays. Volume 8. Works on source studies]. Moskva: Nauka. 723 s. (in Rus.)

Gavrılova A.A. (1965). Mogıl'nık Kudyrge kak ıstochnık po ıstorıı altaıskıh plemen. [Kudyrge burial ground as a source on the history of Altai tribes]. Moskva. S. 72. (in Rus.)

Gorbunov V.V. (2016). Mechı ı sablı kımakov vostochnogo Kazahstana [Swords and sabers of Kimaks of East Kazakhstan] // Trudy Sed'moy Mezhdunarodnoy nauchno-praktıcheskoy konferentsıı «Voına ı oruzhıe. Novye materıaly i ıssledovanıya» v pyati chastyah. Chast' 2. Sankt- Peterburg: VIMAIVıVS. S. 131-148. (in Rus.)

Gorbunov V.V., Tıshkın A.A. (2022). Kurgany srostkınskoy kul'tury na Prıobskom plato. [Mounds of the Srostkin culture on the Priobsky plateau]. Barnaul: Izd-vo Alt. un-ta. 320 s. (in Rus.)

Gorbunov V.V., Tıshkın A.A. (2023). Mech ız rannesrednevekovogo pamyatnıka Srostkı – I na Altae. [A sword from the early medieval monument of Srostki – I in Altai] // Sbornık v chest' 70-letıya prof. doktora Borıs D. Borısova. Sofiya: «Faber», Velıko Tyrnovo. S. 261-271. (in Rus.)

Gryaznov M.P. (1956). Istorıya drevnıh plemen verhneı Obı. [The history of the ancient tribes of the Upper Ob]. MIA, №48. S. 151. (in Rus.)

Dashkovskıı P.K., Samashev Z., Tıshkın A.A. (2007). Kompleks arheologıcheskıh pamyatnıkov Aına-Bulak v Verhnem Prıırtysh'e (Vostochnyı Kazahstan). [Aina-Bulak complex of archaeological monuments in the Upper Irtysh region (East Kazakhstan)]. Barnaul: Azbuka. 96 s. (in Rus.)

Ismagulov O. (1970). Naselenıe Kazahstana ot epohı bronzy do sovremennostı (paleoantropologıcheskoe ıssledovanıe). [The population of Kazakhstan from the Bronze Age to the present (paleoanthropological study)]. Alma-Ata: «Nauka» Kazahskoy SSR. 237 s. (in Rus.)

Kvak N.A. (2024). Konservaciya i restavraciya srednevekovogo derevyannogo sedla (po materialam kurgana Bajdala) [Conservation and restoration of a medieval wooden saddle (based on the materials of the Baydal kurgan)] // Ahinzhanovskie chteniya – 2024: materialy mezhdunarodnoj nauchnoj konferencii studentov i molodyh uchenyh (g.Almaty, 24-26 aprelya 2024 g.). Almaty: Institut arheologii im. A.H. Margulana. S.211-216. (in Rus.)

Kumekov B.E. (2023). Kimakskij kaganat [Kimak Khaganate] // Letopis' tyurkskoj civilizacii. Tom 1. Tyurkskij mir v VI–XII vv. / otv. red. V. I. Molodin, S. V. Zemlyukov; Ministerstvo nauki i vysshego obrazovaniya RF, Altajskij gosudarstvennyj universitet, Nauchno-obrazovatel'nyj centr Altaistiki i tyurkologii «Bol'shoj Altaj». Barnaul: Izd-vo Alt. un-ta. S. 287-300. (in Rus.)

Omarov G.K., Besetaev B.B., Baımuhanov N.B., Sagyndykova S.T. (2020). Vooruzhenıe ı konskoe snaryazhenıe srednevekovyh kochevnıkov Vostochnogo Kazahstana (po materıalam mogıl'nıka Ayan). [Armament and horse equipment of medieval nomads of East Kazakhstan (based on the materials of the Ayan burial ground)]. // «Mır bol'shogo Altaya» mezhdunarodnyı nauchnyı zhurnal / glavnyı redaktor - Danıal Ahmetov. Oskemen. № 6(2). S. 941-958. (in Rus.)

Pichugina V.V. (2024). Predvaritel'nye rezul'taty arheozoologicheskogo issledovaniya ostankov loshadi iz nekropolya Bajdala (po materialam 2021 g.) [Preliminary results of an archaeozoological study of horse remains from the Baydal necropolis (based on materials from 2021)] // Ahinzhanovskie chteniya – 2024: materialy mezhdunarodnoj nauchnoj konferencii studentov i molodyh uchenyh (g.Almaty, 24-26 aprelya 2024 g.). Almaty: Institut arheologii im. A.H. Margulana. S. 233-238. (in Rus.)

Savınov D.G. (1976). Rasselenıe kımakov po arheologıcheskım dannym. [Settlement of the Kimaks according to archaeological data]. // Proshloe Kazahstana po arheologıcheskım ıstochnıkam. Alma-Ata. S. 94-104. (in Rus.)

Savinov D.G. (1984). Narody YUzhnoj Sibiri v drevnetyurkskuyu epohu. [the peoples of Southern Siberia in the ancient Turkic era.]. L.: izd-vo LGU. 174 s. (in Rus.)

Samashev Z. (2016). Pamyatnıkı srednevekovyh kochevnıkov verhovıı r.Karakaba v Kazahskom Altae. [Monuments of medieval nomads of the upper reaches of the Kara-Kaba River in the Kazakh Altai]. // Altaı v krugu evrazıskıh drevnostey / otv. red. A.P. Derevyanko, V.I. Molodın. Novosıbırsk: IAET SO RAN. S. 379-409. (in Rus.)

Samashev Z., Aitkali A. (2024). K izucheniyu signifiki muzhskih nabornyh poyasov drevnih tyurkov [To study the significance of the men's set belts of the ancient Turks] // Arheologiya Kazahstana. №2 (24). S. 11-26. (in Rus.)

Samashev Z., Aıtkalı A., Zhangalıev Ý., Rahmankulov E. (2022). Kurgany kımakskogo vremenı na mogıl'nıke Kansar v Kazahskom Altae. [Burial mounds of the Kimak period at the Kansar burial ground in the Kazakh Altai]. // Altaı – turki aleminin altyn besigi: zertteuler zhınagy. Kokshetau: «Kokshe-Polıgrafıya» AQ. S. 246-253. (in Rus.)

Samashev Z., Aitkali A., Zhumataev R. (2024). Türkı däuırınıñ Altai-Tarbağataidağy jaña arheologialyq eskertkışterı [New archaeological sites of the Turkic era in Altai-Tarbagatai] // Bulletin of KazNU. №1 (112). 138-148 bb. (in Kaz.)

Samashev Z., Aitkali A., Kurmangaliev A.K., Sevinc E. (2021). Predvaritel'nye rezul'taty issledovaniya kurganov drevneturkskoy epohi iz doliny Eleke Sazy v 2021 godu. [Preliminary results of the study of ancient Turkic burial mounds from the Eleke Sazy Valley in 2021]. // Altai – turkı alemının altyn besıgı: zertteuler zhinagy. Us't-Kamenogorsk. S. 129-137. (in Rus.)

Tkachev A.A., Tkachev Al.Al. (2022). Elitnoe pogrebenie rannetyurkskogo vremeni iz Verhnego Priirtysh'ya [Elite burial of the Early Turkic period from the Upper Irtysh region] // Vestnik arheologii, antropologii i etnografii. №3 (58). S.58-69. (in Rus.)

Trıfonov U.I. (1987). Akchıı II. [Akshi II]. // Arheologıcheskıe pamyatnıkı v zone zatoplenıya Shul'bınskoy GES. Alma-Ata: Nauka. S. 150-168. (in Rus.)

Trıfonov U.I., Samashev Z. (1987). Karashat I. [Karashat I]. // Arheologıcheskıe pamyatnıkı v zone zatoplenıya Shul'bınskoy GES. Alma-Ata: Nauka. S.176-215. (in Rus.)

Trıfonov U.I., Samashev Z. (1987). Karashat II. [Karashat II]. // Arheologıcheskıe pamyatnıkı v zone zatoplenıya Shul'bınskoy GES. Alma-Ata: Nauka. S.215-230. (in Rus.)

Hasenova B.M. (2019). Status zhenshchiny v kimakskom obshchestve v trudah F.H. Arslanovoi [The status of women in Kimak society in the works of F.H. Arslanova] // Arheologiya Kazahstana. №1 (3). S. 61-72(in Rus.)

Hudyakov Yu.S. (1986). Vooruzhenie srednevekovyh kochevnikov Yuzhnoi Sibiri i Central'noi Azii. [The armament of medieval nomads of Southern Siberia and Central Asia.]. Novosibirsk: Nauka. 268 s. (in Rus.)

Chernikov S.S. (1957). K izucheniyu drevnej istorii Vostochnogo Kazahstana [Towards the study of the ancient history of East Kazakhstan] // Kratkie soobshcheniya o dokladah i polevyh issledovaniyah instituta istorii material'noj kul'tury. № 69. Moskva: Izdatel'stvo Akademii Nauk SSSR. S.22-31. (in Rus.)

***[1]Сагындыкова С.Т. [2]Омаров Ғ.Қ**

[1,2] *Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г.Алматы*

E-mail: [1]sagyndykova.symbat@gmail.com, [2]gany_omarov@mail.ru

СВЯЗЬ КИМАКОВ СО СРЕДНЕВЕКОВЫМИ ТЮРКСКИМИ ПЛЕМЕНАМИ: НА ОСНОВЕ АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ ДАННЫХ

Аннотация. Статья направлена на то, чтобы показать связь кимаков с тюркскими племенами на основе археологических данных. На сегодняшний день изучение культуры древнетюркских племен является одной из актуальных проблем археологии Казахстана. Для

сравнения, археологические памятники бронзового, раннего железного веков изучены лучше, чем тюркский период. Цель работы: показать связь кимаков с тюркскими племенами на основе археологических данных. Поскольку Кимакский каганат состоял из различных тюркских племен, погребальные памятники также неоднородны, а также наблюдается влияние соседних племен. Как украшения, так и предметы торевтики, найденные в курганах, свидетельствуют о том, что кимакские племена имели свой уникальный стиль, но сходство с другими тюркскими племенами, такими как кыргызы и карлуки, также заметно. Для достижения поставленной цели в работе использованы преимущественно исторические, сравнительные, типологические методы. В результате исследования можно убедиться, что изучение археологических памятников кимакского периода позволяет собрать новые сведения о тюркских племенах, их мировоззрении, духовной, материальной культуре. Кроме того, есть возможность доказать известные факты по письменным источникам. В настоящее время памятники кимакского периода до сих пор полны нерешенных вопросов.

Ключевые слова: тюркские племена, кимаки, погребально-поминальные памятники, средневековье, мировоззрение.

***[1]Sagyndykova S., [2]Omarov G.**
[1,2] Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
E-mail: [1]sagyndykova.symbat@gmail.com, [2]gany_omarov@mail.ru

CONNECTION OF THE KIMAKS WITH MEDIEVAL TURKIC TRIBES: BASED ON ARCHAEOLOGICAL DATA

Abstract. The article aims to show the connection of the Kimaks with the Turkic tribes based on archaeological data. Today, the study of the culture of ancient Turkic tribes is one of the urgent problems of archeology in Kazakhstan. For comparison, the archaeological sites of the Bronze and Early Iron Ages have been studied better than the Turkic period. The purpose of the work is to show the connection of the Kimaks with the Turkic tribes based on archaeological data. Since the Kimak khaganate consisted of various Turkic tribes, the funerary monuments are also heterogeneous, and the influence of neighboring tribes is also observed. Both jewelry and toreutics found in the mounds indicate that the Kimak tribes had their own unique style, but the similarities with other Turkic tribes such as the Kyrgyz and Karluks are also noticeable. To achieve this goal, the work uses mainly historical, comparative, and typological methods. As a result of the research, it can be seen that the study of archaeological sites of the Kimak period allows us to collect new information about the Turkic tribes, their worldview, spiritual and material culture. In addition, it is possible to prove known facts from written sources. Currently, the monuments of the Kimak period are still full of unresolved issues.

Keywords: Turkic tribes, Kimaks, funerary and memorial monuments, the Middle Ages, worldview.

Авторлар туралы ақпарат:

Сагындыкова Сымбат Темиргалиевна, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, археология, этнология және музеология кафедрасының докторанты. Алматы, Қазақстан.

Омаров Ғани Қалиханович – тарих ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, археология, этнология және музеология кафедрасының доценті. Алматы, Қазақстан.

Информация об авторах:

Сагындыкова Сымбат Темиргалиевна, докторант кафедры археологии, этнологии и музеологии Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Омаров Гани Калиханович, кандидат исторических наук, доцент кафедры археологии, этнологии и музеологии Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Information about authors:

Sagyndykova Symbat Temirgalievna, a doctoral student at the Department of Archeology, Ethnology and Museology of the Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Omarov Gani Kalikhanovich, Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of the Department of Archeology, Ethnology and Museology of the Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Келіп түсті 25 ақпан 2025 жыл
Қабылданды 27 ақпан 2025 жыл

Редакцияның мекен-жайы: 050100,
Қазақстан Республикасы,Алматық.,Шевченко көшесі, 28
Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты «Қазақстан шығыстануы»
журналының редакциясы
Сайтқа сілтеме: https://journal.shygystanu.kz/index.php/main
Тел: 8 (727) 261 16 01. E-mail:kazvostok.jurnal@gmail.com

Журнал Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 2021 жылдың 16 тамызында тіркелген,
куәлік № KZ54VPY00039118
Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда,
міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

Басуға қол қойылды 12.12.2025 ж.
Пішімі 60x84$^{1}/_{8}$. Офсеттік басылым.
Шартты баспа табағы 51.
Таралымы 300 дана.
Тапсырыс № 97.

"Қазына" баспасы.